

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Т.Р. ӘБДІҚАДЫРОВА

АЛАШ ЖӘНЕ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

ТАРАЗ, 2014

УДК 37-(091) +37.01
ББК74.03
Ә14

Пікір білдіргендер:

Тұрғанбаева Б.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Байтелиев А.Ә. – филология ғылымдарының докторы, профессор

Ә 14 Әбдіқадырова Т.Р. Алаш және ұлт қайраткерлері. Монография. – Тараз қ. 264 б.

ISBN – 9965-23-119-2

Еңбекте алаш қайраткерлерінің ұлттық тіл мәдениетіне, ұлттық ойлау жүйесіне, этнопедагогика саласын қалыптастыруға, әдебиет пен мәдениет салаларына қосқан үлестеріне тоқталады. Сонымен қатар ең басты құндылықтарымыз – Қазақстанның тәуелсіздігі, қоғамымыздағы ұлттымыздың бірлігі және жоғары руханият, ұлттық тарих пен мәдениет, ұлттық тілдің құдіреттілігі жолында күрескен ұлт қайраткерлерінің еңбектері қарастырылады. Бұл айтылған ой-пікірлердің бүгінгі күн талабымен ұштастырылып жатқандығы сөз болады. Болашақ ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке, қарапайымдылық пен кішіпейілділікке, отансүйгіштікке тәрбиелеуде алаш қайраткерлерінің еңбектері мен өмірлері сараланып, жүйелі талданады. Олардың елжандылық қасиеттері, жас ұрпаққа үлгі боларлықтай еңбектері, болашақ бағыт туралы құнды пікірлерінің тоқтам түйіндері оқырман қауымға ұсынылды. Бұл еңбек педагогтар мен студенттерге жалпы оқырман қауымға арналған.

Баспаға Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған. (Хаттама № _____ ж.)

УДК 37-(091) +37.01
ББК74.03

ISBN – 9965-23-119-2

© Әбдіқадырова Т.Р., 2014

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

XXI ғасыр білім мен ғылым ғасыры, бұл ғасыр қоғам мен оның әрбір мүшесінің жаңа жетістіктер мен қажеттіліктердің игілікке айналар маңызды кезеңі болмақ. Жаһандану мен қазақ елінің әлем кеңістігіне еркін және ерекше қарқынмен шығуы да білім мен ғылымның дамуымен тікелей байланысты. Білімі мен ғылымы қатар дамыған елдің өркениет көшіне қалай еріп отырғанын да көріп-біліп отырмыз. Елдің елдігін танытатын білім-ғылым саласына, ұрпақ тәрбиелеу мәселесіне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жете көңіл бөліп отырғанының себебі де сондықтан болар.

Тәуелсіздікпен бірге қазақ халқының сана-сезімі, ұлттық намысы, ұлтты ұлт ететін ұлттық құндылықтары өз қалпына келе бастады. Кеңес кезінде жазықсыз репрессияға ұшыраған алаш қайраткерлерінің ғылыми мұралары қайта оралып, жаңа зерттеулерді талап етуде. Алаш қайраткерлерінің мұраларындағы ой-пікірлері - бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған ұлттық тұлға етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің де талабы.

Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың озық идеялары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қаралып, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасы Президентінің республика халқына жолдауларында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, «Мәдени мұра» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдық және нормативтік актілері мен жоғары және жалпы білім беретін мектептердің оқу стандарттарында, жоспарлары мен бағдарламаларында басты назарға алынған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттері ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар және ғылым мен практика жетістіктері, жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау атап көрсетілген. Жас ұрпақты өз Отанын сүйуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеп, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баули отырып, қазақ халқы мен республика халықтарының тарихын, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін құрметтеу туралы нақты айтылған.

Еліміздегі соңғы кездерде шыққан ұлттық маңызы бар құжаттардың бірегейі «Мәдени мұра» бағдарламасы. Бағдарлама ұлт тарихын түгендеу, ұлт руханиятын қайта түлету, ұлттық болмысты жаңарту мақсатында ұзақ мерзімге бағытталған кешенді, жүйелі іс-шаралардың мазмұнын құрайды. Бұл мақсаттың тиімді шешімін табуда әлемдік ғылыми ой-сананың, ұлттық мәдениет пен өнердің, ұлттық құндылықтардың таңдаулы жетістіктерінің негізінде гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын жасаудың міндеттері қойылып отыр.

«Мәдени мұра» бағдарламасына қатысты алқалы жиында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанды Ұлы Дала өркениетінің қара шаңырағы ретінде халықаралық деңгейде танытып, қалыптастыруымыз керек», -деп атап көрсетеді. Осыған орай қазақ халқының әлемдік өркениеттің қатарынан көрінуіне лайық ұлттық тұлғасын қалыптастыру міндеті туындайды.

Педагогика ғылымының тарихында тұлға қалыптастырудың өзіндік даму тарихы бар. Тұлға қалыптастыру мәселелерінің философиялық негізі - ойшылдар Платон мен Аристотель (б.з.б.384-322 жж. өмір сүрген), орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, А.Иүгінеки, Ж.Баласағұни, Қ.Иассауи, т.б.; XVI-XVIII ғасырларда Коменский Я.А., Песталоций И.Г., т.б.; XVIII-XIX ғ. өмір сүрген неміс философтары И.Кант, Г.Гегель, т.б.; XIX ғасырда Ушинский К.Д., Дж Дьюи т.б.; XIX ғ. аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақтың ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, зиялы қауымы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқай т.б. ғалымдар еңбектерінде әр қырынан зерттелген.

Кеңес дәуірінде П.П.Блонский, А.В.Луначарский, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский, т.б. педагог-ғалымдар да тұлғалық қасиеттердің ерекшеліктерін, оны қалыптастырудағы педагогикалық әдістердің тиімділігін қарастырған. Қазақстанда жалпы білім беру мәселелерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сипаттайтын бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Жас ұрпақтың дүниетанымын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда әдіснамалық тұрғыда Лемберг Р.Г., Сабыров Т.С., Бейсенбаева А.А., Құдайқұлов М.А., Қоянбаев Р.М., т.б.; кәсіптік-техникалық оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісіндегі тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мәселесінің педагогикалық негіздерін Б.Әбдікәрімұлы, Сейтешев А.П., Уманов Г.А., О.Сыздықов, Дүйсенбаев К.А., К.Устемиров, т.б.; тарихи-педагогикалық тұрғыда Т.Тәжібаев, Әлмұхамбетов Б.А., Бержанов Қ.Б., Сембаев Ә.І., Храпченков Г.М., Құнантаева К.Қ., С.Мусин, Т.Әлсатов, Беркімбаева Ш.К., Ильясова А.Н., Дүйсембінова Р.К.т.б. зерделеген. Этнопсихология, этнопедагогикалық негіздерін Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ., Қ.Бөлеев, Ұзақбаева С.А., Ж.Наурызбай, Оразбекова К.А., Қожахметова К.Ж., Намазбаева Ж.Ы., т.б.; тұлға бойындағы әлеуметтік белсенділігін, гуманистік көзқарасы мен азаматтығын қалыптастыру мәселесін Аганина Қ.Ж., Арынғазин Қ.М., Бөлеев Т.Қ., Батталханов Е.З., Жампеисова К.К., Айтмамбетова Б.Р., Мұқанова Б.Ы, т.б.; тұлға бойындағы адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды Төлеубекова Р.Г., Калюжный А.А., Байсерке Л.А. т.б.; адамгершілік-құқықтық тәрбие беруді Трифонов В.В., Калюжный А.А., Хайруллин Г.Т., Керімов Л.К, т.б.; ақпараттық және экологиялық тәрбие беруде Е.Бидайбеков, Т.Балықбаев, Сарыбеков М.Н., Болтаев А.Д., т.б.; құндылық бағдар беруді О.Сәлімбаев, Тұрғынбаева Б.А., Қ.Қабдолова, Нұрғалиева Г.К., Нұрлыбекова А.Б., т.б.; тұлға бойындағы ерекше қасиеттерінің бірі патриоттық тәрбиеге байланысты, Меңлібекова Г.Ж., Халитова И.Р., Р.Джанабаева, Иманбаева С.Т., Е.Жұматаева, Сарыбекова Ж.Т., Б.Байменова, Балтабаев М.Х. т.б.; тұлғалардың өмірі арқылы Отан сүйгіштікке тәрбиелеуде Әбдіраман Ш.А., А.Көбесов, Момынбаев Б.К., Көшербаева А.Н., К.Ибраева, Әбілғазиева К.Т., К.Сарбасова, т.б.; тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі бойынша Р.Әбсаттаров, Подласый И.П., Грядовой Д.И. және т.б. қарастырған. Жас ұрпақтың ұлттық тұлғалық қасиеттерін тарих саласы бойынша М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Д.Қожамжарова, Т.Тұрлығұл, Қ.Мыңжанұлы, Т.Жұртбай, Ж.Қасымбаев, т.б. еңбектерінде зерделенген.

Ресейлік психолог-ғалымдар Выготский Л.С., Ковалев А.Г., Леонтьев А.Н., Рубинштейн С.Л., т.б. жеке тұлғаның психологиялық іс-әрекетінің қалыптасу теориясы мен ұстанымдары еңбектерінің түйінді мәселесі болған. Ал, қазақстандық белгілі психолог-ғалымдар Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев, Н.Елікбаев, М.Мұқанов, Қ.Жүкеш, Ә.Алдамұратов, Ұрынтаева Г.А., Шерьязданова Х.Т. А.Темірбеков және т.б. өз зерттеулерінде оқыту үдерісінде жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті мен қабылдаудағы психологиялық ерекшеліктері туралы құнды ой-пікірлер білдірген.

Тұлғаны қалыптастыру мәселесіне байланысты шет ел ғалымдары Э.Тройндак, А.Адлер, К.Роджерс, П.Кайлер, З.Берн, З.Фрейд, Э.Эриксон т.б. еңбектерінде теориялық және әдіснамалық тұрғыда зерттеген.

Қазақстан демократиялық, құқықтық мемлекет құруға бел байлау барысында қазақ халқының өткенін ескере отырып, алаш қайраткерлері мұрасының тәлім-тәрбиелік мәнін жаңа тұрғыдан қарастырып, бәсекеге қабілетті ұлттық тұлға қалыптастыруға аса қажетті идеялогиялық тұғыр ретінде айқындау бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Алаш зиялыларының қай-қайсысы болса да тәлім-тәрбие, педагогика, психология, мектеп ісі, ағарту мәселелерінде туған халқының көсегесін-көгертіп, өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткерлер еді. Ал еліміздің егемендік алған уақыттан бергі жағдайында «рухани дамуымыз» бен «рухани болмысымыз» қайта қаралып, өткенімізді саралай бастаған уақытта ұлы тұлғаларымыздың еңбектері көптеп зерттеле бастады. Атап айтсақ, бұл тұлғаларымыздың педагогикалық мұраларын Ыбырайымжанов К.Т., Р.Усенбаева, Иманбекова Б.И. (А.Байтұрсыновтың), Тұрсынова А.Б. (Х.Досмұханбетовтың), Жұмабаева А.С., Көшенова Р.Н. (М.Жұмабаевтың), А.Құдиярова (Ш.Құдайбердіұлының), Абылғазиева

К.Т. (М.Шоқайұлының), Пулатова М.Қ, Р.Мұратханова (М.Дулатұлының), Б.Байменова (Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларын), Асаубаева А.К. (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын) және т.б. әр қырынан зерттеді. Біз зерттеуімізде осы зиялыларымыздың педагогикалық мұраларының ұлттық тұлғаға қатысты жекелеген идеялық ой-пікірлерін жүйелі түрде талдау жасауға әрекеттендік.

Зерттеліп отырған мәселенің ғылыми-философиялық негіздері Ж.Алтаевтың, Ж.Әбділдиннің, А.Айталының, Бурабаевтың М.С., Ғ.Есімнің, Ә.Нысанбаевтың, Ж.Молдабековтың, Д.Кішібековтың, А.Қасабековтың, Хайруллаевтың М.М., Т.Сарсенбаевтың т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Әдебиеттану және тіл саласында да алаш қайраткерлерінің мұралары сан қырынан қарастырылғанын атап айтуға болады. Бұл бағытта ғалымдар Ә.Дербисалиевтің, А.Егеубаевтың, М.Мырзахметовтың, Н.Келімбетовтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Р.Нұрғалиевтің, Сүйіншәлиевтың Х.Ш., Д.Досжановтың, Т.Жұртбайдың, М.Жолдасбековтың, М.Мағауиннің, Д.Ысқақұлының, Пірәлиеваның Г.Ж., А.Ісімақованың, Д.Қамзабекұлының, Р.Тұрысбековтың және т.б. қомақты еңбектерін атауға болады.

Сонымен зерттеліп отырған мәселеге байланысты жазылған бірқатар еңбектердің барына қарамастан, ұлттық педагогикамыздың дамуына елеулі үлес қосқан Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышпаев және тағы басқа алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері әлі күнге дейін зерттеу объектісіне айналмағандығын, қажетті іске асырылмағандығын айқындады. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға тәрбиелеу мәселесінің заман жастарының ұлттық тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына қажеттілігі мен бұрын-соңды бір жүйеде зерттелмеуі және оған мүмкіндіктің болмауы нәтижесінде мына төмендегідей **қарама-қайшылықтардың** бар екенін көрсетеді:

- алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру көзқарастарының құндылығы мен қазіргі таңдағы тәуелсіз елдің ұлттық тұлға туралы ойларын өркениеттік бағытта қарастыруға жаңа көзқарас қалыптаспағандығының арасындағы;

- алаш қайраткерлерінің педагогикалық еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиелеу идеяларының теориялық тұрғыда негізделуімен, бірақ олардың мұраларының қазіргі қазақ педагогика ғылымында ұлттық тұлға қалыптастырудың бастамалары ретінде қарастырылмауы арасындағы;

- алаш қайраткерлерінің тәлім-тәрбиелік мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларының маңыздылығы мен іс жүзінде пайдалануға жағдай жасайтын оқу құралдарының және ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың жеткіліксіздігі арасындағы қайшылықтар.

Жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтардан: «алаш зиялылары мұраларының ұлттық тұлға категориясына қатысты ой-пікірлерінің қазіргі ғылыми педагогикалық негізі неде?», - деген сұрақ зерттеудің өзекті *мәселесін* тудырады. Осы өзекті мәселені шешу және оның қазіргі кездегі қажеттілігі мен іске асырылуының көкейкестілігі зерттеу тақырыбын «Алаш және ұлт қайраткерлері», - деп таңдауымызға себеп болды.

Тарихи-педагогикалық мұралар негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру үдерісі зерттеу жұмысымыздың нысаны етіп алынды.

Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру монографиялық жұмысымыздың пәні болып табылады.

Алаш зиялыларының «ұлттық тұлға» категориясына қатысты ой-пікірлерінің ғылыми-теориялық, тарихи-педагогикалық және филологиялық негіздерін зерттеу және қазіргі білім беру жүйесінде пайдалануды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу монографиялық жұмысымыздың мақсаты.

Егер, алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларына ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалынып, оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктері айқындалса, соның негізінде ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы мен үлгісі жасалса, онда ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңірген жоғары саналы ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік болады, **өйткені** алаш қайраткерлерінің тәлімдік мұралары елімізде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтары қалыптасқан жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыратын құралдар.

Монографиялық жұмысымызда алдымызға мынандай міндеттерді қойдық:

- әлемдік, ресейлік және ұлттық педагогика ғылымындағы жалпы тұлға категориясы мен ұлттық тұлға мәселесі қарастырылған теориялық зерттеулер мен әдіснамалық негіздерге сүйене отырып, осы мәселенің қазақ педагогикасында зерттелу жайын ғылыми тұрғыдан жүйелеу, ұлттық тұлға қалыптастырудың рухани бастау көздерін нақтылау; -алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларының ұлттық тұлға қалыптастыруға ықпалын анықтай отырып, «тұлға», «жан-жақты жетілген тұлға», «ұлттық тұлға» ұғымдарының мәнін ашып көрсету;

- қазақ ағартушы ойшылдарының тұлғалық қасиеттер туралы ой-пікірлері негізінде ұлттық тұлға категориясының ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындау;

- алаш зиялыларының педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлғаға қатысты ой-пікірлерін педагогикалық тұрғыдан зерделеп, тәуелсіз еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі болып саналатын ұлттық тұлға қалыптастыру идеясының ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеу;

- қазіргі Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы мен үлгісін қарастырып, ғылыми тұрғыдан дәйектеу;

- алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру жөніндегі ой-пікірлерінің бүгінгі мектептердің оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің тиімді жолдарын анықтау;

- алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын қазақтың интеллектуалды зиялы ұлтын тәрбиелеудің тұғырнамасы ретінде қарастыра отырып, қазіргі жастарды оқытуда және тәрбиелеуде пайдаланудың ғылыми негізделген ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ педагогикасының ғасырлар бойы дамып жүйеленген тағылымдық-тәрбиелік тәжірибесі, ұлттық тұлғаға қатысты ғылыми-теориялық ой-пікірлері, оның ішінде алаш қайраткерлерінің педагогикалық еңбектеріндегі тұлға қалыптастыру жөніндегі мұралары жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудің құралы болып табылады.

Зерттеудің жалпы әдіснамалық негізі аксиологиялық, мәдениеттану, өркениеттілік, тұлғалық, әлеуметтік тұғырнама тұрғысынан қамтылды. Қазақ педагогикасының ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы ұлттық тұлға категориясы жөніндегі зерттеулердің, педагогикалық, психологиялық ойлардың өз ара байланысын және ғылыми түсініктердің (терминдердің) кәсіби тұрғыдан қалыптасып, дамуын зерттеу барысында жүйеленген ұлттық педагогика ғылымындағы теориялық және әдіснамалық тұжырымдар мен пікірлердің ғылыми концепциялары басшылыққа алынды. Зерттеу барысында орта ғасыр ойшылдары мен халық жырауларының, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, алаш қайраткерлерінің және қазіргі педагогика, психология, әдебиеттану, тарих, философия т.б ғылымдардағы зерттеушілердің еңбектеріндегі теориялық негіздерге сүйендік

Зерттеу көздері: педагогика, психология, философия, тарих, этнография әдебиеттану ғылымдары саласындағы алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде жазылған рухани-мәдени және тәлім-тәрбиелік еңбектер. Педагогикалық, психологиялық ойлардың дамуына және тұлғаның қалыптасуына, адам факторына байланысты зерттеулермен соңғы жылдары жарық көрген «Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы», «Қазақстан тарихының көп томдық материалдары, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім министрлігінің ресми құжаттары (ҚР-ның Конституциясы, білім беру туралы заң, оқушы жастарға тәрбие беру

тұжырымдамалары, тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасы т.б.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорының тарихи деректері, этнопедагогикадағы жастарға ұлттық тәрбие беруге байланысты ауыз және жазба әдебиетіндегі мұралар (нақыл сөздер, дастан жырлар, мақал-мәтелдер, өсиет сөздер және т.б.), Қазақстандық және ТМД елдеріндегі ғалымдар мен ойшылдардың тәлім-тәрбиелік мұралары алынды.

Монографияны жазу барысында әдебиеттерге (философиялық, фольклористикалық, әлеуметтану, филологиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық және этнопедагогикалық) тарихи-салыстырмалы, тарихи-теориялық талдау; халық ауызекі шығармашылығын зерделеу; оқу-әдістемелік құралдарға дәстүрлі ғылыми сипаттама жасалды.

Жұмыстың жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- ұлттық тұлға қалыптастыруды зерттеу барысында білім беру саласындағы теориялық-әдіснамалық негіздері, рухани қайнар көздері (генезисі) нақтыланып, ғылыми тұрғыдан негізделді;

- алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруда «тұлға», «жан-жақты жетілген тұлға», «ұлттық тұлға» т.б. ұғымдарына ғылыми-педагогикалық сипаттама берілді;

- қазақ ағартушы ойшылдарының тұлғалық қасиеттер туралы ой-пікірлері негізінде ұлттық тұлға категориясының ғылыми негіздері айқындалды;

- алаш зиялыларының педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлғаға қатысты ой-пікірлері зерделеніп, біздің еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі болып саналатын ұлттық тұлға қалыптастыру идеясының ерекшеліктері ғылыми негізделді;

- қазіргі Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан дәйектелген тұжырымдамасы ұсынылды;

- алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру жөніндегі ой-пікірлерін бүгінгі мектептердің оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің тиімді жолдары қарастырылды;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары қазақтың интеллектуалды зиялы қауымын тәрбиелеудің тұғырнамасы ретінде қарастырылып, жастарды оқытуда және тәрбиелеуде пайдаланудың жолдары анықталды, ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды.

Жұмыстың теориялық және практикалық құндылығы: жұмыстың негізгі тұжырымдары мен нәтижелері қазақ педагогика ғылымы тарихының көкейкесті мәселелерін әрі қарай дамытуға үлес қосады. Орта ғасыр ойшылдары мен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағартушы ғалымдардың, ХХ ғасыр басындағы алаш зиялыларының ұлттық тұлғаға қатысты құнды ой-пікірлері, олардың зерттелу тарихы мен теориялық негіздерін алғаш рет ғылыми айналымға ендіріп, бүгінгі ғылым талабына сай дәрежеде жан-жақты талданған бұл жұмыстың теориялық та, практикалық та мәні бар.

Жұмысты ұлттық тұлға туралы тұжырымдардың зерттелу тарихының ғылыми негіздерін, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындыларды жоғарғы оқу орындарындағы қазақ педагогикасы, қазақ әдебиетінің тарихы, ХХ ғ басындағы әдебиет пәндерінен өтетін жалпы курстар мен арнаулы курстарда, семинар сабақтарында, жалпы орта мектептің қазақ әдебиеті мен қазақстан тарихы пәндерінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының теориялық қағидалары мен материалдары, ғылыми негізделген ұсыныстары мектептер мен жоғары оқу орындарының оқу- тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін университеттер мен педагогикалық институттарда және мұғалімдер білімін жетілдіру институттары практикасында, мектептерде сонымен бірге келешекте осы бағытта жасалатын ғылыми еңбектерді жасауда пайдалануға болады.

Зерттеу материалдарын ұлттық тұлға қалыптастыру барысында қоғамдық орындарда және арнаулы, орта оқу орындарында, мектептерде «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі мен

әдебиеті», «Мәдениеттану» т.б. гуманитарлық пәндерін оқытуда көмекші оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында «Этнопедагогика», «Этнопсихология» курстарының жекелеген тараулары бойынша лекциялық, семинарлық және практикалық сабақтарында қолдануға болады

Монография кіріспеден, 4 тараудан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеу нысаны, мақсаты, пәні, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негізі, әдістері айқындалып, ғылыми жаңалығы теориялық және практикалық мәнділігі ашылып көрсетілді.

«Ұлттық тұлға қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларының жалпы қағидаларына, даму тарихына, тұлғаға қатысты ой-пікірлер мен көзқарастарға, тұлға дамуына байланысты саяси-әлеуметтік, қоғамдық тарихи жағдайларға сипаттама берілді, ұлттық философия, ұлттық педагогика мен ұлттық психологияға, ұлттық филологияға байланысты қағидалардың бастау бұлақтарының негізі мен тарихи теориялық зерттелуі баяндалады.

«Ұлттық тұлға қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» атты екінші тарауда Орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, Ахмет Иүгінекийдің, Кейкуастың мұрасындағы кісілік, имандылық инабаттылыққа байланысты ой-пікірлері ХІХ-ХХ ғасырлардағы ағартушы-ғалымдардың еңбектерімен сабақтастығы зерделенді. Тұлғалық қасиеттердің қазақ ойшылдары еңбектеріндегі көрінісі анықталынды. Ұлттық тұлға қалыптастырудың жағдайын зерттеп-зерделей отырып «тұлғаға», «ұлттық тұлғаға», «жан-жақты жетілген тұлғаға» қойылатын талаптар, ол жөніндегі ғылыми түсініктер мен теориялық анықтамалар қарастырылды. Ұлттық тұлға бойындағы ар, намыс, ұлттық намыс, азаматтық борыш деген ұғымдар ұлы тұлғалардың еңбектеріндегі айтылған ой-пікірлермен нақтыланды.

«Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру тұжырымдамасы» атты үшінші тарауда Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық тіл мәдениетін қалыптастыру (этнолингвистика) жөніндегі идеялары, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтардың ұлттық тұлға қалыптастырудағы ғылыми, әдеби еңбектері, Жүсіпбек Аймауытовтың ұлттық ойлау жүйесін (этнопсихология) және әдебиетті дамыту жөніндегі ой-пікірлері жан - жақты талданды. Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышпаев, Мұстафа Шоқайдың т.б. алаш зиялыларының егеменді ел орнату идеялары мен қайраткерлік еңбектеріндегі ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары жаңаша талданып, олардың тәлім-тәрбиедегі орны, өзіндік танымдық ерекшелігі қарастырылды. Қазақтың интеллектуалды зиялы ұлтын тәрбиелеудің тұғырнамасы ретінде қазіргі Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы мен үлгісі әзірленді.

«Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру ой-пікірлерін бүгінгі білім беру жүйесінде пайдалану» деп аталатын төртінші тарауда ғалымдардың, алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруға негізделген білім мен тәрбие мазмұнын мектептердің оқу жүйесіне ендірілуі, мектеп бағдарламалары мен оқулықтарға жасалған талдау нәтижелері келтіріледі. Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастырудағы ой-пікірлерін қазіргі мектептің оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің тиімді жолдары ұсынылады. Аталмыш мәселенің бағдарламалар мен оқу құралдарында алатын орны қарастырылып, ұлттық тұлғаны қалыптастыруға байланысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Қорытындыда зерттеудің теориялық және әдістемелік жұмыстардың нәтижелері тұжырымдалып, зерттеу жұмысына байланысты болашақта зерттелетін жұмыстардың бағыттары айқындалды.

1 ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Тұлға туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық түсініктер

Педагогика, философия, психология т.б ғылымдардың зерттейтін нысандарының негізгісі- адамтану мәселесі екендігі белгілі. Алайда әр ғылым оны өз саласы бойынша зерттейді.

Яғни адам мәселесін жеке дара алып қарауға болмайтындығы, оның белгілі бір әлем деңгейінде қарау қажеттілігі туындайды. Философияның негізгі бөлімдері әлем туралы ілім (батыс дәстүрінде *онтология* ретінде белгіленген) және адам туралы ілім (*антропология*). Оның тарих философиясы, әлеуметтік философия, білік туралы ілім сияқты бөлімдері және басқалары осы онтология мен антропологияға негізделеді. Онтология әлемді болған күйінде өздігінше бейнелеуге тырысса, философиялық антропология адамның болған күйіндегі көрінісін жасаумен шектелмей, оның қандай болу керектігін бейнелейді. Адамның жалпы мән мағынасына және қолда бар болмысына қанағат тұтпай, ол қандай да бір идеал, Адам эталонын, Кемел адамның өзіндік моделін шығарады. Осылайша философия тек қана ағартушылық емес, сонымен қатар тәрбиелік, адамды қалыптастырушы қызмет атқарады. Философия өзінің Әлем туралы және Әлемдегі Адам туралы, Әлемнің Адаммен және Адамның Әлеммен байланысы туралы ілімімен адамға соншалықты жалпылама тұрмыстық, дүниетанымдық көзқарас бағдарлары мен императивтерге жөн сілтейді, осылайша тікелей немесе жанама түрде оның кемелденуіне үлес қосады. С.Л. Рубинштейн былай деп жазады: «Болмысқа, Жиһанға деген дұрыс көзқарас – бұл ірі тұлғалы адамды қалыптастырады, адамның өмірде өресі биік, қаһармандық негізін қалайды». Жөні түзу (шынайы) философия дегеніміздің өзі Адамның Әлемге, осылайша басқа адамдарға және өзіне деген түзу көзқарасын ынталандыратын философия болса керек,- дейді [1,20].

Біз бүгінгі күннің адам, оның ішінде жетілген кемелденген түрі «тұлға» ұғымының мәнін, мазмұны мен болмысын, адамдар арасындағы қарым-қатынасын, бойындағы мәдени және рухани құндылықтарын қарастырамыз. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында тұлғаға мынандай анықтама берілген: Тұлға - жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Тұлға философиялық тұрғыда адамды «адам» ретінде тануға, яғни оның рухани адамгершілік, ділдік мәдени қырларына баса назар аударумен пайымдалады. Философиялық, педагогикалық, психологиялық және т.б. ғылым салаларының тарапынан берілген анықтамаларда «тұлға» қоғамның ең бір құнды бөлігі ретінде дәлелденген.

Психология тұлғаның өзіне тән күш-жігерін, мінез-құлқын, психо-физиологиялық ерекшеліктерін зерттейді.

Социологияда тұлға қоғам мүшесі ретінде қарастырылып, оның әлеуметтік қырлары, саналы қоғамдық әрекеті жан-жақты зерттеледі.

Қоғамдық гуманитарлық ғылымдар саласының қай-қайсысында болсын адам ортақ мәселе болғандықтан олар тұлға ұғымын ортақ қолданып, әрқайсысы әр қырынан зерттеп таниды және осы ғылым салаларының зерттеу нәтижелерінің өз ара ықпалдастығы мен бір-біріне әсерін анықтайды.

Психологияда тұлға өзінің өмір жолын белгілей алатын, қайталанбас даралық ерекшелігін сезінетін субъект. Тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Өйткені адам тұлғалық сипатты иелену үшін өз «менін» өзге «меннен» ажыратып, есейіп, өз бетінше дербес әрекет ету мүмкіндігін ашуы керек. Яғни белгілі бір мәнді іспен айналысатын, азды көпті білімі, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымы мен сенімі бар адамды тұлға деп атайды. Тұлға бойындағы адамгершілік қасиеттің көрінісі ар-ұятқа кір келтірмеуінен, намысын жоғары ұстауынан байқалады [2,525].

Философиялық сөздікте адамға байланысты мынандай анықтама бар: «Адам-жер бетіндегі материалдық және рухани мәдениеттің тарихи процесінің дамуының субъектісі, өмірдің басқа формаларымен генетикалық жағынан байланысты, еңбек құралдарын өндіру қабілеті арқасында олардан бөлініп шыққан, анық сөйлей алатын, ойлай алатын, санасы бар биологиялық-элеуметтік тірлік иесі» [3,265]. Адамның қоғамдық байланыстары мен сипаттамаларының мәнісін атап көрсете келіп, марксизм жекелеген индивидттерді есте бір қалыпқа салмайды, өзіне тән мінез-құлық, ерік-жігері, қабілеті және құштарлығы бар жеке адамдардың ерекше қасиеттерін кемітпейді. Керісінше адамдардың осынау жеке тұлғалық қасиеттерін айқынырақ көрсету, ғылыми тұрғыдан түсінікті ету үшін жалпы заңдылықтарға назар аударады. Адамның элеуметтік мәніне назар аудара отырып, қазіргі философия сонымен бірге элеуметтік және биологиялық факторлардың өз ара күрделі әсерін ескереді, элеуметтік факторлардың басымдылығын анықтайды. Болашақтың адамы – парасатты, иманды, елгезек те қаракетшіл, сонымен бірге сұлулықтан ләззат ала білетін адам; ол адамның мәндік күшінің шын бірлігінің мұратын, оның рухани және тәндік кемелдігінің мұратын бейнелейтін салиқалы, жан-жақты дамыған тұлға. Нақ қайталанбас, өзіндік бітімді, жеке-дара «Мені» бірегей тұлға ретіндегі адам өзін қоғамдық тірлік иесі ретінде танытады делінген [3,11].

Адамның жан-жақты дамуы – қоғамдық мәдениет байлығын игеру нәтижесінде қоғамның әрбір мүшесінің еңбегі жинақы іске, игілікті әрекетке, ал адам іскер және шығармашыл жеке адамға айналады. Бұл адамды тар өрісті еңбек функциясына басыбайлы, біржақты «жарым-жарты» ететін элеуметтік еңбек бөлінісін жойғанда ғана мүмкін болмақ. Бұл бір адамның бойына бүкіл және әртүрлі еңбек функцияларын, мамандықтарын және т.б. өзіне-өзін қабыстырып жинау арқылы емес адамнан жоғары тұрған дербес әкімшілік бақылаушы, бөліп тұрушы және т.б. функцияларды қажет етпейтін шын мәнісіндегі адамның жан-жақтылығын дамыту арқылы іске асады.

Адам еңбек процесінде бұл функцияларды өзінің жинақы әрекетіне айналдырады, сөйтіп жан-жақты және шығармашылық субъектіге айналады Жаңа кезең жай сегіз қырлылықты емес, адам дамуының тұтастығын, үйлесімділігін талап етеді. Қоғам дамуының принципі әрбір жеке адамды толық және еркін жетілдіру болып табылады [3,12].

Яғни ешкімнің бұйрығынсыз шығармашыл, үйлесімділікте, тұтастықта толық және еркін дамитын адамды қалыптастыру әр кезеңде үлкен қажеттілік туғызып отырған. Мұндай жан-жақты жетілген адамды қалыптастыру педагогика ғылымының үлесінде ғасырлар бойы өзекті мәселе болып келеді.

Философия ғылымдарының докторы А.Нысанбаев өзінің «Тәуелсіздік Қазақстан философиясы» атты еңбегінде: «Халықтың өзіндік санасы мәдени және тарихи тамырдан ажырауы мүмкін емес және оның үстіне, ол жаңашылдық даму үдерісіне бойлаған берік мәдени және философиялық дәстүрге сүйенбей дамуы мүмкін емес, сонымен қатар дәстүрді ескермеген қандай да бір мәдени жаңалық болуы да мүмкін емес», - деп көрсетеді.

Біздің пікірімізше, халықтық сана мен дәстүрді бойына қалыптастырған тұлға тәрбиелегенде ғана адамзаттың рухани биіктерге өрлеуіне ықпал жасайтын, Қазақстанның болашағының жарқын болуына еңбек ететін ұлттық тұлғаның қалыптасуын негіздей аламыз. Өткен тарихи кезеңдерде «ұлттық тұлғаға» деген көзқарас үстірт болатын, тіпті ұлттық деген сөздің өзіне кереғар пікірлер айтылып келді. Ұлтын сүйген ұлдарын «ұлтшыл» деп жазалап жатты. Оның бірден бір куәгері-алаш зиялыларының атылу жазасына тартылуы. Қазақтың барлық рухани саласында жазған ұлттық мәселелерді батыл көтерген еңбектері мен көркем шығармаларының бірден саяси репрессияға ұшырап, жетпіс жыл бойы қолданыстан шығып қалуын айтсақ та жеткілікті. Тек еліміз егемендікке ие болған ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ғана халқымыздың тарихындағы ақтаңдақтардың беті ашылып, ұлт зиялыларының есімдері мен шығармалары рухани игілікке айнала бастады. Ол 1988 жылғы Қазақстан Орталық Комитетінің арнаулы қаулысынан соң ғана жүзеге асты. Халық санасынан сызылып тасталған ұлт көсемдері атанған ұлы тұлғалар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов,

Жүсіпбек Аймауытов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышпаев, Мағжан Жұмабаевтардың т.б. ғылыми педагогикалық және көркем шығармалары әр сала бойынша енді ғана ғылыми айналымдарға еніп жатыр. Осындай жағдайда рухани тарихымыздың ұлылыққа толы ұлттық тұлғаларының еңбектерін зерттеп-зерделеу, олардың бойындағы адами қасиеттерін яғни, әлемді рухани игеруге тырысқан, даналықты жоғары көтерген, сөз қадірін басқа құндылықтардан жоғары қоя білген тұлғаларымыздың еңбектерін жастардың бойына тәрбиелік жолмен дарыту үлкен міндет саналады.

Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн,- дейді Н.Ә.Назарбаев [1,13].

Халық руханиятының және даналығының бастауларын бойына қалыптастырған, «Жеті атасын білетін ер мен жеті ғасыр тарихын білетін елді», мәдениеті жоғары деңгейде дамыған ұлттық мемлекетті басқаратын, оның дамып қалыптасуына өз ерік жігерін қосатын ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық тұлға қалыптастыру күннен-күнге беки түсіп, қажеттілік туғызып отыр.

Қ.Жарықбаев «Жантану атауларының түсіндірме сөздігі» атты психологиялық еңбегінде тұлғаға мынандай анықтама береді: «Тұлға – 1) дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлға- әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара болады, оның өзіндік дүниесі ерекше өмір жолын белгілейді және ол мазмұны жағынан әлеуметтік жағдайлармен анықталады; 2) адамдар арасындағы өзінің ұстанымын, орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам. Ол қоршаған ортамен, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттестікте қалыптасады. Адам тұлға болып туылмайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып шығады», - деп көрсетеді [4,309].

Адам тұлға болып туылмайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып қалыптасады,- деген пікірмен келісе отырып, осы әлеуметтену жағдайында әрбір ұлттың ұлттық ерекшелігіне деген жауапкершілігін, қоғамдық және адами қарым-қатынастар жүйесін енгізуді тереңдете, жетілдіре түскенде ұлттық қасиеттерді бойына қалыптастырған ұлттық тұлға тәрбиелей аламыз.

Кеңес психологиясының таңдаулы өкілдерінің бірі –Леонтьев А.Н. және оның мектебінің зерттеулері адам психикасының қоғамдық тарихи табиғаты мәселесін және оны зерттеудің барабар әдістерін жасауға бағыттайды. А.Н.Леонтьев адам психикасының қоғамдық-тарихи бағытын дамыта отырып, адамда тәжірибенің екі түрі - туа берілетін және жүре пайда болатын – ғана емес, оған қоса үшінші түрі де болатындығын дәлелдейді. Ол адамзаттың өмір сүру барысында игерілген тәжірибесі болып табылады. Адам тұлғасының ерекшелігі осы тәжірибенің негізінде дамидығына тоқталады. Бұл тәжірибенің алдыңғы екеуінен мазмұны жағынан ғана емес, игерілу механизмі бойынша да айырмашылығын анықтайды. Ол даму туралы айтқанда адамға тән қасиеттердің дамуы, жалпы тұлғаның дамуы қоғамдық тәжірибені меңгеру процесінде жүзеге асады деген ойды ұстанады.

Тұлға тек психологияның ғана құралы емес, сонымен бірге философияның, қоғамдық-тарихи танымның құралы. Диалектикалық түсініктерде, «индивид» және «тұлға» ұғымдарының айырмашылықтарының маңызды әдіснамалық мәселелері тек объективті қатынастардың екі жақтылығынан туатын әлеуметтік объектілер идеологиялық еңбектерде қарастырылады. «Тұлға» ұғымының бір жақты емес екендігі әдіснамалық түсінбеушіліктен пайда болады. Бұл бір жақтылық, егерде материя алғашқы деген ұғымдағы ойшылдардың пікірін қабылдайтын болсақ, бірден жойылды, яғни тұлға – қоғамдық қатынастар жүйесіндегі табиғи индивид ретіндегі ерекше қасиет.

Адамның сыртқы болмысы туралы мәселелер және оның дене құрылымының ерекшеліктері тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріндегі адам конституциясының негізіне сүйенбей қарастырылуы мүмкін емес. Тұлға теориясында әдеттегі У. Шелдон конституциясына, Айзек факторына, И.П.Павловтың жоғары жүйке іс-әрекетінің типтеріне

тоқталмай өту мүмкін емес. Индивид және тұлға ұғымдарын ажырата алу тұлғаны психологиялық талдаудың алғышарттары ретінде қарастырылады. Жаңа адамның қалыптасуы – бұл тұлғаның дамуын жан-жақты тәрбиелеу. Сондықтан тұлға мәселесі психологияда ерекше мәнге ие. Тұлғаның дамуы әрқашан дараланған және қайталанбайтын процесс [5,14].

Талдаудың белгілі бір деңгейінде тұлғаны биологиялық табиғаты жағынан антропологияның, тәнтанудың және адам генетикасының да шұғылданатын пәні деп те қарастыруға болады. Интуициялы тұрғыда біз бұлардың айырмашылығын ажырата аламыз. Бірақ тұлғаның психологиялық теорияларында тұлғаның зерттелуі барысында өрескел шатастырулар және көптеген дәлелсіз қарама-қарсылықтар үнемі туып отырады.

Ғалымдардың бірі тұлғаны ешбір қайталанбас біртұтас ретінде қарастырса, ал екінші біреулері тұлғаны барлық психикалық процестерді басқаратын инстанция ретінде алған. Айталық, У.Джемс тұлғаны – психикалық функциялар «қожайыны» десе, Г.Оллпорт – «мінез-құлық пен ойлардың анықтаушысы» деп атаған [6, 64].

Тұлға сөзі тек адамға қатысты ғана және тек оның дамуының белгілі бір кезеңінен бастап қана қолданылады. Біз «жануар тұлғасы» немесе «нәресте тұлғасы» деп айтпаймыз. Бірақ ешкімге жануар және нәресте туралы олардың индивид ретінде жеке дара ерекшеліктері туралы айту қиынға түспейді. Біз екі жастағы бала туралы, ол тек өзінің генетикалық ерекшеліктерін ғана көрсетпей, әлеуметтік қоршаған ортаның әсерінен алынған көптеген ерекшеліктерін көрсетсе де, шындығында тұлға деп айтпаймыз және де осы жағдай тұлғаны биологиялық және әлеуметтік факторлар араласуындағы өнім ретінде түсінудің қарсылығын дәлелдейді.

Тұлға генотиптік қамтамасыз етілген бүтіндік емес: тұлға болып қалыптасады. Тұлға арнайы адамдық құрылым, яғни адамның санасы, оның қажеттіліктері сияқты адам тұлғасы да жасалады, қоғамдық қатынастармен құралады, оған индивид өзінің іс-әрекетімен кіреді. Оның индивид ретінде кейбір ерекшеліктері мүлде өзгереді, өзгертін жағдай мұның себебі емес, оның тұлғасының қалыптасу нәтижесі [6, 70-71].

Ғалым Рубинштейн С.Л. (1889-1960) өзінің “Жалпы психологияның негізі” еңбегінде: Адам өз біліктілігін көтеру үшін білім алуы керек, ол іс-әрекетке қосылған кезде ғана жетіледі. Ал мектеп қабырғасындағы жылдарда оқуға ерекше мән беріледі, себебі бала білім ала отырып дамиды. Оқудың бұл кезеңі адам қалыптасатын іс-әрекеттің негізгі түрі болып табылады. Ойында, оқуда, еңбекте – тұлға барлығында бірге және әрқайсысында өзінше туындайды және қалыптасады,-деп жазады. Өзінің тұлғалық принципті анықтауында Рубинштейн С.Л. психологиялық ғылымдағы қалыптасқан жағдайды қолданды, бірақ осы жағдайды талдауды жалпы философиялық бағыттағы адам және оның еңбегі, іс-әрекеті негізінен алады. Өзінің ғылыми іс-әрекетінің бірінші кезеңінде ол-тұлғаның дамуы мен пайда болуын, оның іс-әрекетін айрықша белгілейді, ал екіншісінде-тұлғаның белсенділігі туралы айтады [6, 162-164].

Тұлға мен іс-әрекеттің арақатынасы жайлы әдіснамалық мәселені ресей ғалымы, психолог Анцыферова Л.И.: «Тұлға іс-әрекет кезінде дамиды деген қағида - әрбір іс-әрекет тұлға дамуына жағдай жасайды деген сөз емес. Бұл жағдайда іс-әрекет туралы тұлға жүйесінің дамуы үшін ашық принцип тезисі жүзеге асады”, - десе, көрнекті ғалым Асеев В.Г. «Адамның өмірінің мәні қажеттіліктерді қанағаттандыруда ғана емес, іс-әрекеттің өзінде», - деп анықтама береді. Ол біздің кіршіксізден аса алыс жатқан қоғамымызда толығымен сау адамдарды кездестіруге болады. Олар түгел жетілген емес, бірақ сондай керемет тартымды. Мүмкін біздің уақытымыз бен біздің мәдениетімізде адамның қаншалықты кірсіз боларын біз әлі білмеспіз дегенді айтады [6,165].

Ал, Маслоу А.Х. (1908-1970) өзінің “Мотивация және жеке тұлға” деген еңбегінде адамның өзін-өзі кемелдендіруіне байланысты: «Өзін-өзі кемелдендіретін адамдар түбінде басқалардан өзіндік ойлары және мінез-құлқымен ерекшеленеді. Өзін-өзі кемелдендіретін адамдар әдеттегі адамдардың әлсіздігін байқағанда жиі қайғырады, өзінен-өзі ашуланады.

Олар тіпті бұзақы антұрған адамдармен қарым-қатынаста да адамдық арын таптауға бармайды. Бұл жағдайда олар өздерінің жамандық пен жақсылық, жақсы мен жаман туралы нақты көзқарастарын басшылыққа алады. Олар жамандықтан қашу, келеңсіз әрекеттерден шеттету орнына, онымен күресуге дайын тұрады», -деген анықтама береді.

Тұлғаға байланысты Маслоу А.Х. тұжырымына сүйенер болсақ, тыныш және өзіне деген сенімі мол ортада баланың сүйікті, аяулы болып қалыптасатынын байқаймыз. Бұл жөніндегі арнаулы зерттеулерде айтылғанындай; -позитивті психологияда, әрине өз-өзіне сенімі мол, жақсы, бақытты, демократиялық көзқарасы қалыптасқан, бейбітшілік сүйгіш, жомарт, дана, мықты тұлға тек жақсы ортада қалыптасатынына көз жеткіземіз. Адам бойында кездесетін жақсы қасиеттерді зерттеу үшін арнайы ғылыми зерттеу мекемелерін, институттарын ашу жөнінде сол кездің өзінде жан-жақты сөз қозғалған. Ал, Маслоу А.Х. сол идеяны қайта жаңғыртып, мейрім, көмекке әзір тұру, шыдамдылық, достықты қастерлейтін, әділдікке ұмтылу сияқты әлеуметтік қасиеттердің дамуына не әсер етеді? Адамдар неге бір-бірінен өзгеше? Өз ісіне берік адамдар қайдан шығады? Ең жақсы зерттеу нысаны – бақытты, салмақты, қанағатшыл, бейбітшілік сүйгіш тұлға қалай қалыптасуы керек?- деген сауалдар төңірегінде толғана отырып, осы мәселелерді зерттеуге зейін қояды [6,312].

Өзінің жеке тұлға теориясында гуманистік және жекедаралық тұрғыны біріктірген гуманист Оллпорт Г.У. (1897-1967) болса, адам табиғатының – жеке тұлғалық даму, өзін-өзі жеңе білу мүмкіндіктерін толық іске асыру аспектілерін зерттеген. 1937 жылы сол кезде белгілі болған жеке тұлға анықтамасының 50-ге жуығын жүйелеп, солардың ішінен: терминнің этимологиясына, философиялық заңға, әлеуметтік мәндері мен сыртқы көріністеріне, психологиялық және теологиялық мәніне байланысты жіктейді.

Оның теориясының негізінде екі идея жатыр: 1) әрбір адамның әр қилы ситуациялардағы мінез-құлқын айқындайтын өзіне ғана тән қасиеттерінің жиынтығы болады; 2) әрбір адам өзінше жеке дара, әлемде мүлде бірдей екі адамды табу мүмкін емес деген ойларды оның еңбегінен кездестіруге болады.

Адам өміріндегі процестердің қазіргі замандағы физикалық процестерге қарағанда парадоксалдылығы кем емес. Бір уақытта әрі шекті, әрі шексіз ғарышты; бір уақытта, әрі толқын, әрі бөлшек болатын жарықты, орбиталар арасындағы кеңістікті бұлтартпастан бірінен екіншісіне көшетін электрондарды біз қалай түсіне аламыз? Осылайша адамның жеке тұлғасы да бір уақытта әрі құрылым, әрі процесс; әрі биологиялық, әрі рухани тіршілік иесі болып табылады, деп Оллпорт Г.У. адам табиғатының ерекшелігіне, күрделілігіне тоқталады.

Психолог Айзек Г.Ю. (1916-1997) өзінің “Жеке тұлға құрылымы” атты еңбегінде: «Жеке тұлға – бұл қажет ақпаратты алу үшін жеткілікті уақыт мөлшерінде шынайы мінез-құлықты бақылауда анықталуы мүмкін іс-әрекеттердің жиынтығы», деген Уотсонның сөзін бихевиористік анықтаманың мысалы ретінде келтіре аламыз,-дейді [6,399]. Принст сөзін психодинамикалық анықтаманың негізінде келтіреді: «Жеке тұлға – бұл индивидтің тума биологиялық диспозицияларының, инстинктерінің, құмарлықтарының және өмір сүру барысында иеленген бейімділіктері мен бітістерінің жалпы жиынтығы»,-дейді. Өзі төмендегідей анықтама ұсынады: «Жеке тұлға – бұл адамның қоршаған әлемге дербес бейімділігін анықтайтын, оның мінезінің, темпераментінің, интеллектісінің және дене құрылысының (конституциясының) азды-көпті тұрақты құрылымы»-дейді. Айзек Г.Ю. жеке тұлға теориясын адамның биологиялық құрылымдары: дене құрылымы, жүйке жүйесі, ми және белгілі жеке тұлғалық қасиеттері арасында қатаң сәйкестік құруға ұмтылады [6,400].

Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында оқушылардың бойына ұлттық тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда қазақстандық философ, психолог, педагог ғалымдардың теориялық еңбектерінің негізіне қысқаша тоқталып өтейік. Т.Сәрсенбаев «Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет» атты еңбегінде ұлттық тұлға қалыптастыруда ұлттық психологияның орнына тоқталады. Ол: «Ұлттық психологияға ұлттық мінез-құлық, ұлттық ой-сана, сезім жатады. Ұлттық мінез-құлық бұл әлеуметтік психологиялық категория:

шаруашылық пен тұрмыс, мәдениет пен наным салаларындағы және сыртқы құбылыстарды қабылдау әдісіндегі өзіндік ерекшеліктерін білдіретін ұғым. Оның нәсілдік көрініспен ешқандай байланысы жоқ. Ұлттық ой-сана негізінен өз ұлты мен басқалардың түбегейлі мүдделерін түсініп білуде. Ұлттық сезім ұлттық ой-санадан ерекшелену-бұл адамның түрлі өмірлік құбылыстар мен жағдайларды, ұлттық мүдделерді өзіндік тұрғыдан түсінуі. Ұлт бар жерде ұлттық сезім де бар, ол құрметтелуі керек», - дейді [19, 8]. Ұлттық тұлға бойындағы ұлттық сана- сезімі мен қадір қасиеті өзге ұлттардың да өзіндік ерекшеліктерін, ұлттық қадір-қасиетін құрметтеуден тұратындығына бағытталады. Ғалым «Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті» атты еңбегінде: «Шын мәніндегі ұлттық сана-сезім тек өз халқының ғана емес сонымен бірге басқа халықтардың да ролін ұғына білуге байланысты болады. «Өз халқына деген сүйіспендігі жоқ адам, өзге халықтарды да сүйе алмайды» деген белгілі қағиданы «Басқа халықтарға сүйіспендігі жоқ адам өз халқын да сүйе алмайды» деп өзгертуге болады», - деп ойын дәлелдей түседі [20,20].

Сондықтан елін сүйген әрбір ұлт, ұрпақ ұлтының ұлттық қасиетін, салт-дәстүрін, табиғи мінез-болмысын қадірлеп өскені жөн. Айталық, қазақтың рухани дүниесі, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы бай халық. Қазақ - солардың бәрін жазу-сызуы болмаса да жадында сақтап, бүгінгі ұрпаққа сол қалпында жеткізген ұлы халық. Шынында да қазақ айтылған сөзді ұққан және соған тоқтаған. Мұндай туа бітті мәдениеттілік еш халықта кездеспейді. Әсіресе, өлең-жыр сөздерін естіген сәтте қағып алып, қайталап айта беретін, бір жаттап алған өлеңдерін қанша ұзақ болса да, көпке дейін ұмытпай айтып жүретін, келесі ұрпаққа айтып жеткізіп отыратын ерекшелігі бар халық. Бұл - оның сана-сезімінің сергек, жадының мықтылығын көрсетсе керек. Бұл - халықтың өркениеті мен өмір-тіршілігіне, сөзқұмар, ақынжанды, құймақұлақ, т.б қасиеттеріне байланысты қалыптасқан ерекшелік болса керек. Атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырған ақындық қасиет, жалпы қазақ жадының басқа елден ерекше болып қалыптасуына игілікті әсерін тигізген салт-дәстүрі, оның рухани ұйытқысы болып саналады. Еуропа елдері бұл жөнінде алып тұлға ретінде Гомерді атайды. Қазақ халқы жадында 1 миллион өлең жолын сақтап, жатқа айта білген жыр алыбы Жамбылды атап келеді. Ал, қазақ халқының ресми жазба тарихы қытай, араб, түркі, т.б. елдерде сақталғаны белгілі. Міне, осынау мол рухани байлық ұлт тұлғаларын тәрбиелеуге орасан зор үлес қосқаны анық.

Және көрмеген қорлығы жоқ қазақтардың бір басынан өткерген қасіреттердің бәрінде тәуелсіздік жолында табанды күрескен ұлт ұрпақтары да осы рухани бай мұрамыздан тәлім алған, елін сүйетін нағыз ер-ұлт тұлғалары екендігін ешқашан естен шығара алмаймыз. Айталық, 1916 ж. ұлттық көтерілісте қайтыс болған 150 мың жазықсыз қазақ, 1917 ж. құрылған тұңғыш Қазақ Алашорда ұлттық мемлекетінің жойылуы, 1918-1922 жылдары азамат соғысында 800 мың ер-азаматтың шейіт болуы, 1928-1933 жылдары күшпен коллективтендіруде 2 млн 300 мың адамнан айрылуы, 1931-1933 жылдарда жасанды аштықтан 615 мың адамның қырылуы, 1937-1938 жылдары 25 мың қазақ зиялысының атылып, жер жастануы, 1917-1940 жылдары қазақ әліпбиінің үш рет өзгертілуі, 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында 350 мың қазақтың опат болуы, 1949-1990 жылдар арасында Қазақстанда жарылған атом бомбасынан (26 рет жер бетінде, 87 рет атмосферада, 354 рет жер астында) күні бүгінге дейін азап шегіп келе жатқан халық. Сонымен қатар, 1956-1980 жылдар арасында мыңнан астам қазақ мектептерінің жабылуы, т.т. фактілерді тізер болсақ, осынау зұлмат замандарда ең бірінші болып, халықты оятқан, санасын серпілткен, елді ерте білген ұлт тұлғалары болды. Өздері шейіт кетсе де ұлтының мүддесін қорғады. "Мың өліп, мың тіріліп" жер бетінен аман келе жатқан қазақ халқы қашан да сол ұлт көсемдеріне тағзым етеді.

1991 жылында алған Тәуелсіздік қана қазақ елін кейінгі 70 жыл ішіндегі сталиндік зұлматтан, голощекиндік жасанды аштықтан, "коммунизмді орнату" жылдарының кесапаттарынан, 490 рет жарылған атам бомбасынан, жөнсіз жыртылған тың жер мен сұраусыз бұрылған су зардаптарынан (Арал тағдыры), мұрағаттардың тұңғығында

жасырынған ақтандақтардан, т.б. құтқарды. Бүгінде сол ұлт тұлғаларының тіл, жер, мәдениет, өркениет, тарих т.б рухани салаларда айтқан салиқалы сөздеріне, өнегелі өсиеттеріне сүйенген қазақ зиялылары ел мен жер, халық мүддесі жолында қызмет етіп келеді. Аристотельден Абайға дейінгі және олардан кейінгі дүние жүзі ойшылдарының еңбектерін бірнеше рет парақтап шықсақ та тірелетініміз – тұлға яғни адам мәселесі. Оның өзін-өзі тануға, ғаламдағы орнын анықтауға, бір-бірімен қарым-қатынасын реттеуге арналады. Себебі дүниедегі барлық жақсылық та, жамандық та онымен байланысты. Кез-келген қоғамның өсуі де, өшуі де адам қолынан жасалып келеді. Болашақтың жарқын болуы үшін адамдардың психологиясын, сана сезімін, мінез-құлқын, дүниетанымын, бағыт-бағдарын өзгертуден бастау керектігіне ғұламалар мен ұлт зиялылары тоқталып, амалын іздеп шарқ ұруда. Адамды рухани құндылықтар негізінде жетілдіру қоғамды төте жолмен жетілдірудің бірден-бір жолы екендігі ертеден анықталған ақиқат. Осыған орай мынандай мәселелер туындайды. Ұлттық рухани құндылықтарымыздың қатарына нені жатқызамыз? Ұлттық діліміздің өзге отандастарымызды еліктіретін, сөйтіп бірегей халық болып ұйысуға жәрдемдесетін қандай қадір-қасиеті бар? Мінез-құлқымыздағы жағымсыз әрекеттер қайсы?- деген сұрақтарға философ Ә.Нысанбаев өзінің «Адам және ашық қоғам» атты еңбегінде: «Біріншіден, қазақ халқы-табиғатынан қиналғанға қол ұшын беруге даяр тұратын, ізгілікке жаны құмар гуманист халық; екіншіден, ізеттілік яғни, үлкенді сыйлау, кішінің көңіліне қаяу салмау - атадан балаға келе жатқан асыл қасиеттеріміздің бірі дейді; үшіншіден, қоғамның кішкентай ұясы түріндегі отбасындағы ынтымақ-аға ұрпақ пен жас ұрпақ арасындағы келісім. Ата-ананы, аруақтарды құрметтеу, жақындарының арына кір жұқтырмау; төртіншіден, досқа, ағайынға, ұлтқа адалдық; бесіншіден, қазақ еркіндікті, әсіресе ой еркіндігін, жеке басының бостандығын, ешкімге бағынышсыздықты жоғары қоятын халық», - деп жауап береді [21,82]. Ары қарай ол өз пікірінде бізде жаңа экономикалық элитаның яғни рухани-мәдени элитаның да қалыптасып келе жатқандығын, олардың тек ұлттық тілі мен дінінен ажырамай дәстүрлі-мәдениетіміздің үдерісінде жетілуінің қажеттілігіне терең тоқталады. Сұңғыла ақылмен кез-келген қоғамның ілгері дамуына ықпал ететін, парасат иелерінің қалыптасуын үлкен мәселе етіп көтереді. Сол парасатты адамның (бізше ұлттық тұлға) өз ойын еркін білдіруіне немесе бұл ойдың дер кезінде ықпалды күшке айналуына мүмкіндік беретін әлеуметтік алғышарттарды (демократиялық бостандықтардың, материалдық тәуелсіздіктің, сындарлы пікірді түсініп, қабылдауға әзір әлеуметтік ортаның т.б.) екінші мәселе етіп қояды. Дәстүрлі қазақ қоғамында өз халқының ағымдағы хал-жағдайын ақыл таразысынан өткізіп, болашағын болжап, ілгері даму бағытына ықпалы мол болған ұлы тұлғаларына тоқталады. Ондай тұлғалардың қатарына Қорқыт пен Тоныкөктен бастап салыстырмалы түрде, күні кешегі Бұқар мен Абайдың аралығында талай дана бабаларымыздың туған халқының сол кездегі жағдайын, болашақ тағдырын ойлап тебіреніп өткендігін сөз етеді, әрі бұл игі қасиеттердің ұрпағына үлгі боларлық жолын көрсетеді. Ғалым өз ойын ешкімнің намысына тимей жеткізе алатын, кімнің-кім екенін бағалауға қабілетті, тасқа басылған сөздің бәріне құдайдың пікіріндей сене бермейтін әлеуметтік ортаның, парасатты тұлғаның қалыптастыру мәселесін көтереді. Экономикалық даму, демократиялық үдерістердің орнығуы, ақпараттық желілердің кеңеюі бізді кез-келген ойды жұртшылыққа еркін айтудың үлгісіне жеткізетіндігін айта отырып, ол үшін ешқандай топтың мүддесіне тәуелсіз, маргиналды пен көзқамандықтан (космополитизмнен), ақиқат пен халық қамына (жалпы адамзат болашағына) қалтықсыз жаны ауыратын, парасат иесін, ұлттық тұлғасының қажеттілігін дәлелдейді. Ондай зиялы қауымына бүгінгі күні не жетпейді деген сұраққа философ ғалым былай деп жауап береді: «Жетпейтін нәрсе көп, бастыларын санамалап айтсам... біріншіден, жанкештілік жетпейді. Атақ демей, ақша сұрамай, мақтау күтпей ел үшін барлық жолда алаңсыз берілу жоқ. Екіншіден, біліктілік жетіспейді. Үшіншіден ой еркіндігі, рух бостандығы жетпейді. Сөз кезегі тисе өз жағдайымызды айтып, жылай бастаймыз. Қай заманда қай елдің зиялысы өз жағдайын айтып жыланып еді? Зар илесе, өз жағдайын, өз мұңын айтып емес, ұлттың қамын жеп, халықтың мұңын жоқтап,

елдің болашағын ойлап басын тауға да, тасқа да соқпаушы ма еді?»-деп елінің ертеңін, оның тағдыры мен болашағын ойлайтын тұлғалардың болымысына тоқталады [21,90].

Философия ғылымдарының докторы, профессор А. Айталы «Ұлттану» атты еңбегінде ұлттық қасиеттер мен құндылықтарды, ұлттық мемлекет, мәдениет, идеология дін, оқу-тәрбие мәселелерін сөз етіп, ұлттық теориялық тұрғыда зерттеп, бүгінгі күн тұрғысындағы өзекті мәселелерге тоқталады. Қазақ мемлекетінің отаршылдық езгі мен социалистік кезеңде үзіліп қалғандығын анықтайды. Ұлттық мемлекеттің енді қайта түлейтіндігін айта отырып, қазақ халқының дәстүрлі емес мемлекеттік жүйесінің болғандығын егжей-тегжейлі баяндайды. Ол: «Қарға тамырлы қазақ» өзі өмір сүріп отырған, тұрмыс тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынастарын, жақсы-жаман жағдаяттарын ой елегінен өткізіп отырған. Соты, қаралаушысы мен ақтаушысы жоқ заманда жер мен жесір дауын, руішілік, руаралық, басқа да ел арасындағы дау-жанжалдарды әділ шешіп отырған. Ел аузындағы «Халық айныса кім түзейді?», «Ата тұрып ұл сөйлесе ер жеткені болар», «Қадірсіз десен халқымнан сұра», «Халқыңа әділ бол», «Бірлігі кеткен ел жаман», «Айыпты айып жусын, ашуды ақыл қусын», «Жетесізден би қойсаң, парадан аузын жия алмас», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Қара жерге халық ие» т.б. шешендік сөздердің астарында бүгінгі билік басындағыларға да, қарапайым халық өкіліне де ғибрат аларлық өсиеттерге тұнып тұр»,- деп көрсетеді. Адамды ата тегіне қарамай, адамгершілігіне, қабілетіне қарай адал бағалау халықтық демократизмнің шынайы белгісі екендігін анықтайды.

Ел арасында елді бағындыра да, бағына да білетін дәстүрлері болған. Шығыс халықтарында соның ішінде қазақ халқында да ел басқаратын адамның өкімі қаншалықты шексіз болса, сонымен бірге оның ел алдындағы, ар алдындағы, құдай алдындағы жауапкершілігі де аса салмақты болған. Көне индиялық Ману қолжазбаларында (шамамен 2000 мың жыл бұрын) тек шындықты айтатын, заңды білетін, ойланып ақылмен іс қылатын билеуші шынайы адал болады деген. Ел билеуші салқын қандылықпен, өзінің, өзіне жақын адамдарының теріс қылықтарын айыптап отырған. Оның ағайын туыстары айыпты өзгелерден анағұрлым артық төлеген. Дара билік Шығыста ел билеушісін ерекше жоғары мәртебелі орынға қойған. Ол әртүрлі күштердің арасалмағын реттеп, таразы басын теңестіріп, тәртіпке үйрететін, заңды негізде әділдікті мойындататын. Халық руханиатында халықты бір қолдан басқаруды мақұлдаған дана сөздері де көп-ақ. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», т.б. деген пікірлерден халқымыздың ел билігіне деген көзқарасы, елді билейтін тұлғаларына деген арман-тілектері, заңды негіздегі әділдікті аңсағаны байқалады [72,43].

Көрнекті ғалым, тарихшы Манаш Қозыбаев: ”Қазақ“ -Азияның кілті мен құлпы” саналған сахарасының шетінен ХҮІ ғасырдың аяғында бір-ақ шыққан ел” екендігін ескере келе, қазақтың қасындағы көршілерінен үнемі зорлық көріп келгендігіне кеңінен тоқталады. Қазақ өзі бейбіт ел болғанымен, табиғи болмысы тыныштықты аңсайтын, өздігінен ешкімге тиісе қоймаса да “қос бүйірден екіге бөлінген жоңғар-қалмақ қазақ даласына 1599-1750 жылдар арасында үзбей ойран салып келгендігін, 40 жылға созылған оқтын-оқтын (1623, 1643, 1720-1740 ж.ж) үздіксіз шабуылынан азып-тозған Қазақ еліне жоңғарлар үстемдігін оздырғанын, оның соңы орыс патшасы отаршыл саясатын жүргізуімен аяқталғанын айтады [95,72-76 бб].

Қаламгер-ғалым Ақселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты еңбегінде қазақтың этникалық мәдениетіне, дәстүрлі фольклоры мен этнографиясына, ұлттық тарихына, рухани болмысы мен таным зердесіне қатысты соңғы пайымдауларға тоқталады. Ол: «Отаршылдықтың тақсіретін тартқан жүздеген ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқы да ең ауыр кезеңді социализм тұсында өткерді. Бұл орайда адамзат баласының ұзақ тарихындағы ең үлкен, ең ауыр қылмыс ХХ ғасырда ҚСРО (СССР) деп аталатын ұлы империяның аясында жүзеге асты деп тұжырым жасауға болады»,- деп жазады. Ойын одан ары қарай: «Бір ұрпақтың көзалдында өткен екі бірдей дүниежүзілік соғыстың миллиондаған құрбандары да емес; ол -

миллиондаған адамды бас бостандығынан айырған лагерьлердің архипелагы да емес; ол-технократтық жабайылық тудырған экологиялық сүргін де емес; ол-соғыссыз-ақ 4 миллион қазақты қырып тастаған геноцидтік саясат та емес; ол-тұтас ұлттардың қазақ даласына жер аударылуы да емес немесе тың игеру науқанын желеу етіп 3 миллион славянның Қазақстанға басып кіруі де емес; ол-керек десең қырық жыл бойы (1949-1988) қазақ даласында бейбіт халықтың ортасында сынақ үшін жарылған 500-ге тарта жарылған атом бомбасы да емес...

Ол қылмысты былай деп тұжырымдауға болады: адамзат баласының тарихындағы ең үлкен қылмыс – социалистік системаның тотаритарлық өктемдікпен 200-ден астам ұлтты мидай араластырып жіберуі болды. Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар жойылып кетті Яғни ғасырлар бойы қалыптасқан жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тарты. Мұндай ауқымдағы қасіретті адамзат баласы бұрын соңды басынан кешкен емес»-дейді [73,441].

Ұлт бойына батпандап сіңген отаршылдықтың дертін қазақ халқы өз жүрегін емдеу арқылы, тұманданған санасын сейілту арқылы, рухани сауығуға өз болмысын парықтау арқылы жетеді. Мұны тура мағынасында да, бейнелі мағынасында да «Рухани жаңғыру», -деп атаймыз дейді Ақселеу Сейдімбек.

Біз педагогикалық, психологиялық, философиялық сөздіктердегі тұлғаға, ұлттық тұлғаға байланысты анықтамаларды, түркі ойшылдарының, әлемдік, ресейлік және өз ғалымдарымыздың ұлттық тұлғаға және ұлтымыздың бойындағы рухани құндылықтарымызға байланысты айтқан ой-пікірлерін жүйелеп талдадық. Ұлттық тұлға - жеке ерекшелік қасиеттерді бойына сіңірген, ешкімді қайталамайтын өзіне ғана тән қасиеттері бар, белгілі бір қоғамда өмір сүретін және сол қоғамға бейімделген, ұлтының рухани құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін жете меңгерген, биологиялық, әрі рухани тіршілік иесі бола алады деп тұжырымдадық. **Сонымен ұлттық тұлға дегеніміз**–ұлтының рухани қажетін өтейтін, соған өзінің саналы ғұмырын арнайтын адам деген анықтама бердік. Халық ойының, өркениет құндылықтарының иесі болған ұлттық тұлғалар әрқашан да халық, өз ұлты алдындағы рухани көсемдік қызметін адал атқарған және тарихи тұлғалар осындай қасиеттері арқылы ерекшеленген. **Ұлтты басқарушы зиялы қауым** рулық-жүздік танымнан жалпы ұлттық санаға, дүние-танымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орнын анықтап алуға, барлық рухани дағдарыс түрлерінен арылуға қызмет еткен тұлғалар.

Енді ежелгі шығыс философиясында адам және тұлға туралы айтылған ұлағатты ұғымдарға тоқталайық: Ертедегі шығыс философиясы – көне дәуір көрінісі, түрлі дәстүр ауқымы, талпынған ойдың ағымы, дұрыс жолдың негізі, мәдени жеңістің бағдары. Шығыс философиясы дегенде алдымен ертедегі қытай, үнді, византия, египет, тұран, араб мұсылман ойшылдарының шығармашылық жетістіктері мен ағымдық дәстүрлерін айтамыз. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың аяғында пайда болған ежелгі Қытай философиясында конфуцийшылдық бағытты ең көрнектісі деп есептеген.

Кун Фу Цзы (б.д.д. 551-451 ж.ж) ата анасынан ерте айрылған ол тек он бес жасында ғана білімге құштарлық таныта бастайды. Елу жасында ол өз мектебін қалыптастырады. Оның шәкірттері ұстазының және өздерінің ой пікірлерін, қағидалары мен тұжырымдарын жинақтап «Әңгімелер мен пікірлер» (Лун юи) деген конфуцийшылдық ілімді дүниеге келтірген. Қытайдың көптеген ұрпақтары бұл кітапты үлгі тұтып, басшылыққа алған. Кун Фу Цзы өз ілімін адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, тәрбие мәселелеріне негіздейді. Осыған орай ол мына ұғымдарға көп көңіл бөледі. Олар: «тең орта», «адамгершілік» және «өз ара сүйіспеншілік». Осы үш ұғым бірігіп «дао» (Дұрыс жол) ұғымын құрайды. Әр адам осы даоның жолымен өмір сүруі қажет деп көрсетеді.

«Дао дә цзин» - «ішкі» дүние туралы, ақылды адамның «ішкі» жан дүниесін реттейтін және сыртқы дүние бейнесінің мән-жайын талдайтын трактат [7,67].

Адам - жер мен Аспан арасындағы сансыз заттардың ішіндегі «ең құндысы» өз табиғатына тереңірек үңілген зерделісі (Дун Чжуншу) дей отырып оның табиғи қабілеттерін төмендегіше саралаған. Адам бес бірдей табиғи қабілетті –адамгершілікті (Жень),

әдептілікті (Ли), әділеттілікті (Бу жень), даналықты (Чжи) адамдықты (Чен) бойына сіңірген деп көрсетеді. Сонымен қатар жақсылыққа, игілікке деген көзқарас адам өмірінің айнасы деген Конфуций тоқтамында үлкен мән бар екендігі анық. Қытай философиясында, «Адам өмірге келісімен өз үлесін алады». Бірақ адам үшін халықты жақсылыққа үйрететін патша керек. «Патша халықтың болмысын қалыптастыратын Аспанның пиғыл-ниетін аяқтайды және жалғастырады» (Дун Чжуншу) дейді. Аспан мен жерге ондағы адамдарға қамқорлық жасайтын іштей жетілген, дара даналарды Қытай философиясында көргені мен есіткеніне мән беретін, жан мен тән жарасымдылығын іздейтін, өзгенің мінез құлқына еліктей бермейтін, адамдық тұлғасы жоғары адамдарды «ұлағатты, мәртебелі адам», деп қабылдаған. Яғни Қытай философиясында тұлғалық қасиеттердің қатарына ұлы ұстаздың сөзімен айтқанда: «Ескіні тура қайталаған жаңаны біледі», я болмаса «Көпті тыңдап дұрысын таңдаймын таңдағаным еремін, көпті бақылап, көргенімді есте сақтаймын. Осындай әдіспен білімге жетемін», -дей отырып болашақтың жарқын болуына ата-баба дәстүрінің тигізер үлесін дәріптейді.

Ислам философиясы – жалпы және жалқы алғанда мұсылман ойшылдарының философиялық мұраларына берілген атау. Ислам философиясы философиялық ойлау жүйесі тұрғысынан басқа философиялармен ортақ. Ислам философиясының пайда болуына, қалыптасуына ықпал еткен екі негізгі арна бар. Біріншісі Құран мен Сүннет. Құран Кәрім негізінен діни мәтін болып табылады. Діннің философияның барлық мәселелеріне қатысы бар. Дін де, философия да алла, әлем, адамның рухы мен осылардың өз-ара қарым-қатынасына, жақсылық пен жамандыққа, таңдау еркіндігі мен ерік, өлімнен кейінгі өмірді қарастырады. Осы мәселелерді қарастырған кезде бұған қоса әлем, шындық, болмыс пен олардың қасиеттері, адамның пайда болуы мен тағдыры, дұрыс пен бұрыс, уақыт пен кеңістік, қозғалыс пен тұрақтылық, өткінші өмір сияқты мәселерді де анықтайды [8,6].

Мұсылман философтарының бірі - Ибн Арабидің түсінігінше адам жалпы мағынада универсумның ең жетілген болмысы. Адам-Құдай мен дүниенің арасындағы дәнекер, ол ғарыштық болмыс пен жер болмысының бірлестігін құрайды. Сондықтан адам өзін-өзі жетілдіруге тиісті, осы жоғарғы парызды өтеу - адам өмірінің мағынасын және оның біртұтас, сыртқы міндеттерін орындай алуы. «Жетілген адам» - адамгершіліктің үлгісі, жақсылық пен жаманшылық өлшемі, адамның өзін-өзі танытатын жолды аша білуі, дегенді айтады. Ибн Арабидің «жетілген адам» деуінде өз ісіне өзі жауап бере алатын, дүниетанымы терең, ғарыштық болмыс пен жер болмысының бірлестігін құрауға бірден-бір дәнекер, адамдықтың ең жоғарғы сатысы адамгершілік пен жақсылықтың өлшемі болуы керек. Сонымен «жетілген адам» өзгелерден қабілеттілігімен, қайырымдылығымен, ізденімпаздығымен, ойлылығымен озуы тиіс [7,189].

Ақыл парасаттың білім жүйесінде үлкен қызмет атқаратындығын саралағандардың бірі - Аль-Газали (1058-1111). Ол діни догматиканың ықпалынан шығу үшін шындықты іздейді сонымен бірге, ақыл-парасаттың төрт мағынасын анықтайды. Ақыл-парасат деген ұғымды:

- адамды жануардан айыратын сапа, ойша дерексіз ғылымдар мен білімді қабылдайтын, күрделі ойлану өнерін меңгеретін қабілет;

- мүмкіннің мүмкіндігін, мүмкін еместің мүмкінсіздігін білдіретін кейбір қажетті білімдер;

- өмір көрген, тәжірибесі мол адамнан қабылданатын білім;

- іс-әрекеттің салдарын танытатын және сүріндіретін құмарлықты ұғындыратын қылықты бақылатқызатын қабілет. Алланың осы тартуын иемденген адам бақытты және ол нағыз білімге жетеді, деп түсіндіріледі.

Ибн Сина үшін ақыл - қабілеттіліктің жоғарғы сатысы, шындықтың өлшемі. Өзінің білімділер кітабында («Даншинамә»), «Ақыл таразысына түспеген қандай білім болмасын, ол дәлелді және шыншыл бола алмайды»-дейді. Ибн Сина үшін, қажетті мән жасампаздығы Құдайға тән және тең, «абсолютті даналық», «парасатты пайымдылық» деп түсінеді. Ибн-

Сина барлық парасаттылықты, пайымдылықты, даналықты, қабілеттілікті саралайтын шындықтың өлшемі білімде дей отырып, оның барлығы Құдайға тән деп болжайды.

Ибн-Рушдтың тоқтамы бойынша: ақыл ғана заттарды сол табиғи күйінде қабылдай алады, талдайды, «сөйтіп нағыз ақиқатқа» жеткізеді, нағыз білім-шындыққа шығар жол, шындықпен тоғысатын сабақтастық»-дей отырып, шындықты тек діни іліммен ғана шектеуге болмайтындығын айтады. Ол адамдарды-қара дүркін топтар, теологтар және философтар деп бөледі. Философтарды «құдай жарылқағандар» деп олардың рөлін жоғары бағалайды. Шындықтың тәсілі - парасаттылық пайымда, нағыз білімді түсіндіру тек таңдаулылардың, философтардың үлесі дегенді баса көрсетеді.

Мұсылман философтары ілім, білім мәселелеріне үлкен мән берген. Американдық шығыстанушы Ф.Розентал араб әдебиетіндегі білімнің мағыналары мен анықтамаларын дәлелдеген. Білімнің адам өміріндегі мәнін, әсерінің шексіз екендігін Ф.Розентал мойындай отырып, білімге мынандай анықтамалар берген:

Білім дегеніміз - таным процесі, табысу түрі, тану жолы.

Кез келген тіршіліктің саласында, барлық іс-әрекеттің бастауын, тану жолын білім арқылы анықтауға болады.

«Білім-танитын нәрсенің қажеттігін айқындайды»;

Білім - танушы мен таным объектісінің ара қатынасын, заттың ақылдағы мағынасын айқындаушы;

Білім - дегеніміз тану, таным объектісін сол күйінде тани білу;

Білім-таным объектісінің бастысын оның ерекшеліктерінің себебін анықтаушы;

Білім дегеніміз жанның өз мақтасын айқындауы; сөйтіп оны жүректегі шынайы сенімін орнықтыру;

Білім-заттардың ақылдағы формасы, интеллектпен сол көріністі түсіну;

Білім-қабылдау мен ой-пікір үйрететін нәрсе және ақыл парасатты тексеру;

Білім-танушының ойы, қиялы және есте сақтауы [9, 67-83].

Қысқасы білім – таным, танушының ойы мен сенімі, даналығы, іс-әрекет тәжірибесі, сауаттылардың қоғамы және қозғаушы күші. Адам баласының бойындағы тану мен танып білушілік, ойлану қажеттілігі, өз мақсатын айқындап оған жету, жүрегіндегі шынайы жылылықтың болуы, айналасын дұрыс қабылдап ой түюі, оның барлығын ақылға, парасаттылыққа салып тексере білуі. Міне, осы сияқты игі қасиеттердің барлығы білім арқылы келетіндігін мұсылман философтары нақты етіп көрсете білген.

Мұсылманның негізгі идеялары Мұхаммедтің діни ілімі Құранда –мұсылмандардың киелі кітабында жинақталған. Мұхаммед салиаллаху ғалейкум ассалам хадистерінде әдептілік мәселесіне айрықша мән берілген: Отыз жетінші хадисте қаталдықтың адамға жат пиғыл екендігін айта отырып, тәртіпсіздіктің де жақсылыққа жеткізбейтінін көрсетеді. Отыз сегізінші хадисте әркез кешірімді болу, себепсіз адамның қанының төгілмеуі мұсылман дінінің негізі болғандығы айтылады. Жүз үшінші-хадисте егер кінәлі болмасаң босқа ақталма, әрнәрсенің өз уақыты келгенде ақты-ақ, қараны-қара деп ажыратып алуға болтындығын меңзейді. Сол сияқты қасиетті құранның басқа да хадистерінде адамдықты, әділдікті, тазалықты, пайымдылықты, біреудің ала жібін аттамауды, біреуге зәбір көрсетпеуді, өзінің елі үшін, жері үшін, ата-анасы мен туыстары үшін, адалдық үшін күресудің жақсылығын, аманатқа қиянат қылудың ұятсыздық, имансыздық екендігін, уәдеге беріктікті жоғары бағалап, өсекшілдік пен өтірікшілдіктен аулақ болу қажеттілігін уағыздаған. Бұл айтылғандардан мұсылман философиясындағы адам болмысының тұлғалық ерекшеліктері әдептілік мәселесімен байланыстыра қарастырылғанын айқын аңғаруға болады.

Сонымен ислам тек діни-философиялық ағым емес. Оның ерекшелігі мен құндылығы - әлеуметтік-мәдени қозғалысқа үлкен демеушілік пен дәнекерлік жасауында. Мұсылман ортасында «өзін» өзгеден шектеу немесе көпке қарсы қою дәстүрі қолдау таппаған.

Құранның басты идеяларын бүгінгі ынтымақ бағдарына орай қайта толықтырылып, оларды жер-жерлерде жүзеге асыру әрекеттері қарқындауда [7,196].

Шығыс философиясындағы Үнді халқының даналығынан бізге жеткен ілімдердің бірі - буддизм. Будда ашқан бірінші ақиқат бізге мына деректі паш етеді: біріншіден, өмір- азап. Ол неге азап болады? Одан құтылудың жолы қандай? Бұл екіншіден; Оның үшінші жолы сол азаптан құтылуға болатындығы. Ол үшін адам өзінің барлық тілек мүдделерінен, қажеттіліктерінен, құмарлығынан, әуесқойлығынан, нәпсіқұмарлығынан, үйреншікті жаман әдеттерінен біржолата арылуы керек. Сонда оны ешнәрсе қызықтырмайды, өмірдің барлық бұғауларынан құтылып азаттыққа жеткендей болады. Төртінші ақиқат, Нирванаға жетіп, азаптан құтылудың жолдарын ашып көрсетеді. Бұл үшін Будданың пікірінше, кісіге төрт нәрсе керек. Л. Толстой өзінің будда жөніндегі әңгімесінде бұл жолдарды былай баяндайды: «Біріншіден жүрек сезімінің оянуы; екіншіден, ой жүйесін тазарту; үшіншіден, адамның қайырымсыздық пен ашушаңдықтан, кірпияздықтан арылуы; төртіншіден, адамдарды ғана жақсы көріп қоймай, бүкіл тіршілік иесіне мейірімділікпен қарау» [11].

Буддизмнің құндылығы да осында. Онда жүрек сезімінің оянып, өз ойыңа, жүрегіңе үңіле білуді үйретеді; ішкі жан дүниенді арамдықтан, пасықтықтан тазарта білу; не болса соған ашуланып, айналандағы адамдарды шаршатпау, кеңпейілділікке салыну; өзінді ғана емес барлық адамзат баласын құрметтеп сүйе білу, тіптен өмірдегі барлық тіршілік иесіне мейірімділікпен, жылылықпен қарау. Сонымен, философия адамгершілікке, өнерге, әдебиетке, дінге де арқа сүйейді.

XX ғасырдағы батыс философиясының белді өкілдерінің бірі, экзистенциализм деген бағыттың негізін қалаушылардың қатарында саналатын гуманист, философ Карл Ясперс Будданы Конфуциймен, Ийсуспен және Сократпен бірге дүниежүзілік философияның негізін қалаушылардың қатарына жатқызады. Будда жөнінде арнаулы еңбек жазады. Ясперстің айтуынша, бұл төрт данышпанның деңгейіне көтерілген ешкім жоқ [10,59].

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиевтер өздерінің көптеген еңбектерінде мұсылман дініне, жалпы дінге көзқарастарын ғылыми тұрғыда білдірген. Айталық, Ш.Уәлиханов «Жоңғария очерктері», «Қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтары» атты еңбектерінде қазақ даласына шаман дінінің одан кейін мұсылман дінінің ену тарихын сөз етеді. Ол зерттеу еңбектерінде қазақтың салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерін, өзінен бұрынғы шығыс халықтарының мәдени мұраларын жазған Морко Поло, Бабыр, Рашиди, Махмұт Хайдар Дулати, Мейндорф, А.Левшин, Д.Банзаров сияқты ғалымдардың еңбектерін салыстыра отырып зерттейді. Шоқан сонымен қатар, қазақ мәдениетін көрші Өзбек, Қырғыз, Түркімен, Қарақалпақ, Монғол, Қытай, Татар елдерінің мәдени мұраларымен байланыстыра қарастырған. Олардың бір-біріне тигізген игі әсерлерін де зерделеген. Озығы мен тозығын сын көзбен қарап, ажыратып отырған. Ол Ыстықкөл маңындағы қырғыздардың ертедегі будданың тас құдайларының бейнелерін қиратып, немесе қашқарлық ұйғыр қыздарының бірнеше күйеуге тиюін бағалы деп санайтынын, қазақ қыздарының қалыңмалға зорлап сатылатынын сынап, олардың бұл іс-әрекеттерін тағылық деп айыптаған. Шоқан Уәлиханов надандық пен қараңғылыққа қарсы күресе отырып, қай халықтың дәстүрінің, діни наным-сенімдерінің, салт-дәстүрінің озығын көпке ортақ етуді көздейді. Туған халқын оқу-ағарту ісі арқылы алдыңғы қатарлы халықтар қатарына қосуды армандайды.

Шоқан Уәлихановтан соң өмірге келген қазақтың тұңғыш ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин, өзінің бар саналы өмірін халқының оқу ағарту ісіне арнайды. Қазақ халқының келешегі оқу білімде, өнерде деп түсінген Ыбырай өз ойын іске асыруда екі түрлі кертартпа күшпен күреседі. Оның бірі – қазақ даласындағы арабша, татарша түсініксіз жаттамалы оқу болса, екіншісі патша үкіметінің отарлау саясатына негізделген, қазақ даласында ашылған орыс-қазақ мектептері және ондағы көзделген орыстандыру саясаты мен миссионерлік іс-әрекеттері болды. Мұндай мектептерде мұсылман дінінің шариғат заңдарымен қоса қазақ балаларына христиан дінінің заңдарын сақтауға күштеп көндіру сияқты теріс әрекеттер

көрініс тапты. Мәселен, Ыбырай өзінің 1889 жылы мамырдың 10-ында В.В.Катаринскийге жазған хатында былай дейді: «Тағы бір наразылық, яғни, қазақ оқушыларының наразылығы, Красноуфимскіде ауылшаруашылық мектебінде туып отыр. Мұның себебі: мұсылман дәстүрін мүлдем елемей, яғни шошқа етін алып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс балаларымен бірге ғибрат еткізу деседі. Мұның бәрі ұнамсыз нәрсе ғой... Сондықтан әзірше іс насырға шаппай тұрғанда сонда барып, оқушыларға түсіндіріп, наразылықты жойғым келеді. Ал егер қажет болған жағдайда директордың өзімен де сөйлескім келеді», - деп хабарлайды. Ыбырай мұсылман балаларына істелініп отырған бұл қиянатқа наразылығын білдіреді.

Ол «Мұсылмандық тұтқасы» оқу құралын 1883 жылы жазып, Қазан қаласында арап әрпімен өзінің досы Н.И. Ильминскийдің көмегімен бастырып шығарады. Бұл еңбегінде ол қазақ арасындағы дүмше молдалардың шарифат заңдарын, теріс насихаттап отырғандығына ренжи отырып, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктерінің теріс бағытқа түсіп кетпеуін, қазақтың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алмауын көздейді. Кітаптың құндылығы, мұсылман дінінің шарифат заңдарына ана тілінде түсінік беруі және діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында болды. Сонымен қатар, шарифат заңдарын өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра қарастыруында еді. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы ретінде қарастырып: «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ. Мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың керектігіне көңілін дұрыстамаса, әлбетте, ол намаз болып табылмайды», - деп адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды. Ыбырай мұсылмандықтың бес парызының бірі ораза тұту, намаз оқу, болса, оны да жұртты алдау үшін немесе құдай алдындағы парызымды өтей салып, жұртқа мұсылман болып көрінейінші деген айла-әрекетпен іске асырудың өзі күнә екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ, ол көңілдегі жақсылық, жамандық ниеттер сол адамның іс-әрекеті арқылы сыртқа көрінеді, қашан да иман мен дін мәнісін шын көңілдің адалдығымен насихаттағанда ғана құдайдың сүйген құлы болады, онсыз тілдің ұшымен дінді өтірік насихаттау күпірлік екендігін де түсіндіреді. Қазақ ағартушылары қазақтың дүмше молдаларымен де, татар миссионерлерімен де күреседі. Мысалы, Ш.Уәлиханов: «Мұсылман діні әзірге біздің халықтың қанына сіңіп кете қойған жоқ. Бірақ, олар (татар молдалары) болашақта халқымызды тоздырып жібере ме деген қауіп туып отыр... Татарлардың сатылғыш дін басшыларының адалдығына сенуге болмайды» десе; Ы.Алтынсарин: «Мәселенің мәнді жері – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой... Біздің елімізде молда дегендер өте көп жайылып барады. Оларды қазақ арасынан қуып шығуға ешқандай мүмкіндік жоқ. Өйткені молданың абыройына тіл тигізген кісі қазақ арасындағы бастықтарға сол бойда-ақ кәпір болып көрінеді» дейді. А.Құнанбаев та:

Құранды молда теріс оқыр,
Дағарадай болып сәлдесі
Жемсауы түскен бүркіттен

Кем емес оның жем жесі- деп, құлқыны үшін қарапайым халықты алдап, арбап отырған, дін мен шарифатты шатастырған молдаларды айыптайды. Олардың бұл айтқандарынан оларды дінді қолдамаған атеистер деп айта алмаймыз. Ыбырай өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» деген еңбегін «Кел, балалар, оқылық, бір құдайға сыйынып», деп бастайды. Ал, ұлы Абай «Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы» деген өлеңінде жастарға «Еждиһатсыз, мехнатсыз табылмас ғылым саласы»- талаптан, талпын, оқу оқып білім ал, өнерді, білімді халқыңның қажетіне жұмса дегенді айта келіп, «Ойында жоқ олардың, шарифатқа шаласы», деп кейбір жастарды сынайды. Сондай-ақ Абайдың « Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде айтылатын:

Әуелде жас қартаймақ, туған өлмек,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,

Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек,- деген өлең жолдарын оқи отырып оны атеист деп айтуға тіптен болмайды.

Абайдың ақын інісі философ, теолог-ғалым Ш.Құдайбердіұлы өзінің «Мұсылмандық шарты», «Үш анық», «Жан мен тән», «Дін» деген шығармаларында өзінен бұрынғы өмір сүрген бүкіл шығыс пен батыс ғалымдарының дін жөніндегі еңбектерін талдай келіп:

Жер жүзіне қарасам,
Неше түрлі халық бар.
Дін иманын санасам,

Мыңнан артық анық бар,-дей отырып, соның бәрі дүниенің сырын, жаратушының киесін білгісі келген ойдан шыққан дегенді айтады. Шәкәрім барлық діннің уағызы бір, ол – жаратушыға сену, оны құдірет тұту, құдай жолын қуып, қиянатсыз адал өмір сүру, ақ жүректі адал адам болу. Осыны ойлаған әрбір жас азамат өз мінез-құлқына, күнделікті іс-әрекетіне бақылау жасап, өзіне-өзі сын көзімен қарасын дейді.

Құранды оқы нанбасаң,
Ғалымнан сұра алдасам...
Мақтанып оттай саулама
Жақынды жаттай жаулама
«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»
«Шыдам», «Шыншыл», қаракет
Дін жолында айтылад,

Осыны ұқ та істе әрекет – деп, ғылым мен діннің адамгершілік жөніндегі қағидаларын бірлікте қарастырады [69,9].

Олай болса, қазақтың ұлы ағартушы- ойшылдары: Шоқан, Ыбырай, Абай, Шәкәрімдердің шығармаларында айтылған адалдық, шыншылдық, әділдік, қайырымдылық, имандылық қағидаларының негізі мұсылман дінінен бастау алатындығын мектеп оқулықтарына енгізу қажеттілігі туындайды. Оқушыларды даналыққа тәрбиелеуде, түсініктік қасиеттерін қалыптастыруда діннің мәні, өмірде алар орны зор болмақ.

Философияның келесі бір анықтамасы - түсінік. Түсінік даналықтан туады. Гераклит «Көп білгеннен ақылды болмайсың» немесе, Сократтың «Менің білетінім, ештеңені білмейтінім» деуінен жалаң ғана білімнің терең еместігін, өмірде кез-келген нәрсені түсінікпен, терең ойланумен шешу керектігін түсінеміз. Дүние жүзіне рухани ықпал еткен Маркске, «маркстік ілімге» біз кезінде түсінбедік. Себебі біз одан керегімізді ала алмадық. Одан біз бізге жат капитализмді ғана көре алдық. Абайды біз жатқа білеміз. Ал ісімізден оның өсиеттері байқалмайды. Еріншектік те, мақтаншақтық та, көре алмаушылық та, надандық та, басымызда бұлт сияқты төніп тұр. Неге Абай шығармаларында кекесін, әжуа, сын, басымырақ. Біздің заманның Абайы да егер ондай тұлға табылар болса, тап сондай күй кешер еді. Абай халқының болашағынан түңіледі «қайран елі қазағын», рухани биіктен көре алмай қиналады. Қазір де біз ұлы Абайдың ойынан шыға алмай келеміз. Мағжан Жұмабаев та -біз үшін жұмбақ тұлға. «Батыр Баянда» ол: «Сұм өмір абақты ғой саналыға»,- дейді. Өмірден қымбат не бар? Қалайша ол сұм болады, қалайша ол абақты болады? Неге ол:

Бетімнен тәтті бір сүйіп,
Алдыңа алшы әдилеп

Келші өлім, тезірек, деп өлімді аңсайды. Неге ол өмірден түңілді екен? Неден оның тауы қайтты? Саналы, ойлы адамға өмір ойыншық, ермек емес. Өмір – азап,-деп неге айтылды екен? [10,38].

Бұл жерде «өмір азап» деп жалпы өмірден түңіліп тұңғыздыққа салынушылықты емес, өмірдегі әділетсіздікті, теңсіздікті, тұрақсыздықты, адамдар арасындағы алауыздықты сынайды, содан түңіледі. «Қырыққа келіп, қартайған», «мыңмен жалғыз алысқан» Абайдың түсінігі мен даналығын, Мағжанның жүрегінің түбіне, терең бойлау керектігін танимыз. Даналықты, түсінікті ешнәрсемен өлшеуге болмайды. Санасыздарға оның құны жоқ. Түсініктік қасиет өзінен-өзі келмейді. Ол үшін оқып білім алумен қатар өмір тәжірибесі де

керек. Түсініктен басқаның барлығы жалықтырады, деген екен Верглий. «Түсінген адамға жетіп жатыр» деген даналардың тағы да бір сөзі бар. Н.Гумилев «Біз түсінуге тиісті нәрсемізді ешқашан да түсінбедік», - дейді. Ұлы физик Эйнштейн заманымыздың рухын дәл сипаттаған: «Білетініміз қандай көп, түсінігіміз қандай аз», - деген. Сондықтан да философтардың, педагогтардың және психологтардың алдында тұрған үлкен міндет - адам бойына түсініктік қасиетті дарыту, сол жолда еңбек етуі қажет демекпіз.

Әлемдік философиялық мұрада «Жаңа дәуір философиясы» бар. Жаңа дәуір дегенімізде XVIғ. аяғы мен XVIIIғ. еуропадағы тарихи-мәдени жетістіктердің көріністері, кезеңдері, қызметтері әрі олардың жалғасы, сабақтастығы, ықпалдастығы айтылады. Ж.Молдабеков: «Еуропадағы жаңа дәуір осы құрылықтағы жаңару өркениетінің немесе Қайта өрлеу мәдениетінің табиғи жалғасы әрі жаңарған деңгейі болып табылады. Қайта жаңғыру мәдениетінің осы екі тармағының басты тірегі-адам, нақтырақ айтқанда, тұлғалық бастау, мекеме тұтқасы-антикалық мәдениеттің этникалық үлгілері. Қайта жаңғыру мәдениетінің мазмұнын гуманистік қозғалыстар, адамгершілік проблемасы, ұлттық дәстүрлер құрайды», - дейді.

Гуманизм идеологиясын насихаттайтын үйірмелер көбейеді. Италияның Рим, Неаполь, Флоренция, және т.б. қалаларында, олардың оқу мекемелерінде көбейеді. Мұнда ұлы ақын, ойшыл Данте Алигеридің (1265-1351), Франческо Петрарканың (1304-1374), Коллючо Салютатидің (1331-1406), Леонардо да Винчидің (1374-1444), Лоренц Валдың (1407-1457), Пикко Делла Мирандолланың (1463-1494), Николай Кузанскийдің (1401-1464), Пьетро Помпонацийдің (1462-1525), Николо Макиавеллидің (1469-1527), Дезидерий Эрзамнің (1469-1525), Мишель Монтеннің (1533-1629) және т.б. дүниені тануға болатындығы туралы, «мейірімді адам», адам туралы, надандық туралы, гуманистік білім туралы, адамның қоғамдық өмірдегі орны туралы, өмір тәжірибесінің тарихи маңызы туралы әлеуметтік-этикалық көзқарастары мен идеялары кеңінен талқыға түсті.

Қоғам, мәдениет, философия және ғылым тарихына жан-жақты, нақты талдауды күшейтіп, ұлттық тәжірибенің рухани жетістіктерімен толықтыру қажеттілігін және бұл тұрғыда Ф.Бэконның (1561-1626), Т.Гоббстың (1588-1651), Р.Декарттың (1596-1650), Б.Спинозаның (1632-1677), Дж Локтың (1632-1704), Г.Лейбництің (1646-1716), Д.Юмның (1711-1776) шығармаларында көптеп айтылды.

Ф.Бэкон метафизика философияның ой-тұжырымдық ядросын құрайды, танымдық процестің формалық жағын талқылайды деп ұғады. Осы тезиске жүгінуде Бэкон, біріншіден Аристотельдің «метафизика- бірінші философия», яғни білімнің жалпылама принциптері деген қағидасына қосылады. Екіншіден, адам туралы ілімді, яғни адамды индивид ретінде қарастыруды арнайы танымдық ұстанымға айналдырады. Адамның жан дүниесін зерттейтін психология мен адамның ойын зерттейтін логика арақатынасын қарастыра отырып, Бэкон алдымен адам болымысы туралы ақиқатты ашуды философиялық проблемаға айналдырады, одан соң объективті ақиқатты танудың методы (тәсілі) туралы ілімнің маңыздылығын ашып береді [12,15].

Декарт адамның ерекшелігін оның ойлау қабілетінен туындайды дейді. Ойлау қабілеті адамға тікелей берілген. Тек ойланған адам ғана шындыққа жетеді. Күдіктенген адам ғана ойланады, ойға ой қосады. Ойланған адам үнемі ізденіс пен әрекетте болады. «Мен ойлансам, расында, мен өмір сүремін» деген қанатты сөзі қалыптасады [12,20].

Гоббс адам ақылы, оның ұғымдары түйсіктер органдарына сүйенбей қоймайды. Түйсіктің себебі – сыртқы объекті де, дене де. Түйсік дегеніміз ұқсайтын белгілер. Түйсіксіз адам санасының қабылдауы, естіліктері, есі және т.б. құрамдас бөлшектері болмайды. Гоббстің ұйғарымынша, адамның тілі оның ойлану тәжірибесінің тұрақты бір құрамын түзеді. Сөз болмайынша, құбылмалы да, алуан түрлі сыртқы көріністер ойда тоқтам таппаған болар еді, сөз болмайынша адамның ішкі ой-санасы сыртқы сұхбаттасуға және адамдардың қарым-қатынастарын жалғастыратын сөйлемге айналмас еді,-дейді. Сөз құдіретіне және қарым-қатынастың сөз арқылы болып, адамдардың бір-бірімен сөз арқылы түсінісетіндігін

айтады [12,23].

Спиноза өзінің басты еңбегі «Этикада»: «Дене әрекеті адамның ақыл-ойына дәл де артық ықпал етеді. Дене әрекеті идеяны тілден де дәлірек жеткізеді», - деген ойда болады. Спиноза ойынша, тірі белсенді әрекеттерде үш бірдей өлшем нақышталған. Олар-ақиқат өлшемі, ойланатын рух мәңгілігінің қайнар көзі, сымбатты қозғалатын дененің арқауы. «Табиғаттан туындайтын қайсыбір әрекеттен басқа ештеңе жоқ» делінген «Этикада». Оның басты ұстанымы: «Мен әрекеттенсем – менің өмір сүргенім», - дейді [12,28].

Мұнда адамның рухы, қозғалысы, әрекет етуі т.б. өмір сүру ұстанымдарын оның ақылға жалпы барлық болымысына әрекеті жайында тоқталады. Адам пайымдауынан тұжырымдаудың түрлі дәрежесі қалыптасқанын ескере отырып, Лейбниц білімдердің ұғымдары мен идеяларының үш деңгейі – күнделікті, математикалық және метафизикалық бағыттары қалыптасқанын саралап береді. Метафизика, біріншіден білімнің терең түрі, өйткені ол табиғаттың жалпы бастауын қарастырады, сондықтан ғылыми білім оған тәуелді; екіншіден, құдай және субстанция туралы ілім, үшіншіден, тұтастық пен бірлестік заңының, яғни монадология ілімінің негізін құрайтындығын дәлелдеген. Лейбниц адам өміріндегі білімнің ролін, табиғатпен байланысын, адамның құдайға сенімін, табиғат пен адамның тұтастығын терең зерделейді

Адами болымыстың жоғары деңгейі әрбір ұлттың ұлттық болымысы мен рухында, ұлттық санасында, ұлттық тілінде, дінінде, тілінде, ұлттық болмысында жатқандығын әр ғасырда ұлы ғалымдар мен ғұламалар зерделеп отырған. Олар адамгершілік, адамдық игі қасиеттер қай кезеңде болмасын ұлттық құндылықтарға, дәстүрлерге негізделетіндігін айта отырып, адам және оның болмысы туралы ілім - мәңгілік ілім болатындығын дәлелдеген.

1.2 Тұлғалық қасиеттердің халық педагогикасындағы үлгілері мен ақын-жыраулар поэзиясындағы көрінісі

Халқымыздың ақын-жыраулары елін қорғаған батырларын, хандары мен билерін, елін сүйген және оны қастерлеген ұлдары мен қыздарын шығармаларында жырлаған. Өзінің от ауызды, орақ тілді, қара қылды қақ жарған әділ билік айтқан шешендері мен ақындарын халық та құрметтеген. Олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін өлең жырларын жадында сақтап, ұрпақ тәрбиесіне, болашақтың жарқын болу мүддесіне пайдаланған. Жыраулар қанатты сөздерімен халыққа рухани эстетикалық нәр беріп, оның салт-дәстүрін, ой-арманын, мұң-мұқтажын, қуанышы мен сүйінішін, небір нәзік сырларын өлең-жырларына тиек еткен.

Қазақтың халық педагогикасының ең алғашқы іргетасының қалана басталуына негіз болған Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Үмбетей, Сыпыра, Доспамбет, Бұқар, Жиёмбет, Марғасқа т.б. көптеген ақын – жыраулардың шығармаларын атап кеткен жөн [30,37].

Халықтық педагогика дегеніміз–халықтың ауыз әдебиеті мен салт- дәстүрінен, ырымдары мен тыйымдарынан мағлұматтар беру. Адами игі қасиеттерді жасұрпақтың бойына қалыптастыру.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте «Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» - деген анықтама берілген [31,291].

Халықты ақыл-парасатымен басқарған, әділ билік айтып, ел бірлігінің ұйытқысы болған ертегілердегі әділ хандар, батырлар жырындағы ел қорғаған Қамбар, Едіге, Қобыланды, Тарғын сияқты батыр тұлғалары бойындағы қасиеттерінен халықтың сан замандарағы өмір, күрес жолындағы арманы байқалады. Мұндағы батырлар бойындағы ерліктің мұраты – елдің бүтіндігін сақтап, ынтымағын және тәуелсіздігін қорғайтын, қастасқан жауды мұқатып, халықты азаттыққа, бақытқа жеткізетін ерлердің бейнесін, өнегесін мадақтап, олардың ерлігін жас ұрпаққа үлгі-өнеге ету болған. Ұлтымыздың ұлы

тұлғаларының бірі М.Ғабдуллин батырлар жыры жайында былай дейді: «... батырлар жыры тек қана адамдардың ерліктерін суреттеп қана қойған емес. Ол жеке образдар арқылы бүкіл халықтың батырлық тұлғасын, ерлік ісін, сарқылмас күш қуатын елестетеді, соларды бейнелеп көрсетеді. Батырлар жырының басты мәні де осыған байланысты. Халық өткен кезеңде батырлар жырын жастарды елін, Отанын сүйуге, халыққа адал қызмет етуге тәрбиелейтін құралдарының бірі есебінде пайдаланған. Жырдағы батырлардың ел қорғаудағы ерлік істерін жастарға үлгі, өнеге еткен. Бұл ретте де батырлар жырының тәрбиелік мәні болған», -деп анықтайды [127,230].

Батырлар жырындағы ерекше белгілері: батырлардың ғажайып туысы, жедел жетілуі, ерлікті ерте танытуы, таңдап ат мінуі, адал жар сүйуге ұмтылуы, жауларын жеңуі, елін мұратқа жеткізуі болып табылады. Батырлардың қайратын да, парасатын да асқақтата жырлау, жалпы жұртқа үлгі етіп ұсыну, оларды ерте есейген, ел қамын жеген қамқор жандар етіп суреттеу арқылы халық елін сүйген ұлдарын армандаған, оларды өздерінің шығармаларына желі еткен. Тарихта жасаған, өмір жолдары мәлім Едігенің өзін халық санасы әділдік пен ақылдылықтың, қайсарлықтың асқар биігіндей етіп дәріптеген.

Едіге деген ер екен,

Елдің қамын жер екен.

Ел шетіне жау келсе,

Мен шығайын дер екен-деп, Едігесін елінің қамқоршысы, қорғаны етіп көрсетеді [33,104].

Немесе халық Қамбар батырдың ерекше болмысы арқылы яғни, оның жолбарыспен алысқандағы ерлігін, ел шетіне жау келгенде қорған бола білген қаһармандық іс-әрекетін мадақтайды. Қамбар тұтас бір рудың қамын күйттеп, аш-арығын тойдырып, жетпегенін жеткізіп жүреді.

Түске дейін ілгені,

Төбедей болып қалады.

Көтеріп тастай береді,

Қамбардың қолы талады.

Жарлылық шығып көңілден,

Қызыққа мейірі қанады,- деп халқын аштықтан, кедейліктен құтқару жолындағы Қамбардың бейнесін осылайша жырлайды. Жырда халық елін жаудан қорғайтын батырының күш қуатын мадақтайды. Елін қауіп-қатерден қорғап, тәуелсіздік үшін күресетін, елдің үйлесімсізін үйлестіретін, жарлыны байға теңейтін, сырт елдің басымшылығынан сақтайтын, жалпы халыққа қызмет көрсететін тұлғасын ұлықтайды. Қазақ халқы жас ұрпағының бойында ұлттық тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып тәрбиелеуде ертегілерді жиі пайдаланған. Қазақ ертегілерінің бала тәрбиесіндегі мәнін өзіндік ерекшеліктерін зерттеуші ғалымдар – А.И.Левшин, В.В.Радлов, А.Янушкевич, Г.Н.Потанин т.б еңбектерін атап өтуге болады. М.Әуезов В.В.Радловтың жинаған мұрасының құндылығына байланысты: «Ертелі соңғы қазақ ескілігін жинаушы адамдар арасында бұл жөнінде В.В.Радловтай ерекше ынталы, ұқыптылық көрсеткен оқымысты жоқ деуге болады», -деп көрсетеді [37,26].

Ертегіде сипатталған кейіпкерлердің адамдық, адалдық, ержүректік бейнелері, халықтың оларға берген жоғары бағалары баланың ұлттық құндылықтарға көзқарасын қалыптастырудың негізі болған. Ертегідегі батырлардың келбеттілігі, көзсіз батырлығы, тапқырлығы, жүріс-тұрысы ерекше суреттеледі. Халық адамның сыртқы келбеті ішкі рухани байлығымен, ақыл-ойы және ерлігімен, гуманистік терең сезімімен үйлесімді болуын қалайды. Ертегілердегі суреттелген батырлардың туған жердің байлығына деген құрметі, сұлу табиғаттына деген сүйіспеншілігі, халық бақыты үшін күресі, туған-туысына деген махаббаты мен ыстық сезімдері негізінде жастардың бойларында тұлғалық қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуге болады. А.В.Сухомлинский ертегіге байланысты: «...ертегінің әрбір сөзі мәңгілік фресканың өте нәзік нақышы секілді, әрбір сөзде, әрбір бейнеде халық рухы,

шығармашылық күші бар. Ертегі – халық мәдениетінің рухани байлығы, оны тану арқылы бала туған халқын жүрегімен танып біледі», - дейді [81].

Қазақ халқының тарихи ұлттық сипатымен парасат пайымының қалыптасуына XV-XVI ғасырлар шамасында өмір сүрген әулие көріпкел, көшпенділер кемеңгері Сәбитұлы Асан Қайғы үлкен рөл атқарады. Ауызша айтылған мәліметтерге сүйенсек, Асан қайғы қазақтың жыраулық поэзиясының қоғамдық-саяси және философиялық үрдісінің сабақтастығын дамытушы ғана емес, сонымен қатар ол-қазақ ордасының ардақты тұлғасы.

Асан атына «Қайғы» сөзінің қосылып айтылуының өзі бірқатар ғылыми тұжырымдарға өзек болғандығын Х.Досмұхамбетұлының «Аламан» атты еңбегінде ғылыми тұжырымдалған. Ол Асан Қайғы есімінің орыс тіліндегі мағынасын «Асан-Печальный, Асан-Горемыка» - деп көрсетеді [126,22]. Ал, Әуелбек Қоңыратбаев: «Асан» жеңіл деген сөз. Сонда бұл атау «жеңіл қайғы» дегенді білдіретін болады. Асан Қайғы ноғайлы дәуірінде көп жылдарға созылған ел басындағы ауыр халді жинақтаған болса, оны қалайша «жеңіл қайғы дейміз», - деп ғалым Ә.Қоңыратбаев өзінің «Қазақ фольклорының тарихы» атты ғылыми еңбегінде ұлы ойшылдың атына логикалық қисын іздейді. Ғалым Бауыржан Омарұлы «Зар заман поэзиясы» еңбегінде былай дейді: «Санамызға әбден сіңісті болған мағына тұрғысынан келсек, ойшылдың өлең-толғауларының мазмұндық сипаты «Асан Қайғы» ұғымымен үндес. Бұл қайғы кара бастың қайғысы емес, елдің қамын ойлап, келешегіне аландаудың қайғысы. Күмән мен күдікті, зар мен мұнды, шемен мен шерді тұтастандырып тұрған қайғы» - дейді [91,79].

Асан мұңының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың тұрмыс-тіршілігіне жаны ашығандық бар. Асанның қайғысы өзі өмір сүрген ортаға көңілі толмаудан, ел басшылығының іс-әрекетіне ренжуден, жарқын болашақты көздеуден туған қайғы. Ол:

Қысылса хан далаға хан бола ма?

Қарасыз ханда күн бар ма,

Хансыз елде күн бар ма,

Хан ақылы қарада

Қара ақылы санада, - деп жырлайды.

Жырау ел билеген ел басшысының халықтың қамын ойлап, оның болашағын болжай білу керектігіне тоқталады. Халықты билейтін ханның ақылды, көреген болуымен қатар қарапайым халықпен ақылдасып, әр ісін талқыға салып отыруының пайдасын айтады. Асан Қайғы ел басшысының ел билеу ісінде ақыл мен сананы басшылыққа алып, болашақты болжай алатын көреген болуын өз шығармаларында көрсетеді. Асанды да өзінің ұлы замандастары алаңдатқан мәселе ойландырды. Салт атты көшпенді өркениетінің жұлдызы көмескілене түсті. Өмір бұрын соңды белгісіз болып келген әлемдік көзқарас шептеріне негізделген қарым-қатынастың жаңа принциптері мен нормаларын негіз етіп алды. Өткенді зерделеудің жаңа жолдары мен әдіс-тәсілдері ашылып жатты. Әлемнің әрбір түкпірінде жаңа құрылымдар, мемлекеттер, одақтар мен этностық қоғамдастықтар пайда болды. Мұндай өзгерістер қазақ даласында да болып, Асан Қайғы да осындай өзгерістер кезеңінде өмір сүрді. Ол:

Ағайынның ішінде

Бір жақсысы бар болса

Қолқалаған көп жаман

Сол жақсыны көре алмас, - деп ақылды іс-әрекеттердің кемшілігі мен тапшылығынан адамдар арасындағы қатынастардың бұзылатынын ескертіп, жаман қылықты болдырмауға, ағайынмен бірлікте болуға және татулыққа шақырды.

«Еділ бол да, Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа.

Бұрынғыны қуыспа,

Ерегісіп ұрыспа, сенікі жөн болса да,

Атың шықпас дұрысқа» - деп өсиет айтады.

Оның ойынша адамдар бірін-бірі бағалай білуге тиісті. Әсіресе, дау-дамайдан, жанжал, ұрыс-керістерден өздерін сақтауы керек. Адамның қадірлі болуының негізі сол адамның мінез құлықтарынан туындайды. Адам өз-өзін тежеп, сабырлы ұстауы оның құндылығын арттырады деген пікірлер айтқан. Философиялық ой ағымымен айтсақ: «адамның бағалы, не бағасыз болуы оның өзіне ғана байланысты. Ол өзі ғана осы қасиетке ие бола алады, немесе бола алмайды» [28,24].

Ұлы бабамыз достықты, кешірімділікті, намысшылдықты, ақылдылықты адам бойындағы игі қасиеттерді бағалаған. Ұрпағының досқа адал болуын қалап, айнала қоршаған жақындарының білместігін кешіре білуге үндеген. Бірақ, ақынды ешкімге жіберме, өз пайданды біл»- деп намысшылдыққа, кез келген іс-әрекетті ұрысқа айналдырмай, ақылдылықпен шеше білуге шақырған. Зұлымдықтан, жамандықтан, адам беделін түсіретін әрекеттерден сақтандыра отырып, қайрымдылық пен ізеттілікке жол сілтеген. Асан ата адамның болымысындағы адами қасиеттің қалыптасып әдетке айналуы адамның өзіне тікелей қатысты, бірақ ол тәрбиемен ұштасып жатуы тиіс деп қарайды. Ол адам бойындағы адамгершілік қасиетті жоғары бағалап, жақсы мінезді қастерлеген. Жаман әдеттен жирену, жағымсыз іс-әрекеттерден сақтану, жаман мен жақсыны ажырата білу, неден қашық, неге жақын болу керектігін өз толғауларының мәніне айналдырған. Ұлы баба өсиеттерін қазіргі жастар қауымының санасына сіңіру - ұлы міндеттердің бірі.

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасына.
Жаманға айтпа сырыңды
Күндердің күні болғанда
Сол жаман айғақ болар басыңа
Жаманға білгеніңді шешіп илансаң,
Илантып тұрып өлтірер, - дейді.

Кейінгі ұрпақ әулие танып, аңыз кейіпкеріне айналдырған, ал Шоқан Уәлиханов «көшпенділер философы» атаған Асан қайғы өз заманының үлкен ойшылы еді. Керей, Жәнібек хандардың ақылгөй биі болған. Асан қазақ руларының орда көтеруін жақтайды. Қазақтар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң ұжымы күшті, ел іргесі берік, ағайын болуын үндейді. Асан қайғы өлең толғауларында хандық өкіметті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажеттілігін насихаттайды.

Асан қайғы қазақ қоғамының прогресі үшін барша жұртты бай, кедей деп бөлмей адамгершілікке, бауырластыққа баулуды қажет деп санайды. Ол адамның мінез-құлқы жақсы болуы үшін айналасындағыларға ізгі жүректілік білдіруі, қамқоршы болуы қажет дегенді айтады. Өзіне қажетті игіліктерді жасауда адамдар бірлесіп, қоғамдасып бауырмалдық іс-әрекет жасауы керек, сонда ғана бақытқа жетеді, басына бақ қонады деп ұқты. Оның бүкіл халқының қамын ойлауы, елді берекелі бірлікке, шынайы достыққа, адал еңбекке шақыруы, сол замандағы прогрессивтік маңызы зор көзқарас еді. М. Әуезов Асан қайғы жөнінде «Өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс-елес, білік, дерек береді», -дейді [37,217].

Асан қайғы:
Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Жемде кеңес қылмадың,

Жемнен де елді көшірдің,- деп толғап, Жәнібек ханға наразылығын білдіреді. Туған табиғаттың тамаша көріністерін, табиғат ананың халыққа беретін нәсібін, мұнда отырған елдің жағдайының жаман болмайтынын меңзей отырып, ешкіммен ақылдаспай үдере көшкен ханның ісіне ренішін батыл айтып, оны сынайды.

Нәлет біздің жүріске
Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң

Бірін қысқа қыстасаң
Ал қолыңды маларсың,

Алтын менен күміске,- деп, үдере көшіп жеке-жеке хандық құрғысы келген хандардың ісіне ренжиді. Халықтың қамын ойлап қабырғасы қайысқан Асан Қайғының Еділ мен Жайықта қоныстанған елінің де, ханының да жағдайының жақсы болатынын болжап отырған сәуегейлігін, ел қамқоршысы болғанын анық байқаймыз

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтып күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер,
Шыбын шықса жаз болып, таздар қайтып, күн көрер,
Жалаң аяқ балапан, қаздар қайтіп күн көрер,- деген [32, 14].

Асан Қайғы бұл философиялық ой толғауларында ел жұртының қамын ойлайтын, жанашыр ұлын армандап, жеке басының қамын ойлап халыққа тізесін батыра бастаған хандардың қылығына налиды, торып жүрген дұшпаннан қалай құтылудың жолын іздейді. Желмаясына мініп, шұрайлы жер іздеп, Жәнібек ханнан түңіліп, ел билейтін ақылды басшыны армандап, ел кезеді.

Ей, хан мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің
Шабылып жатқан халқың бар
Аймағын көзбен көрмейсің
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді:
Мұны неге білмейсің?!, - дейді.

Ақ пен қараны ажырата алатын, елінің ертеңін ойлайтын, жайлы қоныс, шұрайлы жерді халқына мұра қылатын ел билейтін ел ағасын, яғни ұлы тұлғасын арман етеді.

Бұл заманда не ғаріп?
Ақ қалалы боз ғаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шырын сөз ғаріп.
Ата жұрты бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да

Қайратты туған ер ғаріп,- деген терең философиялық пікірлерінде ата жұртын ардақтайды. Сөз құдіреттілігіне басын иген қарт жырау сөздің жырын, асылын жақсыларға ғана арнау керектігін, оның мән-мағынасына жете білетін асыл азаматтың, жақсы ердің болуын, ел билеген ерлердің адалдығын аңсайды. Ол:

Қарындасын жамандап
Өзіне туған табылмас.
Нәпсі алдаушы дұшпанның
Насихатын алмағын
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.- деп толғайды [32, 25].

Бұл толғауларынан: «Өзіңді елден артық деп санама, өзіңді жатқа жамандап, дұшпанның табасына қалма. Айтылған сөздің бәрі дұрыс деп, алданып қалмағын. Нәпсінді тый, ол сенің дұшпаның, ешуақытта мен бәрін білем деп жеңілтектікке салынба, менікі ғана дұрыс деп, достарыңмен санаспай адасып қалма», - деп ұрпағына өсиет қалдырады. Ә.Қоңыратбаев Асан Қайғы жайында: «Ол-ел басындағы ауырмалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы», - деген пікір айтады [140, 95].

Сахара эпосын тудырушылардың бірі-Қазтуған жырау. Қазтуған өз артына өмір туралы, атамекен туған ел жайлы және әскери тақырыптағы сан алуан мазмұнды туындылардан құралған мол мұра қалдырды. Бұлардың дені сақталмаған [34, 32].

Қазтуғанның біздің дәуірімізге жеткен бес-алты-ақ өлеңі бар. Осы аз ғана өлеңнің өзінен оның халық қамын ойлаған ақылгөй, қамқоршы көсем болғаны байқалады.

Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені
Сүйіншіұлы Қазтуған-деп өзін таныстырады.
Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар,-деп жырлайды.

Табиғат пен адам, ер қанаты арғымақ, ер мен ел намысын жоғары ұстаған азамат тұлғасын, Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған түркі тайпаларының рубасы, көсемі, әскербасы, батырларын Қазтуған шеберлікпен өзінің жырларына қосқан.

Кіндігімді кескен жұрт,
Кір қоңымды жуған жұрт
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең
Қайран менің Еділім,-дейді [34, 29].

Кіндік қаны тамған туған жердің жанға жалау болатынын оның өзені мен көлінің, тауы мен тасының қымбат екенін жанымен сезініп, туған жердің байлығын, шұрайлы жерін, берекелі елін, оның ұлылығын дәріптейді. Оған деген перзенттік ыстық ықыласын білдіреді. Елінің ертеңін ойлап, небір қиын қыстау кезеңдерден алып шығар сезім—Отанға деген сүйіспеншілік сезімі деген қағиданы берік ұстанады.

Жыраулар поэзиясының дамып өркендеуіне Доспамбет пен Шалкиіз өнернамалары айрықша әсер етті. Жорық жыршысы болған Доспамбет жырау шығармаларынан орта ғасырлық жауынгер көшпендісінің өр тұлғасы, ерлік кейпі көрінеді, оның асқақ рухы, берік дәті, өмірлік мұраты танылады. Ойлы да сырлы Доспамбет толғаулары тақырыбы, мазмұны ғана емес, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан алғанда да құнды туындылар. Доспамбеттің өлеңдерінен жастарды елін, жерін шапқыншы жаулардан қорғауда жан сауғаламай кескілесе соғысуға шақырған жалынды насихат-үгіттің сарыны сезіледі. Осы ойды жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар» атты толғауындағы:

Екі арыстан жау шапса,
Оқ қалқандай шаншылса.
Бетегелі Сары Арқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес,- деген өлең жолдарынан айқын көреміз.

Бұл пікір халық педагогикасындағы: «Ер жігіт елі үшін туады, Елі үшін өледі»; «Ел күйінгенде—күйінген батыр, Ел сүйінгенде—сүйінген батыр. Ерегісте мыңға татыр», «Ел басына күн туса, Ереуіл атқа ер салар»,-деген ой -пікірлермен қабысып жатыр [36, 20].

Қайран ер қарт күреңге мінгей ме ?

Қабырғадан қараған
Достым менен дұспаным

«Апырым, ер Доспамбет!» дегей ме -десе, жаугершілік заманда жер қайысқан жаудан қаймықпай қатарланып, қаһарланып жауға тойтарыс беруге аттанған ерлерді марапаттайды.

Зырлап аққан қара қан

Тыйылмайды жанның уақ тамырынан,-деп, ақын жау қолынан жарақаттанып, жанына батқан азаптың қарапайым адам ретінде ауыртпалығын сезінгенін де жырлайды [34,32].

Айналайын Ақ жайық,
Ат салмай өтер күн қайда,
Қара бұлан терісін,
Етік қылар күн қайда

Күдеріден бау тағып

Кіреуке киер күн қайда,-деп мамыражай күйді, ел басына бозторғай жұмыртқалаған бейбітшілік өмірді аңсайды.

Тоғай, тоғай, тоғай су,

Тоғай қондым өкінбен.

Толғамалы ала балта қолға алып,

Топ бастадым, өкінбен,-деп өмірге құлшынып, болашақтан үміт күтіп, өткен іске өкінбей өмір сүру керектігін жастарға өсиет етеді. Белді бекем буып «өмір» атты үлкен өзеннен талмай жүзіп өту үшін қызық пен қиыншылықты бірдей қабылдап, ауыртпалыққа төзе білу керектігін ұрпағына өсиет етіп, жырға қосады. Оның он бес ғасыр өткелінен өтіп, там-тұмдап жеткен біраз жырларынан жанын шүберекке түйіп, өлімнен қорықпай, ажалға қасқая қарсы тұрған батыр екендігін, небәрі отызға толар толмас жасында жаумен шайқаста ерлікпен қайтыс болғаны толғауларынан байқалады.

Ер Мамайдың алдында

Шаһид кештім өкінбен !...

деген өлең жолдарынан елін сүйер ер жыраудың ерлікке толы жырлары -ұрпағына тәрбиелік мәні зор шығармалар [36, 21].

Қазақ жыраулық поэзиясының атасы–Шалкиіз Тіленшіұлы Жыраудың әкесі сірә сахара феодалдарының бірі болса керек, ал шешесі кейін кіші жүздің ұйытқысы болған, орыс деректерінде Сыртқы Орда аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы екен. Болашақ жырау үш айлығында анасынан айрылады да, нағашы әжесінің қолында тәрбиеленеді. Шалкиіз мұсылманша жақсы білім, сахара салтымен тәрбие алған. Тек айбынды аламан ғана емес, арқалы жырау ретінде де даңқы шыққан Шалкиізді 1490 жылдарда Ноғайлы әміршісі Темір бидің төңірегінен көреміз. Шығармаларына қарағанда осы кезде жырау бірде әскери жорықтар сапында, бірде әміршісінің қатарында Қырым, Терістік, Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шығады. Алайда тәкаппар жырау Темірмен үнемі жарастық таба алмаған. Шалкиіз бір ғасырға жуық жасап, 1560 жылдарда қайтыс болады деп шамаланады [34, 35].

Жырау өз шығармаларында өмір туралы, адам туралы, өмірдегі адамдар арасындағы опасыздық пен екі жүзділікті, соғыстағы қиыншылықтар мен дұшпанның ара қатынасын, жалпы адамға қатысты философиялық тақырыпты терең жырлаған.

Есендікте малыңды бер де батыр жый,

Басыңа қыстау іс түссе

Дұшпанның қолы жете алмас

Ақылсыз достыдан

Ақылды дұспан артық-ты

Дұшпанынан бір сақтан

Ел ішінде айқасып;

Ойнап жүрген достарыңнан мың сақтан,- дейді [34,38].

Жыраудың бұл толғауларынан жаугершілік замандағы соғыс тактикасын, оған ыңғайлы киім киіп, дер кезінде әскер жиып, кез-келген жағдайда алдын ала дайын отыруды меңзейді. Өзіңді өзің біл, әліңе қарай тіршілік істе, олай болмаған жағдайда елге күлкі боларсың деп насихат айтады.«Ақылсыз достан, ақылды дұспан артық» деген халық қағидасын тілге тиек етеді. Дұшпаныңның кім екенін өзің де біліп сақтанасың, досыңның сатқындығынан мың сақтанып жүр деген өсиет сөзінің тәлімдік сыры мол.

Жоғары қарап оқ атпа,

Жуық түсер қасыңа.

Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа

Күндердің күні болғанда

Сол жаман айғақ болар басыңа,- деп жырау жаманшылық жасама, оның бір ұшы өзіңе тиер, жаманменен дос болма, сырыңды ашып сенім білдірме, күндердің күні өз басыңа «пәле» тілеп аларсың деп, ұрпағын қырағылыққа, сақтыққа, аңғарымпаздыққа шақырады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар,
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;
Бір жақсыға басын қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жамандығын жақсылыққа жыр етер.

Бір жаманға басын қосып сөз айтсаң
Сол жаман сырын сақтамай,

Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер, - деп жақсы мен жаманның ара жігін ашып талдайды, жақсы мен жақын болсаң, жақсылығын бойыңда жақын ұстасаң, жамандығыңды да жақсылыққа балар дейді. Адам бойындағы жақсылыққа бет бұру, жақсы сөз айтып, кез-келген келеңсіз әрекетті жақсылыққа жоруды уағыздайды. Сырыңды сақтай біл, сонда ғана дұшпаныңа қор болмайсың деген тәрбиелік сөздерін ұрпағына насихат етті. [34, 39]

Жалп-жалп ұшқан жапалақ,
Аттансаң жазды түзде көрерсің.

Жаман туған бар болса,
Жаман жолдас көп болса,

Жазаны сонда көрерсің, - деп жырау өмірде ең жақын адамдарыңнан сатқындық пен опасыздық көргеннің қиындығына қынжылады. Жырау поэзиясына терең талдау жүргізе келе, «тұлғалық қасиеттер—досқа адалдық, елге шын берілген сүйіспеншілік, ақылдылық пен көрегенділік», -деп осы адами игі қасиеттерді ұрпағына үлгі еткендігін аңғарамыз.

Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де сөзі сау,
Ойлап тұрсам жаманның

Жалаңдаған өз басына тілі жау, - деп сөз құдіретін қастерлеп «басқа пәле тілден», сумандап көп сөйлеудің артық екендігіне тоқталып, сөз сөйлей білуді де ақылдылықтың нышаны дейді.

Атаның ұлы ер жігітке
Арту-арту бел келер,
Оқтан қатты сөз келер.
Алға сап жауап бермеңіз

Арғы түбін ойламай, -деп жырау- «ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді» әр іске шыдамды болу керек, - деп ой түйеді. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген халық мақалында айтылған аталы сөзді жырларына тиек етеді. Ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйген тұжырымдар. Ондай тұжырымдарға жыраулардың өсиеттерін, сөздерін жатқызуға болады. Жырау–ақын. Олардың толғауларынан ертеректе өмір сүрген ата-бабаларымыздың дүниетанымын, адамгершілік, адамдық қасиеттерін, мінез-құлық ерекшеліктері мен талғамдарын, батырлық, ерлік істерін, теңсіздік пен сатқындықты, тұрмыс тіршіліктегі болатын адам баласына тән іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын байқаймыз.

Сондай жыраулардың бірі—өмірге өзіндік дүниетанымы мен көзқарасы бар патриоттық сезімге толы шығармаларын қалдырған XVI ғасырдың соңғы ширегі мен XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, Алшын руын ежелден билеген, ірі феодалдар тұқымынан шыққан Жиёмбет жырау Бортоғашұлы. Ол - Еңсегей бойлы Ер Есімнің кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскербасы батыры болған. Есімнің көрші хандықтарымен арадағы соғыстарына қатысып, ерлігімен, іскерлігімен танылған, сол кездегі Есімханның ел басқару істеріне қатысып, ол істерде елеулі рөл атқарған.

Әмірің қатты Есімхан
Бүлік салып бұйырдың,
Басын бер деп батырдың,
Хан ие, ісін жол емес.

Жолбарыстай Жолымбет

Құрбандыққа қол емес,- дейді [34,52].

Бұл өлең жолдарында ханның қатігездігін, істеген ісінің әділетсіздігін қаймықпай айта отырып, өзінің де құрбандыққа шалына қоятын осал жан емес екендігін ескертеді.

Жол тосып алып кетіпті

Қалмақтан алмақ сыйынды,

Қаһарыңды басқалы

Қалың елім жиылды,-дейі [34,52].

Дүниеден айрылып қалған ханның ашу-ызасынан қаймыққан халықтың, хан алдына жиылып келгендігін білдіріп, ол халықты бастап келген биің менмін деуі Есімханға көрсеткен жыраудың қыры еді. Дүние құмар ханның, қара халқының алдында қадірінің жоқтығын:

Еңсегей бойлы Ер Есім,

Есім сені есірткен

Есіл де менің кеңесім

Ес білгеннен Есім хан,

Қолыңа болдым сүйегін,

Қолтығына болдым демегін,-дейді [34,52].

Ол Есімханның ақылшысы, демеушісі болғанын ескерте келіп, сені есірткен менің ақыл-кеңесім деп шындықты тура бетіне айтады, оның келеңсіз іс-әрекетін сынайды.

Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,

Соқыр бурыл байталға

Сонда бір тайдан мінгенсің...,-деп ханның қорқақтығын, асып-сасқандығын да әшкерелейді.

Мен өлсе құнсыз кетер деме сен

Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген

Тілеуберді құлыңдай!

Тілеуберді құлың мен емес

Мұның ханым жөн емес,

Менің ер екенімді көргенсің

Әуелден бірге жүргенсің,-деп ханның опасыздығын, халыққа істеген жәбірін, сұраусыз кеткен қарамағындағы қарапайым халық өкілі Тілеубердінің өлімін айта отырып, өзінің ондай тәлкекке көнбейтінін, талай қиын кезеңдерде оның қасынан табылған қайратты ері болғандығын айтып, хан қылығына қынжылады. Жырау адам бойындағы қаталдықты, қайрымсыздықты, әділетсіздікті осы Есімханның істеген іс-әрекеттері арқылы көрсетеді, одан аулақ болуды ұрпағына уағыздайды. Адам бойындағы игі қасиеттер: бір сөзділікті, кешірімділікті, қайрымдылықты өз жырларына арқау етеді .

Қазақ даласындағы белсенді ісімен, жалынды жырымен, аталы сөзімен, ақыл-айласымен көпке танымал жыраулардың бірі – Ақтамберді Сарыұлы. Ақтамберді 45 жасынан Орта Азия хандықтарымен арадағы соғыстарға қатысып, талай рет өлім аузынан қалған қазақ батыры. Батыр жырау өзінің жалынды жырларымен жоңғарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың бел ортасында жүрген. Жырау:

Дұшпаннан көрген қорлығым,

Сары су болды жүрекке,

Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке,- деп жырлайды.

Ақын жырларынан дұшпан мен шайқастың бел ортасында жүріп, жас кезінен елін жаудан қорғауға араласқанын аңғарамыз. Жырау өлеңдерінің мән- мағынасы - өмір үшін күресте ерлік пен елін, жерін қорғаған ерлердің ісін, әркімнің өз өмірі өз қолында, өз бақыты үшін күресу керектігін кңғарамыз. «Ерлер жортар мал үшін, қатын бала қамы үшін, әркім өзі

талпынбақ, басына бітер бағы үшін» деген сөздерде терең философиялық ой жатыр. «Туған жердің топырағы да ыстық», - демекші жырау:

«Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек қан қайнап,
Ер жұртты қорғайлап,

Өлімге жүрміз бас байлап», - деп өз өмірін елі, жұрты үшін қиюға дайын патриоттық сезімін анық білдіреді [35, 61].

Жырау толғауларының қай-қайсысын алып талдасақ та тұнып тұрған философиялық және тәлім-тәрбиелік ойлар. «Ел арасындағы ағайының көп болса, жақсы болса жау алмас, білімді туған жақсының, өзі мыңға тең болар, байларың қайрымды болса дария шалқар татулыққа, қайрымдылыққа», - деп халықты жақсылыққа меңзейді.

Көтере алмай дәулетін
Көрінгенге бу қылар
Не боларын білмейді
Өзінен өзі зор болар
Жетім менен жесірге

Қазары ылғи ор болар, - деп Есім ханның бойындағы келеңсіз қасиеттерді тізбелей сөз ете келіп, кембағал мен жетім-жесірге қиянат жасайтын есерсоқтардың болашағының болмайтынын білдіреді. Адам бойындағы қарапайымдылық пен кішіпейілдік қасиетті жоғары бағалайды. [34, 66]

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңнен айрылма

Бірлікте бар қасиет, - деп халқын бірлікке, татулыққа, амандыққа шақырып, араздықтың еліңе кесірі ғана тиеді деген өсиетін қалдырады.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген өзінің философиялық дидактикалық толғауларымен ерекше көзге түсетін екі жырау бар. Оның бірі – Үмбетей жырау да, екіншісі - Бұқар жырау. Қазақтың бірнеше ұсақ хандыққа бөлініп, Қалмақ, Қытай немесе Хиуа, Бұхар хандарымен жауласып жүрген заманында ел қорғаған батырлар мен қол бастаған қолбасшыларды дәріптеп өлең шығару, олардың абырой атағын халыққа кең тарату дәстүр болған. Осы дәстүрді жалғастырушы, Бөгембай батырдың сенімді серігі, жалынды жыршысы ретінде көзге түскен ақын – Үмбетей жырау [35, 31].

Ер азаматтың ерлігін, елін сүю сияқты адамгершілік ұлы қасиеттерін қастерлеу, халыққа мағлұм ету, сол арқылы оның өнегелі істерін арттағы ағайын туысқа, аға-ініге, бауырлар мен балаларға, ел-жұртқа үлгі ретінде ұсынудың тәрбиелік мәні зор. Бұл біріншіден халықтың «Елі үшін туып, елі үшін өлген ерді» дәріптеуін білдірсе, екіншіден жастарға, келешек ұрпаққа оның ерлік ісін үлгі-өнеге ету, сол арқылы «Ат тұяғын тай басар», «Ел намысын ер жоқтар» деп, халық қамын жейтін «елі үшін еңіреген» ер тәрбиелеуді көздеу болып табылады. Халық мақал-мәтелдерінде осы идея өзекті орын алады. «Болат қайнауда шынығады, Батыр майданда шынығады», «Ер-елдің ық жағының қаласы, Жел жағының панасы», - деп халық үшін жанын қиюға бар, ел қамын жеген ерлерді қастерлейді. Ерлік елін сүюден, ар намыстан, тәуекелден туады. Осыны сезе білген халық: «Елін сүйген ер болар», «Ерді намыс өлтірер», «Ерлік білекте емес, жүректе», деу арқылы, арыстанша жауға қарсы шабатын, елінің ар намысын қорғай білетін азаматты дәріптейді. «Жалаңаш барда жауға шап, ажалың жетпей өлмессің», деп ерлікке баули отырып, жауды жеңу үшін, күшпен бірге айла, әдістің де керек екенін ескертеді.

«Сақтықта қорлық жоқ», «Айталы батыр алдырмас», «Арыстан болсаң жау үшін, түлкідей болсын әдісін» деп қауіп-қатерден сақтандырады [39, 55].

Үмбетей жырау-Бөгенбай батырдың қалмақ басқыншыларына қарсы шайқасының жуан ортасында болған адам. Ақын Бөгенбайдың қайтпас қайсарлығын, жауға қасқая шапқан көзсіз ерлігін сүйсіне суреттей келе :

Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп
Алтай таудан асырдың,
Ақ шәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жиып алдырдың.

Қалмаққа ойран салдырдың,-деп оның елін қорғаудағы және оны қоныстандырудағы ерлігін, көрегенділігін паш етеді. Үмбетей жырау «Бәкеге» деген толғауында қазақ даласындағы зорлықшыл билерді сынайды. «Арамдықтан шегінбес, дәнiккесiн бұл шiркiн, адал бiр дәм жегiзбес. Көршi жұртты шулатып, жаудай шапқан не сұмдық»- деп, арамдықтан жирене отырып, адалдық пен тыныштықты, ел бiрлiгiн дәрiптейдi.

Ұл он беске келгенше,
Қолға ұстаған қобызың,
Ұл он бестен асқан соң,
Тiл алмаса доңызың,- деп бала тәрбиесiнiң тереңдiгiне үнiледi [34, 73].

Кiсi көрсең есiкке
Жүгiре шық кешiкпе
Қарсы алмасаң мейманды

Кесiр болар несiпке!-деуiнен халқымыздың қонақ жайлылығын, меймандостығын құрметтейдi. Жырау толғауларының тәрбиелiк мәнi терең. Үй-iшiлiк татулыққа, сыйластыққа үлкен мән бередi. «Өз үйiм өлең төсегiм» дегендей әр адамның өз үйi, өз отаны өзiне әрi ыстық, әрi қасиеттi. Жырау отбасындағы сыйластық, түсiнiстiк, ата-ананы құрметтеу сияқты тағлымды iс-әрекеттi жоғары бағалап, жас ұрпақтың тәрбиелi болуын дәрiптеген. « Бекболат биге» деген өлеңiнде:

Бай болмаған бай болса,
Жайламаған сай қоймас.
Би болмаған би болса-
Айтылмаған сөз қоймас,
Хан болмаған хан болса-
Қанамаған ел қоймас.
Алыстағы дұшпаннан,

Аңдып жүрген дос жаман,- дейдi. Айтылғандардың мағынасына үнiлер болсақ, терең философиялық түйiндi аңғарамыз. Жырау әркiмнiң тiршiлiгiнiң өмiр талабына сай болуын меңзеп отыр. Өмiрiнде бай болмаған жетесiз барлыққа қолы жетсе, масаттанып кететiн надандығын көрсетедi, билiкке қолы жеткен жетесiз сөз қадiрiн түсiнбей қорлайтынын сынайды және оған қынжылады. Ел билеген хандардың өздерiн жаман iстерден аулақ ұстап, жан дүниесiнiң таза болуын тiлейдi. «Хан болмаған хан болса, қанамаған ел қоймас» деуiнен ел билеудiң ерекшелiктерiн меңзейдi. Жырау: «Ақылсыз адамдармен дос болудан сақтан, ақымақ дос ақылды дұшпаннан жаман, адамгершiлiгi аз, мейiр шапағаты жоқ адамдармен дос болма»,- деп ескертедi.

Халықтың жоқтау жырларында, жанкүйер жақынына көңiл айтып, қайғыға ортақтас болуында да терең тәрбиелiк мән жатыр. Үмбетейдiң жоқтау өлеңiнен «Ат тұяғын тай басар», «Алып анадан туады, батыр халықтан шығады» деген нақыл сөздердiң мағынасы байқалады.

Ей Абылай, Абылай,
Сөзiмдi тыңда тағы да-ай!
Жасыңда болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,
Сексеннен аса бергенде,

Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді–Бөгенбай!- деп естіртеді де келешектен жақсылық тілейді, бата береді [34, 51].

Көзіңнің жасын тыя көр,
Жақсылық бата қыла көр.
Тағы да талай бақ берсін.
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгембайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін,-дейді.

«Батаменен ел көгерер, жауынменен жер көгерер» деп халқымыз қазақ айтқандай өлімнің де артын жақсылыққа жориды. Бақ береке, мол байлық тілеп, жастарға кез-келген істің артын жақсылыққа жорып, жақсылық тілеу арқылы бақытқа жетуге болатындығына тоқталады.

Көркем сөз өнерінің көне шеберлерін қазақ халқының «жырау» деп атап келгені мәлім. Жыраулар поэзиясының өріс алған кезеңі XIV-XVII ғасырлар. Ауыз әдебиеті туындыларын ілкі жолаушылар да, ескі әдеби дәстүрді кейінгі жалғастырушылар да шешендер мен жыраулар. Олар шығарған әдебиет үлгілері–негізінен замана, қоғам, өмір туралы ойлы-сырлы толғаулар, ақыл өсиет түріндегі шешендік сөздер, мақал тақылетті тұспал–дидактикалық термелер, елді жеңіске бастаған батырлардың көзсіз ерлігін жырлаған ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар немесе қара қылды қақ жарған әділқазы, я болмаса табан асты тапжылмастан сөз бастап, терең ойымен жұртты ұйытқан ақыл иелерін қошемет тұтар арнаулар болатын [40,205].

XVIII ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілінің бірі–Бұқар жырау. Абылай хан заманында өмір сүрген. Әкесі –Қалқаман белгілі батыр. С.Сейфуллиннің айтуы бойынша: «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы-шешені, ақылшысы болған. Моласы Баянауылдағы Далба тауының ішінде». Бұқар кедей болса да, жоқшылық зардабын тартып байларға мойын сұнбаған, атақ-даңқымен болсын, не өз өткірлігімен болсын, әйтеуір, тәуелсіз, ерен адам болса керек. Өзіне біткен ақылы мен шешендік өнеріне байланысты ол елге тез танылып, алғыр жырау ретінде атын алысқа жайғанға ұқсайды. Кейін оның хан сарайы маңында да бедел алып, елге белгілі жырау, ақылшы- би саналуы тегін емес [40, 245].

М.Әуезов Бұқар жыраудың «Тілек» деген толғауында өзек болған сарынға былай дейді: «Келешек қандай күйлер әкеледі? Не сыбаға тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бола ма? Жер қайысқан қол келіп ер саса ма? Тар құрсағын кеңіткен, тас емшегін жібіткен аналар аңырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуға мүмкін. Соны сезгендіктен ақын зарлайды. Соның ызғары өткендіктен жыраудың жүрегін қаралы қайғы басады. Бұл толғауы сол замандағы саяси халдің бетін ашып айтқан ашық белгі», -дейді.

Жыраудың толғаулары адамгершілікке, бейбітшілікке, әділеттікке үндейді, ұстамды моральдік пікірлер ұсынады. Абылайдың сыртқы саясатына араласып, ақыл береді. Оның кейбір ісіне наразылық та білдіреді. Ағайынгершілік, татулық–елді берекелі ететін ең қажет нәрсе деп біледі:

Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін, - дейді.

Жырау хан алдында тайсалмай сөз сөйлеп, өз пікірін еркін айтқан. Ханның саясатына араласып отырған. Ханның соғысу ниетіне қарсы болған. Жұрт тілегіне қарсы іс қылма, егер ел ойынан шықпасаң, жақсылыққа жетпейсің, деп оған айбар да көрсеткен.

Ашуланба Абылай,
Өтіңменен тарылма,

Өкпеңменен қабынба,
Орыспенен соғысып
Басыңа моншақ көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!- деп келелі кеңес береді.

Хан халқын сыйлап, халық ханын қадірлесе, ел мақсаты орындалады,-деп хан мен халықты бітімшілікке де шақырады.

Ханның жақсы болмағы –
Қарашаның елдігі,
Қараша халқы сыйласа,
Алтыннан болар белдігі., - деп жырлайды.

Осы елді ақылды азамат билесе, басқаларға бағынышты болмай, ағайын арасы тату боп, ынтымақты, жайлы өмір сүрсе деген арманда болады.

Азамат ердің баласы,
Атадан алтау тумас па.
Атадан алтау туғанмен
Ішінде оның біреуі
Арыстаны болмас па?-дейді [40, 226].

Бұқар толғауларының енді бір көтеретін мәселесі–жеке адамдар басындағы кемістіктерді сынау.

Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде,
Өткел бермес кешерге.
Қайрымсыз итке мал бітсе
Аңсары құрып келгенде,

Саумал бермес ішерге,-деп қайрымсыздықты, пейлі тар сараңдықты сынай келіп, ұрпағын ондай жағымсыз қылықтардан аулақ болуға, кең пейілділікке шақырады.

Бірге туған ұялас
Бізге сауға демес пе,
Өзі аштан өлсе де,

Айрып жемін бермес пе?-дейді. Бұқардың ойынша, дәулет, дүние, байлық тұрақты емес, ол үнемі өзгеріп, ауысып отырады. Жыраудың «Айналасын жер тұтқан», «Ақаннан биік тау болмас» деген өлеңдері оның өмір құбылысынан түйген ойларын бейнелейді [40, 227].

Сонымен қатар жыраудың жоғарыда келтірілген өлең жырларынан бауырлардың бір-біріне қарайласып, малы бар байлардың қайрымды болуын тілейді. Татулықты, сыйластықты, қадірлестікті ғанибет санаған. Жанжалды, дау-дамайды, керіс жұлысты, талас-тартысты, жауласуды суқаны сүймейтін қазақ халқы атам заманнан бері «Ұрыс ырысты қашырап, ынтымақ халықты асырап» деп білген. Бейғам ел, әлсіз жұрт әлдекімдерге жем болады, соққыдан көз ашпайды, берекесі қашады, жұтайды, тозады... Адамгершілікті, гуманизмді армандаған, армандап қана қоймай әрқашан да қолдаған. Сол үшін күресіп келе жатқан халқымыз аламанын қиянат жолына ешқашан жұмсамаған. «Жігіттің жолбарысы ел торымайды, ел қориды», - деген [41,73].

Бұқар жырау да жаугершілік кезеңде өмір сүріп халқымыздың ар намысын қорғайтын, елін, жерін жау қолына бермейтін ұланын асқақтата мадақтап, елдікті, татулықты, бірлікті жырлаған.

Халықтық тәрбиенің құяр сағасы–қайратты азаматты баулу, халықтың мұң-мұқтажын сол азаматтың жоқтауы, өз жұртының өркендеп өсіп, көркеюі жолында жанқиярлық пен қайрат жұмсауына саяды: «Ердің баласы–елдің панасы», -дейді халық [41,56]. Бұқар жырау:

Атадан алтау тумас па
Оның ішінде біреуі арыстаны болмас па?
Арыстаннан айрылса,

Қанаты түптеп қайрылса,
Ел шетіне жау келсе,
Тосып оны ала алмай,
Алдына келген жақсының
Қадірін де біле алмай,
Артында қалған жамандар

Бас-басына тозбас па?-дейді. Бұқардың бұл жырынан аңғарылатын ұғым, біріншіден әрбір адамды халыққа қамқорлық жасауға шақыру болса, атадан туған алтаудан біреуін ерекше қоюы тарихтағы жеке адамның ролін де бағалай білгендігі [42 , 201].

Бұқар жыраудың барлық шығармаларына тән тақырып–халық қамы, халық мүддесі, халық тілегі. Бұл тілек–халықтың жер бостандығы мен ел бостандығы және оны қорғайтын ақылды батыр ұланы. Бұқар жырау шығармаларының тақырыбы–Отан қорғау, қорғаныс қабілетін күшейту, жер-суды жат қолынан сақтау, тыныштық бұзбау, ел билеу тәсілдерін мүлтіксіз меңгеру, ханның жақсы қадамдарын қолдап, қуаттау, теріс істерін істетпеу, заман ағымын жіті аңғару, тарих тағлымы мен тәжірбиесін зерделеу, түзулікке, дұрыстыққа, әділеттілікке шақыру болған. Ол ұлттық мүддені, салт-дәстүрлерді, адамгершілік қағидаларды сыйлайтын ақылды, саналы тұлғасын армандаған.

Адам баласының рухани өмірінде ақыл-сананың орны ерекше. Ақыл, сана күші арқасында адам ақиқат болмыстың, заттар мен құбылыстардың мәніне жетіп таниды. Ақыл, сана күші сақтыққа, сабырлыққа шақырады. Өмірдің жүгін, тіршіліктің қамын жасауға, міндет, парызды атқаруға жетелейді. Өткінші, тұрлаусыз құбылыстардан, опа бермейтін жағымсыз қылықтардан жиіркендіріп, бездіреді, өмірдің бұлтарысы, бұралаңы мол жолдарында түзуліктен, дұрыстықтан айнымауға үндейді. Ақыл –сана қуатымен даналық сабақтас. Тағы да толып жатқан ірі-ірі адамгершілік игі қасиеттер, атап айтқанда сабыр, әділдік, ынсап, мейірім, ұят, әдеп, үміт, тілек, талап, иман, қайрат, намыс, арман сияқты ұғымдар бар. Бұлар халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған тәжірбиелерінен қорытылған. Әрқайсысы философиялық түйінге, мағыналы ойға ие. Сондықтан «халықтың қасиетін жанымен ұққан» ақын-жыраулар өз өнернамаларында жан сұлулығына қатысты осы бір қастерлі ұғымдар жөнінде әрдайым толғаныс үстінде болып, жырларының өзегіне айналдырып отырған [43,121].

ҚРҰҒА-ның академигі, тарихшы М.Қозыбаевтың сөзімен айтсақ: «Біріншіден, сонау Сыпыра жыраудан бері қарай барша жыраулардың жолы киелі, сөзі иелі, ту ұстары. Екіншіден, ол жыраулықты көрегендікпен, көрегендікті көріпкелдікпен ұштастырған ер данасы. Үшіншіден, болашаққа қырандай ғарыштан қараған, барша қазақты алаламай, тұтас бір халық деп санаған, шалдыққанда Абылайға тірек болуға жараған, аптыққанда қаһарлы Абылайдың өзін де жас баладай сабаған халық бабасы. Төртіншіден, Бұқар жыраумен Абылай хан тағдыры бір, игі мақсатқа –жүздік ұғымнан ұлттық санаға көтеріліп, тұтас мемлекеттік дәрежеге көтерілу мақсатына еңбек еткен, халықаралық дәрежеге көтерілген саяси қайраткер жандар. Олай болса қас-қағымнан бірін-бірі түсіне білген олардың достығы – шын мәнінде «Арқар» ұранды Шыңғыс әулеті Абылай ханмен «Алаш ұранды» қара қазақтың одағы болатын», - дейді [128,46].

Келесі бір көрнекті жырауларымыздың бірі–Шал ақын. Ол Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Әкесі Күлеке Абылай ханның жақын серігі, рубасыларының бірі болған. Шын аты–Тілеукеұлы. Шалдың шешесі– «Ұлы жүзде ханнан кем қадірленбеген» атақты Үйсін Төле бидің қызы екен. Ақын өз шығармаларында «жақсылық қайдан шығады, жамандық неден туады, жақсы мен жаманның айырмашылығы неде?»,- деген мәселенің төңірегінде сөз қозғайды. Жаман әдет жат мінездерді сынап отырып, нәпсінің құлы болған, тамағы тоймаса болмашыны сылтауратып, өкпе етер әдепсіз жастардың сиқын:

Қас жаманның белгісі
Жиын тойға барғанда
Тамағына өкпе етер,

Өкпелеймін деп кетер.
Нәпсің көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,
Егер тию салмасаң

Иманыңды жеп кетер,- деп жырлайды. Ақын құдай мен құранды, ақырет пен иманды күдірет тұтқан қазақтарға түсінікті түрде қомағайлық, ашқарақтық пір тұтқан иманыңа да қарамайды, нәпсің көкжал қасқырдай, оған тізгін берсең халық алдында арынды төгеді деп сақтандырады [35].

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің хақын жеме.
Жақсымын деп момынның малын жесе,
Жаман адам сол болар, мақұл деме,- дейді.

Зұлымдыққа жол бермеу, жамандықты бетке қағу, әр жанның парызы,- дейді ақын. Жақсылықтың отын маздататын да адам, жамандықтың түтінін бықсытатын да адам. Шарапат–жақсыдан, кесапат– жаманнан. Бәрі адамға байланысты деп ұғады Шал [44, 111].

Басыма бақыт қонды деп
Кемімеспін енді деп,
Зауалды жалған дүниеге
Біле білсең тоспаңдар
Қарсы жүрген адамның

Басын исе достық қыл,-деп қарапайым, кешірімді болу адамдықтың жоғары сатысы екендігін өз жырларына арқау етеді.

Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді ғой барған кісі.
Ата менен анаңды құрметтесең

Мекке болып табылар үйдің іші, - деп, ата-анаңды құрметте. Өмірге сені алып келген, сен үшін өмірін беруге дайын адам–сенің ата-анаң. Сондықтан да ол сенің өмірдегі ең құрметті адамың болуға тиіс,- дейді. Сені жан-ділімен жақсы көріп, тәрбиелеп жүрген ата-ананың көңілін қалдыратын құрттай іс жасасаң, сен ешқандай да жақсылыққа лайықты жан емессің. Егер сен, өз перзентім құрмет қылсын десең, сен де ата-анаңды құрметте, сен ата-анаңа не істесең, саған перзентің де соны жасайды. Перзент жеміске, ата-ана жеміс ағашына ұқсайды. Жеміс ағашын жақсы күтсең, жемісі де дәмді, жақсы болады. Сол сияқты ата-анаға деген ізет, құрметіңді аямасаң, саған деген олардың ізгі тілегі қабыл болғаны,-дейді. Жыраудың бұл айтылған құнды пікірлері Кабуснамадағы «ата-ананы құрметтеу» туралы айтылған ойлармен қабысып жатыр. Біреудің дүниесін пайдаланам деп әуреленбе. Сенен жағдайы жақсырақ адамды күндеме, деген аталы сөздердің мағыналары да тереңде жатыр [45,19].

Жігіттер жау алмайды ақылдассақ,
Білгішке көп білетін жақындасақ
Қарап жүрген кісіге адам тимес,

Сабыр қып, өз бойынды мықты ұстасаң,-деп адам бойындағы ізгі қасиеттерді, сбырлылықты осылайша насихаттайды.

Малсыздықтан жарлы болсаң да, ақылға бай болу үшін еңбек ет, өйткені малмен бай болғаннан гөрі, ақылға бай болу жақсырақ. Наданның жарлы болуы демде. Аңдасаң, ақыл деген – бір қымбат нәрсе. Оны ұры алып кете алмайды, ол отқа жанып, суға ақпайды. Егер ақылың болса, өнер үйрен, өйткені өнерсіз ақыл–киімсіз дене, яғни кескінсіз адам сияқты деуге болады. «Білім–ақылдың ажар –көркі» деп, босқа айтылмаған [45,19].

Жырау шығармаларындағы «ақылдылық» сөзі мен мың жыл бұрын айтылған Кабуснамада «ақыл» туралы айтылған нақыл сөздердің бүгінгі таңда да мән-мағынасы терең. Өйткені адамға, оның ақыл-ойына, біліміне, мінез-құлқына қатысты тақырып - «мәңгілік» тақырып болмақ. Жырау қоғамда адам еңбегімен бағаланатынын, елі үшін туған азаматтың

әр уақытта жоғары болатынын, елін жаудан қорғар азаматтары мен ел бастайтын көсемдерінің ақылдылықтарын дәріптеп, өлең жолдарын арнаған.

Ақылы жоқ надандар,

Іс бітірмес жамандар.

Жүз болса да бірмен тең,-деп жастарға жас өміріңді бос өткіз бе, еліңе, отаныңа пайдалы қызмет ет дегенді насихаттаған.

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақын жыраулардың ішінде қазақ халқының басындағы қиын-қыстау кезенді, мұңды, тағдыр тауқыметін, қоршаған орта мен әлемнің өзгермелі, құбылмалығын, алдамшы жалған дүниені, адамның ашкөз құлқын, адамдық ерекшеліктерін, ақылдылығы мен жақсы қасиеттерін, келеңсіз бейнелерімен салыстыра жырлауда орны ерекше жыраудың бірі—Дулат Бабатайұлы (1802-1874). Ол: «Адамның адамдық қасиетін көрсететін оның сылдыр сөзі емес, нақтылы әрекеті, іске тындырымдылығы», -деп тұжырым жасайды.

Істемей қолмен іс болмас,

Құр сөзде күш болмас,-деп айтылған нақыл сөздерін нығыздай түседі [35,50].

Жырау «О, Барақ жас, Барақ жас» деген толғауында:

«Жаман болса ұлығы, ұлығы жаман иттен несі кем, жемтік көрсе, қан көрсе айрылар мүлде есінен», - деп ел билеген әділетсіз ұлықтарды сынайды. Елді билейтін жақсы басшы, адал ұлын аңсайды. Жастарға аталық мейірін, тәрбиелік өсиет-насихаттарын жыр жолдарында былайша толғайды.

Балам маған кейіме,

Әкем айтпай кетті деп.

Сырын білмей бой салма,

Атасы оның текті деп.

Тұрлаусыздан сөз ұқпа,

Аузы оның епті деп.

Нашардан шыққан жақсының.

Сөзін жерге таста ма.

Атасы нашар өтті деп, - дейді [34, 210].

Жақсы, жаман болуы оның тек тегіне ғана байланысты емес, кедей кепшіктерден де ақылды даналар туады. Ол адамның бойындағы байқампаздық, саналылық, салиқалық, ақылдылық қасиеттеріне байланысты болады дейді. Ары қарай жырау:

Балам саған айтқаным:

Даңғыланбай шаруа жый,

Албырттықты әсерлі,

Құрбыңа еріп көрші сый.

Қолда барына қанағат,

Қолда жоққа құмартып,

Әуреленбе, ләпсін тый,-деуінен жастықта еңбек ет, уақытыңды босқа керексіз істермен өткізбе, албырттыққа салынбай ләпсінді тыя біл, қолда барға қанағатшыл болу адамдықтың белгісі деген өсиетін қалдырады. «Қазіргі қазақ ұлығы, жаман иттен несі кем? Жемтік көрсе қан көрсе айырылар мүлде естен», - деп ел билеген есер ұлықтардың ел мүддесін естерінен шығарып бас пайдасын ғана ойлайтындықтарын сынайды.

Жер тозып тулақ, ер азып аруақ, ел сасып, отаршылық саясат құрбаны болғаны; бастан билік, астан береке қашқаны, «қоңыр салқын самалдың сары ызғырық» желге айналатыны, сап алтынның, сары жездің орнына жүретіні, «ер шөгіп есер ер жететіні», «тырнадан би сайланатыны»; «күн батысқа көз салмай, күншығысты еске алмай» алаңсыз күй кешкені, бір сөзбен айтқанда, осындай заман күйлері—Дулат жырларының негізгі тақырыптары болды.

Бірін айт та, бәрін айт,

Ұғынар мұны ел қайда?

Елді бастар ер қайда?,-дейді [34, 212].

Дулат ақын «имандылықты ұмыту, хақ жолынан безіну, күнәға бату – ақырзаманға бастайтын кесепаттар»,- дейді. Отаршылдықтың зорлық-зобалаңын көрген ақын қазақтың қайғы-қасіретке ұшырауының бір себебін-дінсіздіктен іздейді. Ол: «Шариғат жолын тастадың, Теріске елді бастадың»,-деп Алланың бар екеніне мойынсұнбағандықтан барлық қасірет содан болады»,- деп түсінеді. Адам бойындағы жағымсыз да жиркенішті қылықтарды өз атынан айтып, қазақтың мұңын мұндап, зарын зарлап, ақылды тұлғасын армандау Дулаттан басталған десек те болады.

XIX ғасырда өмір сүрген Жетісу ақындарының ішінде шоқтығы биік, сөз шебері– Сүйінбай Аронұлы. Жетісу өңірінің Жамбыл бастаған көп ақындары одан үлгі-өнеге алып, пір тұтқан. Әділдікті жақтап, жауыздықты түбіне жеткізе айтуды одан үйренген Жамбыл: «Менің пірім Сүйінбай»,-деп дәріптеген. Ол халық мұңын мұндап, үстем тап өкілдерінің әділетсіздігін бетіне басып, әшкерелеп отырған, батыл да әділ сыншы болған. Сондықтан да, Мұхтар Әуезов Сүйінбайға баға бергенде оны «XIX ғасырдағы Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп атаған. Сонымен қатар Сүйінбай Аронұлы адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттерді салыстыра отырып жырлаған:

Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай,-дейді [34,319].

Жақсы адамның ешкімге жаттығы болмайтынын, айнала қоршаған ел-жұртына, жақындарына, барлық адам баласына шапағаты мен пайдасы тиетінін, жақсы әйелді барша жұрттың анасындай жылуы мен мейірімі мол болып, адамның бауыр еті балаларымызға дұрыс тәлім-тәрбие беретінін жырға қосады.

Жақсы кісі көрінер жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұнғысындай.
Жақсы адам алысты жақын етер,
Беттескен екі таудың тұрғысындай,
Жамандар өсек-аяң жүрер, қолдап,
Ешкімнің білмесе де қылмысын-ай,-деп жырлайды [34, 320].

«Жақсыда жаттық жоқ» дейді қазақ. Жақсылықпен ғана мақсатына жете аласың. Қолыңнан келсе елге жақсылық жаса. «Жақсыдан шапағат», «Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей» деп те айтады халық. Жырау: «Олақ», ешнәрсеге ебі жоқ, жалқау, салақ, өсекші болмандар, еңбек ет, тазалық пен адалдықты бойыңа дарыта біл, сонда ғана ғана елден кем болмайсың»,- деп ұрпағын еңбек сүйгіштікке, жақсылықтың жаршысы болуға шақырады.

Ақын-жыраулар еңсені басқан өктемдікке, баса көктеп билік жүргізген басқыншылыққа қарсы рухани наразылық таныта отырып, болашақтан үлкен үміт күтеді. Олардың шығармаларынан қазақ халқының мақсат-мұраты, арман-аңсары, жоқ-жітігі, өкініш-өксігі, ертеңін ойлап егілгендігі көрініс табады. Елдікті кәдірлеуге, ұлттық сезімді ұлықтауға, ұлттық тәлім-тәрбиенің табиғи қалпын сақтауға, салт-дәстүрді құрметтеуге үндейді. Ата-баба жолын ұстанған қазақ шаңырағының жарасымды тіршілігі, ақындардың үлгі етер, өнеге тұтар өлшем биігі, қадір-қасиеттің межесі ретінде жырланды. Қазақи тәрбие көреген ұрпақтың идеалды бейнесі қоғамдағы ар-ұяттың құнсыздануына, жат қылықтарға еліктеушілікке қарсы қойылды. Олар тозған заманды, азған адамның бейнесін кейіптеп, рухани тозудың себептерін ашуға ұмтылды. Олардың ой-тұжырымдарынан азаттықты аңсаған, бодандықтың құрсауынан босататын, елдің ертеңіне еліктеп елең қағатын тұлғасын армандағанының көрінісін байқаймыз. Олардың шығармаларын талдай отырып өз ұлтына жаны ашыған ақындардың да қайраткерлік тұлғасын танимыз. Жыраулар- отаршылдықтың ұлттық болымыс бітімге әсерін жан-жақты саралап көрсеткен, елді билеудің амал-айласының сырын ашқан, халық ішінде қоғамдық пікір орнатқан, түйткілі көп нәрсеге халықтың көзін жеткізген. Өлең-толғаулары ұлттық сезімді оятты, халықтың дұрыс бағдар алуына жол ашты,

ұлтын сүйген ұлттық тұлғаларының қалыптасуына, олардың ар-намысының биік болуына ақын-жыраулар поэзиясының құндылықтарының әсері мол болды.

1.3 Ұлттық тұлға қалыптастырудың рухани-мәдени парадигмалары

«Парадигма» ұғымына әртүрлі зерттеулерде әртүрлі анықтамалар беріліп жүр. Т.Кунның ғылымды тану тұжырымдамасында «парадигма – танымал болған ғылыми жетістіктер» деп түсіндірілсе, ал оның грек тілінен аудармасы – берілген білімдер саласындағы белгілі бір тарихи кезеңдегі ғалымдардың зерттеу практикасы, соларға қарап ұйымдастырылатын негізгі ғылыми жетістіктер (теориялар, әдістер жүйесі); белгілі бір қоғамда ғылыми қауымдастықта үстем болатын зерттеу әдістерінің, проблема қою мен оларды шешудің бастама тұжырымдамалық схемасы, моделі деп қарастырады.

Парадигманы педагогиканың категориялық элементі ретінде В.С.Безрукованың зерттеулерінде өткен ғасырдың 20-жылдары қолданыла бастағаны туралы деректер бар [75]. Педагогикадағы парадигмалар жөнінде Ю.Г.Фокин пікір білдіре отырып, мәселені қоюдың, шешудің, зерттеудің бастапқы тұжырымдамалық кестесі; зерттеу міндеттерін шешудің үлгісі ретінде қабылданған теориясы деген ой айтады. Сонымен қатар білім беру саласындағы мәселелер әртүрлі парадигмалардың іске асуы нәтижесінде шешіледі дей келе, педагогикалық, коммуникативтілік парадигмаларды арнайы атап өтеді [82]. Педагогикалық парадигманы И.А.Колесникова педагогикалық әрекеттің субъектісінің кәсіби тұрмыс кеңістігінде өмір сүру ерекшеліктері мен мәнді шекаралары ретінде қарастырады. Ол өз еңбегінде әлемдік педагогикалық үрдістегі үш парадигмалық кеңістікті түсіндіреді [83]. Ең байырғы генетикалық парадигманы ол «дәстүрлер парадигмасы» деп атайды. Бұл парадигма әр түрлі тарихи және мәдени жағдайларда дәстүрлілікті сақтай отырып, ұстанымдар, рухани идеялар және оларды іске асырудың аралық буыны деп атайды.

Адамның әлеуметтік мәдениетінің дамуы барысында білімнің гуманитарлық парадигмасы қалыптасты. Бұл парадигма аясында кәсіби-педагогиканың құндылық негізі – нақты адам, оның ішкі әлемі, танымның ішкі ерекшелігі болып табылады. Мұндағы басты басымдылық – оқушыны адам деп қабылдау, оның көзқарасымен, пікірімен санасу, оған адами қарым-қатынас жасау. «Гуманитарлық парадигманың ерекшеліктерінің бірі – мұғалім мен оқушы арасындағы мәнді құндылықтардың теңдігі», - деп көрсетеді ғалым Б.Тұрғанбаева.

Тарихи және мәдени жағдайларда дәстүрлілікті сақтай отырып, тәжірибеде бар парадигмалар жіктемесінде ұлттық тұлға қалыптастырудың рухани-мәдени парадигмаларына тоқталуды жөн көрдік. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ халқының сана-сезімі, ұлттық санасы мен ұлттық намысы, ұлтты ұлт ететін діні мен ділі және оны нығайту жолында қызмет еткен ұлттық тұлғаларының өмірін зерттеп-зерделеуі өз деңгейіне келуде. Халқымыз саяси-әлеуметтік философиясын, рухани тегін, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатарындағы ұлы тұлғаларын тануға, олардың еңбектерін зерттеп-зерделеуге бет бұрды.

«Айтарыңды ойлап сөйле, жүректі Ер! Аузыңды бақ, өнер содан кесел де!» деп өсиет айтқан ата-баба сөзін енді ғана санамызбен ұғынудамыз. Әл-Фараби Ж.Баласағұни, А.Иассауи, А.Иүгінеки, М.Хорезми, М.Х.Дулатидің ғибратты асыл сөздері қазақтың ата-баба дәстүрінің ғана ізі емес, жалпыадамзаттық ақыл мен парасаттылық, имандылық пен ізгіліктің үлгісі болып қала бермек. «Құтты білік» жазылған кезде «Игорь жасағы туралы жыр», «Монғол құпия шежіресі» әлі дүниеге келмеген де еді. Қазақ жерінде ол бастан асыл сөз ғибраты болғанын, яғни ата-бабаның ежелгі әдебиетінің бар екенін дәлелдеп келе жатқан ғалым, қоғам қайраткері Ә.Дербісәлі 21 әл-Фараби, 8 әл-Йасауи, 12 әл-Тарази сияқты асыл сөз иелерінің мұрасын тәуелсіз әдебиет пен тарихқа енгізіп отыр. Көне Сығанақ шаһарынан шыққан Сығанакидің үш томдық еңбегін Қайрден тауып әкелді. Ғалымның біз әлі жете түсіне алмай келе жатқан руханилығы мол қазына «Жаһаннамесін» бүгінгі қазақ тіліндегі ғылымға енгізуі үлкен жақсылық. М.Х.Дулатидың «Тарихи Рашидиі» - асыл сөз үлгісі ғана емес, ұлттық сөз өнерінің тарихилығын дәлелдеп тұрған әдеби жәдігер [23,3].

Бұл құнды дүниелер тек ұлттық сөз өнерінің ғана емес, ұлттық болмысымыз бен тарихымыздың, ұлттық санамыз бен дәстүріміздің тереңде жатқандығының айғағы. Демократиялық қоғам орнату талабы тұрғысынан ұлттық сана-сезім мен әдет-ғұрпының қалыптасу тарихына үңілсек, өз заманынан озық туған ғұламалардың, ұлы тұлғалардың, жалпы адамзаттық құндылықтардың мәні жайлы мағыналы ой түйгенін, халқымыздың өзіндік ұлттық тұтастығының мағынасын жүйелі түсініп, ұл қыздарының тағдырына терең мән бергені, ұлттық бірлікте қалыптасуына ерен еңбек сіңіргені деп білеміз. Ұлылардың еңбектерін жан-жақты зерделеп, парасаттылықпен тұжырым жасау - біздің тарих алдындағы азаматтық парызымыз. Қазақ халқының тағдырына тебірене қараған көрнекті қоғам қайраткерлерін педагогикалық, философиялық тұжырымдарына үңіле қарап, зерделеу арқылы ғана болашағымызды болжай аламыз. Себебі - болашақ өткен тарихтан бастау алады. Тарихты ұстаз тұтып та, қиял құдіретімен бастау бұлаққа бағалап та жүрміз. Тарихтың өсіп-өнген топырағы - адамның тағдыры, қилы-қилы күйініші мен сүйініші, маңдай тері көз жасы, бәрі-бәрі бүгінгі ұрпаққа сабақ. Тарихтың қасиетті қадірі де осында. Осыдан он ғасыр бұрынғы бабалар сөзі тілге үйрілгенде көне дәуір ғұламаларының ой-толғамдары ұшқын атып санаға сіңгенде адам баласының қарапайым, ғажайып даналығына, құдіретті мәңгілік қасиеттеріне үнсіз мойынсұнасың...

Төл тарихымыздың үшінші мыңжылдық кезеңі төңірегінде әңгіме қозғар болсақ, қайсыбір маңызды тарихи оқиғаның алды-артқы шебінде, нақ ортасында ұлы тұлғалардың бой көтеруін қоғам дамуындағы табиғи заңдылықтың басты көрінісі деуге болады. Қоғамдық заңдылықты қайсыбір ел, халықтар арасындағы қарым-қатынастар дамуының реттілігі мен үйлесімділігі деп тұжырымдаса, оның үлкен рухани сілкіністерден, терең трагедиялық уәж себептер мен парасаттылық үрдістерден түзілетіндігін пайымдауға болады. Бұл істе ұлы тұлғалардың тарих дөңгелегін қарқынды қадаммен ілгері бастаудағы рөлі орасан зор.

Олар кімдер? Ондай тұлғалардың қатарына Әл-Фараби мен Аристотелді және Платон сияқты данышпандарды, Ньютон, Ломоносов, Эйнштейн, Ұлықбек сияқты ғалымдарды, олардың адамзат тарихының дамуына қосқан жаңалықтарын айтуға болады.

Ежелгі грек философы атақты Гераклит қарама- қарсылықтардың бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтынын дәлелдеп шыққан. Ол дүниенің үнемі қозғалыс пен өзгерісте болатынын, жалпы дамып отыратынын дәлелдеген. Гераклит қарама-қарсылықтардың бір-бірінен ажырамайтынын, бірі-біріне өтетінін, алмасатынын, бірін-бірі толықтыратынын, бірі жойылса, екіншісінің де жоғалатынын айқындаған. Жамандық пен жақсылық ылғи қосақтаспаса да бірінсіз-бірі өмір сүрмейтіні анық. Айталық, ақ пен қараны, оңтүстік пен солтүстікті, оң мен терісті, сол сияқты тағы басқаларын қалай бірінен-бірін айрамыз? Олар мәңгі бірінсіз - бірі болмайды. Ал ендеше жамандық жойылса (әрине бұл процесс, тез бола қоймайды) жақсылық деген ұғымның қажеті бола қоя ма екен? Өйткені жақсылыққа қарама - қарсы жамандықтан басқа ешқандай балама жоқ [47,42].

Гераклиттің тағы да бір данышпандық пікіріне тоқталайық: Ол, ең алдымен оқып, білім алу ғана ақылды болудың тәсілі деген ой жаңсақ және қате пікір, деген. Қаншама оқысаң да, неше рет жоғары оқу орнын бітірсең де ақымақ болып жүре беруің ғажап емес. Оны біздің заманымыз көрсетіп отыр. Қазір оқып, білім алып, жоғары оқу орындарының дипломын алғандар көбейіп кетті. Өмірде оқығандар көп, бірақ тоқығандар, ақылдылар аз. Ең қауіптісі білімділер көп, тәрбиелілері шамалы.

Олай болса Гераклиттің осы диалектикалық пікірін әрі қарай жалғастыра отырып, баланы көп оқытып, миын шіріткеннен гөрі адамгершілікке барынша тәрбиелеген дұрыс болар. Әйтпесе, қоғамымыз моралдық адамгершілік, парасат жағынан дағдарысқа ұшырауы мүмкін. Егер олай болса, оған ешқандай ем жоқ. Адамзаттың «ақыр заманы» сонда басталады. Гераклиттің адам және адам туралы терең мағыналы ойларына таң қаласың. Оның: «Мен өзімді іздеп жүрмін» деген данышпандық пікіріне таң қаласың. Оның бұл ойын кейінірек Протагор мен Сократ жалғастырады [47, 45].

Шындығында көп оқып білім алғанмен жастардың бойына адамдық қасиеттерді яғни

адалдықты, тазалықты, биіктікті сіңіре білмесек, ұлттық қасиеттерімізді дарыта алмасақ, ұлттық рухта тәрбие мазмұнын жасамасақ, өзін-өзі тани алатын ұрпақ тәрбиелемесек қоғамымыз «ашаршылыққа» ұшырайтыны күмәнсіз.

Біз енді Сократтың адам туралы, оның өзін танып білуі жайлы пікірлеріне тоқталып көрелік. Тұлға бойындағы ерекшеліктері, және оны толықтыратын қасиеттерінің бірі - өзін-өзі танып білуі. Сократ мәселені өте батыл түрде қойды. Дүниені тану, әлемді білу әрине қажет ақ. Дегенмен адам өзін-өзі тануы, өзінің ішкі дүниесін білуге ұмтылуы керек. Осыдан келіп Сократтың бірінші принципі шықты. «Сен алдымен өзіңді-өзің таны». Оның екінші принципі: «менің білетінім, менің ешнәрсе білмейтіндігім, ал басқалар мұны да білмейді». Бұл пікірдің өзі сайып келгенде принципке айналып отыр. Өйткені адам өзіне-өзі сырттай үңіліп, өзін-өзі тануға ұмтылған сайын, өзінің ештеңе білмейтіндігін анықтайды. Адам өзіне-өзі терең үңілген сайын оның рухани дамуының жетімсіздігін аша түспей ме? Сократ адамға алдымен өзіңді біл, сол арқылы дүниені, әлемді, білесің деп жариялайды [47, 67].

Адам өзін-өзі білу арқылы өзгені де танып біледі, өзін өзгенің орнына қойып, адамдардың қуанышы мен қайғысына ортақтаса алатын қасиетті меңгереді. Ондай жағдайда адамдар өзгеге де, өзіне де жамандық істеуге болмайтындығын жете түсініп, адамгершілік қасиетін бойында ұстайды. Ондай дәрежеге жету жолында өзгені танып білу үшін ол әрине «білімді болуы керек, білімді меңгеру үшін оқу керек», деп жауап береді. Бірақ ол «жалаң білім ештеңе бермейді, ол қайта адамды бұзады», дейді. Сократтың бұл айтқандары біздің қазіргі заман талабымен ұштасып жатыр. Біз жас ұрпақтың бойына алдымен адамгершілік қасиетті қалыптастыруды басты мақсат етіп отырмыз. Сонымен қатар қазіргі кезде техника мен ғылымның дамуы адам білімінен жоғарылап, адам өзінің сауатсыздығын күннен-күнге түсініп отыр. Мұндай жағдайда терең білім мен саналы тәрбие беру қажет. Ондай болмаған жағдайда қазіргі жаһандану заманында жастардың рухан болмысына қауіп төнеді. Сондықтан «ақылдың жалқаулығынан» жастардың бойын аулақ ұстау керек. Сонда ғана қазіргі заман талабына сай білімді, жаңа техника мен ғылымды меңгерген, өзін де өзгені де тани білетін ұрпақ тәрбиелейміз, ұлттық тұлға қалыптастыра аламыз.

Сократтың айтуынша білім дегеніміз – ізгілік. Мұндай проблема білімнің мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Адамның алдына қойған мақсаты, оның рухани өмірі - білімді құрал ретінде ғана емес, өмір сүрудің әдісі ретінде пайдалануға жол ашты. Сондықтан да білім адамның белгілі бір іс- әрекеті мен қызметінен шыға отырып, оның өмірінің мәніне айналуға тиіс. Айталық, жақсы мен жаман, ерлік пен қорқақтық, әсемдік пен көріксіздік тағы басқалары адамның сырттан қабылдайтын білімі арқылы ғана келмейді. Бұл категориялар адамның іс-әрекеті арқылы туады. Адам үнемі батыр, жақсы, әсем тағы басқа болып көрінуі мүмкін емес. Яғни бұл қасиеттердің қай-қайсысы болса да белгілі бір ортада, қызметте пайда болады. Сондықтан да Сократ адамның іс-әрекеті оның игілігі болуы керек, деп пайымдаған. Білімнің көзі адамның өзінде, оның іс-әрекетінде, деп түсініп, білімді адамгершілік принциптерімен байланыстырып, үлкен жеміске жеткен.

Сократтың ойынша сан ғасырлар бойы орын алып келген адасушылықтан құтылуға болады. Ол үшін әрбір адам өзінің еркімен жақсылыққа қарай ұмтылып, білімнің негізін игере отырып, жаман әрекеттерден бірте-бірте бас тартуы керек. Сондықтан даналық дегеніміз - білімді осы бағытта терең жетілдіре түсу [47, 69].

Сонымен білімнің парасаттылықтан, адамгершіліктен, ізгі ниеттен пайда болып адам бойында қалыптасқанда ғана адамдардың өзіне де, өзгеге де пайдасы болатынын ежелгі грек данышпандары дәлелдеп кеткен. Сондықтан білімді беру барысында міндетті түрде оның адамгершілік пен адамдыққа негізделуін қадағалауымыз қажет. Тұлға бойындағы ерекшеліктердің бірі - оның білімділігі болса, сол білімнің оның ішкі жан дүниесімен тұтасып, қабыса бойға даритыны, сөйтіп шынайы білім тұлғаны ізгілендіруге қызмет ететіні байқалады. Тұлғаны қалыптастыру барысында парасаттылыққа, ізгілікке, адамгершілікке, даналыққа, адалдыққа, адамдыққа, ақылдылыққа, отан сүйгіштікке тәрбиелеу барысында оған беретін білімнің ізгілігіне үлкен мән берілуі тиіс. Олай болмаған жағдайда ол білімнің

қауіп туғызары сөзсіз.

Сократ адамның алған білімі мен ілімін оның ішкі дүниесімен, әсіресе парасаттылықпен, ізгілікпен байланыстырды. Ал Кант болса, Жаңа дәуір философиясын жалғастырып, тек қана білім мен ілімге сүйенген зердені қатты сынға алды. Оның ойынша мұндай зерде ешқандай жақсылыққа, адамгершілік пен парасаттылыққа әкелмейді. Өйткені, жалаң зерде түбінде адамдықтан бас тартатын жалаң ғылыми ілімді тудырады. Мұндай жалаң ғылыми ілім әрі барғанда пайымдаудың ғана шеңберінде қалады. Бұл жағынан Сократ пен Канттың ілімі сабақтасып жатыр. Сократтың негізгі мақсаты - адамның бойындағы ізгілікке бас исе, жаңа замандағы Кант пайымдау мен зердеден гөрі, ғылыми білімнен гөрі парасат пен адамгершілікке, адамның бойындағы әсемдік, көркемдік қасиетке табынады. Яғни, адамгершіліктің түп негізі білімде, ақиқатта жатыр, бірақ ол ақиқат ізгілікке, ақылға негізделіп сол ақыл арқылы барлық қиыншылықтарды жеңіп отыруы керек деп түйінделеді [47,76].

Сократ өмір бойы ақиқатты, білімділікті өте жоғары бағалағанының бір көрінісін ол өзінің «Той» (Пир) деген диалогінде Агафон деген жазушының сөз таласта өзінің жеңілгендігін мойындап: Сократ, менің сенімен таласуға қауқарым жететін емес, сенікі-ақ дұрыс болсын!-дейді. Сонда Сократ: Жок, қадірлі Агафон, сенің Сократпен таласа беруіңе болады, бірақ ақиқатпен таласуға күшің жетпей тұр ғой,-дейді. Мұндай диалогтар, ой жалғастары Ксенофонтта да, Платонда да көп. Сократ ақиқат, адамгершілік үшін күресте мерт болды. Бруно ақиқатты қолдағаны, қостағаны үшін отқа өрттелді. Дін иелері қанша кинаса да Галилей: «Қалай десеніздер де, жер күнді айнала қозғалады» -деп өз пікірінен, нанымынан таймады. Тұлға бойындағы ерекше қасиеттер: ақиқатқа бас ұру, шындық жолында күресу, әсемдік пен көркемдікке табыну, ар, ұят, әдеп сақтау, намыс, абырой, шыншылдық, имандылық пен ата-дәстүрін ардақтау. Ақиқатқа бас ұрған, шындық жолында күрескен, әсемдік пен көркемдікке табынған небір жайсаң тұлғалардың өмірі жастардың болашағына үлгі болары анық. Ар-жеке адамның кісілік дәрежесінің белгісі. Қазақ халқы «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп, арды жаннан да қымбат адамгершілік қасиет деп есептеген. Адамгершілікті сақтай білу- имандылықтың белгісі. Ұят нышандары, жан толғаныстары бет-бейнеден, инабатты іс- әрекеттен байқалады.

Ұятсыз, арсыз адам- халыққа қасірет, ұлттық намысқа дақ салатын кісілігі жоқ, адамдық қасиеті жоқ, адам емес- көлеңке [48, 53]

Бойында ар ұяты бар адамды халқымыз жоғары бағалаған. Олар адамгершілік қасиетін жоғары ұстап, Отанын жауға бермеген, ұлттық намысты қасиетті сезім деп бағалап, ол үшін өмірін қиюға дейін барған. Сондықтан қандай қоғамда болмасын тұлға қалыптастыруға, тәрбиелеуге үлкен мән берілген.

Қазақ халқы әдептілікті әлеуметтік дәстүр деп есептеген. Әдеп сақтау- этикет, яғни мінез-құлық пен қарым-қатынастың қалыптасқан халықтық ережесі. Ол ереже бұзылса, халықтық дәстүр де бұзылады, ұлттық намысқа нұқсан келеді. Әдеп сақтау-ұлттық рәсімге, тәртіпке, ережеге амалсыз бағыну емес, сол заңдылықтарды құрметтеу. Әдеп сақтау - баланың ата-анаға, келіннің бүкіл әулетке, кішінің үлкенге, інінің ағаға илтипаты. Әдеп сақтау – үлкеннің алдынан көлденең қия баспай әдептілік көрсету, халқымыздың игі қасиеттерінің бірі. Әр қоғам мүшесі өз орнын біліп, жұмыс орнында, жастардың оқу орнында, өмірдің барлық саласында әдептілік көрсетуі - ізгіліктің нышаны болмақ.

Намыс- адамдық қасиеттерді қалыптастырып, оны сақтай білудің, адамгершілік мінез-құлық пен іс- әрекеттің батылдық және кісілік көрінісі. Абырой - намыс пен ар-ұяттың, игілікті іс-әрекеттің арқасында адамның мақсатқа жетуі, сыйласымға, құрметке ие болуы. Ал, абыройсыздық арсыздық пен ұятсыздықтан, әрекетсіздіктен туатын қасиет [48, 56].

Қазақ топырағында (VIII-IXғғ) өмір сүрген Қорқыт бабамыздың есімі бүкіл әлемге белгілі музыкант қана емес, сонымен қатар ол қыпшақ даласының шығыс ренессансының «шырағын» жаққан сазгері. Қорқыт бабамыз жайлы айтылған аңыз-әңгімелерді Ә.Қоңыратбаев жинақтап былайша қорытындылайды: «Біріншіден, ол - оғыз-қыпшақ

ұлысынан шыққан айтулы бақсы, шаман. Ә.Диваев «бақсы (бақши)»-шағатай сөзі, ол балгер, сикыршы деген ұғымды береді деген. Бұл сөз манжур елінде де бар. Оларда бақсы-ақылшы, ғалым дегенді білдіреді. Екішіден, Қорқыт – күйші музыкант, ең тұңғыш қобыз сарынын туғызған адам. Үшіншіден, Қорқыт эпос айтушысы, оның жырлары оғыз-қыпшақтардың өмірінен қалған әдеби-тарихи мұра» [140]. Қорқыт ата - түркі халықтарының шығыс философиясының (араб, парсы) кеңінен таралып, қанатын кеңінен жаюына киелі қобызбен үн қосып, өмірдің азабы мен асылын ажырата білетін әсем де асқақ күйлерімен, эстетикалық талғамымен деңгейі өте биік дала-даналарына даңғыл жол ашып кеткен ұлы тұлға. Қорқыт қобызының үнінен «нәр» алып, шығыс әсемділігінің эстетикалық арнасынан сусындаған ойшылдар, айталық, Әл-Фараби, Арыстанбаб, Ахмет Ғаббас әл-Жауһари, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Камилидин Сұнақи, Жамал Қарши Хисамидин, Аталық жырау, Қадырғали Жалайыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Сыпыра Жырау, Асан қайғы, Шалкиіз жырау, т.б. ұлы далада рухани төңкеріс жасап, түркі халықтарының дүниетанымдық тұжырымдамасын айқындап бергені белгілі [32].

Қорқыт бабамыздың үнінен «нәр» алған жоғарыда атап кеткен ұлы тұлғалардың еңбектерінің мәні мен мазмұны тек қазақ халқының ғана өсіп дамуына емес әлем халықтарының өркендеуіне, жалпы адами қасиеттердің қалыптасуына, қоғамдық дүниетанымның қалыптасуына теңдесі жоқ үлес қосқандығы баршамызға мәлім. Ал эстетикалық талғамы жоғары, өмірдің асылы мен азабын, жақсысы мен жаманын ажырата білетін талғамдық деңгейі жоғары азамат тәрбиелеу, ұлттық тұлға қалыптастыру барысында бабалар еңбегінің, салып кеткен даңғыл жолдарының берері мол. Халқымыздың тарихында шешендік өнер, билер сөзі, астарлы сөйлеу, тұспалдап айту арқылы сөз құдіреттілігіне ерекше мән беріп, оны тәлім-тәрбиелік пәрменді құрал ретінде қолдану халықтың дәстүрі болған. Бұл қасиеттер халқымыздың даналығы десек, қазақ топырағында Шалкиіз, Төле би, Қаз дауысты Қазбек, Әйтеке би, Ақтамберді, Дулат, Жиёмбет, Бұқар жырау және тағы басқа ұлыларымыз өз толғауларында болашаққа болжау жасап, алдағы өмірімізге, түрлі құбылыстарға ой-пікірлерін білдіріп, төтесінен төге сөйлеп отырған. Адамның бақытты келешегі үшін күресіп, ұлттық ар-ождан мен намысты қорғау және рухани байлық туралы пікірлерін ұрпағының бойына сіңіру жолында еңбек еткен.

Қазақ жұрты әуелден өнерге бай халық. Оның қиыннан қиыстыра, төтесінен төге сөйлейтін тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қанатты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Шешендігінің үстіне ақын халық [50, 3].

Халқымыздың ашық аспанда, әсем табиғаттың аялы алақанында өмір сүріп, кез келген жағдайда әзіл қалжың айтып, ойнап күліп, дау дамайдың өзін билеріміз бір екі ауыз түйінді сөздерімен шешіп, сөз құдіретін құрметтеп өмір сүргенін тарихтан жақсы білеміз. Ол билеріміздің кесімді сөздері көпшіліктің ортасында шешіліп, ешқандай бұрмалаушылыққа бармай әділ билік айтылып, халықпен келісіліп, көптің талқысына салынып, ауызша жүзеге асып, бітіп отырған. Қазіргі жариялылық, адамгершілік, гуманистік деп жатқан қоғамымыздағы іс-әрекеттермен тең дәрежеде дау-дамайларымыз құпиясыз, пәтуаласусыз шешіліп жатқан. Сондықтан халқымыз өздерінің от ауызды, орақ тілді билерін, шешендерін, ел басқарған азаматтарын құрметтеп, сыйлаған, олардың айтқан аталы сөздерін еш уақытта жадынан шығарған емес. Аяулы азаматтарын ұмыт қалдырмаған. Ұлы Шоқанның айтуынша, билерді халық өкілдері қалап, би атап отырған, ешқандай арнайы сайлау, үкімет тарапынан тағайындау болмаған. Би болып белгіленген кісілер өзінің шешендігін, әділ төрелік айта алатын қасиетін көпшілік алдында көрсете білген. Олар барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тура сөйлейтін нағыз шешен, әрі ақылгөй, халықтың қамқоршысы болған.

Халық сол себепті де «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деп мақалдап турашыл, адал биін, халық қамқоршысын құрметтеп, оларды әр уақытта үлгі тұтып, еш уақытта ұмытпай жадында ұстаған, ұрпақтан-ұрпаққа насихаттаған. Халқымыздың шешендік өнері, билік құру дәстүрі Әз Жәнібек ханның,

Жиренше шешеннің тұсында өркен жайып, Өз Тәуке ханның кезінде биік шыңға көтерілген. Атақты Төле би, Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке билердің даңқы осы кезде шыққан. Осы кезде билер кеңесінде «Қырық рудың қырық биі» қазіргі Сырдария облысы (Өзбекстан) Ангрэн өзенінің жағасында Күлтөбе басында, «Ханабад» атты Тәуке ханның ордасында қазақтың әдет-ғұрып, заңдарының жиынтығы «Жеті жарғы» қабылданған [50, 32].

Төле би бабамыз:
Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол,
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала,
Өзіңе өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол,- деген.

Бабамыздың бұл айтылған өсиет сөздерінің философиялық тамыры тереңде жатыр. Адам бойындағы көпшілдік қасиеті -оның тұлғалық қасиеттерінің бірі. Көптің тілеуін тілеп, көпке пана бола біл, бойыңда әділдік пен адалдық қасиетінді көпке жұмса, көппен ғана мұратыңа жетесің, себебі «көппен көрген ұлы той», деп тек көпшілікпен жүрсең ғана қиыншылықтың бәрін жеңесің, деп ұрпағын көпшіл болуға және төзімділікке шақырады. Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, деп жастарды көрегенділікке, өзін-өзі бағалай білуге, адалдыққа, Отанын сүйуге тәрбиелейді.

Бірде қанды қырғын ұрыстан кейін қазақ пен ойрат бір-біріне мәмлегер елшілік жібермек болады. Сол билікті айту үшін жоңғар қонтайшысы (сірә, Цеван Рабтан болса керек) «Қазақтың атақты үш биінің бірі келсін. Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұрған біреу келсе, бітім болмайды», -деп қолқа салады. Бұны естіген үш бидің үшеуі де барғысы келіпті. Төрде отырған Төле би: «Уай қос інім, қос шырағым! Аға болып алдарыңа түсейін деп тұрмын. Ағаң - алдындағы әуелеп өскен дарағың. Інің - қанатың мен құйрығың, қайрап салар жарағың. Артымда сендер барда қанат жайып самғармын, алдаспанды сермермін. Дауласқанды жайғармын, жауласқанды жерлермін. Мен барайын бұл жолға!»- депті.

Сонда Әйтеке би жай оғындай жарқ етіп, жайраң қағып, шапшаңдық танытып: «Уай Төкем! Аға - бордан, іні – зордан, демей ме. Арқамды қорғанға тіремеймін бе, найзамды ерсілі - қарсылы іремеймін бе. Жағаласқанды жапырып, дауымды аршып, күремеймін бе. Менің баруым жөн емес пе?»-дейді.

Сонда Қазбек би есіліп: «Уай асыл ағам! Асқақ інім! Ағасы бардың жағасы бар емес пе. Жағасы бардың тоқсан пәледен сақтар панасы бар емес пе. Інісі бардың тынысы бар емес пе. Тынысы бардың елде - ырысы, жауда - ұрысы, дауда жұмысы бар емес пе?»- дейді. Екі би де үнсіз бас шұлғып, үндемей қалады. Қазбек би енді Төле биге төңкеріле қарап: «Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен. Қазақта хандыққа жолсыз таласқандар болғанмен, билікке жөнсіз таласқандар болған емес. Ендеше, әділ би, әділетін өзің айт. Аттың басы күшті ме, белі күшті ме, құйрығы күшті ме?»- дейді. Сонда Төле би: «Шырағым Қазбек, жол бастайды әманда омырауы жүйріктің. Бөгелекті қуарда пайдасы мол құйрықтың. Аттың белі қызметті көп қылар, саған кепті кезегі осы жолғы бұйрықтың!»-деген екен [50,110].

Қазақ халқы сөз қадірін білген халық. Дұрыс айтылған сөзге ешқашан таласып, дауласқан емес. Билеріміздің бұл айтылған аталы сөздерінен ақылдылықты, тапқырлықты, татулықты, бірлікті, елдікті, сөз қадірін білгендіктерін көреміз. Халқымыздың даналығын ұрпағымызға үлгі етеміз.

Төле би былай деп батасын берген екен:
Атасызға ата бол,
Батасызға бата бол

Арып ашқан қаріптің,
Жел жағына жота бол,
Панасызға пана бол,
Кек сақтамас бала бол,
Дос сүйсініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол! – депті [50,110].

Бұл айтылған дана сөздің ұрпағымызға әлі де теңдесі жоқ тәрбиесі мол екені анық! Атасызға ата болып, кейінгіге дұрыс үлгі өнеге берсе, арып ашқан қаріпке пана болып, қиналғанға қол ұшын беріп, көмек көрсетіп жатса, панасызға пана болып, кем бағалға қамқорлық жасаса, бойында кешірімділік қасиеті болып, кек сақтамаса, досын қуантып, дұшпанын күйіндіретін тірлік істелсе, даналыққа бейім болып, елін бақытқа, бірлікке бөлейтін ұлы болса ондай халықтың болашағы жарқын, іргесі берік болмай ма?! Баба батасы осыны меңзейді! Би сайланып қойылатын қызмет емес, би атану үшін адам өзінің ерекше қабілетімен, даналығымен көпшілік сүйіспеншілігіне бөленуі керек. Би жүзден шыққан шешен, мыңнан шыққан көсем. Тарихта хандардың қасында арнайы сайланылатын билер де болған, бірақ негізінде халық жадында қалғандар сайланбаған, өз даналығымен аты шыққан билер.

Билер айтты деген фольклорлық материалдар мен танысып отырсақ, олардың ойлау тәсілдерінің ерекшелігіне таң қаласың. Би аманда тұспалдап сөйлеген. Оны зерделі адам ғана ұғады, ал санасыз жанға - Абай айтқандай «итке маржан не керек» дегендей, ол мәнсіз шаруа. Қазақ сөз түсінген, сөз ұққан, бір ауыз сөзге тоқтаған адамды өте жоғары бағалаған. «Аталы сөзге арсыз ғана таласады» деген. Сөздері қор болатын жерде билер билік айтпаған. Тұспалдап сөйлеу тәсілін зерттейтін ғылымды «герменевтика» дейді. Біз герменевтиканы Батыс Европа ғалымы Гадамер еңбегі арқылы танып жүрміз. Біздің заманымыз-ғылым мен білімнің дамыған, жаңа технологиялардың заманы. Қазіргі уақытта ұрпағымыздың ойлау жүйесі, сөз саптауы, тұспалдап сөйлеуі барысында әлде қайда айырмашылықтар да бар. Қазіргі білім саласы аталып отырған герменевтика мен қазақша ойлау тәсілінің өзіндік ерекшелігі бар, оның ойлау саласында да өзіндік өзгешелігі болмақ [51,67].

Жырау қоғамдық ғылымда әлі зерттелмеген, сыры ашылмаған күрделі ұғым. Ол-тек ақын, әнші емес, ол-қоғам қайраткері. Бірақ, сонымен бірге тұнған өнер, ал қажет болғанда олар қолбасшы да болған. Билер, жыраулар заманы тозып, халық өзін-өзі билеуден айрылған кезде қазақ ақындары бойкүйездікке, сарыуайымға ұшыраған.

М.Әуезов «Қазақ әдебиеті тарихы» атты еңбегінде жырау мен ақын жайында былай дейді: «Жыраулар болжап, тұспалдап айтса ақындар нақтылыққа жүгінген, дерт пен уайымның негізгі себептерін сөз еткен. Ол қандай дерт? Ол-елден береке бірлік кеткені, байлық кетіп кедей болғаны. Ел жайлауын орыс алып, жер тарлығы, зорлық көргені. Бұрынғы кең өрісті жоқтау. Біріншісі- діннен айрылғаны. Екіншісі –ел жайлауын орыс алып, жері тарылғанын, зорлық көргенін айтады. Бұрынғы кең қоныс, кең өрісін жоқтайды. Үшіншісі дін жоғалып, қарындастық қадір тозып, ру тіршілігінің шырқы бұзылғанын сөйлейді. Кейбіреулер өзгеріп тұрған заманның ауыртпалығын айтып келіп, өткен күнге жоқтау айтады. Осының бәрін санаумен бірге тығырыққа қамалып, сенделген елдің қайғылы хандары кей-кейде ем айтқысы да келеді. Бірақ мұның ешқайсысы да алдыңғы заман неге соғатынын білмейді. Өткен күннен қалған ұлы жұмбақты шеше алмайды. Сондықтан әрқайсысының демі де әртүрлі. Кейбірінікі дін, кейбірінікі таза адамшылық, тағы бірінікі шала күйде айтылатын оқу, өнер. Бұлардың сөз қылған жайлары басқа-басқа сияқты болып, атаған емдері де әр түрлі болғанымен, барлығының басын қосатын ортақ жері бар. Ол ортақ жері– заман халінің қайғысынан туатын өкініш, зар өткендей ойлап, күрсініп, сағынып, қазірден қажып торығу, алдыңғыдан шошынып қорқу, сондықтан ыңыранып зарығу, жылану,-деп сол кездің ақындарына тоқталады. Қоғамдағы болып жатқан осындай келеңсіздікті сынаған ақындарға ғалым «Зар заман» ақындары деп ат қояды. «Шортанбай ең бірінші болып заманға сипат берген»,- дейді М.Әуезов [23,484].

Ақындарымыз бен жырауларымыз егемендікті, тәуелсіздікті көкседі және ел болып, ол елін шын сүйетін, елінің елдік ерекшелігін, ойлау жүйесін жақсы білетін ұлдардың билеуін армандады. Ақындарымыз жырлаған «Зар заман» деген шығармалары шыққан кезең қазақ хандығының саяси дербестігінен айрылып басы бодандыққа мықтап түскен кезеңдері болатын. Осы тұста билеріміз бен ақын-жырауларымыз елін билейтін, оны бодандықтан алып шығатын тұлғаларын аңсады, оларды өздерінің өлең жырларына қосты. Бойында адамгершілік қасиеті бар, таза ғылымды меңгерген, жақсы мінез-құлқы мен ақыл күші бар, қазақтың адамгершілікті тәрбиесін бойына сіңірген жан-жақты жетілген тұлғаларын халық армандап, іздеді.

Қазақ «Ұлың өссе ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе қызы жақсымен көрші бол» деп, тегін айтпаған. Халқымыз ұрпақ тәрбиесіне терең тоқтала отырып, оның мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына үлкен мән берген. Әлемде өзгермейтін, қозғалмайтын еш нәрсе жоқ. Бәрі өзгерісте, қозғалыста. Бірақ, тез өзгеретін немесе тез өзгермейтін құбылыстар да бар. Өте баяу өзгеретін құбылыстарға мінез-құлық, тіпті адамның бет әлпеті, дене құрылысы да жататындығын көрсетеді қазақ философы, академик Д. Кішібеков.

Адамның баяу, немесе шапшаң қозғалуы, мінезінің ашық немесе тұйық болуы оның тұрған жеріне, өскен ортасына, саяси құрлымға т.б. жағдайларға байланысты деген пікірлермен келісеміз. Кез-келген қоғамның әлеуметтік- саяси және экономикалық жағдайы адамның мінез-құлқына оның болмысына, ой-санасына әсер етпей қоймайды. Қазіргі тәуелсіз, дамыған ерікті қоғамда өмір сүріп отырған біздің халқымыздың мінез-құлқын, сана-сезімін, ресей үкіметінің отарында өмір сүрген кезеңмен немесе кеңес үкіметінің яғни қызыл империяның кезіндегі уақытпен салыстыруға болмайды.

XVIII ғасырда өмір сүрген француз философы Г.А. Гельвецийдің «Адам, оның ақыл-келбеті және тәрбиесі жайлы» деген еңбегінде: Тәжірибе дәлелдегендей халықтардың мінез-құлқы мен ақылы, олардың үкіметінің түр сипатымен бірге өзгереді, әр қилы үкімет түрлері бір ұлттың мінезін кезекпен бірде көтеріңкі, бірде пәс, бірде тұрақты, бірде тұрақсыз, бірде батыр, бірде осал етеді: Олай болса адамдар ешқандай мінезге бейімделіп тумайды, немесе тіпті қарама-қарсы бұрыс та, дұрыс мінезбен тумайды. Сондықтан олар тек тәрбиенің жемісі» екендігін дәлелдеген. Гельвеций пікірінің негізі бар, бірақ адамдар ешқандай мінезге бейімделіп тумайды, деген пікіріне қосыла беруге де болмайды, тұқымға байланысты мінез ерекшелігі ғылымда дәлелденіп жүр. Адамның мінезінің қалыптасуына өмір сүрген орта, отбасы, қоғамдағы болып жатқан өзгерістер, тіпті табиғаттың да қатысы бар. Сондықтан ұлы Абайдың да «Адам мінезін өзгертуге болмайды дегеннің тілін кесер едім» деген ой-пікірі тегін айтылмағанына, адам мінезінің өзгеруіне тәрбиенің үлкен рөл атқаратынына күмәніміз жоқ.

Қазақ халқының мінез-құлқы оның кең далалық географиялық кеңістігіне де байланысты, ғасырлар бойы мал соңында асықпай көшіп-қонып жүрген халқымыздың мінез құлқындағы ерекшелігін философ Д. Кішібеков он бір бөлікке бөліп қарастырған. Біріншіден, асықпай байсалды өмір сүру; екіншіден, әр сөзге мән беріп, ойлап сөйлеу және сөздің «тобықтай түйінін іздеуі; үшіншіден, әр сөзді талдап пайымдап жауап беруі; төртіншіден, халқымыздың сауықшылдығы мен қыдырымпаздығы және бойындағы жалқаулық қасиетінің болуы; бесіншіден қазақтың жылқы малын өте жоғары қадірлеуі; мінсең көлік жисаң дүние, ашытқан сүті қымыз, ішсең мейірің қанады; жесең тамақ, кисең киім деп бағалаған; алтыншыдан, қазақ әйелдерінің басқа отырықшы орта Азия халықтарына қарағанда еркіндік жағдайда өсуі, жетіншіден қазақтың кешірімді және кең пейілділігі және кез-келген істің артын пайымдап күтуі; сегізінші қазақтың ешбір халықты жатырқамайтын кең пейілділігі; баурымашылдығы мен қонақжайлылығы; тоғызыншы, қазақ халқының бойындағы қайырымдылық, оның жетім-жесірін өз қамқорына алуы, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуі; келіндердің үлкенге иіліп сәлем беруі; оныншы, кең сахараны жайлаған елдің бірін-бірі руы арқылы ажыратып білуі, соған байланысты үш жүзге бөлінуі; он бірінші XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап, мыңдаған жылдар қалыптасқан қазақ өміріндегі өзгерістер

және оның отырықшы халыққа айналуы. Нарықтық экономикаға көшу қазақ халқының өмір сүру тәсілі мен мінез-құлқын, әдет-ғұрпын күрт өзгеріске әкелуі. Ешкімнің сырттай нұсқаусыз адам іштей өздігінен өз жан-дүниесін өзгертуге мәжбүр бола бастауы да қоғамның адам өміріне оның мінез-құлқына әсер етуінен екендігі [53,87].

Қазақ халқы табиғатынан қарапайым, кешірімді, сөз құдіретін білетін, сөз құдіретіне үлкен мән беретін, түсі жылы, табиғатынан қайрымды да ақылды, жайдары халық болғандығы ғылымда дәлелденген. Халқымыздың мінез-құлқындағы бұл ерекшеліктері оның іс-әрекетінен, табиғи қарапайымдылығынан көрініп тұрады. Бойында пайымдылық, кешірімділік, ата-баба дәстүрін құрметтеушілік қасиетін ұрпақ бойына сіңіре отырып, оларды жалқаулық пен тоғышарлықтан арылтып, нарықтық экономика талаптарына сай етіп, бәсекелестікке қабілетті ұлттық қасиеті бойында бар, білімді, жан-жақты дамыған ақылды ұрпақ тәрбиелеу кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде тарихи мұраға, өткен өмірге көзқарас үнемі бірқалыпты болмағаны белгілі. Тарихи оқиғалардың қоғам дамуымен бірге өзгеріп отыратындығы да анық. Адамзаттың өркениетінде, ата-бабаларымыздың бізге қалдырған мәдени-рухани мұраларын зерттеу барысында жетістіктер мен кемшіліктер де баршылық. Оларды саралай отырып, рухани өміріміздің дамуына мұрындық болатын өзекті мәселелерді, ізгі ойларды, ұлы адамдардың есімдерімен байланысты іс-әрекеттерді зерттеп, сөйтіп ғасырлар тереңіне бойлау, мақтануға тұрарлық. Сондықтан тарихымыздағы осындай игі істерді кейінгі ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану қажеттілігі туындайды. Өйткені, өркениетті дамыған қоғам болу үшін оған лайықты ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жаңарған уақытта өмір сүріп отырмыз.

Адами болымыстың жоғары қасиеттеріне парасаттылық, білімділік, Отанын сүю, имандылық пен ғылымды меңгеруін, туған тілін құрметтеуін жатқызамыз. Тәуелсіз мемлекетіміздің мемлекеттік тілі - қазақ тілінің тарихына үңіле отырып, қазіргі жағдайын сараласақ, ұлттық тіліміздің болашағына көз жіберсек бабалар еңбегінің құндылығына бас иеміз. «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген ақын, жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың пікірлері ойымыз бен санамызды толғандырады. Тілімізді гүлдендіретін де, болашағын көркейтетін де ұлтын сүйетін ұлт жанды жас ұрпақ болмақ.

Сөз тарихы халықтың \сол тілді қолданушылар\ тарихымен ғана емес, оның ой-сана, тарихымен де байланысты. «Ойдың тікелей шындығы» ретіндегі тілдік көрініс ғасырлар бойғы адамның тану, ұғыну, қоршаған ортаны бағалауы сияқты әрекеттерді тұтас бойға жинақтаған құбылыс деуге болады. Тіл - халықтың және оның мәдениетінің, өзін-өзі көрсетуінің мәнді тәсілі. Әр бір тіл өз қалпында бағалы, себебі ол әлемді, дүниені тек өзіне ғана тән қайталанбас тәсілдермен айшықтайды. Жеке адам мен халық тағдыры, олардың адамдық қасиеті туған тіл тағдырынан тыс емес, сонымен тікелей байланысты [54,99].

Тілдің қадір-қасиеті жөнінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы айтылған Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов және Ғабит Мүсіреповтердің ой-пікірлерін талдап көрелік.

Тілдің адам өміріндегі, хәм ұлт өміріндегі ұстаған орны жайында Мағжан былай дейді: «Тіл - адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей қор болып қалар еді... Адам тіл арқылы ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар? Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алады деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Қысқасы, адамның толық адам аталуы тілі арқасында», - дейді Мағжан Жұмабаев. Ол - тіл әрбір адамға осылайша қымбат екендігін, тілінен айрылған ұлттың дүниеде ұлт болып қала алмайтындығын, ондай ұлттың құритындығын, ұлттың ұлт болуы үшін ол ұлттың бірінші шарты - тілі болу керектігін, ұлттың тілі кеми бастауы, сол ұлттың құри бастайтындығын анықтаған. Мағжан ұлтқа тілінен басқа қымбат нәрсе болуға тиіс емес дей отырып: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары

сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып, қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы», - деп қазақ тілінің ерекшелігіне, оның орамдылығына, бай тіл екендігіне, сол тілде ұлттың бүкіл болымысы жатқандығына, оның болашағына тоқталады. Тілдің адам өміріндегі орнын, қоғамдағы міндетін ашып көрсетеді:

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім

Таза, терең, өткір күшті, кең тілім.

Таралған түрік балаларын баурыңа,

Ақ қолыңмен тарта аларсын сен тілім, - деп қазақ тілінің келешекте төрден орын алатындығына кәміл сенеді [55, 25].

Қазақ зиялыларының ішінде ұлт руханиятының қай саласында болмасын халқымыз үшін берекелі еңбек еткендердің бірі - Мұхтар Әуезов. Мұхтар Әуезов көркем әдебиет, әдебиеттану ғылым салаларында ғана емес қазақтың жазба тілінің бүгінгі мен ертеңіне көз тастап, тың пікірлер айтқан. Ол – қазақтың жазба тілі, әдеби тілі, ғылыми тіл, терминология мәселелері бойынша ой қозғаған ғалым. Оның Абай және тағы басқа да ақын жазушылардың тілі жөніндегі пікірлерін де құнды пікірлер деп қарастыруға болады. Сонымен қатар ол - ұлттық мәдениет пен ұлттық тілді қатар қарастырған, ол жайында келелі мәселе көтерген. Мұхтар Әуезовты артына мол мұра қалдырған көркемсөздің алыбы ретінде де, қазақ тілінің мәдениеті мен дамып қалыптасуына үлкен ықпал еткен қайраткер-қаламгер ретінде де қарастыруымызға болады. Оның тіл мәселесін көтерген алғашқы мақалаларының бірі - «Қайсысын қолданамыз?» мақаласы Сарыарқа газетінің 1917 жылғы қазан айының 9-да, ал «Ғылым тілі» мақаласы Абай журналының 1918ж 7-санында жариялаған. Бұл мақалаларында жиырма жастағы жас дарын сол кездегі қазақ тілінің, оның мәдениетінің көкейкесті мәселелерін қозғайды. Мысалы, «Ғылым тілі мақаласында»: Қазіргі қазақ тілінде оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылмандарша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Мұсылманша оқыған мұғалім Еуропаның ғылыми тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Осыдан ошақтың үш бұтын үш жаққа қаратып отырғандық – ғажаптанарлық нәрсе емес. Бірақ салыстырып, осы екі жолдың бірін алып, бәріміздің бетіміз бір жөнге сайып келуі мұқтаж. Бұл мұқтаждық ұғым бәрімізге парыз,- деп жазады. Ұлы жазушы мәдениет пен тілді тұтас алып қарастыра отырып: «Өз тілін білмеген адамдарды мәдениетті адамдардың қасына қосуға болмайды»- деп тілін білмеген, оның қыр-сырын жетік меңгермеген, адамдарды мәдениетті адамдардың қатарына қоспаған. Туған тілін білген және оны құрметтеген адамды ғана мәдениетті, бойында тұлғалық қасиеті қалыптасқан адам деп есептеген.

Қазақ тілінің табиғи қасиетін жойып алмауға, оның қырының сынбауына, оның оралымсыз болмауына үлкен еңбек сіңіргендердің қатарына Ғабит Мүсіреповты де жатқызамыз. Ғабит Мүсіреповтың бес томдық шығармалар жинағы мен мақалаларында және де басқа еңбектерінде тіл туралы толғанбаған тұстары кемде-кем екендігін байқауға болады. Ғ.Мүсірепов: «Біздің ең үлкен трагедия, басшыларымыз әдебиетімізді ана тілінде оқи алмайды, орысша аудармадан оқиды (онда да оқыса). Орысшасы арқылы бағалайды», - деп басшылардың ана тілімізді білмейтініне, әдебиетіміздің табиғатын түсінбейтініне қынжылады. Ғабит Мүсірепов - ана тіліміздің келешегіне, бүгінгі тағдырына арнайы тоқталып, ой қозғаған, түбегейлі пікір білдірген жазушы. Оның алпысыншы жылдардың басында жазылған «Әдебиет тілі жайында» атты мақаласында ол: «Соңғы кезде белді-белді тіл ғалымдарының (І Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Әбдірахманов, Т.Қордабаев) орфография, емле, мәселелеріне тағы да бір оралғандарын мәдениет жұртшылығы қатты ұнатып қалғандығына тоқтала отырып, көптеген көркем шығармаларда орын алып, өрбіп бара жатқан келеңсіз жайларды талдап көрсетеді. Тіліміздің шұбарланбауын қадағалау керектігін өзекті мәселе етіп, дер кезінде қозғайды. «Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Тілді

ешкімге түрпілетпеуіміз керек»,- дейді. Ғабит Мүсірепов. Ол ұлттық тілдің қадір қасиетіне тоқтала отырып, тіл майданында жүрген тілші ғалымдардың тілге мұқияттылықпен қарап, оның терең мағынасы мен маңызын оқырман қауымға сауатты жеткізуіне үлкен мән береді. Кезінде үлкен қоғамдық пікір туғызған дүниенің бірі – Ғ. Мүсіреповтың: «Авгейдің ат қорасынан бастайық» атты мақаласы еді (мақала 1976 жылы, 28 қарашада «Социалистік қазақстан» газетінде жарияланған). Мұнда ол негізгі ойын ана тіліміздің тарихи мәнін ашып, бағалаудан бастайды. Ол: «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін, тек өгей ұлдары ғана аяққа басады», - дейді [56,4].

Ұлттық тілдің тағдырын сөз еткенде «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы, ақын Мұхтар Шахановтың келелі ой пікіріне, ана тіліміздің жанашыры ретіндегі қайраткерлік іс-әрекетіне тоқталмай кетуге болмас. Оның:


«Өз тілінді жерсінбеудің,
Өз анаңды менсінбеудің
Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?
Ол - рухани мүгедектік әрі ұлттық сатқындық!
Аз қайғы ма талабыңды түсінігің алдаса?
Мейлі он тіл, тіпті жүз тіл меңгергенің далбаса
Өз ұлтыңның тілі менен рухы

Ой санаңа іргетас боп қалмаса»,- деп өз ана тілінде ойлаудан, сөйлеуден қалсаң, ұлттық рухыңнан ажырайтыныңды, өз ана тіліне менсінбей, жерсінбей қарайтындардың талайларының тағдыры тәлкектікпен аяқталатындығын ашып айтады. Ұлттың ең ұлы анасы тілі екенін, тілден ажыраған шақта ұлттың да жойылатындығын оның «Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы» атты шығармасында анық айтылған. Ана тіліне деген арсыздық пен сатқындықтың, рухани мүгедектіктің, өз ана тілінің рухы санаңда қалмаса жүз тіл білгенімен орны толмас, зор қайғы екендігін ақын терең толғанып жырлайды.

Белгілі шығыс танушы ғалым.Мелиоранский П.М. (1868-1906) былай дейді: «Қазақ тілін зерттеушілеріміздің барлығы да бір ауыздан бұл тілді ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі» деп санаса, атақты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін білсе дін де, ғылым-білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті»,- дегенді айтады. Радлов В.В. «Қазақ тілі-исламның бүлдірушілік әсеріне ұшырамай, түпкі таза түрін-түркілік сипатын сақтап қалған тіл. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ таралғандағы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларынан құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауым себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарынан сөзге тапқырлығы мен шешендігі де маған әсер етті»,-деп жазады [168,6].

Халықтың түпсіз даналығы, өмірден түйген өнегелері, этикалық қағидалары, эстетикалық талғамы, тәлім-тәрбиесі тілі арқылы сақталып, тілі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататындығын біз жақсы білеміз. Біздің тіліміздің байлығы мен құнарлылығы кез-келген халықтың тіліндегі шығармалармен салыстырғанда да бұл ерекшелігі анық байқалады. Бұл тіл - ұлы Абай мен Мұхтардың сөйлеген тілі. Тек қынжылтатыны сол тіліміздің төңірегінде әлі де болса өзекті мәселелердің көптігі. Мемлекеттік тіл дәрежесін алып, құжаттарымыздың сол тілде жүргізіліп жатқаны қандай деңгейде? Басшылардың, ел билеп отырған тұлғалардың тілді білуі қанағаттандырады ма? Қаракөз қандастарымыздың өз ана тілін білмеуі мен ол сол тілде сөйлеуге намыстануы нені меңзейді? Сұрақтар көп-ақ. Мүмкін бұл жетпіс жыл бойы бойымызға сіңіп қалған отарлау саясатының ызғары болар. Даламыз кең, байлығымыз мол. Халқымыздың саны, оның көбею үрдісі оған сәйкес емес, деген пікірлер де бар. Міне, сондықтан да ата-баба құндылықтарын сақтап, оларды жете біліп, терең меңгеру, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білу аға ұрпақтың парызы. Даналардың даналығы тілі арқылы жеткізіледі. Ұлттық тұлға бойындағы тілді құрметтеуі, қорғай білу

қасиеті - ең жоғарғы қасиет. Ұлттық тұлға бойындағы ұлттық құндылықтарды алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде қалыптастыру қағидаларын ұлттық идея мен ұлттық тәрбие деп, саралап көрсеттік. Біз ұлттық тұлға қалыптастыру қағидаларын ұлттық идея мен ұлттық тәрбиенің негізінде ұлттық тіл, білім, діл, ұлттық мінез-құлық, ұлттық рух пен мәдениет деп алдық. Ұлттық тұлға қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің өзіндік ерекшеліктерін төмендегі сызба (1-сурет) арқылы көрсеттік.



Сурет 1 – Ұлттық идея мен ұлттық тәрбие ұлттық тұлға тұғыры

2 ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1 Тұлға бойындағы адами қасиеттердің орта ғасыр ойшылдарының еңбектеріндегі көрінісі

Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарымызды, адами ізгі қасиеттері-мізді біртіндеп сіңіріп тәрбиелеу барысында үлгі боларлықтай ойшыл оқымыстыларымыз, бен ел бақыты үшін жанын қиған батыр бабаларымыз, халқының қамын жеген ақылгөй даналарымыз баршылық. Осыған орай, қоғам мүшелерінің бойында болуға тиісті тұлғалық асыл қасиеттер жөніндегі ой-тұжырымдарды ең алдымен орта ғасыр ойшылдар еңбектерінен іздестіруге тура келеді. Біздің мақсат-міндетіміз - тарих қойнауына терең үңіліп, сол бабалар бойындағы ұлттық киелі қасиеттерді ғылыми тұрғыда айқындап, оны бүгінгі жастардың бойына сіңірудің тиімді жолдарын қарастыру. Орта ғасыр ойшылдарының ішінде жеке тұлғаның бойында болуға тиісті адами қасиеттер жайында терең зерттеген ғалым - әл-Фараби. Баба мұраларының қырларын зерттеуде ғалымдарымыз –Бурабаев М.С., А.Машанов, А.Қасымжанов,, М.Орынбеков, Ж.Алтаевтың т.б. еңбектерін атауымызға болады.

Қазақ топырағындағы Отырарда дүниеге келген ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің (870-950) «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолын сілтеу», «Риторика», «Қайрымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» т.б. педагогикалық, психологиялық, дидактикалық еңбектеріндегі ой-пікірлерінде адам бойында болуға тиісті және тәрбие арқылы жетілдірілетін тұлғалық қасиеттер сараланып көрсетілген. Мәселен, Әл-Фарабидің пайымдауынша жеке бастың тұрғысынан қарағанда бақыт дегеніміз, адамның адамгершілігіне негізделеді. Ол ұғымға, философиялық зеректік пен терең ойлылықтың үстіне, жақсы мінез-құлық та кіреді. Бұл соңғы қасиет адамның іс-әрекетінен тіпті тәуелсіз жатқан, әуел бастан берілетін бірдене емес. Жазу өнерінде жетіле түсу шеберлікке жеткізетіні сияқты, абзал іс-әрекеттерді үйрену, осыларды зорлау жайымен емес, қуанышқа кенелетін табиғи жолмен әдетке айналдыру жақсы мінез-құлықты қалыптастырады дегенді айтады [58].

Ақыл-ой, адамгершілік этикалық-адамгершіліктен айырғысыз нәрсе: ақылды, демек, ол - адамгершілігі мол, қайырымды адам. Жетілу үшін өзіңе-өзің барынша адал болуың қажет, мұның, әсіресе өз бойыңда бар абзал қасиетті тани білуге, соларға ие болуға және соны дамытуға қатысының барлығы жайында да құнды пікірлер айтқан. Мінез-құлықты жетілдіруді әл-Фараби денені жетілдірумен ұштастырады. Дененің жетілуі денсаулыққа тіреледі. Егер денің сау болса, онда оны сақтауға және нығайта түсуге жағдай жаса, денсаулығың жоқ болса, онда оны табуға көмектесу керек. Дененің саламаттылығы өмір қажеттерінде белгілі бір шараларды сақтауға байланысты рухани саламаттылық ретінде жақсы-мінез құлық та шаманы талап етеді. Жаман мінез-құлықты әл-Фараби рухани кесел деп сипаттайды [59].

Бабаларымыз жақсы мінез құлықты, адам бойындағы игі қасиеттердің бірі деп бағалаған. Дені саудың жаны сау деген аталы сөздің мағынасы терең. Ақыл-ойы, адамгершілігі мол, мінезге бай адамды халық ардақтаған, бойында игі қасиеттері бар мұндай адамдарды ерекше құрметтеген. Адам бойындағы ізгі-қасиеттерді зорлау жолымен емес, жақсылыққа, қуанышқа жетелей отырып, тәрбиелеумен ендірудің қажеттілігін түсіндірген.

Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолын сілтеу» деген еңбегінде: «Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату (артық) сөзді керек етпейді, өйткені бұл мейлінше белгілі (нәрсе)», - дейді.

Жетілушіліктің кез-келгені - адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі, адамның қалауы. Адам талпынатын қалаулы игілік ретінде мақсаттардың саны көп болғандықтан, бақыт солардың ішіндегі ең пайдалысы болып табылатындығын зерделейді.

Адам - күрделі де қиын құбылыс. Оның күрделілігі мен қиындығының өзі сонда, оның жұмбағы көп, қалауы мен мақсаты шексіз. Сол қалаулы игіліктердің ішіндегі көп мақсаттардың бірі – ол бақыт. Бұл - игіліктердің ішіндегі ең үлкен игілік. Әл-Фарабидің пікірінше, кейбір адам байлықты бақыт десе, кейбіреулері басқа нәрсені бақыт деп түсінеді. Сондықтан игіліктер ішінде бақыттың орнын жоғары бағалай отырып, соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуын талап етеуі керектігіне де мән береді. Ол: «Адамның өмірінде мадақтауға немесе жазғыруға болатын, яки болмаса болмайтын жағдайлар баршылық. Мұндай жағдайларда адам бақытты бола алмайды. Мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосылғанда ғана бақытқа жете алады», - деп санайды.

Қиыншылықтарға төзе білетін, шыдамды адамдар ғана бақытты болады. Мұндай адамдардың бойында осы қасиеттерді ажырата алатын, яғни «жақсы ақыл-парасаттылық (адамның) ақиқатқа көзі жеткенінде немесе сол ақиқатқа жеткізетін не нәрсе екенін ажыратуға қабілетті болуында», - деп кез-келген жағдайда әрекетінің дұрыс болуы үшін не істеу керек? Оған баратын қандай жол бар? Оны анықтап алудың қандай жолы бар? - деген өзекті мәселені жас ұрпаққа түсіндіреді. Ол: «Адам бақытқа жету үшін кез-келген нәрсені ойлап, соған жету барысында саналылықпен әрекет жасаса ғана, бүкіл өмірінде нені қалай жасау қажеттігін, және қалай ажырату керектігін біліп отыратын ақыл-парасатты болса ғана бақытқа жетеді», - дейді. Ол жас ұрпағымыздың бойында болуға тиісті саналылық, ақыл-парасаттылық қасиеттер бақытқа жетудің бір жолы деп көрсетеді. Әл-Фараби даналықты адам бойында туа бітетін қабілеттілік қасиет деп қарайды.

Әл-Фараби: «Қабілеттіліктің арқасында тамаша да, оңбаған да әрекеттер жасайды. Бұның себебі мынада: адамда тамаша әрекет жасауға да, оңбаған әрекет жасауға да әуел бастан мүмкін қабілеті бар. Дәл осы қабілеттің арқасында ол жақсы да, жаман да ақыл-парасатқа ие болады. Нақ осы сияқты, бұл қабілеттер жан аффектілеріне әсер етеді. Оларда оңбаған әрекеттер жасау мүмкіншілігі тамаша әрекеттер жасау мүмкіншілігімен барабар» - деп көрсетеді [52,9].

Адам бойында жақсы қасиеттері мен жаман қасиеттері қатар жүреді. Оның бойындағы қабілеттілігін оңбаған әрекеттер мен тамаша әрекеттерге бірдей қолдануға болады дей отырып, адамсүйгіштік, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерге құрметпен қарау арқылы оның бойындағы қабілеттілігін тамаша әрекеттер жасауға икемдеу керектігін айтады. Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», - деген аталы сөздерін қалдырады.

«Азаматтық саясат» деген еңбегінде «Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл-парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бұл адамға әрекетшіл ақыл-парасат беретін әуелгі бастамалар мен әуелгі білімдерді адам пайдаланып, пайымдағанда, сонсоң ол талпынушы күш арқылы бақыт жолдарын іздегенде, практикалық ақыл-парасат күші арқылы бақытқа жету үшін ол не істеуі керек екенін ойластырғанда жасалады. Сонан кейін талпынушы күш арқылы ойластыру жолымен біліп алған әрекеттерді жасайды. Қиялдаушы және түйсінуші күштер ақыл-парасат күшін әзірлейді және оған көмектеседі, адамды бақытқа жету үшін жағдай жасайтын әрекеттерге бастайды, міне сонда адам игілікке ие болады. Сөйтіп, ерлік күшіне негізделген игілікке қолы жетеді», - дейді [52,124].

«Адам бақытын өз қолымен жасайды. Ақыл-парасатының күші арқылы әуелгі бастамалары мен білімдерін дұрыс пайдаланып пайымдау арқылы және оны қалай пайымдау керектігін терең ойланып, талпынып әрекет жасағанда ғана адам бақытты болады. Игілікке қолы жетеді», - деп адам өмірінің сәттілігін, дұрыс жолға түсуін, ақыл-парасаты арқылы, оны дұрыс түсініп пайымдауының негізінде жететіндігін дәлелдеген.

Зұлымдыққа келетін болсақ, бұл өзі жоғарыда айтқандай, ақыл-парасат күшімен бақытты пайымдағанда, оның мақсатын теріс түсінген күйінде ғана пайымдайды. Адам

бақыттың не екенін түсінбестен, ол соған асығыс ұмтылады және бақытты өмірінің мақсаты етпестен, басқа бірденені: пайданы немесе абыройды мақсат тұтады. Ол талпынушы күштің жетегімен осыған жетуге тырысады. Осы мақсатқа қалай жетудің жолын ойластырады. Талпынушы күштің көмегі арқылы соны жүзеге асырады. Сөйтіп абсолюттік зұлымдық орын алатындығына тоқталады.

Адам баласына ортақ қасиеттердің болатынын айта отырып, сонымен бірге әр адамның тек өзіне ғана тән қасиет-қабілеттерінің бар екендігін сөз етеді. Кез келген адам бойындағы өзіне ғана тән қасиетінің болатындығын көрсете отырып, «осы табиғи қасиеттердің бәрі ерік күшіне негізделетінін оны тәрбиелеуді қажет ететінін және оларды елеусіз қалдырып, арнаулы амалдармен дамытпаса, тиісті нәрселерге баулымаса, соның салдарынан уақытын өткізіп алса, онда ол қасиетті жойып алуға болатындығын дәлелдейді. Адам бойындағы жаратылысынан болатын игі жақсы қасиеттерін белгілі бір амалдармен тәрбиелемесе, оны дамытпаса, оған дұрыс бағыт-бағдар берілмесе жойылып кететіндігін; ол тәрбиеленушінің бойындағы абзал қасиеттерін танып білу арқылы тәрбиелегенде ғана дұрыс нәтиже беретінін ғалым түсінікті етіп баяндаған. Адамдардың жаратылысынан неге лайықты екенін ажыратып білу арқылы тәрбиелеу керектігін, оның белгілі-бір іс-әрекетке бейімділігін, жетілген-жетілмегендігін ажырату арқылы өзі бейім тұратын іс-әрекетке ыңғайлап, тәрбиелеу аса қажетті іс-әрекет екендігін анықтаған. Өзін-өзі танып тәрбиеленген ұрпақ қана ізгілікке қадам баса алатын ұрпақ бола алады деп ой қорытады.

«Қайсыбір салада нәтижеге жетуге қабілетті адамдар ондай қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Бұл оң нәтиже бермейді. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті бар адамдар нәтижеге жетуге қабілеті аз адамдарға басшы болса ғана қарамағындағыларға қуаныш, оң нәтиже береді» дейді [52,130].

Бойында небір тамаша қасиеті бар адамдар болғанымен, егер дұрыс тәлім-тәрбие алмаса, оның игі қасиеттері көрінбейді. Сондықтан, адам бойындағы жақсы қасиеттерін, ерік-жігерін, қабілеттілігін, ақыл-парасатына дұрыс бағыт-бағдар беру арқылы жетілдіруге болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Ол үшін осы тәрбиені беретін ұстаздың «ақылгөй» болуын, оның ролінің ерекше екендігін жоғары бағалаған. «Кез-келген адам айтқанның барлығын орындап, үйреніп, дұрыс ақылдың барлығын іске асыра бермейді. Бұл әрекет адамдардың көпшілігіне тән. Сондықтан ақылды, айтылған өсиетті орындата білетін адамға зәру болады», - дейді [52,132].

Басқаға басшылық ету әр адамның қолынан келе бермейтіндігін және (тиісті әрекетті жасауға) басқарушы қабілет те әрбір адамда бола бермейтін қасиет екендігін, басқалардың айтқанын ғана істеуге қабілеті бар адам ешбір жағдайда басшы бола алмайтындығын, ондай адамдар барлық жағдайда тек басқа біреудің басшылығында болатындығына тоқтала отырып, ел басқаруды үлкен өнер деп бағалайды. Ұлы ғұлама адам бойындағы тағы да бір өзіндік ерекшелік деп өзгеге өз айтқанын істете білетін адамдардың, яғни «басшылардың» басқару қабілетіне тоқталады. Егер адам бойында өз ойлағанын немесе іс-әрекетін өзгеге істете білетін қасиеті, яғни «ілестіріп алып кететін» ерекшелігі, я болмаса «итермелеуші» қасиеті болмаса ол басшы бола алмайды. Яғни, дұрыс басшылық жасау үшін әрбір басқарушы адамдарға басқарушылық қабілетін шебер ұштастыра білуі керек деген.

«Абсолюттік мағынада бірінші басшы дегеніміз кім? Бұл басқа біреудің басшылығын мүлдем керек етпейтін және ғылымдар мен білімдерінің жетілгені сонша, бұл жөнінде өзіне басшылық ететін басқа адамға мүлдем тәуелді болмайтын дәрежеде шын жетілген адам, ол істеуге тиісті нәрсенің барлығын жеке-жеке, егжей-тегжейлеріне дейін білуге қабілетті болуы тиіс. Сонымен бірге бұл адам өзінің қарамағындағы бірденені тындыруға жарайтын адамдардың қандайын болмасын пайдалануға қабілетті; бұл адам басқаларды бақытқа жеткізетін бағытқа сілтеуге тамаша қабілетті. Бірақ бұл жаратылыс қасиеттері өте тамаша, абзал жаралған, әрекетшіл жандарға және ол қасиет ақыл-парасатпен бірге біткен адамдарға ғана тән», деп басшылық іс-әрекеттің ерекшелік қасиеттерін талдап, дәлелдейді.

Әл-Фараби басшылыққа бағынатын адамдарды қайырымды, абзал және бақытты адамдар деп санайды. Бұл адамдар халық болып құрылса, ондай халықты қайырымды халық деп, ал қоныстанып біріксе, қайырымды қала болып табылады деп көрсеткен. Бұл қайырымды қаланы билейтін басшылардың тілектері, мақсаттары және оны іске асыру әрекеттерінің шынайы, бірыңғай болуының арқасында нәтижеге ие болатындығын және олардың өз бетінше орынды деп тапқан іс-әрекеттері болса, басқару бағытын өзгерте алатындығын, ондай басшының заң бойынша нағыз билеуші болып табылатынын көрсетеді.

«Қала әкімінің ісі, яғни басшының ісі – қала бөлшектерінің өзара байланысын және өзара келісімін орнататындай етіп қала басқару, оның тұрғындарының игілікке ие болумен бірге зұлымдықтың тамырын жою ісінде де біріне-бірі көмек көрсететіндей тәртіп орнату және бақытқа жету үшін пайдасы тиетіннің бәрін сақтап, көбейтіп, [зиян] келтіретін нәрсені [пайдалы] етуге тырысып, пайдалы етуге болмайтын нәрсенің зиянын жоюға немесе азайтуға, сәл де болса бағытталуы керек», - дейді. [52, 137].

Ұлы ғұлама қала басшысының істейтін игі істеріне тоқталады. Олардың басқару ісінде келісімге келіп, тіл табысып, зұлымдықты пайдалы іске айналдырып, болмаған жағдайда зиянсыздандырып, адамдардың бір-біріне көмек көрсететіндей, бір-біріне қуаныш сыйлап, бақытқа бөлейтіндей етіп басқаруына тоқталады. Ғұлама адам бойындағы өзі өмір сүрген ортаға жақсылық жасау қасиетін бағалай отырып, бұл қасиеттің басшының (бізше «тұлғаның») өн бойында болу керектігін дәлелдейді. Игілікті істерді біліп қана қоймай, оны іс жүзіне асыруға әрекет жасау керектігін және оған бағыттап отырудың қажеттілігін басты мәселе етіп қозғайды.

«Әрбір топ немесе әрбір халық бұл нәрселерді (діни ұғым, пайымдау, адам жанының сәулеленуі т.б.) өздеріне белгілі бағыт есебінде қабылдаған. Бақытқа сенетін адамдардың көпшілігі бұндай ұғымдарға, қиял елесіндегі бір нәрселер түрінде сенеді. Адамдар қабыл алатын, ереже тұтатын, сыйлайтын бастамалар туралы да осыны айтуға болады: адамдардың көпшілігі бұған ұғым түрінде емес, қиял елесіндегі нәрселер түрінде қабыл алады.

Әл-Фарабидің түсінігінше «Бақытқа ұғым түрінде сенетіндер және бастамаларды ұғым түріндегі бірдеңе деп қабыл алатындар – бұлар даналар» [52, 147].

Әл-Фараби «Азаматтық саясат» атты еңбегінде «надан қала», «адасқан қала», «адамгершіліксіз қала» деп жіктей отырып, бұларды егінді жерге шыққан арам шөптер деп қарау керек және оларды пайдалануға болмайды, оларға зиянды жандарға қолданылатын амалдарды пайдалану керек дегенді айтады.

Қала тұрғындарына қажет қалаларда қажеттілік қоғамы бар, айырбас қалаларда - айырбас қоғамы, пасықтық қалада - пасықтық қоғам, даңғой қалаларда - даңғой қоғам, мансапқор қалаларда - мансапқор қоғам, коллективті қалаларда және азаматтар қалаларында - азат қоғамы бар деп жік-жікке бөле отырып, осылардың әрқайсысына тоқталып түсіндіреді.

«Қажеттік қаласы мен қажеттік қоғам» дегеніміз – дененің өмір сүруі және қорғануы үшін қажеттілердің [бәріне] ие болу үшін өзара көмек көрсету ісі бар қалалар яғни қажеттілік деп – мал шаруашылығы, егіншілік, аңшылық іс-әрекетермен айналысатын, қажеттіліктің бәрі табылатын, сол қажеттілік жолында халықты басқара алатын, ол жолда өзіндік қулығы, сақтығы, оны басқаруда өзіне қатысты қажеттілікті сақтай алатын басшыларды да анықтайды. Әл-Фараби осы қоғамның өзіндік ерекшеліктерін, ондағы өмір сүру формаларын, басшылар бойындағы қасиеттерді, адамдардың мінез-құлқын, өзі өмір сүріп отырған қоғамның өзіндік ерекшелігін талдайды [52, 151].

«Айырбас қаласы мен айырбас қоғамы» деп ауқатты адамдарды және сол жолда әрекет жасап байыған сайын байи беруді армандаған, бұл жолда өздерінше әр-түрлі кәсіппен айналысатын адамдардың қоғамын жатқызады. Осылардың ішіндегі бәрінен де қу, амалы басым адамдарды осы қоғамның басшысы болаған деп көрсетеді.

«Пасықтық қаласы немесе пасықтық қоғам» деп көңіл көтеру, әзіл-күлкі немесе осы екеуімен де айналысып, ішіп-жеу, ойнас жасау арқылы сезім рахатына батуды мақсат тұтқан

адамдардың қоғамын атайды, «надан қала» тұрғындарының бұл іс-әрекеттерін, арсыздық пен пасықтықтарына қарсылық білдіреді. Бұл қаланың тұрғындары рахат өмір сүру, бақытқа жету жолын тәннің немесе жанның рахатына қатысты пайдалы нәрселермен емес, ойнап-күлу, ішіп-жеумен ғана бақытқа жетуді көздейтіндігін сынайды.

«Атақты адамдарға келетін болсақ, олардың пікірінше, атақтылықтың бұрынғы ұрпақтарынан мирас болып қалған, олардың әкесі мен ата-бабалары бай болса, немесе рахат өмірге кенелу үшін, оларда қымбат нәрселер, қаржы-қаражат мол болса, я болмаса, бәсеке-жарыстардан жеңіп шықса және осы нәрселерімен басқаларға пайдасын тигізген болса, бұл топ адамдарына немесе қаланың барлық тұрғындарына, өздерінің сұлулығымен, төзімділігімен және ажалдан қаймықпайтын айбатымен, яғни жеңіске жету қаруларымен көзге түскен болса, атақты болады», - дейді [52,156].

Адам бойындағы атақтылық қасиеттің осылайша қалыптасатынын ұлы ғалым бізге сол кездегі адамдардың ой-түсінігімен, топшылауымен түсіндіруге тырысқан. Атақ-абыройдың қалайша келетінін жіктей отырып, байлық-мансабымен қатар, басқаларға пайдасын тигізетін, өздерінің бойындағы жан сұлулығы мен төзімділігін, қаймықпайтын айбатын көрсете білетін адамдарды атақты адамдар қатарына жатқызады. Абыройқұмар басшы байлыққа, мансапқа қызықпай өздерінің істеген игі істері үшін тек құрметтен басқа ешнәрсе талап етпейтін, өзі істеген игілікті істері үшін мадақтауды ғана талап ететін басшыларды айтқан. Әкімдердің осы қасиеттеріне орай «атаққұмар», «абыройқұмар» басшылар деп екіге бөліп қарастырады.

Атаққұмар басшылар өздерінің қарамағындығы адамдардан алшақтай түседі. Олар адамдарды дәреже-дәрежеге бөліп, оларға атақ әперетін, яғни киім-кешек, үй-жай, тиісті шен, мінетін көлік тағайындап, дәрежесіне қарай үлестіретін, өзі де сондай сый-құрметке ие болатындарды жатқызады. Солайша олар құрметке ие болатындығын, даңғой қала тұрғындары мен даңғой қоғам тұрғындарының басшыларының бойындағы іс-әрекеттерін талдап көрсетеді. Ғалымның басшы бойындағы келеңсіз әрекеттерді ажыратып талдауынан, біз қазіргі қоғамдағы кейбір басшылардың бойындағы келеңсіз қылықтарын сол кездің өзінде көре білгендігін байқаймыз.

Ұлы ғұлама: «Тұрғындардың сан алуан тілегі мен арманын, бұл армандары қаншалықты әр тарапты болса да, қанағаттандыру, бұларды жаудан қорғау үшін қажетті жақсы ақыл-ой мен тапқырлық көрсететін және өзі ең қажетті нәрселерді қанағат тұтып, өз пайдасына ештеңе алмайтын басшы ең қайырымды басшы болып есептеледі», - деп, қайырымды қала тұрғындарының қайырымды басшысының тұлғасына анықтама береді [52,59].

Ғалым байлыққа, жан рахатына, сауық-сайран мен сый-құрметке, зорлық-зомбылыққа бой ұсынбай, ақыл-ойы мен тапқырлығын қанағатшылдыққа жұмсайтын, ел басқаратын басшы тұлғасын анықтайды. Қалаларды «надан қала», «құлықсыз қала», «адасқан қала», «мансапқор қала», «пасықтық қаласы», «айырбас қала» т.б. деп талдай отырып, осы қала тұрғындарының және оны басқаратын басшыларының бойындағы қасиеттерін саралай келе, қайырымды қала тұрғындарына және қайырымды басшы бейнесіне талдау жасайды, басшы бойындағы осы қайырымдылық қасиетті дәріптейді.

Әл Фараби өзінің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» деген еңбегінде «Қалаларды қалай басқару керек?» - дей отырып, бұл сұраққа жауап та береді. Ол басқарғанда ондағы тұрғындардың тұрмысының жақсаруына көмектесу, сөйтіп оларды бақыт жолына бағыттап отыру керектігін нақтылайды. Яғни, өз өмірінің бақытын көру үшін өзгеге қызмет ету, өзгені бақытты ету үшін өз бойындағы күш-қуатыңды, ақыл-ойыңды жұмсау қажет деген қағиданы ұстанады.

Адамның денесінің науқас және сау болатыны сияқты, оның жаны да сау немесе науқас болады. Жанның саулығы дегенде, әрдайым ізгі қасиеттер, игілікті істер істеуі керек, тамаша әрекеттер жасауы тиіс. «Денені емдеуші – дәрігер, ал жанды емдеуші - әмірші деп аталатын мемлекеттік қайраткер», - дей отырып, осы әміршінің, яғни мемлекет қайраткерінің бізше «ұлттық тұлғаның» бойындағы қасиеттерді талдап, ғылыми тұрғыда саралап көрсетеді.

«Адамдардың денесін емдейтін дәрігер бүкіл денені, оның бөлшектерін, бұлардың тұтас денеге қатынасын білуі керек; денені оның бөлшектерінің әрқайсысын, ауыратын науқастардың қайдан қаншама себептерден пайда болатынын білуі керек; оларды қалай жазу керектігін және денеде болатын әрекеттер дененің және оның бөлшектерінің қандай күйінде мінсіз және толық болып шығатынын білуі керек. Дәл сол сияқты, жанды емдейтін мемлекет қайраткері немесе әмірші бүкіл жанды, оның бөлшектерін жанға және оның әрбір бөлшегіне зақым келтіретін кемшіліктер мен кеселдерді, олардың қайдан және қандай себептерден туатынын білуі керек; адамның игілікті істер істегендегі жай күйлерін, бұлардың қанша екенін, қала тұрғындарының кемшіліктерін қалай жоюды, қала тұрғындарының жан жүйесіне біткен қайырымдылықтарды қалай нығайтуды, оларды қалай сақтауды; сөйтіп, олардың жойылуына жол бермеуді білуі керек,-дейді [60,190].

Яғни, «мемлекет қайраткері» бойындағы ізгі қасиеттерді бағалай білетін, қайырымды істерді істеуге бейім, жақсы қылықтардың адам бойынан жойылмауына бағытталған әрекеттер жасайтын, кемшіліктер мен келеңсіз әрекеттердің қайдан туатынын білетін және оны болдырмауға тырысатын қайраткерлерді дәріптейді.

Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамаға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Бірақ қайырымдылыққа немесе жаман қылыққа (байланысты) жаратылысынан бейім болуы мүмкін. Сонда оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі, әлгі [күйден] туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады. Дәл сол сияқты, ол жазумен немесе қандай да болсын басқа өнермен байланысты әрекеттерге бейім болуы мүмкін. Сонымен, оны қандай да болсын сырттан келген басқа бір ниет қарама-қарсы жаққа бағыттап жібермесе, ол әуелбастан-ақ жаратылысынан өзіне оңайырақ келетін әрекетке бет қояды,-дегенді айтады.

Әл-Фараби әр терминге ғылыми анықтама бере келіп, «Даналық дегеніміз – заттардың болмысын айқындап беретін, жалған себептерді және себептері бар заттардың таяу себептерін білуі,-деп көрсетеді [60, 221].

Мәселен, өнер ісінде мінсіз шебер және жетілген адамдарды «дана» деп атайды. Сондай-ақ пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық деген ұғымдарға да психологиялық анықтамалар берген. «Пайымдағыштық дегеніміз – адамның шын мәніндегі ұлы игілікке ие болуы үшін неғұрлым қолайлы да, дұрыс заттарды мінсіз ұғынуы және ашу қабілеті. Көрегендік дегеніміз – кейбір маңызы кем игіліктерге жету үшін не нәрсенің не ғұрлым жақсы және лайықты болатынын мінсіз аша білу қабілеті. Тапқырлық дегеніміз – онан зор бір нәрсеге, игілік деп танылатын байлыққа, рахатқа немесе құрметке жету үшін ненің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын анықтаған кезде дұрыс пайымдау қабілеті»,- дейді [60, 36].

Тапқыр ойлы, зерек адамдарды яғни, кез-келген пікір алалығын туғызатын мәселелердің шешімін дұрыс тауып, тапқырлық көрсете алатын болса, кез-келген іс-әрекетті уақыт өткізбей, аз уақыт ішінде тамаша етіп аңғара алса, яғни зерек болса, өзі ойлаған заттарды адамдардың көпшілігі қабылдап, жалпы жұртқа мәлім қағидалар мен тәжірибелерді байқау арқылы дұрыс қабылдай алса, ол адамды бойында тұлғалық қасиеті бар адам деп айта аламыз.

Фараби өзінің дүниеге көзқарасын социология, этика және эстетика мәселелері тұрғысынан қарастыра отырып, жүйелендіре, нақтылай түседі. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету туралы» трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды. Ол ең әуелі өзі өмір сүріп отырған қоғамның құрылымын талдайды. Адамдар қауымының өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Қалаларды жік-жікке бөле келіп, ол кемел де үлгілі құрылым ретінде ізгі қаланы таңдайды. Оған жақын келетін және тұрмыстық байланыстағы құрылым ретінде еңбекшілер тұратын «қажеттілік қаласы» деп атайды. Фараби әрі қарай «алыс-беріс» қаласы саудагерлер мен алыпсатарлар мекені, «бақытсыздық пен бұзылғандық қаласы» (ұры-қарылар, арам тамақтар мекені) деп бөліп ажыратады. Ізгі мемлекет (қала)

туралы ілімін жасауда Фараби Платонға еліктеп, мемлекеттің әрбір мүшелерін белгілі бір қызметті атқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады.

Осыған сәйкес ізгі мемлекеттегі феодалдық құрылыс суреттеледі. Идеалистік түрде жақауратып айтылғанмен, Фараби адамдар арасындағы теңсіздік, артық-кемшілік анық сезілетіндігіне тоқталған. Мысалы, халық мемлекеттің жүрегі саналғанымен, олар да күн көріс қамын, харакетін жасауға, ойлауға мәжбүр (ішіп-жеу, үйлену-тойлану т.б.). Ол мұндай теңсіздікті, әділетсіздікті жоюдың бірден-бір жолын ағартушылық, адамгершілік қасиетін тәрбиелеуді күшейту деп қорытады [60, 21].

Араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басшысы, әміршісі «Сегіз қырлы, бір сырлы», білім парасаты, мінез-құлқы барынша кемел азамат болуы ең бірінші шарт болып қойылған. Фараби осы оңды талапты педагогикаға енгізіп, орнықтырушылардың, іске асырушылардың алдыңғы сапында тұр. Ол табиғи қабілеті бар балалар әбден кемеңгер әмірші болып, өкіметті қолына алу үшін оны қалай тәрбиелеу керек екендігін айқындау азаматтық философияның, педагогиканың басты міндеті деп санайды. Ғұлама бұл тұрғыда мынандай тұжырымдар мен қағидалар ұсынады.

Ешбір жанға бағынбайтын басшы адам өз бойына туа біткен он-екі қасиетті ұштастыра жетілуі қажет. Бұл адамның мүшелері (ағзалары) мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаратын тиісті қызметті аяқтап шығу үшін, мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, егер осы адам әлде бір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір іс істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жапсарына сәйкес ұғып алатын болуы керек: өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек, әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта, сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт, өткір сөз иесі және бойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт; өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен, қиналып азаптанбай, оңай жететін болуы керек; Тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл болуы керек. Жаратылысынан сауық-сайран құрудан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт. Шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік жалған мен суайттарды жек көру керек; жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт; оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс; дирхем, динар атаулыға жалған дүниенің басқа да нәрселеріне (атрибуттарына) жирене қарауы керек; жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көруі керек; жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы керек; әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында қияс мінез көрсетіп қасарыспауы керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болу шарт, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанша, шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер-жүрек болуы керек», - дейді [60, 148].

Бұл қойылған шарттардың, айтылған пікірлердің осы күнгі өмір талабымен үндесіп жатқаны даусыз. Адам бойындағы, оның ішінде басшы бойындағы бұл қасиеттердің қазіргі басшылардың да бойына қойылатын талаптар.

Орта ғасыр ойшылдарының бірі - Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» деген еңбегіндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлеріне тоқталып өтелік. «Құтадғу білік» 1069-70 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған ой-толғамы да, тілі де ерекше, қызықты, тағдыры да өзгеше кітап. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық программасы іспеттес еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахмати жобалауы бойынша) Ежелгі Баласағұн қаласында бастап жазған, Қашқарда аяқтап, Қараханидтер мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан оның еңбегін

жоғары бағалап, «Хас Хашиб» деген атақ берген. Сөйтіп, Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған [46,6].

«Құтты білік» - халықтың құты, ырысы болған ілім. Ұрпақтарға адамға бақыт берген, құт әкелетін білім ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдеп адалдық дәстүрлерін сіңірген дүние.

Адам бойындағы оның ішінде біз сөз қозғап отырған ұлттық тұлға бойындағы ізгі қасиеттер сабырлылық болса, ол жайында Баласағұн өзінің 1318, 1319, 1320 бәйіттерінде былай дейді.

«Өкпелесең, ашуланба, налыма,
Сабыр соңы – салқын сая жаныңа».
«Сабаз ердің сөзін ұқ та біле бер,
Сабыр етсең – бұзылған іс түзелер».
«Сабырлы ер малмай жетер мұратқа,
Аққу өзі-ақ түсер, шыда, тұзаққа».

Сабырлылық сақтасаң, жаның шуақта болады, ашуланып налыма, кез-келген істің артын күт, сабырлылық пен шыдамдылықты бойыңа жақын ұста, сонда ғана мақсатыңа жетерсің, деп ұрпағын ақылға, сабырлылыққа үгіттеп, бұл қасиеттердің игі қасиеттер екенін осылайша жыр маржанымен түйіндейді. Ақылды адам бойындағы ойлау, ақыл, сабыр, көрегенділік қасиеттері бір-бірімен ұштастырылып отырылатындығын еңбектерінде дәлелдейді. Адами ізгі қасиеттерді ұрпағының бойына қалай дарыту керектігін ойлап оны дарытудың жолдарын қарастырады.

«Еліктің Айтолдыға жауабы» деп аталатын бәйітінде адам бойындағы адами қасиеттерді сөз ете келіп, бірі анадан ізгі болып туады; ал екіншісі ессізге ерсе ессіз болып шығады, жақсыға ерсе, жақсы боп шығады; ал жауызға ерсе, жауыздыққа жақын болады; тумысында ізгі болып туғандар, халыққа шапағат нұрын төгеді, ал ессіздер өзіне де, өзгеге де опа таптырмас,- дейді.

«Ақ сүтпенен бірге сіңген жақсылық,
Айнымайды еш, алғанша қапсырып».
(880-бәйіт)

«Ет сүйекпен бірге біткен қылығың,
Өзгермейді еш, салғанша ажал құрығы».
(881-бәйіт)

«Іште біткен қылық парыз мойныңа,
Бірге кетер кара жердің қойнына (882-бәйіт)
«Ізгі жанның ессіз болса бір ісі,
Болар ерсі – қылық, құлық –күлкісі!»
(883-бәйіт)

«Байқа, ессізді қосып алса, ізгі адам
Барша ізгілік бастауы ізгі іс болар».
(884-бәйіт)

«Жақын тұрса бектер ізгі адамға,
Жақсылыққа іңкәрланар жаман да!»
(885-бәйіт) [46, 127].

Адам бойындағы жақсылық қасиеттің ананың ақ сүтімен де берілетінін, бойына біткен әрбір қылықтың өзгере қоймайтынын, тіптен кейде кара жерге сол қылықтың бірге кететінін, халыққа даналықпен қарапайымдылықпен түсіндіре отырып, ізгілікті бойына қалыптастырғандар қандай ессіздік болса да жоюға құдіреті жетеді, жақсылық жамандықты түбі жеңеді, ол үшін жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру керек дегенді айтады.

Бұл кітапты ұлы ғұлама төрт ұлы ұғымға, төрт қымбат қасиеттердің сұхбатына лайықтап құрған: бірі - әділ (әділет), екіншісі – дәулет (бақыт), үшіншісі - ақыл, төртіншісі – қанағат. Олардың әрқайсысына жеке-жеке түркіше ат берген. Әділге - күнтуды елік атын

беріп, хан орнына қойған; Дәулетке – Айтолды деген ат беріп, уәзір орнына қойған; Ақылға - Өгдүлміш атын беріп, уәзірдің туысы, ағасы деген ат беріп, өз пікірлерін ой-толғаныстарын солардың арасындағы пікірлесу, сауал-жауап сөздері арқылы әңгімелесіп, желілеп жеткізген [46, 39].

Ғұлама кітабын осылайша төрт ұлы ұғымға жіктеп, оларды Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат деп, ұлы қасиеттерге теңеп, сол арқылы құтты біліктің құдіреттілігін өзі ашып айтып кеткен. Оның ішінде адам баласының қадір-қасиеті біліммен, ақылмен байланысты екендігін төмендегіше сипаттайды.

Адамды хақ жаратты да ескерді,
Оған ақыл-білім, өнер, ес берді. (149-бәйіт)
Көңіл берді, әрі тілін тербетті,
Ұят берді, берді құлық, келбетті! (150-бәйіт)
(Ділін оңдап, ерік берді тіліне,
Ұят берді, қылық-құлық, тәніне!) (150-бәйіт)
Білім берді – адам бүгін жетілді,
Ақыл берді – талай түйін шешілді! (150-бәйіт).

Адам жаратылғаннан Алла оның бойына көңіл, тіл, ақыл, білім, өнер, ес беріп, оған ұят, құлық беріп, адам болып жүрген соң, оның бойындағы даналығын, ділін, тілін сақтап, білімін жетілдіріп, қылығы мен құлығын оңдап, ұяты мен арын жоғары ұстап, өмір сүру керектігін дәріптейді. Бұл игі қасиеттерді ұрпағына насихаттайды.

«Кімге құдай берсе білім, ақылды,
Қолы жетіп, алар ол мол асылды!»
(Ақыл, білім берсе құдай білінер,
Қолы талай ізгілікке ілінер) (151-бәйіт).
Ақылды – ұлы, біл білімді –білікті,
Қонса екеуі, ұлы етер жігітті. (152-бәйіт).
Бұл сөзіме куә мұндай сөз де бар,
Сөзді естіп, аларыңды көздеп ал [153-бәйіт].
Ақыл қайда болса, ұлылық болады,
Білім кімде, болса сол білікті болады. [154-бәйіт].
Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар, білімді есті, тілегі-дейді [46, 63, 155-бәйіт].

Ғұлама адам бойындағы ең бір асыл қасиеттерді ақыл мен білімнен іздейді. Ақылдың болып, білімінді толықтырсаң ғана, қолының мол асылға жететіндігін айтады. Адам баласын жақсылыққа, ақыл-парасаттылыққа, естілік пен пайымдылыққа білім арқылы жететіндіген нақтылай отырып, ұрпағын білім алуға шақырады. Сонда ғана «ұлылық атаулыға ие боларсың», деп жалпы адамзаттың бойындағы қадір-қасиеттілікті ақылмен, біліммен келетінін түсіндіреді.

«Ақыл-күлкі ісінді алып шығатын,
Бұл біліммен көрер көктер мұратын», - деп ойын түйіндейді [46, 64].

Кісі бойындағы қайырымдылықты, ел басқарған басшының елдің қамын ойлаған, жүзі жылы, тілі шырын болуын, келген бақтың, құттың тек ізгіліктен тұратынын, «көзінді ашып қара, құлқыныңды тый, қай істе болмасын аптықпай, асықпай, сәтін бақ», деп тамаша тілектерін тайға таңба басқандай айта келіп, ізгілікті, кішілікті адам бойындағы ерекше асыл қасиет екендігін атап өтеді.

«Қайырымды ізгі кісі көгерер,
Ізгі кісі халық жүгін көтерер».
[46,543-бәйіт, 97]
«Не дейді ер тыңда, елді басқарған,
Күллі істі көріп, қамын атқарған».
[46, 544-бәйіт, 97]

«Кімнің бағы асса, игеріп ел ішін,
Ізгі, түзу, заң жасасын, ел үшін».
[46,545-бәйіт, 97]

«Құтқа иланба, ізгілік қып жүргейсің,
Бүгін мұнда ол, ертең – онда, білгейсің!»
[46, 549-бәйіт, 97]

«Құт иесі! Изгі дәулет құтпенен,
Тұрам десең, тұрғын ізгілікпенен!»
[2, 551-бәйіт, 97-бет]

«Ұлың - бек боп, алғың келсе жақсы атты,
Кісі алдында кішілікті максат қыл».
[46, 555-бәйіт, 97]

«Қай істе де аптыққандар кем қалар,
Асыққан іс күйінішке айналар!»-деген философиялық пайымдаулардың тағлымдық мәні зор [46,557-бәйіт, 98].

Ж.Баласағұн ізгілікке жетудің жолы қайырымдылық, кішіпейілділік, сабырлылық дейді. Осы қасиеттерді өз бойына үйір еткен азаматтың бақ-дәулетке қолы жететіндігін, бірақ басқа келген бақты ұстай білу үшін де ақыл-парасаттылықтың керектігін еңбектерінде көрсетеді.

XI ғасырдың көрнекті тұлғасы Жүсіп Баласағұнның педагогикалық ой-пікірлеріндегі негізгі салалар-отбасы тәрбиесі, имандылық, рухани адамгер-шілік, тектілік, мейрімділік яғни адами ізгі тұлғалық қасиеттер. Ж.Баласағұн адамның тұлға ретінде қалыптасуына қоғам мен өскен ортасы үлкен әсер етеді деп көрсеткен. Ол адамның өмірден алатын орынын терең зерттеген. Ж.Баласағұн «Құтты білік» дастанындағы психологиялық және педагогикалық өзекті мәселе адам, тұлға бейнесі болғандықтан оның қалыптасуына халықтық тәлім-тәрбиенің ерекше әсерін дәйектілікпен қарастырған. Адамның кісілік қасиетінен немесе тұлғаның болымысынан мемлекет пен қоғамның қуаттылығы, кемелденуі көрініс табатындығына да дәлелді пікірлерін айтқан. Жеке адамның бойындағы тұлғалық ерекшеліктердің дамуына, қалыптасуына қоғам да өз әсерін тигізетіндігін дәлелдеген. Дастанда оқырмандарын тек жақсылық, ізгілік, ақыл-парасаты жоғары, ішкі жан-дүниесі кемелденген адам ғана мақсатына жете алады, кісінің кісілігі, құт берекесі өз қолында деген философиялық ұғым пайымдалады. Бұл игі қасиеттердің кез-келген адамның бойынан табыла бермейтініне тоқталған ол өз шығармасында былай дейді:

«Кісілер көп, кісілікке кендеміз»;
Адамы аз – адам атты пендеміз;
Толып жатыр жүрген жандар жер басып;
Көңіл ашық, әділ ерге ел ғашық;
Кісі сирек емес, сирек – кісілік;
Кісіліктің қадірін біл түсініп,- дейді [46, ,1647 байт, 188].

Ғұлама шығармасындағы кісілік ұғымын былайша жырлануы - «кісілікке кенделіктің» болуы және кісілікті аңсап армандағаны, оны өмір бойы іздегені, тек кісілік қасиеті арқылы ізгілік болатыны, адам бойындағы құнды қасиеттерде соны бағалау керек,- деп түйіндейді. Кісілікті кісінің ділі, тілі деп түсінеді. «Кісілер көп, кісілік аз» деп қынжылады. Өмір бойы соны іздеп, оны ұрпағының бойынан көруді армандайды:

«Кісі екенсің, тәнің сенің кісілік»;
Кісілерге адамдық ет кішіріп ;
Кісілікпен танытасың затыңды;
Кісілікпен шығарасың атыңды;
Кісілерді кісі еткен – кісілік;

«Кісілікпен аты шығар кісінің», деп ойын қорытындылайды. Сөйтіп, «Құтты білік»

дастанында кісі болып, өзін де өзгені де құрметтесе, жақсылық жасап, адамдығын асырса ғана адам бұл өмірде құрметке бөленеді, кісілік қасиетке ие болады деп тұжырымдайды [46,1646 бәйіт,188].

Туған топырағымызда дүниеге келген ғұлама Әл-Фарабидің трактаттарында айтылатын адами болымыс Жүсіп Баласағұнның «кісілік» жөніндегі ұғымдары бір-бірімен ұштасып, сабақтасып жатқандығы анық: «Дене жан үшін (өмір сүреді) ал жан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді. Демек, адам жаны даналық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді» - дейді Жүсіп Баласағұн [46, 288].

Яғни, Әл- Фарабидің де Жүсіп Баласағұнның да бұл айтқандарынан тәнің жаныңа қызмет етсе, тек тазалық үшін, қайырымдылық үшін, адами бақыт үшін қызмет етсін, кісілерге кішіріп адамдық ет; затыңды, атыңды кісілікпен таныт, сонда ғана адами қасиет, яғни тұлғалық қасиет бойыңнан табылады, өзің бақытты болу үшін емес, өзгені де бақытты ету үшін өмір сүр деген идеяны марапаттайды Тұлға бойындағы адами қасиеттердің орта ғасыр ойшылдарының еңбектеріндегі сипаттамасын 2- сурет арқылы көрсеттік (2-суретке қараңыз).

Орта ғасырлық дәуірде түркі мәдениетінде «Құтты білікке» тәлімгерлік мағынасы жағынан ұқсас Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат- түрік» («Түркі сөздерінің жинағы»), Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы»), Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты дастандары бар. Бұл еңбектерде де әділдік, адалдық, шыншылдық, ізгілік, қайырымдылық сияқты адами қасиеттер марапатталады. Жомартық пен өршілдікті дәріптеп менмендік пен надандықты, сарандық пен дөрекілікті, жауыздық пен екі жүзділікті шенеп, мінейді.


Уәдеге беріктік пен жомарттық, қайырымдылық пен жүректілік қасиеті бар халық қана өзін өзгелермен терезесін теңестіре алатын, іргесі биік, тәуелсіз ел болатын ғалым сол кездің өзінде көрегенділікпен сипаттай білген. Егер Ысқақ Әл-Фараби өз еңбегінде араб тілін марапаттап, оны оқуды, үйренуді ұсынса, Қашқари түркі тілінің де ұлы тілдер санатына жататынын айтып, халықтық тәлім-тәрбиенің нұсқасын дәлелдеуге тырысқан.

«Бухара имамдарының бірінен де естігенім бар, ал ол өзіне дейін өмір сүріп, сөз маржанын мирас еткен дуалы ауыздарға сілтеме жасаған, солардың әңгімесіне қарағанда, Алла жарылқап, сәлем жолдаған жаратушының елшісі (Мұхаммед пайғамбар) қиямет қайым мен жарық күн таусылып, аламан тасыр кезде: «Түркілердің тілін үйреніңіздер, өйткені олар ұзақ уақыт патшалық етеді» деген екен. Егер осы аңыз рас болса ақиқаттылығына жоғарыда айтылған жауапты, онда түркілердің тілін білуді ақыл-ой талап етеді. Мен олардың мекен-жайы мен кең даласын аралап шыққаным рас. Түркілер, түркі мен оғыздар, шігілдер, йағма мен қырғыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерлерін зерделедім. Олардың тілі ең таза тіл, олардың өзара түсінісіп, ойларын жеткізуі де айдан – анық, ақыл-ойлары жағынан да олар ең алғырлар, шығу тегі жағынан да олар ең қасиетті, найзалары қадалған жерін қақ айырғыш өткір. Мен олардың әр тобының сөйлеу машығын жақсылап меңгердім, әдемілеп, жүйелеп, оңай игерілер шығармаға айналдырдым»- дейді Махмұт Қашқари.

Түркі халқының тілін, шығу тегін, елін, жерін жаудан қорғай білетін намысшылдығын, алғырлығы мен ділмарлығын ғұлама осылайша ғылыми түрде түсінікті етіп, қаншама мың жылдар бұрын халық тілінің құндылығының тереңде жатқандығын айтып кеткен!

Махмұт Қашқари: «Мен бұл кітапты алфавит тәртібімен құрастырдым. Мақал-мәтелдермен, өлеңдермен, қарасөзбен (прозамен) безендірдім. Мен қиынды оңайлаттым, түсініксіз жайды түсіндірдім, жылдар бойы еңбектендім, ақырында іздеуші сөзді өзінің қатарынан таба алуы үшін әр сөзді өзінің орнына қойып, сөз тәртібін анықтадым. Түрк, түркімен, оғыз, жігіл, йағма, қырғыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерін зерттеп қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліппені тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш, әрі таусылмас әдеби мұра болып қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым», -деп жазады [54,10].

Ұлы ғалым халықтың салты мен санасы оның тілі арқылы қалыптасатынын, зерделенетінін, ой қорытатынын айта отырып, бұл жолда үлкен еңбек сіңіргендігіне тоқталып өтеді. Бұл еңбек - «түркі елдерінің сөздігі» ретінде ғана емес автордың өзі айтқандай мәңгілік мұра, таусылмас қазына, жас ұрпақты еңбекке, ізденуге, елінің елдігін сақтауға баулитын таптырмас үлгі өнеге боларлық дүние.



Сурет 2 - Тұлға бойындағы адами қасиеттердің орта ғасыр ойшылдарының еңбектеріндегі көрінісі

М.Қашқари «Диуанда» өлеңдер жайында үзінділерін ғана берген, олар не екі жолдан, не төрт жолдан ғана тұрады. Әр қостаған мен әр төрт тағанның айтайын деген ойы әр түрлі. Халық аузынан жиналған өлеңдер өсиет те- насихат та болып келеді. Мысалы:

1. Менен ұлым ақыл ап, жақсы жолға жаратқын. Елде дана, ұлы боп, білімінді таратқан.

2. Іске асығыс кіріспе, иінін біл бірақ та, «Жағамын» деп асыққан өшіреді шырақты.

3. Біреу күлсе- бетіне күйдірер күл шашпағын, ізгілікпен күлімдеп, жылы қара саспағын.

4. Ал ақылды ұлым, елді надандар былғайды, талқаны бар адам оған шырын қосып бұлғайды.

5. Біреу күлсе, күле қара- жылы жүзбен таста көз. Сақта тілді жаманнан, жақсы ой тілеп баста сөз.

6. Үлкен кісі шақырса, тез жет, жүгір сонда бол, қуаңшылық жылында- халық қайда сонда бол,- дейді [54].

Ұлы ғұлама ақылды ұлылардан яғни үлкендерден ал, білімінді халыққа беретіндей бол, асығыстық ұятқа қалдырар; еліңмен тіл табыс, жүзінді жылы ұста, надандықтан аулақ бол, сөз түсінбес мылқаулардан алыс жүр, үлкенді сыйла, айтқанын тыңда, қиын- қыстау кезеңде халықпен, көппен бірге бол, ел бастайтын ақылды бол, сөз бастайтын шешен бол, деп адам бойындағы ізгілік яғни тұлғалық қасиеттерді уағыздай отырып, жасұрпағының дұрыс тәлім-тәрбие алғанын қалайды. М.Қашқари бақыттылықтың бірден-бір нышаны таным жолында деп білді («Бақыттың белгісі-білім»). Ол үшін білімді игеру ынта мен жасампаздықты көрсететін ұзақ процесс деп көрсетеді ғұлама,- деп, ғалым Ә.Н.Нысанбаев М.Қашқари еңбегінің маңыздылығына тоқталады.

«Парасатпен жалықпастан үйренсең,

Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырыңды.

Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей.

Төмен тұрып үйрен толық тәкәппар боп көрінбей.

Махаббатың мейіріне нәзік жаның күйеді.

Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді», -дейді М.Қашқари [54, 29].

М.Қашқари білімнің адам өміріндегі орнын, оның парасаттылықтың биік шыңы екендігін, ол сені ләззәтқа бөлеп, мәуелі ағаш секілді жемісін беретінін осылайша өлең жолдарымен айшықтаған. Білімді адам бойындағы қарапайымдылық пен еңбекқорлық қасиеттің ең жоғарысы дей отырып, ұрпағына «ерінбей-жалықпай білім үйрен», - деп өсиет қалдырады.

Бәсекелестік қоғамда өркениеттің төрінен орын алудың негізгі жолы - білім, білімділік. Бір ғана емес бірнеше тілді білетін, техника тілін меңгерген, әлемнің кез келген түкпірінде еңбек ете алатын, ақпараттық жүйемен қаруланған ұлттық тұлға бейнесін осыдан бірнеше ғасыр бұрын айтып кеткен баба өсиеті қазіргі таңда ұлттық тұлға қалыптастырудың негізі болып отыр. Түркілер ұғымындағы Отан - дәстүр-салттан және ұлттық мәдениеттен тұрады. «Отаннан күдер үзуге болғанымен дәстүр-салтты аттап кетуге жол жоқ», - деген М.Қашқари сөздігіндегі мақал, басқа емес дәл осы ұлттық болмыс пен мәдениетті құрметтеу деңгейін көрсетеді [54,108].

Ахмет Иүгінеки XII ғасырда өмір сүрген түркі әдебиеті мен мәдениетіне ерекше із қалдырған, ақын, түркі ойшылы.

Туып өскен жері- Түркістан маңындағы Иүгінеки деген жер: Бұл ғұламаның өмірбаяны жөнінде деректер кездеспейді. Тек «Һибат- ұл- хақай-ық» (Ақиқат сыйы) атты еңбегінен оның өмір тарихынан аздаған мағұлмат алуға болады. Бұл жөнінде ғалым Р.Бердібаев: «Кейбір деректерде ол «Ахмет Юғнақ» Түркістан төңірегіндегі Жүйнек (Юғнақ) деген жерде туып өскен делінеді»- дейді, өзбек ғалымы Н. Малаев. «Юғнақ» (Яки Юғнақ) деген жер аты ферғана өлкесі мен Түркістан аймағында да бар деп көрсетеді.

Ахмет Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» деген еңбегінде адами қасиеттер марапатталады. Адамның бақытты болуын оның мінезіне байланысты, қатты ашуы келгенде оған тежеу жасай алатын адамға Алла тағаланың сыйы бар. Алла адамның жүрегіне жылылық береді, себебі алла тағала «сабырлылықты, жақсылықты, жақсы мінезді сүйеді»- деп, адам бойындағы ізгі қасиеттерді өз шығармаларына арқау етеді. Ұлы ғалым туралы: «Ақындардың ақыны, даналардың көш басы, Гауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады»- деген өлең жолдары сақталған.

Дастан 14 тарау 235 беттен құралады, Орта ғасырдағы түркі тектес тайпалардың көбіне түсінікті болған Қараханит түркілерінің тілінде жазылған. Тек шығарманың аты ғана

«Хибатұл хақайық» деп арабша қойылған. Ахмет Иүгінеки өмір сүрген дәуірде феодалдық қоғамның негізгі қайшылықтары енді ғана шындалып, шиеленісіп жатқан кезең еді. Ақын жомарт жандарды зор ықыласпен, жан-жүрегімен беріле жырлайды. Ақын қашан да әбден ойланып, сосын ғана сөйлеу керектігін ескертеді. Ол: «Адамдардың мінез-құлқын жақсарту арқылы заманды да жақсартуға болады»- деп, үміттенеді. Адам бойындағы асыл қасиеттердің ең бастысы жомарттық екенін айта келіп, ақын «аш-жалаңаштарға қол ұшын беруден игілікті іс жоқ»- дейді. Ахмет Иүгінеки оқушысын сол заманның әдет-ғұрпын сақтап, түрлі заңдарын орындап отыруға, қара қылды қақ жаратындай әділетті болуға, әлсіздерге күш көрсетпеуге, кемтарларға қолғабыс тигізуге, нысапты болуға шақырады. Ұлы ғұлама адам бойындағы бұл игі қасиеттерді тек дәріптеп қана қоймай, оны қалай тәрбиелеу керектігін және теріс қасиеттерді қалай жою жөнінде кеңестерін айтады.

X, XII ғасырларда түркі тайпаларының ой-өрісі, мәдениеті мен әдебиеті ерекше дамығаны белгілі: Осы уақытта елдің бірлігін, халықтың татулығын, адамгершілік пен имандылықты адалдықты діттеген, соны ту етіп, өз шығармаларына арқау еткен, асқан шеберлігімен, елге сыйлылығымен бүкіл түркі жұртын татулыққа, тазалыққа үндеген әулиесі атанған Құл Қожа Ахмет Хазреті Сұлтан Иассауи болған. Ә.Дербісәлиевтің деректері бойынша: «Шайырдың «даналық сөздерінің» түпнұсқасы сақталмаған. Бізге жеткен варианттары XV-XVII ғасырларда көшірілген нұсқалары ғана. Қожа Ахмет поэзиясын кеңес өкіметі жылдарында өзбек ғалымдары Э.Рүстемов, Н.Маллаев, М.Хаққұлов т.б. зерттеді»- дейді [177]. Ақын жырлары өзбек әдебиетінің антологиясына кіргізілді. Ол даналықты надандыққа қарсы қойып, өзі өмір сүрген қоғамдағы әділетсіздікті анықтай келіп, адамдардың өз басын ғана ойлауына қынжылыс білдіреді. Оны «Ғажап сұмдық заман» дей отырып, адам бойындағы инабаттылықты, ибалықты болашақ жастардың бойынан көруді аңсайды.

Кешегі кеңестік саясат кезінде, дін атаулыны адам санасын уландыратын апиын деп біржақты қарастырылғандығы анық. Тарихымыздың төрінен орын алған, жастарды жалпы адамзат баласын тәрбиелеуде құнды еңбек болып табылатын Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани Хихмет» кітабы жетпіс жыл бойы бір жақты бағаланудың әсерінен халқының пайдалануына рұқсат етілмеді. Бұл еңбек жайында өз туған елінде терең зерттеле бастады деуге болады. Қожа Ахмет Иассауи еңбегін адами құндылықтарға тәрбиелейтін, яғни адамды тура жолға бастайтын, адал жандарды тәрбиелейтін, адам бойындағы адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерді уағыздайтын, ұлттық тұлға қалыптастыруда ұлтымыздың имандылық қасиетін ұлт бойына дарытатын құнды еңбек деп бағалаймыз.

«Қожа Ахмет Иассауи адамдарды «Мұсылман» және «Кәпір» деп бөліп, бір-біріне жауықтыруды насихат етпеген. Ол адамға Алланың өзі берген «еркі» дұшпан екенін айтқан, мәселе сол ерікті дұрыс пайдалана білуде. Біреулері ерік беруші жаратушысы екенін жүрегімен сезініп, оған иман келтіреді, енді біреуі жүректі тыңдамай, жаратушының бар, не жоғын проблемаға айналдырады. Үшінші біреулер жаратушысына, яғни өзінің жаратылысына қарсы шығып атеистік санаға өріс береді. Қожа Ахмет Иассауи айтқан «ерікті» адамдар өздерінше пайдаланады. Сөйтіп «еріктің» өзі адамға дұшпандық қызмет атқарады. Еркін игере алмаған адам өзіне-өзі дұшпан болмағанда кім? Діни келісімнің негізі адам өзіне-өзі дұшпан болмауы керек. Өзіне-өзі дұшпан емес адам өзгеге де дос бола алмақ, тіптен дос болмаса да бірін-бірі түсіне алмақ. Қожа Ахмет Иассауи адам мен қоғам мәселелеріне көп көңіл бөлген. Ол адам бойындағы кездесетін даңқ құмарлық, күншілдік, екіжүзділік, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынын өкінішпен айтады. Иассауи іліміндегі адамгершілік ойлары дін арқылы түсіндіріледі. Жақсылық пен жамандық әділеттілік пен әділетсіздік, адамның жақсы және жаман іс-әрекеттері оның құдайға сенуіне байланысты болатындығын дәлелдейді. «Кімде-кім жамандық жасаса ол күнәдан арыла алмайды, кімде-кім жақсылық жасаса ол құдайдың сүйіктісі болады», - дегенді де айтады. Ахмет Иассауидің пайымдауынша өзін-өзі тазартуға, кемшілігін жоюға, игілікті іс істеуге шақырған адам адасуы, әділетсіздік және жамандық жасауы мүмкін емес.

Ол өзінің жолын қуушыларды өзін-өзі жетілдіруге шақыра отырып, адамгершіліктің құдайдан шығатыны туралы ойдан аулақ ұстайды. Оның саяси және әлеуметтік көзқарастарының негізінде де этикалық бастау жатыр [57,110].

«Құдайдан қорқу керек. Жаманшылық жасасаң ол өзің болмасаң да ұрпағыңның алдынан шығады, жақсылық жасасаң алла тағаланың нұры жауады» деген пікірлердің тәрбиелік мәнінің құндылығы және оны жас ұрпаққа ұғындыру қажеттілігі туындайды. Заман өзгерген сайын адам да өзгереді. Бірақ адамдық құндылықтар, ұлттық ерекшеліктер қоғам талабына сай жаңара түскені болмаса онша өзгеріске түсе қоймайды. Ұлтымыздың бойындағы мұсылманшылық қасиетті кір шалмауға тиіс. Ұлттық тұлға бойындағы бұл қасиеттер қазіргі заман талабы болса, Иассауи еңбектеріндегі адами ізгілікпен қабысып жатыр. Ол:

Басыңды елге ие біл,
Ақиқатты ары таза сүйе біл.
Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен,
Халық дана дүниеге ие бол,-дейді [57, 71].

Халықтан асқан дана жоқ, барлық шындық халықта, ақиқатты, шындықты сүйе біл, арыңды жоғары ұста, еліңді сүй, оның алдында басыңды ие біл, деген баба сөздерінен ұлтын сүйген, ұлтының бақытты болашағын ойлаған ұлттық тұлғасының болымысын анықтайды.

Менің хикметтерім құдіретті бір пір,
Естігендердің көңілі толқып ұйып тұр.
Тірі болса бұл жаһанда қор болмас,
Оқыған пенделер еш нәрседен зор болмас.
Менің хикметіме қойса кім бас,
Өмірінде иманы жолдас.
Иассауи хикметін даналар естісін,
Естіген жандар мұратына жетсін,-дегенді өсиет етеді.

Баба сөзінен жас ұрпақтың иманды, білімді болуын қалап, «білімнің» орны мен маңызын жоғары бағалап, сонда ғана қор болмайсың дегенін шығармаларынан көреміз. Иассауидің басты еңбегі - «Диуани Хикмет» («Ақыл кітабы») рухани және гуманистік еңбек. Адам проблемасы, адамның дүниеге көзқарасының жалпы формалары-бұрынғы және қазіргі философияның зерттеу объектісі, оның болымысы мен ойлауының таңғажайып сырлары, табиғаты мен мәні, өзін-өзі тануы барлық заманда да ұлы ойшылдарды толғандырған өзекті мәселе болған. Адамның іс-әрекеті оның адамгершілік деңгейімен бағаланады. Ал имандылық халқымыздың рухани қазынасымен тығыз байланысты. Имансыз, қатігез, ата-баба салт-дәстүрін білмейтін, жаман қылықты, шала сауатты жастарымыз да баршылық. Осы тұрғыда Иассауи ілімінің тереңіне бойлатып, оның құндылығын жастардың бойына сіңіре білсек, ары таза, иманды, адамгершілігі мол, ұлттық тарихымызды жетік білетін, оның тазалығына үлкен мән беретін ұлттық тұлға тәрбиелеуге ықпалы болары сөзсіз.

Әр заманның өзі арқалар жүгі бар. Онсыз қоғам да, заман да болған емес, мәселе сол проблемаларды өркениетті түрде шеше білуде. Бұл заман өзгенің емес, өмір сүріп отырған біздің ешқашан қайталанбас дара ғұмырымыздың кеңістігі. Олай болса, ғұмыр кеңістігін өз қолымызбен тарылтсақ, біздің кім болғанымыз, сол үшін діни келісім, азаттық бітім қажет [51,12].

Өз еркін өзі игере білгендер ғана өзіне де, өзгеге де пайдасы тиетіндігін, заман өзгерген сайын адамдардың түсінігі де өзгеріп отыратындығын, әр заманның өзі арқалар жүгі болатындығын ғалымдар өз еңбектерінде зерделеп отырған. Сонымен, ұлылардың өз халқының болашағын ойлап, сол жолда еңбек еткендерін көрсек, екіншіден, елдің арасындағы жақсыларды дәріптеп, кейінгі ұрпаққа үлгі етуін, үшіншіден тұлға бойындағы гуманистік қасиетті жас ұрпақ бойына дарытып, адамгершіліктің биік нысанасын уағыздағандарын, тарих алдында адамдық парыздарын адалдықпен орындағандарын аңғарамыз.

Орта ғасыр ойшылдарының педагогикалық ой- пікірлері ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағартушы ғалымдардың саяси-әлеуметтік, философиялық, педагогикалық,- психологиялық көзқарастарымен сабақтасып жатыр. Ұлы ғұламалардың еңбектеріндегі тұлғалық сапалар мен оған берілген анықтамаларды кесте арқылы көрсеттік (1-кестені қараңыз).

2.2 ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушы ойшылдарының тұлғалық қасиеттер туралы ой-пікірлері Тарихи терең тәрбиеміздің тамыры, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлері, оның ішінде ұлттық тұлға тәрбиесі Шоқан, Ыбырай, Абай есімдерімен тығыз байланыста болғаны анық. Қазақ халқы қашан да «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы - көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін»- деген ақыл-өсиетімен ұрпақ тәрбиелеген. Халқымыз, «Атың жақсы болса, тіршілікте мінген пырағың, балаң жақсы болса, жанып тұрған.

Кесте 1 - Ұлы ғұламалардың еңбектеріндегі тұлғалық сапаларға берілген анықтамалар

Ғұламалар	Еңбектері	Тұлғалық сапаларға берілген анытамалар	
әл-Фараби	Азаматтық саясат, Бақыт жолын іздеу, Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері	Мінсіз адам Алғырлық Қанағатшылдық Ізгі ниеттілік Шыншылдық Шешендік Әділеттілік Батылдық т.б.	«Пайымдағыштық дегеніміз – адамның шын мәніндегі ұлы игілікке ие болуы үшін неғұрлым қолайлы да, дұрыс заттарды мінсіз ұғынуы және ашу қабілеті. Көрегендік дегеніміз – кейбір маңызы кем игіліктерге жету үшін не нәрсенің не ғұрлым жақсы және лайықты болатынын мінсіз аша білу қабілеті. Тапқырлық дегеніміз – онан зор бір нәрсеге, игілік деп танылатын байлыққа, рахатқа немесе құрметке жету үшін ненің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын анықтаған кезде дұрыс пайымдау қабілеті»,-дейді [60,36]
Жүсіп Баласағұни	Құтты білік	Парасатты адам Әділдік Ақылдылық Қанағатшылдық Білімділік т.б.	«Кісілер көп, кісілікке кендеміз»: Адамы аз – адам атты пендеміз; Толып жатыр жүрген жандар жер басып; Көңіл ашық, әділ ерге ел ғашық; Кісі сирек емес, сирек – кісілік; Кісіліктің қадірін біл түсініп,- деген [46, 1647 байт,188].
Махмұт Қашқари	Диуани лұғат ат- түрік	Білімді адам Білімділік Еңбекқорлық Төзімділік Қайрымдылық Инабаттылық т.б.	«Парасатпен жалықпастан үйренсең, Көрсетесең дандайсымай сынақта асыл сырыңды, Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей, Төмен тұрып үйрен толық тәкәппар боп көрінбей; Махаббатың мейіріне нәзік жаның күйеді, Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді»,-дейді М.Қашқари [54, 29].

Қожа Ахмет Иассауи	Диуани Хикмет	Иманды адам Құдайдан қорқу Кішіпейілділік Адамгершілік Өзін-өзі жетілдіру т.б.	Басыңды елге ие біл, Ақиқатты ары таза сүйе біл. Дүниеқорлар кетсін бықсып өзімен, Халық дана дүниеге ие бол,-дейді [57, 71].
Ахмет Жүйнеки	Ақиқат сыйы	Сабырлы адам Әділетті болу Жақсы мінезді болу Сабырлылық Аш-жалаңаштарға қол ұшын беру т.б.	«Ақиқат сыйында» адами қасиеттер марапатталады. Ол: «Адамның бақытты болуы оның мінезіне байланысты, қатты ашуы келгенде оған тежеу жасай алатын адамға Алла тағаланың сыйы бар. Алла адамның жүрегіне жылылық береді, себебі алла тағала сабырлықты сүйеді», - дейді

шырағың»- деп бала тәрбиесіне үлкен ыждағаттылықпен қарап, ұрпағының инабатты, ибалы, ақыл-парасатты болуына үлкен мән берген.

«Атың шабан болса тіршілікте көрген азабың, балаң жаман болса ғұмырлық көрген азабың», - деп жаман ұл мен қыз өмір бойғы өкінішің деп бала тәрбиесінің ата-салтымен тәрбиеленуін қолдаған. Халық баласының жан-жақты дамыған, өз орнын білетін, сөзге шешен, ұшқыр ойлы, сырлы үнді, шымыр денелі яғни жаны мен тәні сай болып өсуін алдына мақсат етіп қойған [62, 93].

Халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, фольклорлық шығармаларының шығу тарихын, олардың тәлім-тәрбиелік мәнін, діни-наным сенімдерін және өзіндік ерекшеліктерін терең зерттеген, қазақ мәдениетін орыс батыс елдеріне танытқан ғалым - Шоқан Уәлиханов. Ол: «Сібір қарамағындағы сот реформасы туралы записка», «Жоңғария очерктері», «Абылай», «Қырғыздың Манас жыры туралы», «Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдықтары», «Мұсылмандық туралы», «Құлжа сапарының күнделігі», «Этнографиялық очерктер» т.б. еңбектер жазды. Ол - бұл еңбектерінде өзінен бұрын өмір сүріп, шығыс халықтарының өмірін зерттеген ғалымдардың еңбектерін жиып, салыстыра отырып, тарихи шындықтың бетін ашуға тырысқан көне тарихи мұраларға сын көзімен қарап, өзінше баға берген, салт- дәстүрлердің озығы мен тозығын салыстыра отырып ажыратуға әрекет жасаған [63,28].

Шоқан сонымен қатар бұл еңбектерінде басқа халықтардың әдет- ғұрпын, әлеуметтік жағдайын, қоршаған ортасын, адамдармен қарым-қатынасын, жағымды жағымсыз іс-әрекеттерін, жастар бойындағы адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сипатын, тұлғалық болмысын яғни халықтық тәлім-тәрбие сипаттарын жан-жақты талдаған.

«Табиғат және адам, өмір мен өлім саналы ұғымға тіптен түсініксіз, таңғажайып құпия құбылыс болып келеді. Әлемнің таңғажайыптылығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз - әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәрестелі пәк санасы күнді, айды, жұлдыздарды, мәңгілік өзгерістерді бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты, осыларды біз табиғат немесе әлем дүниесі деп атадық»- дейді Ш.Уәлиханов[64,41].

Адам табиғатының құпиялылығы ұлы Шоқанды да осылайша ойландырған. Адам құпиясына бойлай берген сайын, оның таңғажайыптылығына таңдана бересің. Табиғаттың таңғажайып құбылысы - адамның өзі екендігі. Ол - қабілетті, ойлай алатын, жан-жағына бағдарлай қарайтын жаратылыстың кереметі. Адам - өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына арнаған, өмір сүру ерекшеліктерін ойлап табуға әрекет жасаған құдіретті күш иесі. Оның мұндай құдіретті күш иесі екендігін Шоқан мен Ыбырай да, ұлы Абай мен Шәкәрім де мойындаған. Адам туралы мәселе жалпы оның жаратылысы, әлі де талай

ұлыларды ойландырып, оларға адам құпиясы туралы, қоғам өзгерген сайын адам жанының да өзгеруі туралы ой салары анық.

Шоқан өзінің «Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдықтары» атты еңбегінде, «Шаман дінін ұстанушылар-дейді, - күнге таңырқап табынатын болған. Олар айды көріп: «ай көрдік, аман көрдік, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа!», -деп қол жайып, бата жасаған. Осының барлығы жаратылысты ұлы күш көруден шыққан. Сондай-ақ Шоқан адамдардың бақсыны тірі рух, ал өлгендерді өлі рух деп қарағанын, адамдардың ол дүниеде жақсы тұруы оның туысқандарының өлген адамға арнап ас беруі (жетісін, қырқын, жылын), дұға қылуы сияқты әдет-ғұрыптарды ойдағыдай орындаған болса, онда аруақтардың көңілі жайланып, туысқандарына қамқорлық жасайды, -деп қарағанына да түсінік беруге тырысқан [64,21б].

Шоқан осы мақаласында «Шаман дінінің түсінігі бойынша, ырымдар мен әдеттер жамандықтан, бақытсыздықтан сақтайды», - деп қарағанын, ал қазақтар арасында мұндай ырымдардың көптігін зерттейді. Әр заттың өзінің киесі бар екендігін, үйге жылан кірсе, ақ құйып шығаруын, жас баланың бесігіне үкінің қанатын іліп қоюын, жастығының астына айна, тарақ жастауы заттарды киелі деп қарауынан, - дейді. Халқымыздың ырымшылдығын айта отырып, ол ырымдар мен тыйымдарды өз деңгейінде қолдана білудің пайдасы бар екендігін де сөз еткен. Ол діни наным сенімдердің күшті кезінде өмір сүрді. Тек оған нанып қана қоймай, қараңғылық пен надандыққа да қарсы шықты. Озық үлгілерін пайдаланып, білім алуды уағыздап, мәдениет пен ғылымды бүкіл адам баласының рухани мұрасы деп ұқты.

Шоқан өз халқын жанындай сүйген патриот болды. Біз оны орыс достарына жазған мына хатынан көреміз. «Мен орыс пен қазақ төбелесіп жатса қазаққа болысқан болар едім. Ал орыс пен ағылшын төбелесіп жатса орысқа болысқан болар едім», -деген пікірінен немесе 1863 жылы генерал Черняевтың экспедициясында болып, олардың Әулиеата қаласына келгенде жергілікті халыққа жасаған озбырлығына шыдамай оның армиясын тастап кетіп, Жетісудағы Тезек төренің аулына барып, оның қарындасына үйленуінен де көреміз.

Ғалым «Оңтүстік-Сібір руларының тарихынан аңғармалар» атты мақаласында қазақ халқының тарихи аңыз-әңгімелерінің мәніне тоқталып, адамдардың тұрмыс-тіршілігін және адамдар арасындағы қарым-қатынасқа мән бере отырып, өз халқының мәдениетті халықтар қатарында болуын армандағаны анық. Сонымен қатар, «Манас» эпосын зерттеу барысында бүкіл қырғыз халқын әлем жұртшылығына таныстыра отырып, адамдар бойындағы адамгершілік, патриоттық, батырлық, елін-жерін қорғау және әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне, тәлім-тәрбиесіне мән бере отырып жүйелеген, ғылыми тұрғыдан анықтаған.

Шоқанның жазып қалдырған миф, аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, жұмбақ шежірелерінде қазақ, қырғыз, монғол, алтай, ноғай, татар, ұйғыр, башқұрт, түркімен, өзбек, қарақалпақ халықтарының рухани мәдениетін білуге, әсіресе қазақ пен қырғыз халқының ауыз әдебиеті бойынша жүргізген зерттеулері халықтың рухани мұрасын, адамгершілік қасиеті мен сапаларының бәріне ортақ екендігін дәлелдеген [66, 21].

Шоқан жинаған мақал-мәтелдер «Өзің білме, білгеннің тілін алма», «Сусыз жерде қамыс жоқ, азған елде намыс жоқ», «Ұят кімде болса иман сонда», «Ақыл дария екен, көңіл дүлдүл екен», «Алып анадан туады, ат биеден туады», «Ұйқы жанның тынышы, иман жанның қуанышы», т.б мақал-мәтелдерді жан-жақты саралап мағынасына үлкен мән берген. Бұл саралауында адам бойындағы игі қасиеттерді яғни білімділік, намыс, ұят, иман, ақыл, көңіл т.б. ұлт бойындағы ұлттық асыл қасиеттерді ұрпақ бойынан көруді және дарытуды қалаған. Шоқанның саяси-қоғамдық көзқарасы, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, шығармашылық зерттеулері қазақ халқының ғана мәдени мұраларын зерттеп-зерделеп қоюмен шектелмей өзге халықтардың да ауыз-әдебиетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық мәдениеті мен әдебиетін де зерделеуімен құнды. Бұл зерттеулерінде өз халқының қоғамдық жаңа сатыға, өркениеттілікке көтерілуін, дамыған елдермен тең дәрежеде болуын аңсаған және сол қоғамда өмір сүрген ұрпағының бойынан ұлттық сезімді, ұлттық патриотизмді көруді армандаған.

Қазақ халқының ұлттық тәлім – тәрбиесінің, ұлттық салт – дәстүрге, халық ауыз әдебиетіне, ұлттық әдет–ғұрыпқа, негізделетіндігін Шоқан Уәлихановтың шығармаларында дәлелденгендігін талдадық. Ғұламалардың тәрбие туралы ой-пікірлері мейлі олар орта ғасырда, немесе қазіргі заманда өмір сүрсін ұлттық негізге бағытталғандығын анықтадық.

Халқымыздың болашағын дұрыс бағдарлап, оның ұлттық болмысын дұрыс танып, ұлттық әдебиетінің, мәдениетінің өсіп өркендеуіне аянбай қызмет еткен, ұлттың болашағын ойлаған, жас ұрпақтың ұлттық тәлім-тәрбиемен тәрбиеленуіне, ұлттық тұлға қалыптастыруға үлесін қосқан ұлағатты ғалымның бірі- Ыбырай Алтынсарин. Ы.Алтынсарин өзінің туған халқын қалтықсыз сүйді. Өзінің ел-жұртын алдыңғы қатарлы, ғылым мен, мәдениеті дамыған халықтардың қатарынан көргісі келді. Ол жол - «ағартушылық жолы» деп біліп, халқының сауатын ашу үшін мектеп ашып, ол мектепке арнап оқулық жазып, бар күш жігерін ағартушылық жолына арнады.

Ыбырайдың қоғамдық, педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына оның Григорьев В.В., Ильминский Н.И., Яковлев Я.П. секілді орыс достарының әсері мен ықпалы болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Олардың тікелей көмегі арқасында Ыбырай өзінің орысша білімін тереңдетіп, көтерумен қатар Россиядағы Герцен А.И., Белинский В.Г., Чернышевский Н.Г., Добролюбов Н.А. секілді демократтардың еңбегімен танысады, сондай-ақ Паульсон И.И. мен Ушинский К.Д. оқулықтарын өз шығармаларына негіз етіп алады. Бұл оқулықтардан көптеген аудармалар жасап, оларды қазақ балаларына арнап жазған кітаптарына енгізеді. Мұның бәрі Ы. Алтынсариннің педагогикалық-көзқарас танымының қалыптасуына әсерін тигізеді. 1864 жылдың 16 мартында Н.И. Ильминскийге Орынбордан жазған хатында: «Осы жылы январьдің 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді; бәрі де жақсы есті балалар, мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай кірістім. Бұл балалар да айызымды қандырып, не-бәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз күле беріңіз-мен кейбір оқытудан бос уақыттарда оларға ресми түрде молда да болып қоям; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы, түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын. Менің үнемі ұмтылған тілегім: оларды қалай да пайдалы адам етіп шығару еді. Ал, қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады»- деп жазады Ы.Алтынсарин [67,4].

Жас ұрпақтың бойына білім нәрін себе отырып, имандылыққа тәрбиелеуі және қазіргі таңда індетке айналып отырған қоғамдағы келеңсіз оқиғалардың бірі «Парақорлық» қасиеттен жастарды аулақ етіп тәрбиелеуі, ұлы ағартушының алдына қойған негізгі мақсаты болды.

Ол Н.И. Ильминскийге жолдаған екінші хатында былай дейді: «Менің осылайша, көңілдің хошы бақыт дегеннің бәрі де ата-бабаның өмір сүрген және жерленген жерінде, туған ошағының басында. Ал, қайғы дегеннің қандайы да, тіпті ажалдың өзі де сол жерде жеңіл болатын сияқты. Мен сол ағайын туманың жақын тұтуы мені тартар, сөйтіп менің тынысымды тарылтып жүрген қайғым басылар деген сенімдемін. Ақырында мен не іздеп жүргенімді, білімге шөлімді қандырғаннан кейін не істейтінімді ойлаймын. Құдай маған көмек етсе, және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола алсам», - деп жазды [67,240].

Ыбырай адамның туған елінен, кіндік кескен жерінен жақын ешнәрсе жоқтығын, тіпті өлімнің өзі туған жерінде, жақындарының қасында болса, оның онша қорқынышты болмайтындығын, яғни адам тек туған топырағында ғана бақытты болатынын ұрпағына түсіндірген. Ол өз өмірінің сүреңсіздігін, көңілі көп нәрсеге тоймайтынын, тек туған халқын бақытты қылуға бар күш-жігерін жұмсайтынын, сонда ғана ол өзін бақытты сезінетінін айтады.

Ұлы ағартушы-педагог қазақ балаларын орысша сауатты, өзге де пәндік ғылымдарды толық меңгерген мәдениетті адам етіп тәрбиелеу үшін мектеп ашумен ғана қанағаттануға

болмайтынын, оған ең алдымен қабілетті оқытушылар қажет екенін, лайықты оқулық, әдістемелік құралдар керектігін жақсы түсінді. Әсіресе орыс тілін оқытудың міндет-мақсаттары жөнінде ол көп толғанды. Сол кезде пайдаланылып жүрген кітаптардың бәрі де орыс балаларына арналғаны мәлім. Сондықтан Ы.Алтынсарин, Ушинский К.Д., Паульсон И.И., Водавзов, Бунаковтың әліппе оқулықтарын негізге алып, өзі де қазақ балаларының қабілетіне, ерекшеліктеріне, қабылдауына лайықты етіп «Оқу құралын жазды» [67,8].

Баланың қамы-болашақтың қамы. Қазақтың әрбір тағлымы-бір-бір университет. ”Білімнің-өзінің тергенің, ақылың-Алланың бергені”, дегендей Ыбырай Алтынсарин адамның барша абзал қасиеттері, рухани болмысы ананың ақ сүтімен жастайынан бойына сіңгенде ғана, бесік жырымен тербеліп өскенде ғана тұрақтанып, ұлттық бейнесі қалыптасатынын әрдайым, әрбір өсиетінде айтып отырған.

Ы.Алтынсариннің 1870 жылы шыққан Россияның географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің 1-санында жарияланған «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» сонымен қатар 1851 жылы шыққан Россияның географиялық қоғамның Орынбор бөлімінің 1-санындағы запискасында басылған «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, және той жасау дәстүрінің очеркі» атты мақалаларында қазақ өмірінде елеулі орын алатын әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жақсы білетінін, сол ғұрыптардың елдің тұрмыс тіршілігіндегі салт-санасына қатынасын жете бағалайтын білімдар кісі екенін айқын танытады. Айталық, өлген адамның тірі күнінде өтей алмаған ораза, намазы үшін берілетін ысқаттық (садақаның) «күнәні сатып алу» деп аталып, оған тиеселі азықты молданың өзі алмай, кедейлерге берілуі тиіс екенін атап көрсетіледі. Сонымен қатар жоқтау мен оны айтушылар, шығарушылар, өлікке сойылатын малдың мүшелерінің кімге, қалай берілетіні туралы айтқан пікірлері әдет-ғұрыптық, этнографиялық мәнге ие. Автор ат бәйгесіне дейінгі балуандар күресі мен әр алуан жарыстар, астан кейінгі ырым дәстүрлер (найзаны сындыру, жесірдің басындағы қараны алып тастау т.б.) жайын да байыпты әңгімелейді [68, 11].

Жас ұрпақтың сана-сезіміне халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сіңіру барысында Ресей патшалығының отарында өмір сүріп жатқан еліміздің бір туар азаматы Ы. Алтынсариннің былайша тәптіштеп жазуы ұлы ерлік. Қазақ болған соң сен өз еліңнің өзіндік ерекшелігін біл, салт-дәстүрін құрметте, оның діни-наным сенімдерін үйрен, бойыңа имандылық қасиетін сіңір, деп ұлттық тәлім-тәрбиені ұрпақ бойына сіңіре білген ұлы ұстаздың туған халқына сіңірген еңбегі шексіз. Әр бір ұлттың салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, өзіндік ерекшеліктерін бала бойына дарытып тәрбиелеуге қазіргі таңда педагогика ғылымы үлкен мән беріп, ұлттық тәлім-тәрбие берудің маңызы артып отыр.

Құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрлері жөніндегі мақаласында: «Қазақтардың өзара қоғамдық қатынастары тек қана ескілікті әдет-ғұрыптар бойынша реттеліп отырған кезде, өздерінің достығын жекжат болып нығайтқысы келген адамдар бірінің әйелі ұл, екіншісінің әйелі қыз тапса, оларды некелеп бір-біріне қосатын болып уәделесе берген. Екі-үш жасар ұлы бар дәулетті қазақтың қай-қайсысы болса да, баласына өзі секілді дәулетті және беделді біреудің қызын айттыруға тырысады. Баласы 10-11 жасқа толысымен-ақ, оның ата-анасы тиісті кәдесін беріп, қалыңдығына ұрын жібереді. Ауқатты қазақтар баласын 10-12 жасқа келгенде үйлендіре береді. Біреудің жалғыз баласы болса, қазақша айтқанда «баласына келін әперіп қызығын көргісі келсе», онда баласын 8-9 жасында үйлендіре салады. Сол сияқты 10 жастағы немесе одан да жас қызды күйеуге бере береді. Онан соң он жасар бала, алды 7-8 жасқа келген балалы әйелге де үйлене салады. Бұл, әдетте баланың ағасы өліп, оның артында әйелі қалған жағдайда кездеседі. Мұндай жағдайда әйел әменгерлік дәстүр бойынша, өлген күйеуінің туған інісіне тиеді, ал егер оның туған аға-інісі болмаса, онда оның туысқандарының біріне тиюі тиіс. Ал егер өлген кісінің әйелді алатын жас туысқандары болмаса, онда ол әйел (жас та болса) кейде алпыс немесе жетпіске келген шалға тиюге тиіс болған», деп жазады [68, 147].

Дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар. Қазақтың құда түсу дәстүріндегі жеті атаға дейін қыз алыспаудың қан тазалығы үшін мәнділігін, алыстағы елдермен құда түсудің, қалың мал төлеудің жауласып отырған рулардың татулығы мен бірлігіне себеп болғандығын байыпты баяндайды. Әмеңгерліктің де тереңінен ойласақ, әрине жас арасындағы алшақтық болмаса, баурының балалары мен әйелін жатқа жібермей жетім бала, жесір әйел қылып жау-тандатпай өз үйірімен, өз ағайын туысының ортасында өссе, дейтіндіктен болар. Қалың мал беру, құда түсудің де екі жағы бар деп айтқымыз келеді. Білетін, сыйласатын сыралғы жермен құда болып, жастарға екі жақтан тәлім-тәрбие беріп, оларды өмір атты үлкен жолға бағыттап ұлғатты отбасы болуына септігі тиіп жатса, оның несі айып, әрине, зорлық-зомбалықсыз, келісіп, тіл табысу арқылы болып жатса, ол қазіргі уақытта да жат қылық болмас еді.

Қазақ халқының келешегі тек өнер білімде деп түсінген Ы. Алтынсарин өз ойын іске асыруда сан кедергілерге кездесіп, екі бірдей қара күшті табандылықпен жеңіп, өз мақсатын іске асырды. Ол кедергілердің бірі – Ыбырайдың ағартушылық ісін көре алмай «шоқынған», «кәпір» деп ел арасында өсек таратушы қожа-молдалар болса, екіншіден, дөрекі, топас чиновниктермен де күресуге тура келді. Ол өзінің досы В.В.Катаринскийге жазған бір хатында «Ең жаманы халықтың қараңғылығымен емес, қоғамның әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге көмектесу үшін үкіметтің өзі қойған білімді адамдарымен күресуге тура келеді», - дейді.

Екінші кедергісі Ыбырайдың Проценко тарапынан қуғынға ұшырауы, оның Ыбырай ашқан мектептерді жауып, өзін инспекторлық қызметтен босатпақ болып, ісін сотқа беруі. Ыбырай өзінің орыс достары Н.И.Ильминский мен В.В.Катаринскийлердің қолдауымен ғана бұл істен аман-есен құтылады [69,11].

Ы.Алтынсариннің демократиялық пікірлері оның педагогикалық еңбек-терінің үш саласынан бірдей өзекті орын алды. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған арнап оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, Ыбырай бала тәрбиелеуші жақсы ұстаз-мұғалімдер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-методикалық басшылық жасауға аса көңіл бөлді, үшіншіден, өзінің жазушылық творчествосын қазақ халқының XIX ғ. қоғамдық өмірінде болған саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Әдеби шығармаларында өзінің негізгі ағартушылық ісіне бағындырып, қазақ жастарын адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға тәрбиелеп, зиянды іс-әрекеттен, соқыр сенімдерден, ұрлық, зорлық, жатып ішер жалқаулық сияқты жаман әдет, жат мінезден бойын аулақ ұстауға уағыздады.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының ұлттық қасиеттерін де зерттеп-зерделей отырып, ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде ұлттық ерекшеліктерін жете білетін озығы мен тозығын ажырата алатын бабаларымыздың салып кеткен сара жолын ешкімге тапталмайтын білімді, қоғамның сұранысын толығымен орындай алатын, ғылыми-техникалық ақпараттарды меңгерген жалпы айтқанда бәсекелестік қоғамда - ұлттық болымысымен көріне білетін ұлттық тұлға қалыптастыру барысында ұлы ғалымның айтып кеткен ой-пікірлері мен істеген еңбектері өте бағалы және олар бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып жатыр. Ыбырай болмысынан өз заманының ақылды ойшылын, ірі қоғам қайраткерін көрсек, ал іс-әрекетінен қазақ халқының мәдени экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксеген біртуар азаматын көреміз. Ыбырай Алтынсарин орыс педагогтарының үлгісімен орыс-қазақ мектептеріне арнап, екі оқу құралын «Қазақ хрестоматиясын» (1889), «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазып, бұл оқулықтарын орыс-қазақ мектептеріне төлтума оқулық ретінде ұсынады. «Қазақ хрестоматиясына» ол қазақ халқының ауыз әдебиетінің асыл үлгілерін, балаларға арналған нақыл әңгімелер мен мысал өлеңдерін енгізеді. Ол «Хрестоматиясында» жас өспірімдердің жан дүниесінің, ақыл-ойының дұрыс қалыптасуы - ата-ана мен мектептің бірлесе отырып атқаратын міндеті болып табылады деген. Сонымен қатар бұл еңбегінде жас ұрпақты

ізгілікке, қайрымдылыққа, жомарттыққа тәрбиелеп, надандық пен тәкәппарлық, ұрлық-зорлық сияқты жат мінездерден аулақ болуын насихаттайды.

Оның «Бір уыс мақта» деген әңгімесінде жастарды ұқыптылыққа тәрбиелеу мәселесі сөз болады. Ал, «Асыл шөп» деген әңгімесінде балаларды ұстамдылыққа, сабырлыққа шақырады. «Ауырғаннан аяған күштірек» деген әңгімесінде жас өспірімнің жаны көзіне көрінгендей болып аурып жатса да, анасын аяғаннан дыбысын шығармай шыдап жатқандығын айта отырып, баланың анасына деген сүйіспеншілігін, шыдамдылығын, имандылығы мен төзімділік қасиеттерін сөз етеді. «Салақтық» деген әңгімесінде жаман әдеттен аулақ болу керектігін, жағымсыз әрекеттің адамға пайдасыздығын айта отырып, одан жанға да тәнге де үлкен зиян болатындығына тоқталады. Кәрім деген жас жігіттің жұмысқа ыждаһатты болғанымен жуынып таза жүрмейтіндігінің кесірінен аурып, қайтыс болатындығын жазады. Тазалықтың адам жанының айнасы, оның денсаулықтың кепілі екендігіне тоқталды. «Жеміс ағаштары» атты әңгімесінде, «Тәрбиеде үлкен мән бар. Ақыл-кеңесті алмасаң анау тұрған қисық ағаш сияқты әдемі болып өспейсің», деп әке ақылын тыңдамаған баланың өмірі өксіп өтетіндігіне, тәрбие мәнінің тереңдігіне тоқталады. Ол өзі ашқан қазақ мектептерінде ана тілінде оқытуға ерекше мән береді. Балаларды халықтық дәстүр, аңыз-әңгіме, мақал-мәтелдер негізінде оқытып, тәрбиелеуге ерекше назар аударады. Хрестоматияға халық ауыз әдебиетінің материалдарын атап айтқанда, жастарды ерлікке, өнерге, адамгершілік қасиеттерге баулитын үлгілерін көптеп енгізеді.

Ұрпағына үлгі боларлықтай іс істе, «адам бол», деген түйіндерді ұлы Абайдың еңбектерінен көптеп байқаймыз. Адам мінезін түзеуге және жастарды ізгілікке, имандылыққа, адал еңбекке тәрбиелейтін шығармалар жазып, тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген ұлы Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» десе 45-қара сөзінде, «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват» деп, заман мен адамның арасындағы байланысты ашып көрсетеді [70,192].

«Мен егер закон қуаты, қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деп тәрбиенің қоғамдық ортамен тығыз байланыстылығына ерекше мән береді. Адамның жақсы я жаман болуы оның айналасындағы жора-жолдастарына, замандастарына байланысты дегенді айтады. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынның бір себебі - жұмысының жоқтығы. Егер зейін салса, я саудаға салынса, бұл ауылға біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ аңдып, қулық, сұмдықпен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме?»,-деп Абай жаман әдетке, жалқаулыққа, өсекшілдікке үйір болудың, әдеттенудің бір ұшығы жұмыссыздық, пайдасыз қаңғып жүрушілік екенін сынай отырып, адал еңбекке үйренген адамның ондай жат қылыққа бармайтындығын дәлелдейді [70,221].

Абай жастардың белгілі бір мамандықты игеруін және адам бойындағы жаман әдеттердің бірі-еріншектік, жалқаулық, салғырттық екендігін өзінің отыз үшінші қара сөзінде айта отырып, жастарды сондай әдеттерден бойын аулақ ұстауға үгіттейді. «Егерде мал керек болса, көп өнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнері - қазақтың әулиесі сол»-деп, адал еңбекпен өмір сүрген адамды әулиеге теңеп, өнердің ешқашан жұтамайтынын ұрпағына уағыз етеді. «Екінші, ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісіміз, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектікке, жалқаулыққа, салғырттыққа, кербездікке салынады. Үшінші - «дархансыз ғой, өнерлісің ғой шырағым», немесе «яғни, нең кетеді, осыны ғана істеп берші», дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға түсіп, қу тілге алданып өзінің уақытын өткізеді»,- деп ұлы ойшыл қазақи психологияға сай қарапайым өмір күйбеңінен пайда болатын адам бойындағы кісімсу, көлгірсу, мақтану сияқты келеңсіз іс-әрекетті мінеп, аз ғана қолы жеткен табысқа тоқмейілісіп жалқаулық пен еріншектікке салынғандарды сынайды [70,187].

Абайдың адами жетілуі, толық адам туралы тағлымы Сократтан бастау алған. Платондағы сүюді сүйеніш, тірек еткен адам қытайлардың «дао» іліміндегі әбден жетілген адам (современно мудрый человек), шығыс ойшылдары мен суфизимдегі камили Инсани мен пенделіктің кәмәлаттығына ұмтылған адам жуанмәрттілікпен сабақтасып, туыстасып жатыр. Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы мен жетістігі де осы. Олардағы халықтық педагогика мен психология мәселесі құбылыс ретінде әбден жетілген толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні махаббат пен әділет, ізгілікке дейін дамып ұштала түседі. Әбден жетілген, толық адам мен оның негізі - сүю, әділет, ізгілік аралығында адамгершілік асыл қасиеттің қыр-сыры жан-жақты ашыла береді. Ұлы Абайдың «Адам» ұғымына байланысты айтылған бұл пікірлерінің негізі адамгершілі мол, сүйе білетін және сүйікті бола алатын, толық адамның яғни, бізше тұлғаның бойындағы әділеттілік, ізгілік, адамгершілік қасиеттері қазіргі заман талабына лайықты. Ұлы Абай бұл игі қасиеттерді одан әрі жалғастырып, адам мен қоғам арасындағы байланысты еңбекпен, біліммен, ақыл-ой санамен байланыстырды. Ол халық болмысын адамның кісілігімен, қабілет-қасиетімен түсінуге әрекет жасайды. Абай адам табиғатын этикалық тұрғыда қарай отырып, оны тұтас алғанда кісілік қалпын, ұжданын «Сегіз қырлы, бір сырлы» сырбаз адамның яғни кемеліне жеткен толық адамның кейпін алға тартады. «Адам деген атым бар, қайтіп надан болайын», - дейді Абай. Сол арқылы неден қашық болуды, неге жақын болуды, жақсылық пен жамандықты ажырата отырып, бойында имансыздық пен надандық қасиеттері бар адамдарды сынайды. Ол: «Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өз бетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек құдайға айтарлық сөз бе? Құдайдың біреу үшін біреуге жәбір қылуына лайығы бар ма? Екі сөздің басын қосарлық не ақылы, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр өй, тәңірі-ай, деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам? Оларды «мұсылман» деп, қалайша иманы бар ғой дейміз. Надандарға бой берме, Шын сөзбенен өлсеңіз!» - деп, адами қасиеттерді талдап көрсетеді.

Ұлы Абай : Әділет пен ақылға, Сынатып көрген білгенін, -деп, дүниеде «ақымақ көп, ақылды аз», өмірдің тірегі ақылда, ғылымда, ақылдыларда, «ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске кез келсеңіз», деп шындық үшін, ақиқат үшін қажымай-талмай сокпақ іздеудің қажеттілігін айқын аңғартады. Сонымен қатар қазақ қоғамының сол кездегі болымысына қатты күйзеледі, өмір тіршілігінің мүшкіл жайларын аяусыз сынайды. Абайдың күйігі - қайғының, үмітсіздіктің күйігі емес, халқын, елін сүюдің, оның келешегіне жол іздестірудің күйігі. Алайда Абайдың күйігі өмірден түңілген пессимистік түңілу емес. «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек қайратсыздық... қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, ағы мол, жадыраған жаз келмеуші ме еді?», -деп Абай жақсылықтың болатынына кәміл сенеді [71, 41].

Ұлы Абай шындықты ту ететін, ақылын өміріне серік қылатын, жамандықты көре білетін, халқының ертеңін ойлайтын, елін сүйетін азаматын бағалайды. Қандай «қары қалың қатты қыс болса да, ертең оны еритетін көгі мол көктемнің келетініне», сенімі мол болған. «Қары қалың қатты қыс» деп, Абай, жүрегі суық, пейілі тар, пиғылы жаман, ақылсыз, адам баласына зиянды топ өкілін айтып отырса, «көгі мол көктем» деп, шуақты күндей жайдары, еліміздің ертеңін ойлайтын, жаны жайсаң, өсіп келе жатқан жас ұрпағын айтады. Мұндай тұлғасының бойында ақылы мен адамгершілік қасиетінің және білімінің сабақтасып жатуын қалайды, ұрпағын сол игі қасиеттерге уғыздайды.

Ақыл-ойдың даму дәрежесі талаппен байланысты болады. Алайда, кейбіреулер белгілі бір талап кімде болса, сол ғана ақыл таба алады, ал кімде талап аз болса, сол ақыл таба алмайды дейді. Бұл бекер деп үйретеді Абай. Өйткені талап әр балада да бар, бірақ ондағы «жан» қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, тек ескерсе ғана, күтіп аяласа ғана зораяды дегенді айтады қырық үшінші қара сөзінде.

«Адам баласының ең жаманы - талапсыздық». Ақылды адамда айрықша үш түрлі сапа болу керек: Оның біріншісі, «орысша подвижной элемент» деп аталады. Ол - не көрдің, не естіп білдің, оны тездікпен ұғынып, онымен ғана шектелмей, «арты қайдан шығады, алды

кайда барады» - соған байланыстырылып отыратындығы... Енді екіншісі – орысша «сила притягательная однородного» деп аталады. Барлық естігендерің мен көргендерің яғни барлық қабылдағандарың соған ұқсас басқа заттармен, құбылыстармен салыстырылып, олардың ұқсастық жақтары айқындалып отырылуы керек. Абай жаңа қабылдаулардың ұқсастық жақтарын ғана қосып қоймайды, оған ақыл-ойдың, қоршаған дүниенің үздіксіз тануға бағытталғандығын, білмекке құмарлығы мен күштарлығын да қосады.

Үшінші сапа деп, Абай жүрек сезімін көрсетеді. Абайдың айтуы бойынша, жүрегіңді мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілтектік, салғырттық сияқты төрт түрлі пайдасыз нәрселермен кірлетпей сақтасаң, онда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық болып түседі. Осы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, онда жүректің айнасы бұзылатындығын, ия қисық, ия күңгірт көрсететіндігін де нақтылап көрсетеді.

«Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік осыған ұқсаған әрбір күңгірттік маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетін нәрселер осы екуінен болады»-дейді [71,146].

Абай атамыз әр-бір істелінген істің дұрыс немесе бұрыстығын анықтап, істеген ісіңе жауап бере алатын бол; істелінген істің жақсы немесе жаман екендігін әр уақытта салыстырып, терең зерттеп оның адамға пайда келтіретін жағын анықта; мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік пен салғырттықтан бойынды аулақ ұста, сонда ғана адамдық, адалдық қасиетті бойыңа дарытасың, деген пікірлерін ұрпағына өсиет етеді. Ұрпағының жаман әдеттерден аулақ болуы, жаманшылықтардан арылу үшін ақылды және қайратты болуы керектігін баса көрсетеді. Сонымен қатар адам үнемі әрекетте болуы керек, білімін, кәсібін үнемі дамытып отырған жағдайда ғана өмір талабына, уақыт сұранысына ілесе аласың, деп жастарды еңбек сүйгіштікке, адалдыққа, болашақты болжай білуге тәрбиелейді.

Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат мұраттарына тартуға ұмтылды. Жастарды өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа табандылық көрсетуі, міне, осындай асыл қасиеттерді уағыздау Абайдың бүкіл өмірінің идеялық желісіне айналады. Абайдың ойшылдыққа, даналыққа жетелейтін принципі, этикалық ұстанымы «Адам бол» деген ұғымды білдіреді. Ұлы Абайдың қай шығармасын алсақ та адамға, оның өмірінің дұрыс қалыптасуына, еңбекті сүюіне, кісі ақысын жемей адал болуына арналған. Абай шығармаларының негізінде жас ұрпақтың бойына ұлтымыздың ұлттық қасиетін сіңіріп тәрбиелеу, жауапкершілік қасиеті мол іс демекпіз.

Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән бере отырып, ұлы ақын әркімнің өзін-өзі жүйелі түрде тәрбиелеп отыру керектігіне айрықша көңіл бөледі. Өзінің «он бесінші қара сөзінде» ол : «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір рет өзіңнен өзің есеп ал. Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»-дейді [24,39].

Ұлы Абай мұнда: «Өз өміріне өзің сын көзбен қарай біл, қажетсіз іс-әрекеттен тыйылып, пайдалы іс істеуге дағдылан, сонда ғана «есті адам» бола аласың»,- деп адам өміріне үлкен мән береді. Күнделікті күйбең тіршілікте көзді ашып-жұмғанша өтіп жатқан «уақыт» атты алыптың шырмауында қалмай қажетті тұрмыс-тіршілігімен айналысып, бос уақытыңды дұрыс мөлшерлей біл, білім алуды бойыңа қалыптастыр дегенді айтып отыр. Абай мұрасын жүйелей келіп, адамның жетілу жолын үш сатыға бөлуге болады. Оның жетілмеген төменгісін ол «жарым адам» деп атаса, материалдық жетілуді «адам» деп, ал ең жоғарғы, рухани жетілуді «толық адам» деп атайды [73,8].

Егер ақыл болмаса, адамның хайуаннан өзгешелігі болмас еді, дейді ұлы Абай. Адамның ақылы оның барлық әрекетін, соның ішінде оның еркін де басқарып билеп отыруы тиіс. Егер адамның еркі жоқ болса, онда ақылдың өзі де мақсатсыз өзімен-өзі болып кетер еді.

Жүректе ақыл болмаса
Ұйықтаған ойды кім түртпек.
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.
Аспаса ақыл қайраттан,

Теренге бармас үстірттер,-деп Абай сана арқылы ғана (Абай сананы көп ретте оймен және ақылмен бір деп қарайды) адам объективтік шындықты таниды, ғылымды меңгереді, қас пен досты, ізгілік пен залымдықты ажыратады, санасыз немесе ақылсыз ешнәрсе танылмайды, білінбейді. Ақыл бұл дүниенің де, ол дүниенің де мәнін ашып береді,-дегенді айтады [73,143].

Адам бойындағы ақылдылық пен саналылық қасиетін ұлы Абай жоғарыдағы берілген өлең жолдарымен ашып көрсетіп отыр. Ақылы мен санасы арқылы өмірдегі шындықты таниды, жаны тереңге бойлайды, бұл дүниенің жақсылығын танып біледі тіпті ол дүниені де шарлайды. Ол өзінің «отыз тоғызыншы қара сөзінде» былай дейді: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан» білімі, күтімі, сыпайы тілі, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар еді. Сол екі ғана тәуір мінездерін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Енді сол екі мінез жоқ болған соң, әлігі үйренген өнеріміздің бәрі де, адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады; жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір себебі сол. Ол екі мінез қайсы десек: Әуелі сол заманда ел бастайтын, топ бастайтын кісілер болды... «Қой асығын қолыңа ал, қолыңа жақса саққа ғой»- «Бас-басыңа би болсаң, Манар тауға симассың. Бас алқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің», деп тілеу қылып, екі тізгін бір шылбырды соған бердік. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң, жақсылары да көп озбайды екен... Бәрі өз бауыры, өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, олардың қамын жемей қайтеді?»,-дейді [24].

Екіншісі: «Намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде, ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен. Жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан, жатты зор тұтады екен» - деп, «аз араздықты қуған көп пайдасын кетіретер», деп «ағайынның азары болса да безері болмайды» - деп; «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», десіп, «жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» деседі». «Кәнеки осы екі мінез қайда? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылды. Ендігілердің достығы бейіл емес, алдау. Дұшпандығы кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық»-деп, Абай өзі өмір сүрген заманын осылайша сынайды, жақсысын саралап көрсетуге тырысады. Кейінгі ұрпағына ол заман жайында ой толғап, керегін таңдап ал деп уағыз айтады.

Халқымыздың «қойшы көп болса, қой арам өледі», «көп қосшыға, бір басшы», деген нақыл сөздерімен ұлы ақынның ойы тоғысып жатыр. Ол басшының өз жұртының қамын ойлап, намысын қолдап, ақылмен ел билеуін меңзейді. Заманына қарай адамы, деп қай заман болмасын ел басшыларының арлылық пен табандылықты ту етіп, күндестіктен арылғанда ғана әділ басшы бола алатындығына тоқталады.

Абай адам бойындағы өзгеше бір қасиеттерді ғылым-біліммен байланыстырады. «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек...» талаптың өзіндік шарттары бар. Абай шарттарының қысқаша мазмұны мынандай:

Бірінші шарт: Білім ғылымды ізденуге күнделікті ұсақ іске жарата қою үшін, немесе біреуден артылу үшін, ерекшеленіп мақтану үшін іздену болмау керек. Ғылымға алдымен берік ынта-ынтықтық, білмегенді біле беруге құмарлық, махаббат керек. Білмегенді білген сайын сол құмарлық арта бермек. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқалады»,,-дейді [73,76].

Абай бұл жерде адам бойындағы білімге деген сезімнің тазалықпен, адалдықпен, адамдық қасиетпен ұштасып жатуын айтып отыр. Өмірінің ізгіленуі-ол ғылым іздеу. Білім мен ғылымның тереңіне бойлап, білмегенді білу, ғылым алдында ар ожданыңды жоғалтпау, ол жолда аянбай еңбек ету керектігін Абай да өз еңбектерінде терең талдаған.

Біздің сөз қозғап отырған тақырыбымызда ұлттық тұлға бойындағы қасиеттің бірі-білімділік, ғылым меңгеру десек, шын ғылымды сүйетін адам ғана оның бақытына кенеле алады. Ол жолда көз майын таусып еткен еңбектің ғана жемісін көреді деп, ойымызды Абай ойымен толықтыра түскіміз келеді.

Абайдың пайымдауынша, білім-ғылымның екінші шарты: Ғылымнан ақиқат табу мақсатын қою. Таластан пікір ашылады, шындық ашылады, көңіл бекиді. Бірақ, таласта өзімдікі ғана дұрыс деп қатып қалу жарамайды. Ондай өз пікірін ғана іске асыруды мақсат етіп қоюдың түбінен менмендік, өзімшілдік пайда болады. Оның ақырынан адамдыққа да, ғылымға да зиян келеді дегенді айтады.

Үшінші шарт: Әрнәрсенің шындығына өз көзің толық жеткенде ғана, сенімің берік болғанда ғана, соны ғылым тұт. Сенімің берік болмаса ол ғылым емес. Ақиқатыңа көзің жетсе, онан ешуақытта айрылма.

Төртінші шарт: Ғылымды үздіксіз зорайтып, молайтып, көріктеп отыратын нәрсе керек, ол - ақыл-ойдың ісі: Ақыл-ой арқылы көркейіп отырмаса ғылым дамымайды, өспейді дейді.

Бесінші шарт: Ғылымды игеруде салғырттықтан, еріншектіктен сақ болу керек. Оны іске асыруда белгілі болған жақсыларын әрі қарай дамыта беру керек, жарамсыздарын тастау керек.

Алтыншы шарт: Ғылым білімді еске сақтарлық ұстамдылық қажет, ақыл-ойдың, мінездің беріктігі керек, ол үшін қайрат керек. Ғылымды да, ақылды да сақтайтын сауыт сол ұстамдылық, табандылық мінез, деп ғылымның ерекшелігін, оның жолындағы адал еңбекті, қажетті шарттарды даралап көрсетеді.

«Сол мінез бұзылмасын, көрсе қызарлық пен жеңілдік я біреудің орынсыз сөзіне, бір кез-келген қызыққа шайқалып қала берсең мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ, қоярға орны жоқ болған соң оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын. Ол бір ақыл үшін, ар үшін болсын», - деген ұлы Абай.

Жалпы адамды көріктендіретін оның - мінезі. Оны ұлы Абай өзінің еңбектерінің өн бойында үнемі баса айтып отырған. Абайдың пайымдауынша адамның ақылы мен ұстамдылығы, табандылығы сол мінезі арқылы көрініс табады. Алдына қойған мақсатқа жету үшін және оны іс жүзіне асыру үшін де оның мінезі шешуші рөл атқарады. Мінезді «туа біткен», «қанға сіңген» мінездері деп жіктеп жатамыз, жалпы бұл сөздің де негізсіз емес екені анық. Ұлттық тұлға бойында болуға тиісті тағы да бір ерекше қасиеті ұлттық мінезге тән қасиет-ол ұлт қайраткерлерінің бойына тән сабырлық, ақжарқын, кең пейілді, шыншыл, ойлы, парасатты болуымен қоса ұлтымызға тән игі қасиеттерді яғни көпшілдік, қонақжайлылық, туысқаншылдық қасиеттерді бойына сіңіруі. Абайша айтқанда «Ақыл, қайрат, мінезді» бірдей ұстайтын ұстамды, қайратты мінезінің болуы.

Адам туралы ерте заманнан айтылып келе жатқан аңыз да, ақиқат та көп. Мың сан ғұлама ғалымдар адам болымысы хақында не айтпады дейсіз? Әлемде адамнан өткен құпия жоқ. Табиғат та адам арқылы түсіндірілмек. Адам құпиясын ақтармақ болып пайғамбарлар неше түрлі ой-пікірлер айтты. Әр түрлі діни көзқарастар ойлап тапты. Адамды дін арқылы, яғни оны өзге күдірет арқылы түсіндіруге жасалынған талпыныс адамзат санасында өз жемісін де берді [74,82].

Өмір болмысын, адам болмысын барша жұрттың бірдей түсінуі мүмкін емес. Оны ұлы Абай да түсінбеген. Ол-құпия. Абай: «Мені» мен «Менікінің» айрылғанын «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» - дейді. Абайдың «мен» деп отырғаны – адамның тәні, табиғаты. «Мен» деген ұғым тек адамға қатысты қолданылады. Ол сөз жануарларға, хайуанаттарға қатысты қолданылмайды. Олардың «Мені» жоқ. «Абай менінде» үш мән бар: тән, жан, рух. Тән жалғандық, ол биологиялық заңдылықтарға бағынышты. Ислам діні адамның тән тазалығына қатты көңіл бөлген. Тәні таза адамның жаны да таза, тәні саудың, жаны да сау. Рух тән тазалығын қажет етеді. Осы тән тазалығына әркімнің мені ие. Адам өз болмысына жауапты, бұл жауаптылық оның «мені» арқылы айқындалмақ.

Абай ұғымында адамды «өлді» деп, ат қою білместік. Адамды кеудесінен жаны шыққан соң, «өлді» деп ұмыту, оны санаттан шығарып тастау, адамшылық қағидасына кереғар түсінік-ұғымдар қалыптастырады. Ол адамды құрметтемеуге бастайтын жол. Ал, құрмет – адамға ғана лайық лауазым. Бүкіл әлемде адам ғана құрметті. Бұл ұғым адамнан өзгеге қолданылмайды. Осы құрмет «мен» мен «менікі» айрылғанда да жоғалмауы керек. Адам мәңгілік өлмейді, оның жаны тәнінен бөлініп, болымысы рухқа айналады. Осы қағиданы Абай бір-ақ ауыз өлеңмен тап-тұйнақтай етіп өрнектеп берген.

Өлсе өлер табиғат адам өлмес,
Ол бірақ қайта келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» мен «Менікінің» айрылғанын,
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес [74,85].

Адам болмысының құпиясына өзінің философиялық тұжырымын Абай осылайша айтып кеткен. Қазақ философы Ә. Нысанбаев «Абай дүниетанымы мен философиясы» атты еңбегінің «Адам мен алла» деген бөлімінде Абайдың діни дүниетанымын біршама талдап, құнды пікірлер айтқан. Адамға, адам болмысына, тұлға мәселелеріне Абай көзқарастарымен ғылыми пікірлеріне тоқтала отырып, Абайдың діни көзқарасты, оның ішінде мұсылман дінін тіптен жоққа шығармағандығына тоқталады. Ол жайында Абай:

Руза, намаз, зекет, хаж-талассыз іс,
Жақсы болсақ, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпегі соңғы төрті,
Қылғанменен тартымды бермес жеміс-дейді.

Абай намаз оқу, ораза тұту, жетім-жесір, кем-бағалдарға зекет беру, мүмкіншілік болса хажыға бару, міне осының барлығын қолдаған. Не нәрсе болса да ақылға салып, қажеттілігін алуды уағыздаған. Бодандыққа түсіп, «дін апиын» деген заманда да адам баласы өз-өзінен безген жоқ. Зұлымдықтың барлығы да дінсіздіктен басталатынын жақсы білеміз. Жаның мен тәніңнің тазалығы да дінмен байланысты, мұсылманшылдықпен сабақтас. Бес уақыт намаз оқыған адамның бойында тазалық пен адалдық болатыны анық, олардың адамдықтан азғындамай, әдептілікті жоғары ұстайтыны да ақиқат. Жаны мен тәні таза адамның рухы, сенімі, мінезіндегі беріктігі де дұрыс қалыптасады. Қазақ халқының бойындағы игі қасиеттерінің бірі – аруақты сыйлау, оған ізет көрсету, рухына құран бағыштап, сол арқылы ұрпағын имандылыққа тәрбиелеу. Жас ұрпағымыздың бойында ұлы Абай уағыздаған имандылық қасиеті болса, ол ұлттық ерекшелігімізді дұрыс түсініп, мейрімсіздіктен, дінсіздіктен аулақ болар еді. Қазіргі заманда әр түрлі діни көзқарастар мен бағыттардан ұрпағымызды сақтандырудың да тағлымдық мәні зор. Бүгінде түрлі діни ағымдар арқылы жастардың ойларын бұзып, тіптен олардың санасына біздің еліміздің саясатына қарсы көзқарастарды енгізу белең алып тұрғандығы да шындық. Ұлттық болмысымыздағы діни көзқарасымызды ұрпақ бойына дұрыс бағытта қалыптастыру қажеттілігін Абай дер кезінде түсінген.

Білемекке құмарлық – жан құмарлығы. Талаптылық әр түрлі өнер, жақсы мінез, жақсы қылық – жан тәрбиесінің ісі. Абайдың көздегені – адамды адаммен жарастыру, шеберлікке, саналылыққа баулу. «Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас, Артынан бір ауыз сөз айтып күлмес» - деген мінезді қолдау. Абай ұраны: «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде. Сонан тапқан – шын асылды тастай көрме», - деуі. Жігерлілер жан тәрбиесі жетілгендер, олардың меже-мерейі адамдық. Адамдықтың керегі-талаптылық пен табандылық, үлкен ісі – жолдастық, сыйластық, кәсіптікке берілу. Абай татулық пен өнерден басқа артық жолдас таппады. Оның сүйенгені де, сенгені де осы қасиеттер болды. Абайға сұхбаттасудың үйреткені – «сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей», орынсызды айтпау, түзу жолдан қайтпау, жақсылық қылар орында аянып бойын тартпау. Бұл бағдарлар сыйласуға да, сұхбаттасуға да ортақ талаптар[74,147].

Қазақстанның нақты материалдық және рухани жай-күйі тәуелсіз мемлекеттің қаз-қаз тұрып келе жатқанын (экономикалық, саяси және хұқылық) көрсетеді, ал рухани жағынан

алсақ, терең тоқырауды бастан кешіріп отырмыз. Оның түп-тамыры бұрынғы «Социалистік» отаршылдық жүйеде жатыр. Қазақтардың қоғамдық мұраттары өзінің мәні жағынан өмірлік деуге болады. Біріншіден, ол тарих сынының тегеурініне төтеп береді, екіншіден, халық көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, сол қоғамдық мұраттарды қажетті құндылық ретінде кейінгі ұрпаққа бере білді, үшіншіден, тарихтың өзі қазіргі ұрпақты осынау рухани байлықты сақтап, байыта білуге шақырып отыр.

Бәрінен бұрын ең алдымен жаңа қоғамдық қатынастарды, жаңа сана-сезімді қалыптастырудың күрделі процесінде сол мұраттарды практика жүзінде пайдалана білген жөн. Мұның ұлттық сана-сезімді, ұлттық идеологияны, халықтық салт-дәстүрлерді қалыптастыруға, ана тілді дамытуға, патриоттық сезім мен ұлттық мақсатты өсіруге, жастарды ата-анаға, үлкенге, халыққа және тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеуде ықпалы айрықша [74,155].

Адам баласына адам баласының бәрі дос. Қысқа өмірде адам өмірге қалай келсе, бұл өмірден солай өтеді. Сондықтан көрсеқызарлықтан, күндестіктен аулақ бол, құдайдан жақсылық тілеп, адал еңбек қыл деп, өзінің отыз төртінші қара сөзінде адамдарды бір – бірімен достық қарым-қатынаста болуға шақырады. Бұл дүниеде ешнәрсе де мәңгі еместігін айтады. Адам болып келген соң, адам болып кету керектігін дәлелдейді. Сонымен қатар ұлы ақын: «Адамзат жарастықты өмір сүріп, тыныштық пен тұрақтылықта адамдық құндылығын жоғалтпаса, тыныштық қуаты жүректе, ал келісім қуаты-қайратты, ерікті, иманды кісиде», - дейді. Адамның адамдығы-оның ақылы мен өнерінде, надандығы-жікшілдікте, өзара көре алмаушылық пен көрсеқызарлықта, ол мінез адамдарды бір бірімен жауластырып қоятындығын айта отырып, ұрпағын ондай келеңсіздіктен аулақ болға үндейді. Ұлттық тұлға бойындағы ұлы қасиеттердің бірін Абай - имандылық қасиеті деп білді. Имандылық қасиеті бар адамның жүрегі жылылықты, тыныштықты қалайды; өзара көреалмаушылық пен көрсеқызарлықтан аулақ болып, қайраттылықты, ерікті бойына жақын ұстайды деп түсіндірді.

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық ерекшеліктерді бойына сіңірген, еліміздің ертеңгі болашағының жарқын болуына білімі мен ақыл парасаты лайықты ұлттық тұлға қалыптастыру барысында, адам болымысы мен адам мұратына қатысты өзінің құнды еңбектерін жазып қалдырған ұлтымыздың ұлы ойшылы Шәкәрім Құдайбердиевтің де өзіндік орны бар. Абай ақынның ең жақын шәкірті, туысы Шәкәрім - екі дәуірді көрген адам. Кеңес үкіметінің алғашқы қадамдарын өз зердесіне сала отырып, тұрпайы ілімді қабылдамай, қатты наразылық білдірген. Шәкәрім санасындағы ғылым өлшемі ол – гуманизм. Ғылым адамға қызмет етуі керектігін айтқан. Ал, оның естіп, оқып, көріп жүргені адамға қызмет етіп, адамгершілікті тәрбиелейтін ілім емес. Сондықтан да ақын күйініп, елден безіп, тау-тасты паналап, қиыншылықта өмір сүрген. Ақынның бұл қылығын қастық деп түсінген шала сауатты, шолақ белсенділер оны өлтіріп, қолжазбасын олжалап, өзін құдыққа тығып тастаған [51,70].

Шәкәрім өзінің өмірдегі мұрат мақсатын айқындап, ашық айтып, халқының алдында серт береді. Ол: «Адамдық мұрат ар үшін, Барша адамзат қамы үшін, серт қылғам еңбек етем деп, алдағы атар таң үшін», - деген. Ақын осы айтылған сертінен өле өлгенше тайған емес. Ақынның бір айтқан сертінен айнымайтын адалдығына, оның адамгершілік қасиетіне көзі жетіп, көңілі сенген туған халқы ардагер азамат ақынын ардақтап, «ерекше туған бір туар ұлымыз», деп есінде мәңгі сақтап келеді. Адамдықты мұрат етіп, барша халыққа қызмет етуді өз өмірімен де, өлеңімен де, өнерімен де ұрпағына үлгі етті. Шәкәрім қазақ халқының жоғын жоқтап, мұңын мұндаған. «Қазақтарға бостандық келді, - деп жазады өзінің бірнеше шығармасында Шәкәрім, - дегенмен халықтың өзі осыған материалдық және рухани жағынан дайын ба? Сауатсыздыққа, мәдениетсіздікке, надандыққа, жалқаулыққа, өтірік айтушылыққа, ұрыс жанжалға қалай қарсы күресу керек? Шәкәрімді мазалайтын осы сұрақ. Оның жауабын да өзі айтады: «Қазақтарға халықтың ішінде арқа сүйері керек, бірлікте болғаны жөн, өзіңнің талантыңды адал еңбегің арқылы көрсете біл, білім алуға ынта қой,

жасыңа, жағдайыңа қарамастан барлық адамдарға ілтипатпен қара, сонда ғана сені туған жер асырайды, сонда ғана адамдар бақытты болады» - дейді Шәкәрім. Ол өзінің «Жастарға» деген өлеңінде:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Арам айла зорлықсыз мал табалық.

Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік

Бір білімді данышпан жан табалық,-деп адал еңбекпен күн көретін, білімді, адал, халқының болашағын ойлайтын, жастарға өнер білім үйрететін адам ізделік дейді [135,11].

Ол адамды Шәкәрім сол кезде Абай деп таниды. Оған: «Өмір зая болмастай бізге өнер үйрет, жұртқа күлкі болмайық, арамдықпен, айламен күн өткізбейік, өтірікке, өлгенше шынға өлелік», -деп жастарға үгіт насихат айтады. Абайды өзіне де, жастарға да ұстаз тұтады. Оның «Қазақ айнасы» жинағына енген «Шын бақ қайсы? Күншіл кім?» деген өлеңінде:

Бай, ұлық, жуандарды бақты көрмек,

Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.

Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:

Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек –дейді [135,94].

Шәкәрім бұл өлеңінде адам бойындағы осы игі үш қасиеттің құдіретін айта отырып, бұл үшеуі біріккен жағдайда өзімшілдік пен күншілдіктің көзін жоятындығына тоқталады. Өзімшілдік пен күншілдік қасиеттің адам бойындағы келеңсіз әрекет екендігін сынайды. Ол: «жарқанат сияқты күнге тіке қарай алмайды, күнге тіке қараймын деп, көзі соқыр болады», - сондықтан бұл қылықтардан аулақ болған жөн. Біреуге біткен бақты көре алмаушылық, күншілдік, өзімшілдік қасиеттер адамдыққа жатпайтындығын шығармаларында дәлелдейді. «Насихат» деген өлеңінде:

Кел, байлар, баланды оқыт, ғылым ізде,

Қазақты бастайтұғын қару сізде.

Партияға шашқанша осыған сал,

Қолыңда қорегің бар кезіңізде

Білгіштер, білімді өнерге сал,

Жарты өмір жалғыз күндік блмайды жал.

Тіленіп, тілің безеп қу атанбай,

Ғылым білсең, табасың қадір мен мал,-дейді [135,96].

Шәкәрім малдарын «партияға» шашып, білгіш болып, тілін безеп, өмірін құр өткізіп жатқан, бір күндігін, мансабын ойлап жүрген байларды, билерді, қуларды сынай отырып, малыңды балалардыңды оқытуға жұмса, қазіргі істеп жатқан тірлігің жарты күндік. Одан да барыңды ұрпағыңның білімді болуына жұмсап, ғылымды меңгеруіне көмектес дегенді айтады. Кедейлерге «сендер де ойланыңдар, алты ай жүріп бір қой тапқаннан түк өнбес, өнер үйрен, тамақ қана жеп, тек жүре бермей жас күніңде ғылым тап», -деп үгіт насихат айтады.

Адамнан адам озар немен артып,

Бұл сөзді ақылға сал, кірге тартып.

Залымдықпен ел алса, ол оза ма,

Маңайының бәрін де оттай шарпып!- дейді.

Ол: «Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,

«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»,

Түп қазығы: «Ақ ниет» -

Бұл жетеуін ел қылу.

Ешкімге зиян тигізбей,

Кәріптің көңілін күйгізбей,

Сайтанға беттен сүйгізбей,

Жүрегіңді нұрмен жу, - дейді [135,142].

Шәкәрім адамдықтың ең бір жоғары болмыстарын санамалап көрсете отырып, халқымыздың қасиетті «жеті» санына мән береді. Бұл жетеудің: «мейірім, ынсап, әділет,

шыдам, шыншылдық, харекет, ақ ниетті» ақылына ұстат, сол саған басшылық жасасын дей отырып, жас ұрпағына Абай сияқты жүрегінді жылылыққа бейімде, адамдықтан айныма деп жазады.

Оның «Адамдық борышың» деген өлеңінде:

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл,
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта оны біл.,
Жоба тап, Жол көрсет,
Келешек қамы үшін,- деп жырлайды.

Шәкәрім шығармаларында халқыңа еңбек ет, талаптан да білім мен өнер үйрен, мақтанға салынба, нәпсіңе билетпе, барыңды да, нарыңды да тірлікте ғибрат алуға жұмса, сонда ғана мәңгілік өлмейсің, адамдық борышың сол болмақ, дейді. Қазақ ақыны, дала ойшылы Шәкәрім «Талап пен ақыл» деген өлеңінде талап, ынсап, ар, намыс, ұят, сабыр, сақтық, деген адами қасиеттерге анықтама бере отырып:

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан
Анық төмен болмай ма хайуаннан.
Ынсап, рахым, ар ұят табылмаса
Өлген артық дүниені былғағаннан!-десе [135,76].
Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабырдың түбі - сары алтын».
Өзімшіл болма көпті ардақта,
Адамның бәрі өз халқың,-дейді [135,107].

Арыңды сатпа, теріңді сат, адалдық ізде, сабырлы бол, ойлан, талаптан, қанағатшыл, рахымды, ар-ұятты бол; өзімшіл болма, көппен санас, халқыңа пайда келтір деген сөздерін тек үгіт етіп қана қоймай, өмірдегі алуан іс-әрекеттерді сынаумен, қоғамдағы ұнамсыз жағдайларды дәлелді етіп әшкерелеумен байқатады.

Үйренсе ғылым менен сан өнерін,
Білер еді-ау өнердің не берерін.
Танысса ақын, ойшыл адамымен,
Табар еді-ау адалдық ар көмегін.
Білсе егер Салтыков пен Толстойын,
Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Гоголь мен Пушкиндерден ғибрат алса,

Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын,- деп, орыстың алдыңғы қатарлы ақындарының жазған шығармаларын оқыса, одан ғибрат алса, өнері мен білімін үйренсе, еңбек етсе, өзімшілдік пен надандықтан көзі ашылып адал жолға жақындар еді деп, тұлғалардың бойындағы адамдық қасиеттерді үлгі етеді [135,124].

Шәкәрімнің аңсаған ілімі - адамгершіліктің, адамдықтың, тазалықтың, адалдықтың биік шыңы сияқты таза ілім болған. Ол халқымыздың санасын толықтыратын, ой өресін биікке өрлететін ғылым мен ілімді ұрпағының бойына сіңіріп, барша қазақты жалған догмалар астында тұншығып жатпауын аңсаған. Ол үшін өзінің барлық саналы ғұмырын арнап, халқымыздың рухани өсіп-жетілуі жолында қызмет еткен. Осы жолда талмай еңбек ететін, ата-баба дәстүрін құрметтейтін, ұлттық болымысымызды жоғалтпайтын, атамекенін жауға бермейтін, қандай қиыншылықтар болса да оны жеңе білетін жан-жақты жетілген ұлттық тұлға қалыптастырудың қажеттілігін түсінген. Шәкәрімді мазалаған ойлар - қазіргі таңда да зиялы қауымды, елінің ертеңгі болашағының жарқын болуын ойлаған нағыз патриоттарын мазалап жүр. Ол кездегі сауатсыздық деп отырғаны - қазіргі таңдағы жаңа технологияны меңгеру, компьютерленген қоғамда техникалық сауаттылықты көтеру, тіл меңгеру, өз ана тілінді ғана емес, әлемдік деңгейде қолданылып жүрген орыс тілін, ағылшын тілін т.б. тілдерді білу, терроризм белең алып тұрған мына заманда елін ұрыс-жанжалдан, апаттан

қорғай білетін білімді ұрпақ тәрбиелеу. Жалқаулыққа бой алдырмайтын, надандықтан аулақ болатын, ұлттың ұлылығын дәріптейтін заманымыздың ұлттық тұлғасын қалыптастыру үдерістері Шәкәрімнің пікірлерімен ұштасып жатыр.

Шәкәрім көбіне-көп өз сөзін жастарға арнаған. Оларды адамгершілік қадір-қасиетті жоғалтпауға, көп еңбектеніп, көп ізденуге шақырған. «Өзінді-өзің жоғары қойып, өзімшілдік танытудан түк шықпайды», - дейді Шәкәрім. Қайта әрбір адамды бағалай біл, оның жақсы жақтарын да, жаман қасиеттерін де аңғарып отыр. Жаманынан жиреніп, жақсысынан үйрен, қоғамның өзі де, халықтың өзі де сол жеке адамдардан тұрады. (Адамның бәрі-өз халқың). Өзіңнің халқың үшін жауапты адал болу, әр адамның азаматтық асқақ борышы, керек десеніз, жақсы өмір, жарқын мұрат, үміт үшін өмірмен де қоштасуға болады, дегенді де айтады [135,169].

Ұлтының ертеңгі үміті, халқының бақытты болашағы, Отанын сүюі, яғни патриоттық сезімнің жоғары деңгейде қалыптасуы, еңбекқорлық қасиеті мен адамгершілік ар-ожданы қатар дамыған ұлттық тұлға болымысы Шәкәрімнің тәлім-тәрбиелік мұраттарынан анық байқалады. Шәкәрім ол жайында былай дейді:

Адам үшін еңбегің,

Өмірден барлық тергенім.

Қалағаның қарап ал,

Мұрам сол жастар, бергенім - деп уағыз айтады [135,170].

Ең қасиетті іс - адам үшін істелінетін адал еңбек, төккен тер. Осылар ғана адам баласының өмірден жиған-тергені бола алады деп ойын тұжырымдайды.

Қайткенде өркениетті елдердің қатарына қосыла аламыз? Халықтың асыл мұраттарын қадірлей білу үшін не істеген жөн? Адамдардың бойына жарқын мұраттарды сіңіре білу үшін қандай іс-әрекеттерді ескерген абзал? Мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, енжарлықтан бойды аулақ салудың қандай жолдары бар? Қазақ ағартушылары осы жағдайлардан шығудың жолдарын қарастырып, одан арылудың әрекетін жасады. Олар халықты жаман әдет-қылықтардан арашалап қалудың бірнеше жолдарын ұсынды: Жастарды бала кезінен бастап халықтық іс-әрекеттерге баулып, халықтың мақал-мәтелдерімен сусындатып, тәрбиелеу керек десе (Ы.Алынсарин); әлемдік ғылым мен мәдениетті ескере отырып, жастарға шығыс пен батыстың оқу жүйесіне сай білім беру дейді (Абай, Шәкәрім); балаларға білім беруде қазақтардың материалдық байлығын пайдалану, шығыс пен батыстың тілдерін үйрету, халықтың жандүниесін, мүддесін, мұқтажын түсіне білетін, соны шешуге қабілет қарымы, білімі, тәжірибесі жетерлік азаматтардың ел басқаратын орындарға орнығуы; мәдениет пен өндірістің орталығы болатын қалалар мен қоғамдық орындарды салу керектігін ұлы ғалымдарымыз өздерінің еңбектерінде айтты [74,177].

Біз бұл айтылғандардан, қазіргі заман талабына сай халықтың үздік дәстүрін бойына сіңірген, қанатты сөздерімен сусындаған, ана тілін жанындай сүйетін, оны терең білетін, әлемдік ғылымды, мәдениетті меңгерген, шығыс пен батыстың оқу жүйесін, тілін жақсы түсінетін ұрпақты тәрбиелеу міндеті туындайды. Бұл міндеттер ешқашан күн тәртібінен түскен емес, қайта заман ағымына қарай жанара бермек.

2.3 Жан-жақты жетілген тұлғаға қойылатын талаптар, ол жөніндегі ғылыми түсініктер мен теориялық анықтамалар

Адами тұлға мен оның болмысына байланысты мәселелер XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақтың қоғамдық, әлеуметтік ғылымдарында зерделі зерттеу объектісіне айналды. Капитализм элементтерінің келуімен еліміздің экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінде болған түбегейлі өзгерістерге байланысты тұлға проблемасы айрықша мәнге ие болды. Осы кезеңдегі қоғамдық қатынастың жаңа капиталистік жүйесі әлеуметтік қайшылықты бұрынғыдан да шиеленістірді. Олардың жасаған ағартушылық қызметтері еліміздегі алғашқы ағарту кезеңін құрады. Атап айтқанда,

қазақ ағартушыларының, алаш қайраткерлерінің еңбектерінде ағартушылық идеология нақты көрініс тапты.

Ағартушылықтың Қазақстанда пайда болу тарихы әлеуметтік дамудың заңдылықтарымен, оның ішкі логикасымен тікелей байланысты. Бұл арада қазақтың ойшыл ағартушылары мен ақын жазушыларының Ресейдің, Батыс Еуропаның озық идеяларымен танысуы маңызды роль атқарды. Ағартушылық идея ХҮІІІ ғасырда Еуропада, ХІХ ғасырда Ресейде кең тарап, етек жайған болатын. Еуропада феодализмнен капитализмге өту дәуірінің идеологиясы ретінде пайда болған ағартушылық ағым Қазақстанда ұлттық жағдайға бейімделіп өзіндік сипатқа ие болды.

Қазақтың ағартушылары мен зерттеушілері, философтары мен тарихшыларының айтуынша, сол кезде қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси деңгейіне сай, халық мүддесін көздеген жалпы демократиялық антифеодалдық, озық идеялы ағым қалыптасады. Бұл батыс Еуропалық, ресейлік ағартушылық - буржуазиялық идеологияның айқын үлгісі болатын. Қалың бұқараға білім беру, ағарту жолдары арқылы мешеулікпен күресу қазақ ағартушыларының да басты идеясы болды және оның бүкіл демократиялық, гуманистік мазмұны осы идеяда жатты.

Қазақстан ғылымы мен мәдени-рухани салаларына үлкен үлес қосқан Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, Ғ.Қарашев, Н.Құлжанова, С.Сейфуллин, М.Әуезов, т.б. педагогика, психология, методика проблемаларына, жалпы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелеріне арналған іргелі еңбектері руханият саласына қосылған қымбат қазына болып табылады. Өйткені, ұлттық мақсат-мұраттары, оның ішінде тәлім-тәрбие мәселесі - қай кезең, қай уақытта да Адам назарынан, күн тәртібінен түскен емес. Себебі түсінікті: Адамзаттық құндылықтар, адам мен оның еңбегі, ұлттық салт-сана, дәстүр, дін, діл, тіл т.б. қашан да қымбат, қастерлі болған-ды. Ендеше, ұлттық тәлім-тәрбие мәселесі, білім жүйесі соның негізінде жан-жақты дамыған ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі-қоғамның қала берді қалың көпшіліктің ерекше көңіл бөлетін, әрдайым басты назарда болатын қымбат қазынасы, рухани құндылықтары болып табылады.

Адамға, халыққа қызмет ету салаларында алаштың ардақтылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқай, С.Сейфуллин т.б. үлкен үлес қосты. Олардың ұлттық тәлім-тәрбиеге, педагогикалық-психологиялық ғылыми ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуына қосқан еңбектері - жаңа тұрпатты оқу-ағарту ісіне, ең негізгісі Адамға қызмет етудің жаңаша үлгісі, тамаша табыстары болып табылады.

Білім жүйесінде, оның ішінде ұлттық тәлім-тәрбие саласында жан-жақты жетілген тұлғаның саналы болып өсіп, сапалы білім алуы, сондай-ақ, олардың күнделікті өмірде, мамандық таңдауда қабілеті мен дарындылық қырларының танылуы негізгі шарттардың бірі. Егеменді еліміздің қазіргі уақытындағы аса өзекті мәселелерінің бірі – білім жүйесі. Білім жүйесін жаңа заман талаптарына сай реформалауда бүкіл қазақ халқының алдына, оның ішінде зиялы қауым алдына үлкен міндеттер қоюда. Білім беру мәселесінің ең күрделісі-тәрбие мәселесі. Ол сан ғасырлар бойы әрбір ұлттың дүниетанымында ерекше орын алып келеді. Өйткені ғасырдың қай кезеңін алып қарасақ та тәрбие қоғам дамуының қозғаушы күші болып келген. Біздің халқымыздың тарихында да тәрбиенің ықпалы шешуші рөл атқарған.

Тәрбие – жеке тұлғаның рухани, бітімдік, білімдік, ой-саналық дамуының негізгі факторы. Бұл фактор жеке тұлғаға сыртқы әсер, ішкі әсер арқылы ықпал жасайды; ішкі, сыртқы қайшылықтар арқылы басты қозғаушы күшке айналады.

Жеке адамның дамып қалыптасуына оның тегі, яғни тұқым қуалаушылық қасиеттері әсер етпей қоймайды. Дегенмен де қоршаған орта, алған тәрбиесі, ол өмір сүрген қоғамның да әсері болатынын ғалымдар жоққа шығармайды. Қазақ халқының «Жақсыдан жаман туар,

бір аяқ асқа алғысыз; жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз», деп айтқан ұлағатты сөзі бар. Сондықтан да тәрбие арқылы жас ұрпаққа асыл қасиеттерді сіңіруге болады. Халқымыз ұрпағына ұлттық асыл қазыналарын сіңірді, ұлыларын ардақтауды, олардың өмірінен үлгі алуды әрдайым алдына мақсат етіп отырған. Ұшы-қиырсыз жазира дала тұрғындары өздерінің үлкен тарихында жас ұрпаққа тәрбие беруде бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін туғызды. Көшпенділер өзінің ұрпағын қайратты, мығым, қиыншылыққа төзімді етіп тәрбиелеуді көздеді. Олай болатын да себебі болды. Мал шаруашылығымен айналысып, кең далада өскен халқымыз табиғаттың қатал сынына төзе алатындай денсаулығы мықты, қайратты ұрпағы болмаса, қиыншылыққа төзудің қиын болатындығын жас ұрпағына ұқтырып отырған. Ұрпағын еңбек сүйгіш, елгезек, өнерлі, инабатты, абзал азамат болып өсуін мақсат еткен ата-аналар баланы есі кіріп, оң, солын тани бастағаннан қыз балаларын үй шаруысына, ер балаларын түз шаруасына икемдеп тәрбиелеген.

Өз халқын шапқыншылықтан қорғауда ерлігі аңыз болған батырларын, сөз бастаған шешендерін, ел басқарған көсемдерін, кемеңгер ойшыл ұлдарын қадірлеп, ұрпағына үлгі етіп ұсынған. Халқымыздың асыл қасиеттерін қазақ даласында саяхатта болған Татищев В.Н., Миллер Г.Ф., А.Левшин, Вельяминов-Зернов В.В., Потанин Г.Н., Радлов В.В., Катанов Н.Ф., Мелиоранский П.М. т.б. осы сияқты орыс, украин, поляк пен неміс зиялылары, ғұлама-ғалымдары дөп басып айта білді. Мәселен этнограф-тарихшы Алексей Левшин өзінің «Қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде қазақтардың салт-санасын, дінін, әдет-ғұрпын, шаруашылық кәсібін, мәдениетін сөз ете келіп, қазақтар табиғатпен қоян қолтық өмір сүрген, тіршілікте қанағатшыл, қонақжай, жайбарақат, кең далада таза ауамен тыныстанған, денсаулығы мықты, күшті де қуатты, аштыққа, ыстыққа, суыққа да шыдамды келетіндігін сипаттап көрсеткен [30, 6].

Осындай қасиеттері бар халқымыз ұрпағын тәрбиелеуде ешқандай арнайы оқу құралдары, ғылыми-педагогикалық, әдістемелік нұсқаулары болмаса да оның негізгі ұғымдары мен қағидалары халық ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлары мен аңыз-әңгімелерінде, халық ақын жырауларының поэзиялық шығармаларында айрықша көрініс тауып отырған. Баланы еңбекке баулу, тұспалдап сөйлеу, табиғат құбылыстарын эмпирикалық тұрғыда түсінуде, эстетикалық талғамын тәрбиелеп жетілдіруде, сана-сезіміне батырлық пен қаһармандық сезімін қалыптастыруда халық тәрбиесінің ықпалы зор болған.

Бұл бағытта жан-жақты жетілген тұлға бойында - ұлттық рух, сана, дәстүр, дін, тіл, т.т. қасиеттер аса жоғары болғанда ғана мұратты, кәделі іске айналмақ. Өйткені, бір ғана: «Ұлттық сана дегеніміз - ұлттың өзін сезінуі және түсінуі. Сезімге, әрі ой-пікірге арқа сүйейтін ұлттық сана болады, бірақ ол әлі де болса жеке адам тұлға емес, себебі онда тәжірибе білім, іс-әрекет жоқ" – деген ғылыми ой-тұжырымдалады. Түрлі ғылыми тұжырымдарда адам жеке тұлға болып тумайды, ол өзінің сана-сезімі, қоғамға қарым-қатынасы, іс-әрекеті, мінез-құлқы арқылы дамып жетіле келе, жеке тұлғаға айналады деген пікір айтылады. Кісілігі бар толық адам - ол ақыл-ойы, қайраты мен мінез-құлқы, сана-сезімі қалыптасып берік ұстанғанда ғана, жеке тұлғалық қасиеттерге ие болады. Солай бола тұрса да тұлға проблемасын жеке мәселенің жалпы мәселеге қатысы ретінде адам проблемаларының біреуі ғана деп ұғыну жансақтық болар еді. Мәселе сол жалпы проблеманың айрықша бөлігі жайында болуы керек. Қоғамның саяси әлеуметтік, мәдени рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар арқылы көрініс табады. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырған.

Жалпы өмірде адамға, оның сапасына, яғни тұлғалық ерекшеліктеріне үлкен мән беріліп, Қоғамдағы үлкен өзгерістер жеке тұлғалар арқылы іс-жүзіне асырылған. Тұлғаға байланысты жеке тұлғалар, ұлы тұлғалар, тарихи тұлғалар, батыр тұлғалар, ұлттық тұлғалар

деп бөліп жатамыз. Сондықтан да қазақ тарихында, оның сахарасында кез-келген тарих туралы еңбектердің баршасында жеке тұлғалардың өмір деректері негізге алынып отырылған. «Қазақтың шежірелік зердесінде адам- тарихтың негізгі тұлғасы, ал адам сапасы - тарихтың қозғаушы күші» деп көрсетілген.

Тарихи тұлға дегеніміз жағдайға байланысты және жеке басының сапасына орай танылғандар деп келетін жалпылама анықтама белгілі. И.А.Ильиннің сөзімен айтқанда, халық шашырап жатқан тобыр. Ал, оның күш қуаты шоғырланып, өзін өзі анықтауы халық ретінде айғақтауы үшін тұтастануы қажет, хұқық еркі мен мемлекеттік рух белгілі бір тарихи тұлғалар арқылы көрініс табуы керек. Халық та бір нөсер жауынды аңсаған шөл дала сияқты, дана көсемге қашан да зәру. Платон айтқандай, дана тұлға патшалық немесе патша дана тұлға болғанда дүние шырайлана бермек [77, 4].

Өркениетті ойлар жер бетінде мыңдаған жылдар салтанат құрып, бүкіл адамзат қоғамындағы барлық таптар мен топтарға, барлық ұлттар мен ұлыстарға ортақ мұралық қызмет етеді. Мәселен, ертеде өмір сүрген Платон, Аристотель, Конфуций, Будда, Мұхаммед, Сократ, Әл Фараби т. б. ұлы ойшыл ғұламалардың ой-пікірлері бүгінгі ұрпаққа да ой салатын, рухани қажетіне жарата алатын қазына. Тарихта мәдени байлықтарды қиратып, адамдарды қырып жоюмен аты қалған Александр Македонский, Шыңғысхан, Темірлан, Наполеон, Гитлер т.б. үстемдігі уақытша болған да, ал ақыл парасат иелерінің ой пікірлері мәңгі салтанат құрған. Оның себебі біріншілері, бүкіл адамзатқа ортақ рухани мұра білім, ғылым, өнер рухын себушілер болды. Ал, екіншілері жер бетіне өлім рухын сеуіп, үстемдік жүргізуді, басқаларды тәуелді етуді армандады [77,28].

Адамзатқа ортақ рухани білім, ғылым, өнер саласында ұлттық мәдениетті меңгерген, ұлттық менталитеттік өресі биік ұлттық тұлғаның орны жоғары. Елімізде ұзақ жылдар бойы «тарихты жеке тұлғалар жасамайды» деген маркстік қағиданы ұстанып келдік.

Шын мәнінде, қоғамдық ойдың шапшаң дамуына жеке тұлғаның әсері болатынын немесе толықсыған ақыл парасаты мол көсемдердің сабырлылық сабасына түсіруге ықпал ететінін жоққа шығаруға болмайды. Олай болса, тарихи оқиғалардың шешілуінде жеке тұлғалар шешуші рөл атқарады. «Өмір таласы ұлыларды туғызады, ал атақ шығару үшін күрес талантты танытады» деген К.А. Гельвецийдің, «Ұлы тұлғалар аспанды жарып шығып, жарқ еткен найзағай іспетті, ол жолындағыларды өрттеп, қырып, жоймай тынбайды» деген Т.Карлейльдің, немесе «Білгеннің сөзі өнеге, өнегелінің соңынан еру де ерлік» деген Ахмет Иүгінекийдің, ұлы ақын Абайдың «Единица жақсысы, Ерген елі бейне нөл, Единица кеткенде не болады өңкей нөл?» деген тұжырымдары ұлы тұлғалардың тарихтың көшбасшысы болатындарын дәлелдейді.

Жетілген тұлғалардың немесе ұлы тұлғалардың өмірді өзгертуге ықпалдарының болатынын, олардың бойындағы ерекше қасиеттері яғни сабырлылығы, өткірлігі, алдарына қойған мақсатқа жету жолындағы бірбеткейлік қасиеттері, немесе жеке адамдардың өмірдегі орнының ерекшеліктері тұлғалық қасиеттердің болмысын көрсетеді. Тарихты жасайтын да өмірді өзгертетін де осы жан-жақты жетілген тұлғалар. Олай болса бұл жан-жақты жетілген тұлғалар - әлемдік өркениетпен, ұлттық мәдениеттің озық үлгілерін бойына сіңіруші тұлғалар.

Әлемдік деңгейге көтерілген ұлы жазушы М.Әуезов «Мәдениет хәм ұлт» деген ғылыми мақаласында мәдениет және адам бойындағы мәдениеттілік туралы пікірін былай деп жазған: «Мәдениет деп адамның дүние жүзіне алғаш келгенінен осы күнге шейін тапқан білімі хәм сол білімге сүйеніп істеп отырған өнерін айтамыз. Мәдениеттің адам қолына бір күнде қазіргі күйде келіп түсе қалмағаны әркімге мағлұм. Мәдениетке негіз салушы адамның хәм жүрегінің көрген нәрседен әсер алғыш сезімділігі. Бірақ адамның ақылы мен ізденгіш сезімділігі де дүниеге алғаш келген уақыты мен қазіргі уақытта бірдей емес. Ақыл мен сезімнің өсуі екінші бір себепке тіреледі. Ол себеп: тұрмыс ыңғайы, өмір жасаудың ауырлық, жеңілдігі хәм ауырдың тізесінен қысылып тапқан өмір тәжірибелері» дейді [78,35].

Адам баласының мәдениетке жету жолы оның дүниеге келген кезден бастап ізденген

білімі мен өнерінен, оған жету жолындағы жүрек сезімі мен төзімділігінен, өмір тәжірибесі мен тынымсыз еңбегінен, тұрмыс тіршілігі мен өмірді түсіне білуінен, ақылы мен ізденуінің нәтижесінен екендігін ұлы жазушы көрегенділікпен атап кеткен. Өмірдің ауырлығы мен жеңілдігін ақыл таразысына салып саралай білген азамат қана өз ұлтының мәдениеті мен өзге ұлттың да мәдениетін бағалай біледі, мәдениеттілікті бойына сіңіре алады.

Әлемдік мәдениеттің ұлттық мәдениетпен оның озық үлгілерімен толығып отыруы тарихи заңды құбылыс. Сондықтан бүгінгі өркениетті әлемдік мәдениетке жергілікті жердегі ұлттық мәдениетті кіріктіре пайдалануды өмірдің өзі талап етіп отыр [77,32].

Сонымен, әлемдік өркениетті, мәдениетті меңгерген оны өз бойына терең сіңірген, өз ұлтының да мәдениетін жетік біліп оны жанындай сүйетін, құрметтейтін адам ғана шын мәніндегі адам бола алады. Адамзаттың жасаған байлығын еркін меңгерген, гуманизм идеясы оның жүрегінен тұрақты орын алған, ұлттық сана сезімі оянған, адамзаттың бәрін бауыр тұтатын, барша халықты жақсы көретін, олардың ұлттық ерекшеліктерін құрметтейтін адамды жан-жақты жетілген тұлға деп айтамыз.

Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден, оның ақыл ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден, адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден, жеке тұлғаны іс әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент тығыз бірлікте қызмет етеді,-дейді профессор С.Қалиев [77,34].

Егеменді еліміздің болашағының жарқын болуы жан -жақты жетілген тұлғаларға қатысты десек, олардың әлеуметтік өркениетті меңгеруі, олардың өзіндік-ұлттық санасын жетілдіруі, өзін кез-келген ортада ұстай білуі қоғамымыздың мақсатты іс- әрекеттерімен қабысады. Олай болған жағдайда әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін әр кез бала бойына сіңіріліп отырылу қажеттілігі туындайды. Жетілген тұлғаны тәрбиелеу барысында оның психологиялық ерекшеліктеріне, белсенділігіне мән беріп тәрбиелеуші тәрбиені белсенді түрде саналылықпен жүргізуі тиіс. Тәрбиеші тәрбиеленушінің білімге қызығушылығына, ой қиялына, азаматтық борыш сезіміне, өз бетінше әрекет етуіне тырысушылығын арттырғанда ғана дұрыс қорытындыға жете алады. Осындай жағдайда өзін кез-келген ортада ұстай алатын, өзіндік «мені бар» және оны саналы түрде көрсете білетін, өзіне-өзі дұрыс баға бере алатын, елмен тіл табыса алатын, мінез-құлқы дұрыс қалыптасқан жан-жақты жетілген ұлттық тұлға қалыптастыра аламыз.

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мектептің, отбасының және ортаның тәрбиелік ықпалын ұштастыруда педагогикалық ынтымақтастық қажет. Әр жеке тұлға өзін өмірде сирек кездесетін тұтас бір ерекше жан (феномен) түрінде сезінеді. Бұл заңдылық мектеп мұғалімдерінің, отбасының және қоғамның педагогикалық күш жігерінің бірлігі мен келісушілігін жүзеге асыруды күні бұрын белгілейді [77,37].

Отбасы тәрбиесіндегі тұлғаны қалыптастырудағы ерекшелікке тоқталайық. Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі жеке тұлғаны қалыптастыруда алға қоятын түпкі мақсаты - «Сегіз қырлы - бір сырлы» азамат тәрбиелеу деп айқындалған. Мәселен IX –XII ғасырлардағы «Кемел адамды» қалыптастыру идеясының туындауының негіз болғандығынан айқын көрінеді. Осыған сай қазақ халқында бала тәрбиесі негізгі басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтиды. Олар: -тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеу; мейрімді болуға әрбиелеу; тіл алғыш елгезек бол деп үйрету; адалдық пен шындыққа баулу;-білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіру; үлкенді, ата- ананы сыйлауды үйретуді басты міндет етіп қою; кісі айыбын бетіне баспа; ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса деу;

Мұндай халықтық пайымдаулар IX -X ғасыр өкілдері ғұламалар Қорқыт, Ж, Баласағұн, М. Қашқари, Кейкуас және т.б. идеяларынан көрініс тапқан.

Қазақ отбасында тәрбиенің әр түрлі бағыттары ертеден жан-жақты қарастырылып, тәрбие жүйесі айқындалған. Бала тәрбиесіне байланысты әр ата-ананың өзіндік ережесі

қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жазылмаған заң тәрізді ауызша жалғасын тауып отырған. Бұл жөнінде қазақстандық ғалымдар С. Қалиев, Қ. Жарықбаев, С. Ұзақбаева, Ж.Наурызбай, Қ.Бөлеев, Қ. Қожахметова, Бейсенбаева А.А., Төлеубекова Р.К., Р.Джанабаева және т.б. этнопедagogикалық материалдар негізінде қазақ халқының ұл және қыз тәрбиесіне деген көзқарастарын және оның өзіндік ерекшеліктерін кеңінен қарастырып, зерттеп келеді.

Отбасы тәрбиесіндегі адамгершілік тәрбиесінің орны ерекше. Оны М. Әуезовтың «Адамдық негізі әйел» деген мақаласына тоқтала отырып анықтайық. Ол: «Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі - тіршілік қамы, бірі - адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайда, мақтан әуелі басыма болса, одан туысыма болса, ең болмаса аталасыма болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл, инсаният, яғни адамдық жолы. Бұлар бұрынғы Толстой сияқты хақимдердің айтуында, екінші, марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы-адамның дұшпаны, адамның баласы- бауырың» , деген мақалы да, һәм пайғамбарымыз Ғалаис саламның: «Адамның жақсысы адамға пайдасын тигізген», деген хадисі»- деп, жазады.

Ұлы жазушы адам баласы тек өзін, өзінің жақындарын ғана ойлап, сол үшін ғана өмір сүрмей, жалпы адам баласына жақсылық жасау үшін өмір сүру керек деп, ұрпағына өсиет айтқан. Енді сол жақсылықты жасау үшін ұрпағы қалай тәрбиеленуі керек? Оны тәрбиелейтін адам, өмірге келген күннен бастап ең алғаш оның көретін адамы-оның анасы. Сол аналарымыз қандай болуы керек? - деген сұраққа ол былай деп жауап береді: «Адам бір үлгіні біреуден аларда, ең әуелі шын сүйген кісісінен алады. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды,- дейді. Бұған қарағанда біздің буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде елжіреп сүйетін кісіміз кім? Ол -анамыз. Олай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты, әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде әділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың характері үй-іші мен отбасынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан туу мүмкін бе?», деп үлкен саяси мәселе көтереді [78,58].

Аналарымыздың болашақ ұрпағымызға дұрыс тәлім тәрбие беруі үшін олардың жақсылық пен махаббатты сезініп, өздерінің ер адамдар мен тең дәрежеде болуы керектігін дәлелдейді. Аналарға құрметпен қарап, оларды сыйлап, өмірдің барлық саласына араластыру керектігін М.Әуезов өзекті мәселе деп қараған.

Советхан Ғаббасов «Халық педагогикасының негіздері» атты еңбегінде, ана құрсағындағы тоғыз ай адам ғұмырының ең ұзақ та, сонымен қоса ең күрделі кезеңі болып табылатындығын, ақыл мен білім түйсігін қоса отырып, үңілген жағдайда ол кезеңді мөлшермен жер бетіндегі тіршіліктің жарты миллиард жылымен (бес жүз миллион) сәйкес келетіндігін ғылымда дәлелденгендігін тоқталады. Қазіргі ғылыми деректерге сүйене отырып, ана құрсағында өсіп жатқан жан иесінің өзіне берілген тоғыз ай ішінде табиғат шебердің күдіретімен «он сегіз мың ғаламның» сипаттарының бәрі белгілі болып отырғандығына да тоқталады. Ол: «Осынау тіршіліктің жетілуін сапалық дәрежеде көрсететін жұмбақ кезеңді, адам тәрбиесі жүйесінде ескермей келгенімізді ойға алсақ, бүкіл адамзаттың рухани дамуындағы көптеген кемшіліктері осыған байланысты тәрізді. Өйткені бұл мәселе өткен педагогикалық ілімдерде, ешуақытта ғылыми жүйеленіп сөз болмаған. Адам тәрбиесі сияқты аса құнды құбылыстардың бастауы болып саналатын ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тоғыз айдағы жетілудің сырына терең үңілмей, ұрпақ тәрбиесіндегі мәселелердің дұрыс деңгейде шешілуі мүмкін емес», -деп өз ойын ғылыми тұрғыда тұжырымдайды [102].

Әсіресе, қазіргі кездегі молекулалық биологияының жетістіктері мен генетика ғылымының қол жеткізген табыстары бұл айтылғандарды тапжылтпай дәлелдеп бергендігін дәлелдейді. Сонымен қатар, адам бойындағы бүкіл түйсіктік ақыл мен ішкі сезімдерді былай қойғанда, оның қабілеттері мен мінез-құлықтары, психикалық темпераменттері мен тектілік қасиеттерінің іштен туатындығын, бұл құбылыстардың бұл күнде ғылыми дәлелденгендігіне

тоқталады. Баланың ақылды, парасатты, түйсікті, болып, денсаулығының да мықты болуы ана құрсағынан басталатынын ұрық тазалығынан екендігі қазіргі таңда көп дәлелдеуді де қажет етпейді. Себебі, бұл ғылымда дәлелденген. Бала бойындағы тума қасиеттердің де ана құрсағынан бастау алатыны, оны ұштап тәрбиелеу ананың ғана қолындағы құдіретті күш екендігі анық. Жастарымыздың, әсіресе болашақ ана болатын қыздарымыздың бойына өмірге сәби әкелудің жауапты кезең екендігін сезіндіріп тәрбиелеу - өмір талабы. Қыздарымызға бала бойға біткеннен анасы баласының болашақта жақсы адам, ұлы адам, қасиетті адам болып қалыптасуы, өсуі іште яғни ана жатырында жатқанда басталатындығын ұғындырып, түсіндіріп отыру қажет. Тіптен ана көңіл күйінің түгелдей балаға әсер ететінін, сондықтан баланың жан-дүниесінің меңіреу күйде қалмай, өмірге сезімтал болып келуі үшін оған жылы жүректі тәрбие беру керектігін де аналарға міндетті түрде ұғындыру керек. Сонда ғана Абай армандаған «жылы жүректі, нұрлы ақылды, ыстық қайратты» яғни «толық адам» дүниеге келмек. Бізше, анасынан жүректері ояу туылған мұндай азаматтардан, адамгершілігі мен арын елінің ертеңі үшін жұмсайтын жан-жақты жетілген ұлттық тұлға қалыптаспақ.

Бұл жайында К.А.Оразбекова «Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми педагогикалық негіздері» деген еңбегінде былай деп жазады: «Баланың дүниеге келуінің өзі табиғаттың ғажайып құбылысы, ал нәрестенің дүниеге дені сау болып келуі одан да асқан керемет. Бүгінгі таңда ел арасында түрлі жұқпалы аурулар қарқын алып, іштен туа біткен кеселдер шықты. Генетика деген адамның тегін зерттейтін жаңа ғылым дүниеге келіп, дами бастады. Оның табыстары таң қалдырады. Бірақ егжей-тегжейлі түсіндіріп халықтың көзін ашпайынша, ауруларды болдырмау, оның алдын алу үшін жүргізілетін күресте табысқа жету мүмкін емес. Себебі, бұл тек бүгінгі және «2030» ұрпақтарының денсаулығына деген жанашырлық қана емес, тегімізді аздырмау әрекеті деп түсіну қажет», -деп көрсетеді [39]

Ақыл ойдың дамуы, рухани күштер мен қабілеттердің дамуы көп жағдайда адамның денсаулығына, төзімділігіне, жүйке-жүйесінің мықтылығына қарай айкындалатын болғандықтан, ол дене тәрбиесімен тығыз байланыста қарастырылады. Нарықтық экономиканың жағдайында адамның жеке басының саулығы, оның дене күшінің мықтылығы - жеке басының құндылығы болып саналады. Бұл қасиеттер тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі. Елімізді өркениеттілікке жеткізетін, ел экономикасын дамытатын, дамыған елдер қатарына қосылуға мүмкіндік жасайтын, жан-жақты жетілген тұлғалық қасиеті бар адамның денсаулығы мықты, қаны таза, қиыншылыққа төзімді, күші мол болу керек.

Жеке тұлғаны қалыптастыру дегеніміз оны мәдениетке үйрету, білім, білік, қарым-қатынас ережелерін, әлеуметтік тәжірибені меңгерту. Ұлттық көркем өнермен, әдебиетпен, ғылыммен айналыстыру, адамгершілік құндылықтар жүйесін ұғына білуге, сөйтіп жеке бастың тәжірибесін үздіксіз байытып отыруға себін тигізу. Мәдениетке араласу, сайып келгенде, адамның шығармашылық дамуы деуге де болады [77,41].

Ғалым Ж.Наурызбай «Ұлттың ұлы бола алсақ» атты еңбегінде: «Ұлт, ұлтжандылық, ұлтаралық келісім ұғымдары әрбір отандастарымыздың көкейінде берік ұялап, іс-әрекетімен танылуы – тәуелсіздігімізді баянды етудің аса маңызды шарты. Біз бұл құндылықтарды қалай түсінеміз? Түп тамырларына, бастауларына үңіліп көрдік пе? Ұлттық сана-сезім мен ой-парасатты қалыптастыруда, халықтың төл мәдениетін, тілі мен салт-дәстүрін дамытуда мектептің алар орны қандай? Қайтсек тәрбие тәлімді, білім сапалы болады?»-деген өзекті мәселелерді көтереді. Бұл сұрағына былай деп жауап береді: «50-60 жылдары 700 қазақ метебін жапқан қайраткерлер рухани мәдениеттің әлемнің бұдан басқа ешбір түкпірінде кездеспейтін зәулім ордасын «құлатып» жатқанын түсінбеген жоқ, түсінді. Ендігі есте болатын нәрсе қазір қайта ашылып жатқан шағын кешенді сол мектептердің ауылдағы рухани шаңырақ екендігі. Ең алдымен ана тілі мен төл мәдениеттен қол үзбейік. Егер біз ұлттық дүниетаным, сана-сезім, ой-парасат өздігінен келеді десек, терең қателесеміз. Оны іс-әрекетімізбен қалыптастырмай, тәрбиелемей болмайды», -деп жауап береді [156,29].

Ал, «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» тақырыбындағы еңбегінде, «Қай халық үшін де ұлы мұрат – ана тілі мен төл мәдениетін сақтау және болашаққа аманаттау міндеті – ең

алдымен білім беру саласымен байланысты. Ал, білім беру – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа рухани байлықты табыстаушы, қайта өндіруші және өмірге енгізуші, жеке адамды адамзат қауымымен байланыстырушы бірден-бір тетік», - дейді. Ғалым сонымен қатар бұл еңбегінде қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік өлшемдерге жақындата түсу, тілімізге қамқорлық, тарихымызға таразылық, халықтық педагогикаға шындап бет бұру, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін іс жүзінде бекіту, мәдени-этникалық білім беру жүйесін қалыптастыру мәселелеріне тоқталады. «Мәдени-этникалық білім кеңістігі - мәдени-этникалық білім беру үшін қажетті объективтік жағдай жасау, ал мәдени-этникалық білім берудің мақсаты – жан-жақты мәдениетті тұлға тәрбиелеу» - дейді. Сонымен : «Жан-жақты мәдениетті тұлға деп өз мәдениетіне де, өзге мәдениетке де тәнті адам деп танымыз. Төл мәдениетті терең білу - оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу - өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады» - дейді [157,37].

Тұлға-жоғары дәрежеде кіріккен (интеграцияланған), үнемі өсу процесінде болатын әлеуметтік жүйе. Оның бойында өзін-өзі дамытуға деген мүмкіндік және білімге деген сарқылмас құмарлық ынтасы мол. Тұлғаның қалыптасуы дегеніміз баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өзінің тағдырына өзі иелік ете білуі, өзінің мінез-құлқына жауап беріп, қоршаған орта мен өзінің қарым-қатынасын түсіне білуі мен рухани құндылықты бойына сіңіруі. Жан -жақты жетілген ұлттық тұлға дегеніміз ақыл ой мәдениеті, кәсіби бағдары мен еңбек мәдениеті, адамгершілік мәдениеті, саяси және құқықтық мәдениеті, эстетикалық және денесінің даму мәдениеті, экономикалық және экологиялық мәдениетті толық қамтыған яғни әлемдік мәдениеттің түрін бойына жинақтаған, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жетік білетін жан- жақты дамыған адамды айтамыз.

«Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан ғана емес, өскен орта, көрген үлгі, алған өнегеге байланысты деп қарайды, бұзылу жас уақытында болатындығын тапты. Осымен көпшілікті адамшылыққа жеткізу үшін, жас буынды тәрбиелеуді қажет ұғып, оның жолымен жүргендерді таза деп білді. Адамшылықты таза жүргізу үшін көп ой керек. Ой ойлау үшін көп оқу керек. Және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, хақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңілін хақтықпен тәрбие қылу керек деп школдарға әр түрлі ғылымдарды кіргізді. Олар: шежіре, әдебиет, жаратылыс, һәм ғылым заңы, өлшеуі тағы басқалар», - дейді М.Әуезов [78, 330].

Баланы жастан тәрбиелеу керектігін, оның бала кезінен белгілі бір ғылымға ден қоюының қажеттілігін терең түсінген М.Әуезов «Ғылым» атты мақаласында оның тәлімдік мәнін терең көрсетуге тырысқан. Ұрпағын ойлай білуге дағдыландырып, терең білім алу арқылы ақиқатты, шындықты меңгере алатынын, ғылым арқылы өмірдің биік шыңдарына өрлей алатынын көре білген. Жас ұрпақтың ғылымды терең меңгеру арқылы ғана адамның түсіне енбейтін кереметтерді игеруге қабілетті болатындығын түсіндіруге тырысқан. Шын ғылым жолын түсінсе, оның көздеген мақсаты - адамдық, ақтық болар еді дей отырып, тәрбие жақсы тәртіппен кіріп, жүрегі махаббатқа толған адам көп болғандығын қалаған. Бірақ мұндай адамдар көпшілікке қарағанда, сирек шығып жататындығын, бұл тәрбие ғылымындағы кемшіліктен, оны таза тұтынбағандықтан, қазір адамның нәпсілік керегінен ұзай алмай, «ешкімнің ірілігін көтермесем, өзім ірі болсам» деген мақсаттардың ғана маңында жүргендігінен болып отырғандығына қынжылады. Ол: «Ақылдың терең көзімен қарағанда, осынша ақылға қожа болған адам бұл хайуан мақсаттан алыстап кетсе керек еді. Мұншаны тапқан көркем ақыл, көсем ғылым осы араға ғана келіп тоқтап қалмай, адамшылықтың иман жүзді жарық күнінің астына апарып, бар адам баласын бұрынғы қаскүнемдік, қанішерлік, жауыздығын тастатып, бір сүйіспеншілік, бір туысқандық жүрекпен табыстырса керек», - дейді М.Әуезов. Ұлы жазушы барша адам баласын бір-бірімен сүйіспеншілік пен туысқандықта өмір сүруі үшін бойында жалыны мен білімі бар және ғылым мен ілімді терең меңгерген ұрпағының көп болуы үшін «тәрбие ғылымының» орнын, оның өзектілігін дәлелдеп, көрсете білген [78,330].


Қазақ мәдениеті - жас ұрпақты тәрбиелеп дамытудың өте маңызды, бай қайнар бұлағы.

Оның ғасырлар бойғы тарихы, адам өмірінде болатын маңызды оқиғаларды, жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін айқындайтын ұлттық салт дәстүрлері, оның ғылымы, шығармашылығы мен өнері, ғажайып бай тілі, даналық, парасаттылық сияқты қасиеттерге толы. Ал, ол қасиеттер өнегелі, творчестволық жағынан дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді [39,42]

Яғни, бойына парасаттылық пен адамдық қасиетті қатар жинаған жан - жақты жетілген тұлғаларымыз әуелі өз халқымыздың даналығын, ұлылығын, өнерін, ұлттық салт-дәстүрлерін, ғажайып бай тілінің құдіреттілігін меңгеруі тиіс. Жан-жақты жетілген тұлғаға қойылатын талаптарды 3-суретте көрсеттік (3-суретке қараңыз). Қазақстанның өсіп-өркендеуіне саналы ғұмырын арнайтын; қоғамның дамуы мен рухани сілкінуіне қызмет ететін; адамзаттың рухани дамуына өз үлесін қосатын; жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды меңгерген; адамзатқа ортақ ғылым, білім нәрін меңгерген өз халқының және өзге халықтардың да мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, тілі мен дініне құрметпен қарайтын; ақиқат пен халық қамына қалтықсыз жаны ауыратын, парасат иесін жан-жақты дамыған тұлға дейміз деген анықтама бердік.

Халық «Ер туған елінде, ит тойған жерінде», деп текке айтпаған. Әр адамның туған елі, оның туған бесігі. Туған еліміздің қасиетті туын биік ұстайтын, оның қандай қиыншылығы болса да төзе білетін ұрпағы болғанда ғана мемлекетіміздің іргесі берік, болашағы жарқын, тұғыры биік болады. Себебі өз туған еліңе жететін ел болмайды, оның ауасы да, суы да, сұлу табиғаты да сенің өмір сүріп, адам болуың үшін ерекше әсер ететідігін ғалымар пікірлерінен анықтадық. Туған еліміздің ертеңі қалай, оны не күтіп тұр, болашағымыздың бұлдыр болмай жарқын болуы үшін өз елінің ертеңіне өзі ие болатын ұрпақ қандай болуы керек? Осы ойымызға орай Мұхтар Мағауиннің «Ұлтсыздану ұраны» атты еңбегінде, ұлтымыздың басынан кешірген тарихи оқиғаларына тоқталады. Халқының отаршылдық шеңгеліне түсіп, ұлттық болмысынан айрылып қалатынын түсінген ұлы тұлғаларымыз ашына үн қатқан.

Бұл жолда көптеген азаматтарымыз құрбан болып кеткені тарихтан белгілі. Қазақтан шыққан ең ұлы тұлға-Шоқан отарлық өкіметке, орыс халқының ұлы перзенттеріне туған халқын танытып қана қойған жоқ, өзгеше жағдай, замана қалпынан туындаған ұлттық идея,



Сурет 3 - Жан-жақты жетілген тұлға моделі

кіріптарлық шеңгеліндегі жұртының қайта жаңғыру бағдарын да нұсқайды. Бір жағы Қоқан иелігіне көшкен, бір жағы Қытай үлесіне кесілген қазақ халқының тұтастығы үшін күреседі. Керек десеңіз күш кеткен шарасыз жағдайда Орталық Азияны мекендеген барлық Түрік қауымының іргесі ажырамай, бір қолға қарауы қажет деп білді. Өз қаны, өз нәсілі үшін заманның бір қалыпта тұрмасын, еуропалық ғылым білімге жетілген халық ертең өз жолын табарын Шоқан жақсы білген [84,6].

Сәуегей ұлы Шоқанның айтқаны келді. Ғылым мен білімді меңгерген халықтың әрқайсысы өз іргесін Ресей империясынан алшақ алып кетті. Жеке мемлекет болып өз тілімізді, дінімізді, ділімізді қалпына келтіруге тырысып жатырмыз. Ең бастысы халқымыз ата жұртта, өз орнында отыр. Дәстүр салтынан, иманынан, тілінен айрылған жоқ. Санасы тұнық, зердесі ашық халықпыз. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ алаштың ұлттық санасы жүйелі катал түрде құдалауға ұшырады. Ұлттық мүддеге байланысты ой пікір атаулының бәрі катал шектелді. Сүттің бетіндегі қаймақтары атылды, асылды, тіптен қарапайым хат танитын сауаттыларының бәрін жер бетінен аластатты. Оқымаса да көзі ашық ұлттық намысы бар адамдарының бәрін қуғын-сүргінге ұшыратты. Осылайша ұлттық мүдде, ұлттық болмысымыз жойылып жатты. Ұлттық генофонды бұрын-соңды болмаған апатқа ұшыратты. Өткен тарихын өзіне жау деп санаған қарапайым халық өкілдері ғана емес, басшы топ, зиялы топтың өзі тек қарапайым яғни физиологиялық тіршілік қамымен күн кешкен түнек заман туды. Алаш ардақтылары, зиялы оқыған азаматтарымыз атылып, айдалып, сотсыз үкім шығарылып, өлтірілді. Ғылым тоқырап, халық дағдарысқа ұшырап, тіршілік қиындығы туды. Ұлтсыздық атты жауымыз шықты. Ол қандай жау? Кім? Кім емес, не? Бүгінгі қазақтың жалғыз ақ жауы бар. Ол -ұлттық сананың кемдігі. Өзін-өзі қор тұту, өзін-өзі кем тұту. Өзіне тиесілі сыбағаға ұмтылмау. Бір сөзбен айтқанда-ұлтсыздық,-деп Мұхар Мағауин ұлттық санамызды жаулап тұрған ұлтсыздық жайында, ұлылардың онымен қалай күрескендігі туралы өз ойын білдіреді [84,34].

Ал педагог ғалым К.А. Оразбекова, ұлы Абайдың аңсағаны қандай азамат?- дей отырып оған былай жауап береді: «Ұлы ақынның ең алдымен көкसेгені, көрсем дегені-ойлы азамат. Ойында көзі, бойында қайраты бар азамат», деп, ұлттық тұлға ұғымына түсініктеме береді. «Ұлттық тұлға – белгілі тілі, діні, мәдениеті, салт-санасы қалыптасқан ортада жеке адамға тән қасиеттер мен өз ұлтының, халқының тұрмыс -тіршілігін бойына сіңіріп, ұлттық намыс, талғам және ұлттық сана белгілерін өз бойында тұтастай көрсетіп, ең жоғары рухани деңгейде дамыған адам», -дейді.

Адамгершілік, ар, ұлттық намыс, перзенттік парыз – қазақ халқының тәлім –тәрбиелік кредосы. («Жаным- арымның садағасы», «Өзге елге сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Отан үшін отқа түс, күймейсің») [85,45].

Намыс дегеніміз – арлылық, тектілік, ол-жеке бастың да, қоғамның да қозғаушы күші. Ұлттық намыс жеке тұлғалардың туған елінің (ұлтының) ар намысын қорғау, ұлттық мұраларды қастерлеу, ата дәстүрлерін аялау, адамзатты сыйлау сезімдерінен пайда болып, ұлттық дәрежеде қалыптасуы. «Қазақ халқының қозғаушы күші – оның ұлттық намысы», - дейді Шоқан Уәлиханов.

Ұлттық намыстың тірегі –ар. Арсыз адамда ұлттық намыс та болмайды. Ар, намыстылық дегеніміз ұят сезімдерін қастерлеу, ұлттық намысты қорғай білу, адами мәртебені ардақтау, үнемі алға талпыну, көпшілік тіршілігіне белсене қатыса білу, аянбай адал еңбек ету, елге жақсылық жасау, кем- кетікке аяушылық көрсету.

Ұлы Отан соғысының ардагері, еліміздің абыройлы азаматы, халқымыздың адал перзенті Бауыржан Момышұлының «Көз алдымда бәріңсің» атты еңбегінде, «Ер намысы - ел намысы, Ел намысы елдің туы болып, жақсы жігіт, елін төрге, жаман жігіт елін көрге сүйрейді», -деген бабаларымыздың айтып кеткен мағыналы сөздеріне тіреле отырып, жігіттердің Ұлы Отан соғысында ата күшін, ана сүтін ақтап, елін өрге сүйрегендігін жазады. Сонымен қатар, халқымның қалпына қара таңба бастырмаймын, ел намысына кір

жұқтырмаймын, еркіме ен салдырмаймын деген ниет арпалыста медет те, қуат та болғандығына тоқталады. Бұл айтылған игі қасиеттердің қан майданда жауынгерлер ашыққанда тамақ, шаршағанда қуат, тоңғанда киім, күйзелгенде қуаныш болғандығын айтады. Ар, намыс, адамгершілік, ақ ниет, адамдық қасиеттердің соғыс кезінде жауынгерлердің елін, жерін жаудан қорғау үшін алдарында темір қазықтай жарқырап, жол көрсеткендігіне де тоқтала отырып, осы қасиеттерді ұрпағына өсиет етеді.

Бауыржан Момышұлы - дүниеге біреу келіп біреу кететіндігін, ешкімнің мәңгілік еместігін, сол үшін бұл жалған дүниеде артта қалған ұрпағымызға өнегелі іс қалдыруымыздың қажеттілігін, заманымызға билік айтқандардың шыншыл болып, билік айту үшін біліп айтудың ерекшелігін баса айтқан адамдардың бірі. Ол - сұрапыл соғыстың қасіретін көзімен көріп, белімен көтерген, сын сағатта, қысылтаяң кезеңде тар жол тайғақ кешуден, асқар асудан абыроймен өткен, соғыстың азабы мен қайғысын ұрпағым енді қайтып көрмесін деп тілеген, кісілік қасиеті жоғары, намысшыл, ар-ожданы биік, ұлттық намысымызды жоғары көтеріп жүрген және оның биікте болуына ат салысқан адам [86,23].

Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» деген еңбегінде: «Сын ерді шындайды, қорқақты қинайды. Азаматқа өмірден де ар қымбат, өлімнен ұят күшті. Басқаны «жақсы» білгенше, өзінді «орташаға» біл. Ақылгөйлік кейде өнегесіздікке тірейді. Екіжүзділіктің балын татқаннан, әділдіктің ащы уын ішкен артық. Өтіріктің қанатын қомдағанша, ауыртпалықтың жүгінен бүгілген артық. Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз. Өзінің ұлтын сыйламаған, ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол сөз жоқ арамза, тексіз, әрі қаңғыбас. Соғысуға кедергі келтіретін ұлттық дәстүрлер жоқ, қайта соғысуға көмектесетін ұлттық дәстүрлер бар: Ұлттық мақтаныш – сол ұлттың адамы үшін қасиетті әрі бұзылмас заң», - деген [87,-16-4566].

Халқымыздың бірегей ұлдарының бірі Бауыржанның бұл нақыл сөздерінің тамыры тереңде жатыр. Өзінді жақсы білу арқылы, өзіне сын көзбен қарағанда ғана өзгені де түсіне аласың десе, бұл өмірде аз жасайсың ба, көп жасайсың ба, бірақ екіжүзділікпен, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жасағаннан, шындықтың ащы суын ішіп, беліңнің бүгілгені артық; ұлтыңның ұлттық қасиетін бағала, тексіздік халқымыздың жауы деп ұрпағын адалдыққа, тектілікке, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үндейді.

Бауыржан өзінің бұл кітабында майдан даласын, өлім қаупі төніп тұрған соғыстың сұрапыл қорқынышын, соғыста өмір ешкімге сыйланбайтынын, ол үшін жанталасып арпалысу керектігін айта отырып, жауынгерлерге былай дейді: «Сен адамсың! Сен азаматсың! Сенде ұят, масқара болу сезімі бар – сенде жеке бастың асыл абыройы, өз от басыңның абыройы, өз ұлтыңа деген мақтаныш – парыз сезімі бар. Сен жалғыз емессің, бұл ауыртпалық сенің жалғыз өзіңе ғана түсіп тұрған жоқ. Жаныңда отандастарың, қарулас достарың бар», - деп бұл қиыншылықтың халыққа түсіп тұрғандығын, жас жауынгерлерге түсіндіреді. Ол ұрпағына - сені елің, туған-туысың ертең мәңгі бақи қарғамайтындай болсын, сен үшін ұрпағың ұялмайтындай тіршілік ет, қорқынышты жеңе біл, қорқақ мың өледі, ел-жұртыңа қарабет болма, бәлкім мүгедек те болып қаларсың, бірақ бұл мүгедектік сенің Отан алдындағы борышыңды өтеп жүрген мүгедектік, мүмкін борышыңды орындау барысында қаза табарсың, онда елің сені мәңгі есінде сақтайды, - деп ұрпағын адамгершілікке, ерлікке, абыройын сақтауға, елі алдында борышын адал атқаруға, өзін және өзінің жақындарын құрметтеуге, ұлтын сүйуге шақырады [87,30].

Бауыржан Момышұлы: «Бойында адамға тілерлік барлық абзал қасиеттері бар адам тәрбиелеу оңай іс емес. Бұл іс жақсы тәрбиешілерді ғана емес, сонымен қатар ондаған жылдар бойы тер төгіп еңбек етуді де талап етеді. Тәрбиелеу жұмысы көп сатылы, алуан қырлы, әрі көп еңбек сіңіруді қажет етеді», - деп адам бойындағы игі қасиеттердің тәрбие арқылы онда да сатылы, алуан қырлы тәрбие арқылы, көп еңбектенуді қажет ететін тәрбие арқылы келетіндігіне тоқталады. Сонымен қатар Бауыржан қазіргі жастарымыздың арасында бетімен кеткен тәртіпсіз жастардың, ата-анасын сыйламайтындардың барлығына қынжыла отырып: «Қазақ халқы - ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің», – дейді. Егер бала

жөргекте жатқан кезден бастап-ақ анасын тыңдамай, бес жасынан әкесімен тайталасып, тілін алмай, бұзақы болып өссе, онда өсе келе одан сөзсіз жаман адам, жаман солдат шығады. Мұндай жөргегінде ұрған адамды тәрбиелеу, оның бойына жауынгерлік игі қасиеттерді дарыту командирдің ғана қиын да ауыр міндеті болмаса керек. Ұқыпсыз, жауапсыз ата-аналардың тәрбиелеп өсірген мұндай жүгенсіз балаларынан командирдің де жақсылық күтуі екіталай. Балаға адамның, азаматтың бойындағы барлық асыл, жақсы қасиеттер ананың ақ сүтімен бірге берілуі қажет, сонда ғана одан жауынгер шықпақ», - деп тәрбиенің отбасынан басталатынына, оның күрделілігіне тоқталады [87,332].

Бауыржан Момышұлы адам атты биік атқа дұрыс тәлім-тәрбие арқылы жететіндігімізді және ол тәрбие ананың ақ сүтімен, әкенің жылы да аялы алақынымен, жөргегінде, бесікте тербеліп жатқанда берілетіндігін дәлелдейді. Бұл тәрбиенің дәстүр-салтымызбен келетінін, қан майданда да, бейбіт өмірде де ол тәрбиенің ерекшеліктері көрініп тұратындығын ұрпағына өсиет етіп қалдырған.

Ол адам бойындағы ар, абырой, ұят, намыс, т.б. ерекше қасиеттерге анықтамалар беріп оның мағынасын зерделейді. Айталық, **ақыл** – заттар мен құбылыстарды танитын күш десе; **ойлау** – алған әсерлерді біртіндеп өңдей отырып, объективті шындықты бейнелейтін танымның жоғарғы сатысы дейді. **Ар** – жақсылық пен зұлымдықты, шындық пен жалғандықты, әділдік пен әділетсіздікті және басқаларды анықтайтын адамгершілік ұғымы, қысқасы адам қызметін реттеп отырушы; **абырой** – жеке адамның ар намысын ұғыну деген сөз. Абыройды, жоғары моральдық рухты сақтау жолында өз өмірін қиюға дейін баруға ниет ету **намыс** деп аталады. **Ұят** – жасаған әрекетінің жөнсіздігін түсінушілік. Намысқа кір келтірушілік, моральдық рухтың асқақтығын қорлау – маскара болушылық сезімі, - деп адам бойындағы қасиетті ұғымдарға нақты анықтамалар береді [87,47-486].

Бауыржан Момышұлының бұл айтылған құнды пікірлері адам бойындағы жоғары қасиеттердің тек соғыс уақытында ғана емес бейбіт өмірде де орны ерекше екендігін жас ұрпаққа түсіндіріп, адамгершілік қасиеті жоғары, ұлттық қасиеттері терең тұлға тәрбиелеуде пайдалансақ, ұтарымыз көп болары анық.

Кісілік дегеніміз имандылық, ізеттілік, инабаттылық, сыйласымдылық, жақсылыққа сену, тек жақсылық жасауға бейімделу, даналық пен әсемдікті бойына сіңіру. Адалдық пен шыншылдықта өмір сүріп, ұрпағына өнегелі іс қалдыру. Ал, тұлға адам ұғымынан гөрі нақты мағынаға ие. Ол-қоғамның белгілі бір бөлігін құрайтын топтың ең көрнекті, таңдаулы өкілі. Өйткені, **тұлға –қоғамның** дамуы мен рухани сілкінуіне, **жаңғыруына қызмет ететін адам.** Сонымен **жан-жақты жетілген тұлға** деп адамгершілігі мол, ұлттық намысы бар, перзенттік парызын білетін, ар-ұятты, кісілік қасиетті бойына қалыптастырған, даналығы мен даралығы басым, кез келген жағдайда адамдық қасиетін жоғалтпайтын, өзін-кез келген ортада ұстай білетін, ата баба дәстүрін құрметтейтін рухы жоғары адамды айтамыз

Жетпіс жыл ғылыми айналымнан шығып қалған ұлттық тұлға туралы зерттеулер мен ХХ ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді, ұлттық сананы оятуға әсер еткен ғылыми-педагогикалық еңбектер қазіргі қазақ педагогика ғылымының жаңа беттерін ашуға мүмкіндіктер тудырды. Осындай жұмыстардың негізінде ақталған алаш азаматтарының педагогикалық мұраларын, әдеби шығармаларын, көп томдық таңдамалыларын, бұрын тыйым салынған фольклор мен ауыз әдебиеті туындыларын зерделеп, біз тұлға, жан-жақты жетілген тұлға, ұлттық тұлға тәрбиелеуде жинақталған педагогикалық мұраларымыздың ішкі табиғатына тереңірек үңіліп, өзіндік жаңалығын, бағыт-бағдарын, ұлттық құндылықтарын теориялық тұрғыдан талдауға мән бердік.

3 АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

3.1 А. Байтұрсыновтың ұлттық тіл мәдениетін қалыптастыру (этнолингвистика) жөніндегі идеялары

Алаш қозғалысы-ХІХ ғасырдағы ағартушылар қозғалысының жалғасы, оның жоғары сатысы. Абай заманында ағартушылық ұлтымызды өркениетке таныстыру, табыстыру кезеңі болды.

Ыбырай Алтынсарин бұлағынан бастау алған Ахмет заманасы-ағартушылықты, ұлтымыздың болмысын сақтап, оны өркениетті халықтармен жарыстыру үшін жүргізілген күрес заманасы еді. Ахмет Байтұрсынов оқу, білімді, ағартушылықты “ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін” бостандық жолы деп таныды. Ендеше, Ахаң тек ұлы ағартушы санатында қалмай, оны ұлт-азаттық қозғалысының ең бір айбынды да айдынды шалқар қайнары ете алды.”,-дейді М.Қозыбаев “Ахмет Байтұрсынұлы-ХХ ғасырдың ұлы реформаторы” деген баяндамасында [132, 106 б].

Алаш идеясы ХХ ғасыр басындағы рухани мәдени кеңістікте әлемге танымал жәдитшілдіктің Қазақстандағы көшбасшы бағыты еді. Зиялылардың алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес-тін. «Керегеміз – ағаш, ұранымыз - Алаш». Кереге- мемлекет құрылысы, Алаш – идеология. Тоқтап осы-тын. Алаш жаңа түрдегі еліміздің, байырғы айбарымыздың рәмізі еді. Түрік мұсылман халықтарынан шыққан әрбір жәдитшіл азамат өз Отанының еркін, тәуелсіз болуын, байырғы елдік дәстүрінің озығын мықтап ұстап, демократиялық Батыстың жетістіктерін армандады. Егер сол кездегі қайраткерлеріміздің көздегені жүзеге асқанда, қазір біздің еліміздің қосалқы аты Алаш (Алаш Орда, Алаш үкіметі, Алаш Республикасы) болатындығына күмәніміз кәміл. Осы ретте бәзбіреулер «сонда олар қазақ атынан жерінген бе?» деген сұрақ қоюы мүмкін. Бұған «әрине жеріген жоқ» деп жауап береміз. Есімізге олардың «Арғы атам – ер түрік, Біз қазақ еліміз», деген ән ұраны түседі. Сонымен бірге зиялылар:

Азаматы Алаштың,
Аттанатын күн туды.
Тұлпар мініп ту ұстап,
Баптанатын күн туды, деген жоқ па?

Осыған қарағанда Алаштың ұғымында рухтық, асқақтық, ерлік мағына бар, - деп жазады ғалым Дихан Қамзабекұлы өзінің «Алаштың рухани тұғыры» атты еңбегінде [101].

А.Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамның бірі –Сәкен Сейфуллин болды. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне /1923жыл, 30 қаңтар/ «Ахмет Байтұрсынұлы 50-де» деген арнаулы мақала жазып онда былай дейді: «Ахмет Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам атарман- шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып,, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап, әліппе мен әріп, тіл мен һәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ахмет Байтұрсынов еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда бостандыққа жол көрсеткен Ахмет еді»,- деп жазады өзінің «Ахмет Байтұрсынов» деген ғылыми еңбегінде ғалым Р.Нұрғалиев [103].

Қазақ халқының ұлттық тілін түрлеп, әдебиетінің өркендеуіне үлкен үлес қосып және оның ғылыми негізін қалап, халқымыздың қоғамдық санасын қалыптастырып, ұлттық сезімін оятып, білімін жетілдіріп, бүкіл саналы өмірін елінің ертеңгі болашағына арнаған аяулы азаматымыздың өмірі жастарымызға әруақытта үлгі болары анық.

Ахметтің әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп 13-ке келгенде әкесі Байтұрсын үкімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен. Мұның себебі Тосын болысының сайлауында шыққан Торғай уезінің начальнигі, «Кәрі ояз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай тобына болысып, соның сөзін қостап, бұларға қиянат қылғандықтан Байтұрсын кәрі оязды сабап, басын жарған, Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл оқиға Ахмет Байтұрсыновтың соңғы кездегі «Анама хат» деген өлеңінде бала күндегі жүрегіне қалай әсер еткендігін көрсетеді:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,

Бітпеген жүрегімде бар бір жарам, - дегені сол күнде әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі», - деп Мұхтар Әуезов Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаянына ыждаһаттылықпен қарайды [78, 53].

Жастайынан әкесінің зұлымдық үшін күресін көріп өскен Ахмет те өмірін әділдік үшін, адамдық үшін, елі мен жұрты үшін, қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресуге арнайды. Табиғатынан тума дарынды Ахмет Байтұрсыновтың оқуы аз болғанымен тоқуы көп болған. Қалған өмірінің бәрінде де өзі оқып, іздене жүріп елінің ертеңі үшін аянбай еңбек еткен. Ол жолда көптеген ғылыми еңбектерін жазған, халқының сауатын ашу жолында бала оқытып, отаршылдықтың құрсауынан босанудың жолын іздеген.

1905 жылы Қарқаралыда Ахмет Байтұрсыновпен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (тілек-арыз) жіберген, ол петициядағы аталған үлкен сөздер бірінші, жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші, отаршыларды империялық саясатынан құтқару үшін барлық мұсылман жұртының қосылуын жақтап қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған, Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осындай болған. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан Ахметтер бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан. Көпшіліктің оянуына себепші болған. Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұңы деген сөздер Ахмет Байтұрсыновтың аузынан кетпейтін сөздері болғандығын М.Әуезов өз еңбектерінде көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынов отарлау саясатына қарсылық білдіріп, қазақ жерін, өзге халыққа бермеудің әрекетін жасаған. Сонымен қатар ата бабамыз аңсаған бостандықты, тәуелсіз мемлекет құруды, егеменді ел атанудың бір жолы бірлікте деп санап, мұсылман жұртын тұтастыққа шақырған. Тілі бір, діні бір мұсылман қауымы біріккен жағдайда еліміздің елдігінен айрылмайтынын көрегенділікпен болжай білген. Бірақ, қазақтың өз ішіндегі елдің елдігін ұмытып қара басының қамын ойлағандар олардың бұл әрекеттеріне қарсы шығып отырған. М.Әуезов ол жайында былай дейді: «Қазақ ішінен ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шенді-шекпенге сатқан құзғын сияқты тілмаштары, өзімшіл надан болыстары бірен-сарандап бас көтерген. Қараңғы үйді бинат қылған «сабаздарға» жем айыратын жер табылған. Олар «Қырық мысалдың» өлеңдерін перевод қылып, 1905 жылғы петиция берген адамның бәрінің атын жиып үстінен белгілі доностарын жүргізе бастаған. Бұлардың бейнеті көп күнге созылмай-ақ аз күнде еңбегі жанған. Қазақтың өзгеріс уақытында түзелуді ойлап, тура бетпен жүрген азаматтарының бәрі де үкіметтің қырын қабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған», - деп жазды [78,354].

Міне, осындай құдалауға Ахмет Байтұрсынов та өзінің бір топ жодастарымен ілінген. Елім, жерім, халқым деген азаматтардың барлығы да осылайша құдалауға ілініп, жазықсыздан түрмеге қамалып, айыпталып жатқан уақыт болды

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны –«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылғы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болғандығын, М.Әуезов көрегенділікпен көрсете білді [78,355].

Ахмет ірі денелі, бірақ семіз емес, тұлғасы еңкіштеу, өте келбетті, салмақты, асықпай жай, ақырын сөйлейтін адам еді. Аса кішіпейіл, кез келген адаммен, үлкен болсын, кіші болсын, айтқанын зейін қоя тыңдап, жөн сөйлеуші еді, оның үстіне өте қайырымды адам болатын. 1923 жылы Орынбордағы қазақтың халық ағарту институтында оқып жүрген бір бала қайтыс болып, алыстағы әке-шешесі келген. 1921\1922 жылдардағы жұт, аштықпен қатар жайылған сүзек ауруынан, жаз шыға тырысқақ (холера) ауруынан халық шыбындай қырылған. Сондықтан ел өте күйсіз. Әлгі қайтыс болған баланың елден келген әке-шешесінің қаржылары болмаған соң, студенттер комитеті жылу жинағанда Ахмет Байтұрсынов жиырма бес сом беріпті. «Червонец» дейтін алтын орнына жүретін жаңа ақша шыққан, ол кездерде әлігі жиырма бес сомға ортан қолдай бұзаулы сиыр алуға болатын. Міне, Ахметтің адамгершілігінің үлгісі осындай болатын,- деп оның адамдық болымысын осылайша артта қалған ұрпағы ардақ тұтады [88,5].

Сыртқы болмысына ішкі жан дүниесі сәйкес келген Ахмет Байтұрсынов сияқты халқымыздың бір туар ұлдары өздерінің еңбектерімен ғана емес, жалпы адамдық қасиеттерімен де кейінгі ұрпағына өнеге болмақ.

Ол барлық күш-жігерін жастарды тәрбиелеуге, соларға білім беруге жұмсады. 1928 жылы Қазақ университеті ашылғанда сөйлеген сөзінде: «Артта қалған халық қашан да озат ұлттарға тәуелді болады, сондықтан қазақ жастары елін теңдікке жеткізу үшін арымай-талмай білім алулары керек», дегенін «шолақ белсенділер» бұл орыстарға қарсы айтылған ұлтшылдық, деп жала жапты. Сөйтіп халқына қымбатты алаш ардақтысы қиянатшыл адамдардың жаласымен, оның үстіне Алашордада болғаны бар, 1929 жылы Архангел облысына айдалып кетеді.

Ахмет Байтұрсынов 1934 жылы лагерьден босанып Алматыға қайтып келгеннен кейін ешкім оған жұмыс бермей, қиын жағдайда жүреді. «1936 жылы бір күні Халық комиссарлары кеңесіне барсам», -дейді Ғалым Ахмедов «Алаш алаш болғанда» деген еңбегінде, -Ахаң сонда, референт болып қызмет істейтін Жауылбай Қосыбаев деген кісінің алдында отыр екен. Үстінде көнетоз пальтосы, аяғында жұмысшылар киетін көне етік, өңі жүдеу, жабыққан, қартайған, пальтосы Ахаңның арықтығынан, қартайып, еңкіш тартқандығынан кеудесінде қолпылдап бос тұр. Сәлем беріп көрістім. Мені қайдан танысын. Ол кісіні көріп жүргенде мен жас бала едім. Ахаң кеткен соң ол кісінің не жұмыспен келгенін сұрадым. Ахаң тақи жұмыс таба алмаған соң, (ол кезде Ахаңдай кісілерді жұрт жұмысқа алуға қорқады да) Денсаулық сақтау Халық комиссариатындағы орыс қызметкерлерге қазақ тілін оқытқан екен. Сол мекеменің басшылары оған ақы төлеуге қорқып, тиісті ақшасын бермей қойыпты. Жаукең алып беремін деп уәде беріп қалған. Оны соңғы көруім осы болды. Сол кезде Мағжан да лагерьден қайтып келген. 1937 жылы олар қайта қамалғанда, тағы да лагерьге жіберген шығар деп жүрсек, олардың атылғанын білдік, - деп Ахмет сияқты арыстарымыздың көрген жәбірін, қиыншылығын осылай деп көрсетеді [88,36].

Ахмет, Мағжан, Міржақып, Жүсіпбек, т.б. қазақтың аяулы азаматтары адам баласына қажетті қарапайым қажеттілікке зар болып, елінен аластатылып, көптеген қиыншылықтар көруіне, заңсыз, сұраусыз атылуына олардың елін ерекше сүюі, ұлттық намыстарын жоғары ұстауы, ұлттық саналарының жоғары болуы себеп болған еді.

Ахмет Байтұрсынов «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақаласында: «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес: кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны аурығанда жаны бірге күйзелетін, баурымал болмасқа тағы мүмкін емес», -деп жазады. Оның бұл құнды пікірлерінен пайымдайтынымыз оқыған, көзі ашық азаматтарымыздың халқы үшін қызмет етіп, халқының өсіп өркендеу жолында аянбай еңбек еткенде ауыры жеңілдеп, азабынан құтылатындығын дәлелдейді. Сонда ғана ертеңгі

өміріміздің мәні болады, ұлтын сүйген азаматтар арқылы ғана ұлттық болмысымызды, тілімізді, дінімізді, ділімізді сақтап қала аламыз. Олай болмаған жағдайда оқыған, білімді азаматтарымыздың пайдасынан зияны көп деп оқыған білімді азаматтардың ұлттық намысын оятады. Сонымен қатар ол бұл мақаласында ел билеген басшыларды да сынап жазады: «Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрі өзінен өзі істеліп, өзінен-өзі өзгеріп кететіндей көрінуі, қалыпты өзгертетін адамның ісі, яғни жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламайды. Төңкеріс болды, патша өкіметінің орнына совет өкіметі орнықты: Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге түрлі іс, түрлі еңбек, қайрат керек, яғни істей білетін түрлі адамдар керек», - дейді А.Байтұрсынов [89,12].

Ол: «Елін билейтін ел басшыларының ұлт қамын ойлауы қажет және өзінен өзі өзгере беретін ешнәрсе жоқ, ол үшін елінің жайын білетін сол елдің азаматының оқығаны, білімдісі қажет», дей отырып, оның еңбекқор, қайратты, жігерлі болу керектігін атап көрсетеді. «Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылған адамдар өте аз. Бірақ аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген азаматтар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз. Жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды», - деп А.Батұрсынов сол кездегі саясаттағы әділетсіздікті батыл сынады. Ол елінің ертеңін ойлап, тәуелсіз мемлекет болуын армандап, елін өзінің ұлдары билеу керектігін көрсетті. Оның бұл іс-әрекеті - қазіргі ұрпаққа үлгі боларлықтай өнегелі іс. «Бастауыш мектеп» деген мақаласында ол: Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте оқитын білім де солай керек. Осы күнде хат білмеген адамның күйі тіл я құлағы жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан бұлай хат білудің керектігі одан да аспақшы, - деп халқының сауаттылығына үлкен мән береді. Егер хат білмесек онда халіміздің мүшкіл болатынын, қолы, аяғы жоқ адам қандай қор болса, сауатсыз адам да сондай болмақ, себебі алдыңғы қатарлы халық боламыз десек, сауаттылыққа, білімге үлкен мән беруіміз керек, деп ұрпағын сауатты болуға, алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылуға, егеменді ел болуға шақырды. Одан ары қарай ұлы ұстаз қазақ мектептері мен орыс мектептерінің арасындағы айырмашылықтарды, жетістіктерді, кемшіліктерді көрсете отырып: «Бірінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды керек қылғандықтан жаман да болса «жоғынан бары артық» дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, яғни орысша школдарда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ онысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді», - деп сол кездегі мектептердің проблемасын көре білді [89,18].

Ахмет Байтұрсынов сол кездің өзінде ана тілінің орнын, оның құдіреттілігін, оқудың ана тілінде басталу керектігін терең түсінген. Баланың сауатын ана тілінде ашу керек, сонан кейін басқа тілдерді үйретуге болады, деп айтып, сауаттылықты орыс тілінде бастауға не себеп болып жатқандығын батыл түрде сынаған. Қазақ мектептерінің кемшілігін, оқу құралдарының жоқтығын, оқу жоспарларының сәйкессіздігін түсініп, онымен шама шарқы келгенше күреседі. А.Батұрсынов айтқандай ана тілімізден ажырап, барып қайттық, оның әсері әлі де байқалуда. Орыстану саясатын түсінген Ахмет Байтұрсынов халқының сауатын ашып, оның мәдениетін, әдебиетін, тілін зерттеп, өзінің ғылыми еңбектерін жазып, халқына осы ағартушылық жолында қызмет етіп, өмірінің барлығын ұлтының өркендеу жолына арнады.

Ол оқу-тәрбие ісін жандандырып, ағартушылық ісінің кемелдендіру мақсатында, қазақ балаларын ана тілінде оқыту үшін көптеген еңбектерін жазды. 1909-1911 жылдары оның көпке белгілі «Қырық мысал», «Маса» жинақтары жарияланды. Ахмет Байтұрсынов

халықтық көркем сөз өнерінің қорын жинап, зерттеп көптеген құнды жұмыстар да істеді. 1923 жылы «Ер Сайын», эпостық жырының кіріспе мақаласын және түсіндірмесін жазды, сондай-ақ «Жоқтау» деп аталатын жинақ (1926), «Әдебиет танытқыш» деп аталатын оқу құралын шығарды. Соңғы еңбек-әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы қазақ тіліндегі тұңғыш еңбек. Оның «Әліпби» (1914), «Жаңа әліппе» (1926-1928), «Баяншы» (1926) деп аталатын оқу-тәрбие ісіне байланысты жазылған әдістемелік оқу-құралдарының балаларды сауаттандыруда, қазақ тілінде оқытуда алатын орны ерекше. Сонымен қатар бұл еңбектерді қазақ тілінің табиғатын, ерекшеліктерін көрсететуде, араб алфавитін жетілдіруде, ғылыми термин мәселелерін шешуде баға жетпес құнды дүниелер деп айтуға болады. Оның 1926 жылы Баку қаласында өткен түркологтардың Бүкілодақтық I съезіне қатысып, араб, түркі тілдері мен сол тілдердің ерекшеліктері туралы, ол тілдердің әліпбиі туралы баяндамасы сол кездегі өте құнды еңбек болады. Ахмет Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, яғни араб алфавиті негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, өзгеріс енгізуі, қазақ тіл білімі терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы және оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері күні бүгінге дейін өз бағасын жоғалтқан жоқ. Оның ғылыми негізі дәлелденген «жаңа емлесін» латын әріптерімен, одан кейін кириллица таңбаларымен алмастыру халқымыздың сан ғасырлар ескерткіштері болып табылатын бағалы жазба мұраларымыздан қол үзуге әкеп соқтырды. Төл жазуымыздың реформаторы Ахмет Байтұрсыновтың енгізген араб жазуының таңбалары негізінде жат жұртта жүрген қандас (Қытай, Иран, Ауған жерінде жүрген) бауырларымыздың XX ғасырдың оныншы жылдарынан бастап осы уақытқа дейін қолданып келе жатқан графикасы. Лингвист-ғалым қазақ тілінің фонетика, грамматика категорияларын қазақша анықтап та берді. Бүгінгі ғалым-тілшілер қолданып келе жатқан лингвистикалық атаулар мен парадигмалар А.Байтұрсынұлынікі. Оларды атап айтсақ: бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, зат есім, сан есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, қаратпа сөз, қыстырма сөз, сөйлем, леп белгісі, сұрау белгісі т.б. терминдер. Ғалымның тіл білімі ғылымына енгізген бұл жаңалықтары тарих сынынан жаңылмай өткен еңбектері еді.

А. Байтұрсынов - қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Оған мынандай себептер болған: Қазақ балаларына арналып ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде шәкірттер сауатын орыс тілінде ашатын, қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанымен, ресми түрде графикасы болмаған. Әр мұғалім өзіне ыңғайлы не орыс, немесе араб жазуларын пайдаланып оқытқан. А.Байтұрсынов бастаған бір топ оқыған қазақ интеллигенцияларының Россияның империялық министрлер советінің председателіне жазған петицияның бір пункті оқу-ағарту мәселелеріне арналған болатын. Онда: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» делінген. Осымен байланысты Ахмет Байтұрсынов қазақша тұңғыш сауат ашатын әліппе құралын жазып, оны «Оқу құралы» деп атады. Оны 1912 жылы Орынбор қаласында бастырып шығарды. Яғни «Оқу құралы»-тұңғыш әліппеміз. Біраз уақыт өткеннен кейін сол жылдары мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың I бөлімі фонетикаға арналып, «Тіл құрал» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көреді. Қазақ тілінің морфологиясына арналған II бөлімі 1914 жылы бірінші бөлімнен бір жыл бұрын басылып шығады. Синтаксиске арналған III бөлімі 1911 жылы басылып шығады.

«Тіл құрал»-қазақ мәдениетінде бұрын болмаған құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін автордың өзі былайша баяндайды: «Тіл құралы» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде солай жат көрінер, өйткені бұл- қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын», - дейді.

Тұңғыш қазақ лингвисті өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін «Оқу құралын» жазған; одан соң қазақ

тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған. Бұл үшін «Тіл құралын» жазған; үшінші-тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін «Тіл жұмсарды» жазған, төртінші-сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған. Міне, бұлар Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілінің грамматикасын зерттеудегі және оқу-ағарту майданындағы істеген істері мен еңбектері.

Оның есімі қазақ тарихында халықтың рухани өркендеуімен тығыз байланысты. Оның шығармалары мен жалпыхалықтық “Қазақ” газеті қыр қазағының елдік сезімін оята білді. Қашан да ұлттық сана-сезімінің өрлеу дәуіріндегі зиялы қауымның саясаттан тыс қалуы мүмкін емес екендігі белгілі. Сондықтан да ол әрдайым ұлтының ұлы мұраты жолында аянбай еңбек етті. Әсіресе, оның тіл ғылымындағы теориялық, психологиялық қисындары, әдістемелік ой-пікірлері өзінің құндылығымен ерекшеленді. “Әліппе-таңбалар жұмбағы” атты еңбегінде ол араб әрпінің латын таңбасынан әлдеқайда ұғымды да жеңіл екендігін дәлелдейді. Ол араб әрпін Орта Азия халықтары қолданып жүрген тәжірибеде қазақ тіліне ыңғайлап, жетілдірудің әдістемесін де жасады.

Сонымен қатар оның бұл еңбектерін қазақ тілінің лингвистикасының негізін салушы ғалым ретінде ана тіліміздің ұлттық мәдениетін көтерудегі ерен еңбектері, деп айтуымызға болады. Араб алфавиті негізінде қазақтың жаңа (төте) жазуын жасаған реформатор, аса көрнекті түркітанушы, осы замандық қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы Ахмет Байтұрсынов “ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тіл” болатынын асқан сұңғылалықпен сезіп, ана тілімізді дамытуға зор үлес қосқан қайраткер болды.

“Жаңа жазу, Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология мен әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны таңданбасқа болмайтын жәйт”, - деп жазады Ә.Кекілбай [133,89].

“Біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек” деген даналықты ұстанған Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынов балаға білім беруді, ана тілін ардақтауды ұсақ іс демеді, ұлт үшін жасалған әрбір әрекет ұлы, ұлттың ұлғаюына, өсуіне өзіндік үлес қосу-әр қазақтың баласына міндеттеді.

Мұндай мәртебелі міндетті тек елін сүйген ұлы тұлғалары ғана атқара алары хақ. Себебі олардың алдына қойған мақсаттары -отаршылдықтың құрсауында жатқан қараңғы елінің көгіне шығып күн болу еді. Бұған еліміздің адал ұлдарының ерен еңбегі, қажырлы қайраты керек болды. Ол Алаш арыстарының үлесіне тиді. “Ұлттың ұлылығы оның әрбір азаматынан көрінуге тиіс”, - деп С.Ежи Лец айтқандай, “Алаш”партиясының мүшелері де негізінен ұлтын сүйген, соның жолында өмірін құрбан еткен қазақ зиялыларының өкілдері болатын.

Ұлттық ояну дәуірінің ұраншысы болған әйгілі “Қазақ” газеті 1917 жылы шілде айында дүниеге келген ұлттық демократиялық партияны дайындауда сан қырлы, салиқалы жұмыстар атқарады. Партия Россияда 1917 жылы ақпан революциясы жеңіске жеткеннен кейінгі елде орын алған мүмкіндіктер жағдайында 1917 жылғы 12-26 шілдеде Орынбор қаласында Бүкілқазақтық съезд өткізіледі. Бұл партияға «Алаш» деген ат беріледі. Съезді шақыру мен оны өткізуде XX ғасыр басындағы қазақ халқының саяси-қоғамдық, әдеби және мәдени өмірінде, тәуелсіздік жолындағы күресте жетекші рөл атқарған айтулы қайраткер Ахмет Байтұрсынов үлкен белсенділік көрсетеді. Ол «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасау ісіне де қатысады. Социалистік идеяларды, оның ішінде большевизм мен оның ту етіп ұстаған Кеңес өкіметінің саясатын қабылдамаған «Алаш» қайраткері қабылдаған бұл саяси құжат он баптан тұрған. Онда «Алаш» партиясының мемлекеттік құрылысы, жергілікті бостандық, жер, дін, оқу-білім мәселелері жөніндегі мақсат-мүдделері тұжырымдалып жазылады. Бұл айтылған мәселелер жаңадан құрылған Кеңес үкіметінің мүдделеріне қарсы келеді. Ол жайында А.Байтұрсынов «Қазақтар және революция» деген мақаласында былай

деп ашып жазады: «Қазақтарға февраль революциясы қаншалықты түсінікті болса, Октябрь социалистік революциясы соншалықты түсініксіз көрінді... Екіншісінің түсініксіз болуын оңай ұғындыруға болады: Қазақтарда капитализм, таптық жіктелу де жоқ, тіпті жеке меншіктердің өзін басқа халықтардікіндей айдар тағып ажырату қиын; Қазақтардың күнкөріс жағдайына байланысты оларға әзірше социалистік қоғамға деген мұқтаждық болмай тұр», - деп жазады [89,70].

Ол: «Алаш» үкіметінің құрылуын большевиктік билік әкелген анархияға қарсы тосқауыл деп түсінеді. А.Байтұрсынов большевиктік үстемдіктің Қазақстандағы алғашқы қадамдарына мынандай баға береді: «Россияның орталық аудандарында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі белгісіз, шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық өкімет билігімен қатар жүргізілді Егер бұрын патша чиновниктері аталған адамдар тобы қазақтарды ешбір шектеусіз езіп-жаншыған болса, енді мұндай әрекеттерді большевик-коммунистер тобы жүргізіп отыр», - дейді [89,71].

Газет кеңес өкіметінің халыққа істеп отырған зорлық-зобалаңын ашып жазады, сол себепті де «Алаш» партиясының ол үкіметті қолдамай отырғандығын дәлелдеуге тырысады. Қызыл империяның отаршылдық саясатын көре білген ұлтымыздың біртуар азаматтары қолдарынан келгенше оған қарсылық жасап, егеменді ел болуды алдарына мақсат етіп қояды. Олар тәуелсіздік үшін күрескен және халқының болашағы үшін өмір жолдарын қиыншылыққа қиған, оны қасіретпен өткізген еліміздің бір туар ұлы тұлғалары еді.

«Қазақ» газеті шәкірттерге білім беру, оқыту мәселесіне де зор көңіл бөлді. Қалалық, ауылдық жерлердегі мемлекет «қамқорлығымен» бұратаналар үшін де тегін оқытатын орыс-қазақ мектептерін ашудағы миссионерлік саясатты әшкереледі. Бұл мектептерді бітіріп шыққан қарақөздердің шала-шарпы орысша сауаттанып, орыс әріптерін ежіктеп әзер жазатын деңгейден аспай, керісінше, мұсылманша хат танудан мүлдем мақұрым қалып жатқанының қоғамдық-саяси, әлеуметтік рухани тамырының тереңде екеніне оқырман қауымының назарын аударып, ұлт қауіпсіздігі үшін дабыл қақты. Мұның түпкі себебі ұлт болашағының іргетасы бұл қасиетті іске қазақ біткеннің басы бірікпеуінен болып отырғанын талай мәрте газет қатты сынға алды.

«Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!» Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін, жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып жүрген жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққаны қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расходынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы», - дейді Ахмет Байтұрсынов [89,115].

Ұлы ұстаз, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов білім беру мәселелеріндегі саяси-әлеуметтік жағдайды көре біліп, қазақ балаларын оқытудағы Ресей үкіметінің алдына қойған мақсатын нақты ашып көрсетеді. Мұнда да отаршылдықтың исі аңқып тұрғанын айта отырып, қарапайым халқының аңқаулығына қынжылады. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі білім мәселесінің күрделілігін ашып, жастарға берілетін тәлім-тәрбиенің өзекті мәселе екендігін анықтайды. Болашақ ұрпағының елін сүйетін азамат болуы үшін оған ұлттық тәрбие және ұлттық негізде білім беру керектігін дәлелдейді. Отанын шын сүйген ұлы ғалым жан-тәнімен сол кездің өзінде адамзат қоғамының тәжірибесінде ұлттық тәрбиенің адам өмірінен алатын орнының тереңдігін көрсетеді. Адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиенің негізінде қаланатынын жете түсіндіреді. «Жұртым» дейтін баласының бойында осы айтылған адамдық қасиеттердің болуын, ол қасиеттерді ұрпақ бойына дарыту үшін «баланы құлша емес, ұлша тәрбиелеу» керектігін, сонда ғана тәрбие өз жемісін беріп, білімді, ұлтын сүйетін, адами құндылығы мен адамгершілігі мол ұлттық тұлға тәрбиелей алатынымызды анықтап береді.

Құндылық әлемі мәні жағынан өте ауқымды. Ал адамгершілік - құндылық қоғамының жалпы адамзаттық құндылықтарын бағалауға, дүниені және өзін-өзі танып білуге, түсінуге, адамдармен адамгершілікті, саналы қарым-қатынасқа үнемі ықпал жасайтын, адам

бойындағы адами қасиеттерді үнемі дамытуға ынталандыратын күш. Осыған орай біз адамгершілік құндылық идеясы өркениетке бет бұрған қоғам дамуының бағыты бола алады және адамның ішкі жан дүниесінің байлығын өмірге, адамға, табиғатқа шынайы адамгершілік, парасаттылықпен адамның ар-намысын, ар-ожданын қадірлеу, ерікті ойлауды дамыту; адамдар арасындағы қарым-қатынас қамқорлыққа, сүйіспеншілікке негізделу керек деп түйіндейміз,-деп жазады Р.К.Төлеубекова өзінің «Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің негізі» деген еңбегінде. Бұл еңбекте жалпы адам баласына тән құндылық мәселесіне кез-келген елдің алдыңғы қатарлы оқымысты ғалымдары тоқталып өткендігін дәлелдеуге тырысады [66,123].

Адамдар мен адамгершілік қасиетімен қарым-қатынас жасай алатын, өзін танып білуге де, өзгені түсінуге де қабілетті, қоғам дамуының бағытын бағдарлай алатын, ар намысты қадірлей білетін, ерікті ойлауға қабілетті, адамдарға қамқорлық жасай алатын, жүрегінде сүйіспеншілігі бар «Жұртым дейтін» ұлттық тұлға қалыптастыру Ахмет Байтұрсынов еңбектерінің негізгі идеясы болған.

Ол «Білім жарысы» деген мақаласында: «Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше ұлыс ел жиылып, бір-екі күн ел дубылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт, я дүниядағы бүтін жұрт һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүнияда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер-бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселелер. Ғылым, өнер артылған сайын дүнияда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі-білім жарысы», -деп жазады [89].

Ұлы ағартушы-ғалым білімнің мәнін, халыққа тигізетін пайдасын, алдыңғы қатарлы ел болу үшін, мемлекет құру үшін кез-келген дамыған жұрт білімін дамытатындығын, білімді ұрпағы бар халық қана мақсатына жете алатындығын анықтап көрсетеді. Білімі дамыған жағдайда ғана халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарады, өмір сүру қалпы жақсылыққа бейімделеді, ауыры жеңілдейді, сондықтан білім жарысын дамыған Еуропа халықтарынан үйренуіміз керек, өз ішімізде біз де халыққа пайдасы тиетін білім жарыстарын өткізуіміз керек деп тұжырымдайды. Оны өткізудің жолын көрсетіп, үлкен мәселе етіп көтереді.

«Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын адамдар қазақта аз болады. Себебі, жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа жұрттармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. От басына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды. Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады», - деп жазады А. Байтұрсынов [89,5].

Ол сол кездің өзінде жүзге бөліну, руға бөліну мәселесін қозғайды. Сонымен қатар өз ұлтының болашағын ойлайтын, оның қуанышын өз қуанышы санап, қайғысына қабырғасы қайысатын ұлттық тұлғаны армандайды. Жұрт намысын өз намысым деп халқының намысын ойлайтын, кез-келген білім жарысынан да, өмір жарысынан да оза алатын азаматты аңсайды. Халқымыздың бойындағы ғылым-білімге деген салғырттықты сынап, тек оқып білім алғанда ғана басқа елдермен тереземіздің тең болатынын, кейінгі ұрпағына өсиет етіп қалдырады.

«Айттық, қазақ-біртұтас халық. Пенде болған соң, ешкім де туған аулын, ағайын – жекжатын, ата-тегін жек көрмейді. Ежелгі қазақтың үй-іші, от басындағы «жеті атаны білу» дәстүрі-алалыққа емес, туыстыққа шақыратын рәсім. Ел тануға, сыйластыққа жетелейтін ұғым. Сондықтан мен пәлен атаның баласымын, деп мақтанбайтын қазақ жоқ. Және қандай да болсын басқа атаның баласын қонақта, той-томалақта төрге отырғызбайтын қазақ тағы жоқ. Өткендегі қазақ үшін ұлттық бірлік, ұлттық сана, ұлттық мақтаныш бірінші орында тұрады», - деп қазақи болмысымыздағы ерекшелігімізді даналықпен дәлелдейді. Ұлттық

қасиеттерді бірінші орынға қойып, «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін», деп халқын татулыққа, бірлікке шақырады [84,48].

Ұлы ағартушы, лингвист, түюрколог ғалым, ақын, әдебиетші, ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов елдігімізді сақтайтын, ұлттың мақтанышын өз мақтанышы деп білетін, ұлттық тілін, ділін құрметтейтін азаматты ардақтап, сондай ұлдарының көп болуын қалаған, сол жолда еңбек еткен. Өз әрпіміздің ешкімнің әрпінен кем еместігін, тіптен артықтығын дәлелдеп, ұлттық жазуымызды мақтан тұтады. Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге ешқандай әліпбидің жетпейтіндігін анықтайды. Түркі жұртының көпшілігі баяғыдан араб әрпін пайдаланып келе жатқандығын, әрқайсысының жазу мәдениетінің барлығын яғни, сауаттылығы, өнер-білімі, ілімі, емле үйрету әдістері, баспа істері, жазылған, басылған барша сөздері осы араб әліп-биімен жазылатындығын айтады. Басқа әріпті алу үшін уақыттың, қаражаттың керектігін көрсетіп, мұндай шығын қазақ халқы түгіл барлық түркі халықтарында жоқ, деп қынжылады. Әріп алмастырудың оңай еместігін, ол үшін терең ойланудың, салақ қарауға болмайтындығын жанымен түсінеді. Латын әрпі мен араб әліп-биін салыстыра отырып, қайсысының жазуға, оқуға қолайлы екендігін дәлелдеп, тіліміздегі әріптердің ерекшеліктеріне тоқталады, артықшылығын мақтаныш етеді. Орыстану саясатын дер кезінде түсініп, Ахмет Байтұрсынов әрпімізді алмастыру арқылы біздің көптеген әдеби, тарихи мұрамызға жасалатын қиянатты сол кездің өзінде көре білді. Ахмет Байтұрсыновтың жасап берген әліпбиімен ел хат танып, ғылыми еңбектер, оқулықтар, жазба, ауыз әдебиетінің нұсқалары осы әріппен басылып, жұрттың көзі әбден үйреніп қалған кезде «жаңашылдар» араб әліпбиі қазаққа келмейді, үйренуге қиын деп латын әрпін тықпалады. Жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде жұрт қызыл кеңірдек болып, бірі латынды жақтап, бірі арабты жақтап, айтысып жатты. Ақыры латынға көшіп, өткен ғасырдан арабша басылған әдебиетіміздің бәрі кейінгі ұрпаққа «қытай грамотасы» болып шыға келеді. Бірақ сол латынның да өмірі ұзаққа бармай «жаңашылдар» енді орыс әрпіне көшпесек болмайды, деп көп ойланбай-ақ орыс әрпіне көшіп кетеді. Ол кезде сүтіміздің бетіндегі қаймақтарымыздың бәрі де (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев т.б.) түрмеде болатын. Міне, сол бір аласапыран кезеңде тіліміз де басынан осындай қиыншылықтарды өткізеді. Ұлттық тілінің болашағын ойлаған азаматтарымыздың ой арманы егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болған соң ғана іс жүзіне асып отыр. Қашан да кіріптар халықты қорлау, кемсіту, біржола жер қылудың, рухынан, ділінен айрудың ең оңай жолы-оның ұлттық қазынасынан, қастерлі ұғымынан тілінен ажыратып, қасиетті мұраларын қатардан қалдыру, теріске шығару арқылы жүзеге асырылатындығын білеміз. Барымызды жоқ қылып, асылымызды жасық етіп, озығымызды іске алмастай тозық етіп, ер азаматтарымызды азғын деп жарияланған заманды да бастан өткіздік. Қызыл отаршылдық заманында тарихқа тыйым салынды. Ежелгі тарихи, әдеби, мәдени мұраларымыз үнемі қыспаққа алынып, ұлтымыздың ұлы тұлғалары түгелге жуық өз халқына жау деп, жат деп танылды, атылды, түрмеге қамалды. Әдет-ғұрпымызды, дәстүрімізді аяқ асты етті. Сонда да тілімізді тар заманның өзінде ешкім жоққа шығара алмады. Оның құдіреттілігін, өзіндік артықшылығын дәлелдеп, ғылыми негіздеген ғалымдарымыздың бірі - Ахмет Байтұрсынов болды.

М.Мағауин «Мемлекеттік тіл» деген мақаласында: «Енді қараңыз, тәуелсіз жаңа заманның алғашқы құрбаны-басқа емес, осы қазақ тілі болыпты. Әрине өлген жоқ. Баяғы қалпында. Бәлкім бұрынғыдан да әлеуетті. Өлмейді. Керісінше, күн озған сайын құнарлана бермек. Өйткені, біздің ана тіліміз –жазба тарихының өзі мың жылдан асатын, көрікті де көсем, оралымды, әрі өткір, ықшам, әрі серпінді, қуатты, әрі айрықша бай тіл», -деп жазады. Содан соң, ол: «Қазақ тілінің озық қасиетін, әсіресе бүгінгі зиялы қауым тәуір білетін, әлемде теңдесі жоқ ұлы әдебиет жасаған ұлы орыс тілімен бетпе-бет салыстырғанда анық аңдайсыз, құдіретіне қайран қаласыз. Тіліңіз орнында. Керек десеніз, егемен елдің «мемлекеттік тілі» деп жарияланған. Бірақ, шын дәрежесі жарияланбай тұрған заманнан төмен. Өйткені... мемлекетіңіз бір бөлек те, «мемлекеттік» тіліңіз бір бөлек. Әрқайсысы өзінше тіршілік кешіп жатыр. Неге осылай болды екен?-деп қынжыла жазады [84,51].

Бұл сұраққа жауап та іздейді. Шындығында да жүз елу жыл бойы орыс патшасының отарында, жетпіс жылдық орыс-совет отаршылдығында болған халықтың орыс халқының тілін білуге, ол тілде сөйлеп күн көріс көруге және тың игеру кезіндегі орыстану саясаты, Қазақстанның күрделі ұлттық құрамы және одан басқа да істелініп жатқан іс шаралардың бәрі осыған әкеліп тірелгені анық. «Тың игеру» кезінде қазақ тілінің исі мұрнына бармайтын ұрпақ та өсіп шықты. Ғылым-білімді игерген, тіптен шет тілін де меңгерген оқыған азаматтарымыз бар, бірақ олар тек қазақ тілін ғана білмейді. Ресейге ауып кетіп жатқандары да бар, оларды Ресей орыс деп ешқашан қабылдамайды,-деп тек өз елімізде ғана бақытты болатынымызға тоқталады. М.Мағауин: Сіз қазақ емессіз бе? Біз небір қиын қыстау заманды басымыздан өткізсек те тілімізді, дінімізді, ділімізді, жерімізді, ұлттық салт-дәстүрімізді, ешкімге тапталмай рухымызды жоғары ұстаған халық емеспіз бе?! «Өзге тілдің бәрін біліп, өз тілімізді құрметтейтін» заман енді шындап туып отыр,- дегенді айтып отыр.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің тарихи дамуының өзегі - тіл. Тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол - қоғамның, әр мемлекеттің, әр ұлттың мәдениетінің тетігі. Сонымен қатар тіл – ұлттық бірегейліктің негізі, әрбір халықтың өзіне тән ділі, дүниетанымы, мәдениеті, рухани қазынасы тілі арқылы сақталып, дамиды. Тіл бала бойына ана сүтімен бірге енеді, айналадағы құбылыстарды байқау, тану үстінде қалыптасады. Тілді ол ойнап отырып та, жылап отырып та қабылдайды, сол арқылы оның санасы қалыптасады. Сондықтан да А.Байтұрсынов айтқандай баланың сауаты оның ана тілінде ашылуы керек, себебі оның өмір бойғы рухани азығы ана тілі арқылы қабылданып, ана тілі арқылы сіңіріліп отырылады. Сондықтан, әрбір халықтың ана тілі оның даму тарихында ең шешуші орын алатындығын Ахмет Батұрсынов жақсы түсінген. Қазақ тілінің негізін ғылыми жүйеде қалап, оның дамуы үшін үлкен еңбек сіңірген.

М.Әуезов «Қазақстандағы ұлттар» деген ғылыми мақаласында ана тілімізге байланысты былай деп жазады: Жергілікті халық ішінде көпшілік орын тұтушы қазақ халқы болғаны үшін өлкелік мемлекет тілі болып, соның тілі есептеледі. Бұған ешкімнің таласы болмауға тиісті, мемлекет қызметкері де болса солай. Көпшілік орын тұтынушы халық арасындағы мекемеде сол халықтың өзінен қызметкер отырып, барлық жұмыс сол тілде жүргізілсе өкіметтің жұмысы тез алға бармақ. Неге десең, жалпы қара бұқара өз мұңын толық айта алса әлгі мекеме де толық түсіне алады. Сол себепті жергіліктендіру жұмысы артта қалған қазақ еңбекшілерін және ұсақ ұлттарды да өкіметке, өкіметті оларға жақындата алады,-дейді [78,42].

Ұлы жазушы, қоғам қайраткері М.Әуезовтің ойы мен мақсаты А.Байтұрсыновтың ойымен сабақтасып жатыр. Елін сүйген екі ұлы тұлға қандай қоғамда болмасын жергілікті халықтың тіліне, діліне нұқсан келмеу керектігін көтереді. Басшылық жұмыстарда да жергілікті ұлттың өкілі қызмет істеу қажеттілігін, жергілікті халықтың тілімен іс қағаздары жүргізілу керектігін, сол арқылы олар өз мұң-мұқтажын еркін жеткізе алатындығын, сонда ғана халықтың жұмысы алға жүретіндігін, өмірлері жақсаратындығын өз еңбектеріне айтып отырған. Оларға ұлтын сүйгендігі үшін «ұлтшыл» деген ат тағылып, құдалауға ұшыраған.

Осы айтылған пікірлерге орай М.Мағауиннің «Кісілік белгісі» деген мақаласына назар аударайық: «Бірақ... өзге емес, бізде мүлде керісінше-тілінді де, дінің мен ата дәстүрінді де біржола тәрәк етіп, басқа бір халыққа-орыс емес, аралықтан шыққан дүбара да емес, көп ұзамай мүлде құрып бітер тексіз тобырға айналу қаупі тұрғанын да терістей алмаймыз. Бүгінгі қазаққа шекесінен қарайтын номенклатура, олардың өзі шыққан ұлтты жек көретін мәңгірт әулеті байлыққа батып, билікке жетіп, осыншама құрметті болып отыруы-арттағы қара орман жұрттың арқасы екенін түсінбеулері таңқаларлық жағдай. Қазақ ұлттық сипатынан айрылса, көп ұзамай қазақ аталатын ел де жер бетінен көшеді. Қалған қарапайым жұрт дәл бүгінгіше итшілеп жүріп тағы біраз тіршілік кешер. Ал өзі мойындамаған, өзі қарсы жұмыс жасаған, ақыр түбінде өзі сатып кеткен елдің туы құлаған соң кешегі жандайшап кімге керек, бытқыраған байлығымен бұрынғыша тұра бермейді, ең алдымен солардың көзі жойылады- басқаны айтпағанда, қолындағы қазынасын тартып алу үшін. Бірақ,

азғындарының жаза тартқанынан өтіп кеткен елге ешқандай пайда жоқ. Күріш орылғанда күрмектің қоса кеткенінен не қайыр», -деп жазады. Ол елінің ертеңі үшін, ұлттық тілі мен діні үшін, ата баба дәстүрі үшін отқа түскен арыстарымызды да осы айтылған жандайшаптардың түбіне жеткендігін сынайды. Сондықтан да, қазіргі таңда бесігімізден бастап, ұлттық болмысымызды, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін ұрпақ бойына сіңіріп, әрбір ұрпақ өз елі мен жерінде ғана қасиетті және керек болатынын үйретіп, тілін меңгертіп, саяси сауатты етіп тәрбиелеуіміз керек.

Ахмет Байтұрсынов өзі өмір сүрген қоғамдағы болып жатқан саясаттағы әділетсіздікті, келеңсіздікті көре білді және оған қарсы әрекет жасап отырды.

Россияда буржуазиялық-демократиялық бірінші орыс революциясы жеңілгеннен кейін Столыпин реакциясының дәуірі басталғаны белгілі. 1907-1912 жылдары патша үкіметі қазақ еңбекшілерінің жерін жаппай тартып алып отырды. Патша үкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесінде қазақ еңбекші бұқарасы жаппай жерсіз қалып, күйзеліске ұшырады, отаршылдық езгі күшейді[93].

Осы айтылғандардың бәрі А. Байтұрсыновтың «Маса» кітабында, Мұхтар айтқандай, «бұрынғыдан да ащырақ, күштірек тілмен» суреттеліп жазылған.

«Маса»-патша заманында қазақ халқының басынан кешкен аса ауыр хал-ахуалын айнытпай суреттеп берген, шыншыл көркем шығарма. Қазақ әдебиетінде ешқашан тарихи маңызын жоймайтын дәуір (эпоха) туындысы[90,134].

Қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып баққан,
Бәленің түрін көрген мен сары маса,
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан, деп

автор надандықта, қараңғылықта жатқан, шаруаға енжарлық танытқан халқын маса болып оятып, аңдып жатқан жаудан яғни улы жыланнан құтқарғысы келеді. Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ халқының басынан өткен тарихи дәуірін жыр еткенде: «Бұхар тұсы», «Абай тұсы», дей келіп, Абайдан кейінгі, Октябрь төңкерісіне дейінгі дәуірді «Маса тұсы» деп атайды:

«Маса тұсы» елдігін қазақ жойған,
Ұмытқан «елдік» деген сөзді қойған,
Мал секілді үрку мен қорқу болған,
Кезінде жат пышағы бауыр сойған,
Бәрі де бақырайып кезек күткен,
Артық болмай соғымға сойған қойдан.
Бір-бірін мұқатуға жатқа шапқан,
Кейбірі өсек айтып тамақ тапқан,
Жеріне, елдігіне һәм дініне,
Құрылған талай тұзақ, талай қапқан.
Ақылмен ала қойды көбейтуге
Қойшы боп аю менен қасқыр баққан..
,-деп жазады ақын [90,134б].

Сұлтанмахмұт Торайғыров та сол кездегі халық жағдайының күрделілігін дәл жырлап көрсетуге тырысқан. Бірін-бірі аңдыған қазақты сынай отырып, өсек айтып күн көрген кейбіреулердің бұл әдетін күн көрістің бір түрі дей отырып, жеріне, елінің елдігіне қауіп төніп тұрғанын, елінің елдігін ойлаған азаматтарын соғымға сойылатын малға теңеп, аласапыран уақытта өмір сүріп жатқан елдің жағдайын ақын ашына жырға қосқан. Екі ұлы тұлғаның бірі «Маса» болып жұртын оятқысы келсе, екіншісі сол бір қиын қыстау кезеңді «Маса тұсы» деп, халқының қарапайымдылығы мен аңқаулығына қынжыла отырып, қойшы бейнесіндегі аю мен қасқырдың уысында отырған елінің ертеңін уайымдап, жерінен, елдігінен, бостандығынан айрылып отырған ұлтының ұлттық сезіміне әсер еткісі келеді. Елін осы қасіреттен құтқаратын ұлттық тұлғасын армандайды.

М.Әуезов жер мәселесіне байланысты былай деп жазады: Жер, суды пайдалануда ұлттар арасында теңдік деген нәрсе жоқ. Жерді пайдалану мөлшері ұлт айрымасына қарай түзеліп, шаруаның күшіне қарай бөлу ескерілген жоқ. Жергілікті халыққа жан басына 5 десятинадан 15 десятинаға дейін жер бергенде, орыс мұжықтарына жан басына 5 десятинадан 35 десятинаға дейін, отаршыл әскерге 70 десятинаға дейін жер берілді. Жергілікті халықтың ең жақсы жерлерін тартып алып патша үкіметінің жіберген мұжықтарына беріп, жергілікті шаруаға қайдағы жаман, оңтайсыз жерді көрсетіп, «алсаң ал, алмасаң өзің біл», - деп жазды. Сол уақыттағы тартып алынған жердің саны 40 миллион гектарға жетті, деп ащы шындықтың бетін ашады. Халқының ата қонысынан айрылып жатқанын айтпай тұра алмайды. Ахмет Байтұрсынов көтерген мәселені Мұхтар Әуезов те қоштайды [78,135].

Міне, халық алдында қарап отырған малынан, жерінен осылайша әділетсіздік пен отаршылдықтың салдарынан айрылып, ашаршылыққа ұшырап күйзелді. Үкіметке арыз қылса, оны тыңдап, өтінішін орындаудың орнына, қамауға алынып немесе ұрылып, қуылып отырған. Жергілікті ұлттың арызы тыңдалмай қарапайым халық зар еңіреген. Ұлтының бұл жағдайына қынжылған ұлттың зиялы қауымы отаршылдықтан құтылудың жолын іздеп, халықтың көзін ашып, білімге шақырып, өз ұлтының ішінен өз халқын басқаратын, білімді, отанын сүйетін азаматтарының шығуын аңсады.

Қайым Мұхамедханов өзінің «Абай мұрагерлері» деген еңбегінде Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» атты өлеңі жайында былай деп жазады: Байтұрсыновтың «Қырық мысал» кітабы тұңғыш рет ұмытпасам, 1903 жылы басылып шықты. Ол кітапта Пушкиннен аударған өлеңдері де болушы еді. «Қырық мысал» Крыловтан аударма дегенімен, сөзбе-сөз аударма емес, Байтұрсынов Крылов мысалдарының тақырыбын ғана алып, өзінің төл шығармасындай, емін-еркін жырлап кетеді. Және әрбір мысал өлеңінің соңында келетін ой-пікір түйіні Ахметтің өз қорытындысы, өз пікірі. Мысалы «Аққу, шортан һәм шаян» мысал өлеңінің қорытындысында:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас,
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, десе

«Үлес» өлеңінде баяндалатын уақиғаның қорытындысында былай дейді:

Ойласақ уақиға емес болжайтұғын:

Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын,

Қазіргі пайдасына бәрі жетік,

Адам аз алдын қарап болжайтұғын,

Андыған бірін- бірі жаудан жаман

Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.

Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,

Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан

Алданып арадағы дау шарына,

Қатерден қапері жоқ келер сырттан,-дейді [90, 137].

Ақын елдің арасындағы алауыздықты, бірін-бірі жау санап, елінің ертеңгі болашағын ойламай ырың-жырың болып жатқан ел ішіндегі дау жанжалды сынайды. Жаудың талан-таражына түскен халқына жаны ашып қынжылады. Елді бірлікке, татулыққа, түсіністікке, ынтымақтыққа шақырады, сонда ғана бірлігі жарасқан ел боламыз дегенді айтады. Бұл айтқандарын өзінің іс-әрекетінде де, шығармаларында да көрсетті.

Ал, А.Байтұрсыновтың ақындығына тоқталатын болсақ, ерекше зерттеуді қажет ететін өзіндік бір терең дүние. Ол - қазақ поэзиясын Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сияқты т.б. ірі ақындардың қатарынан орын алатын талантты ақындарымыздың бірі. А.Байтұрсынов өзінің өлеңдерінде халқын оқуға, білім алуға, еңбек етуге, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің қатарына қосуға,

ғылымын дамытуға, жаңа қоғам алға тарқан мәселелерді алға тартып, өмір талаптарына сай келетін адам тәрбиелеуге, ұлттың ұлттық қасиеттерін сақтап қалуға байланысты тақырыптарды қамтиды. Мысалы, «Тарту» деген өлеңінде:

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық-өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріндер, іздеп, тауып алалық та!-деп жырлайды [91,195].

Мұнда ақын жастардың бойына ізденушілік қасиетті сіңіре отырып, оларды даналыққа, жаңалыққа үгіттейді. Өзіндей жұрт алға ұмтылып жатқанда біз де қарап қалмайық, деп олардың бойындағы намысын қозғайды.

«Жұбату» деген өлеңінде:
Қайран еркін замандарың!
Тарлыққа жоқ Амалдарың!
Еркін дала, Еркін қайда?
Еркіндегі, Көркің қайда?
Еркін көшкен Елің қайда?
Ер қорғаны- Ерің қайда?-дейді [91,196].

Мұнда да ақын халқымыздың ежелден келе жатқан еркіндігін, елдігін, нулы сұлу орманын, кең байтақ жерін, сол жерді, елді бийлейтін ерін, мадақтап жырға қосады. Осы берекелі елдігінен айрылмауды, оны жан-тәнімен қорғауды алдына мақсат етіп қоятын жан-жақты жетілген тұлғаларын армандайды. Бірақ, барыңнан яғни елдігіннен, билігіннен айрылып «қараны жақтайтын», алдап арбайтын, аяғыңда тұсауың бар заманда өмір сүріп жатырсың, сондықтан да «құр әлдиге сенбеңдер», деп халқын «жұбата» отырып, намысына қозғау салады. Бұл айтылғандары қазіргі нарықтық экономика дамып отырған, компьютерленген заманға да қатысты айтылған аталық парыз. Терроризм белең алып отырған мына кезеңде де жан-жақты дамыған білімді, дана ұлдарына, бойында ұлттық жалыны бар жасұрпағына халқы әр кезеңде зәру.

А.Батұрсынов «Н.Қ.Ханымға» деген өлеңінде:
Тән көмілер көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес-бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын
Ел-бүгіншіл, менікі-ертеңгі үшін,-деп жырлайды [91,198].

Ұлы ақынның бұл ақтарылып айтылған сырларынан болашаққа, жастарға, ертеңін ойлайтын ұрпағына сенімінің молдығы аңғарылады. Тәнім көмілгенмен, еткен ісім артымда қалады, оны жалғастырар ұрпағым бар, оны білегін елім бар деп, болашағына сенеді. Ертеңгі болашағым жарқын, күнім шуақты болады деп, ертеңгі ұрпақ қамы үшін, жарқын болашағы бар егеменді ел үшін күреседі. «Ақын ініме» деген өлеңінде:

Қымызды шара-шара сапыр, інім.
Ет пенен қымыз беріп сөйлеп көрсең,
Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім.
Ақылың Аплатондай болса дағы,
Қымыз бен еті жоқ құр татыр білім, -дейді.

Парақорлықты, зорлықты, зәлімдікті, білімсіздік пен сауатсыздықты сынап, әділетсіз қоғамнан түңіледі. Оны сынап, кекесінмен «ақын інісіне» айналасында болып жатқан арсыздықтың бетін ашады.

«И.Б.Жездем хатынан» деген туындысында:
Ұйқыны аш дер ек, Надандықтан қаш дер ек.
Болмайды үндеп, Дұшпан тұр күндеп,
Бізде бұл бір індет,-деп күйзеле үн қатады [91,199].

Ахмет елінен жырақта жазықсыз жапа шегіп, қинала халқына тіл қатады. Бірақ қанша қиналып қуғын сүргінде жүрсе де, ұлтын ұйқысынан оятып, надандықтан қашырып, дұшпаннан сақтандырып, әзірге бұл бір «індет» болып тұр, бұдан біз арыламыз деп, болашақтан үздіксіз сеніммен үміт күтеді.

«Жауап хаттан» деген өлеңінде жездесі жазған хатқа жауап айта отырып, кейінгі ұрпақтың алдында аға ұрпақтың парызын атап кетеді.

Байқасақ, жезде,
Бауыздар кезде,
Үн шығару бар емес пе!
Үндемей өлсек,
Сүйекпен көмсек,
Кейінгілер демес пе!?
Лақ құрлы бақырмай,
Өлген екен, апырым-ай!,-деп жазады [91,201].

Ақын бұл өлеңін қазақи психологиямызға тән ұлттық нақышпен жазады. Үлкенге сый-құрмет көрсетіп, сыйға-сый, сыраға бал дейтін халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін құрметтеп тағзым етеді. Кейінгі ұрпақ алдында, арымыз таза болсын десек, ақты ақ, қараны қара деп айтып кету міндетіміз деп, қанша қорқып тұрғанмен ажалымыз жетсе өлерміз «лақ құрлы, болмады ма, десе ұрпағымыз не дейміз?»-деп артынан келер ұрпақтың алдында абыройын жоғары ұстайды.

Жазған сөз жаным ашып алашыма,
Алаштың адасқан аз баласына.
Іші лас, сырты таза залымдардың
Алданып құр сыртының тазасына
Мәз болып байғазы алған балаларша
Сатылып жылтыраған танасына.
Ұмытып, құдайды да, құранды да,

Бас ұрма ләнат-манат ағашына,-деп алданып, арбалып жүрген аңқау жұртына жаны ашыйды. Іші лас, сырты тазаның барлығына алдана берме, есің кетіп, алақтап қорықпа, құдайыңды ұмытпа, құраныңды сатпа, «Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым, алты алаштың баласы сатқындықтан аулақ болыңдар»- деген бұл өсиет қазіргі уақытта да өз құндылығы жоғары туынды. Оның Г.Н.Потанинге деген өлеңінде, «Ұл туып ұлы жолда қызмет етсе, Онан зор ұлтқа бар ма ырыс деген», деп ұлтын сүйетін азаматы болса, ұлтының ырысты, берекелі болатынын, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуға «ұлттым» деген ұрпағының орны ерекше екендігін анықтайды. «Елге сәлем» деген туындысында, Ер жігіттің басына нелер келіп, нелер кетпес, бірақ барлық қиыншылыққа төзе білуге, қажымай қайратты болуға, сабырлылыққа, адами қасиеттерді жоғары ұстауға үгіттейді [91,204].

Ол отаршылықтың озбыр саясатына қарсы халықын ояту үшін ағартудан басқа жол жоқ екенін, надандықпен, қараңғылықпен күресу керектігін толық түсініп, бар ғұмырын осы жолға арнады. Қуғын-сүргінге түсті -мұқалмады; түрмеге қамалды-жасып жұқармады. Мұғалім болып, бала оқытып, жас ұрпақтың көзін ашты; газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді; өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты, түрлі қызмет істеп, үлгі өнеге көрсетті. Ол өзі атқарған үлкенді-кішілі қызметті де, сабақ берген мектепті де, мақаласы мен өлеңдерін шығарған баспа орындарын да – бәр-бәрін халқына қалтқысыз қызмет етудегі өз идеясын, өз саясатын жүзеге асырудың құралы етті. Сонымен қатар ол өзінің өмірімен де, өнерімен де, істеген іс-әрекеттерімен де кейінгі ұрпағына үлгі бола біледі. Оның идеясы мен саясаты халқына қалтқысыз қызмет ететін ұлттық қасиеті бар жас ұрпақ тәрбиелеу болды. А.Байтұрсынов ұрпағының шынайы адам болуын, ол үшін оның бойында адамгершілік, парасаттылық, адалдық, сабырлылық, шыдамдылық ізгілік т.б. ұлттық қасиеттерді, ұлттық мәдениетті сіңіріп тәрбиелеудің, нағыз ұлтын сүйетін ұлттық тұлға қалыптастырудың негізін қалағандардың бірегейі болды.

3.2 Ж. Аймауытұлының ұлттық ойлау жүйесін (этнопсихологияны) дамыту жөніндегі ой-пікірлері

Туған халқымен 60 жылдан кейін қайта көрісіп, табысқан арыстарымыздың ішінде Ж.Аймауытовтың орны ерекше. Бас-аяғы он шақты жылдың ішінде ол пікір білдірмеген қазақ мәдениетінің саласы кемде-кем. Оның еңбектерінде адам бұрын-соңды болмаған шыншылдығымен, толыққандылығымен, адам характерін қалыптастыратын әлеуметтік-тарихи, рухани жағдайлармен көрінді. Әсіресе адамның өзін-өзі кемелдендіру жайындағы ойлары айрықша көзге түседі.

Ж.Аймауытовтың адам туралы еңбектерінде адамның қоғамдық табиғаты туралы, адам бойындағы ізгілік, ақыл-парасат, сана-сезім т.б. қасиеттердің қалыптасуы мен дамуындағы орта мен тәрбиенің шешуші рөлі туралы көптеген ғылыми болжамдар айтылған. Оның пікірінше, адамның адамгершілігі, құлқы тума қасиеттер емес. Ол "тұлға концепциясын" таза философиялық тұрғыдан қарастырып қана қоймай, адам тұлғасы туралы көзқарасын, түсінігін өзінің шығармаларындағы өзі жасаған кейіпкерлері арқылы, психология мен педагогика салаларында жазылған еңбектері арқылы зерделеп бере білген.

Біз ХХ ғасырдағы Ж.Аймауытұлының педагогикалық-психологиялық мұраларының маңызын, дүниетанымын, ғылымда алатын орнын, зерттеу әдісінің өзіндік ерекшеліктерін ұлттық сана-сезімді бойына қалыптастырған тұлға проблемасын қарастырдық. Осыған орай мынандай міндеттер анықталады:

1) Ж. Аймауытұлының педагогикалық-психологиялық мұраларының маңызы, ондағы тұлға концепциясының орнын анықтау.

2) Ж. Аймауытұлының мұраларындағы тұлға концепциясының қалыптасуында ұлттық тәлім-тәрбиенің әсері.

3) Ж.Аймауытұлының адам және жеке тұлға туралы ойлары және оның еңбектеріндегі көрінісін анықтау.

4) Ғалым еңбектеріндегі тұлға мәселесі негізіндегі принциптерін талдау.

5) Аймауытұлының еңбектерінің жаңашылдығы, өзіндік ерекшеліктері, ізденістері адам тұлғасын қалыптастырудағы ғылыми тұжырымдары.

6) Ж. Аймауытұлының психологиялық мұрасын бір қырынан яғни тәлім тәрбиелік (педагогикалық-психологияға қатысты) ой түйіндерін талдау арқылы негіздеу.

Сонымен Ж. Аймауытұлының педагогикалық -психологиялық ой-пікірлеріне жоғарыда айтылған тұжырымдарды қарастыра отырып, қазақ жантану ғылымына, ұлттық психологияға байланысты ой-пікірлеріне тоқталамыз.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына дейін Қазақстан топырағында психологияның әдіснамалық тұғыры айқындала қоймаған болатын. Осы тұйықтан қалай шығудың бағыт-бағдары белгісіз еді. Ж.Аймауытұлы батыс психологиясында, сондай-ақ дамудың даңғыл жолына түскен АҚШ, Германия, Франция, Англия елдерінде де қалыптасқан психологиялық жүйелерді өзінше тұжырымдай отырып, жалпы психологияның сол кездегі басты мәселелерін қазақ өмірімен байланыстыра дәйекті деректермен қарастырды.

Ж. Аймауытұлы өз еңбектерін жазуда батыста және орыс елінде кімге жүгінді, олардың жарық көрген психологиялық еңбектерінен, оқу құралдарының қайсысын және қалай басшылыққа алды деген орынды сұрақ туындайды. Олар - орыстың атақты психологтарының бірі - әсіресе Қазан төңкерісінен кейін, іле-шала психологиялық аренада тұңғыш көрінген атақты Выготский Л.С., психологияның жаңа ғылыми негіздерін құруға ат салысқан Блонский П.П. болды. Олардың еңбектері Ж.Аймауытұлының психологиялық оқу құралын жазуына негізгі арқау болған.

Ж.Аймауытұлының «Ғылыми психологиясының очерктері» дейтін белгілі еңбегінде ол марксизмді, оның диалектикалық материализмін басшылыққа алуды

көздегенмен сол кездегі америка психологиясының, соның ішінде бихевиоризмнің негізін салған Джон Уотсонның (1875-1958) қағидаларынан алысқа бара алмағандығы көрінеді.

П.П. Блонский көзқарасының американдық бихевиоризмнен айырма-шылығы адамның жан дүниесін зерттеуде генетикалық принципті, жан дүниесінің тарихи даму жолын зерттеу туралы айтқандары дәлел. Бұл адам психологиясы жануарлар психологиясымен ортақ деп қарайтын бихевиористік түсініктен өзгешелеу, яғни психологияның биологиялық жақтарымен қатар әлеуметтік астарлары да бар, сондықтан ол әлеуметтік ғылымға да қатысты деген қағиданы да жақтайтындығы. Ж.Аймауытұлы Дж. Уотсонға сілтеме жасағанымен, П.П.Блонскийдің қағидаларына сүйене отырып, онша алшақтыққа кетпейді. Ж.Аймауытұлының психологиялық еңбектерін талдағанымызда осы идеяны басшылыққа алуымыз керек. Ж.Аймауытұлының «Психология» еңбегіндегі «Тәжірибелі психология» дейтін параграфында былайша тұжырымдайды: «Қазіргі психологияның көпшілігінде білімге сүйенген негіз жоқ. Құрғақ сөз, құрғақ жорамал құрғақ ой екендігі айқын көрінеді. ХҮІІ ғасырда ағылшынның тәжірибелі философы Джон Локк осы жәйтты айта келіп, ол жанның не екенін табам деп, тіршілігімізді сездіріп тұрған себеп қандай екенін зерттеймін деп, машақаттанбаймын, бұл жалдаптық...деген болатын. ХҮІІІ ғасырда Шотландия данышпаны Юм Жан тақырыбындағы ұғымдарды өлтіре сынаған.

«Жанды субстанция деу қиялдың туғызып алғаны. Өзіміздің жан деп жүрген затымыз, не нәрсе екен деп, өзіме-өзім үніліп, тереңдесем, қашан болса да «мен» деген бір бүтін нәрсені таба алмаймын. Дәйім бөлшек-бөлшек түрлі түйсіктерге /восприятие/ тап боламыз «мен» дегенім тұтас нәрсе емес, мәселен жылылықтың, жарықтың, жақсы көру, жек көрудің, мейірленудің, қайғы шегудің, тағы сондай сезімдердің түйсігі, тез қозғалып тұратын түрлі құбылыстардың шумағы тәрізді бірдеңе болып шығады. Біздің жанымызда неше алуан, сансыз пернелер көрініп, өтетін киноленталармен салыстыруға болады. Сөйтіп біздің Мен деп жүргеніміз дәйім өзгеріп отыратын бірдеңе. Бірінен соң бірі келіп отыратын үзілмейтін құбылыстардан өзгермейтін, дәйім бір қалыпта тұратын «жан» дегенді ұқпаймыз. Үнемі өзгермейтін «мен», не «жан» бар деген пернеге дәл келетін түк дерек жоқ», - дейді Ж.Аймауытұлы [92,33].

Ж. Аймауытұлы бұдан соң ХҮІІІ ғасырдың ұлы философы Канттың пікіріне тоқталады. Мәселен, Кант жан зат емес, рух, ажалсыз субстанция дейтін психологияның барлық дәлелдерін жалған деп түсінген. Оның пікірінше, өз бетімен өмір сүретін жан болуы керек. Кант жанды психология тұрғысынан зерттеп, түбіне жету керек деген пікір дұрыс емес дейді. Ж.Аймауытұлы сонымен Американың атақты ғалымы Джеймстің пікірімен де санасады. Оның психологиясының мәселелері жөнінде: «Субстанция ойдан шығарылған нәрсе. Бірақ деректі затта болатын ой дегеніміз нәрсе не заттан жасалса, ол да сол заттан жасалуы керек», - дейді [92,38].

Джеймс те Уотсон сияқты психология жансыз болуы керек дейді. Сонда психология нені зерттейді? Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірінше психология адамның мінез-құлқын, бірақ санасын емес, яғни мінез құлыққа сырттан болатын әрекетке деген реакцияларын, атап айтсақ, қолдың, аяқтың, дененің т.б. адам организмінің қозғалыстарын, оның әр түрлі көріністерін зерттейтін ғылым. Ал, жан деген құрғақ дерексіз ұғым дейтін пікірді бұлардың екеуі де қуаттайды.

Ал, Ж.Аймауытұлы өзінің "Психология" атты еңбегінде "Психология тірі заттардың қылығы туралы" деген параграфты енгізеді, соны бүкіл кітаптың өн бойында басшылыққа алады. Тірі заттардың, жәндіктердің өлі заттардан айырмашылығы қимыл-қозғалысында екендігін дәлелдейді. Американдық психологтары психология тірі организмнің қылықтары туралы ғылым десе, Блонский де осыған жақын тұжырымға келген. Ж.Аймауытұлы осы айтылған пікірлерді ой елегінен

өткізіп, қылықтардың неден пайда болатындығын талдап, қимылдың түрлерін, ерекшеліктерін ашып көрсете келіп қылықты түрлі қимылдардың жиынтығы, қимылдардың байланысы, қимылдардың көрінісінің сыртқа шығуын айқындау деп қарайды. Сонымен психология ғылымының негізгі мақсаты - тірі заттардың негізгі қимылдарын зерттеу. Басқаша айтқанда бүкіл тірі заттардың амалын, іс-әрекетін, қылығын зерттеу.

Психолог үшін қылықтың қандай жағдайда пайда болып, оның қалайша көрінетіндігі, қалайша өзгеріске түсіп отыратындығын білу басты міндет. Ж.Аймауытұлының еңбегінің барысында адам қылығын зерттеу мәселесі үлкен орын алады. Ғалым бұл жерде Дж. Уотсонның пікірін жақтағанымен мінез-құлық туралы бөлектеу тұжырым жасайды. Аймауытұлының пікірінше адам өздігінен жеке өмір сүре алмайды. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасамаса, қоғаммен байлаулы болмаса, өзгелермен араласып жүрмесе өмір сүре алмайды дейді. Бұл Аймауытұлының Уотсоннан бөлектеу тұжырымы. Уотсон қимыл-әрекет адамда және жәндікте болсын бірдей құбылыс деп тұжырымдаса, Аймауытұлы адамның қоғаммен, адаммен байланысын ерекше атап көрсетеді. Кісі басқалармен араласқанда олардың мінез-құлқын жақсы білетін болса, тұрмыста бұдан көп пайда табар еді дейді. Сонымен бірге сыртқы ортаның әсерімен адамдардың қылығы біртіндеп өзгеріп отыратындығын айтады. Мұндай жағдайда басқаларға әсер ету, ықпал жүргізу жеңілдік туғызатындығын атап көрсетеді. Адамның қоршаған ортасымен байланысты қылығы да өзгеріп отырады деп қарайды.

Аймауытұлының пікірінше, ғылымға сүйенген психологияның негізгі мақсаты - адамның қылығы не себептен өзгеретіндігін, ол өзгеріс ненің нәтижесінде болатындығын, қалайша қалыптасатындығын табу болмақ. Ол адамның қылығын біз өмір бойы зерттеуіміз керек дейді. Ересек адамның бала күндегі қылығымен жақсы таныс болсақ, ересек адамның қылығы өзгеріске түскен бала кездегі қылықтың жалғасы екендігін байқаймыз. Бала психологиясын білудің ересектер психологиясын түсінуге пайдасының көптігін айтады. Ж.Аймауытұлы адамды әлеуметтен бөліп алып қарастыру дұрыс емес деген.

Ғалымның пікірінше, жеке адамның тәрбиесі - әлеумет қылығының айнасы. Заман өзгерген сайын әлеумет те өзгеріп отырады. Содан барып адамның қылығы да өзгереді.

Бұл тұжырымнан жеке адамның қылығының қалайша өсіп жетілу жолын, оның тарихын зерттеу керек дейді. Осыған байланысты Блонский мен Аймауытұлының көзқарасы бұл мәселеде бір арнаға тоғысатынын көреміз.

Қай кезде де адамның жан дүниесінің қалыптасуы, шығу тегі - зерттеу ісі адам психологиясының негізгі көздеген мақсаттарының бірі. Жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімділігі, оларды нәтижелі етіп оқытудың, яғни қоғамды билеп төстеушілердің сойылын соғатын азаматтарды тәрбиелеу, оның жан дүниесін танып білу жан ғылымының осы саласының еншісіне тиетін мәселелер болса, мұның маңызын жұрттан бұрын көре білген АҚШ ғалымдары болды.

Баланың ана құрсағынан бастап есейгенге дейінгі аралықта қалай өсіп жетілетіндігі жөнінде мектепке дейінгі және мектептегі тәрбие мен білім беруге байланысты мәселелерді психолог ғалымдардың бәрі бұрын да, қазір де сөз еткен болатын. Бұл мәселелерді әсіресе, Америка психологтары - Стенин Холи (1846-1924), Гезель, Гермен тағы басқалар қарастырып, колледждер мен университеттерде оқып жатқан келешек мұғалімдерді осы тұрғыда тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлген. Ал Ресейде педагогикалық-психологияны алғаш көтерген адамдардың бірі - К.Ушинский, мен орыстың екінші бір ірі педагогы П.Ф.Каптерев (1848-1922) болатын. Орыс топырағында педагогикалық-психология бойынша Каптерев 1877 жылы тұңғыш рет оқу құралын шығарды. Ал Ушинский өзінің "Адам тәрбиесінің нысанасы" деген

кітабында бұл мәселенің ғылыми астарларын жан-жақты қарастырып, үш томдық кітап жазған. Ол онда - "Біз адамды жақсы тәрбиелегіміз келсе, оны жан-жақты зерттеп, білуіміз керек" деген болатын.

Ал енді қазақ топырағында педагогикалық - психологияны бірінші көтерген Ж.Аймауытұлы болды. Ж.Аймауытұлы өзінен бұрынғы психология ғылымы жайлы айтқандарды зерделей келе, адамды әлеуметтен тыс қарауға болмайды деп санады.

Ол өзінің еңбектерінде адам мен хайуанның жаратылысы, іс-әрекеттері әр түрлі екенін нақты деректермен дәлелдеді. Тәрбие екі түрлі, - деп жазды автор, - дене тәрбиесі және жан /рух/ тәрбиесі. Хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді. Адам баласына дене тәрбиелеудің үстіне жанын /рухын/, ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбиелеу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңаржақтау бола береді. Мінездің, ақыл-қайраттың әр түрлі болмағы тәрбиенің түрлі-түрлі болмағынан деп қарады [92,14].

«Дені саудың жаны сау»- деген ғалымның бұл пікірлерінің қазіргі таңда да пайдалы екендігін жоққа шығара алмаймыз. Тәрбиенің бұл екі түрін біртұтас ұстанғанда ғана ұлттық тұлға тәрбиелеу мүмкіндігі туады. Олар бірін-бірі толықтыратын бір тұтас әлем деп саналады.

Педагогикалық психология мәселесіне орыстың психологтары -Выготский мен Блонский, Добрынин мен Эльконин, Мухина мен Лисина, Обуховалар ерекше көңіл бөлсе, ол теориялық жақтарының сомдалуына орыстың белгілі психолог-теориктері А.Н.Леоньев, Н.А.Смирнов, Б.М.Теплов т.б. біраз еңбек сіңірді. Ал бұл мәселеге қазақ тарихында ерекше көңіл бөлген Ж.Аймауытұлы болды. Әрине, одан бұрын да ұлы ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби трактаттарында жас өспірімдердің психологиялық ерекшеліктеріне, оларды оқытып, тәрбиелеудің ерекшелігіне көңіл бөлгендігін біз жақсы білеміз. Оның әсіресе "Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатта", "Азаматтық саясат", "Бақыт жолын сілтеу" деген еңбектерінде аталмыш мәселелер төңірегінде терең толғаныстар мен сындарлы пікірлер айтылғандығына тоқталып өттік.

Осы тақырыптың айналасында ХҮІІІ ғ Шал ақын, Бұқар жырау, кейінірек ұлы ойшылдарымыз Шоқан, Ыбырай, Абай шығармаларында сөз болған еді. Олар ұлттық психология ерекшеліктерінің алғашқы ірге тасын қалағандар десек, артық айтқандық болмайды. Әсіресе, осы тақырыпты Ш.Құдайбердіұлының «Үш анық» атты философиялық еңбегінде, сондай-ақ М.Жұмабаевтың еңбектерінде көтерген болатын.

Ж.Аймауытұлы тәрбиенің мақсаты мен мағынасын - адам табиғатымен, тұрмысымен, өмірімен байланыстырды. Бұл ретте мына сипаттарды айрықша атап - дене сезімдері бар зат (жан қайраты бар, адамгершілік сана, әлеуметтік-мемлекеттік сипат, шеберлік, суретшілік зат) - деп бөліп, бұларды адам тәрбисінде, қоғам, мемлекет ішінде айрықша орынға қояды. Ал Отан атты қасиетті түсінікті адамшылықтың ең биік белесіне көтереді. "Адам тек адамдар арасында ғана адам бола алады» (И.Бехер) деген қағиданы жоғары ұстанып әр адамның қоғам, заман айшықтарымен ерекшеленетініне, ең негізгісі тәрбие мәселесінің белгілі бір ортада қалыптасып, дамып отыратынына ерекше мән береді. Тәрбиенің мақсаты мен қуатына, адам өмірінде ерекше орын алатындығына көңіл бөле келіп, адамды түзейтін де, бұзатын да тәрбие екендігіне айрықша тоқталады. Жеке адам, оның өмірі, қоғамдағы орны, оның ұлтына, Отанына деген көзқарас сезімін, адамгершілік, әділдік жолындағы істерін айта келіп, осы бағыттағы ғылыммен тәжірибенің байланысын тереңірек түсіндіреді. Отанын, ұлтын сүйетін жеке тұлғаның қалыптасуына ұлттық тәлім- тәрбие беру рөлінің жоғары екендігін атап көрсетеді.

Болашақ ұрпақ тәрбиелеуде Ж.Аймауытұлының "Психология" атты еңбегінің алатын орны ерекше. Себебі бұл еңбек сол кездегі түркі тектес халықтардың

тілінде жазылған ең алғашқы төл туындылардың бірі. "Психология" кітабы XII тараудан, бірнеше параграфтан тұрады. Әр тараудың тақырыптары нақты қойылып, түсінікті, қарапайым сөздер арқылы психология ғылымының мән-мағынасын, зерттеу объектісін тартымды дәлелдеген.

"Психология" ғылымының терең ойға, философиялық пікірге толы екендігін, бұл ғылымның аясының тереңдігін, бірақ әлі аяғын нық баспағанын, адамның ішкі сыртқы сезімдерін анықтаудағы, дәлелдеудегі, жан тебіреністерін ашудағы, жалпы әлеумет, қоғам, адам байла-ныстарының нәзік сырларын ашудағы ролін айта келіп, былай дейді: "Қарапайым адамға жұмбақ сықылды болып көрінетін талай нәрселер психологияда қаралады. Адамгершілік, әділдік, ізгілік, жауыздық әдет, салт, мінез, түс көру, жан, сана т.б. мәселелер психологияда ашылады. Адамның ақылы, ойы жетпей жүрген сағым тәрізді көрінген нәселер осы кітапта қаралып, оның себептері, сырлары айқындалады. Бұлардан хабардар болу кейінге болса да керек", дей отырып, психологияның өмірге, тіршілікке пайдасының зор екендігін, күнделікті тіршіліктің түзелуіне әсер ететін терең ойдың, пікірдің қоғамдағы ролін түсінікті етіп дәлелдеген.

"Психология нені сөйлейді" - дейтін бірінші тарауында осы ғылымның екі жарым жылдық тарихынан біраз мағлұмат береді. Бұл тараудың "Жан деген ұғым қалай туған", "Психология пәніне діннің әсері", "құрғақ даналыққа сүйенген психология", "тәжірибелі психология", "Психология - тірі заттардың қылығы туралы пән" дейтін және т.б. тарауларында психологияның жай-күйін баяндап, ақыл-ой, жан, сана ұғымдарын түсіндіріп, эксперименттік тәжірибе арқылы осылардың аралығында /жан мен тән/ қандай байланыс бар екендігін, олардың қызметтерінің ауыспайтындығын, қатар жүретіндігін, олардың араларындағы үйлесімділіктің /гармония/ қалай болатындығын тартымды баяндаған. Кітаптың екінші тарауында адамның жан дүниесін, мінез-құлқын зерттеуді қайтіп ұйымдастыруға болатындығын, мұндағы негізгі әдістерді /бақылау, анкета, салыстыру, әңгімелеу, тәжірибе жасау т.б./ нақтылап түсіндіреді. Оның ішінде адам психологиясын зерттеуде математика пәнінің алатын орнын, атқаратын қызметін "Психологиядағы математиканың орны" дейтін бөлімінде былайша сипаттайды. "Әрбір білім шын білім болса, ол есепті қолданбай тұра алмайды. Ендеше математикалық психология, немесе білім психологиясы деу керек. Бірақ психология қалайша математика білімі болады? Болады деп те, жоқ деп те айтуға болады. Әрине, жанды ешбір өлшей алмайсың. Себебі "жоқты" өлшеу мүмкін емес. Не бар, не өзгерді соны өлшеуге болады. Шын мағынасында болмаса да, неше рет өзгергенін есептеуге болады. Әрбір өзгертін нәрсе тым болмаса, қанша мезгілде өзгертілді деген мағынада өлшенуі мүмкін. Сонымен неше рет қанша уақыт деген екі мәселе бар екен, міне, осы екі мәселеге біз санмен жауап бере аламыз", дегенді айтады. Мұндай дәлелді ойды қазақ топырағында Аймауытовтан басқа ешкім айтқан емес.

Ойдың ұшқырлығы, сезімнің жылт етуі, амалдың көз ілеспейтін шапшаңдығы туралы адамның іс-әрекеттерін де өлшеуге болатындығын көрсетеді. Сол арқылы адамның ішкі жан дүниесіндегі сезіну, қуану, ренжісу сияқты әсерлерді байқауы, зерттеуші психологшылардың математика ілімін меңгеру арқылы көптеген табыстарға қол жеткізетіндігін дәлелдейді.

Үшінші тарау "Тірі заттардың қылығын жалпы мінездеу" деп аталады. Мұндағы "қозғыштық", "ілгерінді-кейінді қозғалыс", "Тропизм", "Парасат", "Рефлекс", "Әдеттер, соқыр сезімдер", "Еліктеу мен қоғам орайластығы" т.б. бөлімдерінде адам табиғатының физикалық және психофизикалық ерекшеліктеріне яғни организмнің тітіркенушілік пен сезгіштік қасиеттеріне, жануар мен адамның дағды инстинктеріне (соқыр сезім), бұлардың бір-бірінің айырмашылықтарына, өсімдіктер дүниесіндегі тіршілік белгісіне (-тропизмдерге), ғылыми талдау жасайды. Ж.Аймауытұлы жеке тұлғаны қалыптастыруда тәрбиенің

ролінің ерекше екендігін айта отырып, "Психология" атты еңбегінің V тарауында былай деп көрсетеді. "Темірді қызғанда соқ" дегендей тәрбиені бала жастан бастап, бала бақшасында, алғашқы оқыған уақытта, көрнекі құрал жасаған кезде, баланы үйрету жұмысына бейімдеу керек дей отырып ол жайында былай дейді: «Тағы бір-екі ауыз сөз - бір жалпы заң туралы. Өйткені соқыр сезімге кіретін икемділіктеріміздің көбі сол жалпы заңға бағынады, бұл заңның тәрбиедегі маңызы да аз емес. Бұл заңды соқыр сезімдердің өзгергіштігі деп атайды. Икемдеріміздің көбі белгілі жаста піседі. Осы икемдерімізді қанағаттандырарлық кезінде керекті нәрсе даяр болса, ол нәрсеге дағдылы амал пайда болып, ол амал нығая бермекші. Ал икемімізді сусындатарлық нәрсе болмаса, ол икем жетілмей сөніп, әдет болғанша, бұл бағытта іске үйрету қиын болады»,- деген.

Осы айтылғандардың негізіне үңілер болсақ, өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің белгілі бір іске икемділігін тәрбиелеу, қалыптастыру тәрбиеші мен ата-ананың дұрыс дер кезінде ықпал етуі екендігін байқау қиын емес.

Бала бойындағы тіпті келеңсіз жағдайларда өзін ұстаздың яғни тәрбиешінің ықпал етуінен, дұрыс әсер беруінен пайдалы іске асыру мүмкіндігін байқауға болады. "Баланың жаман қылығы да мұғалім амал ету үшін жақсы қылықтың орнына жүреді, тіпті кейде жақсы қылықтан да асып соғады, құлаққа тосаң болса да, солай демеске болмайды" деген пікірдің шындығын дәлелдеп жатудың керегі жоқ [92,108-109].

"Әрбір істің нәтижесі жаңа әсер есебінде түйсіктелетін болғандықтан, шәкірт әрбір халде қайталама әсер алуы пайдалы деп білу керек. Кейбір мектептерде балалардың жұмысын бағалап, балаға әсер беретін пән, бағалау "отметка" тәрізді амалдың нәтижесін көрсетпей жасырын ұстайды, бұны қолдауға болмайды"-деген пікірді де айтады. Бала жұмысының қорытындысын білдіру арқылы ұтымды, зор нәтижеге жетуге болатындығын, оны үміттендіру арқылы жақсы құлшыныстарға ұмтылатындығын ғылыми негізде жеткізе білген. Және осы тұрғыда жеке тұлғаның бойындағы жақсы қасиеттерді қалыптастыру жолын көрсеткен.

Адамның тағдыры өз қолында. Сорлы болған адам "тағдырға шара бар ма?" деп жұбаныш етеді. Шара бар. Ол өзінің тағдырыңды күндегі тамызықтап істеген амалыңмен өзің жасап аласың. Жасап алған соң жаман-жақсы болса да, сонымен кеткенің!-дейді Ж. Аймауытов[92,120].

Қаншама уақыт өтсе де маңызы мен мәнін жоймайтын философиялық пікір. Тасқа таңба басқандай адам бойындағы қасиеттердің қалыптасуын, әдеттенуін дәл айтқан. Адам өміріндегі барлық іс-әрекеті жақсы және жаман қылығының із-түссіз кетпейтінін осылайша психология-лық тұрғыда көрсете білген.

Алтыншы тараудың "Перне көбейту", "Апперцепция (Түйсіктегіш)", "Қиял", "Жад (память)", "Ілтифат (назар)", "Ынта, мүдде (интерес)" т.б. бөлімдерінде тәрбиеленіп отырған балалардың яғни жеткіншектердің болашақта белгілі бір дәрежедегі "тұлға" болып қалыптасуына қандай әсер ететіндігін, қалай тәрбие берудің қажеттілігін қызықты да тартымды етіп, әр түрлі мысалдар келтіре отырып түсіндіреді. Енді сол айтылған пікірлеріне тоқталып, талдап көрелік.

"Іс жүзіндегі кезең" бөлімінде бала алған әсерін сөзбен ғана емес, іспен яғни көрген-білгеніне шығарма жазса, сурет салса, сызса немесе т.б. жағдаймен әсер алып, жадына тоқып, өмірінде өз керегіне жаратады. Мұндағы мақсат баланы тек белгілі бір өнерге епті қылып шығаратындықтан ғана емес, ақыл жүйесі мүлде өзгеше азамат тәрбиелеп беретіндігінен",- дейді [92,114].

Оқытушының қандай болу керектігін, неге көңіл бөліп, нені ескеру қажеттігі, жас ұрпақты тәрбиелеуде оның бойындағы ерекше қасиеттерін қалай байқап, бағалауға болатындығын көңілге қонымды тәжірибелер арқылы дәлелдеп беруі өзіндік ғылыми және аса мәнді пікір.

"Адам тетікті күрделі зат, оның бірлі-жарымды қабілетін өзге сипаттарынан бөліп алып, өлшеу арқылы нағыз рух қабілеттерін шамалау мүмкін емес", - деп айтылған қағидадан адамның соншалықты күрделі процесс екенін байқаған. Адамды қалыптастыруда, тәрбиелеуде, белгілі-бір жақсы қылықтарды, қасиеттерді бойына сіңіруде үлкен жауапкершілікпен қадағалағанымыздың қажеттілігіне тоқталады [92, 42].

"Тәжірибе етіп сынағанда мағынасыз буындар, сөздер, шын өмірде жолықпайтын нәрселер беріледі, олардың арасында ой жүзінен байланыс, біріне-бірінің қатысы жоқ, өмірде ондай тәжірибелер іске аспайды. Тәжірибенің жөні бір басқа да, өмір бір басқа", -деп өмірдің күрделілігіне үлкен мән береді [92,42].

Жастарды белгілі іске ынталы етіп, сүйіспеншілігін арттырып, өз ісіне шындап шығаруда өмір мен тәжірибенің алшақтығы қисынға келмейтінін бүгінгі таңда да көріп отырмыз. Адамның бойындағы жігерін, табандылығын, рухын еш уақытта тәжірибе арқылы сынап, білуге болмайды. Емтихан сынынан жаман өткен адам, өмір сынынан сүрінбей өтуі мүмкін. Сондықтан алдымызда отырған жас ұрпақ тәрбиесінің күрделілігіне сын көзбен қарау керектігін Ж.Аймауытұлы дәлелдеп кеткен.

Спиноза деген данышпан баяғыда айтқан: "Адам бір нәрседен қашқанда, оны жаман екен деп негіз қылып қашатын болса, ондай нәрседен жамандығы үшін емес, басқа жақсы бірдеңе бар деп қашуға болады, - деген. Әр нәрсені жауыздық жағынан, теріс жағынан қарап амал етуші кісіні Спиноза құл деп атайды. Құлдан мұрат басында билігі жоқ кісі, өткен ісінде нәрсені ізгілік жағынан қараушы кісіні ол азат кісі деп атайды. Олай болса шәкірттеріңізді құл етпей азат адам етуге тырысыңыз. Қай орында мүмкін болса, сол орында нәрсені ізгілік жағынан қарап, амал етуге үйретіңіз. Оларға әрдайым шынын айтқызып үйретіңіз. Шындыққа, тазалыққа үйретіңіз. Маскүнемнен жирендіру үшін оның жаман қылықтарын айта бергеннен гөрі жақсы адамның, жаны таза адамның рухын, өмірінің тамаша екендігін айтып жеткізу арқылы шәкірттерге дұрыс тәрбие беруге болатындығын қарапайымдылықпен, жылылықпен жеткізіңіз деген. Жаны таза, Отанын сүйгіш азаматтардың қандай болуы керектігін ол осыдан бірнеше жылдар бұрын айтып кеткен. Ұстаздар өзінің шәкірттерін мейірімді "Тұлға" қалпында қалыптастыруды махаббаттан, ізгіліктен, тазалықтан, шыншылдықтан, жақсылық жағын көбірек арттыру арқылы қалыптастырудан іздеген. Осылайша адамның рухани дүниесіне психологиялық талдау жасау арқылы тұлғаның мүмкіншіліктерін, оны қалай қалыптастыру керектігін, оған ұстаздың ықпалы мен әсерін тамаша етіп жеткізе білген.

Біз мейірімді, жаны таза ұлттық тұлға тәрбиелеу жөніндегі Ж.Аймауытов пікірін талдай отырып, бұл идеяның бүгінде салтанат құрып отырғандығын, айтылып жүрген ізгілікке тәрбиелеу мәселесі, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастың өзара түсіністікте, оқушының жеке басын бағалай білуді көздейтін ынтымақтастық педагогикасының негізінде екендігін айта кеткіміз келеді. Шәкірттің ар-намысына тимей, оның жеке басының ерекшелектерін бағалай білген білікті ұстаз ғана өз мақсатына жететіндігіне күмән келтірмейміз

Ол - көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол - әрі ақын, әрі жазушы, журналист, сыншы, асқан шебер аудармашы және ағартушы-педагог. Сонымен қатар психолог, ғалым. Ол - музыка өнерінің терең сырына қанық, өзі әнші, өзі музыкант, сегіз қырлы бір сырлы- өнерпаз. Адамгершілігі зор, адал жүректі, адам баласын алдамайтын, ақ көңіл, мейірімді, ар ұзданы биік, жаны таза, шыншыл, әділеттен айнымайтын, таймайтын рухани ер, адал азамат. Осындай қасиетін халқы үшін еңбек етуге арнаған адам. Адам болмысын зерттеуде, жақсы қасиеттерін қалыптастыруда оның ізгілікке тірелуі, мейірімділікке бағытталуы да өзінің бойындағы осындай тамаша қасиеттерінің әсерінен болар.

Біз қазіргі уақытта тарихи шындыққа, тарихи дара тұлғаларға, қоғамның даму заңдарына бұрынғы коммунистік идеология тұрғысынан емес, қазіргі тәуелсіз мемлекет тұрғысынан қараймыз. Ал, әлеуметтік өмірді революция жолымен өркендеткеннің немен аяқталғанын да жақсы білеміз.

Қоғамның адамға ықпалы қанша болса, адамның да қоғамға ықпалы сонша деп айтуға болады. Қоғам дамуының өзі тарихи тұлғалардың іс-әрекетіне, басқарушылық, лидерлік рөліне байланысты екені тарихтан белгілі. Сондықтан әлемдегі белгілі ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің өмірдегі келеңсіздіктерді адам бойындағы кемшіліктерден іздестіруі заңды. Данышпан Л.Толстой да қоғамды жақсартудың негізгі жолы адамдардың өзін-өзі кемелдендіруі деп тұжырымдаған болатын. Яғни негізгі кілт адамда, оның табиғатында, тәрбиесі мен парасатында, адамгершілігінде.

Ж.Аймауытұлының бір ерекшелігі - ол қоғамдық әділетсіздіктің негізі тек әлеуметтік құрылымында ғана емес, адамның табиғатында, мінезінде, ішкі жан дүниесінде деп танитындығында. Сондықтан да Ж.Аймауытұлы мұраларының негізгі объектісі – дара тұлға және оның қалыптасуы. Ол адам табиғатының күрделілігін, сан қырлылығын түсінгенінің арқасында ол ғасырымыздың басындағы қазақ шындығын көрсетуде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Оның адамның рухани дүниесіне психологиялық тұрғыда талдау жасауы дүниетанымына, тұлға мен ортаның байланысына, көзқарасы мен қарым-қатынасына тікелей байланысты болды. Жүсіпбек адамның өзі "қоғамдық қарым-қатынастың жиынтығы" екенін есте сақтай отырып, оның түрлі әлеуметтік жағдайда өзі де қоғам дамуына әсер ете алатын тұлғалық қасиетіне баса назар аударды. Адамның жан-дүниесінің мазмұны мен жаңғыру процесі, сыртқы факторлардың ықпалымен болатын өзгерістер психолог үшін қаншалықты маңызды екенін Жүсіпбектің "Психология" атты еңбегінде түсінікті етіп талдады. Аймауытов өзінің еңбектерінде тұлғаның қалыптасуының, рухани өсуінің күрделі процес екенін және оның тарихи, әлеуметтік құбылыстармен, өмір шындығымен байланысты екендігін көрсете білді.

"Қоғам әрбір адамға сүрең береді, ал әрбір жеке адам өз жұмысынан қоғамға да ықпал бере алады, бірақ біреудікі аз, біреудікі көп, әлеуметтің жетілу ағымына жаңа бет беруге ешбір адам жарамайды, ол бет зат қатынасына, шаруаға байлаулы",- дейді Ж.Аймауытұлы [92,224].

Бұдан шығатын қорытынды әрбір адамның бойындағы ерекше қасиеттер қоғамның дамуына белгілі дәрежеде ықпал етеді. Жеке адамдардың білімі, ықпалы арқылы қоғамға әсер етіп, заманның ағымына өзгеріс енгізеді. Адам біткен бірдей емес, адам жаратылыстан әр алуан болып туады, зеректігі де әр қилы. Сондықтан «адам- тұлға» деген атаулардың да әр түрлі мағына беретіні заңдылық.

Әлеуметтік орасан өзгерістер адамның рухани дамуына тікелей ықпал жасайды. Яғни тұлғаның рухани өсуінің күрделі процесі тарихи, әлеуметтік құбылыстармен, яғни өмір шындығымен тікелей байланысты.

"Адам алдымен табиғат жағдайына, қала берсе атадан қалған тұқым қуалаған өзгешелігіне, одан қалса төңірегіндегі заттардың ықпалына байлаулы. Төңірегіндегі зат дегеніміз адамға өзінің сөздерімен сүрең беретін өзге адамдар, екінші жағынан ол адамның өмір сүретін табиғат әлеумет қатынастары" [92,36].

Сонымен, адамдар бойындағы ерекшелік қасиеттер, кейбіреулерінің ешкімге ұқсамайтын өзгеше мінездері өзін қоршаған ортаға, табиғатқа, қоғамға қатысты болады және оның тұқымында, ата-бабаларында болатын өзгеше мінездерінен де болатындығын ғылыми түрде дәлелдеп, нақты мысалдармен түсіндірген. Жалпы адамдардың жаратылысы бірдей, ал әркімдегі өзгешелік өз заманының, өз халқының, әлеумет қатынастарының нәтижесінен болатындығын дәлелдейді. Ұрпақтан-ұрпаққа халық бойындағы өзгеше қасиеттері үзілмей беріліп отырылғанда ғана барып бір

халықтың өзгеше мінезі қалыптасады, ол мінез тұқым мінезіне ойысатындығын, тіпті ол мінезді тудырған шарттар жоғалып кетсе де, ол мінез тұқым қуалайтындығын айта отырып, жағдайға қарай үйлеспейтін мінездің болмайтындығын, жағдайдың өзгеруі мінездің өзгеруіне әкеп соғатындығын Энгельстің өмірбаянында айтылған кейбір мағлұматтар арқылы көрсетілген.

"Яғни біреу аз, біреу көп әркім әртүрлі жағдайда әлеуметке ықпал етсе әрбір жеке адамға одан да күшті дәрежеде ықпал береді",- деген [92,36].

"Адамгершілік дүниесі өзгермейтін жол, ол жол тарихтан да, ұлттардың айырмасынан да күшті деп себеп айтып, өзгермейтін, қатып қалған адамгершіліктің мәңгі заңы бар деп қандай хадис келтірсе де оны біз қабылдамаймыз. Біз оған қарсымыз, себебі: бұл күнге шейінгі шығып келген әрбір адамгершілік қисыны айналып келгенде, сол кездегі қоғам шаруа жағдайының нәтижесі деп ұғамыз"-дейді Ж.Аймауытов [92,245].

Адам тұлғасы туралы ұғымды ұлттық санамен байланыстырады. Ұлттың өзін-өзі тануын адамның өзін-өзі тануынан, тобырдың халыққа, ұлтқа айналу процесін, адамның тұлғаға айналу процесінен бөліп алып қарауға болмайтындығын анықтайды. «Адам, тұлға» мәселелерін психология ғылымында диалектикалық даму үрдісінде қарастырып, жаңарып өзгертін, өсіп, өркендейтін процесс ретінде қарастырады. Жалпы психологиялық-педагогикалық процесте адам тұлғасын зерттеу ғылым үшін ғана тиімді емес, қоғамның өсіп-өркендеуі үшін де құнды деген. Олай болатын себебі адам-"тұлға"- қоғамның, адамзаттың негізі.

"Адам", "тұлға" туралы ұғымдар қоғамдық ғылымдарда, әсіресе философияда, психологияда да әлі күнге дейін толық бір ізге түспеген. Әйтсе, де адамға қарағанда "тұлғаның" қоғамның әлеуметтік маңызды белгілерін бойына сіңірген, "белсендірек" категориясы екені дау туғызбайды. Яғни, кез-келген қоғамда адамның мәні, адамның орны туралы ойлардың өз түсінігі, өз ұғымы, теориялық жетегі болатындығы белгілі. Психология ғылымында мінез (характер)- адам тұлғасы туралы түсінік жалпы мен жекенің диалектикалық бірлігі түрінде қарастырылады. Адам қоғамының тарихи дамуының, оның экономикалық, әлеуметтік, мәдени эволюциясының барысында тұлға концепциясы өзгерістерге ұшырайды, дамиды, бұл даму күрделі диалектикалық процеске айналады.

Жалпы адам тұлғасы туралы концепцияның қайнар көзін айқындауда Абай мен Ж. Аймауытов пікірлерінде ұқсастық бар. Ұлы Абай адам проблемасына, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының ара қатынасына адамгершілік, кемелдену, гуманизм идеяларына өзгеше пайымдайтын сана тұрғысынан баға береді. Ұлы ақын жарық дүниеге келген адам баласының маңдайына жазылған тағдыры жайлы, оның дүниеден алатын орны мен ролі жайлы философиялық пайымдауға, сан қилы да күрделі адам болмысын жан-жақты әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында қалыпқа түсіруге ұмтылды.

Ж.Аймауытұлы өз зерттеулерінде ұлтымыздың өзіндік құндылық-тарының сырын, әлемдік ғылымның зерттеулері мен жетістіктерін психологиялық талдаудың бүкіл амалдарымен түрлерін жете меңгерген. Ол:"Амалсыз пенде, мәңгі нәрсе жоқ екенін біле тұрса да, сол ой -досым, қатыным, балам өлгендегі қайғымды жеңілдетуге төтеп бере ала ма? Тағдыр - адамға пайдалы көнгіштікті, күштің ықпалына ақылмен мойынсұнуды үйрету, сіңіру керек. Тағдырда осындай болуға тиіс деген пікір адамды шыдамды, көнгіш қылады",- Адам өзіндей болғанды тілейді, өзгелерге кешірімді болады-дейді [92,188].

Адам тұлғасы өзін қоршаған ортамен, табиғатпен тығыз байланысып, әлеуметтен өз орнын алуға көңіл бөліп отырған. Адам, тағдыр, табиғат, қоғам міне осының барлығы да Ж. Аймауытұлының зерттеулерінде өз орнымен, дәлелді, түсінікті етіп берілген. Әрине, күннің шығуы адамдардың әлеуметтік байланысына қатысы жоқ,

ол себеп, салдар бола алмайды. Табиғат құбылысын адамдардың саналы талабына қарсы қою ешбір себепке байланысы жоқ нәрсеге қарсы қоюмен бірдей. Әлеумет құбылысы, тарих олай емес, тарихты жасайтын адамдар яғни дара тұлғалар десек, тарихты жасауда олардың орны, себептері айрықша.

Ғасырлар бойы жинақталған халқымыздың бай рухани қазынасын мол мұрасын, әдет-ғұрпын, ділі мен дінін, мәдениеті мен әдебиетін ұрпақтан-ұрпаққа сіңіріп тәрбиелеуде Жүсіпбек Аймауытұлының бай мұрасы да таптырмас мол қазына екендігі зерделенген. Біз, адам табиғаттың ең бір керекті, ең бір күрделі, жұмбақ бөлігі деп қарап, атқаратын қызметінің шексіз екендігін зерделей отырып, адам құдіретін тағы да мойындадық. Адамның қоғамға, әлеуметке, табиғатқа қатынасын зерттеп, сырларын анықтағанда адамның жан-жүйесін зерттейтін "Психология" ғылымының еш уақытта өзінің мәнін жоймайтын, бос сөздің ғылымы еместігін Ж.Аймауытұлы көрегенділігі мен даналығының арқасында дәлелденгендігін қарастырдық.

Адам жан дүниесінің болмысы, құбылысы оның ортамен, қоғаммен байланысы, ұлттық тәлім-тәрбиелік концепциялары Ж.Аймауытұлының "Тәрбиеге жетекші", "Комплекспен оқыту", деген еңбектерінде де жан-жақты қарастырылған. "Жан жүйесі мен өнер таңдау" деген еңбегінде адам мәселесін, оның өмірдегі орнын, әр адамның өзіндік қасиеттерін, өнердегі, қызметтегі мүмкіншілігін, қоғамдағы іс-әрекетін ұлттық тәлім-тәрбие негізінде дара тұлғаны қалыптастыруға болатындығын қарастырған.

Ж.Аймауытұлының: "Адам өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат. Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет, яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әнші болуға, біреу мал бағуға, біреу әскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. "Өз орнында" істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ ("неге арналсаң соны істе") дегенді ғылыми негіздеген. Ол: «Адамның қолынан келмейтіні, ой-сөз жүйесі мен алуан әрекеттерді іске асыра алмайтыны сирек құбылыс», –дейді. Яғни адам өз өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келген істі істеп жатса, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасының мол, берекелі болатындығы анық. Бұл пікір - қазіргі таңда да өз мәнін жоймаған, өміршең пікір. Өмірдегі ең бір келеңсіз, қайғылы нәрсе адамның бір дегеннен өз жолын таба алмауы. Ондай адамдардың жұмысы өнбей, берекесізденіп, өмірге налып, бақытсыз болып өтуінде. Адам еңбегінің жемісті болып, еліне, халқына пайда келтіріп, бақытты азамат болуы, сөйтіп, өмірде өз орнын таба білуін ұлы ғалым дәлелдеген. Өз ойын "Әр адам бір жағынан әлеуметтің мүшесі болып, әлеуметке пайда тигізу керек. Екінші, әр адам өз пайдасын, өз мақсұтын көздеп. Бас мақсұтын біржола ұмытып, әлеумет қызметіне түгел берілетін адам болуы мүмкін емес, ондай адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды, біреу бойын тежеп, бас мақсұтын көбірек сағалайды. Айырма жалғыз осында", - деген пікірлерінен адам мен қоғамның ара қатынасын айта келіп, табиғат заңын бұлжытпай бейнелеп бере білуін көрегенділік деуге болады.

"Оқыған азаматтың қызметке тұрлаусыздығын, тез қызып, тез суығыштығын, білімі аз шалалығын, құр даурықпа боямалылығын, еліктегіштігін, мансапқорлығын, кеңесшілдігін, пайдакүнөмділігін, негізгі мақсат-мұратының жоқтығын, берік жол тұтына алмайтындығын т.б. айта келіп, оны-әлеумет қызметкерлерінің шын піспегендігінен, шынықпағандығынан дейді. Отанын сүю, ұлтын сүю, еліне қызмет ету үшін не істеу керек, және қалай болу керектігін ол былайша толғайды: "Ұлтты сүю әртүрлі, қазақтың аты орыстың атынан озса, балуанын балуаны жықса, шешенін

шешені сөзден тоқтатса, мардымсып, бар қазақ сүйсініп қалады. Қазақ жеңілсе, орыс та дардияды. Ноғай мен қазақ, сарт пен ноғай егессе олар да солай. Бұл әр жұрттың қанына біткен өзіншілікке, тұрған жерін, өскен елін, өз тұқымын басқадан артық болса екен деген құрғақ тілек, құрғақ сезім ең төменгі дәрежедегі надан адамда болатын қасиет. Бұл қасиетті сезім емес, жерін, үйірін сағыну, жеріне тарту хайуанда да бар",- дейді ғалым [92].

Еліне, жеріне жалықпай қызмет ететін, өз орнында қызмет істеп жүрген азаматтардың қандай болу керектігін Елбасымыз Н.Назарбаевтың мына сөзінен де көруге болады: "Әкімдердің, басшылардың құны елге қызмет етуінде, олардың қарапайымдылығы елге қызмет үшін керек. Адамдардың құрметіне кабинет жөндеумен қымбат мәшинелерді мінумен ие болмайды. Адамдармен етене болыңыздар, оларға құлақ түріңіздер, осының өзі де көмек"-дейді. Ал Ж.Аймауытов: "Оқығандар өзін-өзі тәрбиелеуі керек. Қара халықтан жиренбей, оған жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек"-деген дәл бұдан 90 жылдан астам уақыт бұрын айтылған бұл пікірдің өз мағынасын жоғалтпауы, Елбасымыздың қазіргі пікірінің ғалым пікірімен ұштасып жатуы және оның әлі күнге күн тәртібінен түспеуі ұлы тұлғалардың Отанын сүйген ұлтжандылығы мен пікірлерінің үндестігі болар.

Автор өзінің "Жан жүйесі және өнер таңдау" деген еңбегінде ғылыми психологияда кең тараған анкета, байқау әдістері арқылы совет үкіметінің алғашқы жылдарында қыр жастарының ұлт, әлеумет ерекшеліктерін ескере отырып, олардың мамандық таңдау жолындағы талпыныстарын анықтағысы келген. Зерттеудің басты мақсаты - өмір есігін айқара ашқалы тұрған жастарға мамандықты дұрыс таңдай білуге жәрдемдесу. Автор: «Мамандықтың жаманы жоқ, мұның кез-келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелтудің жолы ғана емес, үлкен өнерді, шеберлікті қажет етеді»- дейді [92].

Мамандық таңдауда адамның жеке қасиеттері мен кейбір туа берілетін ерекшеліктерді ескеру қажеттігін, бұл жерде адам өзін-өзі басқарып, жеке басын жетілдіруге, кісілікке ұмтылуға ерекше мән берудің маңыздылығын айтып отыр. Өзінде қандай қабілет, талант бар? Өзің неге икемдісің? Соны істе. Сонда ғана қоғамға да, адамға да, өзіңе де пайдаң тиеді. Егер оны істемесең тек өзіңе ғана емес қоғамға да зияның тиеді, бойыңда бар талант ашылмай көміліп қалады. Онда өміріңе разы болмай өтесің дегенді баса айтады. Қысқасы, әр адам өзін-өзі тануы керек, өзін танымаған адам - өзгені де тануға шорқақ болатындығына автор терең мән береді. Автордың бұл тұжырымын әлеуметтік тұрғыдан сөз етер болсақ, өмірде өз орнын дұрыс таппай, қабілетіне қарай мамандықты игермей жүрген жастардың өзіне де, өзгеге де қаншалықты зиян келтіріп отырғанын күнделікті өмірден жиі кездестіріп жүрміз. Мәселен, жоғары оқу орнын бітіріп, шыққан дарынсыз дәрігерлер мен шалағай заңгерлерден жапа шегетін азаматтарды еске алар болсақ олардың қоғамға, бүкіл адам баласына тигізетін зиянының аса қауіпті екені анық. Немесе мұғалімдікке қабілетсіз кейбір жастардың ата-анасының немесе жолдас-жорасының ықпалымен педагогикалық оқу орнын төрт-бес жыл оқып бітіріп, кейін бала тәрбиелеу ісінің қиындығына шыдай алмай өз мамандығын тастап кетіп жатқаны қаншама! Олай болса жас азаматтарды өмірден өз орнын дұрыс таба білуге баулуда Ж.Аймауытовтың бұл еңбегінің маңызы аса зор.

Бұл зерттеудің тағы бір ерекшелігі - Еуропалық психолог ғалымдардың осы тақырып төңірегінде жүргізген зерттеу жұмыстарына ерекше көңіл бөліп, солармен салыстыра, сабақтастыра баяндалатын-дығында. Өз тұжырымдарын сол кездегі орыс психологы А.Ж.Лазурскийдің, сондай-ақ аттары әлемге әйгілі неміс және америка психологтары Джеймс, Мюнстернберх, Штерн т.б. сілтеме жасап, олардың еңбектеріне өзіндік пікір білдіреді. Осы мәселенің анық-қанығына терең

ой жүгіртіп, көшпенділер психологиясының жаңа өмірдің әсерімен біртіндеп өзгеріске түсе бастағандығы жайында сөз қозғайды.

"Адамның талабы іске тез асуы үшін сыртқы шарттың жағымдылығы бір керек болса, туыста сүйегіне біткен қасиет екі керек. Кейбіреу туғаннан бір өнерге қабілетті, ал кейбіреуі қабілетсіз. Туыста бір өнерге қабілетсіз адам қанша машықтанып жаттаса да, ол өмірде қабілет жасап ала алмайды. Қазақтың "көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың" деп айтылған мақалы ар жағындағы көсемдігі, шешендігі дайын тұрған адамға айтылған" деген тұжырымдарынан адамның бойындағы қасиет туа бітеді дегенмен сол қасиетті көре білу керек екендігін және оның дұрыс бағытта пайдалана білудің маңыздылығын ерекше атап көрсеткен. Адам бойындағы осы бір қасиеттердің ерекшелігінен "тұлға" концепциясын айта кеткіміз келеді. Біз тарихи тұлға, ұлы тұлға, дарынды тұлға, батырдың тұлғасы, көсемнің тұлғасы, ерекше тұлға, дара тұлға дегендерді жиі айтамыз. Осы тұлғалардың бойындағы туа біткен қасиеттерін өз дәрежесінде өзін біліп, зерттеп, дұрыс бағытта пайымдауының нәтижесінен деп тұжырымдаймыз.

Адамның жан дүниесіне үңілу, онымен танысу, кімнің кім екендігін білу, мінезін білу арқылы өзімізді-өзіміз терең танып біле аламыз. Өзін білу, өз қасиетін тану жанның тереңдігін тілейді, басқаша айтқанда асқан ақылды, дана кісілер өзін сынап алады. Өзін-өзі білу, сынау оңай емес. Қанша өзімізді білдік десек те, өзіміздің бар сипаттарымызды паш етіп айта бермейміз. Жаман, жақсы жақтарымызды әлде жасырамыз, әлде асырамыз. Өзімізді өзіміз қанша сынадық, білдік деп жатсақ та, білуіміз үнемі дұрыс бола бермейді. Санамызды қанша жұмсасақ та жанымыздың кейбір күйін зерттеп білу, тексеру мүмкін емес. Мысалы бір нәрсеге ашуланғанда қандай күйге түсеміз. Өзімізді-өзіміз бақылап, есеп бере алмаймыз. Ал енді неге ашуландым деп есеп бере бастасақ ашуымыз солғындап, бәсеңдейді. Бақылау арқылы жан күйіміз өзгеріске енеді. Сонымен айтатын түйініміз адамның өзін-өзі бақылауы мүмкін болғанымен кез-келген адамның қолынан келмейтіндігіне, адам баласының ішкі жан құбылысының керемет жұмбақтығына, қыр-сырының молдығына оны түсіну үшін талай зерттеулердің қажеттілігіне көзіміз жетіп отыр.

Адамға тән әр түрлі жан дүниесінің құбылыстарынан басқа сезімдері, мінезі, қабілеті, түсінігі, пайымы т.б. ерекшеліктерінің болатындығы және ортаның әсерінен де әртүрлі әдеттерді сіңіріп алуы байқалады. Әр адамның мінезі әр түрлі болатындығын, кейбіреулердің өзіне-өзі келуі, адамдарға ықпалы, соңынан ерте білуі, сөзге шешен, ақылды болуы. Ал кейбіреулердің ақылды, білгіш болғанымен өзіне-өзі сенбеуі, біліп тұрғанын дәлелдеп айта алмауы. Міне, осының барлығынан адам болмысының әр түрлі екендігі байқалады. Мұндай әр түрлі мінездерден адамдардың өзін-өзі тануға бөгет болатын қасиеттер пайда болады. Өзіміздің жан толқындарымызды өзгелердің басынан кешірген толқындармен салыстырып ұғынуымыз жетпей жатады. Мәселен бұйығы адамдар өзгелермен араласудан қашады, оларға жақындап, олардың ыңғайына түсе алмайды. Сонымен өзгелерді тани алмайды, ендеше өзін де тани алмайды. Осыдан өзгеге ықпалын жүргізе алмаушылық туындайды.

Ж.Аймауытов ол жайында: "Кейбір қызметтерде өзгелерді өз беделіне бағындыра білу асығы өрге домалаудың бір белгісі. Бұл мысалы әскерлік қызметті әскер басы қандай болу керек? Командир болуға қандай қасиет керек? Қандай қасиеті болмаса бастық болуға жарамайды! Бастыққа керекті басты қасиеттер мыналар болу керек: күшті қайрат, кейде үздік жетілген қайрат, өз бетімен ойлау, өздігінен істей білу, кейде кенеттен ұшыраған жұмыста тез жол тауып, айла құрып, шығыс табу. Оның үстіне өз қызметін шын сүю керек. Мұндай сана болмаса, өзге қасиеттері қандай күшті болса да жарытпайды. Қызметін сүю, жан тәннің барлық күшін дәуірлетіп, шабыттандырады, қыздырады, ерлікке, батырлыққа айдайды", -дейді[92,246].

Бұл айтылғандар тек әскери басшы қызметкерлеріне ғана тән қасиет емес, жалпы басшылық қызметте өзге жұртты өзінің айтқанына бағындыра білудегі қажетті қасиеттер. Бұл қасиеттерден де басқа - тапқырлық, қызметіне құнттылық, көсемдігі, тәуекелшілдігі, ұстамдылығы, шыдамдылығының болуы да баса айтылады. Жұмысы өнімді болуға тән қасиет - жан-тәнімен қызметке берілуі.

"Тәуекелшіл, ер, батыл кейіпкерді қайда көрсең де, ол - ұйым жасаушы, ол - үгітші, ол - басшы, ол - көсем, әлеумет тұрмысы оларсыз мүмкін емес, олар - әлеуметтің жаны", - деген сөздерден ел билейтін адамдардың яғни "тұлғалардың" қандай болуы керектігін көреміз. Абайша: Ел билеу - үлкен өнер. Бұл мәселемен адам баласы ежелден айналысып, өмір бойы бас қатырып келеді. Бірақ әлі бір тоқтамға келген жоқ. Әлі ізденіс үстінде.

Бұдан шығатын қорытынды көне Қытайдың Конфуциі өкімет билігін көк тәңірісімен байланыстырып, ел билеу көктегі құдаймен тамырлас деп түсінеді. Аристотель болса, мемлекет басқарудың дұрыс және бұрыс жүйелерін саралап, дұрыс жүйесінің мәнін көпшіліктің мүддесі үшін билік жүргізумен түсіндірді. Әл-Фарабиге келсек, заманның жақсаруы басшының ақылына, ар-ұятына, бітіміне байланысты деп ұқты. Абайша: "Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған, биліктің ешбір қасиеті жоқ (22-қара сөз). Абай жеке адамдағы қадір-қасиет, қабілеттің билік адамы үшін зор маңызына көңіл бөліп, әділетті қоғамға сөйтіп қана жетуге болады, оның үшін басты қасиет - білімді болу" - деп есептейді.

Қай дәуір, қай қоғам болмасын, елдік мәселелерді шешуде ел басқарған тұлғаларға, басшыларға қояр талап өте жоғары болған. Ұлттық педагогикада мұндай талапқа сай, талантты, дарынды ел басшыларына құрметпен қарап, оларды "Ел қамын жеген - ер", "Бір данаға жан берсең, жанған отқа күймейсің", деп дәріптей отырып мұның негізін ата-бабаларымыз "Тәрбие негізі - ғылым, даналық негізі -білім" деп топшылаған. Ел билеуді үлкен өнер санаған. Айталық, «Қойды серке бастайды, халықты көсем бастайды», «Қырық кісінің ақылы ханда болады», «Жақсы көпке ортақ», «Батыр ортақ, бақ ортақ» деген және т.б. мақалдарда ел бастайтын көсемдер бойындағы - әділдік, турашылдық, адалдық, шыншылдық, көрегендік қасиеттерді санамалап көрсетеді. Ел бастаушы жөнінде ұлттық педагогикалық қағидалар мен халықтық мақал-мәтелдерде де үлкен мән берілген [138].

Ел бастайтын келешек көсемнің (лидердің) өмірдегі мақсатшылдығы, сол жолдан таймай үздіксіз ізденуі деп қарауға тура келеді. Мәселен, Суворов А.В., Кутузов М.И., Нахимов П.С. сияқты әскери қайраткерлер өмірде өз алдарына қойған мақсаттарына жетпей тынбаған. Соның арқасында әлемге аты әйгілі әскери қолбасшы бола білген. Сондай-ақ атақты батыр-ұшқыш Алексей Мересьев екі аяғынан айрылғанда да ұшқыш болып қайта штурвалға отыруды армандап, өз ерік-жігерін шыңдаумен үнемі айналысқан. Соның нәтижесінде екі мәртебе Кеңестер Одағының батыры атанған. Ал, Николай Островский он жыл бойы тұрмай төсекте жатып, өмір үшін күресудің арқасында «Құрыш қалай шынықты», «Дауылда туғандар» романын жазып атақты жазушы болған. Немесе туа дімкәс (паралич) болған Зейнолла Шүкіров орта мектепті, университетті бітіріп, он шақты кітаптың авторы болып атын тарихқа қалдырған. Ал, арамызда жүрген ғалым-жазушыларымыз, тамаша дарынды туындылар жазып қазіргі жастарымызға өмірлері де өнерлері де үлгі боларлық Нимат Келімбетов пен Әбілфайз Ыдырысовтардың да жүріп өткен жолдары тарихта мәңгі қалмақ. Екеуі де өмір үшін тайсалмай күресіп, төсектерінде паралич болып жатса да жас ұрпаққа үлгі-өнеге берерліктей тамаша туындылар жазып, өмір үшін күресе білген тұлғалар. Қайрат Келімбетов пен Ерлан Ыдырысов сынды ел басшылығында жүрген азаматтарымыз сол ағаларымыздың асыл сынықтары, олардың ұрпақ тәрбиелеудегі жетістіктері, өмір үшін жан-таласып күрескендегі нәтижелерінің тамшыдай ғана жемісі. Бұлар талмай еңбек етіп жүрген қазіргі тыныш та берекелі

заманымыздың, біздің ұлтымыздың Корчагині мен Островскийлері. Адам тәрбиелеуде, жас ұрпақ тәрбиелеуде үлгі-өнеге беріп отырған халық педагогикасының иегерлері...

ССРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің бір қолы, екі аяғынан айрылса да өмір үшін жалықпай күресуінің арқасында орта мектепті, КазПи-ді бітіріп, отыз жыл бойы Боран орта мектебінің директоры болуы, КССРО- Халық мұғалімі құрметті атағына ие болғаны жастарымызға мысал боларлықтай.

1943 жылдың суық күзінде он сегізге жаңа толған шағында Құмаш Нұрғалиұлы да әскер қатарына шақырылады. Ол есімі аңызға айналған Александр Матросов өшпес ерлік шежіресін ашып кеткен, даңқты 254-ші гвардиялық атқыштар полкінде болады. Өмір мен өлім арпалысқан сәттерде келер ұрпақтың жарқын болашағы мен бақытты өмірі үшін соғыста жан аямай күреседі. 1944 жылдың 13 қарашасы күні, 254-ші полктің құрамында Латыш жерінде Ауцие қаласын босатуға тапсырма алғандардың қатарында Құмаш та болған. Бұл күн оған қайғы-қасірет алып келген күн болды... Тапсырма орындау барысында дәл жанынан табылған снаряд жарқыншағы қара санды қақырата қақ бөліп кетеді. Бар күшін бойына жинап, сол аяғының өкшесін жерге тіреп, снаряд қопарған орға қарай ұмтылуға тырысқан оның әрекеті босқа кетеді. Бораған оқ қас пен көздің арасында қалған жалғыз аяқ пен қолды тағы да қырқып түседі. Талықсып кетіп көзін ашқан кезінде далада, бораған ажалдың арасында зембілге салып, көтеріп келе жатқан қарулас достарын көреді. Өліммен бетпе-бет айқасқан, қардай бораған оқтың ортасында екі аяқ, бір қолынан айрылған қазақтың қайсар ұлы өзінің тірі екенін сезінді... Өмір бойы, өмір үшін күресіп бақты. Өзінің сүйікті жары Қанипамен үш ұл, екі қыз тәрбиеледі. Олардың барлығы да адал еңбектерімен еліміздің әр түпкірінде қызмет етіп, абыройлы өмір сүріп келеді... Ол алдына мақсат қоя білді. Ол мақсатын орындау барысында өзінің кемтарлығына қарамай, аянбай еңбек етті. Оның өмірдегі бар қиыншылықты жоюға адал еңбегі мен қатар өмірге, еліне, сүйген жарына, балаларына деген сүйіспеншілігі, бойындағы жігері мен қайрат күші дем береді.

Бұл қасиеттер ұлы тұлғалардың бойындағы мақсатшылдық, қайраткерлік іс-әрекеттері. Жеке тұлғада бұл қасиеттердің болуы оның алған тәрбиесіне, өнегесіне, алдына қойған талабына байланысты.

Сонымен, басшы бойында адамдық игі қасиеттер болғанда, басшысын ел қалап сайлағанда ғана, ел берекесі артып, мерейі үстем болады дей отырып басшыға мынандай талаптар қоюға болады: даналық, әділеттілік, тектілік, білім-біліктілік, көпшілікпен санаса білу, еңбекқорлық пен мақсатшылдық, қандай қиыншылықтар болса да оған қарсы тұра білу т.б. қасиеттер.

Ж.Аймауытұлының да педагогикалық-психологияға қатысты ойы мынада: «Ақылды адам көбейсе, Отанының күзетшісі, қорғаны... тәрбиешіге Отанның келешек өмірі тапсырылады". Тәрбие ісі болашақтан-болашаққа желісі үзілмей жалғаса бергені нұр. Әлемдік мәдениет пен халықтың рухани байлықтарының қоғамға, оның іс-әрекеттеріне қажетті тұстарын танып білу пайдалы болмақ. Тәрбие талғамы, өнегесі ретінде бабалар сөзін отбасында, өмірде, ел билеуде де үлгі ету керек. Ең негізгісі әрбір отбасы шаңырақтағы өмірдің жалғасы, қоғамның тірегі, ұлттың болашағы деп қарауға тура келеді. Жастарды ел билеу ісіне тәрбиелеп, оларға деген берік сенімді көзқарасты жоғалтпай, төмендетпей биік ұстау қажет. Ел билеу үшін де, Отанды күзету үшін де ақылды адамдар керек-ақ», -деуінде.

Бақытты өмірді Ш.Монтескье елдің географиялық жай-күйімен, теңізге жақын орналасуымен, жұмсақ климатымен, қоршаған көршілерінің қарым-қатынасымен түсіндірді. Ал, К.Маркс болса, бақыттылықты өндіріс тәсілімен (капиталстік не социалистік) түсіндіріп бақты. Американдық Томас Джефферсон демократиялық республикаға арқа сүйеді, басқарудың монархиялық жүйесін теріске шығарды. Елді байлығы шылқыған шағын топтың билеуіне қарсы болды. Міне, ел билеу саласында осындай әр-қилы пікірлер келтіріледі. Әлеуметтік, қоғамдық, географиялық жай-күйді салыстыра айта отырып, дегенмен, ел-билеуде "жеке тұлғаның" ролін

ешқайсысы жоққа шығармайды. Өзін жақсы білетін, қызметін шын сүйетін, халқына берілген, оның салт-дәстүрін, тілін, ділін, дінін құрметтейтін, жақсы мінездері мен қасиеттері мол тұлғалардың ел билеу ісінде орны айрықша болмақ.

Оствальдтің бір шәкірті "Келешекте данышпан болатын баланы қалай білуге болады" деп сұраған. Оны қалай таңдап алуға болады? -деген мәселенің төңірегінде бұл кісі көп еңбек еткен. Болашақ ірі адамды яғни биік тұлғаны таңдап алудағы бір жолды мектептің бағдарламасын қанағат тұтпайтын тым зерек шәкірттер деп бағалаған. Бұл пікірдің кейде жаңсақ кететініне аса назар аудармаған. Жасындағы үздік зеректікті келешектегі данышпандықтың белгісі деу күдікті нәрсе, есейгенде зерек бала сол қалпында тұра бермеу мүмкіндігін Ж.Аймауытұлы айтқан.

Мектептегі ең негізгі тұлғалар - оқытушы мен шәкірт. Мектеп өмірінде шәкірттің өміріне бірден-бір әсер ететін құбылыстарда, өнер таңдауда оқытушының әсері ерекше. Оқытушы беделді болса шәкірттері оған сенімді болады. Мектеп бұл күнге дейін өмірден алшақ болып келді, енді ондай бөгеттер жойылып жатыр. Оқытушы мен шәкірттің бір-біріне көмектесіп, әсер етіп өмір сүруіне мүмкіншілік туып отыр. Келешектің тұтқасы болатын әрбір жас буынға қабілеті жетерлік, табиғаты тілерлік іске кірісетін білім жолын ашуда оқытушының орны ерекше. Аймауытұлы әркім өз орнында болып, еңбек босқа кетпеуін, әлеуметтің әрбір мүшесінің еңбегі рәсуа болмауын дәлелдеген.

Ж.Аймауытов тәрбие ғылымының бағытында бұл шарттар негізгі екі мәселені шешуді тілейді дей отырып, оқушының үздік зеректігін бақылап білерлік нағыз ғылым әдісін табу керек, екінші зеректілігін күшейтіп шынықтырарлық ақылды шараларды табу және тәрбие беру керек дегенді айтады. Ж.Аймауытов оқушының бойындағы әр өнерге қабілетін, ерекше қасиетін байқауда оқытушының жұмысы айрықша екендігіне тоқталады. Яғни, шәкірттермен үнемі араласып, жақын жүретін оқытушының оларды бақылауда өзгеден жоғары болатындығын дәлелейді. Оқытушының ең негізгі міндеттерінің бірі - шәкіртінің неге икемді, қандай қасиеті басым, келешекте тағдыры қалай болады, күнделікті өмірде не істеп жүр деген келелі мәселелерді шешу деп көрсетеді. Осы жұмыстың нәтижесін көру үшін күнделік арнауың пайдасы зор екендігін, оның шәкірттің келешектегі үмітін болжауға үлкен себебін тигізеді деп тұжырымдаған. Ұстаз бойында болуға тиісті осындай қасиеттерді талдай келе, Л.Н.Толстойдың мұғалім бойынан үш түрлі қасиетті бірдей көруді аңсағанын яғни баланы жақсы көру мен өз мамандығын жақсы көруді ұштастыра білген мұғалім нағыз мұғалім деген ойы бүгін де өз құндылығын жоймағандығы анық.

Егер адамдардың қандай өнерге икемді екендігін көбірек зерттесе оның қандай шартты керексінетіні белгілі болар еді. Адам өзінің мақсатына жету үшін үлкен еңбекті қажет етеді. Не нәрсенің кілті болса - ол еңбекте, еңбек болғанда да қарапайым күнделікті еңбек емес, үздік еңбекте. Ал ол еңбек кімнің қолынан келмек? Ол үздік ойлы, зерек, жетік, озат кісінің қолынан келеді дейді Ж.Аймауытов.

Аймауытұлы үшін адам тек қана белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі ғана емес. Ол - тұлға. Және оның өзі "қоғамдық қарым-қатынастың жиынтығы" дей отырып, өзін қоршаған ортаға, жағдайға өзі де әсер ете алатын тұлғаның қасиетіне баса назар аударады. Тек сол тұлғаның өзіне де, әлеуметке де зиян келтірмеуіне, әлеумет пен тұлғаның бір-біріне тигізетін әсеріне көп көңіл бөлуді ұсынады. "Азамат, өнер күшіңді сал! Бірің екеудей, екеуің бесеудей ет, тірілт, жебе, қолтықтап көтер, сүйемелде, көзіне жарық сәуле көрсет!" - деп тұр. Әркімнің еңбегінен өзіне де, әлеуметке де пайдасы болсын. Қоғамның адамға, адамның қоғамға ықпалды екендігін айтуға болады деп қоғам мен адам арасындағы байланысты жоғары бағалап, оның негізі тәрбиеден деп тұжырымдайды. Біз осыған байланысты зерттеуімізде адам бойындағы оның ішінде дара тұлға бойында тәрбие арқылы қалыптасатын тұлғалық қасиеттерді


«Ж.Аймауытұлының педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тәлім – тәрбие негіздері» деп жүйелеп көрсеттік (4-сурет).

Бұл жүйеде тұлғаның бойында болуға тиісті адами сапалық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін факторларды алдық. Ондай факторларға Адам санасы, жеке тұлға бойындағы ізгі қасиеттерді көрсете отырып, бұл қасиеттердің қалыптасуы тәрбиенің әсерінен екендігін көрсеттік. Тұлға ұғымы жайында айтылған пікірлермен санаса отырып, оның бойындағы Отан сүйгіштік, әділеттілік, шыншылдық, адалдық рақымшылдық, кішіпейілділік, қанағатшылдық, мақсатшылдық, жігерлілік т.б. қасиеттердің қалыптасуында ортаның, ата-ананың, қоғамның, ұстаздың алатын орнын атап көрсеттік. Тұлға бойындағы бұл қасиеттерді қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінің орны ерекше екендігін анықтадық. Оның педагогикалық көзқарастары адамға, оны тәрбиелеу мүмкіндігіне деген сенімнен басталады. Адам бойындағы ұнамсыз қылықтардың барлығы тәрбиенің кемдігінен дейді. Оның ойынша адам табиғаттың емес, тәрбиенің құлы болу керек.

Әлемдік рухани өмірде жиі орын алатын ортақ олқылықтың бірі – дарындарды дер кезінде бағаламау жөніндегі Ж.Аймауытовтың пікірі өте әділ екендігін де байқаймыз: «Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. Алтынның қолда барда қадірі жоқ. Замандастар, тұтастар әділ болуы қиын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеушімен өлшейді; сыншылардың көбіне ақынды жақтаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін. Біз де сол көптің біріміз», -деп адам бойындағы олқылықты көрсетеді.

Мұндай мойындау, ащы да болса осылай ағынан жарылып ақиқатты айтуға үлкен жүрек, биік парасат, кісілік керек. Ж.Аймауытов айтып отырған ақиқат адамзат жаратылғалы бері жан сырқатымыз болып сыралғы серігімізге айналып келеді. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының (оның ішінде де тек талантты тұлғалардың) бірін-бірі бағалауы, танып, табынулары мен өз ұлтына, ана тіліне, сөз өнеріне деген қалтқысыз адалдықтары мен жауапкершіліктері бізге үлгі болса.

Біз бұл еңбегімізде Ж.Аймауытұлының әдебиет саласына сіңірген еңбектеріне және оның қазақ әдебиетін дамытудағы қосқан үлесіне тоқталдық. Ғалымның қазақ әдебиетінің поэзия, проза, драматургия, аударма саласында да өлшеусіз еңбегін атап өтуді жөн көрдік.



Сурет 4 – Ж. Аймаұтұлының педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тәлім-тәрбие негіздері.

3.3 Қазақтың білімді жан-жақты дамыған дарынды тұлғасы

Екі заман шекарасында туған халқының ақылы, ойы, ары, бас көтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытовтың жатары анық.

«Жалпы көпшілік ұмыта бастаған, тек есімдері мен істері бірен-саран көзі ашық зиялылардың ғана есінде қалған тұста, олардың біртіндеп емес, топ-тобымен ел ортасына қайтып оралуы елі мен ерін бөлмейтін азаматтық ойы бар жандарды қалай тебіrentпес!», - деп Серік Қирабаев айтқандай арыстарымыздың есімі кез-келген елін сүйген ел азаматтарын тебіrentпей қоймас.

Жүсіпбек Аймауытов - XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі. Ол 1889 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Он бес жасына дейін туған ауылында болған ол әуелі ауыл молдасынан оқып, хат таниды. Бұдан кейін де әр түрлі молдалардың алдын көріп, ескіше едәуір білім жинайды. Ара-арасында әр түрлі саяси жұмыстарға араласады. 1929 жылы жазықсыз тұтқынға алынып, "халық жауы" деген жаламен ең алғашқылардың бірі болып 1931 жылы өлім жазасына кесіледі.

Жүсіпбек шығармашылығы әуел баста өлең жазудан басталады. Өзінің деректері бойынша ол тұңғыш өлеңін 13 жасында жазған екен. Оның ақындық жүрегінен туған "Жазушыларға", "Неғып отыр?", "Сарыарқаның сәлемі", "Ах-ха-хау", "Көшу", "Ұршығым", "Жәмила", "Әскер марсельезасы", "Тұңғыық түпсіз астында", "Ленинге" және "Нұр күй" поэмасы бар. Ж.Аймауытұлының поэтикалық туындыларында ескі қазақ тұрмысындағы қилы-қилы өмір көріністері, ондағы алуан түрлі әлеуметтік топтардың көңілі, ойы реалистік бояуымен көрінген. Жоқшылық ызғары сүйек-сүйегін сырқыратқан адамның мұңы, қасіреті - "Ұршық" өлеңінде, теңіне бармай, қалың малдың құрбандығына "шалынған" қыз зары - "Жәмила" өлеңінде, "қазақ байыса қатын аладының" кері, ата сақалы аузына шыққан, шашы мен сақалының ағына қарамай, жас қыздарды малға сатып алып, "жас иіске" аңсары ауған шалдың "құтыруы" - "Ах-ха-хау" өлеңінде әдемі берілген. "Ленинге" өлеңі дүние жүзі пролетариатының ұлы көсемі Ленин 1924 жылы қаңтарда қайтыс болған қаралы күн жазылған. Бірақ бұл жалаң үгіт, ұран түрінде жазылмаған, философиялық астары терең туынды. Аймауытовтың дүниетанымы, шығармаларының кең ауқымы, оның бейнелеу құралы өткір және оралымды ақын екендігі "Нұр күй" поэмасынан аңғарылады.

"Нұр күй" поэмасының сюжеті өмірлік шындықты арқау еткен. Сәбилі болып, қуанышы қойнына сыймай, көңілі тасыған ана, бүлдіршіннің жанары су қараңғы екенін көргенде, қасіреттің қара тұманына тұншығады, зарлайды. Алайда, бала өнерге аса құштар боп, барлық аспапта ойнайтын асқан өнерпаздығымен елді тамсандырады. Кейін орыс дәрігерлері оның көзін емдеп, жанары нұр шашады. Шексіз қуаныш көкірегін кернеген бала "Нұр күйін" шығарады. Абзалы, поэманың түп қазық идеясы: кемтармын деп жасыма, өнер үйреніп, қайғыңды ұмытуға тырыс, адамның қолынан келмейтін керемет жоқ, күндердің күнінде мақсатқа жетіп, мерейленер шақ тумас, еңсенді тік ұста деген, позитивті сезім басым. Поэма жастарды өмірді сүюге, талмай күресуге, болашақтан үміт үзбеуге, жақсылыққа бағытталуға үндейді.

Жүсіпбек Аймауытов мұрасының салмақты саласы - оның драматургиясы. "Ескі тәртіппен бала оқыту" /1917/, "Рабиға" /1917/, "Ел қорғаны" /1925/, "Мансапқорлар" /1925/, "Қанапия мен Шәрбану" /1926/, "Шернияз" /1926/ атты пьесалары бар. Бұл драмалық шығармаларды ол қазақтың сахна өнерін өркендету мақсатымен жазған, қазақ әдебиетінің бұл саласын өркендетуге үлес қосқан.

"Ескі тәртіппен бала оқыту" пьесасы білімге, өнерге құлшыну, надандықтан арылуда мектепті түбегейлі өзгерту мәселесін батыл қоя білуімен, білімнің адам өміріндегі алар орнын сол кездің өзінде өзекті мәселе етіп көтеруімен құнды.

"Рәбиға" атты бір перделі туындысында жас қыз Рәбиға бата бұзудан, ата-ана қарғысынан қорқып, мал беріп, айттырып қойған Байділде қойшыға қосақталады. Есіл-дерті малда, тұрмыс есенгіретіп жіберген қойшы байқұс, жүрегі ыстық, көкірегі сезімтал Рәбиғаны өзінен шапшаң түңілдіріп, жирендіріп алған. Теңдік жоқ жерде, сүйіспеншілік жоқ жерде шаңырақ шайқалмай тұрмайды. Байділде ісіне тындырымды, момын шаруа саналғанымен, әйеліне де малға сатып алған күнінше қарап, қолына қонған қамар бұлбұлын үркітіп алуымен тынады. Рәбиға күресе жүріп, меңіреу, қапас тірлікті жеңіп, бас бостандығын алады.

"Ел қорғаны" пьесасы - әлеуметтік тереңдігімен, өмірлік тартыстардың шынайы да шымырлығымен тәңті ететін дүние. Азамат соғысы жылдарындағы қамсыз, қарусыз жұртты ақтар қырып-жойып, талап, бүлдіріп, "арамдап, аяққа басып" кетіп жатыр... Аумалы-төкпелі заманның дегеніне көніп, ашынған аңның аузында, шүйілген жыртқыштың тырнағында кете беру керек пе? Ел қорғаны боларлық қауқар қазақтан табыла ма? Аймауытов пьесасында осы жүректі шабақтайтын уытты мәселені батыл қояды. Оқығаны сілтідей тынған жұртқа заман туралы, өкімет саясаты жөнінде шешіле келе: "...біздің көздегеніміз - байлардың автономиясы емес, елді кедейге билететін автономия алмақпыз. "Алашорданың" басындағы бұрын патшаға қызмет қылған төрелер, ақсүйектер, ескі оқығандар болатын. Олар саясат білмеді, төңкерістің бағытын болжай алмады, олар адасты. Адамдарды кейбіреулері жаңа білді. Енді бізге қосылып жатқандары бар. Ахмет Байтұрсыновты естулеріңіз бар шығар?" - дейді. Алаштың басында тұрғандар патша өкіметі тұсында оқып, өмір сүрсе, күнін көру үшін неге қызмет істемеске? Ескі оқығандардай әлеуметтік топтан шыққанына қарап бағаланбай, халыққа сіңірген еңбегімен бағаланбақ емес пе? Олар саясатты білмедіге санау - ұшқары пікір. Нағыз саясатты солар білсін.... "Балшабизмнің" болашағын да жіті аңғарады. Бірақ күш қосқан, ақыл қосқандарының табансыз, жігерсіздігі, ұшқалақ ойы, өктем әрекеті ойға алған кең масштабты істің ойранын шығарады. Әліби Жанкелдин, Ахмет Байтұрсынов Лениннің қабылдауында болып, алашордалықтарды ақтап алуына осындай көрегендік бары талассыз ғой. Бұл - бүгінгі анықталған ақиқат биігінен айтылып отырған сөз. Ж.Аймауытовтар заман пиғылына қарай кейіпкер аузына әлгіндей сөз салмасқа лажы да жоқты. Шындығында, Ә.Бөкейханов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер, Мұстафа Шоқай, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Дулатов, т.б. зиялы азаматтарымыз адасқан жоқ, уақытқа бейімделді, дүниенің бәрін тып-тыйпыл қылып, аузын арандай ашқан айдаһардың жолында көлденең жату - көкбет өлермендік; қарадай құрбан болу - халықтың көксеген арманын жерге қарадай көмумен бір есеп. Оған олардың ары жетпеді.

"Ел қорғаны" пьесасының астарында бүгінгілер де, келешек ұрпақ та ақыл-оймен бойлап, түйіндейтін көк-түйін жұмбақтар жеткілікті.

Шекспир трагедияларындағы адам образын жасау, уақыт шындығын кестелеу, оқиғаларды типтендіру, өлмес идеялардың, тартыстардың ширығар көзін табу, оны көркемдікпен бейнелеу тәсілдерін Жүсіпбек "Мансапқорлар" драмасында еркін пайдаланған. Пьесаның басты кейіпкері 55 жастағы болыс Қасқырбай - нағыз көкжалдың өзі. Мансап биігіне дәулеттің күшімен көтерілген алпауыт. Дүние шіркінді шыр айналдырып, жақсысы мен бар қызығын қамтып қалуға араны ашылған ашқарақ байқұсты тағдыр бір шикі өкпеден қысады. Уылжыған жап-жас әйелі бала көтермейді. Қасқырбай болыстың жыланнның аяғын көрген жылпос інісі, тілмаш, жас оқыған Мүсілім ағасын орнынан тайдыру үшін жанынан безгендерден топ құрып, партиягерлік ұйымдастырып, үстінен арызды қардай боратып, ояздың аузын алады. Бірақ сезікті шаруаны бастауға сәті келіңкіремей жүргенде, сақасы алшысынан түседі. Қасқырбайдың шайтаны басылмаған тоқалы Күләнда "ғашықтық отына күйген" қайнысының өтінішімен күйеуінің аңысын аңдып, оңашада у беріп қатырады. Ағасын өлтіріп, жеңгесін ластап, ояздың аузын ақ маймен тығындап, елді тақырға отырғызып барып Мүсілімнің болыстыққа қолы жетеді.

Драматург осы пьеса оқиғалары негізінде досың қулар мен сұмдар болмасын, жақыныңнан жамандық көрмегін, бауырыңа тартқан жақының жаныңды алар ажалың, қосылған қосағың беті жылтырап, іші қалтырап тұрмасын, аз ғұмырыңды ажалыңнан бұрын

жалмап, не азаппен өткіземін демесең, аздыратын эзәзілдерінді бойыңа дарытпауды айтқысы келген. "Біреуге ор қазба, қазсаң тереңірек қаз, өзің түскенге жақсы". Қасқырбай трагедиясы соған меңзейді.

Драмалық тартысы өткір, характер жасаудағы драматург ізденістерін байқататын сүбелі шығармасы - "Қанапия мен Шәрбану" пьесасы. Бір-бірін сүйген екі жас Қанапия мен Шәрбану тағдырларын қосуға ескі салттың үрдісі бөгет боп, көлденең тартылады. Оның үстіне 1916 жылғы шілде айындағы қара жұмысқа қазақтан солдат алу жөніндегі патша жарлығы кезінде туған тосын оқиғалар қос асықтың тәтті арманын ащы запыранға айналдырады. Жарлы Исатай жалғыз баласы Ынтықбайды солдаттан аман алып қалу мақсатымен әлпештеп отырған қызы Шәрбануды қолының қысқалығынан Сазанбай байға қосып, соның шарапаты тиюінен дәме қылады. Аздаған мал-мүлкін баласының жолына шашып-төгіп, қызын байға тоқалдыққа бергенімен, әлеуметтік теңсіздік сорлы кедейді құтқара алмайды. Жалғыз баласы қара жұмысқа алынып, Шәрбану Сансызбай мен көкдолы, қытымыр бәйбіше Қалипаның тозағына тап болады. Сүйген жігіті Қанапия солдаттан оралып, диуана кейпінде байдың үйіне келіп, ретін тауып тордағы тотысын қапастан құтқарып, милицияның көмегімен бастарына бостандық алады. Бұл, әрине, кездейсоқтық емес, жалшы өкіметі кедейлерге еркіндік берген, соларды қорғаған заманның шарапаты. Сазанбай баяғы дәуірі басында тұрса, өзіне "қорлығы" өткен пақыр жігіт пен асау да "күнәһар" тоқалын жазалаудың небір құлақ естімес түрін ойлап табарына сөз бар ма? Уақыттың қас-қабағынан жүрегі шайлыққан шонжар, бостандығын алып, уысынан шығып кеткен жастардан "кешірім" сұрап, ширыққан тартыс шешімін табады. Адам характері сол аумалы-төкпелі заман аясында бар сымбат-ажарымен, боямасыз-қоспасыз өзіне тән табиғатымен көрініс берген.

Жүсіпбек бұқарашыл жазушы болғанымен, қазақты тапқа жіктеп, кедей мен байдың арасына ала баған тартпаған. Ұлттық намысты жоғары қойған, оған, әрине, сол кезде қазақтың зиялы қауымын толғандырған саясаттың ықпалы тимеді деу де қисынсыз.

Жүсіпбек "Шернияз" пьесасында оқу орнынан ұшқан ұлттық зиялылар өкілін арқау еткен. Өмірі мен әрекеті, жастық қызық-шыжығы, күрес әдісі де нақты өз болмысына тән орайластырылған. Қалада тәрбие алған оқыған азамат Шернияз ақын бар ізгілік, тазалық, әділдік, мырзалық, пәктік, сұлулық сахарада деп көңілі тоғайып жүретін. Жастық аңғырттықпен, бірбет асаулықпен қызметке кіріскенде, тіршілік шырғалаң-шиыры толқын үстіндегі жаңқадай қақпақыл қақтырып жағаға лақтырып тастайды. Ағасы Алшағырдың көңілін жықпаймын деп істеген заңсыз бір ісі ағайын, ру мен ру, жүз бен жүз, ауыл арасындағы дау-дамай, бітіспейтін керісті ушықтырып, піспеген басты тығырыққа тіреп, жас жігітті қызметінен кетуге мәжбүр етеді.

«Бұлай бұрсаң, арба сынады, бұлай тартсаң өгіз өледі» демекші, ел арасы бүлініп, арты өртке айналуға аз-ақ қалғанда, "бұзылған елден" безіп, қалаға барып жан шақырады. Ауылдан ағайынның жікшілдік, партиягерлік мінезінен зәрезап боп шошынып, ширыққан Шерниязды драматург:

Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем.
Дос та, жар да, махаббат та
Елде ғой деп барлаушы ем...
Жүрегім елді кездірді
Бұзылған елден бездірді, -
деп толғандырады.

Жаны нәзік, санасы сергек, жүрегі таза ақынның ояну эволюциясын Жүсіпбек қапысыз ашқан. Азамат соғысы кезіндегі елдің шонжар, болыс-билерінің лаңы, ақсақалдарының бұйрығы, ұрылардың қылмысынан, бақсының, молданың, паракорлардың халыққа тарттырған азабы, қорлығына шыдамай, теңіздей долданып, буырқанған Шернияз:

Ой, кер заман, кер заман,

Талан-тараж қан жылау,
Қабак қату қансырау.
Азаматы жабылу,
Малы күнде сабылу,
Ұлып жатыр Ұлы жүз?
Қырғын тауып аштықтан,
Ел еңіреп егілу.
Кіші жүзі тұншығып,
Елін әскер жеміру.
Орта жүзі ойсырап,
Сұм Колчактан езілу.
"Сорлатам" деп қазақты
Қазақтың көзі қарықты
Азаматын қырам деп
Атаман Дутов желігу.
Кеше бір туған жарық күн
Көріне түсіп шегіну, -

дейді. Шернияздың бұл монологынан біз іштей өзін-өзі тұншықтырып, кегін, жойқын әрекетін түпке сақтаған жанартаудай аласұрған сәтін аңдаймыз. Ол күллі қазақ шеккен ғазап уытының "дәмін алып отыр". Ұлы жүз аштан қырылып, Кіші жүзді қазақ-орыстар тұншықтырып, Орта жүзді Колчак сұм табанымен таптап, тыпырлатып жатыр, көзіқарықты қазақты атаман Дутов түгел қырып, ұлы Қазан әкелген жарық күнді ақтар мен интервенттер сөндірмек, бақытты тартып алмақ. Міне, дабыл соғылды, күнім туды, жеке бастың сәтсіздігін, шырғалаңын ойлар жай жоқ, топқа қосылып, халқымызды жұтып қоймақ болған айдаһарлар Колчак пен Дутовтың "басын қағып" алғанша арпалысу қажет. Азаттығын, тәуелсіздігін алмаған ел құл болуға ғана жаралған мешел, мешеу ел. Пьесаның финалында өмір өткелінен өтіп, кемдікте, қорлықта жүрген жылаулы еліне қорған болып, жұбатуға белін бекем бұған парасат иесі, ұлтынын ұлылығын сақтап қалғысы келген, оның бақытты өмірін көргісі келген Шерниязды көреміз.

Жүсіпбек Аймауытов осылайша, көйлекшең тумаған, күнәдан да пәк емес, бірақ халқына шын берілген, заман тынысына қанық, елдің жуан ортасынан суырыла шыққан қазақ зиялысының ояну, күреске келу стихиясын нанымды бейнелеген.

"Шернияз" - үлкен қоғамдық, әлеуметтік, моральдық, этикалық, адамгершілік, гуманистік мәселелерді кең арнада қамтыған ақ өлеңмен, публицистикалық стильмен жазылған философиялық драма. Сондықтан да болар, пьесаға жарияланған жабық байқауда "Шернияз" бірінші, ал М.Әуезовтың "Қарагөзі" екінші орын алған. Жүсіпбектің пьесалары тақырып жағынан бірін-бірі толықтырып, дәуірдің тұтас картинасын жасайды. Тартыстары шымыр, кейіпкерлері бірінің образын бірі ажарлап, әрекетін, мінезін айқындап, оқиғадан оқиғаға іріленіп отырады. Драматург кейіпкерлер санын өсіруге ынтықпайды, шақтаулы кейіпкерлерімен шалқар шындықты алдына жайып салуға қаламгерлік қажыры еркін жеткен. Артық оқиға, шашау шыққан әрекет, тілдегі олақтық оған жат. Ол құбылыстарды жанды да нанымды суреттер арқылы көрсетуге ұмтылады.

Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының ең салмақты саласы — прозалық шығармалар. Кішігірім әңгімелерден бастап жазушы қаламынан "Қартқожа", "Ақбілек" романдары және "Күнікейдің жазығы" повесі туды.

"Қартқожа" романы 1926 жылы Қызылордада кітап болып басылып шықты. Роман жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ еңбекшілерінің, олардың әлеуметтік аласапыран тұсындағы тағдырын бейнелеген алғашқы күрделі шығармалардың бірі болды. Онда 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы кезіндегі аласапыран, патшаның тақтан құлауы алдындағы қазақ ауылының көрінісі, адамдар психологиясы көркем бейнеленген. Жазушы осы тартыстар арқылы қазақ кедейінің

қоғамдағы теңсіздіктің сырын ұғуы, әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін түсінуі секілді ояну процесін көрсетуге ұмтылады.

Жүсіпбек Қартқожасын туғанынан қағілез, жүрген жерін күйдіріп, опырып-жапырып, бірден биікке ұмтылған жүйрік, саңлақ жанды кейіпкер етпеген. Ол ешнәрсемен қақ-соғы жоқ, "момақан, аңқау, көзі бажырайып, аузын ашып, мұрнын қоңқитып" жүргені. Жасы 10-11 шамасында. Мұрнын қос-қостан тартып, "екі жеңі де сауыс, бетінің бір жағы да сатпақ, көзінің былшығы да жөнді тазармайтын" кәдімгі тұрмыс тақсіреті ерте жүдеткен тақыр кедейдің баласы. Жазушының кедей баласы сыртынан қарағанда азып-тозып, кір-қожалақ, жасқаншақ, енжар болып көрінгенімен, жан сарайы сәулелі, ояу, жүрегі сергек келетін себептерін осылайша тәптіштеуінде көп сыр жатыр. Бар сенгені қолындағы бірер малы есептелінген қасқа кедейдің ертеңгі бұлыңғыр күнін қаламгер жүрегі сыздай отырып баяндайды.

Серік Қирабаев бұл роман жөнінде мынандай баға береді: «...Қартқожа арқылы азаттық, теңдік дүбірі оятқан жас ұрпақтың ұлттық ой-өрісін, сана-сезімін көрсетуге ұмтылған жазушы мақсаты осы айтылғандардан анық танылады...»

"Ақбілек" романы - Жүсіпбектің суреткерлік өнері толысқан шағындағы шығармасы. Тақырыбы жағынан бұл туынды да "Қартқожаның" идеясын толықтыра түскен, соның заңды жалғасы іспетті. Қартқожа Кеңес төңкерісіне дейін ауыр да азапты тұрмыс шынжырынан босана алмай құлдықта, кіріптарлықта күн кешсе, төңкерістен кейін теңдік, азаттық, әділеттік тауып, жаңа заман қайраткері дәрежесіне көтеріледі. Ал "Ақбілек" романында Жүсіпбек феодалдық-патриархалдық құрылыстың қатал заңы мен тәртібін бұзып-жарып шығып, бақытын қажыр-қайратымен, білімімен тапқан жаңа заман әйелінің бейнесін жасаған.

«Ақбілек» әлемі – халқымыздың өткен өмірі мен тарихының, қазақ қызы мен әйелінің тағдыр-талайын кең көлемде суреттеген тағылымды туынды. Ұлт руханиятын, көркемдік танымды биік белеске көтерген даңқты туынды, айшықты қолтаңба жемісі. «Ақбілек» әлемінің ақиқаты осы...» дейді филология ғылымдарының докторы Рақымжан Тұрысбек.

Шынымен де...«Ақбілек» романы ұлттың талайлы тарихын, қазақ өмірінің қиын да күрделі кезеңін, басты тұлғаның ауыр да сындарлы сәттерін тағы сондай нақтылы көрініс, шынайы оқиға, бедерлі бейнелер арқылы көрсетіп, тақырып табиғатын, көркемдік-эстетикалық мұраттарды шебер де шешен, шынайы үлгіде баяндаған байыпты, тағылымды, әйел психологиясын шынайы, сол кезеңдегі өмір тартысын, замана шындығын шынайы көрсеткен туынды болып саналады.

Ж.Аймауытов «Ақбілек» романын жаза отырып, басты кейіпкер бейнесін сомдауда оның образына сүйсінген тәрізді. Оның тылсым бейнесін үлкен махаббатпен, шынайы шеберлікпен суреттеген. Романның алғашқы жолдарында Ақбілек бейнесі былайша сомдалған: «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі - жас түлегі, айы-күні - сұлу қызы, алтын сырға, күміс шолпы сылдыратып, былдыратып, ақ көйлегін көлеңдетіп...»

Сұлулыққа жаны үйір халқымыз ғасырлар бойы ерге адал жар, сенімді серік болар қыз баланың сымбаты мен келбеті, мінезі мен ақылы, тәрбиесі мен өнегесі қандай болу керектігі жөнінде дәстүрлі талғамы мен өлшемін қалыптастырған. Көнеден желісі үзілмеген халық ауыз әдебиеті мен жазба нұсқаларда бойжеткен қыз: «Сұңғақ бойлы, сынғырлаған дауысты, оймақ ауыз, күлім көзді, жайдары мінезді, алма мойын, ақша бетті, ақ аршын төсті, тал шыбықтай бұралған бұраң белді, сүмбіл шашты, керілген ақ мандайлы, сүйріктей ақсаусақты, сүрме қасты, ұзын кірпікті, ақ білек, маржан тісті, қыр мұрынды т.б.» сөз суреттерімен сомдаған ғой... Халықтық түсінік бойынша: «Тегіне қарап қызын ал, соғуына қарап қару ас», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», «Шешеге қарап қыз өсер» дегендей, текті қыздың белгісін туған анасының мінезі, үлгі-өнегесі және қызына берген тәлім тәрбиесін айқындайды.

Шығарма тақырыбы иемденген басты тұлға – Ақбілек аяулы әке мен қымбат анасының алдында ерке де әсем болып өсті. Құрбыларымен де әзілі жарасып, ақылына көркі мен көңілі

сән беріп еді. Бірақ бұл жарастық, жастық салтанатын түстері суық, ойлары теріс, жүрістері суыт төрт атты бұзғанды. Олар бейбіт ауылдың апшысын қуырды. Үлкен үй – дәулетті Мамырбайдың шаңырағын ортасына түсірді. Бәйбішесін атып, жас түлегі Ақбілекті ойбайлатып, қанжылатып алды да жөнелді. Бұдан кейінгі жердегі Ақбілектің өмірін, көрген зорлығы мен тартқан азабын ешкім де дұшпанына тілемес.

Ақбілек трагедиясы сол кездегі ұлттық мәселелермен байланысты. Ақ орыс солдаттарының ұрлап әкетуі, Ақбілекті қара мұрт офицердің әйел қып ұстауы – бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. Қыздың бостандыққа ұмтылғанымен, ел бетін көре алмай қиналуы, әкесінің қашқақтауы, атастырған күйеуінің тайсақтауы, ел-жұрттың оған бір түрлі аяушылықпен қарауы өлімнен де ауыр. Оның үстіне орысты кәпір деп қарайтын ұғым бар. Ауыл жігіттерінің зорлығы болса, еленбей де қалуы мүмкін нәрсені «кәпірдің қолына түсіп, соған қатын болған» сөзді тіпті көпіртіп әкетеді. Өйткені ел түсінігінде кәпір атаулы жау, онымен араласқан, шатасқан елдің бәрі харам және діннен безген. Бүкіл халықты, оның ішінде қазақ қызын осы тұйықтан алып шыққан Қазақ төңкерісі, Кеңес өкіметі. Ел көзіне көріне алмай, күлкі болып ауылдан кеткен Ақбілек қалаға барып оқып, адам қатарына қосылып, жар тапты, бақытты өмірге қадам басты, Міне «Ақбілек» романының бүкіл тақырыбы мен идеясы осыған саяды. Ақ өлең үлгісімен жазылған "Күнікейдің жазығы" повесі - Аймауытовтың төңкеріске дейінгі қазақ өміріндегі элеуметтік теңсіздікті, таптық көзқарасын айқындайтын туынды.

Бұл жөнінде С.Қирабаев: «Күнікейдің осы ортадан таза, өзінің басың, адамдық арын қорғап шығып, Байманға қосылуы, онымен ұзатылған жерінен қашып кетуі – қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісі», - дейді.

Ескі ата салты қосқанымен, табиғаты қоспайтын Тұяқтан безген мұңлы бойжеткеннің оны даланың шынары санап қол созған іңкәрлігін Баймен сал жеңіл түсініп, жеңіл қарым-қатынаспен жер соқтырады. Қыз жолы қандай жіңішке?... Арманы қиырды шалғанымен, адымы қысқа. Қорқау, жұлмыр, түлкі заманның жігітінің де сырты сыпайы, іші - түтін. Обал, сауап, тазалық, махаббат жөнінде суырыла сөйлей отырып, өзінің бір сәттік "пайдасы" үшін қасиеттіні ластап кетуге шімірікпейді. Күнікей - әрі өзінің таза сезімінің, әрі қаскөй заманның элеуметтік теңсіздігінің құрбаны болған бақытсыз қыз. Жазушы Күнікей басынан кешкен жайларды ретроспективті /шегініс/ тәсілмен баяндап, оның жастың шақ, бойжетіп тұрмыс құруы, бақытсыздықтың тұзағына түсуі - бәр-бәрін кейіпкердің аузымен баяндау арқылы заман сырына, мораліне, еңбексіз, характерсіз күн кешкен азып-тозған қоғамдық салтқа, тұралататын қайыршылық тұрмысқа бойлатады. Кейіннен кедейлердің не себепті өздерін өздері қанап-езіп, қорлап келген байлардан жерініп, олар арқа сүйеген қоғаммен кескілескен күреске шығатынының бұлтартпас себептері пісіп-жетіліп, осы "Күнікейдің жазығында" тұнып тұр. Повестің тілі Жүсіпбек ізденісінің тағы бір қырын көлденең тартады, романда қазақ халқының көне дәстүрі, салт-санасы, әдет-ғұрпына, жастық күйлеріне қатысты этнографиялық, экзотикалық материалдар да өте мол.

Өзін осылайша талантты прозашы ретінде танытқан Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан бірқатар көркем әңгімелер де туды. 1918 жылы жазалған "Бетім-ау, құдағи ғой" атты әңгімесінен бастап, 1927 жылы жазылған "Ханалар тарихына" дейінгі аралықта өмірге келген "Елес" (1924), "Әнші" (1925), "Боранды болжағыш әулие" (1926) тәрізді әңгімелерінің қай-қайсысынан да өзі өмір сүрген дәуірдегі елдің тұрмысын, ой-арманын, заман тынысын жетік білегін әрі оны көркем тілмен, парасатты оймен өрнектеп жеткізе алатын тамаша прозашының қолтаңбасы айқын байқалады.

“Боранды болжағып әулие” әңгімесінде қазақ ауылының қыстың бір боранды күніндегі өмірі суреттеледі.

... Сақылдаған сары аяз. Қарадан қарап тұрып бірдеме шарт ете түседі. Не терезенің шынысы шатынайды, не жер, не мұз қақ айырылып, ырсып қалады. Жермен бірге мұздақ қар да жарылып кетеді. Ақырында сары аяз мұрныңды қариды. Жеңіңнен шығарсаң, қолың илікпей, тас боп қалады. Түнде пешке қойып кептіріп алған етік, биенің бір сауымында

ағаштай қақиып, таякпен қақсаң сақ-сұқ етеді. Осындай күндерде біз мал жаямыз. Қыстың аязды күнін жазушы осылайша дәл әрі көркем тілмен суреттейді. Бұдан әрі ұйтқып соққан боран, ыққан мал, адасқан малшылар жайында баяндайды. Сол боранда бірқатар мал қырылады. Әңгіме кейіпкері: "Шіркін, бұлай боларын алдын ала болжап білсем-ау", — деп армандайды. Кейін қалаға барып барометр туралы естиді. Соған қолым жетсе деген арманға беріледі. Шағын ғана әңгімеде автордың өмір көріністерін суреттеудегі тамаша шеберлігі байқалады. Жазушы ұсынып отырған суреттер тура өмірдегідей қарапайым әрі түсінікті. Шын таланттың қаламынан туғаны байқалады.

Жазушының "Әнші" әңгімесі де дәл осындай нақты оқиғаға, өмірде болған тарихи адамның төңірегінде құрылған.

...Жетішатыр — жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы—қымыз, ойын-сауық— "кататься". Айт, той, құдалық, ат жарыс, күрес. Маскүнем. Төбелес. Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса— паромод, паром, желқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала. Әңгіме Ертістің жағасындағы Жетішатыр қаласының өмірінен алынған осы суреттермен басталады. Қала тұрғындарының күнделікті тіршілігі осындай қысқа-қысқа образды ұғымдармен берілген. Адам туралы бір ауыз сөз болмаса да, қала адамының жай-күйін әбден жеткізіп тұр.

Одан әрі қымыз дастарқаны. Қымыз құюшы қыз Шекет, қымызға құмартқан қалалықтар. Осындай бір сәтте дастарқанға әңгіменің бас кейіпкері әнші жігіт Әмірқан келеді. Ән салады. Кейін Әмірқан қала жастары дайындаған спектакль-концертке қатысып, көпшіліктің қошеметіне бөленеді.

Оқиға желісі әңгімені баяндаушы мен Әмірқанның арасындағы достыққа ойысады. Екеуінің сырласуы, Әмірқан мен сұлу қыз Ақтамақтың арасындағы ғашықтық хикаясы, жігіттің қызды алып қашуы, орта жолда қолға түсіп, сүйгенінен көз жазып қалуы, әншінің көз жасы, жабырқаған сәті баяндалады.

Әңгіме оқиғасы өтетін Жетішатыр қаласы — Семей, ал әнші Әмірқан — қазақтың жезтаңдай әншісі, әйгілі Әміре Қашаубаев еді. Жазушының көркем бейнелеу шеберлігі Әмірқан — Әміренің әншілік құдіретін, ән айтқан кездегі сипатын суреттеуге келгенде аса ғажайыптанып көрінеді. ...Ұшатын құстай қымтанып, қомданып алды, Отырғандар аузын ашып аңырды. Әнші жіберді. Бір бірауыздан ән салды, Азда болса бірегей болды. Сүмірейте, қылмита соқты; желдете құтырта соқты. Лебізі құлаққа жағып кетті, жүректі тербетті, тамырды желпіндірді; бойды шымырлатты.

Бұл — ән айтып отырған әншінің бейнесі. Жазушы қаз-қалпындағы әсем сурет жасайды. Әншіні асыра мақтамайды, дәл бағасын береді. Ж. Аймауытовтың суреттеуіндегі Әмірқан елден оқшау тұрған ерекше адам емес. Көппен бірге тыныстап, айналасына өнерін сыйлап, ойын-сауық құрып жүрген қарапайым жандардың бірі. Оның қуанышы да елмен ортақ, өзгенікі секілді өзіне жетерлік арман-мұңы да бар.

Тұтастай алғанда, Жүсіпбек Аймауытовтың көркем әңгіме жанрындағы еңбегі қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық көкжиегін кеңейте түскен құбылыс болды.

Жүсіпбек Аймауытов оқу-ағарту мәселелеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер де жазды. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген "Тәрбиеге жетекші" (1924), "Психология" (1926), "Жан жүйесі және өнер таңдау" (1926) атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше рөл атқарған еңбектер болды.

Жүсіпбек Аймауытов - өз өмірінде сан салалы шығармашылық қызмет атқарған адам. Оның әдебиеттің білікті сыншысы ретінде танытқан мақалалары: "Абайдан соңғы ақындар" /1918 жылы М.Әуезовпен бірігіп жазған/, "Мағжанның аңындығы туралы", "Сұңқар жыры", "Әдебиет мәселесі", "Көркем әдебиетті саралау", әлі де оқушылар қолына тие қоймаған театр, музыка, өнер тарихына қатысты жазғандары бар көрінеді. Бұл еңбектерден

байқалатын жай, Жүсіпбек өз бетімен қол-көсір білім алған, заманның ең ғұлама адамдарының бірі болғандығы. Әсіресе, ақын Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық әлеміне терең бойлап баруы, оның үлгі-өнеге алған мектебін, әр шығармасының өмірге келу тарихын байыппен, парасатпен талдайтын зерделілігі таңқалатын құбылыс. Бұл мақала күні бүгінге дейін мағжантану ғылымының көш басында тұруы содан.

"Көркем әдебиетті саралау" атты мақаласында төңкеріске дейін көр-жерді өлең қылған қожа-молдалардың тірлігін, оның бөтен сөзбен былғанған "шала сауатты поэзиясын" сынай келіп, Жүсіпбек қайткенде өлең өнер болады деген сауалға толымды жауап іздейді. Жазушы шығармашылығын сөз еткенде, ол өмір сүрген дәуірінен шығармашылығын бөле-жармай, бірлікте қарастыруды мәслихат еткен. "Сұңқар жыры" мақаласында М.Горький шығармашылығы жөнінде қазақ жазушысы өз пайымдауларын ортаға салады. Қазақ оқырмандарын Горькийді тануға жетелеген ойлы да бағалы еңбек.

Тақырып табиғатына ену, елдік мұраттарға назар аудару, мәдени-рухани құндылықтарды жоғары бағалау, көркемдік қайнарларына ден қою – Ж.Аймауытұлының әдеби-сын еңбектерінде кеңінен көрінеді. Осы реттен келгенде, Ж.Аймауытұлының білікті әдебиетші, сындарлы сыншылығын академик С.Қирабаев тап басып таниды: «Жүсіпбек – өз заманының белгілі сыншысы болған, әдебиет мәселелеріне қатысты көптеген ой-пікір қалдырған жазушы. Оның мақалаларынан, хаттарынан, тіпті көркем шығармаларының ішінен де автордың жазу өнері жайлы, оның ерекшеліктері туралы, суреткердің психологиялық, творчестволық сипатын түсінудің принциптері жайлы қызықты ойлар кездеседі. Әдебиеттің жаңа дәуірдегі міндеттерін түсіне білген жаңа көзқарасты қаламгер ретінде ол сөз өнеріне, оның өкілдеріне тың міндеттер артты. Олардың ішінде белгілі бір дәуір әдебиеті дамуына арналған шолу да, жеке ақынның шығармашылық бетін анықтауға құрылған портрет те, рецензиялар да кездеседі. Бірсыпыра қызықты ойлар жазушы хаттарында да орын алған». Ж.Аймауытұлының «Мағжанның ақындығы туралы» атты мақаласы //«Лениншіл жас», 1923, №5// ұлттық сөз өнеріне, өлең-мұраға қояр талап-тілегімен мәнді болып табылады. Мақалада әдеби сынның мақсат-мұраттары, көркем туындыны танып-таразылаудағы шындық сырлары, өлең-өнердің өзіндік өрнектері айқындалады. Мағжан мұрасы, ондағы көркемдік мұраттар, ізденіс арналар, ой мен сөз жүйелері, тіл-стиль сипаттары кеңінен көрсетіледі. Ақын әлемі туып-өскен, тәлім-тәрбие алған орта, өнегесімен сабақтастықта сараланады. Ақындық мұрат, өнер өрісі Мағжан поэзиясымен сабақтастықта сөз етіледі. Мағжан мұрасын тану мен талдау тұстарында: «Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқтануға Мағжан көмек көрсетті», «Сентиментализм әсері, әсіресе әйел теңдігіне арнап жазған өлеңдерінде ұшырайды», «Бейнешілдердің өлең жазу әдісін Мағжан қазақ әдебиетіне кіргізеді» деп түйін жасайды. Сонымен бірге: «...ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, школ //мектеп// ашқан күшті ақын», «Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқырлығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңлы зарымен күшті... нәзік сезімнің ақыны» деп талант табиғатына енеді. Қалам қуатына, ой-сөз жүйесіне, сыр-сезім иірімдеріне мән береді.

Біздіңше, автор ақын табиғатын терең ашады. Ақын мұраты мен ақындық өнер сипаттарына еркін енеді. Өлең өнерге, мұра-мирасқа байыпты ден қояды. Көркемдік құпиясына, сөз сыры мен ой орамдарына мән береді. Шындық шырағын ту етіп, ақын әлеміне, поэзия патшалығына батыл барлау жасайды. Ой-сөз жүйесін байыпты саралайды.

Қазақ әдебиеті тарихын кең көлемде қарастырған, «Мағжан-Сәкен» атты зерттеудің авторы профессор Т.Кәкішев Мағжан мұрасына қатысты мақала туралы былай деп жазды: «Бұл шын мәніндегі сыни-эстетикалық еңбектің екі тұрғыдан, біріншіден, Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғынып алуға, көркемдік әлеміне қалай кіріп, қалай түсіну, ақын жанының қалтарыс-бүкпелерін қалай ұғу керектігін көрсеткен, әлі күнге дейін жалғыз мағжантануда ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында асқар бел болып келе жатқанымен, екіншіден, әдебиет сынының қаншалықты биік көтерілгеніне көрсеткіш: сын тарихында

белгілі бір кезең жасаған туынды екендігімен құнды. Теориялық ой-пікірлерін мөлдіреген әсем тілмен, ажарлы орамдармен жеткізуінің өзі үлкен өнер. Дұрыс айтқанына да, бұрыс айтқанына да эстетикалық дәлелдер келтіріп, көздеген мақсатына жетудің өнегелі үлгісін осы еңбектен көреміз. Осындай ерекшеліктермен күні бүгінге дейін сын жанрындағы биік шеберліктің эталоны болып келеді... Ж.Аймауытовтың мақаласы көп шындықтың бетін ашты, көркемдік түсініктің ауылы қай жақта болатындығын, оны қалың көпшілікке қалай түсіндіріп берудің жолын көрсетті»

Сан қырлы өнер иесі Жүсіпбекті Қайым Мұхамедханов: «Жүсіпбек – көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог - ағартушы» десе, Темірбек Қожакеев: «Ж.Аймауытов – бүкіл бітім табиғатымен, бар икем – қабілетімен, алған мамандығымен, істеген қызметімен негізінен ұстаз адам» деп бағалайды. Ал Бейімбет Майлин: «Мен Жүсіпбек Аймауытовтай шебер жазушыны бұрын-соңды көрген емеспін», деп таңданса, Тұрсынбек Кәкішұлы «...классикалық реализмді өз шығармасында жарқырата пайдаланып, ешкімге жалынып-жалпылдамай өзіндік еркіндік пен тәуелсіздікті пайдаланып, алашшыл қалпын сақтап өткен дарын- Жүсіпбек» деген. Сонымен қатар,

Ғабит Мүсірепов: «Ж. Аймауытов – творчестволық интеллигенциясының жарқын өкілдерінің бірі, романист, драматург, аудармашы. Оның көркем шығармалары идеялылығымен, эстетикалық бояуларының қанықтығымен, стилінің әдемілігімен ерекшеленеді» десе, Сәду Мақашов «Жүсіпбек қаламға қанша шебер, жүйрік болса, сөйлегенде ағып тұрған шешен еді» деп жоғары бағалаған болатын.

Жалпы, Жүсіпбек Аймауытов қаламынан туған мұралардың қай қайсысы да оның кесек дарын иесі екендігінің, гуманист суреткерлігінің, жалтақсыз ұлтжандылығының жарқын айғағы. Оның шығармалары өзі ғұмыр кешкен заманның, өзі араласқан қоғамның мұқтажын өтеуге, оның ақ қарасын парықтауға арналған. Сөйте тұра көркемдік тегеуріннің қуаттылығы, идеялық ұстанымдарының сонылығы, сөз қолданудағы шеберлігі Жүсіпбек шығармаларының өміршеңдігіне кепіл болмақ. Ж. Аймауытов қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі кезінде, төңкерістер дәуірінде аз ғана ғұмыр сүріп, азап пен қуғынды көп көрсе де, мойымай, халқына деген адал пейілінен айнымаған, жан-жақты өнер иесі, сегіз қырлы, бір сырлы дарынды перзенті. Тағдыр жазған келте ғұмырында өлмес рухани мұра қалдырды. Оның сол кезде жеткен биігіне (жазушылығы болсын, ғалымдығы болсын, теориялық ойының жетілу дәрежесі болсын) қазақ зиялылары көп кейін жетті деуге болады, ал оның жан-жақты дарындылығын айтсақ, оған тең адам қазақ ортасында кемде-кем деуге боларлық". Атақты жазушы Ғабит Мүсіреповтің ол туралы мына жазғаны көп нәрсені аңғартады: "Өз басым қазақта мұндай білімді, жан-жақты дарынды жанды әлі кездестіргенім жоқ. Мен білетін Жүсіпбек - тамаша жазушы, драматург, ақын, аудармашы, режиссер, әнші, музыкант, ғалым, көркем сынның негізін салған дарын. Оның драматургиялық шығармалары да шымыр,... көркемдік шоқтығы биік болып кеткен..." Бұған Жүсіпбектің ойшылдығын, философиялық ойының даму сатысының биіктігін, оның терең методологиялық және методикалық ойға негізделген ұстаздық қызметін қоссақ, Ғабекеннің мұндай жанды "әлі кездестіргенім жоқ" деуінде үлкен шындық жатқанын аңғарамыз.

3.4 М. Жұмабаев, М. Дулатов шығармаларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары

“Бүгінгі күн талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты”,- деген Президентіміздің сөздері қазақ педагогикасы тарихының алдына Отанын сүйетін ұлттық тұлға қалыптастырудың жауапкершілігін және оның ғылымда шешу жолдары мен міндеттерін көрсетеді. Бәсекелестіктің күрделі және ауыр процестерінде табыстарға жету үшін халқымызға тән рухын, денсаулығы мен білімін әлемге көрсетуге қабілетті әрбір жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарын қалыптастырып тәрбиелеуді міндеттейді.

Ұлттық құндылықтары бойына қалыптасқан тұлға қандай бол керек? Оның бойындағы ерекше қасиеттердің бірі - туған тілін білу және құрметтеу. Бұл қасиеттерді алаш ардақтылары да өз еңбектерінде айтып кеткен. Әрбір саналы жас үшін ұлт тілі қымбат болуға тиіс деп білген. Әр ұлттың тарихы мен халықтық құндылықтары, мінезі мен сыры тілінде екендігін жете білген адам ғана Отанын сүйе алады және өзіне де адал болады, пайдасы тиеді деп білген.

“Қазақ ішінде болыстарға песір болғандар екі-үш жылдың ішінде еріксіз байыды. “Ел билеген” бір-екі ауыз орысша былдырлап оттай білген атқа мінгендердің алды полковник, арты Хорунжи шенін алды, омыраулары медальға толды. Надан халықтың көзінде “Құдай тілегін берген, аруақ орнап, нар шөккен орын” болды. Сөйтіп, жұрттың көбі орыс тілін, орыс оқуын білімді өнерлі болу мақсұтымен үйренбей, дәреже алу, төре болу үшін оқитын болды. Мұның түбі неге соғатынын жұрттың көбі қапелімде сезген де жоқ. Көңілінде “елде жоқ” мектепте оқып жүрген жас балалар, хәтта үлкендер де, біріне-бірі орысша хат жазысатын болды, өзара орысша сөйлесетін болды.

Көрген өнегесі, алған тәрбиесі осылай болған соң, орысша оқығандар халықтан алыстап, өз елін өздері менсінбейтін кеселге ұшырай бастады,-деп Міржақып Дулатұлы сол кеңестік кезеңнің өзінде-ақ ана тілімізге төнген қауіпті көре білді, ұрпағын одан сақтандыруды алдына мақсат етіп қойды, білім алудағы мақсаттары «баюдың жолы» болғандарды сынады [94,25].

Сөйтіп, М.Дулатұлы «Ел билеген» бірлі-екілі азаматтар алған аздаған білімін өнерлі болып көріну үшін емес, өз қара бастарының қамы үшін жүрген ұрпағының болашағына қынжылды. Орыс тілін ол кезде тек қана баюдың жолы деп санап, өз елін өздері менсінбейтін мәңгүрттікке айналуға қарсы шықты. Шала сауаты бар білімсіз «Елде жоқ» школда оқып жүрген «төре сымақтар» ел жұрттың қамын ойлаған «Отаншыл» жастар емес еді. Тілін шұбарлау сол кездің өзінде шала сауатты «оқыған сымақтардың» сүйекке сіңе бастаған дерті болғандығын Міржақып көре білді.

«Енді әр халық өз тілінде оқуға, өз тілінде жазуға, өз тілінде тергеуге тиіс. Мемлекет законінен бастап, аулынай комитеттердің ісіне шейін, жазу әр халықтың өз тілінде болу керек. Бұған енді дау-дамай жоқ», -деп-ашына айтты.

Сүйекке сіңген ескі дерттен құтыла алмай, бұл күнге шейін орыстан басшы алып отырған болыстар бар, мұның атын өшіріп, енді «орысшалауды ұмыту керек. Өзінше хат танымайтын бір азамат қалмай, мекемелерде, соттарда жауап беру түгіл, заң-законды өз көзімен, өз тілімен оқи білмейтін біреу де болмасқа тиіс», -деп елінің болашағының жарқын болып, егеменді ел тізгінін ұстайтын ұлттық тұлғасының болуын және оның сауатты болуын армандады [94,26].

Халқының тілін шұбарлағанына қынжылып, шала сауатты мамандардың іс - әрекеттерін сынап, білімді тереңдет, өз ана тілінде заңды біл, барлық мекемелерде өз құқығынды өз ана тілінде қорғай біл, бұл жолда рухыңды тәрбиелеп, жетілдір- деді. Тілін шұбарлай бастаған шала сауатты «атқа мінерлер мен төре сымақтардың» іс-әрекеттерін сынады Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, білікті маман дайындау, ұлттық тұлға қалыптастыру қай кезең, қай қоғам болмасын өзекті мәселе екендігін де көре білді.

Міржақып Дулатұлы өз еңбектерінде ана тілін құрметтейтін, өзіне де, өзгеге де пайдасы тиетін, ұлтын сүйетін ұлттық тұлға қалыптастыру қажеттілігін дер кезінде түсінген. Оны мына төмендегі ой-пікірлерінен байқаймыз: «Мемлекет шаруасын түзетеміз, бар күшті еңбек майданына саламыз дегенді біздің қазақ - қырғыз қалай түсінеді екен? Белсеніп, алақанына түкіріп отырған қазақ-қырғыз еңбекшілері бар ма екен? Бар болса бұлардың қолынан келетін жұмыстары қандай екен? Бәлки жұмыс жоқ шығар? Бәлки қазақ-қырғыздың шаруасы бүтін, төрт жағы құбыла шығар? Өзгелер не болса, о болсын, ешкімге жалынышты емес, не керегінің бәрі өзінен табылатын шығар? Біздің «ананы орыс, мынаны орман демей жалпы жұрттың –адам баласының игілігі үшін еңбек қыл» дегеніміз өтірік қамқорсығандық шығар?..Бұлай ойлайтындар болса, ондайларға түсінікті тілмен біз мынаны айтамыз: - Ешкімді есіркеп істеме, өзің үшін істе. Бірақ, өзіңнің тіршілігің көппен байласулы екенін ұмытпа-деп халқын адал еңбек етуге, көпшіл болуға, дамыған елдердің мәдениетін меңгеруге үгіттейді [94,30].

Әрбір адамның өз өмірі, өз қолында. Сен ең алдымен өзгені сыйла, ол өзіңді сыйлағаның. Сенің іс - әрекетің көппен бірге. Сондықтан қандай да бір жағдай болмасын көпшіл бол. Ананы бөліп «орыс» деп, мынаны бөліп «орман» демей жалпы адам баласының игілігі үшін еңбек қыл, деген бұл қасиетті сөздер қазіргі өмір талабымен үндесіп жатыр. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, болашағы жарқын болу үшін ел игілігі үшін еңбек қылатын саналы ұрпақ, сауатты жастар бойындағы игі қасиеттердің бірі-көпшілдігі. М.Дулатов қалың елі- қазағына білімді түзе, сонда ғана әлемнен өз орныңды табасың дейді.

Ұлттық тұлға өз басының қажеттілігімен өзіндік дамуын ғана жетілдіріп қоймайды. Ол бүгінгі өміріміздің барлық қажеттіліктерін де дамыта алатын болады. Ол мәдениетіміз бен әдебиетіміздің құндылықтарын бойына сіңіре отырып, өзінен кейінгі ұрпаққа да жеткізуші. Экономикамыздың дамуы мен қоғамымыздың өркендеуіне бірден-бір ықпал ете алатын, әлеуметтік-экономикалық өрлеу барысында, қарқынды дамудың қайнар көзі бола алатын бірден-бір ықпал етуші фактор.

Жаңа жағдайларға сай біздің бәрімізді алаңдататын мәселе – білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықты қабылдауға қабілетті, рухани және әлеуметтік-адамгершілігі мол тұлғаны қалыптастыру идеясын біріктіруіміз керек.

Өмір, білім, адам бойындағы құндылықтар, рухани және адамгершілік қасиеттері, осылардың барлығы да қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланыста болып отыр. Осымен байланысты бүгінгі өмір талабы, бүгінгі мектептер мен жоғары оқу орындарының алдындағы міндеттерді, тәрбие ісінің мазмұнын түбегейлі өзгертуді талап етуде. Отандық және әлемдік өркениеттегі психология, педагогика, философия ғылымдарының жетістіктерін пайдалана отырып, экономиканың, әлеуметтік-саяси, және қоғамдық гуманитарлық білімдерді жана бағытта меңгерген саналы ұрпақ тәрбиелеу істерінің қажеттілігі туындауда.

Жас ұрпақ адам бойында болуға тиісті адами қасиеттердің бәрін және оны үнемі толықтырып, жетілдіріп отыруға міндетті болуы керек. Ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеттілік, ұлтымыздың бойындағы кішіге ізеттілік, үлкенді сыйлау, өз орнын біліп, адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасауы, байыпты сөзі, биязы мінезі, салмақтылығы мен сабырлылығы, адаммен тіл табысуы, өзін-өзі ұстай біліуі т.т. ізгі қасиеттер жеке бастың, ар – ожданының қорғаны болуға бағытталуы керек. Міржақып Дулатұлы еңбектерінде адам бойындағы осы айтылған құндылықтардың барлығын да өмір қажеттілігіне асыру жолында білімнің орнын жоғары бағалағандығы анық

«Азын – аулақ екі класты, яғни сол қатарлы школдарды бітірген жігіттер тілмаш, переводчик болса, үлкен төрелікке жеткендей көріп, қазаққа күн көрсетпей «елім, жұртым » деген сезімнен ат шаптырым жер аулақ жүріп, арызшы, парашы болып кететін. Бұлардың мұндай болып кету себебі тәрбиесіздік, саясаттан хабарсыздық, ұлтшылдық рухы сүйегіне сіңбегендік», -деп алаш қайраткерлері өз еңбектерінде осындай келеңсіз қасиеттерден ұрпағын аулақ етіп тәрбиелеуді алдарына мақсат етіп қойған [94,16].

Саяси білімі терең, ұлттық рухы жоғары, білімін елі мен жерінің өсіп-өркендеуі үшін жұмсайтын тәрбиелік мәдениеті басым, жан – жақты, әр нәрседен хабарлы, оқыған сауатты маман иесін сол кездің өзінде алаш ардақтылары армандаған.

«Миссионер Победоносцев оқу министріне берген баяндамасында қазақ туралы былай деген: «Қазақ баласын бастауыш школдарда ғана аз жыл оқытып ғылымның жоғары басқышына шығармау керек. Олар тәуір оқыса көзі ашылып кетіп ұлтшыл, саясатшыл болады. Бізге олардың ұлтынан айрылып басқаларға ере алмағаны керек»-деген сөзінің халқымыздың болашағына төнген қауіп екендігін түсіне білген Міржақып Дулатұлы ұрпағын білімді және сауатты болуына, ұлттық ерекшеліктерін қастерлеуге үндеген [94,16].

«Адассам халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлтыммен қосыла ұмтылып бағамын» - деп педагог-ғалым алаштың асыл азаматы, талантты ақыны М. Дулатұлы халқының көзі ашылып, білім алып, ғылымның жоғары басқыштарына өрлеп жетілуін армандаған.

«Оқыған азаматтарымыздың салт-санасы оқымаған бұқаралықпен соншама басқаланып шығуына оның қолданған кәсібінің басқалығы себеп болған. Сөйтіп, салт-сананың өзгеруіне оқудың қаншалық себеп бола алатынын тұрмыстың, үйренген кәсіптің күшімен салыстырсақ, оқудың әсері жоқтың қасында болып шығады»-деп сол кезеңдегі саясаттағы келеңсіздікті көре білген, беріліп жатқан білімнің терең еместігін сынаған [94,78].

Ғалым – педагог оқыған адамның сана–сезімі оқымаған халықтың сана-сезімінен өзгеше болатындығын дәлелдегісі келген. Бірақ, сол кездегі оқудың әсерінің жоқтығын кемшілік деп білген. Сана – сезім мен ой –өрісінің өсіп өркендеуіне тәрбие процессі мен оқудың тікелей әсері болатындығына тоқталған, «оқудың әсері жоқтың қасында» деп сол кездегі келеңсіз, әсерсіз оқуларға қынжылған.

«Сөйтсе де, оқу керек; оқуды пайдасыз деп ешкім айта алмайды. Оқудың салт-санасы ағартуға тіпті септігі жоқ емес, аз да болса, оған да пайдасы тиеді. Оқудың салт-санаға әсері, тұрмыспен салыстырғанда, өте нашар болып отырғаны жасырын емес; Осы күні оқудың өзіне кесірі тиіп отырған мәселе елдің бейнетпен жиренетін оңай олжа, ептілік, күштілік, желқұмарлық мінездерін түзей алмағаны оқудың тәртібінен»- деп болашағының жарқын болуын ағартушылық жолдан іздеген. Терең білім алу арқылы ғана басқа дамыған мемлекеттермен терезесі тең ел бола алатындығымызды көре білген[94,78].

Санаға әсер ететін, дұрыс тәлім-тәрбие беретін, жеңілдің астымен, ауырдың үстімен, бейнет етіп, адал мал табудан жиренетін шенқұмарлық, ептілік пен күштілік қасиеттерді өзі үшін ғана пайдаланатын немқұрайдылардың оқудың дұрыс ұйымдастырылмауынан деп айыптайды.

«Төңкерістен бұрынғы оқу құрғақ сабақ болатын; ол кездегі оқудың ең жақсысы: ғылымның түрлі заңдарын, ерекшелерін оқытушы балалардың миына қонарлық дәлелдерімен ыспаттап түсінікті қылып айтып беру еді; балалар тұрмысқа пайдалы ғылым заңдарын қанша жақсы білгенімен де оны өз қолымен іске асырып пайдалана алмайтын еді; миына тоқылған өнерді қолымен істеп үйренбейтін еді. Сондықтан оқудың істейтін іске, қолданған кәсіпке, тұрмысқа жөнді әсері болмайтын еді»-дейді автор [94,78].

Болашақта өзінің бойындағы қасиетін, неге икемді екенін мектеп қабырғасынан дұрыс түсініп тәрбиеленген ұрпақ қана өмірде өз жолын, өз орнын табуға икемді болмақ. Қазіргі уақытта 12 жылдық мектеп мәселесі қозғалып отыр. Бұл - заңды құбылыс деп ойлаймыз. Мектеп қабырғасынан еңбекке баулып өндірісті түсініп, білім алған ұрпақ өмірге де барлық жауапкершілікпен қарайтыны анық. Оқығанын қолымен ұстап, көзімен көріп түсініп оқыған бала ғана білімді бола алады. Еңбектен жиренбе өзіңе де, өзгеге де пайдасы тиетін еңбекті істе дегенді айтады ғалым.

«Бала жасынан еңбекке үйреніп, бейнеттен жиренбей, бейнеттің адамгершілікке зияны жоқ екенін, тұрмысқа аса пайдалы екенін жаны-тәнімен бірдей түсініп шығуға тиіс; жасынан еңбек етіп, еңбекті сүйіп үйренген баланың санасында еңбектен жиренетін теріс ұғым

қалмасқа тиіс. Сананы тәрбиелейтін – кәсіп пен оқу; санаға оқудан да кәсіптің әсері артық дегенбіз»-дейді Міржақып Дулатұлы [94,51].

Бастауыш мектепте алған тәрбиесінің әсерлі, күшті, сіңімді болуы, қай халықтың мектебінде болса да оқу кітаптары ана тілімен өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан алынып жазылып, баяндалып оқытудың асыл мақсұтына муафик үйретуден басталса осылай білім баяндау болмақ. Ол балқыған жас баланың ойына, қанына сүйегіне ұлт рухың сіңіріп, ана тілінде анық үйреніп шығуына мүмкіндік туғызады. Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың мектеп медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады»-деп Міржақып Дулатов та балаға білім беруді оның ана тілінен бастау керектігін, оның бала өмірінен алатын орнын жоғары екендігін дәлелдеген[97,15].

Өмірдегі қандай қиыншылықтар болса да ұлттың ұлылығын сақтау оның бойындағы рухтық қасиеттің жоғары болып қанымен, жанымен біре қайнасуын, оның адам баласының балалық шағынан бойда қалыптасу керектігін сол кездің өзінде қарапайым да түсінікті етіп айтып кеткен ұлы ғалымның ой пікіріне толығымен қосыламыз. Санамызға, ұлттық болмысымызға сіңіп қалған ана тілінің құдіреттілігін сезінбеу, ұлттық рухқа нұқсан келтіретін теріс әрекеттерден арылу қажет дейміз.

Міржақып Дулатов «Біздің қазақ - қырғызда халыққа қызмет етуді өзіне борыш санаған оқытушы азаматтар өте аз. Бүгінгі жаңа талап жастар болмаса бұрынғы оқығандарымыздың көргені жаман, тәрбиесі нашарлықтан көбі қызмет етуді қорлық деп түсініп, өз пайдасын халық пайдасынан жоғары санап, елді жәбірлеуден, жеуден басқаны білмей келеді. Бұларды көрген халық «аллаңнан ойбайым артық» дейтінді шығарды», -деп оқыған азаматтардың тұрлаусыздығын да сынайды [94,54].

«Олардың міндеті: бірінші өздеріне тапсырылған қызметтерін жақсы өтеу болса, басынан жұртқа сүйкімді, жұғымды болып, өздерінің шын ақ жүрек, шын жұртшыл, шын еңбекшілер қорғаны- келер күннің үміті, елдің шырағы, нұры болатын жастар екенін таныту; қараңғы надан бауырларына үгіт насихат айтып, көзін ашып, көңілін ояту керек», -деп жастардың, оның ішінде оқығандардың міндетін тәптіштеп көрсетеді [94,55].

Елінің ертеңін ойлап, болашағының жарқын болуын армандап, оған аз да болсын өз үлесін қосып, артына ұлағатты өсиет қалдырған біртуар ұлдарымыздың бірі алаш ардақтысы М.Дулатұлының бұл пікірлерінен «болашақ жастардың қолында, оның ішінде де оқыған білімді, жан-жақты дамыған, мейрімді, тәрбиелі, үлгілі, баурымал, көзі ашық, көңілі ояу, алға ұмтылатын, басшылық ете алатын, басқалқы сөз айта алатын оқыған жастардың қолында» дегенін анық пайымдаймыз. Мұндай терең ойлы жастарды біз қазіргі қоғамымыздағы білікті де, білімді ұлттық тұлғаның бойынан іздеп отырмыз. Жалпы адамзат баласының қай кезеңде болмасын осы бір тұлғалық ерекшеліктері, адамгершілік қасиеті мен рухани байлығы өзекті мәселе болып, зерттелуден қалған емес....

«Осы бастан адамгершілікке, тазалыққа, дұрыстыққа құмар болмаған жас ұлғайғанда, қартайғанда ешкімді жарылқай алмайды. «Ерте оңбаған кеш оңбас, кеш оңбаған еш оңбастың» кебі келеді де отырады. Сол үшін елге шыққалы отырған жастарға қайырлы сапар дей отырып, бұлар жұртқа шын пайдалы қызметкерлер болар деген үмітпен көріскенше қош айтысып шығарып саламыз», -дейді. М.Дулатов [94,55].

Тазалыққа құмар болып адамгершілік арынды жоғары ұста, жастық жігерің мен күш қуатыңды сенен үлкен үміт күтіп отырған халқыңа арна, жаңалық пен жақсылықтың жаршысы болыңдар. Еліңнің үміті, өмірдің сәні сендерсіңдер. Жас кезден бастап жақсылыққа ұмтылмасаңдар, адам бойындағы жақсылық қасиетті жолдас қылмасаңдар, жаман әдет бойларыңды да, ойларыңды да жаулап алады», - деген ойлы пікірін тасқа таңба басқандай етіп ұрпағына қалдырып отыр.

Дұрыс тәлім тәрбие алған, жан -жақты ойлай білетін, бойында барлық ізгі қасиеттері бар толыққанды, яғни моральдік-білімдік, адамгершілік- тәжірибелік, көркемдік –

эстетикалық қасиеттері бір-біріне үйлесе дамыған, жан-жақты дара тұлғасын қалыптастыру бүгінгі қоғамның да міндеті.

«Тәрбие, кең мағынасымен алғанда, қандай да болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді, адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі», -деп тәрбиенің адам баласының өмірінен алатын орнын түсіндіреді [95,98].

Тәрбие - мәңгілік құбылыс. Ол жайында сан пікірлер айтылған. Әлі күнге дейін әр түрлі ұғымдар мен пікірлер таласы толастамай тұр. Педагогика саласында еңбек етіп жүргендер ғана емес, жалпы өмір сүріп отырған қоғамдағы барша құбылыстағы таным саласы адам баласымен, оның өзгеру құбылысымен байланысты болғандықтан пікір-талас, талай ойлар толастамайды да. Сол кезде педагогика ғылымына тоқталып, тәрбие мағынасына үңіліп, адамзат туралы айтылған құнды пікірлерді саралап, оған өз пікірін, өз ойын білдіруге тырысқан ұлы ғалымның еңбегі, адам баласының туғанан бастап әр құбылысына нақты дәлелдер айтуы көңілге қонарлық құнды ғылыми пікірлер. Адам баласы тек тәрбие арқылы ғана жетіледі..

«Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, һәм құлық тәрбиесі. Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егерде ол жөпшенді ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын көрінестерді елемейтін мықты, берік денелі болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқындаларлық болса, жамандықтан жаны жиреніп жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса, міне осындай болғанда ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы », -деп Мағжан Жұмабаев тәрбиенің өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала отырып, оның яғни «шынайы адам» тәрбиелеудегі орнын анықтайды [95,99].

Жаны да, тәні де сау, ақылы мен білімі қатарласа дамыған, дұрыс шешім тауып, қиыннан жол таба білетін, сұлулықты жаны сүйіп, адамның ішкі сезіміне әсер ете алатын шешен де ұшқыр ойлы, сыртқы тұлғасы ішкі жан дүниесін толықтырып тұратын жас ұрпақ тұлғасын бұдан жарты ғасыр бұрын өмір сүрген ұлы тұлға Мағжан Жұмабаев нақты да дәл етіп көрсете білген.

«Бала аурулы, зағып болса баладан емес, тәрбиешіден. Ақымақ болса, кінәлі тәрбиеші. Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мақау жанды болса» бала айыпты емес, тәрбиеші жауапты. «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін, деген Иран елінің мәтелі – шын дұрыс мәтел», -деп бала тәрбиесіндегі тәрбиешінің орнын осылайша дәлелді етіп көрсетеді [95,99].

Бала тәрбиесі - элеуметтік іс. Балалық өмірде дұрыс қалыптасып өз орнын таба білуіне, тіпті оның жанының, тәнінің саулығы мен сұлулығына ата-ана мен қоса ұстаздар қауымы да жауапты. Сондықтан «неге арналсаң, соны істе» деген Ж. Аймаутовтың аталы сөзін дұрыс түсінуге тиіспіз.

Бала жанының айнасы – оның ұстазы. «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қоса қалса, қадірлі орын - мұғалімдікі», -дейді Мағжан Жұмабаев [95,97].

Қазақтың Отанын сүйетін, елінің әдет-ғұрпын қастерлейтін, ұрпағын тәрбиелейтін жолбасшы мұғалім бейнесі, өз орнын, абыройын жоғалтпай адам тәрбиесіне мұқият қарап, жауапкершілікпен іс істейтін сенгіміз келеді. Қоғам мен адам бірлікте, тығыз байланыста дамиды. Егер осы айтылған қасиеттерді қалыптастыруда жеке тұлғаның өз тарапынан іс-әрекеті болмаса, өзі икемделік танытып ұмтылмаса, өзінің іс-әрекетіне төзімділік, белсенділік көрсетпесе, бұл айтылғандар іс жүзіне аспайды. Оны зорлап білімге деген ынтасын оята алмайсың. Егер ол баланың қалғып кеткен рухын оятып, оның ғылымға деген құмарлығын тудырарлық күш таба алса нағыз тәрбиеші сол бола дегенді айтқан М.Жұмабаев. Адам да, қоғам да, адамның санасы мен қоғамның дамуы да күнделікті өзгеріп жатыр. Сол себепті жас ұрпақтың сана-сезімін, ой-пікірін, өмірге көз қарасын, оған деген

күштарлығы мен қызығушылығын, жақсы құлық мінездерін, қарқынды даму құбылысына ілесе алуын қадағалап, олардың өзіне сенімділігін арттырып, өз икемділігі мен белсенділігінің арқасында ғана табысқа жете алатынына қозғау салу тағы да ұстаздар қауымының міндеті бомақ.

Психолог С.Л.Рубинштейн: «Жалпы даму барысында жеке адам қалыптасады. Оның сыртқы қалпын тек ішкі орта арқылы, сол жеке бастың өз қуаты, өз белсенділігі арқылы іске асырады», - дейді. Философ Г.С.Батышев «Адамды «жасауға», «өндіруге», зат ретінде орнатуға, өнім ретінде затқа айландыруға, сырттан келген құлықсыз әрекеттің туындысы ретінде қарауға болмайды. Тек оны іске қоса біл, әрекетке келтір. Сол арқылы басқа адамдармен әрекет барсында белсенді адам қалыптастыруға болады»-дегенді айтады [38,26].

Сенің алдында өмірдің өзі тұр. Олар біздің ертеңгі болашағымыз. Бұлардың бірі - ұлы ғалым, талантты жазушы, шебер ұста, ұлы ойшыл, ақылды басшы, білікті маман, ұлағатты ұстаз, аяулы ана, ардақты әке болады! Олар ең алдымен ата-анасының, өз туған ұясының тәрбиесінен шығып, ұстаз сенің алдына алдына келеді. Ата –ана да, қоғам да саған өмірдің өзін сеніп тапсырып отыр. Сондықтан сенің қателесуге хақың жоқ.

Н.А.Добролюбов ескерткеніндей оқушының мұғалімге деген сенімі –тәрбие жұмысының ең жақсы құралдарының бірі. Бірақ ол сенім мұғалімге көп нәрсе жүктейді. Егер мұғалім көңіл-күйінің көтеріңкі емес кезінде өзінің бір жіберген қателігімен бәрін жуып-шайып кетуі мүмкін.

Тек бір ғана сәтте адамгершілік сенімнен айрылған ұстаздың сол сәтте сөзінің күші жойылады немесе салмағы кемиді, - деген пікірдің текке айтылмағаны белгілі [38,27].

Өз шәкіртінің бойына сенімділік қасиетін дарытып болашақта бақытқа жету жолына бағыттауы ұстаздың үлкен шеберлігі. Ал, енді оның өз бойындағы ізгі қасиеттері шәкіртіне үлгі болуы, оның алдында сенімін жоғалтпай биік тұруы, сүйіспеншілік пен жылылықтың бойынан табылуы, білімділігі қазіргі таңда ауадай қажет қасиеттер.

Ұстаз ролінің, оның бойындағы оптимистік қасиеті мен қиын қыстаудан қысылмай шығуға жасаған іс-әрекетінің, тәрбиесінің әсері үлкен. Рухы күшті адамның болашақта алдына мақсат қойып, соған жетуге әрекет жасауы ғана емес, кездескен қиыншылық атаулыны жеңіп, құлап барып тұрып мақсатына жетуі екендігіне тәрбиеленушілердің сенімін арттыратын, соған ықпал ететін адам оның ұстазы болуы тиіс.

Жақсы, мейрімді тәрбиеші мен ұлағатты ұстаздың дұрыс тәрбиесінің нәтижесінде салауатты ұрпақ тәрбиелейміз. Қазіргі таңда да өз ісіне өзі жаны ашымайтын, оны тек табыс көзі деп түсінетін ұстаздар қауымының көбейіп кеткені де қынжылтады. Бала сезімін, бала түсінігін дұрыс жолға қоя білетін, өз ісін жақсы меңгерген ұстазын шәкірті де, ат-ана да, қала берді елі де сыйлайды. Ал тоғышар сезімсіз ұстазды ешкім де «Сен неге ұстазыңды сыйламайсың?» деп, күштеп сыйлата алмайды.

Адам болымысы, оның тұлғалық қасиеті, қалыптасуы қоғаммен тығыз байланысты. Оның өміріндегі барлық өзгерістері ішкі жан дүниесінің қалыптасуы баланың жас ерекшелігіне қарай алған тәрбиесіне, психологиялық ерекшелігіне, қоршаған ортасына, ондағы болып жатқан өзгерістерге, ұлттық өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтарына, тәрбиенің мақсат міндеттеріне негізделеді. Оның ақыл-ойы, өзін-өзі жетілдіруі, дамуы, әрбір іс-әрекеті, біліктілігі, өмірге көзқарасы, ой-өрісі, бір нәрсеге қызығушылығы, ынталанып оны меңгеруі әлеуметтік жүйе негізінде қалыптасып отырады. Ақыл-ой тәрбиесінің ерекшелігін ақпараттық-әлеуметтік ролінің өзгергенімен байланыстырғанымызбен, ол әрбір тұлғаның өзіне тән ақыл ойының өлшемімен ерекшеленеді. Бұл - тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі. Ал біз қозғап отырған ұлттық тұлға қалыптастыруға бұл айтылғандардың міндетті түрде қатысы болады.

«Шапшаң ойлай алатын, мәселеге тез талдау жасай отырып логикалық дұрыс қорытынды жасай алатын дара тұлғаны тәрбиелеудің қажеттілігі бүгінгі әлеуметтік–экономикалық, ғылыми-техникалық прогресс кезінде өндіріс процессінде дұрыс шешім

кабылдау үшін, әрбір адамның ақыл – ой қабілетін дамытумен тығыз байланыста қарастыру үшін қажет болып отыр» [77,56].

Қазіргі нарықтық экономика кезінде, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында, әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының жасалу барысында шапшаң ойлап, кез-келген келелі жағдайдан шығатын, логикалық ойы терең, ғылыми-техникалық прогрессті түсініп, оны даму процесімен жалғастыра алатын, ақыл-ой қабілеті дамыған ұлттық тұлға қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Яғни мектепте де, ЖОО-да қоғамның, әлеуметтің сұранысы негізінде ақыл-ой тәрбиесін нақтылау қажеттілігі туындайды. Сондықтан әр бір мектеп оқушысын ертеңгі студент деп, ал студентті болашақ маман иесі дей отырып, білімді өз бетінше ізденіп толықтыруына, техникалық ақпараттардың ағымына ілесе алу дағдысына қалыптастырып, өз бетінше жетілуге, білім алуға бейімдеу қажет.

«Біз қазақ халқының санғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, бір тұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» [96,8]

Елімізді әлем танып, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ету жолында еңбек етіп, санғасырлық дәстүрі мен тілін, мәдениетін дамыту жолында аянбай жүрген Президентіміздің сапалы еңбегі ертеңіміздің жарқын болашағының айғағы деп білеміз. Кешегіміз бен бүгінгімізді саралап, кемшілігіміз бен жетістігімізді ескеріп, өткен күніміз бен бүгінгі уақытымызды салыстырып оны жас ұрпақтың сана – сезіміне ұялатып, Отаншылдық рухын, халқына деген от жалындық сезімін тәрбиелеу ұстаздар қауымына жүктелетін міндет болса бұл айтылған құнды пікірлер алаш қайраткерлерінің еңбектерінде осыдан бірнеше ондаған жылдар бұрын зерделенген.

М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінің «Жалпы педагогика» деген тарауында «Тәрбие деген не?», «Тәрбие бөлімдері», «Тәрбиедегі мақсұт», «Педагогика қандай пән?», «Педагогика мен жақсы таныс болудың керектігі», «Педагогикаға жәрдемші пәндер», «Педагогика бөлімдері» деп тараушаларға бөліп қарастырады.

Біздің зерттеп отырған мәселемізде алаш қайраткерлерінің «тұлға» туралы ойлары, оның ішінде «ұлттық тұлғаға» қатысты пікірлері болғандықтан жоғарыда аталған еңбектің тұлға тәрбиесіне қатысты айтылғандарын саралай отырып, өзімізге қажетті жерлерін бөліп алып талдап көрсетуге әрекет жасадық.

«Адам баласы туғанда іңгәләған айғайы мол бір кесек ет. Ақыл-есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндіктен, оның денесіне, жасына азық беріп, өсуіне көмек көрсепей яғни оны тәрбие қылмай болмайды», - дейді /95,98/.

Мағжан Жұмабаев адам баласы жаны да, тәні де яғни физиологиялық құбылысы мен педагогикалық тәрбиенің дұрыс берілуі арқасында ғана өсіп жетілетіндігіне мұқият тоқталады.

Адам табиғаты өте күрделі құбылыс. Оны әркез тәрбиелеушілер жақсылыққа уағыздап, жамандықтан жирендіріп, адам баласына тән игі қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіріп тәрбиелеудің жолдарын қарастырып келеді. Еңбексүйгіштік пен төзімділікке баулу ата салтымыз. Ен далада мал соңында жүрген бабаларымыз еңбек етсең ғана өмір сүре аласың, қарап отырсаң, көш соңында қаласың, деп еңбекке ерекше ынтықтық пен қараған және оны бағалай білген. Еңбек пен төзімділік өмір сүрудің ең жоғары формуласы деп түсінген. Қазақ халқы намысын ешқашан жау қолына бермеген. Ұшы қиыры жоқ кең даласын тек ел намысын қорғаудағы жау жүрекеттілігінің арқасында ғана жауға бермей, дұшпанға тапталмай қорғап қалған. Сөз арқылы түсінісіп, сөз арқылы дауды да, жауды да қайтарып, бір ауыз сөздің күдіреттілігін түсініп, сөзді қастерлей білген халықпыз. Осы игі қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіруді Мағжан Жұмабаев та өз еңбектерінде қарастырған.

Сұлулық пен әсемдік, алғырлық пен тапқырлық, шапшандық пен ат құлағында ойнай білетін шеберлік те біздің халқымызға тән асыл қасиеттер. Өмір сүру барысында осындай

ізгі қасиеттеріміз арқылы ғана ұлтымыздың ұлылығын сақтап, өсіп өркендеп даму жолында көштен қалмай келеміз. Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі еңбексүйгіш, шабытты, ақылды болуын армандаған, халқымыздың арман тілектерін тәрбие арқылы ғана орындауға болатынын мойындаймыз...

«Тәрбиедегі мақсұт - адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат баласын, әрбір ұлтты бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесі бақытты, қысқасын айтқанда, тәрбиедегі мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару», -деп ұлттық болымысты бойына сіңіріп тәрбиелеуде де, адамдық қасиеттерді ұрпақ бойына сіңіріп тәрбиелеуде де ұстаздың ұлылығын дәріптейді[95,99]

Тәрбие тек адам баласына қатысты ұғым. Оның нәтижесінде ең жақсы қасиеттер – тәні мен жанының саулығы, отбасының татулығы, береке мен тоқшылық, мейрімділік пен сыйластық, өзгенің қуанышына қуана біліп, қайғысына ортақтасу, өзіне ұнайтын, жанына жақын қызметінді істеп, өзіне де өзгеге де сыйлы болу. Айнала қоршаған ортаң, туыстарың, қызметтестеріңнің көңіл-күйі жақсы болып, қуанышықа бөлену. Міне, тәрбие арқылы келетін бұл қасиетті ұғымдардың жиынтығын бақыт дейміз. «Бақыт» деген ұғымның мағынасын осылайша түсініп, сезінеміз..

Алаш ардақтылары «Адам» атты ұлы есімнің бойында тек жақсы қасиеттер мен іс-әрекеттер ғана болуға тиіс деп, ұрпағын соған ынталандырады. Қазақтың ұлы қайраткерлері әрбір ұлттың, қалса адамзат баласының бақытты болуын армандаған. Қай ұлттың болмасын шын мағынасындағы «Адам» болып қалуына үлесін қосқан. Олар өз ұлтының мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған. Әрбір ұлт мүшесінің ұлттық тәлім тәрбие алуын аңсаған. Тәрбиедегі мақсат-әрбір ұлт мүшесі өз ұлтының ұлттық қасиеттерін бойына сіңіріп, адам атты аяулы есімді ардақтап, ұлттық тәлім тәрбиемен қарулануы қажет деген.

Қай халықтың болмасын ұлттық рухы сол ұлттың болмысына дарыған кезде ғана ұлт бақытты болмақ. Нағыз ұлттық тұлға ғана ұлттың бейнесін жоғары көтере алады, ұлттық қасиеттерді сақтай біледі. Осы тұрғыдан қарастырғанда М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегі аса құнды еңбек. Автор өзінің осы еңбегінің «Педагогика қандай пән» деген бөлімінде: «Біз жоғарыда адам баласының тәрбиеге мұқтаж екендігін , оған қандай тәрбие беру керектігін һәм ол тәрбиені не үшін беру керек екендігін айттық. Жә, тәрбие керек. Бірақ, балаға дұрыс тәрбиені әрбір тәрбиеші (ата, ана, мұғалім) тәрбие жолын ешкімнен үйренбей-ақ, ешнәрсені оқып білмей- ақ, өз бетімен бере ала ма? Әркім өзі-ақ жол тауып кететіндей бала тәрбиесі соншама бір жеңіл нәрсе ме? Жоқ бұлай емес. Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», деп педагогика ғылымының тереңділігіне үніледі. Балаға дұрыс тәлім-тәрбие беру арқылы ғана болашақта өз орнын білетін, өз мүмкіншілігіне сенетін адам тәрбиелеу, тұлға қалыптастыру үлкен өнер екенін ғылыми тұрғыда түсіндіреді. «Педагогика ғылымымен жақсы таныс болудың керектігі» жайында айта келіп, баланы тәрбиелеу барысында тәрбиешінің өз тәжірибесі, өзінің өткен жолы, өмірден көріп түйгені, ол жолда жетістіктері мен қателіктері бәрі-бәрі бала өміріне әсер етеді дегенді айтады. Сондықтан кез келген тәрбие саласында қызмет істейтін адамның бойында жақсы қылықтары мен қасиеттердің міндетті түрде басым болуы тиісті екендігін аңғартады.

«Тәрбиедегі мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару ғой. «Баланды өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет!» деген Әзірет Әлінің сөзінде көп шындық бар Бұл -бір», -дейді [95,100].

Адам қоғаммен бірлесе өмір сүреді. Оны бір-бірінен бөліп алуға болмайды. Қоғамдағы өзгеріс, оның дамуы, әлеуметтік ерекшелігі, сол қоғамның өзіндік сипаты мен тарихи дамуы адам өмірімен, оның болмысымен тікелей байланысты, қоғамдық-әлеуметтік құбылыс адам сана –сезіміне әсер етпей қоймайды. Мағжан Жұмабаев адам баласына оның ішінде жас ұрпақ тәрбиесінде қоғамның ықпалын нақтылы фактілермен дәлелдеп көрсете білді. Автордың пайымдауынша «әрбір тәрбиешінің қолданатын жолы- ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың

балаға тәрбие қылуы туралы ескіден қалыптасып келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтайдай жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиісті. Және әр бір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бірақ ұлт тәрбиесін, ұлттық тәрбие жолында ұстаған жолын түгелімен дұрыс деуге болмайды. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болған сықылды, жамандық жағы да көп. Талай нашар, зиянды әдеттер әрбір ұлт тәрбиесі ішінде толып жатыр», - деп ғалым ұлттық тәрбиенің қандай болу керектігіне тоқталады.

Әрбір ұлттың өзіне тән ұлттық бала тәрбиелеу тәсілдері болады. Соның бірін ұлт тәрбиесі деп көрсетеді. Өз ұлтының қамын ойлайтын, сол үшін қызмет ететін, ұлттың ізгі қасиеттерін бойына сіңірген, ұлттық тұлғаның қалыптасуын сол кездің өзінде, яғни қызыл империялық саясаттың үстемдік құрып тұрған шағында өз ұлтының қамын ойлаған ұлы ғалымның бұл пікірлері күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Ұлт тәрбиесінің ішінде де жағымды жағымсыз әрекеттердің бар екенін, сондықтан ұлттық тәрбие беруші тәрбиешілер оны ой елегінен өткізіп қажеттісін іріктеп алып беру керектігін де көрсетеді.

«Жоғарыда айтып кеткендей, балаға шын дұрыс тәрбие беру үшін тәрбиешінің өз тәжірибесі һәм ұлт тәрбиесімен таныс болуы жетпей жатады екен. Бұлар – сыннан өткізілмей пісірілмеген күйде беріліп, негіз бола алмайды. Бұлардың арасынан жақсы-жаманын, алтыны мен мысын тізіп ала білу үшін тәрбие майданында шынығып ысылған тарландардың тәжірибелерімен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен, қысқасы, тәрбие туралы дұрыс жолға түсіретін шын тәрбие дәнімен, яғни педагогикамен жақсы таныс болу керек» - дейді М.Жұмабаев [95,101].

М.Жұмабаев бұл жерде ұстаз жақсы мен жаманды, алтын мен мысты айыра алатын, өткен тарихты жақсы білетін білімді және білгендерін бала жүрегіне ұялата алатын шебер-әдіскер маман болуын айтып отыр. М.Жұмабаев «Педагогикаға жәрдемдес пәндер» деп яғни педагогиканың басқа пәндермен байланысын, соның ішінде «Дене тәрбиесі», «Жан тәрбиесін» ерекше бөліп қарауға тырысқан. Дене туралы пәндер – психология, физиология, гигиена, гимнастика деп бөле отырып, осы пәндердің адамның қалыптасуына әсерін дәлелдеуге әрекет жасап, құнды пікірлер айтқан. Адам денесінің дұрыс қалыптасуы үшін – оның дұрыс қимыл әрекеті, сұлулығы, тазалығы, дене бітімі де көз тартарлықтай әдемі болу керек деп қараған. Адам жанының жай-күйін, ақыл-ойын, ішкі жан-дүниесін, сезімін, адамшылық қасиетін дамыту барысында да “психология”, “логика”, “этика” пәндерінің алатын орнын түсіндіруге тырысқан.

Ұлттық тұлға - ұлттық тәлім-тәрбиені бойына сіңірген, ұлттық рухы, ұлттық қасиеттері мол сақталған, адамгершілігі жоғары, өзін барлық қоғамдық ортада ұстай білетін, тілі жетік, ойы орамды және өз ойын өзгелерге шебер жеткізе алатын, сезімге тиянақты, жауапкершілігі аса жоғары болуы керек дейміз.

Ғалым “педагогика тарихына” да тоқталып, өткен тарихқа тереңірек үңілмей, оның қажеттісін тандап, талғап алып пайдаланбай, педагог-ғалымдардың ой пікірлерін зерттеп білмей, оқып тоқымай, оны зерделемей болмайды. Оны зерттейтін пән “педагогика тарихы” дейді. Яғни, жақсы мен жаманды, құндылық пен құнсыздықты, ұлылардың зерттеп-зерделеген түйіндерін оқытып, үйрету арқылы ұлт тарихын, ата-баба дәстүрін жан-жақты терең білетін тұлға қалыптастыруға болады деген

Адамды тәрбиелеу барысында оның жанының саулығын, икемділігін ескеру арқылы нәтиже шығара аласың, сол арқылы оның ішкі рухани байлығын дамытуға болады. Ол үшін оқытудың жолдарын жетік біліп шебер ұйымдастыру керек. Әрбір пәннің адам дамуына (баланың дамуы туралы айтып отырмыз Т.А) әсері үлкен. Табиғатты сүйіп оның тылсым сырын қалай ұғынуға болады, оны меңгерудің жолдарын қалай көрсету керек, немесе сауаттылыққа үйретіп ойын тиянақты жеткізу үшін сабақты қалай құру керек дегенді қарастыруға зер салған. М.Жұмабаев «алтын ұяның» барлық майда-шүдесі көзден де, ойдан

да таса болмау керек. Тіпті оның салынуы, қалай пайдалануы, шәкірттерге класты қалай бөлу керектігі, мектеп құрылысының қандай болуы, қай пән қалай бөліну керектігі, пәндерді оқыту кестесінің құрылымы, педагогикалық ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жолға қоюдың оқу сапасына тигізетін әсерін жақсы түсініп, дәлелді жеткізе білген.

“Жалпы педагогика” оқулығында екі нәрсе жайында сөз болады:

- 1) Дене тәрбиесі
- 2) Жан тәрбиесі.

«Дене тәрбиесіне» тоқтала отырып “Жаңа туған бала бір кесек ет қана деуге болады”. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Жан дұрыс тәрбие қылынса болады, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене – жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі зат та берік болмақ. Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты. “Сау жан сау денеді ғана болады –деген адамзат дүниесінің ескі мәтелі – шын дұрыс мәтел” –дейді.

“Дене – жанның қабы, ол құрал мықты болса ғана иесі мықты, кап берік болса ішіндегі заты да берік болмақ”– деп қарапайым қазақ тілінің теңеулерімен үлкен философиялық тұжырым бере білген. М.Жұмабаев адамның қалыптасып дамуында оның өмірінің мәнді болуы үшін денсаулығының ең бірінші орын алатынын ғылыми түрде дәлелдеген. Бұл үшін алғаш туған күннен бастап, баланың анасы ерекше әрекет ету керектігін атап өтеді.

Қыз бала – болашақ ана, адам тәрбиелейтін тәрбиеші. Тәрбие отбасынан, ананың жылы алақанынан басталады. Қазіргі таңда қалай болса солай жүретін (шылым шегу, арақ ішу) қазақтың қара көз қыздарын көріп қынжыласың. Педагогика сабағының бір бөлімін “қыз балалардың” өзіне арнап, қосымша пән ретінде жалпы білім беретін мектептерде «Қыз балалар тәрбиенің түп қазығы» (Немесе «Қыз өссе елдің көркі») деген арнайы курс енгізу қажет демекпіз. Ана қалай тәрбиеленіп шықса, ұрпақ солай өспек. Ана - қоғамдық тәрбиенің түп қазығы. Қоғамның келешегі аналардың қолында. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов «Ел боламыз десек, бесігімізді түзейік» деп текке айтпаса керек.

Оқулықта жаңа өмірге келген сәбидің салмағы, денесінің жылулығы (температурасы), дем алуы, тамырының соғуы, бала бөлмесі жайында да құнды пікірлер айтылған. “Бала тәрбиелеу үшін ” киіз үйді аса қолайлы деуге болмайды. Аңғал–саңғал, ашық–тесік киіз үй баланың жел тиіп, суық–тиіп ауру болуына көп себепші. Бірақ баланы киіз үйден бір жола бездіріп алып кетуге орын жоқ. Киіз үйдің зиянды жағы болған сияқты, пайдалы жағы да бар. Әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Шын таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Тегінде жаратылыспен бауырласып, құшақтасып, алдындағы малымен бірге жүріп, бірге өскен, қазақ баласын аса нәзік қылып үлбіретін тәрбие қылмағаны дұрыс болар еді. Бұл сөзбен мен баланы баяғыдай “шалбардың ішіне салып асыра” деп, отырғаным жоқ. Ол заман озды ғой. Әйткенмен де қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл,-дейді автор [95,105].

Бұл жерде автор ұлттық тәрбиені қазақтың көшпелі өмірімен байланыстыра қарастыруды жөн дейді. Автор қазақ бесігінің көшпелі өмір үшін аса қолайлы екенін айта келіп, оның құрылымына тиісті өзгертулер енгізуге де орынды ұсыныстар жасаған. Мәселен бесіктегі қол бау мен аяқ бауды қатты тартып байламай бос байлаудың және олардың жалпақ жасалуының нәрестенің қан айналымына тигізетін оң әсерін сөз қылуы ғылыми жаңалық деуге болады. Сондай-ақ автор бала кимінің өзіне шақ болуы, таза ауада ойнауына ыңғайлылық туғызатынын айта келіп, оны аналарға кеңес ретінде ұсынған. М.Жұмабаевтың жас баланы дұрыс күту, тәрбиелеу жөніндегі бұл ақыл-кеңестерінің бүгінгі аналар үшін де ғылыми мәні зор.

Әрбір халықтың өзіне тән тұрмыс-тіршілігіне байланысты ерекшеліктері бар. Біздің қазақтың өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктерінің бірі ол– табиғатпен тығыз байланыстылығы. Табиғат ана сол халықтың болмысына әсер етпей қоймайды. Ыстық күннің астында, суық желдің өтінде, қар жастанып, мұз төсеніп, қыста қыстауында, жазда

жайлауында малын бағып күнелткен халқымыздың тұрмыс тіршілігіне лайықты етіп ұрпақ өсіргені, бала тәрбиелегені анық. Киіз үйдің халық тұрмысына лайық болғанын, оның пайдасы мен зиянын осы күнге дейін ғалымдар зерттеп зерделеп жүр. Мағжан Жұмабаев бала тәрбиесінің қоғамдағы орнына тоқтала отырып, ұлтымыздың өзіндік дамуына әсерін сүйіспеншілікпен, махаббатпен жеткізуге тырысқандығын байқаймыз. «Қазақ баласының тәрбиесі, қазақ тұрмысына қабысуы мақұл», дей отырып ол: «Әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігін өз болмысына лайықты етіп тәрбиелеуі керек»-деген.

Біздің ұлтымыздың да өзіндік болмысының бірі- бала тәрбиесіндегі осындай ерекшелігі. Дене бітімінің өзі қазақ болмысына сай болуы. Егер бітімді, кесек тұлғалы, мығым, екі иығына екі жігіт мінгендей, шымыр, тепсе темір үзердей мықты, ұзын бойлы қазақ жігіттерінің тұлғасын; орта бойлы, қыпша бел, майысқан қазақ қыздарының бой-тұлғасының қалыптасуына табиғат анамыздың, тіпті киіз үйіміздің әсері болғанына кім шүбә келтіреді. Ал енді баланың осылай тұлғаланып өсуі өзінен-өзі болмайтындығын, оған дене тәрбиесі мен жан тәрбиесінің тұтастығының қажеттілігін ғылыми дәйектілікпен көрсеткен.

Баланың адам болып, дұрыс қалыптасуына ”Түнгі ұйқысы”, ” Баланы емшектен айыру”, ”Екі жасар һәм үш жасар баланың тамағы”, “Баланы шомылдыру”, ”Киім”, ”Бөлеу һәм бесік”, ”Қозғалуы”, ”Серуен”, ”Тісеу” деген бөлшектерге бөле отырып, оның әр қайсысына терең тоқталып талдайды. Ол жайында ғалымның мына ой пікірлері дәлел: «Бала дұрыс тамақтану арқылы оның денесінің дұрыс қалыптасатынын (дене бітімі мығым, мінезі дұрыс, ойлау қабілеті де, дененің сау болуы да дұрыс тамақтанудың әсерінен деп дәлелдейді), бала бір жастан кейін қосымша тамақ ішіп, оны емшектен айыру керек, оның организміне емшек сүтінен де басқа тамақтар оның ішінде қойдың, сиырдың, жылқының сүтін, олардың еттерінен де шамалы беріп (жеңілінен) баланың жасына лайықты асқазаны көтере алатын тамақтан жайлап бере бастау қажет» деп дұрыс түсіндіріп береді.

Баланы шомылдырудың жолын, тәртібін бөлме температурасын, судың жылылығын, қай айда қанша уақыт суда ұстау керектігін, оны шомылдыратын анасының өз тазалығын айта отырып, оның денесінің дұрыс қалыптасуы үшін, денсаулығы мықты болудың ең бірінші жолы бала өмірге келгеннен бастап дұрыс шомылдырудың керектігіне де үлкен мән береді. Көшпелі халқымыздың ол кездегі жағдайын, тұрмыс тіршілігін, оның бала тәрбиесіне тигізетін кейбір кері әсерлерін көре отырып, баланың рухы күшті, денсаулығы мықты, дұрыс жетілген адам болуы үшін майда-шүйденің жоқтығын терең түсініп, әрбір іс-әрекеттің, баланың өсіп қалыптасуына пайда зиянын тәптіштеп жан-жақты талдау жасайды.

Ұлттық болашағымыздың бір көрінісі оның өмір сүрген ортасының, дене тәрбиесінің, тамақтануының, жатар орнының (бесікке бөлеу), жұтқан ауасының оның дұрыс, өсіп жетілуіне тигізер әсерін осы ой-пікірлерінен айқын көреміз. Ұлттық тәрбиенің баланың өмір сүрген ортасынан басталатынын, сондықтан әрбір ұлттың ұлттық тәрбиесі арқылы ұлттық ерекшеліктері, ұлттық сезімі, ұлттық мінез болмысы қалыптасатынын дәлелдейді.

«Адамның жаны мен тәнін дұрыс тәрбиелеу керек, ол үшін жанның жайын білетін ғылымды білу қажет», -деп өзінің “Педагогика” атты еңбегінің. «Психология» бөлімінде арнайы тоқталады. Ол: «Баланың дене тәрбиесі мен жан тәрбиесін қатар алып қару керек. Бала өскен сайын тәрбиеші күшінің көбін баланың жан тәрбиесіне жұмсай беруге міндетті. Адамның қымбат нәрсесі де, жұмбақ нәрсесі де сол жан. Қиын тәрбие тілейтін де сол - «Жан», -деп көрсетеді. Психология пәніне, оның мағынасына, ол ілімнің өсіп дамуына Аристотельдің қосқан үлесіне тоқталады. Жан туралы айтылған пікірлерге тоқтала келіп, “Істері, көріністері бойынша жанның не зат екенін, қанша адам білмекші болса да, әлі күнге біле алғаны жоқ. Бірақ бұдан бала тәрбиесі ақсамайды. Баланың жанына жақсы тәрбие қылу үшін жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ оның істерін, көріністерін жақсы тексеру жетеді” – дейді.

“Жан көріністерінің дене көріністерінен айырмасы”, “ Жан көріністері мен дене көріністері арасындағы байлам”, ”Жан көріністерін үйрену жолдары”, ”Жан тұрмысының

түзу болу шарттары”, ”Жан тұрмысының бірлігі” деп топтап, әр топқа ерекше тоқталып құнды пікірлер айтады.

Адамның ішкі жан дүниесінің жұмбақтығын оның бойындағы ұялу немесе ойлау сезіміне қалай дұрыс тәрбие қылу керектігін, кез-келген баланы тәрбиелеуде оның жанын яғни ішкі сезімдерін білу арқылы ғана дұрыс шешімге келуге болатындығын, жан мен тәннің айырмашылығы мен өзіндік ұқсастықтарын түсіндіріп, ғылыми негізде дәлелдейді.

«Жан көріністері мен дене көріністері арасында қанша айырма болғанымен, араларында тіпті жақындық жоқ емес, қайта бірлік байлам бар. Дене жанға, жан денеге байлаулы, біреуінің біреуінсіз күні қараң дегенді де айтады. Өзімізге мәлім: денеміз сау болса, жанымыздың ісі де сау, жақсы болады. Егерде денеміз ауру болса, яки жұмыс қылып шаршаса, жанымыз да ауру, мидың ауруы, жан ісіне жаман әсер етеді. Нашар ауа басты айналдырып, қанды дұрыс жүргізбей, денеде әсер қалады да, жанға барып қол салады. Яғни жанның ісі шабандайды, бұзылады. Ой күңгірт тартады. Сезім топастанады. Қайрат тасиды»-дейді.

Адамның дені сау болса, жаны да сау. Денсаулығы нашар ауру адам көп іс тындыра алмайды. Өз басымен, денсаулығымен әуреленіп өзіне де, өзгеге де бейнет болары анық. Сондықтан да адамның ойлау қабілетіне, сезіміне оның күш-қайраты әсер етері сөзсіз. Қазіргі нарықтық заманда, еңбекке шыдамсыз, ойлау қабілеті жеткіліксіз адамдардың өмір сүруі қиын. Міне, осы күнгі өмірдің өзінде «дені саудың, жан сау қағидасы» күн тәртібінен түскен емес. М.Жұмабаев еңбегінде сол кездің өзінде ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі келелі мәселені қозғап, айтқан өсиеттері, ғылыми дәлелдері құндылығын асырмаса, жойған жоқ.

«Жан көріністерін үйренудің жеке жолдары бар. Ол өзін бақылау жолы. Адам өз жанының көріністерін өзі бақыламаса, жан көріністерімен таныс бола алмайды» дей отырып, адам өзін-өзі бақылауға үйретуі керек. Ол сонда ғана керексіз әрекеттерге жол бермейді. Ашуланудың себебі неден болды, оны болдырмау үшін өзін ұстай білуі, оның себептерін анықтап, болдырмаудың жолын іздеуі, ол нағыз адамның қолынан келетін әрекет деп, ұрпағын байсалдылыққа баулиды. Яғни жан көрінісінің күшті болуын уағыздайды, оның жолдарын көрсетеді.

«Адамға өзін-өзі тексеру, өзіне-өзі есеп беру деген оңай нәрселер емес. Өзін-өзі тексеріп, қателерін көруге адамның мен-мендігі бөгет болады. Әйткенмен де, бұл адамның өзін-өзі тексеруі – оның жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне бірінші шарт. Өз қатесін көре білген адам келешекте сол қатені істемеуге ұмтылады. Адамның өзіне–өзі яғни өз қатесін өзі көре білуі оның жанының идеяға, қасиетті қиялға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді», -дейді.

Бес саусақ бірдей емес. Оның сыртқы болымысы, сөз сөйлеуі, өмірге көзқарасы, оны түсінуі, ішкі жан дүниесі, еркі, мінезі, елмен қарым–қатынасы, бір нәрсені пайымдауы әртүрлі. Міне, осының барлығында адам өз кемшілігін біле ме, оны мойындай ала ма? Сол қателіктерді болдырмауға тырыса ма? Әрине бұл өзекті мәселе. Адам өз бойындағы қателіктер мен кемшіліктерді көре біліп, және оны жоюдың жолында әрекет етсе ғана ол келешекте яғни нағыз адам, бізше адамдық қасиеті бар тұлға бола алады. Педагог-ғалым өз кезеңінде ғылыми жолмен дәлелді түрде “тұлғаның” бойындағы бір ерекшелік деп “менмендік” қасиеттен аулақ бола білетін, қателігін көре біліп, оны жоюға әрекет жасайтын ұрпақтың қалыптасуын армандаған, сол жолда әрекет жасаған. Ол сонымен қатар тек өзін-өзі бақылап қоймай, айнала қоршаған адамдарды да бақылап үйренудің жолдарын көрсеткен.

“Біз егер өзін бақылау жолымен басқа адамдардың жан көріністерін бақыламасақ, біздің жан көріністері туралы біліміміз толық болмас еді. Сондықтан байқауы көп адам бір адамның пішінінен, жүріс-тұрысынан, бір екі ісінен, біраз сөзінен, ол адамның қандай мінезді екенін біліп ала қояды. Мүмкін болғанша тәрбиешінің шыншыл “физиономист” болуы керек”, -дейді.

“Жан тұрмысының, жан көріністерінің түзу, сау болуы үшін нерв системасының сау болуы шарт. Нерв системасына, әсіресе миға істететін жұмысы сол мидың өсу дәрежесіне тура келетін болсын. Есте болсын, адамның бар денесі бастапқы кезде өсуді ғана біледі. Біраздан соң қозғалымпаз һәм сезімпаз болады. Ұлғая келе ғана адамда есті тұрмыс басталады. Сондықтан балаға бастапқы кезде оның сыртқы сезімдерін ұлғайтатын һәм дене мүшелерін көп қозғалтатын жұмыстар істеу керек. Нерв системасының тәрбиесі дененің өсуіне қабысып отыруға тиісті. Белгілі жолдармен басқыштап тәрбие қылынған ми сау, өткір һәм талмайтын берік болады. Миын іскер қылып үйренген адам қартайып, бар денесі қаусап, іске жарамай отырған күнде де сау милы, дұрыс ойлы болады. Ал енді, “жасыңда қылжак болсаң, өскенде мылжың боларсың” деген мақал ып-ырас” - дейді.

Адамның нерв системалары оның өмірінің барлық кезеңінде ең ауқымды, жауапкершілікті істер атқаратынын айта отырып, оның бала кезден миының дұрыс қалыптасуы керектігін, ол үшін біртіндеп ми дамуына әсер ететін іс-әрекеттер жасаудың керектігін, оның бала кезінен бастап, қартайған жасына дейін миының дұрыс жұмыс істеуіне нерв жүйелерінің дұрыс дамып, қалыптасуынан болатындығын көңілге қонымды, нақты етіп айта білген. Мидың тынығуы, баланың жас ерекшелігін ескеріп отыру керектігі, таза ауаның бала миының дамуына әсері жайында да сөз қозғаған.

Адам білсем, оған сезімім жетсе, білгенімді іс-жүзіне асыру үшін қайратым болса дейді. Сондықтан да Абай айтқандай “ақыл, жүрек, қайратты” бірдей ұста дегенге ғалым да бас ұрады. “Ақыл көріністері яки жанның білуі, әсерлену” деген бөлімінде. “Әсерлену ұғымы”, “Әсерлену көрінісі қалай болады”, “Әсерлену көрінісінің шарттары”, “Әсерленуді бөлу”, “Сыртқы сезімнің әсерленуі”, “Сыртқы сезімдерді тәрбие қылу”, “Көру”, “Баланың көру әсерлері”, “Есту сезімі”, “Іскерлік”, “Суреттеу”, деп тарау-тарауға бөліп, осы бөлімдердің әр қайсысына түсінік бере отырып, баланың қалыптасуына бұл сезімдердің әсерін ғылыми түрде дәлелдейді.

“Адам жанында әсерлену болу үшін жалғыз әсерлену ғана емес, барлық жан көріністері болу үшін бір шарт бар, ол шарт – іскерлік. Іскерлік сыртқы дүниедегі бір затқа яки ішіміздегі бір жан көрінісімізге, ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның танылуы, нүктеленуі деген сөз. Іскерлік болмаса біз сыртқы заттардан әсер алып олармен таныса алмаймыз. Ойымыздың дұрыс ашық болуы, ішкі сезімдеріміздің жанды болуы, қайратымыздың түзу бет алуы осы іскерлікке байлаулы”-дегенді айтады. Бұл жерде автор тұрмыста өз қажетінді алып, өз орнымен жұмыс істеп, ойымызды ашық айтуға үйреніп, ішкі сезімдеріміздің әсерлі, қайратымыздың тасқынды болуына адамның іскерлігі бірден бір қажет дейді.

Автордың пайымдауынша “Жаңа алынатын білім мен ескі білімнің қатынасы болсын. Біз өзіміздің туғандарымыз яки таныстарымыз туралы сөз естісек, іскерлікті жұмсап, құлақты түріп тыңдай қаламыз. Егер жат кісілер туралы сөз болса, тыңдамаймыз. Міне, балаға білім бергенде осы жолды ұстауымыз керек. Яғни балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек. Мысалы, балаға дыбыстарды айыртқанда, балаға таныс сөздерді алып, дыбыстарға айырту керек. Жағрафияны оқытқанда тұрған ауылдан бастау керек”-деп құнды ғылыми пікір айтады [95,42].

Баланы іскерлікке тәрбиелегенде оған таныс нәрселерді үйретуден бастау қажет. Туған аулы, жақын туыстары, оған таныс нәрселері арқылы оны іскерлікке баулуы қажет, яғни адамның ең жақыны оның туған аулы, туыстары, оның жанына жақын сөздері яғни дыбыстары, міне осының барлығын баланың санасына сіңіру арқылы оның сүйіспеншілігін оятып, іскерлікке баулу қажеттілігін туғызу керек дейді. Демек белгіліден белгісізге, жақыннан жатқа көшіп отырудың қажеттілігін дәлелдейді. Дидактикалық бұл принципті ұлы педагог Я.А.Коменский де өзінің «Ұлы дидактика» атты еңбегінде атап көрсеткен болатын. М.Жұмабаев бұл жерде Я.И.Коменский идеясын басшылыққа алып отыр.

“Адамдардың бойында бейғамдық болса олар іскер болмайды»-, дейді. Бейғамдық туа да болады, жүре де болады. Бейғамдық екі түрлі, тіпті ешбір нәрсеге іскерлікті тоқтата

алмайтын адамның бейғамдығы һәм бір нәрселерге іскер болып, басқа нәрселерге іскер болмайтын адамның бейғамдығы. Бұл екі бейғамдықтың бастапқысы бір ауру деп атауға болады. Бұл – терең, ұзақ тәрбиені тілейді. Ал екіншісін зиянды бейғамдық деуге болмайды. Қайта мұндай бейғамдық данышпан адамдарда көп ұшырайды”-дейді Мағжан.

“Ес өмір үшін аса керек . Ес болмаса бүгін жаттағанын бүгін ұмытып тұрса, өмірінде адамның білімі артпас еді. Адам адам да болмас еді. Ес болса ғана адам білімді бола алады. Ес неғұрлым мол, бай болса, ой да терең болады. Терең ойлы адамдардың аса есті болғандығы бізге тарихтан белгілі. Балада ес болмаса, оған ешбір нәрсе үйретуге мүмкін емес. Сондықтан тәрбиеші баланың есті болуына аса көп күш жұмсау керек”-дейді ғалым. Адамның есін дамыту үшін оның өмірінде керек білімін, дұрыс ойлау қабілетін дамытып, терең ойлы азамат қалыптастыруға болатын мүмкіншіліктерін ашып көрсетеді.

“Баланың есту сезімін ілгерілету үшін біраздан балаға түрлі музыка құралдарының үнін естірте беру керек. Домбыраға түрлі күй тартып отырсаң, алдыңда отырған бала тырп етпей шын ынтасымен тыңдап отырмай ма? Баланың есту сезіміне аса көп әсер беретін бесік-жыры. Баланы қолына алған, баланың бесігі жанына келген ана аузына тас салғандай үндемей отырмасын. Жырлай берсін. Бала сөзін ұқпаса да күйінен әсерленеді. Жас балаға қазақтың “Әлди-әлди, ақ бөпем ” деп басталатын ескі бесік жырын жырлау керек. Бұл жырдың күйі де, сөзі де тәтті.”-дейді

Бала бесік жырын, домбыра үнін естіп, өссе оның бойында ұлттық сезімі қалыптаспай ма? Ана сүтімен, оның әлдиімен сіңетін үні, жыры оның өмір бойы есінде қалмай ма? Ұлттық сезімі бойына дарып өскен бала еш уақытта ұлтының намысына, арына кір келтірмейтіні анық. Педагог-ғалымның бала сөзін ұқпаса ұқпасын, күйінен әсерленсін, бесік жырының күйі де, сөзі де тәтті деп ұлтымыздың ұлттық қасиеттерін сәби күнінен бала бойына дарытып өсуін уағыздап, ұлттық тәрбие ғана ұлтжанды азамат болып өсуіне әсер ететін айтып отырған жоқ па? Ұлттық тұлғаның қалыптасуы ұлттық сезімді тәрбиелеуден басталатынын ғалым осылайша дәріптеген.

“Жанның терең түкпірінде жатқан ыстық сырларды ашып, шешіп беретін адам сөзінен қымбат дүниеде не нәрсе бар? Бізді сырт адамның жанымен шын табыстыратын нәрсе – есту сезімі. Бізді сыртқы жаратылыспен таныстыратын да осы есту сезімі. Егер жануарлардың жылауы, күннің күркіреуі, судың сылдыры сықылды жаратылыстың түрлі әуенін естімесек, жаратылыс бізге жансыз, мылқау болып көрінер еді”- деп автор есту сезімінің құдіретін табиғатпен байланыстыра қарастырады. Мағжан есту сезімі арқылы туған табиғатымыздың, ерекше қасиеттерін естіп өскен баланың табиғатты сүйіп бағалауы да ерекше болады деген Автордың түсінігінше жануарлардың шуын, судың сылдырын жастайынан естіп өскен ұрпақтың есту қабілеті дұрыс дамиды, ол баланың есту, сезіну қабілетінің дамуына оң әсер етеді дейді. Сонымен қатар табиғат аясында өскен өскіннің ой-қиялы да қарыштай түседі, бала қиялының дамуы табиғатты тамашалуымен тығыз байланысты, сондықтан баланы қиялдай білуге үйретіп, арманшыл етіп тәрбиелейік дегенді айтады. Есту сезімінің балаға әсерін ғылыми түрде дәлелдейді.

“Сөз арасында арнап қазақ баласының қиялы туралы бір-екі сөз айтып өтейік. Жаратылыстың құшағында, меруерт секілденген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып, өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті”-дейді [95,148].

Болашақ ұрпағының қиялын осылайша табиғат ананың ерекшеліктерімен теңестіріп, көк шатырды яғни көк аспанның астында малын өсіріп, жайқалған көк майсадай жасыл кілемнің үстінде, таза ауаны сіміре жұтып, түнмен бірге түнжырай түнеріп, күнмен бірге жарқырай күліп, желмен жарыса жүгіріп өскен қазақ баласының болашақта жарық жұлдыздай әлемге танылып, жан-жақты қабілетті ұрпақ болатынын автор сол кездің өзінде-ақ қиялымен шарлап, көз алдына елестете білген. Баланың қиялдап, армандап, ойымен жан-жақты шарлап өсуіне оның туған жері, ішкен суы, жұтқан ауасы, айнала қоршаған табиғат

ана әсер етпей қоймайтынын ғылыми түрде дәлелдеген. Оны ұлттық тәрбиенің өзегіне әкеліп тіреуі- тек ұлтын сүйген үлкен жүректі азамат тұлғасының отаншылдық сезімінің көрінісі.

“Тағы бір сөз. Орыс учительдерінің аузында және солардан сабақ алған қазақ ақындарының аузында бір сөз бар, дейді М.Жұмабаев. Ол – қазақ баласы әдебиет, тарих сықылды ғылымдарға зерек болмайды, бәлкі математика, есеп пәніне зерек болады деген ой мен бұл пікірді қате деп ойлаймын. Менің ойымша, қазақ математикаға емес, әдебиет, тарих, жағрафия, жаратылыс сықылды ғылымдарға зерек болуға тиісті. Дәлелім қазақ баласының жаратылысы осыны тілейді. Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы қазақ баласы да қиялқұмар болуға тиісті. Яғни ол әдебиет, тарих сықылды қиялды көп керек қылатын ғылымдарға ұмтылуға тиісті”-деп дәлелді пікір айтады.

Бұл пікірдің өміршендігіне талас жоқ. Қазақ даласының кеңдігі, әсем табиғаты, көк аспаны, мөлдір бұлағы, суының сылдыры, құбылжыған құстың сайрауы, биік тауы, жазира беткейі, тілмен жеткізе алмайтын тек қиялмен ғана шарлайтын көркем бейнесі әрине сол далада туып өскен адамның миына, қиялына әсер етпеуі мүмкін емес. Ол жайында талай құнды пікірлердің ғылыми түрде дәлелденгендігін білеміз. Шешендеріміздің шешендік сөздері, ақындарымыздың тасқынды жырлары, әнші, сазгерлердің әсем сазды әндері мен күмбірлеген күміс керней күйлері сол табиғат ананың тылсым тынысының әсерінен екендігі даусыз ақиқат.

Сондықтан әдебиет пен тарих пәніне де математика, есеп пәніне де дұрыс бағыт- бағдар беріп, бала бойындағы икемділігін аша білсек, қиялына қозғау салсақ, жан-жақты дамыған білімді, зерек, алғыр, қиялшыл ұрпақ тәрбиелей алатынымызға, барлық адам баласына тән игі қасиеттерімізді, қанымызбен сіңген ұлылығымызды ұрпақ бойына дарытып дамытуға болады.

Баланың үлкен азамат болып жетілуі үшін, өз ісіне өзі жауап бере алатын тиянақты, жауапты болып өсуі үшін оның бойында бала кезден қалыптасқан әдеті, үйренген іс-әрекеті болуы қажет. Әжесінің ертегісін естіп, ойыншықпен ойнап өсетін әр баланың өзіндік мінез-құлқы қалыптасады. “Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзін желге айтылғанмен бірдей. Егер сен өтірікші туралы ертеке айтсаң, сол ертеке өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне бала өтірік айтпау керектігін сонда біледі” - дейді Мағжан Жұмабаев. Бала кезінен келеңсіз іс-әрекеттің оның өмірінде зиян екенін ұғып, ертегі тыңдап қиялын жетілдіріп өскен баланың ойы ұшқыр болатыны түсінікті. Үлкендердің жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, айтқан ақыл өсиеті олардың іс-әрекетімен, сезімімен сәйкес келіп отыруын дәлелдеудің қажеті де жоқ. Адам айналасын көріп өседі, сол айналасындағылардың істеген іс-әрекетін өз өміріне пайдаланды. Тәрбиешілердің ең бірінші міндеті жақсыны жаманнан, пайдалыны пайдасыздан, керектіні керексізден ажырата білуге үйрету. Тәрбиені соған ыңғайлы етіп беру керектігін де Мағжан өз кезінде дәлелдеп кеткен.

Мағжан педагогикасында тәрбие ісі оқу үрдісімен тығыз байланыста қарастырылады. Бүгінгі қоғамды құрушы жан-жақты, білімді, саналы азамат тәрбиелеп жетілдіру ой еңбегін дұрыс ұйымдастырумен байланысты өрістемек. М.Жұмабаев баланы жастайынан ой еңбегіне төселдіріп жетілдіру ісі оларды дұрыс ойлай білуге үйретуден басталады деп қарады. Ол өзінің Педагогика атты еңбегінің «Ойлау» деген бөлімінде: ойлау ұғымы, ұғым хәм оның жасалуы, ұғым мен суреттеу арасындағы айырма, ойлау мен қиял арасындағы айырма, ұғымның іші хәм ауданы, ұғымның іші мен хәм ауданының арасы, ұғымдардың ішіне қарап бөлінуі, жалаңаштау, ұғымдардың қомағына қарап бөлінуі, жалпылау хәм шектеу, категория деп іштей 11 бөлімшелерге бөліп, осы аталған бөлімшелердің әр қайсысына анықтама беріп, дәлелдеп өмірді тіршілікпен байланыстыра түсіндіруге тырысқан. “Ойлау ” – адам соның арқасында заттар мен шындық құбылыстардың, олардың елеулі белгілері бойынша бейнелейді – ретін және олардың ішінде сондай-ақ арасында болатын әр түрлі байланыстарды ашатын “психикалық процесс ”-дейді. Ол:“Барлық танымдық процесстердің арасындағы ой ең күрделісі болып есептеледі. Ойдың ерекшеліктері оны қабылдаумен салыстырғанда айқын көрінеді”-дегенді де айтады.

Шындығында да ойлау, ой ұғымдары адам баласына қатысты танымдық үрдістің ішінде ең күрделісі. Адамның ойы өте ұшқыр, жүйрік. Ойыңмен талай іс–әрекеттің, сөздің басын шалып, лезде жан – жақты аралап шығасың. Адам жаратылысы қаншалықты күрделі болса, оның ойлау процесі де соншалықты жұмбақ. Біздер, яғни ересектер ата ана, тәрбиешілер, ұстаздар қауымы баланы жастайынан бастап сонау ер жетіп есейгенше, тіпті өз бетінше, жеке өмір сүріп жатқан кездің өзінде де ойлай білуге, кез–келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға үйретіп, дағдыландыруымыз қажет. Ойлау адам бойындағы – адамдық қасиеттің ең жоғарғысы. Адамды адам ететін оның ойы, санасы, ақылы, қиялы. Адамның жеке басы, оның мінез–кұлқы, сенімі адамдармен тіл табыса білуі шешуші маңызға ие болатын болса, ол осы қасиеттерге ойлай білу арқылы да қолы жетеді.

“Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын, тұрмысы қалай өзгертетінін білмейтін бір саңылау соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған себептерді табады. Келешекте оларға ие болатынын ойлап шығарады, келешекті болжай алады. Қысқасы, ойлай білетін адам – шын мағынасымен,-адам дегенді айтады”[95,160].

“Ақыл ісі әсерленуден басталып, суреттеу, ес, қиялдан өтіп, ойға жетеді екен. Ақылдың осылайша басқыштап өркендеуін білген тәрбиеші сөз жоқ балаға дұрыс тәрбие қылу жолын білуге міндетті”, -дейді Мағжан /95,161/.

Сана–сезімін, рухани жан–дүниесін дамытып, адамзат жасаған рухани байлықтарды меңгертіп, оларды өмірде қолдана білуге үйрету, яғни баланы дұрыс ойлай білуге үйрету, дұрыс түсініп, кез–келген нәрсені ақылға салып болжай білуге қалыптастыру ол үлкен жауапкершілікті қажет ететін іс. Бұл ұстаздар қауымының қасиетті борышы. Тек жоғары сауатты, дарынды да, қабілетті, өз Отанын сүйетін ұстаз ғана ұлтын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелей алады.

“Егер сіз алдын ала бір жылды меңзесеңіз, күріш егіңіз; егер сіз алдын ала жүз жылды меңзесеңіз, ағаш отырғызыңыз; егер сіз алдын ала бүтіндей бір мәңгілікті меңзесеңіз Адам тәрбиелеңіз” деген ежелгі заман даналарының сөзі адам тәрбиесінің аса күрделі де жауапты ұғым екенін, ерінбей-жалықпай ұзақ еңбекті қажет ететін аса қиын процесс екенін білдірсе керек.

“Ойдың тілі–сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз, Һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. Сөз болмаса адамда білім де болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жаңа суреттер, ұғымдар тұрмас еді. Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің ең қымбаты – ой, ой тілі – сөз”-дейді Мағжан Жұмабаев[95,162].

Адам өзінің барлық ойын, ішкі сезімін, жан құблыстарын, қуанышы мен ренішін, түсінігін сөз арқылы ғана басқаларға білдіре алады. Ол адамның білімін, түсінігін, ой өрісінің қаншалықты дамығандығын, ақыл-парасатын оның сөзі арқылы бағалаймыз. Біздің халқымыз “Сөз тас жарады, тас жармаса бас жарады”, - деп тегін айтқан емес. “Айтылған сөз, атылған оқ” дегенді де дана халқымыз бекер айтпаған. Бір ауыз сөздің адам жанын жадыратып бақытты қылуға да, бір ауыз сөздің адам жанын тұнжыратып бақытсыз қылуға да құдіретінің жететінін білетін елміз. “Сөз құдіретін” бойына сіңірген ұлттық дара тұлға қалыптастыру арқылы ұлттық болымысымызды сақтаймыз. Ғалымның “Тілдің адам өмірінде Һәм ұлт өмірінде ұстаған орны ерекше” деген ой пікірлерінде үлкен философиялық ұғым жатыр [95,162].

М.Жұмабаев ұрпақ тәрбиелегенде кез-келген көріністерге терең тоқталып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп беруге тырысып отырған. Адам баласының ішкі сезімі міндетті түрде сыртқы болымысына, өмір сүруіне, елмен емін-еркін қарым-қатынас жасауына әсер етпей қоймайтындығына да көптеген дәлелдер келтірген. Мәселен “Ішкі сезім көріністері” деген

тарауында “Ішкі сезімдер”, “Ішкі сезімдердің жасалуы”, “Ішкі сезімдердің сыртқа шығуы”, “Сезімдердің бөлінуі” т.т. деп бөлшектей отырып, оларды тәрбиелеп жетілдірудің жолдарын ашып көрсеткен.

“Ішкі сезімдер екіге бөлінеді: өзімшілдік (эгоизм) ішкі сезімдер һәм көпшілдік (альтруизм) ішкі сезімдері, кіндігі өзімізде болған, яғни біздің не әлсіздігімізді, не күштілігімізді көрсететін ішкі сезімдер өзімшілдік ішкі сезімдер деп аталады. Ұялу, қорқу, ашу, жек көру, тәкаппарлық, күншілдік сықылды. Ал енді басқа адамдар һәм жаратылыс үшін болатын ішкі сезімдері: достық, аяу деп”-аталады дейді. Ғалым адам сезімін осылайша бөле отырып, оның дұрыс тәрбиеленуі бала кезден басталады дегенді айтады. Өз сезімін өзі игере алатын адамда ұялу қасиеті бар, тәкаппарлық қасиетін де дұрыс пайдаланатынын, дұшпанын жек көретін күншілдік сезімнен аулақ болатын адам тәрбиелеуді мақсат еткен. Ол үшін тәрбиеші қауымның яғни ата-ананың, ұстаздардың дұрыс мінезді болуы керектігін педагог-ғалым Мағжан Жұмабаев айтып кеткен.

М.Жұмабаев “Бала жүргенде, сөйлегенде ата–анасындай болуға тырысады. Ата-ана қатал болса, бала да қатал; ата–ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Қымс етсе ашуланып, ақырып–бақырып қоя беретін ата–ананың баласы да сондай. Сондықтан баланың маңайындағы адам дұрыс мінезді болу керек” деп көрсеткен. Мағжан айнала қоршаған адамдарға мейірмен қарау, не болса соған ашуланбау, түсініктікпен келісімге келу адам бойындағы ізгі қасиеттерінің бірі деп санайды. Ақылсыз адам ғана ашуланшақ болады. Өте ашуға үйірлі болмау керек, деп ұрпағын байсалдылыққа тәрбиелеуге үгіттейді.

“Ашуланған бала сол ашуды туғызған нәрседен өш алуға ұмтылады. Балаға өш алдырып үйретпеу керек. Адамнан, малдан өш алдыру былай тұрсын, жансыз нәрседен де өш алдыру дұрыс емес. Мысалы, табалдырыққа сүрініп жығылған балаға табалдырықты ұрғызу яки ұру жөнге келмейді. Өш алдырып үйрету баланы малға, жанға – бәріне де қайырымсыз, қатал етіп шығарады” деп, «Ақырып айтқаннан, ақырын айтқан ақыл артық» дегенді меңзейді. Бала айналаласындағы қоршаған заттардың бәріне сүйіспеншілікпен, мейріммен қараса, сөйтіп, ізгілік қасиеттерді бойына сіңіріп өссе дейді.

“Білмегеннің білмегенін кешірмесең, білгендігің қайда?”,- дейтін халқымыздың ұлылығын бойына сіңіріп өскен ұрпақтан ұлтымыздың үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік қасиеті ұрпақ бойына сіңіріліп тәрбиеленудің, ертеңгі болашағы үшін таптырмас байлық екендігі даусыз, Мағжан оны дер кезінде көре білген ғалым. Оның ізгілік туралы айтқан ойлары үшін де ұрпағы оған тағзым етеді.

“Нашар істен, бала сол істің нашарлығын біліп тыйылып, сол істің нашарлығын іспен көрсету керек. Нашар істің нәтижесі де нашар болатынын бала сезініп білсін. Мысалы, «өтірік айтқан адамның сенімі кетеді, ұрлық қылған адамның қадірі кетеді” деп баланы сендіру керек, оны қорқытып, ұрып, үрейлендіріп тәрбиелеуге болмайды. Балаларымыздың бойына мейрімділік пен сергек сезімді ұялатып тәрбиелеу керектігін уағыздайды. Оны тек сөзбен ғана емес, іспен көрсету қажет, дейді. Өзіне-өзі сенетін, өзін қоршаған ортада ретсіз мен-мендік көрсетпейтін, орынсыз тәкаппарлығы жоқ адам ғана сыйлы бола алады, деп түйіндеген Ондай адамдарды “ұялу сезімі” бар адамдар дейміз. Қазақ -“өлімнен ұят күшті” деп айтқан халық.

Мағжан жас ұрпақтың бойына ұялу сезімін дарытуға да көп көңіл бөліп, оларды орынсыз ынжық болмауға, жасқаншақ қылып алмауға және де ылғи өзіне риза болып шектен шыққан тәкаппарлықтан аулақ болуға тәрбиелеу қажет дей отырып, “Ұялту, келемеж қылу баланы жақсылыққа, жоғарылыққа ұмтылатын барлық ынтасын байлап, баланы жасық, ынжық қылады. Бала қорғаншақ, өзіне–өзінің сенімі жоқ, жасқаншақ болады” деп ескертеді. Ұялудың да орны бар, ұялтудың да жөні бар дей отырып, ұрпақ тәрбиесіне өте мұқияттылық қажет деген. Біз өз халқымыздың өзіндік ерекшелігін, ұлттық сипатын бала бойына дұрыс қалыптастыра отырып, ұлттық қасиеттерімізді сіңіре аламыз. Ұрпағымызбен ғана көріктіміз. Бұл жолда не нәрсе істесек те яғни “тәрбиеші баланы ұялтып жаза қылуға өте сақ болуы керек”-деп түйіндейді. Оның бұл көзқарасы кеңестік дәуірдегі А.В.Сухомлинский,

А.В.Давыдов, Элконин, Амонашвили т.б. педагог-ғалымдар да кең түрде насихаттап жүрген ынтымақтастық педагогикасының қағидаларымен сәйкес келеді.

Адам баласына тән сезімдердің бірі – күншілдік ішкі сезімдері. Адамдардың қуанышына ортақтасып, күншілдіктен аулақ болу – адамдықтың белгісі. “Біреудің қуанышына ортақтасу орнына адамда күншілдік пайда болады. Бұл жалпы адамдықтың бір төмен, ұнамсыз мінезі. Бір ғалым айтыпты: қайғыға ортақтасу үшін, адам болу жетеді. Қуанышқа ортақтасу үшін, періште болу керек. Тәрбиеші, бала бойында осы мінезді де әлсіретпегуге ұмтылуы керек.”-дейді. Ұрпағымыз күншілдік қасиеттен аулақ болып, біреудің бақытына, қол жеткен табысына қуана білсе ол – үлкен бақыт. Осы бақытты сезімді ұрпақ бойына сіңіріп тәрбиелеп, күншілдіктен аулақ болуға үйрету керек. Бұл айтылған игі істерді де ғалым–педагог өзінің еңбектерінде терең тоқталған.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев Астанадағы салтанат сарайында мұғалімдердің кәсіби мерекесіне орай республиканың жалпы білім беретін және кәсіби мектептерінің қызметкерлерін қабылдаған кезіндегі сөйлеген сөзінде былай деген болатын: “Адам бойындағы ең асыл қасиеттер-ізгілік пен білімділік дейтін терең мәнді сөз бар. Адам жанына осы асылды дарытушы- мұғалім. Сіздер біздің тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін қалап жатқан адамсыздар. Бұл ешқандай асыра айтқандық емес. Өйткені ел болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тағдыры болса, олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші сіздердің – ұстаздардың қолында. Мұғалімнің бүкіл өмір жолы жақсылық пен қайырымдылыққа, халық пен мемлекет алдындағы рухани, өнегелік борышқа толы.

Тек жоғары сауатты, дарынды, дана, әрі отансүйгіш мұғалім ғана лайықты ұрпақ тәрбиелеп шығара алады. Мұғалім балаларға білімдер жиынтығын беріп қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы – оларды өмір бойы үйренуге үйретулері керек”-деп мұғалімнің қоғам мен адам арасындағы жауапкершілігіне тоқталады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде оның өміріне ең бірінші әсер ететін адам ол - мұғалім. Сондықтан да оның істеп отырған тірлігі ең жауапты да қасиетті іс. Оның қателесуге хақысы жоқ. Ол бұрын да, бүгін де, ертең де айтыла береді, зерттеле береді. Мағжан Жұмабаев та сол кезде бұл істің жауапты екендігін терең түсінген. Ұрпағының келеңсіз әрекеттен аулақ болып, сұлулықты еркін сезініп өсуін қалаған.

Бұл еңбектің “Сұлулық сезімдері эстетика” деген бөлімінде “үлбіреген гүл, күңіренген орман, сылдыраған су, былдырлаған бұлақ, шетсіз – түпсіз қара, көк теңіз, түрлі шөптер мен толқынданған дала, бұлтпен таласқан биік тау, күннің ойыншыл алтын сәулелері, ерке сұлу ай, жұлдызды түн, міне осылар сықылды жаратылыстың сұлу заттардың, көріністері сиқырлы сөз сұлу картина сықылды адам жанында бір ләззат, бір сұлулық толқынын туғызбай қоймайды”,-деп табиғаттың адам жанына әсерін шабыттана суреттейді

Туған табиғатымыздың әсерлі бейнесін сұлу сөздерімен сипаттай отырып, жастарды сұлулыққа, оны сүйуге, сұлулықтан ләззат алуға, сол жолда тынбай ізденуге шақырады. Бұлақтың былдырын, судың сылдырын, орманның күңіренгенін, жапырақтың сыбдырын, теңіздің гүрілдегенін естіп, сезініп, тазалыққа сүйсініп, сұлулыққа тамсанып өсірген ұрпағымыздың жаны жадыраңқы, көңіл-күйі дұрыс, ұғымы терең болып тәрбиеленеді дегенді айтады. “Қазақ жұртқа күлкі болмайын десең, жаман мінездеріңді таста, балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе оған ауру үйір болмайды”-дейді.

“Адам өзінің әрбір ойына, ісіне ішінен баға беріп отырады. Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім туғызады. Адамға қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретін ой һәм іс ізгілік деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе. Ойдың яки істің ізгі яки жауыз болуына қарап, сол ойға яки іске іштен баға бергенде, адамда болатын жағымды яки жағымсыз сезімдер құлық сезімдері деп аталады”-дейді Мағжан Жұмабаев. Біз жас ұрпаққа тәрбие беру барысында адам бойындағы игі қасиеттердің бірі – оның ізгілік қасиеті дейміз. Ізгіліктің өзі дұрыс тәрбиеден оның бойындағы жақсы қасиеттерін көріп оны әрі қарай дамытудан шығады.

“Адам ақылы тереңдеген сайын дүниеде ол жалғыз өзі тұра алмайтындығын, басқа адамдармен бірге тұруға мұқтаждығын, өзінің ойын һәм ісін басқа адамдардың ойлары һәм істерімен қабыстырып отыруға міндеттілігін, яғни өз басына келетін пайдаға ұмтылып, өз басына келетін зияннан ғана безбей, басқа адамдарға да пайда келіп, зиянның болмауын тілейді, ақылы тереңдеген сайын осыларға ұмтылатын болады. Сөйтіп, адамның құлық сезімдері осылайша тереңдейді”-дейді Мағжан.

Адамның өзін сүюден басталатын сезімі жер жүзіндегі барлық адамзатты сүю сезіміне алып барады. Бұл көріністі - ізгілік дейміз дейді Мағжан. Адамның шын мағынасында адам болуы ол тек өз жақындарын, өзіне қатысты адамдарды ғана сүйіп қоймай, дана Абай айтқандай жалпы адамзатты сүюі. Халықтар бірін-бірі дос көрсін, өз халқының ұлылығын ғана емес өзге халықтың да тыныштығын, амандығын ойласын, ол адам бойындағы ең жоғары қасиеттің бірі – ізгілік қасиеті деген. Осылай деп М.Жұмабаев ізгілік қасиеті бар өз ұясын сүйетін, өзге ұлттың да жыртысын жыртатын ұлттық тұлға қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдеген.

М.Жұмабаев өзінің бұл еңбегінде (Педагогика) дінге байланысты да құнды ой – пікірлерін айтқан. Адам ізгілік іс істесе өзін “Тәңірдің” құлымын, пендемін, сондықтан жауыздықтан аулақ болу, тәңірден қорқу парызымыз болу керек деп есептейді. Тәңірге жағу үшін оған құлшылық етіп, сол үшін кемшілктен безу, жауыздық істемеу керек, адам баласын жамандықтан аулақ болудың бір жолы “дін сезімдері” деп көрсеткен.

“Ізгілік істесе, тәңірінің көңілін табуға, разылығын алуға, махаббатын тартуға яғни жұмаққа кіруге сену. Жауыздық істесе тәңірінің наразылығын алуға, ашуына, қаһарына ұшырауға, яғни тамұққа кіруге сену. Міне, дін сезімдерінің негізі- осы. Осы дін сезімдері күшті адам, яғни тәңірінің барлығына, құдіретіне сыйынып, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек”- деп Мағжан ізгілікке тәрбиелеуде діннің адам өмірінде алатын орнын жоғары бағалайды [95,176].

Мағжан Жұмабаев “Мұхамбет пайғамбар сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле” – депті. Сондықтан, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек,- дей отырып бала тәрбиесінің мазмұны мен мағынасын оның шынайы адам болып қалыптасуындағы орнын педагогикалық және психологиялық тұрғыда дәлелдейді. “Тәрбие деген - баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көр бала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу-тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам етіп шығару деген сөз. Қалса өзін, асса- барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйретіп ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді шеше алатын, тұрмыстың тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолында құрбан бола білетін, қысқасы адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі яғни «тұлға» етіп шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек”,- деген Мағжан [95,186].

Бұл күні бүгінге дейін ұстаздар қауымына қойылып келе жатқан педагогикалық берік ұстаным.

3.4 Ұлттық идея мен ұлттық теңдікке өлшеусіз үлес қосқан ұлт тұлғасы (Міржақып Дулатұлының әдебиетке қосқан үлесі хақында) (1885—1935)

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін Міржақып Дулатұлының шығармашылығынсыз көзге елестету қиын. Ол қазақ әдеби процесінде маңызды тұлға. Көптеген жылдар бойы оның есімі еске алынбады, алашордалық жау ретінде көрсетілді. Алайда, 1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі Абай өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», үшіншісі «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатұлының публицистикалық- лирикалық жинағы.

Қоғам қайраткері, ақын С.Сейфуллин сол кездегі қоғамдық өмірге баға бере келіп, «Қазақ зиялылары хақында» деген мақаласында: «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жылдан бастап-ақ... революциялық идея, ұлттық теңдік пен азаттыққа үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының ол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды», - деп жазуы тегін емес

Міржақып талантының нағыз шырқау биігі езілген қазақ халқының тарих сахнасына шыққан революциялық күрестер мен шайқастар дәуіріне дәлме-дәл келді. Болашаққа деген нық сеніммен жігерленген Міржақып, өз творчествосын қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы күресімен тығыз байланыстыра, халықты оятуға, білімге, оқу-ағартуға үндеді. Міне, Міржақыптың «Оян, қазақ!» атты кітабы (1909) дәл осындай уақытта жарыққа шықты. Ақын жинағында саяси сарын басым екендігін байқаймыз. Бұл кітап қазақтар үшін ұлт-қозғалыстың алғашқы бағдарламалы құжатындай болды.

Міржақып азаттық қозғалысының саясатын берік қалыптастыруды және оған бұқара халықты кеңінен тарту мақсатымен өзінің кітабында этикалық қалыптарға көңіл бөліп, оның екі түрлі бағытын көрсетеді. Алғашқы бағыт – азаттық күресі идеясы, ерік бостандығы (хуррият), адамгершілік (инсаният), өнегелілік (хакка ниет), екінші бағыт – қайырымдылық (хайыр), мейірімділік (ихсан) және өзара көмек (жәрдем). Сондай-ақ сыртқы жаумен емес, ішкі жаумен – қараңғылықпен, басқыншылардың әскери күшіне өнер күшін, өнер құдіретін қарсы қоя отырып күресуден көрінетін зорлық-зомбылық жасамау, күштемеке идеясы.

Этикалық нормалар көмегімен Міржақып адамның жеке басының ерекшелігіне негіздеп, әлеуметтік әділетсіздіктің түп-тамырын ашты, ұлтына, тіліне, дініне, сеніміне қарап адамдарды езгілеуді мінеп-шенеді.

Әдебиет сыншысы С.Сәдуақасұлы Міржақыптың шығармашылығы туралы пікір білдіргенде, оның ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері және жазушы-публицист екендігіне ерекше назар аударған. «Оян, қазақ!» жинағына енген өлеңдер туралы айтқанда Міржақыптың Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығына берген бағасымен сипаттауға болады: «Ахмет Байтұрсынұлы өзінің өлеңдерінде махаббат туралы, әйел туралы, табиғат туралы жарламайды, онда лепірмелі көп сөз де, қанатты сөздер де жоқ. Ол қарапайым да, түсінікті қазақ тілімен еркіндік туралы, ұлт туралы, езілген және артта қалған қазақ ұлты туралы жырлайды, ұлтты білімге, еңбек етуге және ғасырлар бойы ұйқыдан құтылуға шақыра отырып, әрбір қазақтың санасында адамзаттық сезім оятады».

Міржақыптың азаматтық поэзиясының философиялық – эстетикалық тұғыры

«Оян, қазақ!» кітабының алғашқы жолдарынан бастап-ақ Міржақып поэзиясының азаматтық бағыты аңғарылады. Ол халықтың ғасырлар бойы меңіреу ұйқыдан оянып, өзінің артта қалғанына көз жіберуге, халқымыздың аяқтан шалатын әдеттерін айыптап, өнерді үйренуге шақырады. Осы мәселелерді шешпейінше, халықтың нағыз шын бостандыққа жетпейтінін уағыздайды. Ақын:

Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,

Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.

Ғалым мен мағрифатты керек қылмай,

Надандық шәрбәтіне қанықпыз ғой,-

Деп ашына жазады. Патша өкіметінің дала өлкесінде өткізіп отырған, болыстық және ауылдық басқарушылар сайлауы, халыққа қисапсыз көп шығын әкелді, жікшілдікті күшейтті. Соның нәтижесінде патша өкіметінің жаңа заңдары ел ішін іріте түсті. Осы тәртіптерді сынай отырып, азамат ақын ар-ұждан биігіне шақырады:

Ағадан іні айырылды, атадан ұл,

Ағайын арзандады, қымбаттап нұл.

Сатылды газиз ұждан аз ақшаға,

Ғәләмәті надандықтың емес пе бұл?

Патша өкіметінің басқыншылық саясатын әшкерлей отырып, интернационалист ақын өз отандастарын орыс тілі мен мәдениетін үйренуге де үндейді:

*Орысша білмек қазаққа бек ләзік,
Россияда болған соң біздің тұрақ.
Сусыныңды бар-дағы қандырып ал,
Мысалы ғылым жатқан ағып бұлақ.*

Ақын мәдениет пен ағарту жұмыстарын саналы өркендету үшін қазақ газеттері мен журналдарына ден қояды:

*Газет, журнал оқы да мағлұмат ал,
Көз жіберіп һәр іске салып құлақ.
Аршын жұтқан кісідей қақырайма,
Намыстанбай білгеннен үйрен сұрап.*

«Оян, қазақ!» өлеңдер жинағында қазақ халқының болашақ буыны – жастарға ерекше үміт артып, оларды туған елінің оятушысы деп санайды:

*Ғылым үйрен, ашылсын көзің жастар,
Тәрбиеле өзіңді – өзің жастар.
Өзің біліп ешкімге айтпай қойма,
Білгеніңді тезірек халыққа шаш, бар.*

«Оян, қазақ!» кітабы ақынның философиялық – эстетикалық көзқарастары хақында да сыр толғайды. Араб философиясын үлгі тұтқан, оның кітабында жақсылық пен жамандық, еркіндік, азаттық, адалдық, сұлулық, абырой, сыпайылық, байлық, кедейлік т.б. туралы эстетикалық категориялар баршылық.

Бұл кітапты терең түсіну арқылы мынадай ойға келдік: бұл – әдебиеттік мақсатта құрылмаған – саяси шығарма. Бұл хақында ақын өзінің негізгі нысанасын былай білдірген:

*Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.
Қайғы мен хәл мүшкілін білдіргенім,
Ұйқыда жұрт жатқан соң гафыл болып,-
деген жолдардан ұлы Абай әсері танылады. Ол:*

*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,-
деп жазған еді ғой.*

Міржақып қазақ халқы үшін басты этикалық категория азаттық, ағайындық пен теңдік деп білді. Тек отаршылдықтан азат болған жағдайда ғана ағайындық пен теңдік қатынас бекіп, ұлттар оянып, гүлдене түседі деген тұжырымға келеді:

*Айнымай тұтқан жолын болсаң мынау:
Азаттық, ағайындық, теңдік сұрау.
Тайсалмай дұрыстыққа жанды қисаң,
Борышы адамдықтың сонда тұр-ау...*

Немесе:

Болсын гақылына малың серік,

*Үнерлі сегіз қырлы сырың берік!
Дүние аз күн қонақ мысалында,
Болғаны жақсы емес пе өзінде ерік.*

Міржақып адамзаттық сапаларды былайша бөледі: «жау жүрек», «тауфик» (сыпайлық), «абырой», «шешен тіл», «терең білім», «көңіл шебер», «ихсан» (мейірімділік), «иганат» (қайырымдылық), Міржақып өзінің рухани ұстазы, Абай тәрізді жамандық атаулыға жалпы адамзаттық өрелі өлшемдерді қарсы қояды:

*Тауфиқлы, инабатты болсаң, жігіт,
Құрметтер халық сені дәрежелеп.
Уағдасыз өтірікші болсаң егер,
Баддұға оқыр соған әркім қарғап.*

«Талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рахымды» Абай адамдағы бес түрлі моралдық сапалық белгілер деп таныды, ал «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек пен бекер мал шашпақ» - адамның бес түрлі жауы дейді.

Міржақып байлардың менмендігі мен ақымақтығын өткір сатирамен түйрейді:

*Гимметсіз байларымыз бәрі нада,
Хайыр, ихсан, иганатдан аулақ қашқан.
«Анау артық, мен кейін қалам ба?» деп
Өзді өзі хәсәтілікпен құр таласқан.*

Одан әрі ақын былай деп үн осады:

*Файданды жақсы болсаң тигіз көпке,
Жатырқап неш адамды сыртқа теппей.*

Автор өз шығармаларының халықпен тіке байланыста болу үшін диалог формасын пайдаланады. Ол өзінің ғибрат сөздерінің «желге ұшпасына» сенеді. Өнегелілік жайлы өлеңдерде, сұрақ формасы арқылы, философиялық ойлауы айқын аңғарылады:

*Білдің бе: досың қандай, қасың қандай?
Болмаңыз көрсе қызар көрінгенге.
Байқаңыз: фасық қандай, асыл қандай,
Енеңді шыға беріп кетер боқтап...*

*Көз жібер: олақ қандай, тәсіл қандай?
Фасықтар ер қадірін қайдан білсін.*

*Көрмейді ой жіберіп нәсіл қандай?
Файдасыз мылжың сөзді әркім айтар.*

Автордың философиялық категорияларға ден қоюына қазақ сахарасында кеңінен өрбіген философиялық ағымдар ықпал еткен болады. Алғашқы ағым, біздің пайымдауымызша: әл- Фараби, Бұқар жырау, Қаз дауысты Қазыбек, Абай, Ғұмар Қараш есімдерімен ерекшеленсе, ал екінші ағымдағы: Ахмет Иассауи, Шортанбай, Мұрат, Дулат, Шәкәрім есімдерін атауға болады. Алғашқы ағымның өкілдері – идеяның негізін материалистік тұрғыдан қараса, екіншілері, діни этика төңірегінен іздеді. Міржақып өзіндік ой-көзқарастары бола тұра, бұл екі ағымның дамуын заңды деп есептеп, олардың идеяларын шығармаларында кең қолданды.

Абай «Отыз жетінші» сөзінде былай деп жазады: «Сократқа у ішкізген, Ионна «Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал». Міржақыпта туған елінің көзінің ашуына тер төгіп жүргендіктен өмірдің ащы-тұщысына жазылған сөздеріне назар аударады:

*Зәрәше халыққа пайда келе ме деп,
Бұл өткен сол ниетпен қызметім.
Қиыстырып кәфари хал айттым назым,
Көтеріп оқушының көңіл шатын.
Сезімді жауып қойма халыққа тарат,
Тілейтін құрбылардын бір хәжәтім.
Аз жасап өмірде көрдім көп іс,
Ретін шамалауым халықтың тегіс.
Қаралас һәр қайсысы көрінеді,
Бірі артық, біреуі кем дейтін емес.*

«Оян, қазақ!» кітабының өн бойында жақсылық пен жамандық туралы философиялық ой тайталасқа түсіп отыр.

Міржақып жамандық дегенді қалай парықтаған? Біз кітаптың алғашқы тарауынан-ақ, патшаның саясатының халықтық ілгерілеуіне енжарлық туғызғанын байқаймыз:

*Мың жеті жүз отыз бір санасында
Біз кірдік Руссияның фанасына.
Һүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықпас кім қазақтың баласына...
Кір жуып кіндік кескен қайран жерлер,
Мұжыққа, қош аман бол, барасың да.
Қасиетті бабамыздың зияраты,
Қалдың зой көшесінің арасында.
Моншаға зираттың тасын алып,
Ағашын отқа мұжық жағасын да
Таба алмай бір барғанда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың да.*

Міржақып жамандықтың тамырын, қазақтың надандығынан, қала салмайтындығынан, егін екпейтіндігінен іздейді. Бұл ойын ол «Оян, қазақ!» кітабында айқын көрсетеді.

Суреткер ескі тұрмысты міней келіп, өз халқын әлем мәдениетінен үйренуге шақырып жақсылыққа қарай үміттендіреді: «...һәр халықтың күші һүнер болса, һүнерге аллатағала қасында һүмәтті саясында біз қазақтар да артық болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін жойып, көңілін ашып мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық...»

Ақын ойынша, егер халық игілігіне пайдалы нәрсе әкелмесе жақсылық әркез жақсылық емес:

*Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымның болса-дағы ұшан-теңіз...
Пайда жоқ өз халқына қызмет етпей.
Кейде жамандық жақсылыққа себеп болады:
Ішінде темір тордың шынжырлаулы,
Жатқанын көрмеймісіңқайран халқың.
Көп қуып, қорқақ едік, батыр қылды,
Біздерге енді не бар аянатын?*

Міржақып қытай ойшылы Лао Цзы пікірін ұстана отырып, жақсылық пайдалы түрде алға шығуы керек деп санайды. Ақын дін туралы ойларында мұсылман деген сөз және қазақ дәстүрлері өзінің мәнін жойып бара жатқанын өкініш сезімін білдіреді:

*Дегенмен «мен мұсылман» іс бітпейді,
Бұл күнде жұрттың бәрі күн күтпейді.
Қазақша киім киіп сөйлегенмен
Мойныңнан фарыз, уәжіп бір түспейді.
Сондықтан қазақ жастарының алға қойылатын бірінші талап:
Әуелі үйренетін бір ғылымның,
Өзіңнің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.
Бұйырған, тыйған ісін шарияттың:
Секілді фарыз, уәжіп мұны ұғуың.
Хат жазып, түркі танып, құран оқып,
Қираат қағидамен жүргізуің*

Ақынды қазақ халқының қоғамдық жағдайы, жер мен дін мәселелерімен бірге әйел тағдыры, патриархалды өмірдің қалдықтары да ойлантады. «Жесір дағуалары хақында» атты тарауында қазақ әйелінің тұрмысн айқын көрсетеді. Міржақыптың өткір сатирасы, феодалдық дәуірден қалған қалың малды, әмеңгерлік салтты қатты түйрейді:

*Біздің қазақ халқының бір гадеті,
Шарият низамда жоқ бұл гадеті.*

Шындығында мұсылман діні әйел теңсіздігіне, оның қалың малға сатуға қарсы. Сол себепті де автор, қазақ байларының осындай аяусыз әділетсіздіктерін қатты әшкерлейді.

XX ғасырдың басында шетел капиталының Қазақстанға тарала бастауы байлар мен кедейлер арасында наразылықты күшейтті. Міржақыпқа қазақ даласында пайда бола бастаған тап күресі жат еді. Бұл жөнінде ақын: «Бай болып һүнер білсең тіпті жақсы...», - деп жазған еді. Ол үшін бағалысы, оның отандастары Байлықты Біліммен біріктірсе материалдық және рухани өркендеуіне жол ашылады:

*Тым артық кедей болсаң оқығаның,
Білгенге қиын емес кету байып.
Мағлұмсыз ал дәулеті уақытша
Бүгін бай, ғажап емес ертең ғариб.*

*Дүниеде кедейлік жоқ өнерпазға,
Түседі ләхытқа бірге барып.
Мысалы надандықтың қараңғы түн,
Білгеннің жүрген жері бәрі жарық.*

Ақынның ойынша, адам материалдық жағдайымен қоса рухани әлеім тұрғысынан да жұтаң болса, онда екі есе бақытсыз болғаны:

*Малға кедей болғаның жетілерсің,
Ғылымға кедей болғаның өкінерсің.
Хазірде құлағыңа кірмесе де
Файдасын ақырында бір білерсің.*

Сонымен, жетпіс жылдай мадақталған коммунистік идеяны таразылай келіп, біз қайтадан Міржақыптың ақиқат ойлары мен өлшемдерінен тұратын «Оян, қазақ!» кітабының күдіреттілігіне басымызды иеміз. Ұзақ жылдар бойы мәдениетімізді, тілімізді, тарихымызды, ұлттық дәстүрлерімізді жоғалтып ала жаздаған біздің қоғамымыз оянды ма, әлде жоқ па? деген сұрақ еріксіз ойға оралған сәтте, Міржақыптың «Оян, қазақ!» деп салған ұранының мәртебесі биіктей түскендей болады.

3.5 М.Жұмабаев - ұлт тағдырына өмірін арнаған тарихи тұлға.

Құрманғазының ғажайып күйлері, Мағжанның мөп мөлдір лирикасы Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңғалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың философиялық талғаулары ынта ықылас қойған Әрбір адамның ішкі жан дүниесін байыта түсері анық.
(Н.Назарбаев)

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани болмысы ХХғасырдың басында ерекше тегеурінмен сілкіне оянды да, қоғамдық ой сана толық мәнінде жаңғыру дәуірін бастан кешті. Сол жаңғырған қоғамдық ой-сананың көш басында ұлт тағдырына өмірін арнаған тарихи тұлғалар болды. Оларды Ғабит Мүсірепов "алыптар тобы" деп атады. Алыптар тобы қазақ халқының дербес мемлекеттігі, әлеуметтік экономикалық нығаюы, ұлттық рухтың оянуы, мәдени рухани жаңғыруы сияқты кесек-кесек мәселелердің жалынын ұстап, нақтылы әрекеттерге мұрындық бола білді.

Өкініштісі, осынау тарихи кезеңдегі серпілістің тозбас мұраттары соңғы екі-үш буын ұрпақтың көзі мен көңілінен таса болып келді. Тоталитарлы-социалистік жүйе алыптар тобын жаппай репрессиялап, олардың озық ой-идеяларына тыйым салды. Нәтижесінде ұлттық сананың сабақтастығы үзілді.

Тарихқа кеткен есені қайтарудың өзекті міндеттерінің бірі репрессияланған алыптарымыздың мұрасын тезірек игеріп, бүгінгі және болашақ дамуымыздың қажетіне жаратып отыру. Ол үшін екі бағытта тегеурінді жұмыстар атқарылуы керек. Біріншісі, репрессияланған арыстарымыздың шашылып қалған мұраларының сабақты жібіне дейін жинап, теріп жарыққа шығару. Сөйтіп рухани айналымға түсіру. Екіншісі, сол мұралар туралы байсалды зерттеу жұмыстарын жүргізу. Яғни, ұзақ уақыт бойы көз бен көңілден таса болып келген мол мұраның тарихи бағасын беріп, мәдени рухани өмірбаянымыздың құрамдас бөлігі ету міндеті тұр.

Жалпы соңғы жылдары ақталып, тарих қойнауынан аршылып жатқан арыстарымыздың ішінде өмірі мен шығармашылығына қатысты ең бір дерегі тапшы тұлғаларымыздың бірі Мағжан Жұмабаев. Бүгінгі күнге жеткені ақынның көзі тірісінде жарық көрген кітаптары, баспасөз бетіне жарияланған шығармалары және ақын шығармашылығы туралы жарық көрген бірлі жарым мақала рецензиялары ғана бар. Бұлардың өзі Қазақстандағы архив, кітапхана қоймаларынан аластатылып, негізінен Москва, Ленинград қалаларында ғана сақталып қалған. Әрине, бұлай болудың негізгі сыр себебі заманының қанды шеңгеліне Мағжан ақынның ерте ілігуінен болу керек. Түптеп келгенде, Мағжан 1929 жылы сотталып, жеті жыл айдауда болып, онан соң араға бірер жыл салып 1937 жылы біржола тұтқындалғандықтан, оның өмірі мен шығармашылығы туралы жиырмамыншы жылдардың соңынан бастап қалам тартылмады деуге болады.

Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын Мағжан Жұмабаевтың өзі де өлеңі де қиын-қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Қалың бұқара оқушы қауым арасында әуелден-ақ қаншалықты белгілі аты мәшһүр ақын болып танылса да, ресми ортада барған сайын көз аша алмай, тыныштық дүниеден қара үзіп, кешегі қуғын - сүргін заманда есімі біржолата өшуге айналған жан.

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі шытырман оқиғалардың бәріне Мағжан куә. Олардың бәрін ақын ой елегінен, өлең өрнегінен өткізіп отырған. Қай сәтте болса да ақын үлкен ой, ойлану, толғану үстінде.

ХХ ғасыр басының қазақ ортасына тән демократиялық, ағартушылық, бостандық ізденістері Мағжан Жұмабаев үшін Қазан төңкерісімен бітіп, арманға қол жеткендей үзіліп қалмайды, одан кейін де ақын өз болжамынан танбай, жалпы халықтық, адамдық, мұраттық

жайлардан қол үзбейді. Бұрынғы қаймағы бұзылмаған қазақ елін еске алады, соны жырлайды. Мұнысы сол бір дәуірдің тым әдемі, уайым қайғысыз, жұмақ болғанынан емес, жаңа заманның көп қайшылық тудырғанынан, аяғы немен тынары белгісіз жаппай үрейден еді. Жалпы ақындық беті Қазан төңкерісінен көп бұрын қалыптасқан Мағжан жаңа кезеңде көп нәрселерге байсалды жауап іздейтін, адам тіршілігінің, өмірінің мәнін ұққысы келетін, талаланты жетсе, оның құпия сырын ашуға ұмтылатын, сара сезімнің ақыны болып көрінеді. Талант жайына келсек, Мағжан Жұмабаев өнімді шығармалық өнердің адамы екенін Уфадағы Ғалия медресесінде оқып жүрген кезінде, 1912 жылы Қазан қаласында "Шолпан" өлең жинағы шыққан тұста танытқанды. Сол кезең жайындағы естелігінде Башқұртстанның белгілі қарт жазушысы Сайфи Құдаш былай дейді. « Қазақтың талантты жас ақыны Мағжан Жұмабайұлы "Ғалия" медресесінде садақ атты қолжазба журнал шығара бастады, өзінің медреседегі оқу кезінде шығарған өлеңдерін соның бетінде жариялап тұрды. 1912 жылы Қазанда оның тұңғыш өлеңдер жинағы да шықты. Сөйтіп қазақтың поэзия әлемінде өзіндік беті бар ерекше ақын дүниеге келді, Абайдың классикалық дәстүрін алға алып барушылардың ең ірісінен саналмақ ». Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ардақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржандай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баураған, ал өзі болса, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті. «Мен өлмеймін, менікі де өлмейді » дегенде қауіп-қатер жоқ демегені белгілі, бірақ сонда, қылша мойны талша қиылатынын біліп пе? Жалпы алып қарағанда, «мен өлмеймін» деген сөздерде терең шындық жатқаны рас. 60 жылдан аса уақыт бойы автократия ақын үнін шығармай, тұмшалап келсе де, ақыры жалғастық тапқаны шындық. Философиялық мағынада ақын өлеңі мен дана сөзі өлмек емес. Мағжан ақын тағдыры бір сыдырғы емес, шытырманды, соқпақты, аяғы трагедиялы. Ғасыр басына- ақ ел жұртына белгілі болған ақын айдаудан көз ашпаған, жарты ғасырдан аса уақыт есімі аталмай кетіп, тек 1988 жылдың желтоқсанында ақырғы рет ақталды. Ақырғы рет 1960 жылы-ақ ақталған болатын, бірақ оның есімін атауға, шығармаларын жариялауға рұқсат болмады. Себебі Мағжан өлеңін бастыруды тоқырау заманының басшылары мақұл көрмеді, жабулы қазан жабулы күйінде қалды. Сондықтан кейінгі буын бұл ақынды аз біледі, тіпті білмейді де. Бұл жай енді баршамыз білетін, көзіміз жеткен, « әттеген ай » деп өкінетін өткен тарих болып отыр. Енді Мағжан Жұмабаев мұрасын оқып зерттеуге жол ашылды. Бір кездерде ақын есімін еске алғаны үшін де, баспасөзде, тіпті ауыз екі әңгімеде атағаны үшін де, талай адам тауқыметін тартып құқай көрген. 1956- 1977 жылдары Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин ақталғаннан кейін Мағжан Жұмабаев творчествосы қайта қаралған. 1958 жылы комиссия құрылып, таңдамалы лирикаларын жариялау жөнінде ұйғарым да болған. Ал, 1960 жылы Түркістан әскери округы әскери трибуналының коллегиясында М.Жұмабаев толығымен, біржола ақталған екен. Бір таңғаларлық нәрсе, бұл жөнінде комиссия мүшелері де, не Жазушылар одағы мен ғылыми мекемелерге де хабарланбаған, қортынды шешім айтқан әдебиетшілер де, басқа мамандар да ештеңі білмеген. Жұмбақ сыры сол кездегі басшылардың: бұл саяси ақтау емес, бар болғаны азаматтық жағынан ақталу деген үстірт, жаңсақ түсінігінен екені енді мәлім болды. 1958 жылы КСРО Прокуратурасы ақтаған Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы да дәл осы «дәлел» айтылған-ды. Өкініші сол, шешімдерді осылай ұғындырып, өңін теріс айналдыруға күш салған белгілі мәдениет қайраткерлері де болды. Олар Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде де, кейін де ақын атына қара күйе жағып, азаматтық та, ақындық та абыройын төгуге әрекеттенген-ді. Ақын жайындағы мұндай ұғымның жаңғырығын бұрын соңды әртүрлі мақалалардан көреміз. А.В.Луначарскийдің редакциясымен шыққан « Әдебиет энциклопедиясында » да Мағжан нағыз ұлтшыл, сары уайымшыл ақын болып суреттелген. Мұның бәрі айналып келгенде, билеп төстеу аппараттың нұсқауымен жүзеге асып отырғаны анық. Міне, осы жағдаяттар өкімет билігінің барынша әкімшілік қалпының қатаң тәртібін айғақтайды. Сонан да М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, А.Байтұрсыновтың, Ш.Құдайбердіұлының, М.Дулатовтың жеке бастары

қаралып, мұралы ұлттық мәдениеттен тыс қалды. Олардың шығармалары ешбір дәлелсіз мансұқ етілді, әдебиет пен мәдениеттің басты бөлігіне, яғни тапшыл мазмұндағы деген бөлігіне қарсы қойылды. Шындығында, бұлардың шығармаларында теңдік, еңбек, іс-қимыл, адамның бас бостандығы мәселесі терең көтерілген. Ал, Алашорда ұйымына қатысты деу де дәлел емес, өйткені 1919 жылы-ақ В.И.Лениннің декретімен ұйымға да, оның адамдарына да кешірім жасалған. Мағжан Бекенбаласы Жұмабаев 1893 жылы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы, « Молодежный » совхозында дүниеге келген. Орташа ауқатты семьядан шыққан. Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашады, ал 1905 жылы Қызылжардағы (Петропавловск) медресеге оқуға түседі, бұл медресені араб, парсы, түрік тілдерін еркін меңгерген, Стамбулда оқып, дәріс алған, ауқатты семьядан шыққан жергілікті интеллигент Мұхаметжан Бегишев ашқан екен. Ол өзі Шығыс халықтарының тарихы жөнінде де сабақ берген. Мағжан Жұмабаев бұл медресені 1910 жылы жақсы үлгеріммен бітіреді. Мағжан он екі жасында Қызылжар қаласындағы Бегишев медресесіне түскеннен бастап әдебиетпен қатты шұғылданған. Тіпті қазақ, татар әдебиетін былай қойғанда, ол араб-парсы ақындарының, атап айтқанда, Фирдоуси, Сағадиди, Хафиз, Омар Хайям, Низами, Науаи сияқты даналардың ұлы дастандарын түп нұсқадан оқып үйренуді өзінің машығына айналдырған. Ал ұлы Абай мен Дәрдман (өлеңдерін қазақша жазған татардың ұлы ақын Зәкір Садықұлы Рамиев) өлеңдерінің қазақ дүниесіне келуі кішкентай Мағжанның жан-жүрегіне ауызбен айтып жеткізе алмайтын телегей теңіз әсер әкелді. Баспадан 1909 жылы шыққан Абай өлеңдерін оқып, Абайға арнап « Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға » деген өлең жазды. Абайға деген махаббатының нәзік қылын шертті. Ақын болуды арман етті. Жас жігіттің өлең жазып жүрген талабы, қазақ халқының әйгілі қамқоршысы, қазақ еліне: « Қаным – башқұрт, тәнім - татар, жаным - қазақ » - деп мәтел таратқан ұлы жазушы Ғалымжан Ибрагимовты қатты толғантады. Сондықтан да Ғалымжан 1910 жылдың күзінде Мағжан өлеңдерінің қолжазбаларын Қазандағы Кәрімовтардың баспасына табыс етеді, 1912 жылы Мағжанның « Шолпан » атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Ғалымжан 1911 жылы шыққан « Қазақ қызы » романының бірінші бетіне 16 жасар Мағжанның « Айға » деген өлеңінің бір шумағын эпиграф етіп келтірген:

Кең дала көресің ғой мынау жатқан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бар,
Әне сол анам еді мені тапқан.

Мағжанның терең ой мен сұлу суретке толы өлеңдерінің шығуы тек қазақ еліне ғана емес, сонымен бірге татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, қарақалпақ елдеріне де жеткен үлкен құбылыс еді. Ал бала ақынның өз елі – қалың қазақ халқы - бала Мағжаннан ардагер Абайдың ізбасарын еріп, өлең жырдың әсерлі де әдемі әуеніне бөленді.

Елдегі оқумен қанағаттанбаған болашақ ақын 1910 жылы күзде өзінің ауылдасы, талапкер-жазушысы Бекмұхамбет Серкебаевпен бірге (халқымыздың белгілі әншісі Ермек Серкебаевтың әкесі) Медресе – Ғалияға түсу үшін Уфаға сапар шегеді. Медресе өзінің дәрежесі жағынан алғанда Жоғары оқу орнымен бара бар еді. Мағжан сол медреседе сабақ беретін ұстаз, жоғарыда айтылған белгілі татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың, медресенің жетекшісі Сәлімгерей Жантуринмен, жерлесі, болашақ көрнекті жазушы Бейімбет Майлинмен танысады.

Болашақ ақын талантын таныған Ғалымжан Ибрагимов оған білімін әрі қарай көтере түсу керектігін айтып, ақыл кеңес береді. Осыдан соң Мағжан Жұмабаев Омбыдағы Мұғалімдер Семинариясына түсіп, сол қалада орын тепкен. 1912 жылы Қазан қаласында « Шолпан » атты тұңғыш жинағы басылып шыққанда оған жоғарыда айтылған Ғалымжан Ибрагимов көп жәрдем еткен.

Өлеңдержинағы өзінің соны сезімдегі лирикаларымен қазақ поэзиясындағы жаңа өрнегімен көзге түседі. Бір айта кетер жәйт 1909 жылы Петербургте жарық көрген Абай

жинағы бұл кезде көпшілікке мәлім еді. Мағжан да, әрине, оны оқыған. Семинарияда Мағжан Жұмабаев болашақ революционер ақын Сәкен Сейфуллинмен танысады.

Біріншілік дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мағжан Жұмабаев көпшілік қауым мойындаған, қалыптасқан ақын болып танылады. Оның жырлары қазақ даласын шарлап кетеді. «Жан сөзі» атты атақты өлеңінде ақын өзінің «Медресе Ғалиядан» кетуіне үзілді кесілді қарсы болған әкесі Бекенмен арадағы салқындықты және жергілікті дау-шарға қатысқысы келмеген жайын, өзінің сол тұстағы қауымға наразылығын зарлай жырлайды. 1919 жылы ақын екі бірдей қасіретке душар болады, тағдыр қосқан қосағы толғақ үстінен қайтыс болса, азамат соғысы уақытысына орай есімін Граждан қойған перзенті бір жылдан соң ол да үзіледі. Осының бәрі ақын жүрегіне зіл батпан ауыртпалығын салып, зіл зала ізін қалдырады. «Мені де, өлім, әлдиле» өлеңі осы сәттерде туған.

1912 - 1915 жылдары Мағжан Жұмабаев «Қазақ» газетінің редакторы, түрколог, қоғам қайраткері, көрнекті жазушы Ахмет Байтұрсыновтан және Шығыс мәдениетімен де, Батыс мәдениетімен де, жан жақты, терең суарылған, аса дарын иесі Міржақып Дулатовтан дәріс алып, шығармалықтың жаңа бір қырына көтеріледі. Мағжанға европалық білім алуға, орыс тілін үйреніп, мәдениетімен қанығуға олар көп себін тигізген.

1916 жылы Мағжан Жұмабаев Омбының мұғалімдер даярлайтын семинариясын ойдағыдай бітіріп, туған өлкесіне оралады. Қазақ даласында «Алаш» партиясын құруға қатысып, чех көтерілісін бастан кешеді, кейін Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде істейді.

Мағжан өмірінің бұл тұсы біраз драмалық жайларды бастан кешірген кез еді. Уақытша үкімет кезінде және онан соң біресе Колчак әскері, біресе Совдеп билік құрып тұрған кезде, «Алашорда», «Үшжүз» партияларының айтысы кезінде М.Жұмабаев «Алаш» партиясының мүшесі ретінде бір уақыт түрмеге жабылады. 1919 жылы, жоғарыда айтылғандай өзі сүйіп қосылған жары Зейнеп баладан қайтыс болады, аздан соң ұлы да шетінейді, «Баланың қабір тасына» деген өлең жазады. «Өлгені емес, жерді тастап кеткені, ізгі оймен жайлы жәннат төрінен орын алып, ата анасын күткені» дейді ақын. Бұл тұстағы белгілі, әрі әйгілі өлеңі, әлгінде ескерілгендей «Мені де, өлім, әлдиле». Әлеуметтік жолайырық кезінде шартарап құшағындағы қамығулы ақынның жанына жара боп түскен соң жақындарынан айырылу қайғысы қатты күйзелтеді. Бірінен соң бірі келген қаза оған тағдырдың сайқымазағындай көрінеді де, ашынған көңілден:

«Өлім күйі тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге:
Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле»-

Дегізеді. Жастайынан бірге өмір сүріп, ақырында сүйіп қосылған жары Зейнепке арнаған «3-ға» өлеңінде: «қосылған жас күнімнен жарым едің, сүйікті анық досым, жаным едің, алысқа ұзақ жолға шыққанымда, сарғайып мені күтіп қалып едің» деген жолдардан ақынның өкініш, қиналыс, жан толқуын аңғаруға болады. Екінші әйелі Зылихаға Мағжан 1921 жылы үйленеді. Ол кісі 96 жасқа келіп дүние салады.

Жиырмаасыншы жылдардың бірінші жартысында М.Жұмабаев Ташкентте шығармашылық өнімді еңбек етеді. Сонда шығатын «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет атқарып, біраз дүниелерін бастырады. Дәл осы кезде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады.

1923- 1927 жылдары Мағжан Жұмабаев Мәскеуде жоғары әдебиет, көркемөнер институтында оқиды, ол кезде институтты В.Брюсов басқаратын еді. Бұл жылдары ол орыс әдебиетін, Батыс Европа әдебиетін терең зерттеп оқиды. Орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады.

Бұл кезеңде де ақын жаны жай таппайды: ылғи сын, қаңқу, шаншу сөздерден көзі ашылмайды. Ескішіл, байшыл ақын атанады. Оқушы қауымға Мағжан өлеңдерін жат өлең ретінде, өткенді көксейтін, жаңа өмірге ілестірмейтін, кертартпа, уайымшыл шығармалар деп

уағыздайтын мақала, сөздер баспа бетінде көбейе бастайды. Әсіресе, осы Мәскеуде оқуда жүргенде мұндай материалдар қаптап кетеді. 1923 жылы Ташкент жұртшылығы алдында Ж. Аймауытов Мағжан ақындығын талдап, терең түсіндіретін баяндама жасап, оны « Лениншіл жас » журналына бастырып шығарса да, сыңаржақ сыншылар тобы ақынның соңынан қалмайды. Қайта өлеңдері орынсыз мақталды деп, оған кінә қояды. Ойламаған жерден болған төтенше оқиға Мәскеуде оқитын қазақ жастарының Мағжанға қарсы жиналысы еді. 1924 жылдың аяғына таман өткен бұл жиында Мағжан өлеңдері талқыланып, оның ақын шығармаларын теріске шығарған қаулысы елге, Қазақстанға жіберіледі. Мұндағы газеттер жиын ұйғарымын басып шығарады. Мәселен, « Еңбекшіл қазақ » газеті оны 1925 жылы 14 қаңтарда жариялаған. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын « Сәлем хат » деген өлең жазады. Ол « Тілші » газетінде жарияланады. Өлеңде мынадай жолдар бар:

Қайтуым хақ, белді буып тас қылып,
Кет деме, елім, енді мені басқа ұрып.
Дейтін болсаң: қой жырыңды, жырауым,
Қобызымды қиратармын тасқа ұрып.

« Еңбекші қазақ » газетінің 1924 жылғы 19 желтоқсанындағы санында « Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына » деген ескертпемен « Сәлемге сәлем » деген жауап өлең басылады, авторы Сәбит Мұқанов. Онда мынадай жолдар бар:

Сен құлан, өз қағынан жүрген жеріп,
Ел аман, жұрт тыныш кезде қайғыға еніп.
Сүйгіш жолыңнан табан бұрма,
Қобызыңнан, ақыным, безбе әлі.

Ақынға қарсы шабуылдың соншама мейірімсіз, қатал болғанын елін сағынып оқуда жүрген жанның жүрегі елжіреп жазған сәлем хатына берілген осы қарғыс жауаптан байқауға болады. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қарсы нақтылы өлең жазбаса да « уралап, айқайламадың » деген, тап күресіне белсене араласып, жарлы-жақыбай сөзін сөйлемедің деген айыппен осылай қатаң сынға алынды. Шындығында ақынның 1912-1923 жылдары шыққан жинақтарын қарап отырсақ, ылғи ғана қазақтың бишара халі, ғылым білім, теңдік жоқтығы жырланады. Сонда Мағжанның ғажайып ақындық талантына бақталастықпен, бақастықпен қарсы шықпаса, не үшін оған осыншама шүйліккен деген ой туады. Бұл жорамалды кейінгі 60-жылдар жайы да дәлелдей түседі: ақталған ақынға жол бермей, атын мүлде өшіріп тастау, 1960 жылы « Өмір және поэзия » деген кітабында Ә.Тәжібаевтың Мағжан Жұмабаев творчествосын жоққа шығаруы, 1968 жылы « Простор » журналының ақын жайында ақтау мақалалар басылған нөмірінің солайымен жойылып кетуі, айналып келгенде осының бәрі ілгергі дәуірде дәлелсіз қудалау қылықтарының әшкере болуынан сескеніп, қорқу салдарынан емес пе екен деп те ойлайсың. Әйтпесе Мағжан ақындығына осындай адамдар шүбә келтіреді деу қиын. Мәселен 1927 жылдың өзінде Ә.Тәжібаев:

Мағжандай іздемеймін Қорқыт көрін,
Қобызбен сарнамаймын сұрап өлім.
Кезбеймін есуас боп ен даланы,
Қуатты орыс, қазақ еңбекші елім.
Көр де аулақ, өз басымнан өлім де аулақ,
Көрсетем Мағжандарға көрдің төрін-

Деп жазады. Белгілі « Тоқсанның тобы » поэмасына да қарсы ұзақ өлең жазғаны мәлім. Бірақ 90- жылдары, Әбділда Тәжібаевтың өзін-өзі сынға алып, « Мағжанның алдында кешірілмес күнә жасадық » деп, 1989 жылғы Мағжан жинағына мүлде жаңа көзқараспен мақала жазуын ақын алдындағы, жұрт алдындағы адалдығы деп қарауымыз керек. Мағжан шығармаларына көп тоқталып, саяси жағынан, таптық жағынан қатты сынға алғандардың бірі Ғаббас Тоқжанов. « Мағжан совет тұсында » деген мақаласында Мағжанды табы, тобы бөлек, сөзі жат ақын дегенге дейін барады. « Пікір, идея жағынан Мағжан идеяшыл ақын, қиял Мағжанның тәңірісі. Қазаққа келгенде, Мағжанның саяси жолы қазақ байына қосылып

отыр. Бүгінгі қазақ еңбекшілерінің жаңа тұрмысы оған ұнамайды. Бүгінгі заман «сұм заман». Бұ жағынан қарағанда, Мағжан байшыл ақын. Бұ күндегіден безген келешегі жоқ, уайымшыл жылауық ақын». Ал өлеңнің ажары әдемілігі, көркемдік қасиеті дегенге келгенде мұнан Ғаббас Токжанов безбейді, мойындайды. «Қазақ әдебиетіне Мағжан кіргізген жаңалықтары жоқ емес. Мағжан күшті ақын. Өз ойын, өз тілегін ұқтыра білген ақын. Көркемдік, әдемілік жағынан қарағанда Мағжан өлеңдері үлкен оқиға. Жүсіпбек айтқандайын: «суретті, кестелі көркем сөз Мағжаннан басталады». Өлеңнің сыртын Мағжандай келтірген қазақтарда әлі де ақын жоқ. Аз сөзбен көп сөз айтатындық Мағжанда бар. Мағжан сөзге еркін ақын. Күшеншек ақын емес, айтам дегенін оқушының көңіліне қонғандай, сезімін қозғағандай қылып айтады. Кейбір өлеңдерінде «шешендік, толғау күй төгіліп кететіні рас». 1929 жылы Мағжан Жұмабаев «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен он жылға сотталды. Шын мәнісінде бұл Сибирь ревком жанындағы Қазақ АССР өкілінің келісімімен құрылған көпшілік қауымға белгілі, отырықшылыққа айналдыру жөніндегі ресми түрде рұқсат етілген ұйым еді.

Өкініштісі сол 1929 жылдан 1938 жылға созылған ақынның он жылдық ғұмыры бізге беймәлім. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен аз ғана уақыт бостандық алады, еліне келеді. Петропавлда мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін мұғалім болып істейді. Бірақ біраз уақыттан кейін бұл қызметтен босатылады. Ол туралы өзі: «не себепті босатылғанымды сұрасам, қалалық оқу ісінің меңгерушісі жалпы саяси себептерге байланысты дегенді айтты. Міне, 20 шақты күн болды жұмыссыз отырмын» деп жазады, Алматыдағы Жазушылар одағының бастығы Сәбит Мұқановқа жолдаған хатында. Бұл хат 1937 жылы 20 ақпанда жазылады. Наурыз айында Алматыға келеді. Бұл кез айтыс-тартыстың нағыз қайнап тұрған кезі. Біреудің үстінен біреу жала жауып, ұстатып, айдатып жатқан уақыт. 13 тамызда Ілияс Жансүгіров ұсталады. 29 тамызда Жазушылар одағының хатшысы М.Қаратаевтың «Социалистік Қазақстанда»: «Қазақ әдебиетіндегі авербаховшылдықтың қалдығын толық жою керек» деген бас – аяғы жиырма шақты жазушыны, ең алдымен Сәкенді қаралаған, мұндай фашист жендеттерінің көзін жою керек деген мақаласы басылды. 16 қыркүйекте «Казахстанская правдада» осы мақаланың орысшасы басылды. 24 қыркүйекте Сәкен үйінен ұстатылып әкетілді. Мұндай жағдайда алдында өзі 7-8 жыл отырып келген Мағжанның күні не болмақ? Аласапыран тұста, ақыры 30 желтоқсанда Мағжан ұсталады да, 1938 жылы атылады. Сәкен Сейфуллин 1938 ақпанда атылады. 1936 жылы Омбы жағында жүрген сәттің бірінде інісі Мұхаметжанға жолығып, осы тұста жазған «Өміріме өкпем» деген өлеңімен таныстырады.

Бұл кейін Мұхаметжанның қызы Гүлқаныстан табылды. Онда ақынның трагедиялық мүшкіл халі, өмірге налуы өте қайғылы суреттелген:

Сұм өмір, сұлу дүние, алдадың ба?
Тән арып, тамырда қан қалмадың ба?
Жалған үшін жан қиып, жапа шектім,
Еңбегім екі болып жанбадың ба?
Жайшылықта жан қиған, жақын дүние,
Талып тұрсам, назарың салмадың ба?
Ортекедей орғытып, оққа жығып
Жалмауыз, жауыз жалған, жалмадың ба?

Сонда да болса, шеккен қайғы-қасіретін, тартқан азабын ақын дәптерде жазып қалдырмауы мүмкін де емес сияқты. Қалай жорамал жасасақ та, М.Жұмабаев үнін 1927 жылдан кейін естімейміз. Ақын үні тынды. Өзі бір кездері толғана жазған үні өшкен бұлбұл кейпі ақынның басына келді.

Мағжан Жұмабаев өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым бұғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің. Не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның күдіретті шеберлігіне бас ұрасың. 1918

жылдың өзінде Ж. Аймауытов пен М. Әуезов былай жазыпты: « Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт әм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар, жүрегінің сезімін суреттейтін нәрсемен жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар сыршыл (лирик) ақындар».

Ақын тау туралы толғансын, не дарқан даланың кеңдігін жырласын, тіпті көл, немесе жазғы танды, қысқы кешті, егінді, не жер, күн, ай жайында айтсын, бірінші кезекте өзінің дүние түсінімі ішкі жан күйі тұрады, сонысымен айнала әлемді бірге толғандырып, бірге тебіренеді. «Көкшетау», «Жазғы түнде», «Қысқы жол», «Қайың», «Орман», «Алдамшы өмір», «Ой», «Жел», т.б. өлеңдері куә.

Ақын жырларында табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге астасып жатады. Әлем құбылысы санамен, көңілмен үндесіп, сұлу, сырлы, тіпті кейде ақыл-ойға сыймайтын фантастикалық суреттер көз алдына келеді.

Өлең патшалығында Мағжан Абайды пір тұтқан, ұстазы еткен. Мағжанның ақын болып қалыптасуы алдында Абайдай алыптың тұрғандығы. Халқының артта қалып, ішкені мен жегеніне мәз күйін күйіне жырлаған Абай сарыны Мағжанда да өз жалғасын тапса керек. Алдында сөз болған 1912 жылы шыққан «Шолпан» жинағында ақын:

Ойламай біздің қазақ текке жатыр,
Бар іске жанаса алмай шетте жатыр.
Азырақ көз жүгіртіп қарап тұрсаң,
Қазекен таң қаларлық кепте жатыр,-

Деп халқының аянышты халін жеткізеді. Оқу-өнерден кемшін қалған қазақ елінің жай-күйі қапаландырады, толғандырады, кейде тіпті ашындырады.

Келесі бір «Мен кімін?» деген өлеңінде:

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.
Мен өлмеймін менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім - патша, өзім - қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Бұл романтикалық асқақ шумақтардан ақынның өз күшіне, өз талантына, керек десеңіз өмір тағдырына кәміл сенетінін байқаймыз. Мұның бәрі асып-тасудың, астамдықтың белгісі емес, асылдықтың, жайдың жасылындай өткірліктің жөні.

Адамның денесі қандай мысқалдап өсіп, жетілетін болса, сезім де пікір де сондай, бірте-бірте жетіліп өркендемек; адам туа ұлтшыл, туа адамшыл бола бермейді, ұлттық сезім де сол сықылды әуелі үй ішінде, одан қала берсе туған ауыл, туған жерден бастап жоғары өрлейді. Туған ауылын, жерін сүймеген адам ұлтшыл бола алмайды. Мағжанның ұлт сезімі де жақыннан алысқа қарай тереңдейді. Мағжанның алғашқы кезде ұлтшылдығы нағыз жүректен қайнап шықпай, сол кездегі ұлтшыл азаматтарға еліктеп солардан жұқтырып алғандығы сезілді.

Міндік, міне, біз қайық.
Есен-сау өтсек...
Тілекке жетсек,
Сонда біздің шын айт..

Деген өлеңдерінің:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ

Деген сөздермен сарыны бір

Қазақтың халі қандай ауыр екенін сезсе де, ол күнде Мағжанда келешектен үміт күткендік сезіледі. Бұл қалыпта заман тұралап қалмас, бізде де жарық сәуле күн туар

дегендей жұбаныш болады, неғұрлым отаршылдық, жауыздық күшейе берсе соғұрлым қазақтың жанына батар, ашындырар, ашынған ел қорғалай бермес, қарсы бас көтерер деп сенеді:

Мезгілше мейлі келсін, тісі батсын,
Сұр жылан өзі оятар қатты шақсын!
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрерлік төңіректі тек таң атсын!

Бұл өлеңнен патша үкіметіне қарсы екендігі, келешектен үміт күткендігі анық байқалып тұр.

Келесі бір өлеңдерінің тақырыптары қазақ азаматтарына бағытталады. Азамат болсаң қазағына пайда тигіз, ұйтпесең «біліссің» деп ауыр міндет артады. Азаматқа сын тағады. Қазақ азаматы саясат жүзінде пікірі шынықпаған бала екенін көреді, белгілі пікір, жол тұтына алмай, бас қамын ойлап, боялып жүрген кейбір азаматтарды сөгеді:

«Біреуіне» сен тәңірім деп табынад,
«Біреуіне» мен құлың деп сағынад,
«Біреуіне» садақа бер деп жалынад,
«Біреуіне» құйрық болып тағылад.
Ылғи сорлы сағым қуып сабылад,
Ылғи түссіз бір сұр нәрсе жамылад.
Қазағы-қой, артынан оның ағылад.
Азаматқа қонақтық қой табылад.

Бұл өлеңде қазақ қой сықылды, кім бастаса, соған ере береді, қазақта білім, сана, әлеуметшілік, жұртшылық сезім жоқ. Сол қазаққа «құлық» болғанына мастанбай, шын жүрегіңмен тура бастап, адал қызмет ет дегені.

М.Жұмабаев қайсібір ғалымдар дәлелдегендей «жаңа өмірді түсінгісі келген жоқ» емес, түсінгісі келді. Бірақ ол имансыздықты түсінбеді. Екі сөйлейтіндерді, дәреже-даңқ үшін Отанын сататындарды, бейімделгіштерді түсінбеді. Ақынның кеңес өкіметі кезеңінде (1920 – 1927) жазған барлық жанрдағы шығармаларынан «бүгін» деген бір буды саралайтын көзқарасы байқалады. Мағжан қоғамдық-саяси көсемсөз туындыларынан тыс әдебиет, ақын-жазушылар туралы мақала, сыни еңбектерінде де «бүгінге» кешегінің көзімен қарайды.

М.Жұмабайұлының әлі ғылыми айналымға түспеген ілгерідегідей рухтағы екі мақаласы бар екені тағы бар. Бұл екі еңбек те ақынның «Жәжеке» бүркеншік есімімен шыққан. Аталған лақап ат тек Мағжандікі екенін ғалымдар жақсы біледі.

Бірінші мақала « Автономия кімдікі? » деп аталады. Ол « Кедей сөзі » газетінің (Омбы) бетінде 1921 жылы 12 ақпанда жарияланған.

Екінші мақаланың аты « Жеті батыр ». Алғаш « Ақ жолда » (Ташкент) жарық көрген. Мұны 1923 жылы 16 ақпанда « Тілші » (Алматы) газеті көшіріп басқан.

Бұл екі еңбек Мағжан Жұмабаевтың 3 томдық шығармалар жинағын құрастырып жариялау барысында еленбей қалып кеткен.

Қос мақалада ақын жаңа дәуірді түсінгісі келгенін, түсінбегені туралы оқушымен ой бөлісуді қалағанын аңғартады.

Автономия- қазақ оқығандарының арманы еді. Мағжан Жұмабаев бұл жайында өз ойын: « Алаш елінің бостандығы ешбір уақыт алаш мырзасының, яки бірлі-жарым жолдастың бостандығы болған емес. Бостандық елдікі! Автономия елдікі! Автономия жолында малды, басты құрбан қылдым деп, қазақ оқығанының қайсысының болса да айтуға хақы жоқ», - деп шегелейді.

Келесі «Жеті батыр» мақаласының жанрын аннотация-сын деуге де келеді. Өйткені қаламгер 7 кітапшаны шағын ғана көлемде таныстырған. Бірақ олардың мақаласының соңында «ескерту ретінде»: « Бұл жырлардың қиссасы туралы пікірімді екінші бірде жазуға өзімді борышты қылып кетем», -деп жазыпты. Мұны жазды ма, жоқ па зерттеуді қажет етеді.

Сонымен жоғарыда аз-кем сөз еткен екі мақалада М. Жұмабаевтың кеңес өкіметі

тұсында ізденгені, имандылық үшін қаламымен қызмет жасағаны белгілі болды. Ол шындықтан қашпады. Алайда асыра сілтеу үрдісін, сауатсыздықты, мәдениетсіздікті көріп қамықты. Сырлы жүрегін солардың батпандай салмағы баса берді, баса берді...

Ғұмыры осыншалықты ауырпалықпен өткен әдебиетіміздің шоқ жұлдыздарының бірі – Мағжан ақынның өмірі қазақтың ауыр тағдырының тарихи беттері десек асыра сілтеу болмас! Ақын қандай жағдай болмасын қолына ұстаған өлең атты қаруын төмен түсіріп, мұқалған емес. Өлеңдерінен заман мұңы, замана шындығы, халқына деген жанашырлық лебі есіп тұрса да қазаққа жат деп тануы сорақылықтың нақ өзі болса керек.

Сол Алаш жұрты аңсаған тәуелсіздік тұғыры биіктеп тұрғанда, солар аңсаған білімнің кілтін тапқан заманда, керегемізді өзге елдермен теңестіре білген ендігі уақытта бұл жандардың есімдері ұмытылмақ емес.

3.6 Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев, М. Шоқай т.б. алаш зиялыларының егеменді ел орнату идеялары мен қайраткерлік еңбектері

Тарих сахнасына Алашорда – Халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттің құрылымының болуы еді. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының басшылары осындай батыл қорытындыға келе отырып қателесті ме? – деп жазады өзінің «Алаштың Әлихан» деген зерттеу еңбегінде тарихшы Мәмбет Қойгелдиев. Ол сұрағына өзі нақты дәлелдермен былайша жауап та береді: Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей, қазақ қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді, – дейді [98,5].

Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде сол ұлттардың өз бостандығы мен теңдігі үшін күрес жолына шығуы заңдылық еді. Алаш қайраткерлері саналы түрде ұлттық мұраттарға қол жеткізу жолындағы күреске шықты және бұл құбылыс тарихи қажеттіліктен туып жатты.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы сол кездегі Ресейдің тұтастығын көздейтін ақ патшаның генералдары мен жаңа тоталитарлық жүйені көздейтін большевиктерге де ұнамады. Олар алаш қайраткерлерінің бұл күресіне әр түрлі деңгейде баға берді. Алғашқылары Ұлы Ресейсіз өмір сүре алмайтын бұратана халық деп қараса, соңғылары сауатсыз аңқау елді соңына жалған ұрандармен ертушілер деп қарады. Халқының егеменділігін орнату жолында күресіп жүрген қазақтың зиялы қайраткерлерін құдалап, халқын оған қарсы қойып, асып-атып, жойып жатты. Бұл екі саяси жүйе де ұлттық мемлекеттік идеядан қорықты. Сондықтан да оларды құдалап, көзін жойып отырды. Біз қазақтың ұлттық мақтанышы болған, ұлт-азаттық қозғалыстың өкілдерінің өмірбаяндарымен, мұраларымен таныса алмай келдік. Егеменді ел орнату жолындағы зиялылардың еңбектерімен, олардың идеяларымен тек тәуелсіз мемлекет орнатқан соң ғана таныса бастадық. Олардың тәуелсіз мемлекет орнату жолындағы идеяларын, ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты ой-пікірлерін талдай отырып, еліміздің ертеңгі болашағы болып табылатын жас ұрпақтың бойына ұлттық тұлға туралы көзқарасты берік қалыптастыру жұмысы терең зерттеуді қажет етеді. Біз жұмысымыздың бұл тарауында Әлихан Бөкейхановтың, Мұхамеджан Тынышпаевтың, Мұстафа Шоқайдың және тағы басқа алаш қайраткерлерінің егеменді ел орнату жолындағы идеялары мен қайраткерлік іс-әрекеттерін олардың өмірбаяндары арқылы және сол идеяны марапатаған ғылыми еңбектеріне терең талдау жасай отырып тоқталамыз.

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым. XX ғасыр басындағы қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күрестің көшбасшысы, ұлт көсемі ретінде танылған аса көрнекті қайраткер. Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтын бітірген. Патшалық Ресейдің I

Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған. Алаш партиясын құрушылардың бірі. 1917 жылдың желтоқсанында құрылған Алашорда үкіметінің басшысы. Тегеурінді публицист. Орыс тілінде жарияланған мақаласында (1908) Абайды бірінші болып ұлы ақын деп атаған әдебиет сыншысы. Өмірінің соңғы 20 жылын Мәскеуде өткізуге мәжбүр болды. 1937 жылы сталиндік жазалаудың құрбаны болды. Және ол ұлт-азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы, әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда өкіметінің төрағасы. Туған жері-бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Ата тегі-Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы-Көкжал Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей хан-осы Көкжал Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханнның әкесі-Нұрмұхаммед [58,54].

Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту керек. Оның біріншісі: оның еркіндікпен теңдікті бағалаған жерде өскендігі. Ол -ұлы Абайдың және басқа ақын жыраулардың шығармаларын оқып, шығармаларындағы халыққа қатысты терең ой-пікірлерінен үлкен әсер алып өскен. Сонымен қатар оның өмірінің соңына дейін Қобыланды, Қозы-Көрпеш, Баян сұлу т.б. көптеген халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап, зерттеп, насихаттап өтуі де кездейсоқ нәрсе емес дейміз. Болашақ қоғам қайраткерінің өмір жолының қалыптасуына, отаршылдық езгіге қарсы болуына, елінің еркіндікте өмір сүріп, тәуелсіз мемлекет болу жолында күресуіне Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліспен (1837-1847)байланысты ел арасындағы әңгіме аңыздардың да әсері болғандығын ғалымдар өз зерттеулерінде айтып жүр.

Екіншіден: ХХ ғасырдың басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Ә.Бөкейханов сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы әрине, мүмкін емес-тін. Оның өмір жолын айқындауда, әсіресе, ұлы Француз революциясының және орыс ұлт-азаттық қозғалысы мен гуманистік әдебиетінің орны ерекше болды. 1917 жылдың жазында Уақытша үкіметтің комиссары қызметінде жүріп, жазған мақаласында ол: «Бостандық, теңдік, туысқандық 18-ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бірі біздің тарихтан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық, талапты ер іздесе, бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқанда болады», -деп жазды [98,8].

Оның бұл пікірінен өз өмірінің барлығын халқының бостандығына, тәуелсіздігіне арнауды мақсат етіп қойғандығын, өмір бойы сол жолда жүріп, өмірін де сол жолда қиғандығын жас ұрпаққа үлгі етеміз.

1896 жылы өкімет органдарының шешімімен Ақмола, Семей, және Торғай облыстарындағы жер жағдайын зерттеп, қазақ даласына орыс шаруаларының пәрменді түрде қоныс аударуына қажет ғылыми негіз жасап беруге Ф.А.Шербина бастаған экспедиция ұйымдастырылады. Осы экспедицияға қатысуға Ә.Бөкейханов та өз ойын білдіреді. Оның ойынша- бұл экспедиция сол тарихи кезеңдегі қазақ жұрты үшін ең қажетті мәселеге айналған жер мәселесін терең түсініп, бір тұжырымдарға келудің жолы еді. Жұмыс мерзімі 1896-1903 жылдар аралығына созылған бұл экспедицияның мақсатын Ә.Бөкейханов жақсы түсінді. Ол Қазақ даласына байланысты Ресей империясының таяу жылдары ірі іс-шараларды іске асырудың даярлық жұмысы екендігін анықтады.

1904 жылы Петербургте Қоныс аудару және жерге орналастыру бас басқармасы құрылды. Ал келесі бір екі жылдың ішінде бұл басқарманың мекемелері губерния, облыс және уез деңгейінде барлық қазақ жерлерінде құрылды. Мемлекет тарапынан үлкен және нақты қолдау алған бұл мекемелердің құқықтық статусы да жоғары болды және олардың негізгі міндеті «артық» жерлерді анықтап, ол жерлерге ішкі Ресейден орыс шаруаларының көшіп келіп орналасуына жағдай жасау еді [98,11].

Ашықтан-ашық қазақ даласын отарлауға кіріскен мұндай алпауыт күшке қарсы тұру өте қиын болатын. Әлихан Бөкейхановтың саяси көзқарасына Щербина экспедициясына

қатысқандығы үлкен әсер етеді. Оның және тағы да басқа қазақтың оқыған азаматтарының саяси көзқарасының қалыптасуына тұңғыш орыс революциясы мен патшалық отарлау саясаты, оның ішінде переселен саясаты үлкен өзгеріс енгізді. Қазақ даласында патшалық отарлау аппараты өзіне қызметке дайындаған түрлі мамандық иелері арасынан шыққан қазақ зиялылары жаңа сипат, жаңа бағыт ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылықпен ұйымдасқан түрде шыға бастады. Сан жағынан да, саяси-әлеуметтік күресте жинаған тәжірибелері жағынан да тәжірибелері аз ұлттық интеллигенция үшін бұл оңай шаруа емес еді. Сонда да олар осы бағытта газет шығару, күреске шақыратын кітаптар бастырып тарату, көкейкесті мәселелерге байланысты талаптар қойған петициялар ұйымдастыру, мақалалар жазып халықтың көзін ашу сияқты бұрын соңды қазақ даласында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады.

1905 жылы маусым айында Қоянды жәрменкесінде жазылған Қарқаралы петициясында қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі ретінде мынадай тадалтар қойылды: діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою; ауылдарда сабақ орыс тілімен қатар қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу; қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал-цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру; жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлерді олардың заңды меншігі екендігін мойындау; мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу және олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою т.с.с.[98,13].

Бұл жазылған құжат халықтың оқыған азаматтарының тұңғыш рет патша өкіметіне өз халықтарының ең қарапайым праволарын жазбаша түрін қорғаудағы саяси күресі еді. Петиция патшалық билікке қазақ елінің еркіндігі үшін күрестің ашық көрінісі болды. Бұл петицияның басында сол кездегі қазақтың оқыған азаматтары-Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов т.б. қазақтың белді интеллигенттері тұрды.

Бұл кезде империя өмірінде үлкен саяси оқиға болған Мемлекеттік Думаның жұмыс істей бастауы еді. Қазақ зиялылары алғашқы кезеңде Дума белгілі дәрежеде, қазақ елінің өзекті мәселелерін шешуге көмектеседі деп түсінді. Ә.Бөкейханов I Мемлекеттік Думаға Семей облысы қазақтарының атынан депутат болып сайланады. Осыған орай «Семипалатинский листок» газеті: «Редакция қазақ халқын нәтижелі сайлау қорытындысымен құттықтайды. Ә.Бөкейханов Мемлекеттік Думада ұлт мүддесін қорғай алатын, қазақтың жоғын жоқтап, тілегін жеткізетін бірден бір адам екеніне халқы сенсе керек», -деп жазды.

Ә.Бөкейханов қазақ халқын жерінен айрып, отаршылдықтың езгісінде ұстап отырған Ресей үкіметінің отарлау саясатын көре білді. Оны өз шығармаларында айтып, жазып халықтың көзін ашты. Қазақтың шұрайлы жерін тартып алып отырған Ресейдің заңдарының қазақ халқына зияндығын әшкереледі. Ол: 1911 жылы 3-Думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді: «Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса, қазына өз пайдасына алатын болсын» деп көрсетті. Артық жер деп отырғаны жай сыпайылық көрсетіп отырғаны еді. Малын жайып, сүтін сауып, етін жеп отырған халықта артық жер болушы ма еді? Олардың жерлерін тартып алып орыс мұжықтарына беріп, жерді пайдалану құқығынан ажыратып, өкімет меншігіне айналдырды. Ә.Бөкейханов айтқандай «әлі жеткен алып та, шалып та, жығып та» отырды. Ә.Бөкейханов сол кездегі жерге байланысты «Үшінші Дума һәм қазақ», «Төртінші Дума һәм қазақ», «Дума һәм қазақ» деген мақалаларында жерге байланысты өзекті мәселелерді қозғаумен қатар қазақ даласындағы алауыздықты, аңқаулықты сынап отырды.

1909-ншы жылы бюджет прениесі болғанда һәм қазақ жерін мұжыққа алғанда, чиновниктердің законнан тысқары қылған жұмыстарын беттеріне басып депутат Дзюбинский сөйлеп еді, бұған үкімет мынандай жауап берді: «бес-алты қазақты қыстауынан көшіріп, елу-алпыс мұжыққа жер берсек, «қазақ, қазақ» деп құлақтың мазасын алады, осы

дума қазақ думасы ма?» деп. Дума қазақ пайдасын тағы жесір қалдырып өте шықты. Мұнан кейін екі бюджет прениесі болғанда қазақ деп сөйлеген депутат жоқ. Бұларда не айып бар?- дейді[98,98].

Ә.Бөкейханов қазақ халқын жерінен айрып, отаршылықтың езгісінде ұстап отырған Ресей өкіметінің отарлау саясатын көре білді. Оны өз шығармаларында айтып, жазып халықтың көзін ашты. Қазақтың шұрайлы жерін тартып алып отырған Ресейдің заңдарының қазақ халқына зияндығын әшкереледі. Ол: 1911 жылы 3-Думаға ұзындығы екі жол закон кіргізді: «Түркістанда қазақ жерінен артық жер табылса, қазына өз пайдасына алатын болсын» деп көрсетті. Артық жер деп отырғаны жай сыпайылық көрсетіп отырғаны еді. Малын жайып, сүтін сауып, етін жеп отырған халықта артық жер болушы ма еді? Олардың жерлерін тартып алып орыс мұжықтарына беріп, жерді пайдалану құқығынан ажыратып, өкімет меншігіне айналдырды. Ә.Бөкейханов айтқандай «әлі жеткен алып та, шалып та, жығып та» отырды. Ә.Бөкейханов сол кездегі жерге байланысты «Үшінші Дума һәм қазақ», «Төртінші Дума һәм қазақ», «»Дума һәм қазақ» деген мақалаларында жерге байланысты өзекті мәселелерді қозғаумен қатар қазақ даласындағы алауыздықты, аңқаулықты сынап отырды.

1909-ншы жылы бюджет прениесі болғанда һәм қазақ жерін мұжыққа алғанда, чиновниктердің законнан тысқары қылған жұмыстарын беттеріне басып депутат Дзюбинский сөйлеп еді, бұған үкімет мынандай жауап берді: бес-алты қазақты қыстауынан көшіріп, елу-алпыс мұжыққа жер берсек, «қазақ,қазақ» деп құлақтың мазасын алады, осы дума қазақ думасы ма?» деп. Дума қазақ пайдасын тағы жесір қалдырып өте шықты. Мұнан кейін екі бюджет прениесі болғанда қазақ деп сөйлеген депутат жоқ. Бұларда не айып бар?- дейді[98,98].

Ә.Бөкейханов шындықты айтып, жерсіз қалған ұлтының қамын ойлады. Қазақтың жыртысын жыртып отырған Думада ешкім жоқ, бізді «надан, бұратана, сауатсыз» деп Думаға кіргізбей де қойды,- деген ащы шындықтың бетін ашты, сөйтіп әділетсіздікпен күресті. Барлық күнкөрісі оның жерімен өлшенетін халықтың тұрмысы әділетсіз өкіметтің уысында кетіп отырды: Переселен бастығы Глинка: «біз мұжыққа жер бергенде қазақтан артық жерді ғана береміз. Қазақты көшпелі деп есеп қылып, жаңа закон шығарып, жер берсек, мұжыққа артық жер қалмайды. Біздің тұрғын жұртқа жер белгілеп беретін закон жобасын шығара алмай күбежектеп тұрғанымыз осы деді. Көшпелі қазаққа мәңгі ғұмырлық деп жер беруге қажет емес, сол үшін қазаққа мұжықша, мұжықпен бірдей надел жер алсаң береміз деп едік, қазақ шырғаға түскен құстай сұранып, топылдап «өз еркімен» мұжық болып жер алып жатыр. Мұнан былай ол қазақ алған наделде үкіметтің жұмысы жоқ , -деді турашыл Глинка бай», -деп жазды Ә.Бөкейханов [98,104].

Қарапайым, аңқау халқының осылайша «өз еркімен мұжық болуы» ұлтын сүйген ұлы азаматты ұлттық күреске шыңдап кірістірді. Ол егеменді ел болу үшін ұлтының ұлттық намысын оятып, сауаттандырып, ұлттық болымысын қалыптастыру керек деп түсінді. Бұл жолда өзі сияқты оқыған қазақ жастарын тартып, «Қазақ» газетін шығаруға ат салысып, оған үзбей мақалаларын жазып отырды, жер мәселесін қайткенде дұрыс шешуге болады деп, өз арамызда болып жатқан алауыздықты да сынады .

«Ашық хат» (Жаһанша Әлмұхаммедұлы Сейдалинге) деген мақаласында: «Айқапқа» Жаһанша мырза хат жазып отыр. Қазақ баласы бас қосса, қазақ жұмысы жақсы орынға барар еді дейді.Қазақ баласы бас қосып, шаруа, жұрт пайдасын сөйлеп, іс қылып тырбанса бірте-бірте қазақ баласы ілгері басуға басқыш табылар еді деп біз де ойлаймыз, бас қосу болмаса жұрт жұмысы қараң қалатын жалғыз ғана жол бас қосу емес»,-деп жұрт жұмысының жақсаруы үшін жақсы медресе, жақсы би, халыққа пайда ойлайтын ақсақал, болыс аулынай, жақсы газет, журнал шығару, кітап шығару болса бас қосудың пайдасы осы бағытта болғанда ғана өзеннен ағып жатқан судай пайдалы болмақ деп, пайдалы іс-істеудің жолын да көрсетуге әрекет жасады. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа

қызмет қылмай қоймаймын», -деп халқына қызмет етуді өзінің басты мақсаты етіп қояды [98,114].

«Сусағанның түсіне су кіреді», -деген мақаласында: «Қол ағашы мықты болса киіз қазық жерге кіреді», 17-октябрь манифестін баса көктеп 3-нші июнь шыққан. Мұны қолдаған орыстың дворян қауымы. Орал қазағы осы орыстың дворянының күшіне сала ма, жоқ аш қасқырдың қошқардан дәметуі сияқты, Орал қазағының түсі бос түс пе? 3-нші июнь қазақ жұртын надан деп депутат жолынан тысқары қалдырған. 1907-нші жылы біз надан болсақ, 6 жылда үкімет көзіне біз сондай жетілдік пе? Кісі өз басына тіленіп, кішірейсе, кемісе өз олжасы 5 миллион қазақ тілегі кемшілік жолына сыймайды. Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздену мақсат», -дейді [98,117].

Жұрт қамын ойлаған азаматтың қандай болу керектігін айта отырып, ол халқы үшін кішірейген, оның қамын ойлап тіленген адамның шын жұртына берілген болу керектігін, ол адамның ұйықтап жүріп жұрт қамын ойламай сергек болу қажеттілігін баса айтады. Бес миллион халқымыздың өмірін «қасқырдың қошқардан дәметкені сияқты» мемлекеттің отарында өмір сүріп отырған халін көріп қынжылады, одан құтылудың жолын іздейді.

«Ашық хат», деген мақаласында адам баласының ісі, сөз, ой-ақыл болып басталады. Ақыл, сөз, істің қиындығын «Көпті көрген білер, алысты жүрген білер», «көкіректе сайрап тұр, тілді құдай байлап тұр», дей отырып, істелініп жатқан істің қиындығын, ойдағы сөзді айта алмай бишара халге түсіп жатқан заман әділетсіздігін айтып, адам баласының қаншама замандар жақсылықты, түзулікті айтып келе жатқандығымен, бірақ айтылған ақылды істердің, жазылған нақыл сөздердің сол күйінде қалып жатқандығына күйзеледі. Бірақ құрдымға түспей: «Дүниеда не болса да бірте-бірте аздап, ілгері басып болады. Жас баланың һәм шаш, сақалы өскені мысалды. Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын» деп, ісі тек сөз жүзінде ғана қалмай іс жүзіне асқанда ғана біз мақсатымызға жете аламыз дейді. Ұлтының болашағынан үлкен үміт күтіп, ол жолда кездесетін қиыншылықтарды жеңуге, ол үшін жұртты білімді болып қана қоймай, жақсы мінезді болуға да уағыздайды.

Осы ойы оның оқу туралы «Досмаил ақсақал хаты» сияқты газетада жазылған хаттардан көрініп тұр: Бір сөз қисық шығып барады. Ол-оқу. Оқу-білім болса мақсат бәрі табылады дегендей көрінеді. Бұлай болса, бұл адасқандық болды. Оқу-білім бар, оқу ұлғая білім болады. Білімнен мақсат шықпайды. Ғазазіл ұжмақтан надандықпен шыққан жоқ. Балқан соғысында екі жүзден аса адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген мінез айтылғалы екі мың жыл болған,-деп жазады [98,119].

Ә.Бөкейханов жалаң біліммен қаруланғаннан ешнәрсе шықпайды. Адамда ең алдымен адамгершілік, адамдық, адам баласының бәрін сүйетін жылы жүректілік, жақсы мінез керек деп, үлкен өзекті мәселелердің бірін көтерген. Сол кездегі қазақ оқығандарын ұлтын сүйуге, қала берсе барлық адам баласын сүйуге шақырады. «Тек білімді болғанда ғана барлық өмір жақсарып кетеді дегенге сенбеймін, қаншама жылдар адам баласы аэропланды, телеграмманы, отарбаны, телефонды шығарды, бұл әрине керек, бірақ білім барлық нәрсені шеше бермейді», деп тек білім болса болды деген жалаң білімді ұрпақ тәрбиелеудің дұрыс еместігін, ең бастысы ұлтын сүйетін ұлтжанды ұрпақ қажеттілігін сол кездің өзінде көре білген.

«Сайлау» деген мақаласында: Қырда үлгілі, өрнекті шешен, жүйрік, таза әділ жақсылар да бар ғой! Бұлардың қылып жүрген істері көзге көрініп тұрған жоқ. Қазақ-ау! Түзуің бірігіп жұрт үшін қам ойлайтын кезек келген жоқ па? Жалпақ жұрттың көкірегінде жақсылық болмаса, жұрт жұрт болып, тіршілік қылып жүрмек емес. Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса, қазақ халқы соның соңынан ерер еді,-дейді [98,120].

Сайлаудың қалай өтетіндігін сынай келіп, ол жылы мал бағусыз, егін салусыз қалады, жұрт сайлау деп, сайлаушылардың шашбауын көтеріп, қымыз ішіп, ет жеп күндері өтеді, осыншама бүлінгендігі болыс болу, би болу, дұшпаннан кек алу, ал бұдан не пайда?-деп, өзге

елдің сайлауындағы жетістіктерді өз жұртына үлгі ете отырып, сөзге шешен, елдің жағдайын жақсы білетін, оның қамын жеп, жағдайын жасайтын азаматы табылса, жұрттың жақсылыққа бастаса, жұрты оның соңынан ерер еді, деп күйзеледі.

Әлсіз жағы бұл қалай деп, жылайды. Жылағанда қазақ қайда барады? Бар тапқаны арыз беру. Өйткенмен сандалып ақша төкеннен басқа не пайда? Алымды момын кедейге аударып бай болатын мырзалар көзі соқыр емес, көңіл соқырлығына салып жүр ғой. Жұрттың момынын тонап алып болған байлықта қанша береке бар екен? Момындарды ғұмыр бойы жем қылып, пәленшекен қандай мықты деген «жақсы» қазақтың балаларын әкесі өлген күні қасындағы көршілері талап алып отырған жоқ па? Аз адам атқа міндім деп қасқыр болып жұртқа шапса, бұл жұртта береке бола ма?- дейді [98,121].

Момынды алдап, арсыздықпен би болған, халықты жемқорлықпен тонаған, тек өз қалтасы мен мансабын ғана ойлаған адамдардың ешуақытта мақсатына жете алмайтындығын, көңілі соқыр, жұртты алдап тапқан пайдасының ешкімге жүк болмайтындығын әшкерелеген. Сайлау кезіндегі келеңсіздікке қынжылған. «Үш жылда бір сайлау сайын жұрт өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасып әбігер болады. Әке баладан, аға ініден, туған туысқаннан айрылып, бірі атқа, бірі асқа сатылып сандалады. Өстіп жұрт бүлініп іздегендегісі не? Болыстық, билік, аулынайлық, елбасылық па», -деп қынжылыс білдіреді [98,128].

Ол сайлау кезіндегі жемқорлықты, әділетсіздікті, алауыздықты, берекесіздік пен арсыздықты сынаған. Ел басшыларын әділдікке, бірлікке шақырған. Әділдік жоқ жұртта береке де болмайды. Байлықты өнермен, қызметпен, адал еңбекпен іздегенде ғана бірлік, береке кіреді деп, жұрттың тазалыққа, парасаттылыққа үндейді. Ел басқаратын басшылардың бойында ұлтын сүйетін ұлылық қасиетті жоғары бағалайды. Дүниедегі жер билігі күннен-күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауады деп, ол жұрттың оқып, білім алуға уағыздайды

Ел басшыларының: Жұртқа ғаділ би, пайдалы, көпке сүйенген, көп сөзін тыңдаған, билігін орнына салатын, арам жемейтін, іс білетін, халық үшін жаумен алысатын болыс пайдалы,-дейді [98,130].

Ә.Бөкейханов халық бойындағы ең бір келеңсіз іс әрекеттің қатарына «ұрлықты жатқызады». «Ұрлық түбі қорлық», деп ұрлықтан атақ та, кәсіп те, кек те табылмайтындығын айта отырып, бұл қылықтың халқымызға жат қылық екендігін, етімізге түскен таңба екендігін дәлелдейді, одан арылудың жолдарын анықтайды. «Сонда да жұрт болып, әу деп, бата қылып, әдіс қылса, ұрлық бұрынғы отқа табынған атамыздың дінінен мықты емес, бірте-бірте жоғалады»-деп жазады [98,134].

Ә.Бөкейханов қазақтың жері оның өмірі екенін жақсы түсінді. Барлық шаруашылығы, күн көрісі жермен байланысты халқымыздың жерінен айрылғаны оған туып тұрған үлкен қауіп-қатер екендігін көре білді.

Біздің ақылымызша адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылықпен көп жылдарда аударылады. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-гектардан жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып жан-жағына қара дейтініміз, қазақ 15-тен жер алып, осы алақандай жерге мал бақпақ;

Мал һәм егін шаруасы отырған, көшкеннен болмайды, жеріне, жерінің һәуасына қарай болады, тағы өзге неше көп себеппен шаруа өзгертіледі. Японияда адам тезегі де ақша. Мұнда кісі қызмет қылмаған алақандай жер жоқ. Мұнда жаһитшыл болмасаң аштан өлесің. Жаз болса қыдырып қымыз ішкен, көрші ауылдың түтінін күзеткен біздің қазақ жігіті. Бізге бұл жұрт тіршілігі мысал бола ала ма?

15-т жерде отырып, тамақ асырайтын болсаң, 15-тен жер ал, 15-ке мал бақпақ болсаң адасқаның, қаңғырғаның. Міне, біздің білгеніміз,-деп өзекті мәселені қозғайды [98,146].

«Жауап хат» дейтін бұл мақаласында Әлихан Бөкейханов өз жұртының бойындағы жалқаулықты сынай отырып, өзге жұрттың бойындағы еңбекшілдік қасиетін оған үлгі етіп ұсынады. Сонымен қатар адасып, не істерін білмей дал болған ұлтына шын жаны ашып, азғантай ғана жер сенің малыңды бағуға ешқандай сәйкес келмейді, ол үшін жердің ауасы,

суы, тағы басқа жағдайлары да сәйкес болуы керек, олай болмаған жағдайда қаңғырып кетесің, аштыққа ұшырайсың деп, қарапайым халқының көзін ашуға, жан-жағына қарауға, алданып қалмауға үгіт насихатын жүргізеді. Сол кезде қазақ оқығандарының көпшілігі жер мәселесіне көптеп көңіл бөліп, оның ең өзекті мәселелердің бірі екендігін жақсы түсінген. Солардың бірі - М.Әуезов. Ұлы жазушы өзінің «Өліп таусылу» деген мақаласында отырықшылдық, мәдениет, ғылым, жер т.б. мәселелерді көтерді.

Ол әр адамның өмірінде әр түрлі кезеңі бар. Кей кезеңдерде олар күліп туып, күліп кетіп жатады, ол бұның өмірінің өзгеден ісі асып, тасы өрге домалаған кезі. Соңғы бір дәуірде іргесі ыдырап, «Ері мойнына кетіп» жұрттығымен қоштасатын шағы, тірлігінде баға жоқ, жылап өтетін кезі болады. Әр адамның туып өскен жері, әдет-ғұрпы, нанымы, тұрмыс тіршілігі оның өміріне әсер етпей тұрмайды. Бұл іс әр адамға өз туған жерін сүйгізіп, елдігін іздетеді. Кейбір жұрт соғыстан, кейбіреуі аштықтан, енді біреуі өзге жұрттың көрсеткен қысымшылдығынан, аурудан, табиғаттың қолайсыздығынан, мәдениетінің төмендігінен өліп, азайып, құрып жатады. Мұндай жұрттың кәрісінен, жасына дейін қажығандық, талғандық, шаршағандық түрінен көрініп тұрады. Міне осы азғандық, аянышты хал қазақтың да ішінен білініп келеді дей отырып: «Көшпелі халықтың әуелгі түрін өзгертпеске болмады. Ен жайылып еркін қона беруге кең қоныстардың өрісі тарылды. Қаскүнем хүкмет шырғалаған қазақты жақсы жердің көбінен айырған, сыйымсыз көршілерді көбейткен. Бір жағынан ел өсті, бұрынғы қалып өзгерді. Өзгеден алып отырған үлгі пайдалы ма, зиянды ма? Қайтсе тұрмысына қолайлы болып, пайдасы артық болатынын мәдениеті жоқ елдің айруы қиын. Әр түрлі тұрмысты араластырған, былықтырған, бірбеткей тәртіптен айрылған, істеп жүрген кәсіптің бірде бірін ұқсата алмай жылдан-жылға кедейшілікке аяқ басып, біздің жұрт азып келеді. Көшпелі қалпы мәдениетке жанастырмайды, отырықшы болу керек дейміз. Егіншіліктің тәртібін білмеген ел, кедей болады. Қай ел болсын мәдениеттің буынын бекітпей, егіншілікті ғылым жолына сүйеп тәртіппен жүргізе алмайды. Отырықшылдыққа тез түсіп кетеді ғой дегенге де бірталай көзді жұмған ерлік керек», -деп күйзеле жазады Бұл халдің де өзгеше хал екендігін өзекті мәселе етіп көтерді [78,346].

Ә.Бөкейханов өзінің ғылыми мақалаларында тіл мәселесін, халықтың рәсімін, рухани мәдениетін де көтерген. Бұларға байланысты өте құнды пікірлер айтқан. «Рухани мәдениет қарауылынан», деген еңбегінде: Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу,-дейді [98,173].

«Мұсылман сиезі» мақаласында: Мұсылман сиезі қараған закон жобасы жайында жазылған екен, рухани мекемелерде қағаз татарша тілмен жазылсын деп. Бұл біздің қазақ жұртына ыңғайсыз екені көрініп тұр. Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып, қалың отырған, іргелі отырған ел жоқ. Біздің тілді, біздің қазақ жерін араламаған мұсылман бауырларымыз қайдан білсін. Біз кітап жазып, журнал, газет шығара бастағанымыз осы 3-4 жылдың ғана арасында. Анық түрік затты халық тілі біздің қазақта,- деп тіліміздің құдіретін, байлығын, әсемдігін Абай өлеңдері арқылы дәлелдеп көрсетеді [98,188].

Әр кезеңнің өзіндік көкейкесті мәселелері болады. Алаш қайраткерлерінің алдында тұрған көкейкесті мәселелердің бірі-ұлттық бостандық, егеменді ел орнату, теңдік мәселелері болатын. Бұл жолда олар құрбан да болды.

Ә.Бөкейханов мәселелердің жоқтаушысы ғана емес, бүкіл қазақ елінің саяси қайраткері ретінде осы күрес жолындағы көш бастаушысы да болды. Ұлы қайраткердің соңынан ерген інілерінің бірі, азаттықтың тағы да бір құрбаны Жүсіпбек Аймауытов оған арнау сөзінде: «Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басыңды қазақ жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз! Өмірінде жүрген жолың біздей інілеріңізге жағып қойған шамшырақ», -дегенде асыра айтып, қателескен жоқ еді.

Тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдиевтің: Әлихан Бөкейхановтың қайраткер ретінде қалыптасуының екі рухани негіздерін бөліп айту артық емес. Біріншіден, Әлихан еркіндік

пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болғандығы сөзсіз. Оның 1907 жылы тұңғыш рет орыс оқырмандарын Абайдың творчествосымен таныстыруды көздеген материал жариялап, ал 1909 жылы ұлы ойшылдың шығармаларының Петерборда жарық көруіне мұрындық болып, өмірінің соңына дейін «Қобыланды», «Ер Сайын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және басқа да көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеп және насихаттап өтуін, әрине, кездейсоқ жағдай деп айту қиын, - деген сөзіне сүйенер болсақ, оның ірі қайраткер ретінде қалыптасуына көмектескен ұлттық рух пен халықтың ой маржандары екендігі сөзсіз.

Белгілі қоғам және қалам қайраткері Ә.Бөкейханов ең біріншіден халық мұраларын педагогика ғылымының негізгі бір саласы ретінде жинау, жүйелеу жұмыстарын басты міндет етіп қойып, елді рухани тұрғыдан ағарту мақсатын көздеді. Екіншіден, Ә.Бөкейханов қазақ педагогика ғылымының жаңаша ой жаңғыртуы, өскен елдің өркениетіне жетуі тиіс деген идеяны ұстанып, осы бағытта табанды еңбек етті. Үшіншіден, ол халық ауыз әдебиетінің өз заңдылығын ескере отырып, халық педагогикасының да, фольклордың да, әдебиеттің де нәтижесін елдің рухани игілігіне айналдыруды мұрат тұтты. Сондықтан да ол өзінің «Рухани мәдениет қарауылынан» деген мақаласында былай деп жазады: «Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп адам баласына жақсылық жол ашу», - деп білді. Бұл мақсат тек қана Ә.Бөкейхановтың ғана емес, сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу қазақ зиялыларының бәрінің де арман-ойы-тын. Өз халқының мұңын мұндаған, жоғын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын аямаған зиялы қауым жеке өз бастарын емес, халқы үшін заман тауқыметін тартып, өз заманының талабын терең түсінді. Алаш партиясының көрнекті өкілдерінің бірі Мұхаметжан Тынышпаевтың орны ерекше. Ол қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы-инженер. Кезінде Санкт-Петербургтегі жол қатынасы инженерлер институтын бітірген инженер М.Тынышпаев Жетісу темір жолының жобасын жасауға, кейін оның құрылысына қатынасқан. Ол-тыңнан жол тапқан білімді маман. Отарлық езгіні көріп, халқын ол жолдан құтқару барысында білімін де, жігерін де аямай қызмет еткен. Халқының жері талан-таражға салынып, құқығы аяқ асты болғанда М.Тынышпаевты туған елінің тағдыры қатты алаңдатады.

М.Тынышпаевтың өмірі мен қызметі туралы Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және М.Дулатов шығарған «Қазақ» газеті 1917 жылғы 247 санында: «Мұхамеджанов Тынышпаев –II Государственный Дума ағзасы, инженер. Саясат ісіне жетік, халыққа таза жолмен қашаннан қызмет етіп жүрген алдыңғы қатарлы зиялы азамат» деп көрсетіп, оның 1905, 1916 және 1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі туралы «Мұхаметжан қазақта бір болса өзі, екі болса екінші кісі екендігі», - деп бағалайды (Қазақ 1917.28 ақпан). Сол сияқты «Семиреченские ведомости» газеті де Құрылтай Жиналысына депутатыққа кандидат М. Тынышпаевты «1905 жылғы революциялық қозғалысқа араласқан, Жетісу қырғыздары арасынан бостандық пен революция идеяларын үгіттеп таратқан, облыстан шыққан тұңғыш қырғыз» (1917, 7октябрь) деп сипаттайды[99,5].

М.Тынышпаев өзінің кәсіби мамандығымен де, Алаш қайраткерлігімен де халқының өсіп, өркендеуі үшін адал еңбек еткен. Т.Рысқұловтың себеп болуымен Жетісу темір жол құрылысында жұмыс істеген. Аса қабілетті қазақ инженерінің қолтаңбасы қалған Түрксібтің күні бүгінге дейін халық шаруашылығының күретамыры десек, оған М.Тынышпаевтың сіңірген еңбегі зор.

Қазақстанның қай аймағынан шыққан зиялы қауым өкілдері болмасын олардың көпшілігі Әлихан Бөкейхановтың және оның сенімді өкілдерінің қазақ қауымы үшін жетекші саяси ролін мойындайтын. Мұның жарқын дәлелінің бірі ретінде өзі де қазақ ұлттық интеллигенциясының үлкен тұлғаларының бірі болған М.Тынышпаевтың Әлихан Бөкейхановқа 1917 жылы сәуірдің 10-ында жазған хатынан төмендегі үзінді келтіруге болады: «Қымбатты Әлихан аға!..Мұстафа (Шоқайұлы) Орынбордағы қазақтардың ұстаған

жолы мен біздің көзқарасымыз туралы айтып берді. Мен сізбен біздің көзқарасымыз бірдей болып шыққанына аса қуандым: Орынборға барып келешекте жасайтын қадамдарымды сіздің шешімдеріңізбен үйлестіру ойымда бар еді, алайда бақытыма қарай, менің ойларым, сіздің бағытпен бірге, бірдей болып шықты», -деп жазады [99,93].

Думаға тұңғыш сайланған ұлт өкілдерінің бірі М.Тынышпаев-өз заманының талабын терең түсініп, халқын тек ағартушылық жолымен ғана емес, азаттық жолындағы күреспен де, мемлекетті қалпына келтіру барысында демократиялық күрес жолымен де өз пікірлестерімен бірге тарихта өшпес із қалдырған ұлы тұлғаларымыздың бірі. Ол-артына өзі өмір сүрген кезең оқиғаларынан да, халқымыздың тарихының келелі мәселелерін толғаған зерттеулерімен де өшпес мұра қалдырған ғалым.

М.Тынышпаевтың «Ұлы мәртебелі мырзаға» (Түркістан генерал-губернаторына) деген мақаласында қазақ даласында Ресей өкіметінің өкілдерінің жүргізген саясатына талдау жасайды. Жетісу облысының генерал-губернаторы Г.А.Колпаковскийдің адамгершілігі бар, адамдарға көзқарасы жақсы зиялы адам ретінде мінездеме беріп, орыс халқының арасындағы озық ойлы адамдардың іс-әрекетіне тоқталып өтеді. Ол бұл мақаласында халқымыздың бойындағы қарапайымдылықты, момындық мінезін тәптіштеп түсіндіре отырып, халыққа қиянат жасалмай басқарған жағдайда ол халықтың ешқашан өздігінен көтеріліске шықпайтындығын, бірақ әділетсіздікке, зорлыққа көне алмайтынын да түсіндіреді.

Қазақтарды генералдар Кауфман мен Колпаковский (1867-1889ж.ж) басқарған кезеңді бөле жарып атаған дұрыс. Әкімшілік шенін генерал Колпаковскийдің өзі реттеді; уезд басшылығына көбінесе шала сауатты, бірақ әділ, мақсатшыл, халықшыл, мәдениетке ықыласты адамдардан тағайындады. Әрине, сол кезде де алаяқтық және басқа да жәйттер кездесіп қалатын еді, алайда мұндай жекелеген оқиғалар генерал Колпаковскийдің назарына ілігіп, тез арада тұншықтырылып тасталып жүрді.

Екінші кезең-1889 жылдан (генерал Колпаковский кеткеннен кейін) 1905-жылға дейін созылған өтпелі кезең болды; өлкеде харам ойлы адамдар пайда болып, қарапайым қазақтарды тонауға ойысты, мәселен бір қорап швед сіріңкесін бір қойға сатты, т.б.; орысша тіл, жазу үйренген қазақтар осы қазақтар мен татарлардан шыққан жолбикелерге еліктеп, резеңке калаш, жылтыр етік киді, шылым, папирос тартуға, арақ ішуге әуестенді. Тағы басқа алаяқтар көбейіп қазақтарды жиі алдап кетіп жүрді; өмір сүру қиын, әрі қымбатқа түсті, орыс әкімшілігіндегі кадрлар бұрын қазақтармен ешқандай қарым-қатынаста болмаған кездейсоқ адамдармен ауыстырылды. Оған сайлаудағы паракорлық қосылды, дау жанжал ұлғайды, -деді [99,35].

Орыстардың Жетісу өлкесін басқару барысын осылайша саралайды. Алдыңғы топ халықты басқару барысында демократияшыл пиғылда болса, екінші кезеңде қазақ халқына орыс билеушілерінің отаршылдық пиғылда екендігін көрсетті. Халықтың ар-намысын аяққа таптап, қыздарын зорлап, шұрайлы жерлерін тартып алып, ұлтының намысына тиіп қорлық көрсетеді.

1906 жылы Шкапский Жетісудан қуылып, оның орнына бұдан кейін Верныйдан 8 жыл бойы(1914 жылға дейін) қозғалмаған С.Н.Велецкий әкелінді.

Велецкийдің алғашқы әрекеті жергілікті халықтың ғана емес, облыс әкімшілігінің де алаңдаушылығын туғызды; Верный уезінің Шамалған болысында жаппай жерді тартып алу ісі басталды, бұл әуел бастан-ақ кірмелер өкілеттілігінің қазақтарға, заңға, қалыптасқан жағдайға менсінбей қараушылығын көрсетті; жерлер генерал М.Е.Ионовтың қорғағанына қарамастан қазақтардан тартып алынды, -деп жазады Мұхамеджан Тынышпаев[99,37].

Жер мәселесіне байланысты М.Тынышпаев әділетсіздіктің куәсі болып, халқының алдауға түсіп, оған көнбеген жағдайда зорлықпен жерлерінен, ата-қоныс мекендерінен айрылып жатқанын дәлелді негіздермен көрсеттіп отырды. Халыққа қиянат жасап отырған билеуші топтың өз дегенін іс жүзіне асырып отырғандығын көре білді.

М.Тынышпаев халықтың тұрмыс-тіршілігінің күннен-күнге қиындап бара жатқанын, ол қиыншылықтардың өмірдің барлық кезеңдеріне байланысты екендігін де көре білді. 1868

жылғы ереженің қазақтарға көлденең келген қиыншылық болғандығы соншалық, жер дауы кейінге ысырылып қалды, деп жазды. Сайлаудағы паракорлық, заңсыздық, қарапайым халықты талау, бірін-бірі өлтіру т.б. өрескел әрекеттер қарапайым халықты әбден шаршаты. Кірмелер мен жергілікті халықтың арасындағы талас-тартыс кірмелердің пайдасына шешіліп, халық біржолата жерлерінен айрылып жатты. М.Тынышпаев осындай әділетсіздік кезінде саяси аренаға шығып, ұлтының тәуелсіздігі үшін, бостандығы үшін күресті.

Гимназияның еш кінәсі жоқ директоры М.В.Вахрушевтің қызметінен кетіп, Дейнеконның директор болуы да көп әсер етті,-дейді [99,39].

Бұл заңсыздық қазақ балалары оқып жатқан гимназияларда, жоғары оқу орындарында да етек алып жатты. Қазақ балалары үшін тағайындалған стипендияның алынып тасталғанын, оны орыс балаларына берулері де, тек стипендиямен күн көріп жүрген қазақ студенттерінің оқуға мүмкіншіліктері болмай, сабақтан кетулері етек алып, әділетсіздіктің шектен шығып жатқандығын, ашына жазып, М.Тынышпаев бұл бассыздықты да сынайды. Ол институттың соңғы курсына жүргенде 1905 жылғы төңкеріске қатысады. Сол жылы өткен автономистерінің съезіне қатысып, онда «Қазақтар және қоғамдық қозғалыс» деген тақырыпта баяндама жасайды. Бұл баяндамасында патша әкімшілігінің қол астына қараған шет аймақтардағы халықтарға жасап отырған озбырлықты, адам төзгісіз ауыр өмірін әшкерелейді.

Қазақ халқының саяси-әлеуметтік, мәдени даму жолын тежеу үшін ерекше заңға негізделген арнайы басқару жүйесі енгізілді. Сондықтан сахарарадағы қозғалыстардан жалпы түсінік беріп, одақ мүшелеріне қазақ халқының жапа шеккен, қорланған өмір тұрмысымен кеңірек таныстыру өзінің мақсатым деп білемін. Қазақ даласының өзін-өзі басқару жүйесі, саяси, рухани, діни сенім-көзқарастары мен экономикалық әл-ауқатының жан-жақты тәркіленіп, титығына жетуінің салдары көшпелілердің наразылығын туғызып, қозғалыс толқынын өршіткен басты себепке айналып отыр,-деп бастайды баяндамасын[99,115].

Туған елінің мұң-мұқтажын мүмкіндікті қалт жібермей бас қосқан зиялы қауымның алдында айтып қалуы, империялық Ресей әкімшілігіне М.Тынышпаевтың есімін әйгілі етеді. Осыдан бастап патша жандермериясының қара тізіміне ілініп, өмірінің соңына дейін әрбір басқан қадамы аңдулы болады. ІІ Мемлекеттік Думаға Жетісу өлкесінен жиырма сегіз жасар Мұхаметжан Тынышпайұлының сайлануы – халық алдындағы оның зор беделі мен үлкен сенімге ие болғанын көрсетеді. Әрине, халықтың мұндай таңдауы патша үкіметіне ұнамайды.

М.Тынышпаев өзінің «Учредительное собрание» деген мақаласында: Һәр жерде, Һәр патшалықта осы күнгідей уақиғалар болған. Сонда халықтың өз ортасынан шыққан көсемдер халыққа кеңшілік закондарын жасап берген. Сөйтіп шығарған закондарды негізсіз закондар дейді. Осы закондарға тіреліп, өзге қарапайым, жәй закондар шығады. І Гос Думашылардың алдында негізгі закондарды бас хүкімет өзі шығарған. Сондықтан бұл закон халыққа пайдасыз болып, бар күш үкіметтің өзінде болды,-деп жазды [99,51].

Бұл айтылғандардан халыққа пайдасыз закондарды сынай отырып, өкіметтің өз пайдасына ғана қатысты шығарылған заңдардың негізсіз екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар бұл мақаласында жаңа құрылған үкіметтен көп үміт күтіп, ол ойын былайша тұжырымдап көрсетеді: «Не болса да қазақтарға таң атты деп, қуанышты болып үміттенеміз. Патшалардың Һәм хүкіметтердің қиқарлығынан талай жолсыздық, жауыздық көрдік. Қазақтың даласы, қырғыздың тауы қанға толып еді-ау. Енді бұдан бұлай ешнәрсе жоқ деп ұқыпсыз отырғанымыз жарамайды. Ілгері басып талпынып, заманымыздан қалыспай, ұмтыла басуымыз керек. Егерде ілгері басып, ұмтылып бәйгеден қалмаймыз десек; егерде халықтың игілігін, көгеруін, ел болып жер бетінен көшпеуін тілесек, мына болашақ Учредительный собраниеге ең білімді, көсем, шешен, тартымды, пайдалы, сенімді адамдарымызды сайлаймыз. Мен ұлы жүз, сен кіші жүз, анау орта жүз демей, мен аталының баласы, анау кіші ауылдың баласы демей, бәсекеге түспей, жұрт жолына құрбан болатын келісті адамдарымызды сайлауымыз тиіс», - деп елді берекелі бірлікке шақырды[99,81].

Болашақтың қамын жеп, елінің ертеңін ойлап, өзекті мәселелерді қозғады. Ол жолда елім дейтін адал ұлдарын тәрбиелеп, ел ісіне араластырудың қажеттілігін көре білді. Елдің болашағы ақылды, оқыған, тәрбиелі, отанын жанындай сүйетін, ол жолда барлық қиыншылыққа төзе білетін, бірлігі бар ұрпақтың қолында деп түсінді.

Ол да өзге оқыған зиялы қауым сияқты Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күткен еді. Белсене қызмет етіп, саяси қызметкер ретінде танылған болатын. Мұхаметжан ІҮ мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясының премьер-министрі болып сайланады. Түркістан автономиясын кеңестер күшпен талқандағаннан кейін М.Тынышпаев Алашорда қайраткерлерімен бірге, азамат соғысы жылдарында қызылдарға қарсы күреседі. Одан нәтиже шықпаған соң, кеңес үкіметі жағына шығып «буржуазиялық маман» ретінде Ташкентте, Қызылордада, Алматыда әртүрлі деңгейде шаруашылық қызметте жұмыс істей бастайды [58,265].

20-жылдары ұлы жүректі тұлға азамат соғысы барысында жұтқа ұшырап, ашыққан қазақтарды аман алып қалу мәселесіне ерекше көңіл бөледі. «Солтүстік Жетісудың 31 болысындағы қалыптасқан шаруашылық жағдай хақында» деген тақырыпта өлке өмірін экономикалық жағынан жақсарту шараларының нақты жоспарын көрсететін баяндама дайындап, Д.Фурмановтың назар аударуына ұсынады. Бұл баяндаммен танысқан Түркістан АКСР ОАК-нің төрағасы Т.Рысқұлов өте жоғары бағалайды. 1921 жылы білікті маман Ташкент қаласына шақырылып, онда Түркістан республикасының Жер шаруашылығы министрінің Су шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалады. Ол сонымен бірге Түркістан каналының жобасын жасауға қатысты. Қазақстанда Ұлттық Республикалардың құрылуы және олардың жерін межелеуге байланысты Мұхаметжан Тынышпайұлы ОАК-нің жерге орналастырудың ерекше комиссиясының көшпелі шаруашылық жөніндегі аға маманы қызметіне тағайындалып, техникалық кеңестің мүшесі болды [99,118].

Ол осындай жауапты қызметтерді атқару барысында халқына адал қызмет етуді алдына мақсат етіп қойып, бұл қызметтерді адалдықпен, шыншылдықпен, имандылықпен орындады. Өзінің борышы мен міндетін таза атқарды. Бойындағы адамгершілігін ар-ұятын, ізеттілігін, білімін халқының болашағына жұмсады.

Кері шегініп, тарихқа жүгінейік. Жиырмасыншы, отызыншы жылдары еліміздің басындағы ауыр оқиғаларды, ашаршылықты айтып жеткізу өте қиын. Ғалым Ахметов өзінің «Алаш алаш болғанда» деген еңбегінде былай деп жазады: Қазақ автономиялы республикасы жариялағаннан кейін ұлт зиялылары жаңа үкімет қасына топтасып, бұл үкіметке шын сеніп, құлшына жұмысқа кірісе бастады.

Республика басшылығында С.Меңдешев, М.Мырзағалиев, Н.Нұрмақов, С.Сейфуллин, С. Садуақасов, Ә.Жанкелдин, Қ.Тоқтыбаев, Ә.Әйтиев, М.Атаниязов, М.Саматов, Ә.Асылбеков және т.б. гимназия бітірген жастар болды. 1925 жылы Қазақстандағы өлкелік партия комитетінің хатшысы болып С.Қожанов та қызмет істеген еді.

Автономия құрылған бойда үкімет басшылары қазақ жастарынан кадр дайындау мәселелеріне шұғыл кіріседі. Орынборда жұмысшылар факультеті, Қазақ халық ағарту институты, медицина училищесі, заң курсы, милиция мектебі, әйелдер курсы, партия-кеңес мектебі, кәсіподақ қызметкерлер курсы ашылды. Оларда көптеген қазақ жастары оқиды. Оқу орындарында Ахмет, Міржәкып, Елдес Омаров, Телжан Шонанов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан, Мұхтар Мурзин, Молдағали Жолдыбаев, Мәжит Шомбалов т.б. дәріс оқиды. 1921\1922 жылдары Кеңес үкіметі дағдарыстан шығу үшін (НЭП) жаңа шаруашылық саясатына көшіп, жеке кәсіп шаруаға рұқсат беріле бастады. Бұл кезде ел біршама күйленіп аса байып кетпегенімен, тәп-тәуір күндерін көріп жатқан еді [88, 68].

Сонымен халықтың жағдайы біршама түзеліп, елді өз ұлтының басшылары басқарып дұрыстала бастаған кезде Ф.И. Голощекин Қазақстанды «жөнге салу» үшін орталықтан жіберіледі. Ол келе салысымен Қазан төңкерісі Қазақстанға соқпай бір бүйірінен өтіп кеткен, Қазақстан еңбекші бұқарасы оның жемісін жемеген деп «Кіші қазан» науқанын өткізуге

кіріседі. 1927 жылы егіндік, шабындық жерлерді қайта бөлді. 1928 жылы «жартылай феодал байлардың» мал мүлкін кәмпескелеу жүргізілді. 1929 жылы «қулақтарды тап ретінде жою негізінде колхоздастыру» науқаны басталып кетті. Жаңадан ғана там-тұм басып жүріп келе жатқан елдің жағдайы күйзеліске ұшырады. Қазақстанның көп жерлерінде өткен жұт, ашаршылық, елге тараған ауру зардабынан елдің саны азайып, бұрынғы күйінен айрылады.

1911 жылы 4 миллион 423 мың қазақ болса, 1926 жылы 3 миллион 968 мың жан қалған, 1926 жылы 28 миллиондай мал болса бұл жылдары соның төрттен біріндей ғана қалған болатын. Енді жаппай колхоздастыруда бар малды ортаға салып жинағанда алдымен оған қора, шөп дайындап жинаған жоқ. Жеке шаруаның мәпелеп бағып отырған малы көптің ортасына түскен соң, «сен салар да мен салар, атқа шөпті кім салардың» кебі келіп, жұрт малға қырсыз болды. Мал көтеремнен қырылды. Қолдан жасалған жаппай жұттың салдарынан жұрт тамақ іздеп, амалсыздан қаңғып кетуге мәжбүр болды. Голощекин «Астық үшін күрес-социализм үшін күрес» деп елді қысып жатты, аштықтан шұбырған елді ол «бай-құлақтардың үгітімен қашқан откочевниктер» деп атады. Орнында қалған елдің де, кеткендердің де көбі сол жылдары аштан өлді, көктемге жеткендері балық аулап, өсімдік тамырын жеп жан сақтады, кісі етін жеген уақиғалар да аз болған жоқ [88,70].

Міне, елдің жағдайы осылай болып, «колхоздастыруда» халық жаппай қырылып, тіпті жұрт не істерін білмей сандалып жатқан кезде Голощекиннен басқасы ол «Социализм жеңісі жақындаған сайын тап жауларының қарсылығы күшейе түседі» деп, біреу бірнәсе десе «тап жауы, байдың құйыршығысын» дегенді айтып, түрмеге жауып, атып, итжеккенге айдап жатты. Бірақ осыны көре білген, осындай қысылшаң кезде де шындықты бетке тайсалмай айтқан асыл азаматтарымыз болды. Олардың көпшілігі сотталып, атылып, қуғынға ұшырады.

Коммунистер партиясы елді билеп, қатаң тәртіп ұстап тұрған жылдарда бас қамын емес, ел қамын ойлаған парасатты, ақыл иесі адамдарымыз, әсіресе, олардың ішінде Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Садуақасов т.б. сияқты ешкімнің ығына жығылмайтын, өз бастарымен жұмыс істейтін азаматтарымыз болды, бірақ партия оларға әртүрлі «құйрық» тағып, еркіне жібермеді. Шет елде жүрген Мұстафа Шоқайұлы Парижде қаржының тапшылығына, тұрмыстың ауырлығына қарамай, елдің жоғын жоқтап, «Жас Түркістан» деген газетті он жыл бойы шығарып тұрды [88,72].

Ақпан революциясынан кейін Түркістан ұлттық автономиясын құруға күш салған ол 1917 жылғы наурызда Ташкентте құрылған мұсылман орталығын басқарған. 22 желтоқсанда құрылған Қоқан автономиясының М.Тынышпаевтан кейінгі Президенті болды. Автономияны қызылдар жеңгеннен кейін бой тасалап, алдымен Түркияға, кейін Париж маңындағы қалаға барып тұрақтады. Ол онда қызыл империяны әшкерелеу, ондағы аз ұлттардың аянышты тағдырымен Батыс елдерін таныстыру жөніндегі белсенді жұмысын жалғастырды. Немістер Францияны басып алғаннан кейін Мұстафаны тұтқындап, соңынан аудармашылық жұмысқа жегу үшін Берлинге алып келеді. Сонда 1941 жылғы 27 желтоқсанда дүние салады.

Жүріп өткен жолымызды ешқандай да бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы - өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында қалдырған рухани мұрасын қалың оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу, тек жеткізіп қана қоймай ұрпаққа олардың өмірін үлгі ету. Елін сүйген адал ұлдарының өмірде алдарына қойған мақсаттары - халқының тәуелсіздігі, егеменді ел болуы, сол жолдағы олардың идеялары, сол үшін құрбан болғандығын жария ету болса керек.

Мұстафаның шыққан тегі батыр, әділдік үшін күрескен отбасы болған. Оның жастайынан отаршылдықтың өктемдігін, әділетсіздігін көріп өсуі, әрі өскен ортасының әсері кейін елінің тәуелсіздігі мен егемендігі жолындағы күреске ұласады.

Мұстафаға алғашқы жүктелген қоғамдық жұмыс оның 1914 жылы Әлихан Бөкейхановтың ұсынысымен IV Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалуы. 1907жылғы 3 маусым заңы қазақтарды Мемлекеттік Думаға

депутат сайлау құқығынан айырады. Осындай жағдайда Думадағы Мұсылман фракциясы жұмысына араласып жүрген М.Шоқайдың қызметі ерекше бағалы еді. Бұл Мұстафа Шоқайдың Ресейдегі қайраткерлермен, Дума депутаттарымен араласуына, іс жүзінде жалпы мұсылмандық, жалпы түркістандық идеяларды қолдауына алып келді. Азаттық алу үшін езілген халықтардың тізе қосуы қажет екендігін Мұстафа сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл пікірден айныған жоқ [100,11].

Халқының теңдік алып бостандықта өмір сүруі үшін М.Шоқай: «Әр халықтың өзіндік, ұлттық ерекшеліктері болады. Оның тілі, діні, ділі, әдет-ғұрпы, елдігі мен еркіндігіне нұқсан келмеуі керек. Әр ұлттың өз өкілі өзінің еліне басшылық жасауы тиіс және оның құқығына ешқандай кедергі келмеуін қадағалау қажет», - деп түсінеді. Мұстафа Шоқай да кеңес үкіметін өзінің пікірлес достары сияқты қуанышпен, үлкен үмітпен қарсы алады. Халқының бостандықта өмір сүруі үшін жанқиярлықпен әрекет жасайды.

Алаш қайраткерлерінің сол кездегі Ақпан революциясынан, демократтық бағыттағы орыс саяси партияларынан үлкен үміт күтіп, өздеріне қол ұшын береді деген сенімі ақталмады. Бірақ, Ақпан революциясы Түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқандай еді. М.Шоқай елдегі саяси қозғалысқа белсене араласып, ұлттық қозғалыстың белсенді мүшелерінің бірі болады. М.Шоқай кеңестік Россияның түркі халықтарын одан ары орыстандыру саясатына үзілді-кесілді қарсы шығады. Ол: «Ресейлік түріктер өз ата мекендерінің орыстар тарапынан жаулап алынғанын біледі, ал біздің қанымыз да, жанымыз да, рухымыз бен зейініміз де орыстықтан, ресейліктіктен бөлек. Біз соған қарамастан ақпан төңкерісі кезінде орыс халқымен тең құқықта, татулықта өмір сүрудің жолдарын іздеп, халқымызды «Ресей демократиялық федеративтік республикасы шеңберінде орыстармен бірге өмір сүруге» үндеп көрдік. Орыс демократиясының саяси жарамсыздығы салдарынан ақпан төңкерісі жеңіліс тапты. Ресейде орыс большевизмі үстемдік құрды», - деген пікірі кейінгі тарихымызға да қатысы бар терең астарлы пікір [100,27].

Большевиктер билікті қолға алғаннан бастап, тап жағынан жіктеп, жұмысшы, солдаттардан депутаттар кеңесін құрады. Жұмысшы табы жоқ Орта Азия халықтары алғашқы жылдары мұндай кеңестерден сырт қалды, Кеңес өкіметі жергілікті халықпен санаспады. 1919 жылы Қазақстанда ревком құрылып, оған қазақтардан ешкімді лайық көрмей Москвадан Пестковскийді жібереді. 1920 жылы Қазақ автономиясы құрылады. Ташкентте құрылған ревком мүшелігіне жергілікті халықтың өкілдерінен ешкімді қабылдамады. Ондағы ойлары «бұратана халықтың ішінде жұмысшы табының болмағандығынан, мұсылман қауымын өкімет құрамына енгізу мүмкін емес» деп табады. Оқыған азаматтары бола тұра жергілікті халықтардың арасынан ешкімді өкімет жұмысына араластырмайды.

Ташкентте теңдікке қолы жетпеген жергілікті азаматтар орысы аз Қоқан қаласында сол жылы қарашада мұсылмандар съезін шақырып, «Қоқан автономиясын» жариялайды, үкімет басшысы болып инженер М.Тынышпаев, орынбасарына адвокат Әбдірахман Оразаев, сыртқы істер министрлігіне Мұстафа Шоқаев, қаржы министрлігіне башқұрт Ислам Шаһимарданов, әлеуметтік жұмыстар министрлігіне Мир Әділ, ауылшаруашылығына инженер-землемер әзірбайжандық Юргилиаға Ғидаятбек т.б. сайланып орыстарға үкімет мүшелерінің үштен бір бөлігі қалдырылады. Бұл кезде Жетісуда атты қазақтар мен қазақ шаруаларының арасында жер мәселесі жөнінен үлкен шатақ шығып жатқандықтан М.Тынышпаев Жетісуға кетеді де, оның орнына М.Шоқай үкімет бастығы болып сайланады [88,48].

Бұл автономия орыс демократиясының аз ұлттарға тәуелсіз мемлекеттікті емес, тіптен автономиялық еркіндікті де қиюға даяр емес екендіктерін дәлелдейді. Сонымен қатар Ресей империализмі жағдайында кез-келген шағын ұлттардың өз еркімен шағын мемлекет құрып, оны өз күшімен қорғап нығайту мүмкін еместігін Мұстафа Шоқай өзінің мына тұжырымдарымен дәлелдейді: «... біз миллиондаған тұрғындары бар Ресеймен күресте жеңіске жеткізетін ең тура, ең сенімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуіміз керек. Тек

өз күшіміздің аздық ететіні көзге көрініп тұрғаны ақиқат. Сондықтан біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз лазым», - дейді.

М.Шоқай Түркістан халықтары тарихында бүтін бір кезеңді қамтыған ерекше тұлға. Оның Түркістан халықтарының 1917 жылғы Қоқан автономиясының демократиялық қозғалысына басшылық жасауы тарихтағы елеулі оқиғалардың бірі.

М.Шоқайдың эмиграциядағы өмірі де қиыншылыққа толы. Жат елде қаржы-қаражатсыз тұрмыс құрып, оның үстіне тынымсыз саяси-ғылыми –баспагерлік жұмыстармен айналысуы қанша күш-жігер мен табандылықты талап еткенін түсінуге болады. 20-30 жылдардағы Мұстафа Шоқайдың өз халқының тәуелсіз болашағы үшін тау төңкерерлік қайрат-жігерін, табандылығын, білегін түрініп қызыл империямен ымырасыз күрескендігін мақтанышпен айтуға болады. Мұстафа Шоқай туралы айтылған көп сандырақтардың бірі соғыс жылдарындағы оның өз отанына опасыздық жасапты мыс дегендері... Ал шындығында ол совет солдаттарымен легион құрылғанға дейін кездесіп, оның немістердің өз жоспарларына сәйкес құрылғандығы ескерілмейді. Зерттеулердегі деректер бойынша легион Мұстафа Шоқай 1941 жылы 27 желтоқсанда кенеттен ауруханада белгісіз себептермен қайтыс болған соң ұйымдастырылғаны да белгілі. Мұстафаның зайыбы Мария Шоқайдың айтуы бойынша Мұстафа Шоқайдың соңғы жазбалары тарихи шындықтың бетін ашады. Немістер Мұстафа Шоқайды ұстап алып кетеді де, оған радио бойынша түркістандықтарға үн қату тапсырылады.

Мұстафа өз ойын былайша айтады: «Мен айналадағы жағдайды, әсіресе екі мәселені ескере отырып әлгі ұсынысты қабылдадым. Мұндай шешім алуыма біріншіден, соңғы екі жылда атамекендегі оқиғаларға зер салып отырудан мақұрым қалғандықтан, екіншіден, Кеңес мектебіндегі кадрларды жете білмей күмәнді күй кешкендіктен еді... Біз басым бөлігі Кеңес заманында дүниеге келген және біз туралы бірнәрсе естісе де орыс большевизмнің теріс айнасына қарап таныған жастармен ұшырасуға бет алдық. Олармен шындық ахуалды түсінісуге септігін тигізетін ортақ тіл табыса аламыз ба? Міне, бәрінен бұрын миымды шыр айналдырған сауалдар осылар болатын», - дейді [100,16].

Сырт елде атамекенінен қашықта жүрген аяулы ұлымыздың бұл айтылған ой-пікірлерінің шындық болғандығы анық. Олай дейтініміз Мұстафа Шоқай және сол сияқты алаштың ардақты азаматтарының кім екендігі туралы совет заманында туып өскен, орыс большевизмінің тәрбиесін алған ұрпақтарымыз олардың кім екендігін білмейтін. Олар жайында тарихи шындық бұрмаланған заман болатын. Тіптен Мұстафа Шоқайдың Германияның билік орындарына олардың тұтқындарға істеп отырған азабын айтып, олардың мәдениетті халық екендіктерін беттеріне салық қылып, тұтқындарға жеңілдік сұрап хат жазып, өзін қауіп қатерге басын байлағандығын да жақында ғана біліп жатқан жоқпыз ба? Күйзеліске түсіп, екі оттың ортасында қатты қиналғандығынан оның өмірінің қаншалықты қиыншылықта өткендігін көрсетеді. Мұстафа Шоқай кеңес үкіметінің билік құрған алғашқы күндерінің өзінде-ақ ісі мен сөзінің арасындағы алшақтықты нақты фактілік негізде талдап көрсетті. Ол большевиктердің ұлт мәселесіне байланысты бағдарламаларына сенімсіз қарайтын санаулы адамдардың қатарында болды. Біздер енді ғана қазақ және басқа Түркістан халықтарының Октябрь революциясын қабылдай алмауын табиғи құбылыс деп санасақ, М.Шоқай сол кездің өзінде-ақ коммунистік идеяның тарихи кезеңдегі Түркістан халықтарының негізгі мүддесінен, яғни мемлекеттің саяси еркіндігінен алшақ тұрғандығын көре білген. М.Шоқай кеңестік Россияның түркі халықтарын одан әрі орыстандыру саясатына қарсы тұрған. Ол біздің қанымыз да, жанымыз да, рухымыз да орыстікінен бөлек деген. Ол- революциялық өзгеріске дейінгі түркістандық зиялылар арасынан орыс демократиясымен бірлікте патшалық билікке қарсы күрес тәжірибесін ғылыми талдауға алып, аса қажет тұжырымдар жасаған бірден-бір қайраткер. Тарихи тәжірибені сарапқа салып жасаған

тұжырымында ол мынаны дәлелдейді: 1917 жылғы ақпан революциясы ұлттық мемлекет құруға сенімсіздік туғызуы; аз уақыт өмір сүрген ұлттық тәуелсіз үкіметтердің Алашорда, Түркістан (Қоқан) автономияларының яғни Россиядағы бұрынғы отарлық тәуелдікте болған елдердің зиялыларының «орыстың төңкерісшіл» демократиясына деген сенімінің жаңсақтығы; кеңес үкіметінің жер мәселесіне байланысты қазақ еңбекшілеріне берген уәдесін орындамауы; кадр саясатындағы ымырасыздықты да сынға алды. Отаршылдарға өзімен тең сөйлесіп, жергілікті бұқара халықты басқара алатын басшылардың қажеті жоқтығын да ол өзінің еңбектерінде айтып отырды. Сонымен қатар, қазақ жұрты мен зиялыларының ішкі Россиядан келген қоныс аударушылар толқынын тоқтату туралы тілектерінің де аяқ асты болғанын, тоталитарлық биліктің біржолата орын алғандығын, отаршылдардың патша заманынан бері келе жатқан жер мәселесіне байланысты арманын Кеңес үкіметі бір-ақ қаулымен орындай салғанын М.Шоқай көре білді. Өз заманында Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген, онымен ымырасыз күрескен, бар ғұмырын ұлтының жарқын болашағына арнаған, шенқұмарлықтан, тәкәппарлықтан аулақ болған Мұстафа Шоқайдың өмірі жас ұрпаққа ұлттық тұлғаның қандай болу керектігін дәлелдейді. Енді оның «Яш Түркістанда» жарияланған кейбір мақалаларының саяси мазмұнына тоқталып өтелік. «Ұлт мәселесі төңірегінде» деген еңбегінде былай деп жазады: Ұлт мәселесінің түрі жағынан әр алуан болғанымен, мағынасы мен нәтижесі бір. Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығының төңірегінде айтылған мәселе белгілі бір мағынасы жоқ, жайдан жай айтыла салған мәселе. Олай дейтініміз большевиктердің 1917жылғы көкек айында болған жиналысында Сталин мен Пятаковтың сөйлеген сөздерінде ұлт мәселесінің шынайы болымысын ашып айтқандығын жазды.

Түркістанның Ресейден бөлініп шығып, шын мәнінде тәуелсіз болуы үшін күресіп келе жатқан мына біздер, бүгінгі Түркістандағы кеңестік республикалардан өзіміздің ұлттық идеяларымыздың көлеңкесін де көре алмай отырмыз. Біздің ұлттық бағдарламамыз тұрғысынан қарағанда, қазіргі жағдайдағы Түркістан, Түркіменстан, Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан деген атаулармен кеңестік республикалар төңірегінде көрінсін немесе Қазақ, Өзбек, Қырғыз, Тәжік, Түркімен аудандары яки аймақтары деп аталсын, бәрі бір ештеңе өзгермейді. Олар Орта Азия Бюросы деп аталынып, бәрібір Мәскеу диктатурасының тепкісінде болады, -деп жазады [100,99].

Біздің күресіміз атамекенімізді орыс үстемдігінен қорғау, өз тағдырымызды өз қолымызға алу, шын мәніндегі тәуелсіздігімізді қолымызға алу деп, елінің ертеңгі болашағының бұлтсыз болуы үшін өз өмірін қатерге тікті. Мемлекетіміздің тәуелсіздігін, еліміздің егемендігін армандады, сол жолда күресті. «Көтерілістен-ұйымшылдыққа» деген мақаласында: Қазіргідей жағдайдың өзінде көтеріліске шығуға тәуекел етіп отырған жерлестеріміздің көңіл-күйін біз жақсы түсінеміз. Олар қызыл орыстардың ауыр тепкісінде тыныс ала алмай тұншыққандықтан, бұл тепкіден құтылудың шарасын іздеп аласұрған жанкешті жандар. Орыс Кеңес үкіметінің колхоз, мақта және басқа да саясаттары салдарынан өлкенің жерлеріндегі тұрғындардың тұрмыс жағдайы қауіп астында қалып отыр. Шарасыз қалған халық бұқарасы «жатып өлгенше, атып өлейікке» бел байлап, қолына не түссе-соны кетпен, орақ, аң мылтығы сияқты қаруын алып көтеріліске шығуда. Жан төзгісіз жағдайда ашынғаннан туылып жатқан осындай көтерілістерді қанша хақылы, негізді десек те, халқымыздың жалпы мүддесі мен азаттық мұраттары тұрғысынан қарағанда, оларды құптауға болмайды, -деді [100,102].

Сол кездегі халықтың шашырап жатқан жағдайын, күшті мемлекеттің тепкісінде босқа қырылып қалу қаупін, ол үшін белгілі бір қолайлы жағдайды күтіп, ұйымдасқан түрде ғана көтеріліске шығу қажеттігін, ұйымдастырылмай жасалынған мұндай көтерілістердің атамекенімізге үлкен қатер төнгізетінін көрегенділікпен айтып отырды.

Сол жолда қандай қиыншылықтар болса да халқымен бірге көтерді. Еліміздің тәуелсіздігі үшін күресте жастардың алатын орнын, большевиктік дәуірде тәрбиеленгенімен, олардың ұлттық рухының ешуақытта мұқалмайтынын ескерте отырып, «Біз тәуелсіз Түркістан үшін керекті, барлық қасиетті жас ұрпақтан күтеміз», - деп жастардан үлкен үміт күтті, олардың болашағына сенді. Оларды тәуелсіздік мұраттар жолында қасиетті күрес майданына топтастыру қажеттігін айта отырып, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеп, оларға отанымыздың болашағын сеніп тапсыру қажеттігін, онсыз ұлттың мәселесі өз шешімін таппайтынын көрсете білді. Жастар өздеріне сеніп тапсырған міндеттің жауапкершілігін дұрыс түсініп, ол жолда қандай қиыншылық кездесе де төзе білу керек деп, олардың бойларына отансүйгіштік қасиеттерін, ұлттық сезімдерін, тәуелсіздік рухын дарыту керектігін жақсы түсінді. Ол бұл күреске шығуының өзін де өз халқын «хайуан», «орангутан» деп айтқандарына төзе алмағандығынан болғандығын жасырмай атап айтты. Ол: «Бұл күнде біздің бір ғана жолымыз бар. Ол- ұлтты құтқару жолы. Біздің мұратымыз- ұлттық тәуелсіз Түркістан. Ұлтшылдық біздің, соның ішінде менің де, саяси идеяларымыздың соңы емес, басы. Олай болса біздің барлық іс қимылымыз өз билігіміздің өз қолымызға өтуін қамтамасыз ету тұрғысынан жасалуы керек», - деген [100,155].

Ол біздің тәуелсіз мемлекетіміздің барлық саяси құрылымы халқымыздың патриот ұлдарының, саяси қайраткерлерінің қолында болу керек, әрбір ұлт өзін-өзі билеуі тиіс деген құнды пікірді ұсынған. Еліміздің тәуелсіздігінің өзі сонымен айқындалатынын жақсы түсінген. Отарындағы халықтың ұлттық намысын қорлап, оны өз отарында уысынан шығармай ұстап, тіпті ол халықтың өзіндік, ұлттық ерекшеліктерімен санаспауын Мұстафа Шоқай әшкерелеп отырған. Бұл қорлыққа ешқандай ұлттың көнбейтіндігін, ұлттық намысты қорлау түбінде сол ұлттардың қарсылығымен, көтерілуімен аяқталатынын жақсы білген.

М.Шоқай өзінің «Кеңестік Қазақстанның он жылдығына орай» деген мақаласында жоғарыда айтылған пікірін толықтыра түседі. «Бір халықтың тартқан тауқыметі қанша ауыр, көрген қорлығы қанша көп болса, оның бойындағы намысының оянуы және қарсыласу күшінің артуы да сонша тез болады. Түркістан халқы ерте оянып, Ресей үстемдігіне қарсы жан пидалықпен күрес жүргізуіне, сөзсіз, орыс үкіметінің бұл халықтарды жойып жіберуге бағытталған қатыгез де, жауыз саясаты себепкер болды. Түркістан халқы орыс билігіне ешқашан да өз еркімен мақұл болмаған. Ол ылғи да орыс бұғауына қарсы күресіп келеді. Өйткені оны бұл күрестен бас тартуға мақұл ететін факторлар болған жоқ», - деп көрсетеді [100,119].

Ресей үкіметінің жергілікті халықтың материалдық және рухани азып тозуына әкелуі, өліп бітуге душар етуі, қазақ жерлеріне орыс шаруаларын көптеп әкеліп орыс көпшілігін жасауы, ұлтымыздың ұлттық нышандарынан ажыратты, міне осы сияқты Ресейдің саяси әрекеттерінің жастарды өз халқының ұлттық болымысын сақтап қалу жолында күреске шығуына мәжбүр еткендігін де Мұстафа Шоқай өзінің бұл еңбегінде ашық көрсетті.

М.Шоқайдың «Ұлттық зиялы» деген мақаласына тоқталып өтелік. Онда ол: «Ұлттық зиялы деп кімді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұрауға дұрыс жауап қайру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі бір мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын

адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да, қасиетті болуы себепті өте ауыр», - деп анықтама береді [100,174].

Одан ары қарай ол халықты ұлт деңгейіне көтеру, оның жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын, біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігін ұлт зиялыларының міндеті деп, жүктелетіндігін атап айтады. Дүние жүзінде зиялыларсыз ұлтқа айналған саяси әлеуметтік халық бұқарасының бірлігі ешқашан болмайтындығын, сондай –ақ халық бұқарасынан қолдау көрмеген зиялы қауымның да ешнәрсе істей алмайтындығын да баса айтады. Сондықтан да халық пен ұлттық зиялы қауымның арасында ортақ бір сана болуға тиістілігіне де тоқталады. Сананы айқындау, яғни халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, алдымызға қойған мақсатқа жету жолында ұлт зиялыларының атқаратын міндеттерін анықтайды. «Зиялылар қауымы өздерінің тарихи міндетінің мүддесінен шығуы үшін не істеулері керек? Әлбетте, тек жүктелген міндеттерді атқарумен ғана шұғылдану жеткіліксіз. Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білулері тиіс», - деп нақты ұсыныс жасады [100,175].

Бұдан ары ол зиялы қауымның тәрбиесіне батыс мектептері тәрбиесінің кері әсер ететіндігіне тоқталады. Батыс тәрбиесін алған зиялылардың аянышты жері-рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы, халқымыздың жан-дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «шығыс зердесінен» айрылуы, ал біздің жастарымыз ұлттық рухымызды, тарихымызды бойларына терең сіңіруі үшін «шығыс зердесін» толық меңгерулері керек», - дейді бұл мақаласында. «Түркістан әдебиеті хақында француздар не айтады?» деген мақаласында халқымыз жай әншейін адамдардың ғана жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті, әдебиеті бар халық екендігін ол қазіргі саяси талас-тартыстарда тек «күн астынан бір жағрафиялық орын» алу ғана емес өзін, өзінің мәдениетін күллі әлемге таныту екендігін айта отырып, біздің саяси міндетіміз осы деп, ойын дәлелдейді. Рухани мәдениетке келсек, ол мүлде басқа мәселе. Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе дейді. Рухани мәдениет үстем жауын табанда жұмсатып тастамағанымен, дұшпандарын мысымен басып, өзге халықтардың құрметіне ие бола алатындығын көрсете алатын халықтың бірден-бір болымысы екендігін де жете түсіндіреді. Сонымен қатар Түркістанның болашағы оқыған білімді, саяси сауатты жастарда екендігін де жете білген. Ол жастардың орыс оқуын оқуына да қарсы болмаған, Түркістанның ұлттық мүддесін жан аямай қорғайтын жастардың, атамекеніміздің қоғамдық саяси өмірінен елеулі орын алуы үшін шет елдерде, Ресейде оқып, терең білім алуын бірден-бір құптаған адамдардың бірі осы Мұстафа Шоқай болды. Адамдар үшін, адаса қалған жағдайда дұрыс жолға түсу үшін терең білім керектігін жастарға уағыз еткен. Орыстың, батыстың білімдері ұлтымыздың ұлттық болымысын сақтау үшін керектігін жас ұрпағына түсіндірген. Өзінің және өзі сияқты ұлтын қара түнектен құтқару жолында қызмет етіп жүрген Ғабидолла қожа, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын т.б. қоғам қайраткерлерінің орыс мектептерінде білім алғандарын да ұрпағына үлгі етіп айтқан. Жастардың терең білім алуын ұлтты отаршылдықтан құтқарудың бірден бір жолы деп түсінген.

М.Шоқайдың «Түркістанның бақытсыздығы және одан құтылудың жолы» деген еңбегінде Кеңес үкіметінің жаңа экономикалық саясатының түркістандық отаршылдық езгіні бұрынғыдан да ауырлата түскендігін айтады. Түркістан шаруашылығының Мәскеу үкіметіне құрбан етіп жіберген колхоздар, орыс шаруалары мен Түркістан шаруалары арасындағы экономикалық, мәдени қайшылықтар, Түркістанды орыс астына тәуелді етіп қойған мақта саясаты, Түркістандағы орыстардың патша заманындағыдан әлденеше есе көбейтілуі, Түркістандағы мемлекет аппаратының «ұлттандырылмауы», ұлттық

мүдделерінің орыс пролетариаты диктатурасының талаптарына сәйкестендірілуі, Түркістандағы «ұлттық большевиктердің» көзін ашып, Мәскеу саясатына Түркістандықтардың өткір қарсыласына айналдырыла-тындығы жайында жазылады. Осындай қайшылықтардың біразына тоқтала отырып, одан шығудың жолын қарастырады. Ол жолдардың бірі Түркістандықтардың жеке дара күресі ойдағыдай нәтиже бермейтіндігін дәлелді түрде айта келіп, дұшпанға қарсы қарулы күресті партия, үкімет аппараттары ішіндегі күрестермен байланыстыру қажет деп көрсетеді. Ұлттық тәуелсіздік жолында күресіп жатқан басқа да халықтардың күресімен үйлестіру қажеттілігін ашып айтады. Тәуелсіздіктің бірден-бір жолы осылайша бірлесе отырып күресу керектігін саяси сауаттылықпен, көрегенділікпен көрсете білді.

«Жұмһуриет» тілшісі Надыр Нади бекпен сұхбат жүргізген Саид бек кім?-деген мақаласында да М.Шоқай Кеңес мектептерінде оқып жатқан жастарымызға жасалынып жатқан тосқауылдар мен Баку мен Қазан қалаларындағы жоғарғы оқу орындарының кеңес үкіметі келісімен қыруар қаржы жұмсап ашқан оқу орындарының жабылып, оқыған көзі ашық азаматтарымызды жаппай қырып-жойып, қуғын сүргінге ұшыратып жатқандығы жайында ашына жазады. Рухани салада маңызды рөл ойнайтын әліп-би мәселесіне де зорлық көрсетіп, өз тепкісінде отырған түріктерге орыс алфавитін зорлап таңып, түрк қандастарымызбен араны бөліп ұстауға әрекет жасап отырғандарын әшкерелейді. Кеңес мектептеріндегі оқу ұлттық мораль, ұлттық сезім және ұлттық рух үшін қаншалығы үрейлі екендігіне тоқталып, ол жайында былай деп көрсетеді: «Кеңес үкіметімен жақын дос болып келе жатқан Түркия өкіметі Еуропаға жүздеп студент жастар жібере отырып, Ресейге келгенде оған бір адам жібере алмай қалуының себебі неде? Ұлттық даму жолына бет бұрған Ауганстан мен Иран да кеңестің жоғарғы оқу орындарына неліктен бірде-бір жастарын оқуға жібере алмады? Ал кеңестермен жақында ғана достық келісіміне қол қойған Қытай үкіметі кеңестік ресейден оқып қайтқан жастарын мемлекет істеріне қатыстырмау туралы жарлық шығарады. (французша «Таң» газетінің 30,12,35 ж.санында) Надыр Нади бек пен басқа да түркиялық туыстарымыз кеңес мектептерінде түркшілдік мұраттарға, әсіресе «кемалшылдыққа» қарсы сұрапыл насихат жүргізіп жатқанын, тіпті Ресейдегі түріктерге географиялық атауларды Анадолы түрікшесі бойынша жазуға қатаң кедергі қойып жатқандығын біле ме? »-дейді [100,51].

Солай дей отырып Саид бектің 1905 жылы қазан айының 20 да дүниеге келген Украинаның Киев қаласындағы Лев Абрамович Нуссенбаун деген еврей екендігін анықтайды. Бет бейнесін өзгерткен осындай адамдарды өз қандастарына ашып айта отырып, түрік атын жамылған бұл сияқты адамдардан абай болу керектігін жастарға баса айтады. Саясаттағы мұндай әрекеттерден сақ болу керектігіне үлкен мән береді.

«Бір «Интуристің» Түркістан әсері» деген мақаласында бұл елді аштық жайлағандығын, ашаршылыққа душар болғандардың Түркістанның жергілікті халықтары екендіктерін, ашаршылықтың басты себебі-дәнді дақылдар егетін жерлерге мақта егілуінен екендігін жергілікті халықтардың жасырмай айтқандығы туралы жазылады. Ашаршылықты тудырған себептердің бірі колхоздар болып табылатынын да ашық айтады. Сонымен қатар Қазақстан мен Қырғызстан халықтарын күштеп отырықшылдандырудан екендігін де көрсетеді. Жергілікті халықтардың шаруашылыққа бөлінетін жерлердің көбі көшпелі және жартылай көшпелі шаруалардан тартып алынып, Ресейден келген келімсектерге бөлініп беріліп қойылғандығын, жергілікті халықтарға баспана немесе азық-түлік жағынан ешқандай көмек көрсетілмей отырғандығын, амалы жоқтықтан қайта көшпелі мал шаруашылығымен айналысу қажеттілігінің туындағандығын, бірақ оған малдарының жоқтығы әсер етіп, халықтың осылайша аштықтан қырылып жатқандығының себебін ашып жазады. Сонымен қатар Түркістандағы жоғары оқу орындарында ғимараттардың жетіспейтіндігін, онда дәріс беріп жүрген оқытушылардың аздығын, маман дайындауға жеткілікті түрде мән берілмейтіндігін, өйткені большевиктер білікті педагогтардан гөрі, коммунистік мұраттарды

насихаттайтын үгітшілдерді керек ететіндігін, кадрлар дайындауға большевиктер осылай көңіл бөліп отырғандығын жазады. Оның «Орыс миссионерлігі» деген мақаласында Кеңестік Қазақстан Республикасының он бес жылдық мерекесіне орай «пролетарлық мәдениет саясатының табыстарын» әзірлеу мақсатында шақырылған құрылтай жайында жазады. Онда Голощекин басқарған көне партия саясында жүрген, жауапты орында отырған «өз адамдары» деп есептелінген Қазақстан Оқу-ағарту комиссары Темірбек Жүргенұлының Әлихан Бөкейхановты қаралап сөйлегенін сынайды. Оның қазақ ұлтшылдарына жала жауып Әлихан туралы былай дегенінен үзінді келтіреді: Әлихан Сталиннің қасына келіп, «Қазақ халқы жойылып кетуге тиіс халық»- депті мыс. Сталиннің: «Сіз неге олай дейсіз?»-деген сұрағына Әлихан Бөкейхан: «Өйткені бұл халықтың сөздік қорында орыстардың «движение» деген ұғымын жеткізіп бере алатын сөз жоқ», -депті-мыс,-деген үзіндіні келтіре отырып, оның оған жабылған жала екендігін айтады [100,44].


«Алашорда басшыларының мәлімдемелері большевиктердің Алшорданың патша үкіметінің агенттері, қазақ халқының жауы етіп көрсетіп келе жатқан ертегілерінің күлін көкке ұшырар еді. Сөйтіп олардың жексұрын бет-бейнесін ашып тастаған болар еді. Алаш партиясы-Ресей қоластындағы түріктер ішінен саяси партиялардың ең радикалы еді. Алаш бағдарламасының кейбір баптары (мәселен, жұмысшы заңдары хақындағы бап) социал-демократтардың бағдарламасымен ұқсас. Ал бағдарламаның халық ағарту және жер мәселесіне қатысты баптары большевик үкіметінің түп-негіздеріне турадан-тура қарсы бағытталған. Өйткені онда орыс шаруаларының артықшылықтарына, озбырлықтарына шек қою туралы сөз болады. Міне, сол себепті де Мәскеу «Правдасы» Алаш бағдарламасын басуға қарсы. Сол себепті де олар бұл кітапты «Алашорда ақтаушысы» деп атап, оған қарсы шабуылға шықты. «Алашорда тарихы төңірегінде» атты кітап айналымнан алынып тасталынды. Енді оны өзгертіп шығармақ», -деп тарихи шындықтың бетін ашып жазып қалдырды [100,47].

Сонымен М.Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарастары дегенімізде мынандай қорытындыға келеміз: М.Шоқай отарланған халықтардың, соның ішінде қазақ ұлтын барынша езіп, әлеуметтік дамуын тежеп, Қазақстанды, тіпті бүкіл түркістанды империяның шикізат көзіне және дамып келе жатқан орыс капитализмінің рыногына айналдыруына, нақтылап айтсақ халқымызға жасалып отырған қиянатқа қарсы болды; Қазақ сияқты ұлттар өзінің саяси әлеуметтік құрылымын автономия ретінде алады, мұның өзі бұратаналарды отарлық езгіден құтқарып, халықтың әлеуметтік хал-жағдайын жақсартатындығын атап айтты; Орыстардың Қазақ жеріне қоныс аударуын тоқтатылуына әрекет жасады, сонда ғана халықтардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынас жақсарады деп, қоныс аударуға қарсы болды; Түркістанның дербес ел басқаратын мекемелері мен ел басқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті, іс жүргізетін үкіметі болуға тиіс. Оқу ағарту жұмыстары, жергілікті мекемелер, заң және жер мәселелерінің бәрі жергілікті автономиялы үкіметтің ісі болуы керек деп, тәуелсіз мемлекет болудың жолдарын көрсетіп берді. Бұл тарихи деректер алаш қайраткерлерінің халықтың жоқтаушысы болғанын, олардың Кеңес үкіметінің саясатындағы кемшіліктердің бетін ашып, дер кезінде сынға алып отырғандығын, қарапайым халықтың жеріне, суына, малы мен жанына шын жаны ашыған халық өкілдері екендігін көрсетеді. Ол: «Атамекенді сүю дегеніміз -өзінің жеке басының талаптарын қанағаттандыру немесе белгілі бір топтың, не бір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю-оның тұтас мүддесіне қызмет ету, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады», -деген [100, 6].

Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын 5-сурет арқылы көрсеттік.

Мұнда, А. Байтұрсыновтың ұлттық тіл, ұлттық әдебиет, ұлттық мәдениетті көркейтуге қосқан үлесін, Ж.Аймауытовтың ұлттық ойлау, ұлттық сана-сезім жөніндегі идеяларын; М.Жұмабаев пен М.Дулатовтың ұлттық салт-дәстүр мен ұлттық тәлім-тәрбиені жетілдіру саласын, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай М.Тынышпаевтардың тәуелсіз мемлекет құру, ұлттық

тарих пен саясат, ел мен жер мәселесіне қатысты ой-пікірлерін, сол жолдағы қайраткерлік іс-әрекеттерін жүйелеп көрсеттік.



Сурет 5 - Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары.

3.7 Қазіргі Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы

Бүгінгі заман талабына орай тәрбиенің мазмұнын жаңартып, мақсатын айқындау, қағидалары мен міндеттерін қайта қарап, түбегейлі өзгертудің қажеттілігі туындауда. Бұл мәселе тәрбие мен білім берудің бір-бірінен алшақтап кетуінен туындап отыр. Қазіргі таңда экономикалық дағдарыспен қатар рухани дағдарыстың да белең алып тұрғаны аян. Әсіресе мектеп қабырғасындағы жастардың рухани теріс жолға түсуі ата-аналарды, мектеп мұғалімдерін, қала берсе барлық қоғам мүшелерін қатты толғандыруда. Оның бір ұшы батыстық тәрбиенің кері әсерінен болып жатқандығы болса, екінші ұшы халық тәрбиесінің отбасы мен мектеп өмірінің ұштаспауынан болып отырғандығы белгілі. Осыған орай ұрпағымызға ұлттық тәлім-тәрбие бере отырып, ұлтын сүйген ұлы тұлғаларының өмірін үлгі етіп тәрбиелеуіміздің қажеттілігі туындайды.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан озық тәжірибесін, өнегелі дәстүрлерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, ұлттық мінез-құлқын қалыптастыру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың негізінде оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыра отырып, өз ұлтының тарихы мен мәдениетіне аялы көзқарасын, сонымен қатар Қазақстанды мекендеген өзге ұлттардың да ұлттық мәдениеті мен прогресшіл әдет-ғұрыптарына деген сүйіспеншілігі мен сыйластығын бекіту мәселелері Қазақстан Республикасының қабылданған ресми құжаттары мен тұжырымдамаларында сарапталған.

Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің концепциясында, қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі, әлеует құрудағы, өскелең өмір тәжірибесі, салт-дәстүрлері, шаруашылықты жүргізу тәсілдері, рухани байлығы оқу жоспарында, білім мазмұнының салаларында қарастырылған. Қазақ халқының өнері, мәдениеті, ұлттық дәстүрі және оның озық үлгілері, тіліміздің байлығы және оны жас ұрпақтың бойына сіңіріп тәрбиелеу туралы жалпы білім беретін орта мектептердің тұжырымдамасында нақты айтылған. Халықтың озық тәжірибесін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану жөнінде мынандай келелі ұсыныстар берілген:

- гуманитарлық білім мазмұнында ұлттық құндылықтарды меңгертетін оқу материалдарына баса көңіл бөлу;

- мектептегі тәрбиені оқушылардың бойына жалпы және мәдени құндылықтарды, қоғамның жоғары мұрат-мақсаттарына сай қасиеттерді сіңіруге бейімделген оқу пәндерін, тәрбие мақсатын көздеген арнайы пәндер негізінде және баланың жеке шығармашылық қабілетін, жалпы адамзаттық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүргізу;

- бастауыш сыныптарда барлық оқу пәндерінің (ана тілі, әдебиет, ән-күй, бейнелеу өнері, дене шынықтыру, еңбек тәрбиесі т.б.), орта және жоғары сыныптарда, әсіресе гуманитарлық пәндер, факультативтік курстар мен танымдық үйірмелердің мазмұнына ұлттық мәдениет үлгілері, ата-баба тарихы, этнографиясы, ел қонысы, жер-су атаулары, ата кәсібінің ерекшеліктері туралы материалдар енгізілген.

- Дегенмен де аталған тұжырымдамаларда назар аударылмаған тұстар, олқылықтар кездеседі. Атап айтқанда, оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие берудің көкейкесті проблемалары анықталғанымен, оларды оқу-тәрбие процесіне кешенді ендіру жолдары қарастырылмаған, тек олардың мақсат-міндеттерін, бағыттарын анықтап тәрбие саласындағы кейбір өзгерістерді пйымдаумен шектелген деп көрсетеді Р.К.Дүйсембинова өзінің «Қазақ этнопедагогикасын мектептің оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты еңбегінде.

«Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар тәрбиесі тұжырымдамасында» (1995) халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, іріктелген озық тәжірибесі, салт-дәстүрлері, рухани байлығы оқу жоспарындағы барлық пәндерде көрсетілгенімен оқу-тәрбие процесіне ендіруге қажетті мазмұны нақты сұрыпталмаған. Соған байланысты оқушыларға ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы өз ұлтының ерекшеліктерін, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, дінін, ділін, тілін, ұлттық мінезін, ұлттық намысын, ұлттық дүниетанымын жете меңгерте отырып қазіргі Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасын жасадық.

Ұсынылып отырған тұжырымдаманың мақсаты – жас ұрпаққа алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгертудің жолдарын белгілей отырып, ұлттық намыс, ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез, ұлттық мәдениет, адамгершілік қасиеттерін дарытудың жолдарын қарастыру болып табылады.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін мынандай міндеттер көзделеді:

- мектептің оқу-тәрбие процесінде алаш қайраткерлерінің мұраларын пайдалану арқылы оқушылардың бойына ізгілік және рухани мәдениеттілікті сіңіру, осы бағытта отбасы мен мектептің жүйелі түрде жалғасын қадағалау;

- оқушыларға алаш қайраткерлерінің шығармаларын меңгерту арқылы халқымыздың тілі мен мәдениетін, тегі мен тарихын, әдебиетін, қазақ ұлтының жалпыадамзаттық өркениеттегі орнын, ұлттық ерекшеліктері мен ұлттық намысын, ұлттық дүниетанымы мен ұлттық мінезін, жалпы адамгершілік қасиеттерді бойларына дарытудың жолдарын ұғындырып түсіндіру;

- алаш қайраткерлерінің мұраларын оқыту мазмұнын әр баланың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне, қабілетіне, шығармаға деген қызығушылығына, сұранысына негіздей отырып, жас ұрпақтың ұлттық болымысын, ұлттық мінезін, ұлттық намысын, ұлттық ерекшеліктерін жетілдіру;

- оқушыларды Қазақстандық ұлтжандылық рухында тәрбиелеу барысында өзге ұлттардың да мәдениетін, әдебиетін, тарихын, ұлттық ерекшеліктерін құрметтеуге тәрбиелеу;

- алаш қайраткерлерінің мұраларын меңгерте отырып, олардың бойындағы адами қасиеттері мен ұлтын сүйген ұлтжанды азамат екендіктерін, әлем мәдениеті мен ұлт мәдениетінің озық үлгілерін тиянақты да жүйелі меңгерген зиялы қауым екендіктерін түсіндіру, олардың өмірлерін үлгі ету, жастарды да ұлттың жаңғыруына қызмет етуге тәрбиелеу;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде адамзаттық өркениет үлгілері мен ұлттық психологиялық қасиеттерді кіріктіре отырып, оқушы бойына біртіндеп сіңіру арқылы ұлттық менталитеттің жоғарғы сапаларын қалыптастыру;

- алаш қайраткерлерінің мұраларын мектеп басқыштарының (бастауыш, орта, жоғарғы сыныптар) оқу-тәрбие процесінде пайдалануды мақсатты көзқараста пайдаланып, жүзеге асыру.

Қазақстанда алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру өте маңызды мәселе болғандықтан ұлттық руханияттылықты жүйелі түрде оқушы жастардың жүрегіне ұялату мақсатында Қазақстан Республикасының мектептерінде «Алаштану» атты пәнді міндетті түрде енгізу қажет. Алаштану пәнінің ауқымы өте кең болуға тиісті. Оның ішінде «Алаш және ұлттық тіл», «Алаш және туған жер», «Алаш және ұлттық рух», «Алаш және ұлттық мәдениет», «Алаш және ұлттық өнер», «Алаш және қазақ әдебиеті» т.б. тармақтар енгізіліп ұлттық тіліміздің, туған жеріміздің, ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық әдебиетіміздің терең мазмұнын танытудан бастау алуы қажет. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына терең тоқтала отырып, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр, жыраулар поэзиясы, әлемдік мәдениет пен ұлттық мәдениет үлгілері оқытылуы тиіс. Пәннің мазмұнында ғылыми жүйелілік пен теориялық анықтамалар, тарихи жағдаяттар және олардың шығармашылығы мен өмірлері жайында мағлұматтар беріле отырып, күнделікті өмірдегі болып жатқан көріністер мен салыстырылып түсіндірілуі керек. Алаш қайраткерлерінің Отан, ел, туған жер, ұлттық өнер, ұлттық әдебиет пен әдебиетіміз жайындағы еңбектері мен ұлттық құндылықтар жайындағы түсініктері кеңейтілген түрде беріле отырып, оқушыларға үлгі ретінде айтылуы тиіс. Сөйтіп, жас ұрпақтың бойында өз ұлтына, оның ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілігі қалыптасады. Оларды инабаттылыққа, зиялылыққа, көрегенділікке, ізгілік пен қайырымдылыққа, қарым-қатынас жөніндегі білімділік пен біліктілікке, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тануға және дамытуға, ұлтының рухани дамуы мен жетілуіне және өзінің саналы ғұмыры мен білімін оның өсіп-өркендеуіне бағыттап

тәрбиелейміз. Бәсекеге қабілетті ұлттының ұлылығын дәріптейтін ұлттық тұлға қалыптастырамыз.

Тұжырымдаманың теориялық негізі:

Ұлт – адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы. Ал, ұлттық – белгілі бір ұлтқа тән, оның ерекшеліктерін көрсететін дәстүр. Ұлттық ерекшеліктер оның тілінен, тарихынан, әдебиеті мен мәдениетінен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен көрініс береді. Егер осы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып жеке тұлғаны тәрбиелесе, оқытса олар ұлттық тәрбие алып, болашақта ұлтын сүйетін ұлттық тұлға болып қалыптасады. Сонда оның ұлттық мінезі, санасы, намысы, болмысы, дүниетанымы ұлттық сипатта дамиды. Ұлттық мінез деп ұлттың барлық психикалық ерекшеліктерінің жиынтығын айтамыз, ұлттық сана – ұлттан ұлтты ажырататын, тарихи себептердің ықпалымен қалыптасқан субъективті құбылыс; ұлттық намыс- өз ұлтының «мен» дегізерлік қасиеттерін қызғыштай қорғайтын, ұлтты іргелі, жоғары деңгейге көтеруді аңсайтын, қолдайтын, ісімен де, күшімен де ұлттық намыс туын көтеріп, қара басын мәңгілікке жолдайтын қаракет; ұлттық дүниетаным – ұлттық болымыс көрінісі, саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни наным – сенімі, тарихи санасы, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі, ал ұлттық білім- білім мазмұнындағы ұлттық дүниетаным [106.76].

Тұлғаны қалыптастыру әр кезеңде де маңызды мәселе саналған. Ол белгілі бір қоғамның, тарихи дәуірдің жемісі болып табылады. Егер деректі құжаттарға сүйенсек, қазақ ұлттық тұлғаларының қалыптасуы ХҮШ ғасырға сәйкес келеді. Оны мынадай тарихи деректер айғақтайды. Россия құрамына ену процесі басталар тұста қазақтың ұлттық тұлғалары жалпыұлттық мемлекетті сақтау мен нығайтуға әрекет етті. Ал, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы мемлекеттік еркіндіктен біржола айрылу, отарлық ахуал, саяси тәуелділікке алып келді. Осы кезеңде ел мүддесін қорғаған халық ақындары-Дулат, Шортанбай, Мұрат т.б ұлт тұлғаларының міндетін атқарды. Кейін Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев т.б. Еуропалық біліммен мәдениетсіз қазақ жұрты ортағасырлық надандықтың шырмауынан шыға алмайтынын түсініп ұлтты өсіретін өркениеттің өкілі ретінде танылған тұлғалар болды. Бұлардан үлгі алған Алаш зиялылары саясатпен шұғылдануды кәсіпке айналдырып, ұлтзаттық қозғалыс идеологиясын қалыптастыруға себеп болды. Міне, қазақ тарихындағы ұлттық тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы динамикалық өсу кезеңдері осындай тарихи деректермен дәйектеліп, ғылыми тұжырымдармен түйінделіп отырды.

Оның қоғамдағы орны көптеген әлеуметтік белгілермен сипатталады. Қоғамның үздіксіз даму барысында түрлі көзқарастар мен ұстанымдар тұжырымдалды. Өйткені, қоғамдық өмірдің әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани қырларындағы өзгерістер тұлға әрекетінен тыс болмайтыны белгілі. Сондықтан да тұлғаны қалыптастыру мәселесін әр қырынан зерделеу қажеттілігінің тууы заңдылық

Тұлға – Іс-әрекеттің және қоғамдық қатынастардың нақты тарихи процесінде қалыптасатын әлеуметтік сапа аспектісіндегі адамдық индивид; адам, кісілер арасында өз бағытын еркін және жауапкершілікпен айқындаушы қоғамдағы тұлға. Қоршаған әлеммен, қоғамдық және адамдық қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттесу кезінде тұлғалық қасиет қалыптасады. Тұлға бойындағы рухани қасиеттерге - зиялылық, ізгілік, азаматтық белсенділік, бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін жатқызамыз.

Зиялылық - әрбір жеке тұлғаның құндылығын ұғынуға серіктесіп тек ықпал жасайтын объект қана емес, пікірі көзқарасы басқа, мәдениеті басқа, нақ сонысымен ол адамды бағалы адам деп білуі. Зиялылық басқаларға төзбестікпен, ымырасыздықпен үйлеспейді. Қазіргі қарқыны жылдам өмірлік жағдайда әсіресе бәсекеге қабілетті ұлттық тұлға қалыптастыру барысында, дәстүрді түбегейлі жаңартуда, жойқындық сипатына жол бермейтін ерекше маңызды сапа. Өз бойына зиялылық қасиетті қалыптастырған ұлттық тұлға адамзаттың игілігі үшін қызмет ете алады.

Ізгілік – адамның қоғамдық және жеке өміріндегі құбылыстар мен арман мұраттарына қатысты жағымды адамгершілік мәнін бейнелейді. Ізгіліктен игілік туады. Бұл зұлымдыққа қарама-қарсы идея. Тұлға бойындағы ізгілік қасиеті оның қайырымдылығы, барлық адамзат баласына деген сүйіспеншілігі. Ізгілік адамның сүйіспеншілікке құлшынысын қалыптастырады.

Азаматтық белсенділік – ел үшін еңбекте кісілік танытуы, борыш, міндет, парызын орындауы. Белсенді қабілеті бойында қалыптасқан ұлттық тұлға айналасындағы болып жатқан жағдайларға бей-жай қарамайды, оларға үнемі өзінің қатысын білдіріп отырады. Қоғамдық өмірдегі өзінің азаматтық ролін дұрыс түсінетін, саяси сауаттылығы жоғары маман да бола алады. Сонымен, ұлттық тұлға өзінің өмірге деген көзқарасын айналадағы адамдармен сабақтастыра отырып, өзін қоршаған жақындарының өміріне салғырттықпен қарамайды, оның барлық әрекеттеріне қатысып, мүмкіндігінше көмегін де беріп отырады.

Тұлғаны қалыптастыру үдерісі тәрбие мен оқытуда және әлеуметтік ортаның сыртқы әсерлерінің ықпалымен жүзеге асатын тұлғаның даму және қалыптасу үдерісі. Тәрбие мен оқытудың ықпалымен тұлғаны немесе оның қандай да бір ерекшелік қасиеттерін, мақсаттылығын дамытамыз. Тұлғаның даму және қалыптасу үдерісі адамның қоғамдық қатынастарының негізінде жүзеге асады.

Тұлғаның белсенділігі – адамның адамзаттық қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгеруге, материалдық-рухани ортада әлеуметтік маңызды өзгерістер жасауға қабілеттілігі негізінде, адамның дүниеге әрекетті қатынасы арқылы танылады. Тұлға белсенділігінің - танымдық (интеллектуальдық), ізденушілік,, психикалық, сана-сезімдік, әлеуметтік т.б. түрлері болады:

- танымдық – білімге тұрақты қызығушылықты, өзіндік әр түрлі әрекетті және т.б. жүзеге асыратын қабілеттілікті танытатын тұлғаның қасиеті және ықпалы, білімқұмарлығы, шығармашылық түрлерінде көрінетін психикалық белсенділігінің түрі;

- ізденушілік – оның нәтижелерінің нақты болжамы болмаса да бірақ оның тиімділік дәрежесін тұрақты есептеу бойынша жағдайды өзгертуге бағытталған мінез-құлық;

- психикалық – психикалық актілер, әрекеттер, қызметтер, мінез-құлықтар түріндегі психикалық бейнелеу процесі;

- сана-сезімдік – адам санасы оны қанағаттандыра алмаған объективтік дүниені тек қана бейнелемейді, оны өзгертіп және тудырумен анықталатын психикалық белсенділіктің жоғары формасы;

- әлеуметтік - әлеуметтік қатынастарды, қоғамдық өмірді өзгертуге бағытталған тұлғаның белсенділігі; тұлғаның күрделі адамгершілік-жігерлі қасиеті [195, 334].

Тұлғаның жан-жақты дамуы дегеніміз адамды қоғамның тіршілік әрекетінің әр түрлі саласында жан-жақты, білікті және жауапкершілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Тұлғаның рухани дүниетанымы барлық жағынан атап айтқанда: оның ақыл-ойы, парасаты, жігері, сезімі, білімі, мәдениеті, т.б. қасиеттерінің бірлікте үйлесімді дамуы болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілік. Әлсіз жақтарын жетілдіру үшін озық тәжірибені шығармашылықпен қолдану, жаңалықтар көшінен қалмау. Жаңа технологияларды меңгеріп қолдану арқылы өз ісінің нәтижелі болуына талпынады [107, 112].

Білім тұлғаны әлеуметтендіретін феномен болғандықтан көрнекті психолог-гуманист Л.С.Выготскийдің еңбегінде «дамудың жақын аймағы» қол жеткен аймақта мәселені өз бетінше шешіп, келесі деңгейге өтуде анықталатындығын дәлелдеген. Сондықтан тұлға бойындағы өз бетінше шешім қабылдау қасиеті қол жеткен табысы десек, басқалармен бірлесе отырып шешім қабылдау қасиеті оның бар ақыл-жігерін, күшін жұмылдыратындай етіп ұйымдастырылуы керек.

Д.Дьюи прагматикалық педагогиканың өкілі болғандықтан, бірлескен әрекет жағдайында басқа адамның сезімі мен абыройын құрметте «менің пікірімнен басқа да

пікір бар, ол да жария етілуі тиіс, ол пікірдің де өмір сүруге құқысы бар», деген ұстанымды уағыздайды. Яғни тұлға бойындағы өзгенің пікірімен санасуы, өзін-өзі басқара білу қасиеті жоғары бағаланып отыр /108/.

Кеңестік, отандық ғалымдар адамды ең алдымен басты құндылық деп есептеп, оның даралығын сақтау, кез-келген жағдайда өзін-өзі іске қоса алатындай жағдайда болатындығына баса көңіл бөлген. Олардың қатарына Ш.А.Амонашвили, О.С.Газман, В.А.Сухомлинский, Ы.Алтынсарин т.б. жатқызамыз.

Екіншіден, әр адамның «мені» мен «әлеуметтену» арасындағы үйлесімділік идеясы нәтижесінде жасалып жатқан жалпы педагогикалық және дидактикалық теориялардағы жеке тұлғаның дамуы жайлы идеяларды айтуға болады.

Үшіншіден, жеке тұлғаның дамуына қолайлы әсер ететін дамытушылық орта жасау жайлы ғалымдардың пікірлерін құнды деп есептейміз [109, 110].

Өзін-өзі тану дегеніміз өзіңнің кім екеніңді білу, соған сәйкес әрекет ете алу. Тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі - әр адам өзін-өзі тануы болып табылады. Адамды тану және оны түсіне алуға байланысты ғалымдар – Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, Н.В.Кузмина өздерінің біраз еңбектерінде талдайды.

Өзін-өзі анықтау – немесе өзіне-өзі баға беруі, бұл индивидтің өзі туралы ақпарат алуы.

Өзін-өзі жетілдіру - өзінің өмірлік қуатының мәнін, мақсатын жүзеге асыратын, тәндік, жандық, рухани күш-қуатын сандық және сапалық өзгеріске түсіретін ішкі объективтік үрдіс.

Өзін-өзі басқару - адамның моральдік қасиеттерінің бірі. Өзін-өзі басқара алатын адам өзінің іс-әрекетін, ақыл-санасын іштей бақылап, бағыттап отырады.

Өзін-өзі өзектендіре алатын тұлға жайында А.Маслоу анықтаған он бес негізгі сапаға Б.Тұрғынбаева өзінің «Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту» атты еңбегінде саралап көрсеткен. Біз де бұл ғалымның пікірімен келісе отырып, А.Маслоудың тұлғаның өзін-өзі өзектендіру сапасына тоқталып өтуді жөн санадық.:

- нақты жағдайға бағыттылығы;
- жоғары деңгейде өзін-өзі ұйымдастыра алуы;
- өзінің пікіріне сүйенуі;
- эмоционалдық толық қанды өмір;
- еркін тәртіп;
- жаңалыққа деген ұмтылыс;
- оқиғаларды дұрыс болжай алуға деген қабілеттілік;
- табиғилық;
- әсерлілік;
- қарым-қатынастағы демократиялық;
- ішкі моральдық нормалардың тұрақтылығы;
- юморды философиялық тұрғыдан қабылдай алуы;
- ортаға тәуелді болмауы және дербестігі;
- басқа да өзі типтес адамдармен достаса алуы;
- белгілі бір шекпен күйзеле білуі;

Абдрахам Гарольд Маслоу нұсқап отырған өзін-өзі өзектілендіру жолы оны өмірде өзін-өзі тәрбиелей, өзін-өзі іске қоса отырып белгілі –бір биіктіктерге жеткізетіндігін меңзейді. Бұл меңзеу тұлғаның өзінің дамуын өз бойынан іздеуі қажет дегенді айтады [107,96].

Алаш қайраткерлерінің өмірі мен шығармалары негізінде ұлттық тұлға бойындағы өзін-өзі жетілдіруі, өзінің пікіріне сүйенуі, жоғары деңгейде өзін-өзі ұйымдастыра алуы,

ортаға тәуелді болмауы мен дербестігі және т.б. тұлғаның өзін-өзі өзектендіру қасиеттерінің қарастырылуы қазіргі қоғамның сұранысынан туындап отыр.

Тұжырымдамада қазақтың ағартушы педагогтары А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, М.Жұмабаевтың, Ә.Бөкейхановтың, М.Тынышпаевтың, М.Шоқайдың және т.б. әр қырлы мұраларының ықпалы негізінде оқушыларға ұлттық тәрбие бере отырып, ұлттық тұлға қалыптастыруда қорыта айтарымыз :

- Қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани, әдеби өміріне белсене араласқан, өз өмірлерін елінің игілігі мен тәуелсіздігі үшін құрбан қылған алаш қайраткерлерінің ой-пікірлері Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың негізі болып табылады;

- алаш қайраткерлері ана тілін, ата тарихын, туған елдің табиғатын, халқымыздың ауыз әдебиеті мен мәдениетін мектептерде оқытуға үлкен мән берді. Халықтың салт-дәстүрлері мен ұлттық тәлім-тәрбие негізінде ұлтын сүйетін ұлттық тұлға қалыптастыруға болатындығын дәлелдей білді. Тұлғаның ұлттық намысын, тарихи санасын, ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбиенің орны мен маңызының ерекше екендігіне тоқталды.

Тұжырымдама алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде тәуелсіз Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты ұстанымды басшылыққа алады. Мектеп оқушылары, жалпы жастар алаш қайраткерлерінің мұраларын меңгере отырып, өмірде өз орнын табуға, күрделі іс-әрекеттердің, қиыншылықтардың себебін анықтай отырып оны шешуге, ұлттық рухани байлықтарын меңгеруге, өзін кез келген ортада ұстай білуге, әр уақытта өзін-өзі дамытуға, белгілі бір жағдайға байланысты өзін өзгерте алуға қабілетті болуға, ұлтының рухани дамуы мен жетілуіне және оған өзінің саналы ғұмырын арнауға дағдыланады.

Тұжырымдама алаш қайраткерлерінің мұралары арқылы ұлттық тұлға қалыптастыруда педагогикалық жағдайлардың тетіктерін белгілеу қажеттілігін көздейді:

- алаш қайраткерлерінің мұралары арқылы ұлттық тұлға қалыптастыруда тек білімді болып қоюды көздеу ғана емес адамды тану, кез-келген ұлттың өкілін сыйлай білу және өзінің ұлтының ұлттық ерекшеліктерін сыйлата білуі; ұлттық тұлға қалыптастыруға бағытталған тәрбие ортасын құру;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруда өзін-өзі танудың, өзін-өзі ұйымдастырудың, өзін кез-келген ортада ұстай білудің белсенді әдістері мен тиімді технологияларын пайдалану;

- оқушылар мен ата-аналардың арасындағы адами қарым-қатынасты, рефлексиялық-кері байланыста тұрақты түрде жүзеге асырып отыру;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруда оқушылардың өздерін қатыстырып, ұлттық тұлға бойындағы ерекше қасиеттерді жіктеп көрсету, ол қасиеттердің алаш қайраткерлерінің бойынан тапқыза отырып оларға үлгі ету; осыған орай тәрбие жұмыстарының әр түрлі формалары мен әдістерін қолдану;

Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастыру бағытындағы теориялық әдебиеттерді зерделей отырып жасалынған біздің тұжырымдамамыз төмендегі ережелерді басшылыққа алады:

- алаш қайраткерлерінің мұралары арқылы ұлттық тұлға қалыптастыру, яғни ол ұлттық тұлға қалыптастырудың бір бөлігі болып табылады, сол себепті ұлттық тұлға қалыптастыруда әр оқушыда әр түрлі деңгейде болады, байқалу дәрежесі де бірдей емес;

- алаш қайраткерлерінің мұралары арқылы ұлттық тұлға қалыптастырудың қаншалықты іс-жүзіне асатындығын әр оқушының ынтасына, қоршаған ортасына, ата-анасы мен ұстаздарына байланысты болып табылады;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру қоғамның қажеттілігіне байланысты, сондықтан да оқушылардың бойында осы қасиеттерді қалыптастыру үшін теориялық және практикалық жолдарын нақтылау мақсаты қойылады;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастыруда әр оқушының өзіндік тұлғалық ерекшеліктері, олардың табиғи нышандарының дамуы ерекше шешуші рөл атқарады.

Тұжырымдаманың жүзеге асуының шарттары:

Осы мәселемен айналысатын мекемелер (орталықтар, қауымдастықтар), педагогикалық ізденістер мен зерттеулер орталығы болуға тиіс;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру үшін мектеп оқушыларына арнайы курстар, факультативтік сабақтар ұйымдастыру, бағдарламаларын жасау;

«Алаштану» және «Алаш әдебиеті», «Абай және алаш» атты оқу пәндерін енгізу;

«Алаштану» және «Алаш әдебиеті», «Абай және алаш» атты оқу пәндері бойынша лекциялар курсы, оқулық, оқу-әдістемелік құралдар шығару;

алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру үшін алдыңғы қатарлы идеяларды жинақтау, сұрыптау және оларды мектептің іс-шараларында пайдалану;

мектептегі қоғамдық ұйымдардың оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастыруға жағдай жасауы;

гуманитарлық, жаратылыстану пәндерін кіріктіру арқылы оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың іс-шараларын жасау.

Сонымен мектеп оқушыларының ұлттық тұлғалық қасиеттерін алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде қалыптастырудың негізгі педагогикалық жағдайлары: мектептегі жалпы білім беру мен тәрбие ортасы, мұғалімнің тұлғалық бейнесі, оқу пәндерінің мазмұны, оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдіс-тәсілдері, ұйымдастыру формалары.

Тұжырымдаманың мақсатына сай алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың төмендегідей міндеттері іске асырылады:

- оқушы санасында алаш қайраткерлеріне және олардың мұраларына деген сүйіспеншіліктерін ояту;

- олардың бойларында әр-бір іске жауапкершілікпен қарауды үйрету, ұлттық сананы қалыптастыру;

- ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерту, ұлттық құндылықтарды мінез-құлықтарында қалыптастыру;

- оқушы бойында өз «Менін» қалыптастыра отырып өзін-өзі дамытуға, өзектендіруге, өзін кез-келген ортада ұстай білуге дағдыландыру;

Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы еліміздегі жас ұрпақты ұлттық негізде тәрбиелеудің жаңа жүйесінің жолдарын анықтайды. Бүгінгі егеменді еліміздің елдігі мен бірлігін, ұлттық ерекшелігін сақтайтын ұлттық тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді. **Тұлға –қоғамның дамуы мен рухани сілкінуіне, жаңғыруына қызмет ететін адам.** Ұлттық тұлға деп арлы, ұлттық намысты қолдан бермейтін, ешкімге еліктей бермейтін, адамгершілігі жоғары әр түрлі мінез-құлықтағы адамдармен тіл табыса алатын, білімді, зиялы, өз ұлтының да өзге ұлттың да құндылықтарын сыйлай білетін адамды айтамыз. Сонымен қатар, **ұлттық тұлға –ұлтының рухани қажетін өтейтін, соған өзінің саналы ғұмырын арнайтын адам.**

Тұжырымдама – мүмкін болатын жағдайлардың топтастырылуы, заңдары, ережелері қоса берілген пән саласы бойынша ақиқаттан тұратын қайшылықсыз пікірлердің жиынтығы [195, 332].

Бұл тұжырымдама да Қазақстан Республикасының қабылданған ресми құжаттары мен тұжырымдамаларында сарапталған идеяларға, Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің концепциясына, қазақ мектептерінің тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасына, Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін дамытудың 2015 жылға дейінгі тұжырымдамасының мақсаттарына сәйкес келеді.

Тұжырымдама мектептерде, жоғары оқу орындарында, кез-келген осы бағыттағы істермен айналысатын ұйымдарда пайдалануға болады.

4 АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ОЙ-ПІКІРЛЕРІН БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

4.1 Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыруға негізделген тәрбие мен білім мазмұны

Жас ұрпақтың бойында алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлғалық қасиеттерін қалыптасатыру мәселесі тек тәрбие беру тұрғысынан емес білім мазмұнында негізгі орын алады. Мектеп және педагогика тарихында алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлғалық қасиеттерді жас ұрпақтың бойында дарыту, ұлттық тәрбие беру мәселесі тек тәуелсіздік алағаннан кейін ғана жолға қойылғандығына көз жеткіздік. Білім беру үдерісіне қатысушылардың (көпшілік, оқушылар, ұстаздар) білім мазмұнына, оқу жүктемесінің көлеміне және оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды дәл түсінуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының бастауыш, негізгі, жоғары сатыларындағы жалпы орта білім берудің және арнаулы, орта, жоғары оқу орындарында мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттары, «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерді дамыту тұжырымдамасы», «Жалпы білім мазмұнының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу жоспары», т.б. дайындалды.

«Жалпы білім мазмұнының тұжырымдамасында» қазақ орта мектебінің білім мазмұнының жаңа ұстанымдары айқындалды. Онда:

- қазақ халқының жалпы ұлттық игілігін адамзат мәдениетімен ұштастыру;
- жалпы орта білімнің құрамы мен құрылымын балалардың психикалық-физиологиялық жас ерекшеліктеріне қарай үйлестіру;
- ірі блоктар мен пәндер деңгейінде білім мазмұнының басты бағдарын белгілеу, білімнің түпкі (базалық) және жылжымалы құрамаларын (компоненттерін) айқындау
- оқыту мен тәрбиені интеллектуальды пайдалы және өнімді еңбекпен жалғастыру;
- жастарға жалпы орта білім беруді алғашқы кәсіптік және бастапқы арнаулы мамандықтар меңгертумен ұтымды ұштастыру;
- оқытуды ізгілендіру принципі әрі гуманитарлық бағдарды жүзеге асыру
- оқушылардың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып білім мазмұнын пәнаралық және пәнішілік саралау;
- білім мазмұнының құрылымын анықтауда басшылыққа алатын жүйе қызметінің толық принциптері. Білім мазмұны жеке жүйе ретінде қарастырылады да, адамның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін қажетті жүйені келешек іс-әрекетінің және оны қоршаған таным объектісі болымыстың құрылымына сай анықталады;
- мектептің білім мазмұнына ұлттық, аймақтық ерекшеліктерді дер кезінде енгізуге мүмкіндік беретін ұстанымдардың бірі – білімнің қосарлана ену ұстанымы.

Білім мазмұндарының өз ара бірігіп, өз ара қосарлану ұстанымы қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеуде, тәуелсіз қазақстанның ұлт зиялысын қалыптастыруда, салт-дәстүрін меңгеруде, ұлттық құндылықтарын игеруде әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктерін терең түсінуде оқу жоспарына жеке пән ретінде ғана енгізіп қоймай оларды басқа да пәндер мазмұнына қосалқы енгізу аса қажет құрамдар болып саналады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, жалпы білім беретін мектептерді дамыту және жалпы білім мазмұнының тұжырымдамасына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу жоспарлары дайындалды.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты - орта білім берудің базалық мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушының даярлық деңгейі мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейді; білім беру салалары бойынша білім, білік және

дағдыларды, түйінді қысқа мерзімді құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелерді нақтылайды; білім алушының табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді. Орта білім берудің әрбір (бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру) деңгейінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты мыналарды:

- білім беру деңгейіне сәйкес мақсаттарын;
- білім беру деңгейіне сәйкес күтілетін нәтижелерін;
- білім беру деңгейіне сәйкес базалық мазмұнын;
- орта білім беру деңгейіне сәйкес базистік оқу жоспары мен типтік оқу жоспарын анықтайды.

Орта білім беру құрылымы - орта білім беру мекемелерінде кезегімен үш деңгейде игеріледі. Деңгейлер білім алушылардың өсу кезеңдерін, өзіндік өрісінің кеңеюін және жеке даму мүмкіндіктерін қолдануға жауапкершілігінің артуын көрсетеді.

Бірінші деңгей – бастауыш білім беру. Білім алуды бастаудың ұсынылатын жасы – 6 жас. Бастауыш білім берудің негізгі міндеті білім алушылардың эмоционалдық-психологиялық қасиеттерін, қоршаған ортаға мотивациялық-құндылық қатынастарын тәрбиелеу және дамыту, оқу-іс әрекетін ұйымдастыру оқу, жазу, санауды үйренуге керекті білім, білік, дағдыларын, тіл және мінез-құлық мәдениетін, жеке гигиена негіздері мен салауатты өмір салтын игерту болып табылады. Білім берудің бастауыш деңгейінде оқыту мүмкіндіктері:

- оқуға ынталандыруды;
- қоршаған әлем туралы алғашқы түсінікті;
- мектепке және өзіне позитивті қатынасты;
- білім алу қабілеттерін (тіл дамыту, қарапайым есептеу және т.б.);
- қарапайым әлеуметтік дағдыларды қалыптастырушы мектепке дейінгі даярлық жүйесінде қамтамасыз етіледі.

Екінші деңгей – негізгі орта білім беру (5-10 сыныптар). Негізгі білім беру деңгейінің басты міндеті білім алушыларға ғылым жүйесінің негізін игерту және олардың тұлғааралық және этносаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Білім алушылардың бағдаралды даярлық негізі құрылып, жаратылыстану-ғылымы және гуманитарлық дүниетанымы, қоғамдық ортада әлеуметтік-психологиялық бейімделуі тиімді қамтамасыз етіледі? Жеке тұлғалық қасиеті, өзін-өзі билеуі қалыптасады. Негізгі білім беру деңгейінің білім беру мазмұны білім беру бағдарламаларының аяқталуын және жалпы орта білім беру деңгейінде базалық деңгей болып табылады.

Үшінші деңгей – жалпы орта білім беру (11-12 сыныптар). Жалпы орта білім беру деңгейінің негізгі міндеті білім алушының шығармашылық қабілетін және танымдық қызығушылығын дамыту, өзіндік оқу іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Білім алушының кәсібиге дейінгі тереңдетілген даярлығы білім мазмұнының интеграциясы мен дифференциациясы негізінде жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бағдарлы оқытуды ұйымдастыру жолымен жүзеге асады. Жалпы орта білім беру деңгейінің түлегі жоғары оқу орнында оқуға қажетті білім беруді жалғастыру деңгейінде коммуникативтік және танымдық іс-әрекет түрлері, әлем, адам және қоғам туралы жүйеленген түсінікке ие болады. Орта білім берудің мақсаттары: Орта білім берудің ұзақмерзімді және қысқа мерзімді мақсаттары құзіреттің 3 түрімен берілген: базалық құзірет, түйінді құзірет және пәндік құзірет. Базалық құзірет тұлғаның дамуы мен қалыптасуындағы білімнің мәні мен қызметін анықтайтын ұлттық деңгейдегі жалпы мақсат болып табылады; ұзақмерзімді сипаттағы күтілген нәтижелерді қарастырады; орта білім берудің мақсаты мен міндеттерін анықтауда бағдар болады.

Базалық құзірет Қазақстан Республикасы азаматының тұлғалық конструктивті рөлдері түрінде бейнеленген:

- ықыласты және қайырымды адам;
- отбасының сүйікті және қамқор мүшесі;

- денсаулығы мықты және жетілген жеке тұлға;
- шығармашыл дара;
- жауапкершілікті азамат.

Орта білім беретін қазақ мектебінің баршаға ортақтығы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлттық дәстүр ерекшеліктерге бағытталуы болып айқындалады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы орта білім стандарттары негізінде оқушыларға жан-жақты білім мен тәрбие беретін базистік оқу жоспарларының құрылымы екі бөліктен тұрады: инварианттық бөлік- қоғамдық мұраттарға сәйкес оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды, ұлттық және жалпыәлемдік мәдениетті меңгеруді қамтамасыз етеді; вариативтік бөлік - оқушылардың қызығушылығын, тұлғалық ерекшелігін ескере отырып жекелей дамуына жағдай жасау; инвариантты және вариативті бөліктер бір-бірін білім мазмұны жағынан толықтырады. Мектептің оқу жоспарына сәйкес білім берудің үш түрі қамтылады:

- жалпы орта білім берудің базалық ядросы болып табылатын міндетті компоненттер;
- мектептің, аймақтың ерекшеліктеріне байланысты және оқушылардың таңдауы бойынша таңдау компоненттері;
- элективтік арнайы курстар, факультатив сабақтары, т.б.

Осыған орай, бүгінгі өмір талаптарының сұраныстарына сәйкес дайындалған базистік оқу жоспарларында оқушыларға алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тәрбие беру мүмкіндіктері қалыптасқан және бұл мәселе жаңа буын оқулықтарында біршама қамтылған.

Мемлекеттік білім стандартының Ережесіне сай 1996 жылы 26 қыркүйекте ҚР-ның үкіметі «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу мен басып шығарудың мақсатты бағдарламасы туралы» №173 Қаулысына сәйкес бастауыш, негізгі және жоғары басқыштарға арналған республика мектептерін ұлттық негіздегі төл оқулықтармен қамтамасыз ету жан-жақты іске асырылған. Орта мектептің мемлекеттік базистік оқу жоспарында республиканың өзіндік ерекшелігі мен қазақ халқының ұлттық игіліктері айқын көрінеді. Осыған орай халықтың салт-дәстүрі, ұлттық санасы, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқындағы ерекшеліктері оның ішінде алаш қайраткерлерінің өмірлері мен мұралары барлық гуманитарлық пәндерге енгізілген. Қазақстанның білім беру жүйесінде іргелі реформалар жүргізіліп, ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесімен сәйкестендірілген. Біздің Республикамызда білім беру жүйесі әлемдік стандартқа негізделіп отырып, ұлттық және әлемдік білім беру жүйесімен сабақтастырылған. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде «Қазақстан тарихы» мен «Қазақ әдебиетін» оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесімен сәйкестендіріліп оқыту да қарастырылған. Қазіргі тарихымыз бен әдебиетіміз қоғам сұранысына орай ұлттық құндылықтарымызды қамтитын материалдар мен философиялық көзқарастарға лайықты бағытты қамтып, «Халық жауы», «керітартпа өкілдер» деп келген ұлтжанды тұлғаларымызды тарих мойындатып отыр. Бұл күнгі оқу бағдарламаларын, оқу құралдарын зерделеп шыққанымызда ұлтымыздың парасатты, жоғары мәдениетті, намысы мен рухы биік, жан-жақты дамыған белсенді де білімді, ұлтының тәуелсіздігі үшін күрес жолында кеңес үкіметінің құрбаны болған, алаш ардақтыларының шығармаларын оқыту арқылы ұлттық тәрбие беруге біршама назар аударылып отырғандығын аңғарамыз. Дегенмен де 1991 жылға дейін ұрпағымызды алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттың сүйетін, ұлттық тұлғалық қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеуге мән берілмеген және бұл мәселелер мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде де назардан тыс қалған. Ал, қоғамның қай кезеңінде болмасын ұлттық тұлғалардың қаһармандық ерліктері мен даналық гибраттары қоғамның дамуына, өсіп-өркендеуіне үлкен әсерін тигізіп отырғаны анық.

Алаш қайраткерлерінің еңбектерін оқып-талдау, өмірлерінің жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық тұстарын насихаттау ұлттық тұлға қалыптасырудың бағыттарын көрсетеді, тәрбиелеудің пәрменді факторларын анықтайды. Кеңестік мектептерде тәрбие мәселесі

Коммунистік партияның идеологиясына сай саясаттандырылды. Қоғамдық саяси жүйемізде оқу-тәрбие ісі марксизм-ленинизм ілімін дүниеге материалистік көзқараспен қараудың негізгі ұстанымы деп бір жақты қабылданды. Әр халықтың мәдени мұраларын «ескінің қалдығы» деп аластатып, оның өзіндік ерекшелігіне, құндылығына мән берілмеді. Субъективтік идеологиялық көзқарастардың қандайы болса да буржуазияшылдық идеология деп қабылданды. Адам бойындағы дара ерекшеліктері, қабілеттері мен қасиеттері ескерілмеді. Бұл ұлтшылдық пен евроцентристік ағымнан туындаған көзқарас еді. Осының нәтижесінде өмірдің өзі бір бөлек, тәлім-тәрбиенің функциясы бір бөлек болып қалды. Тәрбие құрғақ уағыз, жалаң идея, жылтыр сөзбен жүргізілді. Сол себепті де ұлт балалары ұлттық рухани жұтандыққа ұрынып, өз тарихын, салт-дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін, ол жолда күрескен ұлттың абзал ұлдарын білмейтін, тілін менсінбейтін дүбәралыққа душар болды. Сөйтіп өзін өзгеден төмен санауына, өзгені жоғары қоюына әкелетін көзқарас қалыптасты. Тілімізді бұрап, шүлдірлеп шала орысшамызбен бір-бірімізбен орысша сөйлеп, тойларымызда атамызға жат асты «орыстың ақ арағын» мейлінше ішіп, ұлтымызға жат, ұят қылықтарға ұрындық. Қыздарымыз қылығы мен бұрымынан ажырап, ұлдарымыз ұлтымыздың ұлылық қасиеттерін жоғалтып алуға дейін бардық. Қарақан басын күйттейтін, тас жүрек, мейрімсіз ұрпақ қалыптасып, тәлім-тәрбиемізде, ар-ожданымызда обал сауап дегендердің жетіспеушілігі, рухани тоқыраушылық заманында өмір сүрдік. Ата-баба дәстүрін аяққа бастырмауға, елін осындай апаттан аман алып қалуға әрекет жасаған арыстарымыз бен аяулы ұлдарымыз «халық жауы» деп, атылып, аяусыз жазаланды.

1985 жылдан бастап, қайта құрылудың ең негізгі, ең түйінді принциптері болып саналатын демократия мен жариялылық арқасында сталинизм дәуіріндегі озбырлық пен зорлық-зұлымдықтың беті ашылып, жазықсыз құрбан болғандарды ақтап алу мүмкіндігі туды. Бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесінде өзіндік орны бар, ұлттық педагогикамыздың асыл қазыналары, ұлы тұлғалары болып саналатын алаш ардақтыларының педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыруға негізделген білім мен тәрбие мазмұнын бүгінгі мектептердің оқу жүйесіне ендіру, зертеп-зерделеу, өз дәрежесінде пайдалану көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық педагогикамыздың асыл қазыналары болып табылатын алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыруға негізделген педагогикалық мұраларын бүгінгі мектептің оқу жүйесінде пайдалану-өзекті мәселелердің бірі. Мұғалімдер сабақ мазмұнын, оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарын өз ара мәнді байланыстырып, алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын бүгінгі қоғам талаптарына сай пайдаланса, берер тағлымы мол болмақ.

Зерттеуде жоғарыда жүйеленген педагогикалық ой-пікірлерді байқау мақсатында 1930-2000 жылдар аралығында жарық көрген мектеп пен жоғары оқу орындарының қазақ әдебиеті бағдарламаларына талдау жасадық. Талдау арқылы мынандай қорытындыға жеттік:

Кеңес үкіметінің құжаттарының негізінде туындаған Республика көлеміндегі, соның ішіндегі халық ағарту жүйесіндегі қиыншылықтарға қарамастан қазақ әдебиеті пәні мектеп жоспарына ресми түрде енгізіліп, осының негізінде оқу-әдістемелік құралдары, оқулықтар, бағдарламалар жарық көрді; бірақ ұлттық болымыс пен ұлттық идея үшін басын оққа тігіп, ұлтының ертеңгі болашағы үшін құрбан болған алаштың ардақтыларының есімі мен олардың еңбектері түгелеге жуық жойылды. Оны пайдалануға, олардың аттарын атауға қатаң тыйым салынды. 1930 жылдары жарық көрген оқу бағдарламалары мен оқулықтарда олардың еңбектері түгіл аттары да аталмады; бағдарламалар бірнеше қайта басылып жатса да алаш қайраткерлерінің еңбектері басылған жоқ. Оған бастауыш мектептің арыға бармай-ақ мұндағы 1982\83, 1986\87 жылғы оқу бағдарламалары және сегіз жылдық орта мектептің 1978\80, 1980\81, 1981\82 оқу жылдарындағы бағдарламаларын қарап шыққанда көзіміз жетті. Араға біраз жылдар салып алған тәуелсіздігіміздің арқасында рухани байлықтарымыз қайта қаралып қалпына келтірілді. Сөйтіп, алаш қайраткерлерінің еңбектері «1990 жылдан бастап оқулықтарға енгізіле бастады; Кейінгі жылдар бағдарламаларын қарап

шыққанымызда сағат санының ауқымы көбейгенімен алаш қайраткерлерінің шығармаларын меңгеруге аз көңіл бөлінген. 1993 жылғы бағдарламалардың 5,6,7 сыныптарында М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің шығармалары енгізілмеген. Ал, Ә.Бөкейхановтың, М.Тынышпаевтің, Ә.Ермеков, Ж.Ақпаев, Х.Досмұхамедов, М.Шоқайдың есімдері күні бүгінге дейін оқу үдерісінде өз орындарын таппаған. Жастарымыздың көбі оларды әлі күнге дейін терең білмейтіні өкінішті-ақ. Басылым көрген бағдарламалардың қай-қайсысында болмасын олардың шығармалары көркем әдебиет шығармасы ретінде ғана қарастырылады. Терең зерттеу, оқушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастыратын педагогикалық жақтарын қарастыратын шығармалары мүлде жоқ. Ұлттық болмысымыздың негізі, рухани байлығымыздың қалыптасуының бастапқы баспалдағы, ұлттық мәдениетіміздің кәусар бұлағы болып табылатын жалпы білім беретін мектептегі «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарында осы уақытқа дейін алаш ардақтыларының өмірлері мен шығармалары, ұлттық мемлекет құру идеялары мен ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты еңбектері өз дәрежесінде берілмеуі қынжылтады. Бұл айтылғандар зиялы қауым өкілдері мен ұстаздар қауымын ойландыратын өзекті мәселелердің бірі. Кеңестік қызыл империяның қылышынан қаны тамып тұрған шақта елінің ертеңгі болашағы үшін, егеменді ел үшін, ұлттық тіл мен дініміз үшін, қасиетті діліміз үшін жанын аямай күрескен алаштың аяулы ардақтыларының қазақ халқының өміріне рухани тоқыраудан шығудың жолын көрсеткен мұраларының жас ұрпаққа берері көп. Сондықтан, мектеп оқулықтарына олардың шығармаларын толығымен енгізудің қажеттілігі қазіргі тәуелсіз мемлекеттің алдына қойған бірден-бір мәселесі болуға тиіс. Олай дейтініміз оқулықтарды талдау барысында алаш қайраткерлерінің еңбектері мектеп оқулықтарына аз енгізілгендігін байқадық. Атап айтсақ: Алаш қайраткерлері шығармаларының «Ана тілі» оқулығы бойынша- 2 сыныпта, М.Жұмабаевтың шығармасы мүлде енгізілмеген; А.Байтұрсыновтың «Ағаш»(аударма) мысал өлеңі, М.Дулатовтың «Ешкімге жауыздық қылма», «Байлық», «Наурыз»өлеңдері, Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романынан үзінді, М.Әуезовтың «Көксерек», «Әбілмансұр», «Бала Абай» деген әңгімелерінен үзінділер берілген. Бұл жерде Шәкәрімнің, Мағжанның өлеңдері берілсе олардың оқушыларымызға теңдесі жоқ тағлымдық, тәрбиелік мәндері жоғары шығармалар болар еді. Ана тілі оқулығы 3 сыныпта, А.Байтұрсынов «Тарту», М.Жұмабаевтың «Өзім-күнмін, өзім-от», «Ауылға келген мұғалім», «Аққала» деген туындылары; М.Дулатовтың «Күз», «Қоян», «Қырдан келген жас қазақ», «Қош, келдің Наурыз» шығармалары; Ж.Аймауытовтың «Торғай», М.Әуезовтың «Боран», «Әке арманы», «Кешке дөң басында» деген әңгімелерінен үзінділер берілген. 4 сыныпта А.Байтұрсыновтың «Аққу шортан һәм шаян» мысал өлеңі, М.Жұмабаевтың «Өткен күн», «Жылқышы» өлеңдері; М.Дулатовтың ешқандай шығармасы берілмеген, Ж.Аймауытовтан «Әнші», М.Әуезовтан «Бүлдірген тере барғанда» деген шығармалары ғана берілген.

Енді «Қазақ әдебиеті» пәнінің 5-11 сыныптар аралығында берілген шығармаларын талдап көрелік: 1994 жылғы 5сыныптың оқулығында А.Байтұрсыновтың «Балықшы мен балық» А.С.Пушкиннен аударған аудармасы, И.Крыловтан «Аққу шортан һәм шаян», «Егіннің бастары», «Өгіз бен бақа» деген аудармалары берілген. М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, Ш.Құдайбердиевтің шығармалары мүлде енгізілмеген. Тек М.Жұмабаевтың «Жүсіп хан» атты ертегі-поэмасы мен М.Әуезовтың «Әжемнің әңгімесі» деген әңгімесі ғана берілген. 6 сыныпта да М.Дулатовтың және Ж.Аймауытовтың, есімдері мүлде жоқ. А.Байтұрсыновтың «Қара бұлт», М.Жұмабаевтың «Мен кім», «Мен жастарға сенемін», Ш.Құдайбердіұлының «Адамдық борышың» өлеңдері, М.Әуезовтың «Бүркітші» әңгімесі ғана берілген. 7 сыныпта Ш.Құдайбердиевтің, М.Дулатовтың есімдері оқулықтың еш жерінде аталмаған. А.Байтұрсыновтың «Ақын ініме», М.Жұмабаевтың «Сүйемін», «Жазғытұрым» өлеңдері, Ж.Аймауытовтың «Туған жер», «Әнші» өлеңдері. М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі берілген. М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердиевтің шығармалары, олар жайында деректер мүлде берілмеген. 8 сыныптың оқулығында А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы, М.Жұмабаевтың «Тез барам», «Түркістан» өлеңдері,

М.Дулатовтың «Шешесінің балаларын сүйі», «Елім-ай», «Тұңғыш құрбан» атты туындылары, М.Әуезовтың «Қараш-Қараш» әңгімесі енгізілген. Ш.Құдайбердиевтің, Ж.Аймауытовтың шығармалары жайында ешнәрсе айтылмаған. 1994 жылғы оқулықта алаш қайраткерлері туралы ешқандай деректер жоқ. 9 сыныпқа арналған бұл оқулықта «Халық ауыз әдебиеті» жайында және XI –XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті мен XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиет жайында қысқаша түсінік берілген. Біз 10 сыныптың жаңа оқулығына нақты және терең талдуды жөн көрдік. (Ол жайында 11 сыныптың оқулығына талдау жасаған соң нақты тоқталамыз). 11 сыныптың оқулығында Ахмет Байтұрсыновтың өміріне қысқаша тоқталады. Оқулықта «Мысалмен айтқан көп ойлар» деген бөлімінде оның аудармаларына оның ішінде И.Крыловтан аударған мысал өлеңдері жайында қысқаша мағлұмат беріледі. «Қаламгердің көсем сөзі» деген бөлімінде А.Байтұрсыновтың әртүрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, жер мәселесіне байланысты жазылған ғылыми мақалалары мен 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы берілген. Ғалымның тілші, әдебиетші екендігі жайында және оның «Тіл тағлымы» деген еңбегінде осы аттас тарауда қысқаша айтылған. Сонымен қатар бұл оқулықта М. Жұмабаев жайында да «Ақынның тағдыры», «Ақынның өлеңдері», «Поэмалары», деп қысқаша түсіндірулер берілген. Ж.Аймауытов бөлімінде «Сегіз қырлы бір сырлы дарын», «Көркем проза», «Реалистік драма» деген бөлімдерге бөлініп Жүсіпбек жайында қысқаша мағлұмат берілген. Бұлардың еңбектерін терең талдау арқылы жас ұрпақтың бойына отаншылдық, ұлтшылдық қасиеттерін дарытып, еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпағымызды ұлттық тұлға дәрежесінде тәрбиелеуге болады. 11 сыныптың оқулығында Шәкәрім Құдайбердіұлының, Міржақып Дулатовтың, Мұхтар Әуезовтың тағлымдық-тәрбиелік мол мұраларын (Айталық жер, тіл, ел билеу, сауаттылық, дін т.б. мәселелерге байланысты ғылыми мақалалары, шығармалары) көрсететін шығармалары берілмеген. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларының халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді ұрпағымыздың бойына қалыптастырып тәрбиелеуде, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыруда алар орны мен маңызы ерекше болмақ

10 сыныптың оқулығында XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің таңдаулы өкілдерінің шығармаларымен таныстыру және оларды терең меңгерту көзделген.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті сол кезеңдегі қоғамның әлеуметтік жағдайын, халықтың тағдырын жан-жақты суреттеумен, өмір шындығын бүкпесіз көрсетумен ерекшеленеді. Бұл оқулықта XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиеттің өкілдері-Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлының азаттық, теңдік идеясын, отаршылдық қасіретін тартып өмір сүріп жатқан халқының өмір шындығын жырлаған шығармалары кеңінен баяндалады.

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті деген бөлімінде Мұрат Мөңкеұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Қашаған Күржіманұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жамбыл Жабаев, Шәңгерей Бөкеев, Нарманбет Орманбетұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары, өмірбаяндары, реалистік, демократтық және ағартушылық дәстүр-тағлымдары, олар өмір сүрген кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдай, халықтың өмір-тіршілігі кеңінен суреттелетін шығармалары талданған.

Кітапта XIX ғасырдың I жартысындағы әдебиет деген бөлімі «Тарихи әлеуметтік жағдай» деп басталады да сол кездегі тарихи жағдайды жазуға арналады. Бұл бөлімде өршіл ақындар Махамбеттің, Шернияздың, Сүйінбайдың т.б. ақындардың өз тұсындағы төресұлтанардың халықты қанаған әрекеттерін сынап жазған шығармалары жайында айтылады\5бет\ . Осы тұста олардың тарихи жағдайды сынаған шығармаларын сілтеме жасай отырып, талдау қажет деп ойлаймыз.

«XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті» бөлімінде тарихи кезеңге көбірек көңіл бөлінген. Қазақ даласындағы отаршылдық саясаты тарихи шындыққа негізделіп жазылған. Оның ішінде Қазан университетінің профессоры миссионер Н.И.Ильминскийдің: «Мектеп ашу арқылы бөгде халықтарды оқыту жүйесінің алға қоятын мақсаты-оларды

орыстандыру және тіл жағынан да, дін жағынан да орыстарға мүлде қосып жіберу»-деп айтылған пікірі берілген. Тәуелсіздікті сақтау үшін еліміздің ертеңін ойлап, ділімізді, дінімізді, тілімізді көздің қарашығындай сақтау керектігі кітапта нақты деректермен көрсетілгендігі қуантарлық жайт. Осы тұстарда алаш қайраткерлерінің аттары аталып олардың халқына сіңірген еңбегі мен ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары жайында айтылса, жас ұрпақтың бойында ұлттық қасиеттерді дарыту нақтыланар еді.

Кітапта XIX ғасырдың II жартысындағы өмір шындығын, халық мұңын өлеңдеріне арқау еткен Біржан Қожағұлұлы (1834-1897), Ақан Қорамсаұлы (1843-1913), Жаяу Мұса (1838-1929), Балуан Шолақ (1864-1919), Мұхит Мералыұлы (1841-1918), Әсет Найманбайұлы (1867-1923), т.б. ақындардың өлеңдері терең зерттелген. Олардың шығармалары қазақ әдебиетіндегі азаттық, еркіндік аңсаған гуманистік идеяны толықтырады. Снымен қатар, кітапта XIX ғасырдың II жартысындағы ақындық айтыс өнерінің ерекше қарқынмен дамығандығы, идеялық-көркемдік жоғары деңгейге көтерілгендігі де ашып жазылған.

XIX ғасырдың II жартысында қазақ жазба әдебиетінің қалыптасу кезеңі басталып, ұлы Абай классикалық дәрежеге көтерген жазба әдебиетінің қалыптасуына Ыбырай Алтынсарин, Шәңгерей Бөкеев, Нарманбет Орманбетов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев, Абай балалары Ақылбай мен Мағуиялардың шығармалары өзіндік үлесін қосады. Олардың шығармалары қазақ әдебиетін тақырып жағынан да, мазмұн жағынан да толықтырады. Кітапта олардың шығармаларын терең талдауға, тәлім-тәрбиелік мәніне көңіл бөлінген. Қандай ақын-жазушының шығармасы немесе өмірі жайында жазылған деректері талданып оларға сілтемелер берілсе, ол деректердің әсерлі және нақты болары анық.

Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығына тоқтала отырып, ақынның адам болымысына байланысты айтылған пікірлерін талдағанда қандай қоғам болмасын ондағы барлық іс-әрекеттерге бірден-бір әсер ететін күш-ол адам күші,- деген пікірі кітапта терең талданады. Бұл пікірдің қазіргі заман талабына сай пікір екендігі даусыз. Себебі, қоғамдағы барлық келеңсіз құбылыстар, жаңсақ пікірлер адамның өзі арқылы жасалынады.

Шоқан Уәлихановтың қазақ әдебиеті тарихына қосқан үлесі, оның демократтық, ағартушылық, әлеуметтік бағытта озық идея енгізуі, әдебиеттің дамуына қосқан үлесі ғалымның шығармалары, мақалалары арқылы талданған.

Ыбырай Алтынсариннің бүкіл өмірі ағарту ісіне бағытталғандығы, қазақ балалары үшін «Қазақ хрестоматиясын» жазғандығы, балаларға арнап жазылған әр түрлі тақырыптағы шығармалары, аудармалары талданған. Оның шығармаларынан ағартушы-ғалымның бар күш жігері халқының рухани жетілуіне арналғандығы талданған. Қазақ халқының үлкен мақтанышы ұлы ұстазы, ғалымы, шебер жазушысы Ыбырай Алынсариннің келешек ұрпақ үшін атқарған еңбектері әлі де тереңірек ғылыми тұрғыда зерттелсе нұр үстіне нұр болары анық.

Ұлы Абайды танып білу, оның шығармаларын зерттеу жыл сайын тереңдей бермек. Олай дейтініміз, «Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла, жүрегімнің түбіне терең бойла»-деп өзі айтқандай Абайға терең үңілген сайын оның ұрпағына берер тағлымдық тұстарының мол екендігіне көзіміз анық жетуде. Кітапта Абайдың «Балалық және жастық шағы», «Ізденіс жолында», «Дүние де өзі, мал да өзі», «Қалың елім, қазағым», «Татулық пен тұрақтылық», «Өлең-сөздің патшасы», «Табиғат лирикасы», «Татьянаның қырдағы әні», «Болыс болдым, мінеки», «Сегіз аяқ», «Лермонтов пен Абай», «Ызалы жүрек, долы қол», «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Крылов және Абай», «Абай өлеңдерінің тілі», Абайдың поэмалары. «Ескендір», «Абайдың қарасөздері», «Қазақтың бас ақыны», «Түйін» деген тармақшаларға бөліп, терең талданып, көп мағлұмат берілген. Абайдың адамдығы, ақындығы, халқына деген адалдығы, ешкімге ұқсамайтын даралығы оқушыларға осы бөлімдер арқылы толық жеткізілді дей алмаймыз. Дегенмен кітаптағы бұл мәліметтерді толық меңгерген оқушы Абайдың кім болғандығын біле алады.

Біздің ойымызша «Абай аңсаған азамат қандай болған?», оның адамдық, тұлғалық қасиеттерге байланысты еңбектерін, қарасөздерін, өлеңдерін жеке тармақшаға бөліп терең талдау қажет. Сонда, Отанын сүйетін, ұлтының ұлттық қасиетін бағалайтын ұлттық тұлға қалыптастырудың жолдары қамтылады. Абай өлеңдерін топтағанда оның аудармаларын жеке, лирикалық шығармаларының әрқайсысын тақырыптық ерекшеліктеріне қарай жеке-жеке топталып берілсе оқушы ұғымына қабылдауы оңай болар еді. Сонымен қатар, кітапқа Абайды зерттеуге байланысты жазылған ғылыми еңбектер, ізденулер, мақалалар, естеліктер берілсе кітаптың құндылығы арта түсер еді. Жалпы бұл біздің өз пікіріміз. Кітаптың тілі жеңіл, түсінікті жазылған.

Қашаған Күржіманұлы –XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырдың басында өмір сүрген ақын. Қашағанның мұрасында халықтың мінез құлқы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі молынан жырланады. Оның шығармаларынан халқымыздың игі қасиеттері: қонақ кәде, тілек-бата, беташар, көңіл айту, тойбастар, т.б. тұрмыс салт жырлары көрініс табады. Ақынның «Есқали сұпыға айтқаны» өлеңі әдебиетіміздің шоқтығы биік шығармаларының бірі. Онда ақын халқымыздың қасиетті домбырасын қастерлей отырып, қонақжайлылық қасиетін сақтамаған сопының мінезі арқылы жастарымызды ондай қылықтан аулақ болуға тәрбиелейді. Шығармаларындағы философиялық тұжырымдардың тәрбиелік маңызы зор. Оның «Кім қажетсіз болса сол жетім» деген тәлімдік ойының ұлағаттылық салмағы ерекше байқалады. Өлеңде ақын өмірде кездесетін келеңсіздіктерді сынады. Оларды екшеп алып, «сол жетімсіздіктер-жетімдікпен бірдей» деп дәйекті ой түйеді. Олар: ана-анадан айрылған сәби, қартайған ер, қолынан билік ұшқан адам, хакімі адал болмаған ел, қартайған нар, ел қонбаған жер т.б. тәптіштеп түсіндіре отырып, жас ұрпағын әр істің өзіндік орны бар, оны бағалай білу керек, деп ұлағатты өсиет айтады. Ақынның бұл сарындас шығармалары кітапта жақсы талданған. Олардың тәрбиелік мәні зор. Ұмытыла бастаған ұлттық құндылықтарымызды жастар бойына сіңіру- қазіргі өмір талабы. Тәрбиелік маңызы зор бұл шығармалардың кітапта берілуі қуантарлық жайт.

Абайдан кейінгі ірі ақын Шәкәрім шығармаларының ұрпағына берер рухани азығы мол. Оның мұраларында өмірдегі қиыншылықтарға төзе білу, халқының мұңы, адами ізгі қасиеттер, әділдік, саналылық, бірлік пен береке, өнер мен ғылым, өмір шындығы жырланады. Ол көптеген өлеңдерінде надандықты, зұлымдықты, ұрлық-зорлықты, жікшілдік сияқты келеңсіз қылықтарды шенеп-мінейді. Адам болу, азамат болу жайын өз шығармаларында терең толғайды. Кітаптың бұл тарауында Шәкәрімнің өмірбаянын жаза отырып, «Шығармашылығы», «Поэмалары», «Шәкәрім шығармаларының көркемдік ерекшеліктері», «Прозасы» деп, оның шығармалары тармақшаларға бөлініп талданған. Оның жастарға берер тағлымдық тұстары мол. Шәкәрімге қатысты бұл бөлімде оның философиялық шығармасы «Үш анық» деген еңбегін де талдап, оның ерекшелігіне тоқталсақ, жастарды имандылыққа тәрбиелеуде берер тәрбиелік маңызы арта түсер еді. М.Жұмабаев «Елдің елдігін сақтайтын - әдебиеті, тарихы, жол-жорасы», -деп атап көрсеткендей ұлтын сүйетін ұлттық тұлға қалыптастыруда қоғамдық гуманитарлық пәндердің орнының ерекше екендігін айта отырып, қазақ әдебиетінің 5-11 сынып оқулықтарына талдау жасау барысында алаш қайраткерлерінің шығармалары және оларға қатысты зерттеу еңбектері мектеп оқулықтарында өз дәрежесінде берілмегендігі аңғарылды.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлықтарын қалыптастыру тұжырымдамасы», «Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелеріне имандылық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы» т.б. тұжырымдамаларда оқушыларға жалпыадамзаттық және ұлттық тәрбие берудің әралуан түрлері мен әдістеріне тоқтала отырып, мектеп оқушыларының бойында ұлттық құндылықтар мен адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру жұмыстарының іске асу жолдарын жан-жақты қарастырады. Ұлттық тәрбие беріп оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық тұлға етіп

тәрбиелеу жолдарының біріне алаш қайраткерлерінің өмірлеріне қатысты кинофильмдер көру, театрларға бару, мұражайларға шеру жасау т.б. іс-шаралар жатады.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің «Тәлім-тәрбие тұжырымдамасын» негізге ала отырып мектептегі тәрбие жұмысын жетілдіруге арналған республика ғалымдарының бірнеше бағдарламалары жарыққа шықты. Мысалы, Б.Баймұратова, М.Сәтімбекова, Ә.Әміровалардың басшылығымен мектепке дейінгі тәрбиеге арналған «Балбөбек» бағдарламасы тұңғыш дүниеге келді. Сондай-ақ Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. «Ұлттық мәдениет тарихы», «Қазақ этнопедагогикасы» т.б., Оразаев М., Смаилова М.Ж. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», С.Қ. Қалиевтың басшылығымен жасалған «Болашақ» оқушылар ұйымының ережесі, М.Құрсабаевтың «Атамекен», З.Ахметованың «Кәусәр бұлақ», М.Х.Балтабаевтың «Елім-ай» т.б. бағдарламалары жоғары, орта оқу орындарындағы және мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық негізде ұйымдастыруға үлкен ықпалы болды.

Ұлттық негіздегі мектепке дейінгі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұйытқы болған «Балбөбек» бағдарламасы жалпы ұлттық тәлім-тәрбие болмысын қалыптастырудың бастауы болды. Аталған бағдарламада баланы жас кезінен ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарды ұғындыру арқылы ұлттық болмыстың негізінде адамгершілікке, адалдыққа, сұлулыққа, әдептілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуді білім берумен біртұтас жүзеге асыруды көзейді. Ал, жоғары сынып оқушыларына арналған С.Қ.Қалиев пен Қ.Б.Жарықбаевтың «Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы» атты факультативтік курс бағдарламасында VI ғасырдан басталған ұлттық тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге тоқтала отырып, ұлттық болмысымыздың тәрбиелік мәнін терең түсіндіру оқушылардың тұлғалық қасиеттерін, ұлттық ой-өрісін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

М.Оразаев пен М.Смаилованың «Қазақтың салт-дәстүрлері» атты 8-9 сыныптарға арналған факультативтік курс бағдарламасының мақсаты оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық ерекшеліктеріміз бен салт-дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды оқушылардың бойында қалыптастыруды көздеген.

З.Ахметованың «Кәусәр бұлақ» бағдарламасы оқушылардың бойында ұлттық имандылығымыз бен ізгілігімізді, қарапайымдылық пен мейірімділік қасиеттерімізді ұялатуды мақсат етеді.

Жоғарыда талданған бағдарламаларды негізге ала отырып, ұлттық мектептеріміздегі тәлім-тәрбиені өзектендіре түсу мақсатында балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, мектептердің тәлім-тәрбие жұмысын бір жүйеге келтірген, ғылыми негізделген ұлттық тәрбие бағдарламасының қажеттігі туындайды. Оқу мен тәрбиені бір-бірімен кірістіре отырып, алаш қайраткерлері мұраларының негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруды жүйелі түрде жүргізу, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ұлттық тұлға қалыптастыру - егеменді еліміздің ұстаздар қауымының абыройлы борышы.

Зерттеу барысында ұсынылып отырған «Алаш тағлымы» атты факультатив курс бағдарламасы, «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламалары жоғарыда аталған тәрбие бағдарламаларының жалғасы іспетті.

Факультатив курс бағдарламасын жасау барысында Қазақстан Республикасы ұлттық докторинасы және ұлттық тәлім-тәрбие беру тұжырымдамаларының мақсаты мен міндеттері, қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайы мен егемендік алғаннан кейінгі саяси өзгерістері және ұлттық тәрбиеге қойылатын талаптар, еліміздің дамыған алдыңғы қатарлы 50 мемлекеттің қатарына кіру секілді тарихи оқиғалары, дағдарысты жеңе отырып, даму бағдарламалары ескерілді. Жеке тұлғаны қалыптастыруда салт-дәстүрлердің, ауыз әдебиеті мен батырлар жырының, нақыл сөздердің, мақал-мәтелдердің, бата-тілектердің берері мол. Біз алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық болмыстарымызды оқушылардың бойына қалыптастыру мақсатында «Алаш тағлымы» атты факультатив курс бағдарламасын (5-11 сыныптар үшін) ұсындық. Қазақстанның жаңа

әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларының бойында алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде қалыптасатын ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыруға арналған «Алаш тағлымы» атты факультативтік курс бағдарламасы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігін сақтауда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық тұлғаларымыздың бойындағы ұлттық құндылықтарын жүйелі түрде қамтыйды. Бағдарламада орта ғасыр ойшылдарының ұлттық тұлғалық қасиеттер туралы ой пікірлері, XIX-XX ғасырдағы қазақ ағартушыларының тұлғалық қасиеттер туралы идеялары, алаш қайраткерлерінің ұлттық құндылықтар негізінде қалыптасатын адами ізгі қасиеттер жайындағы мұралары және ақын-жыраулар шығармаларының ұлттық тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудағы тәрбиелік мәні зор шығармалары, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие берудің бір тұтас қалыптасқан халықтық жүйесі, жас ұрпақтың әлеуметтік ортамен өз ара әрекеттестігі, рухани дамуы жан-жақты қамтылды.

Факультатив курс бағдарламасының мақсаты - ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңіре отырып, алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

алаш қайраткерлерінің мұраларын жүйелі түрде пән сабақтарындағы білім мазмұны мен сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, біріктіре жүргізу;

алаш қайраткерлері мұраларын ұлттық тұлғаның ұлттық болмысымыз бен құндылықтарымызды бойына сіңіріп қалыптасуына негіз ету;

қазақ халық педагогикасындағы ұлттық тұлға қалыптастырудағы ұлттық ерекше қасиеттер мен құндылықтарды айқындау;

қазақ халқының ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілік сезімдерін тереңдете отырып, бойларына ұлттық және адами ізгі қасиеттерді қалыптастыру;

туған елге, жерге, тілге, дінге, ділге деген құрметін жетілдіру;

Қазақстан Республикасының тұтастығын сақтайтын, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін, жалпыадамзаттық қасиеттерді құрмет тұтатын ұлттық тұлға тәрбиелеу.

«Алаш тағлымы» атты факультатив курс бағдарламасының мазмұны:

Алаш қайраткерлері мұраларының бай және сан қырлылығы. Олардың өмірлерінің өзіндік үлгі өнегелілігімен ерекшелігі. Бай мұраларының жас жеткіншектерге жан-жақты тәрбие берудің барлық жағын қамтитындығы. Өмірлері мен шығармалары халқымыздың сталиндік зобалаң кезіндегі тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениеті және әдебиетімен, саяси-әлеуметтік тіршілігімен тығыз байланысты болғандығы. Олардың мұраларының ықпалы арқылы ұлттық тұлға қалыптастыру .

Ұлттық тәлім-тәрбие берудің халықтық жүйесі. Педагогикалық-психологиялық шығармалар арқылы өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие берудің бір тұтас қалыптасқан халықтық жүйесі. Халықтың тәрбиесінде үлкендердің, ата-аналардың жеке басының жақсы істерін үлгі тұту, тәрбиеде-«ұят», «ар», «намыс» ұғымдарын кең пайдалану, әр түрлі әдістермен жүзеге асырылып отырылуы, алаш қайраткерлерінің қай-қайсының болмасын шығармаларында ұлттық сарын яғни әдет-ғұрпымыз бен салт-дәстүріміздің ерекшеліктерінің ескеріліп отырылуы. Ақын-жыраулар шығармашылығындағы тұлғалық қасиеттерге шолу

XIX-XX ғасырдағы қазақ ағартушыларының мұраларындағы рухани қазынасын танып білу. XIX-XX ғасырдағы ағартушылардың шығармаларын танып білу, ондағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары арқылы оқушылардың рухани қазынасын байыту, өздерін-өздері тануға, әрекет жасауға қалыптастыру. Ұлттық тұлға бойындағы адамгершілік, имандылық, салауаттылық, қайырымдылық, перзенттік парыз, ұлттық намыс, ар-ұят, ататекті қастерлеу, әдептілік, т.б. қасиеттерін қалыптастыру. Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектеріндегі тұлғалық қасиеттерге байланысты шығармаларын талдау.

Ұлттық тұлғаның рухани дамуы. Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары арқылы жас ұрпақтың бойына әлеуметтік ортамен өз ара

әрекеттестігі, рухани дамуы; қоғамдағы өз міндетін жауапкершілікпен орындауды, қажымай талмай еңбек етуді, іскерлікті, имандылық қасиеттерін меңгертуді көздеу. Қазақстандық фидософтардың (А.Нысанбаев, Ғ.Есім. А.Қасабек, Т.Сарсенбаев, А.Айталы т.б.) еңбектеріне шолу жасау.

Ұлттық тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар. Алаш қайраткерлерінің шығармаларын оқып үйренуге қызығушылығын, ынтасын ояту, қажеттілігін дамыту. Жастарды еңбекқорлыққа, пайымдылыққа, өз бетімен ой қорытуға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, ұлтының ұлттық қазыналарын меңгеруге ынтасын туғызу. Ұлттық тұлға бойындағы әлеуметтік ерекшеліктер. Жастарды алаш қайраткерлерінің мұраларын меңгерту арқылы өз ұлтының рухани-мәдени мұрасын сезіне білуін, өзінің Қазақ елінің азаматы екенін саналы көзқараспен түсінуін қалыптастыру. Алаш қайраткерлерінің ұлттық қасиеттерін сақтап қалу жолындағы күрестері, тәуелсіз мемлекет құру идеялары, саяси көзқарастары негізінде жас ұрпақтың бойында мақтаныш сезімін ояту. Туған елі мен әлемдік деңгейдегі өз үлесі мен жауапкершілігін, халқымыздың жалпы ұлы тұлғаларының үлгі-өнегесінің әлеуметтік мәнін түсінуге баулу.

Ұлттық тұлға бойындағы ұлтжандылық және адамгершілік қасиеттері. Алаш қайраткерлерінің шығармаларын, өмірлерін, ұрпақ бойына сіңіретін игі қасиеттерін, ұлтжандылықтары мен үлкен адамгершіліктерін өзгелерге насихаттап жеткізу, жас ұрпақ бойына сіңіру.

Ұлттық тұлға бойындағы ерлік қасиеттері. Ұлттық ерлік дәстүрінің өміршеңдігі, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы, жастар бойындағы ерлікті қалыптастыратын қасиеттерді білуі. Бүгінгі күннің батырларының, қаһармандарының (Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев, М.Шаханов, О.Сүлейменов, Ә.Ыдырысов, Н.Келімбетов, Қ.Нұрғалиев, А.Айталы т.б.) ерен ерліктерінің мән-мағынасын түсінуі.

5-11 сыныптарға арналған «Алаш тағлымы» атты факультативтік курс бағдарламасымен қоса мектеп оқушыларының ұлттық тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға байланысты 10-11 сыныптарға арналған «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасы жасалып оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді. (Келесі бөлімде талданады). Мектеп оқушыларының ұлттық тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда ұлтын сүйген ұлтжанды ұлы тұлғалары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, М.Шоқай, М.Тынышпаев т.б., педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты еңбектері «Абай және Алаш», «Алаш қайраткерлері мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі» атты оқу құралы дайындалды.

Бұл іс-шаралар іс жүзінде яғни алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын меңгерту барысында бірін-бірі толықтырып, оқу-тәрбие ісінде өзара тығыз байланыста болса, және оқу-тәрбие үдерісінің барлық компоненттерінде, білім мен тәрбие мазмұнында көрініс алып отырса, ұлттық тұлға тәрбиелеуді мектептің оқу-тәрбие ісіне ендірудің әдістемелік шарттары болмақ. Сонымен, алаш қайраткерлерінің еңбектерінің ықпалы негізінде тұлғаның жан-жақты дамуы әлеуметтену нәтижесінде, заңды өзгерістердің барысында қалыптасады. Адам табиғи анатомия-физиологиялық алғышарттарды игере отырып, әлеуметтену үдерісінде жалпыадамзаттық табыстарды, ұлттық құндылықтарды меңгере келіп, қоршаған ортамен өз ара іс-әрекетке ену барысында жетіледі. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық еңбектерін тәрбие үдерісінде үнемі пайдалану – тұлғаны жан-жақты дамытуда жетекші рөл атқарады. Әлеуметтену қауымдастығында жеке тұлғада ізгілік, адамдарға сенім, шыншылдық, өзін-өзі анықтау, өзіне және басқаларға да талап қоюшылық қасиеттері пайда болады. Алаш қайраткерлері мұраларының ықпалы арқылы тұлғаны қалыптастыру үдерісі - тәрбие, оқыту, әлеуметтік орта мен сыртқы әсерлердің ықпалымен жүзеге асады. Тұлғаның жан-жақты дамуы – қоғамның әртүрлі саласында жан-жақты, білікті, жауапкершілік қарым-қатынасқа дайындау және оның рухани аясының – ақыл-ойы, парасатты жігері, сезімі, дүниетанымы болып табылады. Интеллектуалды ұлт

зиялысы деп- білімге тұрақты қызығушылығы бар, танымдық іс-әрекетті түрлі жолдармен орындайтын, ой еңбегінің жоғары мәдениеттілігін көрсете алатын, ұлттық мәдениетті терең меңгерген адам деген анықтама ұсындық. 2-кестеде Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлғаның қалыптасуы мен дамуын көрсеттік (2-кестеге қараңыз).

Кесте 2 - Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлғаның қалыптасуы мен дамуы.

1	Ұлттық тұлғаның жан-жақты дамуы әлеуметтену нәтижесінде заңды өзгерістердің барысында қалыптасады.
2	Табиғи анатомия-физиологиялық алғышарттарды игере отырып, әлеуметтену үдерісінде жалпыадамзаттық табыстарды, ұлттық құндылықтарды меңгере келіп, қоршаған ортамен өз ара іс-әрекетке ену барысында жетіледі.
3	Ұлттық тәрбие үдерісі тұлғаны дамытуда жетекші рөл атқарады
4	Жоғары дамыған әлеуметтену қауымдастығында тұлғада ізгілік, адамдарға сенім, шыншылдық, өзін-өзі анықтау, өзіне және басқаларға да талап қоюшылық қасиеттері пайда болады.
5	Ұлттық тұлғаны қалыптастыру - ұлттық тәрбие, ұлттық білім беру, ана тілінде оқыту, әлеуметтік орта мен сыртқы әсерлердің ықпалымен болатын үдеріс.
6	Тұлғаның жан-жақты дамуы – қоғамның әртүрлі саласында жан-жақты, білікті, жауапкершілік қарым-қатынасқа дайындау барысында және оның рухани аясының – ақыл-ой, парасатты жігері, сезімі, дүниетанымы болып табылады.
7	Интеллектуалды ұлт зиялысы- танымдық іс-әрекетті түрлі жолдармен орындауға, ой еңбегінің жоғары мәдениеттілігін көрсетуге қабілеттілігімен және ұлттық мәдениетті терең меңгере отырып қалыптасады.
8	тұлға – қоғамның дамуы мен рухани сілкінуіне, жаңғыруына қызмет етуі нәтижесінде дамиды.
9	Ұлтты басқарушы зиялы қауым рулық-жүздік танымнан жалпы ұлттық санаға, дүниетанымға өтуге, ұлт ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орнын анықтап алуға, барлық рухани дағдарыс түрлерінен арылуға қызмет ететін тұлғалар болуы тиіс.

4.2 Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру туралы ой-пікірлерін қазіргі мектептің оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің тиімді жолдары

Халқын өркениеттің өріне сүйреген алаш қайраткерлерінің қай-қайсысы болсын дарынды талант иелері болды. Халқымыздың «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп айтылған аталы сөзі осыларға арналғандай. Алаш қайраткерлерінің қандай іс-әрекеттері болмасын отаршыл үкімет оларды жоюға тырысты, себебі олардың еңбектері қазақ халқының санасын оятуға, рухани қазынасын жастар бойына таратуға үлкен әсер етті. «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты» деп елінің ертеңін ойлап, болашағынан үлкен үміт күткен Міржақып Дулатов; «Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарыға асып, атқаны, маған ауыр осылардың бәрінен, өз аулымның иттері үріп, қап-қаны», деген Ахмет Байтұрсынов елі мен жері үшін қиналғанына қынжыл-майды, оларға тек сатқындар мен арсыздардың істегені жандарына батады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясы қазақ халқының санасын оятуға, халықты білім нәрімен қаруландыру керектігін түсіндіруге тырысты. Қоғам құрылысын өзгерту процесіне дайындау сияқты қиын міндеттерді атқарды. Олар елдің елдігін, жердің тұтастығын, ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын, халқының ұйқыдан оянып тәуелсіз мемлекет құру үшін өнер, білім, іскерлік жолына түсу ұрандары мен мақсаттарын ұлттық менталитетімізге жақындастырып негіздеді.

Менталитет деген сөздің бізге Батыс елдерден келгендігі белгілі. Олардың пікіріне сүйенсек, бұл ұғым жеке адамдардың, не топтардың «ақыл» санасы мен сананың қабілетін,

күшін, ақылдың бастауын, мазмұнын, құрылымын, ойлау түрін, бағытын, сондай-ақ мүмкіндігін бейнелеп, олардың басқа физикалық құбылыстардан ерекшелігін ажыратып береді. Менталитет - мидың салмағына, көлеміне, оның ішіндегі түрлі ирім жолдарына жатпайтын, одан тыс, тікелей туындайтын интелектік құбылыс. Немістердің «Шетел сөздігінде» «менталитет- сезімдік және рухани ойлау тәсілі, жеке адамдардың немесе топтың рухани хал-жағдайы»- деп пайымдаған.

Яғни, менталитет әр халықтың туған географиялық ортасына, әлеуметтік саяси және идеологиялық жағдайларына сәйкес және тығыз байланыста қалыптасады. Осыған байланысты адамның рухани дүниесі, ойлау жүйесі, мінез-құлқы, қайрат-жігері, әдет-ғұрпы, ойын –сауығы тұрақталады, деп көрсетеді Д.Кішібеков – өзінің «Қазақ менталитеті: Кеше, бүгін, ертең» деген еңбегінде [53, 3].

Демек, алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық еңбектері мен шығармалары арқылы жас ұрпақты адамгершілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке, ар-намыстылыққа, қайрымдылыққа, ататекті қастерлеуге даярлаудағы білім, іскерлік дағдылардың жиынтығын қалыптастыруға көңіл бөлінген жағдайда ұлттық менталитетіміздің ерекше қасиеттерін жастарымыздың бойына сіңіру арқылы ғана мақсатымызға жете аламыз. Осының негізінде алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары оқу орындарында қалай шешімін тауып жатыр деген заңды сұрақ туындайды. Соңғы кездері еліміздің педагогикалық институттары мен университеттерінде, мектептерде ұлттық тәлім-тәрбиеге арналған және оның тарихының дамуына үлкен үлес қосқан жеке дарынды ғалымдарымыз бен ұлтымыздың мақтанышына айналған ұлы тұлғаларымыздың шығармашылығына байланысты «Арнайы курс бағдарламалары» атты дәрістер енгізілген. Сондықтан да оқу орындарында, мектептерде алаш қайраткерлерінің шығармашылығын оқып үйренуде «Қазақ әдебиеті», «Педагогика тарихы» пәндерінің орны ерекше болмақ. Біз осыған орай «Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты тақырыпта арнайы курс бағдарламасын жасадық.

Арнайы курсты өткізу үшін мына қағидаларды басшылыққа алдық:

- арнайы курс бағдарламасын меңгеруде жоғары сынып оқушылары әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялық-педагогикалық пәндерді оқу барысында алған білімдеріне сүйенеді;

- сабақтар мен тәрбиелік шараларға талдау жасау барысында арнайы курс бағдарламасын меңгерту арқылы жоғары сынып оқушыларының бойына алаш қайраткерлерінің еңбектерінің ықпалы негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын меңгерте аламыз.

Арнайы курс бағдарламасы 36 сағатқа арналған. Мұнда алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары олардың еңбектерінің негізінде кеңінен ашылады.

Мектеп оқушыларына ұсынылып отырған «Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» арнайы курс бағдарламасы халқымыздың қазіргі кезеңде нарық экономикасы дәуіріндегі тыныс-тіршілігінің жаңа сыр-сипаты мен бағыт-бағдары, қазақ елінің егемендігі мен тәуелсіздігі жағдайында демократияны өрістетуге, ізгілік пен мейірбандық қасиеттерді жас ұрпақ бойына қалыптастыруға яғни ұлттық тұлға болып қалыптасуына демеу боларлық құжат болатындығына сенеміз.

Кесте 3 - «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптас-тыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасының тақырыптық жоспарының үлгісі

№	Тақырыптар	Лекциялар	Семинарлар
1	2	3	4
1	Арнайы курс пәні, мақсаты, мазмұны.	2	-

2	Алаш қайраткерлері және ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары.	2	1
2а	Тұлға, ұлттық тұлға туралы теориялық анықтамалар. Тұлғаның қоғамдық құрылыстағы орны.	2	
3	Ұлттық тұлға бойындағы ұлттық сана-сезімі, ұлттық намысы мен ұлтты ұлт ететін ділі мен тілі – ең жоғарғы көрсеткіші.	2	
3а	Алаш қайраткерлерінің мұралары - ұлттық тұлға қалыптастырудың негізі.		
3б	Қазақ ойшылдары мен ағартушыларының ұлттық тұлға туралы көзқарас-пікірлері.	3	2
4	Мемлекеттік қайраткерлер мен саяси басшылар, ақын-жыраулар, батырлар жөнінде мақал-мәтел, афоризм сөздерді теріп келу, кімдерді ақын, батыр, көсем, шешен дейміз? Отаншылдық қасиеттерді сен қалай түсінесің? Өз ойларын әдеби шығармалар, өмір эпизодтары арқылы дәйектеу.		
4а	А.Байтұрсынов – қазақ халқының ар-ожданы, ұлттың ұлы ұстазы, ұлт мәдениетінің бәйтерегі.	4	2
5	Ж.Аймауытов және ұлттық психология мәселесі. «Өмір бойы өз жолына түсе алмаған адам-сорлы жан. Өз жолында қызмет ету-ырыстың басы».	4	
6	М.Жұмабаев - педагогика ғылымын психологиямен байланыстыра қарастырған тұңғыш қазақ ойшылы.	4	-
7	Міржақып - «Оян қазақ» деп Алаштың ұранын асқақтатқан, қазақ ғылымына орасан үлес қосқан ұлы тұлға. М.Дулатов мұрасындағы құндылықтар.	4	-
8	-Алаштың саяси элитасының қалыптасуына әсер еткен тұлғалар /Ә.Бөкейхан М.Тынышбаев, М.Шоқайұлы/.	4	-

Біз ұсынып отырған **арнайы курстың мақсаты** - ХХ ғасыр басындағы ұлтымыздың бетке ұстар зиялы қауымының педагогикалық-психологиялық және саяси-әлеуметтік шығармаларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын ұрпаққа түсіндіру және жеткізу. Мақсатымыз тек жеткізіп, түсіндіріп қана қою емес олардың бойындағы ұлы адами қасиеттерді жастар қалай меңгерді дегенді анықтау. Тәуелсіз мемлекетіміздің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақтың бойына халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетімізді, әдебиетімізді, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, рухани дүниетанымымызды қалыптастыра отырып, ұлттық тұлға тәрбиелеу. Бұл жолда Алаш зиялыларының мұраларын жан-жақты талдай отырып, пайдалану және олардың педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларына өз деңгейінде баға беру. Қазіргі нарықтық экономика заманында ұлттық болмысымыздың, ұлттық тәрбиеміздің асыл қазыналарын жастарды тәрбиелеудің жолдарын айқындау барысында Алаш қайраткерлерінің ой-пікірлерімен ұштастыра отырып, олардың шығармаларының өміршең екендігін дәлелдеп, ізгілік қасиеттерді жастардың бойына сіңіру.

Арнайы курстың міндеттері:

- алаш зиялыларының педагогикалық-психологиялық мұраларындағы және саяси әлеуметтік шығармаларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын анықтау,

- алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларына қатысты құнды ой-пікірлерін меңгеруін қамтамасыз ету және ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарыту;

- оларды алаш қайраткерлерінің шығармаларына сүйіспеншіліктерін ояту, түсініп меңгеруге дағдыландыру;

- алаш зиялыларының мұраларындағы құнды ой-пікірлерін өмірде пайдалануға үйрету;

-қазақ зиялыларының педагогика ғылымы саласындағы ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты айтқан пікірлерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану;

-ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты айтылған пікірлерін ұлттық тәлім-тәрбие саласында бүгінгі күн талабымен байланыстыра отырып, тарихи, әдеби және мәдени тұрғыда түсіндіру;

- алаш зиялыларының еңбектерін меңгерте отырып, жастардың өзін-өзі тәрбиелеп, ұлттық тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау; олардың бойына танымдық, аңғарымпаздық, еңбек сүйгіштік, отбасын құрметтеушілік т.б. қасиеттерін қалыптастыру;

-алаш қайраткерлерін ұлттық тұлға ретінде үлгі ете отырып, олардың тағлымдық ой-пікірлерін қазіргі ұрпақ тәрбиесінде, ұлттық тұлға тәрбиелеу барысында ұтымды пайдалану.

«Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасының мазмұны

1-тақырып. Арнайы курс пәні, мақсаты, мазмұны Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары. Тұлға туралы түсініктер. Тұлғаның қоғамдық құрылыстағы орны

Алаш қайраткерлерінің еңбектерін зерттеп зерделеудің оның ішінде олардың ұлттық тұлға қалыптастыру ой-пікірлерінің ұрпақ тәрбиелеу барысында қазақ педагогикасының көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғандығы. Бүгінгі күні қазақ елі әлем таныған мемлекет ретінде өмір сүріп отырғандықтан, өткеніміз бен болашағымызды бағдарлап, жастарымыздың бойына ата-баба дәстүрін, әдет- ғұрпын терең дарыту, ол қасиеттерді Алаш қайраткерлерінің еңбектерімен ұштастыра меңгертіп жас ұрпақты ұлттық тұлға етіп қалыптастыруда салғырттық пен жайбарақаттықты көтермейтін уақыт екендігін ескере отырып, ұрпақ тәрбиелеу керектігі; Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларының қайнар бұлақтары. Елінің ертеңгі болашағы жарқын болу үшін мәңгілік өмір іздеген Қорқыт жырларындағы адам болмысы мен адамгершілік идеялары. Ұлы философ, ғұлама ғалым әл-Фарабидің «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолында», «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» т.б. еңбектеріндегі басшы, тұлға туралы көзқарастары. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» поэмасындағы адам мәселесі және оның бойындағы жақсылық пен жамандық қасиеттері. М.Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегіндегі тұлға бойындағы игі қасиеттерінің және қасиетті ана тілінің көрініс табуы. Ана тілі туралы айтылған құнды пікірлер. Жырау мен би-шешендердің шығармаларындағы адамдықтың бойындағы игі қасиеттердің яғни адамгершілік, адалдық, имандылық пен инабаттылық, әдептілік, отансүйгіштік, досқа адалдық, ататекті қастерлеу т.б. қасиеттердің көрініс табуы.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ ағартушы ғалымдары Шоқан, Ыбырай және Абай шығармаларындағы ұлттық тұлға бойындағы игі қасиеттеріне байланысты айтқан ой-пікірлері мен тұжырымдары

Тұлға туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық түсініктер мен анықтамалар.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға туралы ой-пікірлерін олардың еңбектері арқылы анықтау.

2. Қорқыт жырларындағы адам болмысы мен адамгершілік идеяларын суреттеуі, жырлардан үзінді жаттау.

3. Әл-Фарабидің «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында», «Азаматтық саясат» т.б. еңбектеріндегі басшы туралы, дара тұлғаға байланысты айтқан көзқарастарын конспектiлеу.

4. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасындағы адам мәселесіне оның ішіндегі жамандық пен жақсылық қасиеттерге байланысты айтылған пікірлерін талдау, «Құтты білік құттың дастаны» тақырыбына реферат жазу.

5. Адамға байланысты оның ішінде тұлғалық дара қасиеттерге ие болған мемлекеттік қайраткерлерге, басшыларға, ақын-жырауларға және құдіретті ана тілімізге байланысты мақал-мәтелдерді, афоризм сөздерді теріп жазу.

6. Өз ойларыңды әдеби шығармалар арқылы дәйектеу үшін «Ұлттық тұлға» деген тақырыпта шығарма жазыңдар. (Оған бүгінгі өмірде бар тұлғаларды мысал етіп алыңдар. Мысалы жазушы-ғалым Нимат Келімбетовтың «Жарлы емеспін зарлымын» шығармасы, Әбілфайыз Ыдырысовтың «Таңшолпан» романы т.б.) Ұлттық тұлғаға анықтама беріңдер

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Қазақ ССР-інің ғылым баспасы, 1975.-395 б.
2. Ж.Баласағұни. «Құтты білік». – Алматы: 1986.-606 б.
3. Даналардан шыққан сөз. Құрастырған Асыллов А. Алматы, 1987.-35 б.
Дәуітұлы С. Төлеби. Алматы: Жалын, 1993.-56 б.
4. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы: Ғылым, 1982-240 б. Ред.коллегия: З.Ахметов, Б.Ақмұқанова, Ә.Дербисалин (жауапты редактор).
5. Нимат Келімбетов. Жарлы емеспін зарлымын. Алматы. –
6. Әбілфайыз Ыдырысов. Таңшолпан. Алматы.- 2008ж.
7. Ғ.Ахметов. Алаш алаш болғанда. Алматы.-

2-тақырып. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары

Алаш қайраткерлерінің шығармалары және ондағы адам мәселесі. Үстіміздегі ғасырдың басында бір жағынан отарлық езгі, екінші жағынан Ресейдегі озық ой-пікірлі адамдардың ықпалымен яғни ХХ ғасырдың басында қазақ даласында тың серпілістердің болуы. Европа тілдеріндегі басылымдардан басқа алаш қайраткерлерінің басшылық жасауымен «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Қазақ», «Айқап», «Алаш» т.б. төлтума газет, журналдардың шыға бастауы және бұл басылымдарда сол кездегі қазақ халқының жері, тілі, діні, ділі, ұлттық сана сезімі мен ұлттық тәлім тәрбиеге және ұлттық тұлғаға қатысты жазылған мәселелері. Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбие», Мұхтар Әуезовтың «Қазақ әйелдері», «Ғылым тілі», «Философия жайынан», «Мәдениет хәм ұлт», «Оқу ісі», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Ұлтшылдық туралы», «Шын бақыттың айнасы» т.б. мақалаларындағы адам баласының қалыптасуына әсер ететін факторлардың анықталуы. Баланың сезіміне әсер ететін ұлттық әдебиетіміз бен ұлттық тіліміз, ұлттық тәрбиеміздің ұлттық тұлға қалыптастырудағы маңызы және олардың Алаш қайраткерлердің еңбектерінен көрініс табуы. Алаш қайраткерлерінің еңбектері арқылы ұлттық тұлға бойындағы қасиеттерді анықтау. Ұлттық тұлғалардың тарих дөңгелегін қарқынды қадаммен бастырудағы рөлінің зор екендігін алаш зиялыларының өмірлерінен мысал келтіре отырып тоқталу.

Тапсырмалар мен сұрақтар:

1 Ұлттық тұлға қалыптастыру барысында алаш қайраткерлерінің еңбектерінің ықпалы туралы не айтасыз?

2 Олардың адам мәселесіне, тұлғаға байланысты қандай туындыларын білесіз?

3 Ұлттық тұлға деген ұғымды алаш қайраткерлері қалай түсінді? Оларды неге ұлтшылдар деп айыптады? Ұлттық тұлға дегенді сіз қалай түсінесіз, қандай анықтама бере аласыз?

4 Мұхтар Әуезовтың «Қазақ әйелдері» «Адамдық негізі - әйел», Шәкәрім Құдайбердиевтің «Ұлтшылдық туралы», «Шын бақыттың айнасы» деген еңбектерін конспектілеңіздер.

5 Ұлттық тұлғалардың тарихтан алатын орнын алаш қайраткерлерінің өмірінен мысал келтіре отырып дәлелдеңіздер.

6 Ұлттық тұлға бойындағы қасиеттерге қандай қасиеттерді жатқызасыз?

7 Ұлтымыздың ұлы тұлғасы Б.Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» атты шығармасын оқып, конспектілеңіз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Кішібеков Дінмұхаммед. Қазақ менталитеті: -Кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1998.-230б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. –Алматы: Ата мұра, 2003.-208 б.
3. Бөкейхан Ә. Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1995. – 475 б.
4. Назарбаев Н. «Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу»./ - Алматы: Жұлдыз, 2000.- №7 -19 б.
5. Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. //Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1999.-128 б.
6. Құдайбердиев Ш.Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер.// Құрастырған М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітов. –Алматы: Жазушы, 1988.-560 б.
7. Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы: Ана-тілі, 1992.-160 б.
8. Абай тағлымы. // Құрастырған ф.ғ.д., профессор Нығмет Ғабдуллин. –Алматы: Жазушы, 1986. - 426 б.

3-тақырып Алаш қайраткерлерінің мұралары - ұлттық тұлға қалыптастырудың негізі. Қазақ ойшылдары мен ағартушыларының ұлттық тұлға туралы пікірлері

Қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, алаш қайраткерлерінің ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық тұлға саласында айтқан пікірлері мен көзқарастары. Олардың шығармаларының ықпалы арқылы жас ұрпақты қазақ тағлымының негізгі бағыттары: көргенділікке тәрбиелеу (шындық пен ақиқаттан, әділдіктен айнымау, антқа берік болу); ар, ождан тазалығын сақтау, ақыл-ойлы, парасатты болуға үйрету; еңбекқорлыққа, аз сөйлеп, көп тыңдауға, инабатты, иманды болуға қалыптастыру; рухына кір келтірмеу, үлкендерді тыңдап және сыйлау, достыққа адал болу, асып-таспау және татулықты сақтау, ел берекесін сақтап, оның болашағының жарқын болуына үлес қосу. Ұлттық мәдениет пен ұлттық тәлім-тәрбиенің, ұлттық рухтың байланыстылығын алаш қайраткерлерінің шығармалары арқылы ұрпақ бойына қалыптастыру.

Қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, алаш қайраткерлерінің ұлттық тәлім-тәрбие саласында айтқан пікірлерін олардың еңбектері арқылы түйіндеп, оларды бүгінгі күн талабымен байланыстыра отырып, тарихи-педагогикалық тұрғыда түсіндіру. Олардың өмірлері мен еңбектерінің негізінде жастарды өзін-өзі тәрбиелеп, өзін кез-келген ортада ұстай алатын, көпшілікпен тіл табыса алатын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген ұлттық тұлға болып қалыптасуына әрекет жасау. Қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, алаш зиялыларының еңбектеріндегі ұлттық тәлім-

тәрбиенің бағыттарын аша отырып, ұлттық тәлім-тәрбиенің тұлға қалыптастырудың негізі екендігін олардың нақты пікірлері арқылы анықтау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1 Алаш қайраткерлерінің бойындағы ұлы адами қасиеттер деп қандай қасиеттерді айтар едіңіз?

2 Ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық тіліміз бен дініміз туралы қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, алаш қайраткерлерінің айтқан пікірлерін олардың еңбектерінен мысал келтіре отырып түсіндіріңіз?

3 Алаш қайраткерлерінің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына әсер еткен жағдайлар туралы не айтасыз?

4 Қазақ ойшылдары мен ағартушыларының ұлттық тұлға туралы көзқарас-пікірлерін, ұлттық тұлға туралы өз пікірлеріңізді ортаға салыңыздар?

5 Ұлттық мәдениет, ұлттық рух, ұлттық тәлім-тәрбиенің ұлттық тұлға қалыптасуына әсері дегенді қалай түсінесіз?

6 «Алашым менің ардағым» деген тақырыпқа реферат жазыңдар.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.-Алматы: Атамұра,1999.-296 б.

2 Қалиев С.Қ., Оразбаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994.-221 б.

3 Сейдімбек А. Қазақ әлемі.-Алматы: Санат, 1997.-464 б.

4 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.- Алматы: Санат, 1996.-350

3 Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. 2-е изд. СПб.-Питер, 2001.-261 с.

4 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие.- Алматы: Білім, 1995.-235 б.

5 Ыбырай Алынсарин. Таңдамалы шығармалар жинағы. –Алматы: 1955. – 241-246 б. // Құрастырған Б.С.Сүлейменов.

6 Сахара сұңқары. /Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады/. -Алматы: 2004.- 394 б. //Бас редактор ф.ғ.д., профессор Т.К.Кәкішев.

7 Т.Жұртбаев. Бесігінді түзе.-Алматы: Жазушы, 1997.-26 б.

8 Дәуірдің жарық жұлдызы. // Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады: Ұлы тұлғалар, ғылыми библиографиялық серия. Құрастырушы М.М.Бегманова. -Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Орталық кітапхана, 2001.-236 б., суретті. Бас редакторлары тар.ғ.к., Қ.С.Алдажұманов., тех.ғ.д., Д.М.Тынышбаев (Шейх -Али).

4-тақырып. А. Байтұрсынов – қазақ халқының ар-ожданы, ұлттың ұлы ұстазы, ұлттық мәдениеттің бәйтерегі

Қазақ халқының адал перзенті Ахмет Байтұрсыновтың халқының тарихында өзінің рухани болымысымен, парасаттылығымен ерекше орын алатындығын, оның еңбектері мен өмірбаяны арқылы нақты деректер негізінде түсіндіру. «Алаш» партиясын құрушы, қазақ ғылымын алғашқы ұйымдастырушылардың бірі екендігі, оқулықтар жазудың білгір маманы, қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолында жан аямай күрескен патриоты, қоғам қайраткері, ірі филолог, ағартушы-педагог, лингвист ғалым екендігі және оның тіл мәдениетін қалыптастырудағы еңбектері жайлы нақты мағлұмат беру. М.Әуезовтың А.Байтұрсыновтың елуге толған кезде жасаған баяндамасының мәнін, мазмұнын түсіндіру. Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл жұмсар» атты еңбегінің ана тілін оқытуда, тілді дұрыс меңгеруде баға жетпес құнды еңбек екендігіне тоқталу. Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал», «Маса» еңбектерінің маңызы. «Қазақ» газетінің өзіндік орны ерекше басылым

екендігі. Газеттің халықты өнерге, білімге, оқуға үгіттеп қана қоймай сол кездегі әлеуметтік жағдайдың астарын ашып, ұлт мектебі, ұлттық жазу, ұлттық тіл мәселесін көтеруі. Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақша оқу жайынан», «Бастауыш мектеп» мақалаларының сол кездегі әлеуметтік мәселелерді көтеруі жайына тоқталу. Ахаңның біліммен қоса балаға ұлттық тәрбие беру мәселесіне көңіл бөлуі жайында айтқан пікірлері. Оның «Баланың басына білімді тыға бермей, жетелеп, өзіне іздетіп, ақылын кәмілдеп, ізгілікке бастап, жүрегін адалдап, жақсыға қызығатын, жаманнан жиіркенетін қылып шығару мақсат», деген сөздерінің өміршендігін, ұлттық тұлға бойындағы игі қасиеттерді талдап айтып кеткендігіне тоқтала отырып, ұлттық тілдің ұлттық тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі екендігіне тоқталу. Оның «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Әліп-би» кітаптарындағы тіл мәселесіне қатысты айтқан пікірлері. Жазу, емле, терминология мәселелері. Ұлттық тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі ұлттық тілді қастерлеуі, ол жайында айтқан Ахмет Байтұрсыновтың пікірі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1 Ахмет Байтұрсыновтың елу жылдық тойында сөйлеген Мұхтар Әуезовтың сөзін конспектілеу. Оның өмірбаяны мен шығармашылығына тоқталу.

2 Ахмет Байтұрсыновтың елін билеген ел басшылары жайында айтқан пікірлерін талдау. А.Байтұрсыновтың мақалаларына шолу жасау. «Қалам қайраткерлерінің жайынан» атты мақаласын конспектілеу.

3 Ахмет Байтұрсынов «Бастауыш мектеп» деген мақаласында қандай мәселе көтерді?

4 «Қазақ» газетін қайда қай жылы шығарды? Газеттің алғашқы көздеген мақсаты не жайында болды?

5 А.Байтұрсыновтың ана тілінің өсіп өркендеу үшін істеген еңбектерін ата.

6 «Маса» атты еңбегі, ол жайында Мұхтар Әуезовтің айтқан пікірі. Қос дарынның жер, тіл, дін, тәлім-тәрбие туралы айтқан пікірлерін талдаңыздар.

7 «Қырық мысал» қай жылы басылып шықты? Ондағы Ахмет Байтұрсынов айтқан ой-пікірлер жайында не айтасыздар?

8 «Жазған сөз жаным ашып алашыма» деген тақырыпта реферат жазу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі. - Алматы: 2001.-258 б.

2 Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. –Алматы: 2001.-295 б.

3 Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері.- Алматы: Комплекс, 2000. -351б.

4 Әуезов М. Таңдамалы. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997.-508 б.

5 Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері және тарихы. Алматы: Рауан, 1999.-280 б.

6 Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. -Алматы: Білім, 1995-235 б.

7 Табылдиев Ә. Халық тағылымы. –Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1992.-195 б.

8 Сахара сұңқары. /Мемлекет және қоғам қайраткері, жаңа заманғы қазақ әдебиетінің көшбасшысы Сәкен Сейфуллинге арналады/. -Алматы: 2004.- 394 б. //Бас редактор ф.ғ.д., профессор Т.К.Кәкішев.

9 Дәуірдің жарық жұлдызы // Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады: Ұлы тұлғалар, ғылыми библиографиялық серия. Құрастырушы М.М.Бегманова. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Орталық кітапхана, 2001.- 236 б., суретті. Бас редакторлары тар.ғ.к., Қ.С.Алдажұманов., тех.ғ.д., Д.М.Тынышбаев (Шейх -Али).

5 – тақырып. Ж.Аймауытов және ұлттық психология мәселесі.

«Өмір бойы өз жолына түсе алмаған адам-сорлы жан. Өз жолында қызмет ету-ырыстың басы».

Қазақ топырағында тұңғыш психология ғылымын терең зерттеген, ол жайында құнды пікірлер айтқан «Психология» атты оқулықтың авторы, Жүсіпбек Аймауытовтың ұлттық психологияны дамытуда орнының ерекшелігі. Ол-тек психология саласында ғана емес қазақ әдебиеті мен ұлттық тәлім-тәрбиенің дамып қалыптасуына үлкен үлес қосқан қоғам қайраткері. Елінің егемендігі мен ұлтының ұлттық ерекшелігін дамыту жолында аянбай еңбек еткен бір туар дара тұлға екендігі. «Психология» атты еңбегінде баланың қалыптасуына ата-анасының орны ерекше болатындығын, оның «баланы іспен емес-сөзбен, үлгімен емес-ақылмен» үйретудің нағыз сорлылық екендігіне тоқталуы, «неге арналсаң, соны істе», деп адамның бойындағы ерекшелік қасиеттерге мән беруі.

«Жан жүйесі және өнер таңдау» деген еңбегіндегі психологиялық құбылыстар. «Тәрбиеге жетекші», «Комплексті оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» деген еңбектерін талдау. Педагогика мен психологияның байланысы, ұқсастықтары мен ерекшеліктері. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс. Ж.Аймауытовтың оқу-тәрбие процесінде шәкірттің білімге деген құмарлығы, ерекше ынтасының болуына мұғалімнің әсері жайындағы пікіріне тоқталу. Жаны таза тұлға тәрбиелеу жөніндегі Ж.Аймауытовтың пікірін талдай отырып, бұл идеяның бүгінде салтанат құрып отырғанын, бүгінгі күні жиі айтылып жүрген ізгілікке тірбиелеу, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастың өзара түсіністікке, оқушының жеке басын бағалай білуді көздейтін ынтымақтастық педагогикасының негізі екендігін түсіндіру. Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері жайында «Тәрбие» атты мақаласына тоқталу. «Тәрбиенің мақсаты адамның денесін күшейтіп ұлтшыл қылу керек, ұлтшыл адамдар көп блса, ұлты үшін жанын салып, сол ұлтты көркейтуге тырысады», деген сөздеріне тоқтала отырып талдау. Ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш, ұлттық тіл, ұлттық мінез, ұлттық сана туралы Аймауытовтың айтқан пікірлерінің оның еңбектерінде көрініс табуы және оны бүгінгі күнмен байланыстыра талдау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Жүсіпбек Аймауытовтың адам әлемі жайында қалыптастырған ой пікірлері.
- 2 Аймауытов Жүсіпбектің «тұлға концепциясын» қарастыруы және адам тұлғасы туралы педагогика-психологиялық еңбектерін талдаңыз.
- 3 «Ж.Аймауытұлы - ұлттық психологияның негізін салушы ғалым» тақырыбында реферат жазыңыздар.
- 4 Аймауытов Жүсіпбектің «Психология» атты еңбегінің мазмұнын конспектілеу
- 5 Жүсіпбек Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «Комплекспен оқыту жолдары», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» еңбектері мен әдебиет саласында жазған еңбектері жайында дөңгелек үстел өткізу.
- 6 Жүсіпбектің мақалалары жайында не айтасыздар?
- 7 Жүсіпбек Аймауытовтың ұлттық тәлім-тәрбие туралы айтқан пікірлері.
- 8 «Жеке адамның тәрбиесі - әлеумет қылығының айнасы» деген Жүсіпбек Аймауытовтың пікірін қалай түсінесіздер?

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбсев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Алматы: Білім, 1999.
- 2 Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы, 1976.-15 б.
- 3 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973.—318 б.
- 4 Негімов С. Шешендік өнер. Алматы: Ана тілі, 1997.-125 б.
- 5 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары.(тарихи философиялық зерттеу). Алматы: Рауан, 1995.-238 б.

6 Аймауытов Ж. Шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1989.-559 б.

7 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор: Госиздат, 1926.-186 б.

8 Жұмабаев М. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1989.-448 б.

6-Тақырып. М.Жұмабаев - педагогика ғылымын психология ғылымымен байланыстыра қарастырған ғалым

М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің құндылығы. «Педагогика қандай пән?», «Тәрбиеден мақсұт», «Тәрбие бөлімдері», «Жалпы педагогика», «Тәрбие деген не?», «Тәрбие бөлімдері», «Педагогикамен жақсы таныс болудың керектігі» деген тарауларға бөліп педагогиканың адам өміріндегі орны жайында, тәрбиенің тек адам баласына қатысты ұғым екендігін және оның мәңгілік құбылыс болатындығын, ұлттық тәрбие, ұлттық тұлға мәселесіне тоқталуын түсіндіру.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде психология пәніне көп көңіл бөлгендігі. Жан көріністерін ол «білу яки ақыл, сезім яки көңіл; һәм қайрат көріністері» деп бөле қарап Абай тұжырымдарымен байланыстырып, оларды ежелгі Шығыс ғұламаларының гуманизмімен үндестіре қарастырып, тарихпен байланыстыруы.

Ол сыртқы сезімдерді көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі деп алты топқа бөліп қарастырып, олардың әрқайсысына өзінше анықтама беріп, бұларды тәрбиелеуде ұлттық дәстүрлерге сүйену керектігі жайында айтқан пікірлеріне тоқталу. М.Жұмабаевтың сұлулық сезімдері жайындағы ұғымдарды да бір қырынан ашуы. Ойлау, ұғым, ой қорытындылары, ішкі сөйлеу, т.б. мәселелері, ерік -жігер, қажыр-қайрат, импульс, рефлекс, инстинкт, әдет категорияларын талдауға алуы.

Тілдің адам өміріндегі алатын орны жайында айта келіп, оның ұлттық мәнін ашуы. «Ұлттың тілінің кеми бастауы, ұлттың құри бастағаны», деп көрсетуі. Қазақ тілінің табиғатын қазақ даласының құйындай екпінді, қайратты болымысына теңей отырып, оның ұлттың өмірінен алатын орнын ашып көрсетуін түсіндіру. М.Жұмабаев орыс педагогикасының білгір классигі К.Д. Ушинскийше педагогиканың жан сырының заңдылығын зерттейтін психология ғылымымен байланыстырып, салыстыра зерттеген тұңғыш қазақ ойшылы екендігін айту.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1 Мағжан Жұмабаевтің «Педагогика» атты еңбегін талдаңыздар.

2 «Тәрбие - мәңгілік құбылыс» тақырыбына реферат жазыңыздар.

3 «Тәрбиедегі мақсат- адамды сол адамның ұлтын, асса барлық адамзатты бақытты қылу» деген Мағжан сөзін талдап, өмірмен дәйектей отырып түсіндіріңіздер.

4 Мағжанның ұлттық тәлім-тәрбие туралы айтқан пікірлері және қазақ бесігі жайында айтқан ұсыныстарына байланысты не айтасыздар?

5 Мағжанның ой еңбегіне төсілдіріп тәрбиелеу туралы айтқандарын оның еңбектеріне негіздей отырып түсіндіріңіздер («Педагогика» атты еңбегінің «Ойлау» деген бөлімі бойынша).

6 «Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде алатын орны» деген пікірін қазіргі тіл туралы айтып жүрген ақын-жазушылардың пікірлерімен салыстыра отырып ой толғаңыздар.

7 «Мағжан-сыршыл ақын» деген тақырып бойынша шығарма жазу.

8 Мағжанның: «Мұхаммед пайғамбар сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле» деген пікірін қалай түсінесіз. Сөз құдіреті жайында не айтасыз?

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1 Дәуірдің жарық жұлдызы // Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады: Ұлы тұлғалар, ғылыми библиографиялық серия. Құрастырушы М.М.Бегманова. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Орталық кітапхана, 2001.- 236 б., суретті. Бас редакторлары тар.ғ.к., Қ.С.Алдажұманов., т.б.

2 Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары. -Алматы: -1993ж.111 б.// Құрастырып баспаға дайындағандар: Хамза Адуллин мен Қайыржан Хасенов .

3 Қайым Мұхамеджанов. Абай мұрагерлері. -Алматы: Атамұра, 1995.-456 б.

4 Ғарифолла Есім. Сана болымысы. (Саясат пен мәдениет туралы ойлар) -Алматы: Ғылым, 1998.-262 б.

5 Халел Досмұхамедұлы. Аламан. -Алматы: Ана тіл, 1991. -453 б.

7-тақырып. Міржақып - «Оян қазақ» деп Алаштың ұранын асқақтатқан, қазақ ғылымына орасан үлес қосқан ұлы тұлға. М. Дулатов мұрасын-дағы құндылықтар

«Адассам халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам-ұлттыммен қосыла ұмтылып бағамын», деп М.Дулатұлы халқының көзі ашық, білімді, ұлтын сүйетін азаматын армандап, адамгершілік қасиетті жоғары ұстағандығын ақынның өмірбаянымен салыстыра отырып түсіндіру.

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының артына қалдырған рухани мұрасы және ондағы қазақ халқының әдет-ғұрпы, дәстүр-салты, тәлім-тәрбиесі мен өнегесі, өзіне тән этикалық, эстетикалық талғамдарының ұлттық ерекшеліктермен көрініс табуы және адам бойындағы адамгершілік қасиеттер жайында оның шығармаларын арқау ете отырып талдау. Бұл тұрғыда «Оян қазақ» атты өлеңінің орны ерекше екендігі. Оның «Қирағат», «Есеп құралы» деген еңбектерін толық талдап, онда балаларды талаптылыққа, еңбек етуге, адамгершілікке баулитын «Оқымысты бала», «Қонақ кәде», «Күлмеңіздер кәріге» т.б. әңгімелерінің мазмұнын ашу. Сонымен қатар оның шығармаларында адам бойындағы имандылық қасиетті бағалап, «Құранның» үлгі, өнеге беретін тағлымдары жайында түсінік беру. Оның 1924 жылы Орынборда болған қырғыз-қазақ ағартушыларының тұңғыш съезінде баяндама жасап «Бүкіл шығыс елінің мәдени мұрасы араб әрпімен жазылған, егерде дүрмекпен латынға көшсек, біз бұл байлықтан қол үзіп қаламыз», деп шырылдап шындықты айтып араб әрпінің ерекшелігіне тоқталуы. М.Дулатұлының өз еңбектерінде ана тілін құрметтейтін, өзгеге де өзіне де пайдасы тиетін, адамгершілік қасиеті жоғары, ұлтын сүйетін ұлттық тұлға қалыптастыру қажеттілігін шын түсінген ғалым болғандығын оның еңбектері арқылы талдап, түсіндіру. М.Дулатұлының «арызшы, парашы болып кетудің себебі білімнің саяздығынан, тәрбиенің олқылығынан», деп түсініп халқын оқуға, білімге шақыруы. Оның білімді, сауатты, адамгершілік қасиеті жоғары, ұлтын билей алатын ұлттық тұлға қалыптастыру туралы айтқан пікірлерін саралап талдау.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1 «Адассам халқыммен бірге адастым, сәулесі жарық жолға ұмтылсам – ұлттыммен қосыла ұмтылып бағамын» деген Міржақып сөздеріне орай тұлға, дара тұлға туралы өз ойларыңызды айтыңыздар.

2 Педагог-ғалым Міржақып Дулатовтың ұлттық рух, ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық тұлға туралы айтқандарын оның еңбектеріне негіздей отырып талдаңыздар.

3 Адамгершілік туралы не айтасыз? Оған берілген анықтаманы айтыңыз? Міржақып Дулатовтың еңбектеріндегі адамгершілік, оқыған азамат туралы айтқан пікірлеріне тоқталыңыздар.

4 «Оян қазақ» деген тақырыпта реферат жазыңыз.

5 Міржақып Дулатұлының «Ел билеген» бірлі-екілі ел билеушілер жайында айтқан пікірлерін таладаңыздар.

6 Міржақып Дулатовтың әдебиет саласындағы еңбектерін атаңыздар, өлеңдерінен үзінді жаттаңыздар.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

- 1 Дулатұлы М. Таңдамалы. Алматы: Мектеп, 2003.-300 б.
- 2 Тынышпаев М. Великие бедствия...(Ақтабан шұбырынды). Алматы: Жалын, 1992.
- 3 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999.-200 б.
- 4 Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Білім, 1994.-20 б.
- 5 Ұлттың ұлы ұстазы.(Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі. - Алматы: 2001.-258 б.
- 6 Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. –Алматы: 2001.-295 б.
- 7 Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері.- Алматы: Комплекс, 2000. -351 б.
- 8 Қалиев С., Майғанова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А.А. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. –Алматы: Білім, 2001.-220 б.

8-тақырып. Алаштың зиялы ұлтының қалыптасуына әсер еткен тұлғалар (Ә.Бөкейхан, М.Тынышпаев, М.Шоқай т.б.)

Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқайұлы жұртын шын сүйген, өмірлерін сол жолға арнаған қазақтың ұлтжанды азаматтары екендігіне тоқталып, олардың ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздікке қарсы күрескен саяси қайраткерлерлік өмірлеріне түсінік беру.

Ә. Бөкейхановтың қазақ даласындағы алауыздықты, аңқаулықты сынаған еңбектері. Жер мәселесіне байланысты айтқан пікірлеріне, егеменді ел болу жайында айтқан идеяларына тоқталу. Оның жұрт ісін ойлаған азаматтың қандай болу керектігі мен ол жолда істеген өзінің еңбектеріне тоқтала отырып, айтқан құнды пікірлерін талдау. Бөкейханов Әлиханнның жалаң біліммен ешқандай мақсатқа жете алмаймыз деп, адамда ең алдымен адамгершілік, адамдық қасиеттердің, адам баласының бәрін сүйетін жылы жүректіліктің керектігін айтуы, ұлы Абаймен үндестігі. Ұлтын сүйетін ұлттық тұлға бойындағы қасиеттерді саралай отырып, алаш қайраткерлерінің бойындағы ұлтжандылық пен ұлттық намыс сияқты игі қасиеттерді жас ұрпаққа үлгі ету.

Ұлт азаттық қозғалыстың көрнекті өкілдерінің бірі, тұңғыш темір жолшы Мұхаметжан Тынышпаевтың өмірі мен саяси қызметіне тоқталу. Оның жер мәселесіне байланысты қазақ халқының көрген зорлық-зомбылығын, ата-қоныс мекендерінен айрылған халықтың жай-күйіне қынжылуы, ол туралы айтылған пікірлері мен жазған мақалаларын талдау. М.Тынышпаевтың сайлаудағы паракорлық, заңсыздық, қарапайым халықтың талануы мен өрескел әділетсіздікті сынауы. Алаштың зиялы өкілдерінің бірі Мұхаметжан Тынышпаевтың қазақ даласын өзін-өзі басқару жүйесін енгізу туралы айтқан пікірлері. Оның қазақ халқының саяси, рухани, діни сенім көзқарастары мен экономикалық әл-ауқатының жан-жақты тәркіленуі жайында күйзеле үн қатуы. ІІ Мемлекеттік Думаға Жетісу өлкесінен 28 жасар М.Тынышпаевтың сайлануы және оның халық алдындағы зор беделі мен үлкен сенімге ие болуы.

Комунистік партияның елді билеп, қатаң тәртіп ұстап тұрған жылдары бас қамын емес, ел қамын ойлаған парасатты ақыл иесінің бірі, алаштың ардақты қайраткері М.Шоқайұлының өмірінен мәлімет. Оның шетелде жүріп қаржының тапшылығына, тұрмыстың ауырлығына қарамай «Жас Түркістан» газетін шығаруы және газеттің қазақ халқының саяси-әлеуметтік өмірінен алған орны. Мұстафаның Кеңес үкіметінің билік құрған алғашқы күндерінің өзінде-ақ ісі мен сөзінің арасындағы алшақтықты нақты фактілермен дәлелдеуі және Россияның түркі халықтарын орыстандыру саясатына қарсы тұруы.

М.Шоқайұлының отарлық тәуелдікте болған елдердің зиялыларының «Орыстың төңкерісшіл» демократиясына деген сенімінің жаңсақтығын, Кеңес үкіметінің жер мәселесіне байланысты қазақ еңбекшілеріне берген уәдесін орындамауын, кадр

саясатындағы ымырасыздықты сынауы Оның ата-мекенімізді орыс үстемдігінен қорғау, өз тағдырымызды өз қолымызға алу, елінің ертеңгі болашағының бұлтсыз болуы үшін өз өмірін қатерге тігуі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1 Ә.Бөкейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқайұлы жұртын шын сүйген, қазақтың ұлтжанды азаматтары екендігіне тоқталып, талдаңыздар, саяси өмірлері жайында түсінік беріңіздер?

2 Ә. Бөкейхановтың қазақ даласындағы алауыздықты, аңқаулықты сынаған еңбектерін атаңыз.

3 Жер мәселесіне байланысты айтқан пікірлеріне, егеменді ел болу жайында айтқан идеяларына тоқталып, талдаңыз.

4 Әлиханнның: «Жалаң біліммен ешқандай мақсатқа жете алмаймыз», - деп, адамда ең алдымен адамгершілік, адамдық қасиеттердің, адам баласының бәрін сүйетін жылы жүректіліктің керектігін айтқан пікірлерін еңбектерінен үзінді ала отырып дәлелденіздер, ұлы Абаймен үндестігін салыстыра отырып талдаңыздар..

5 Ұлтын сүйетін ұлттық тұлға бойындағы қасиеттерді саралай отырып, Алаш қайраткерлерінің бойындағы ұлтжандылық пен ұлттық намыс сияқты игі қасиеттерін талдап, оған өз көзқарасыңды білдіріңіз.

6 Ұлт азаттық қозғалыстың көрнекті өкілдерінің бірі, тұңғыш темір жолшы Мұхаметжан Тынышпаевтың өмірі мен саяси қызметіне тоқталыңыз.

7 Оның жер мәселесіне байланысты қазақ халқының көрген зорлық-зомбылығын, атақоныс мекендерінен айрылған халықтың жай-күйіне қынжылуын, ол туралы айтылған пікірлері мен жазған мақалаларын талдаңыз.

8 М.Тынышпаевтың сайлаудағы паракорлық, заңсыздық, қарапайым халықтың талануы мен өрескел әділетсіздікті сынауына байланысты сөздерін оның мақалаларына негіздей отырып түсіндіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбсев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Алматы: Білім, 1999.

2 Б. Адамбаев Халық даналығы. Алматы, 1976.-15 б.

3 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973.—318 б.

4 Ш. Құдайбердіұлы Иманым. Алматы: Арас, 2000.-108 б.

5 М.Әуезов Таңдамалы шығармалары. 12т Алматы: Жазушы, 1969.-430 б.

6 Шоқай Мұстафа. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы: Жалын, 1992.- 132 б.

7 Ә. Бөкейхан Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1995. – 475 б.

8 Дәуірдің жарық жұлдызы //Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М. Тынышпаевқа арналады: Ұлы тұлғалар, ғылыми библиографиялық серия. Құрастырушы Бегманова М.М.- Алматы: Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігі Орталық кітапхана, 2001.-236 б.

4.3 Арнайы курс негізінде жоғары сынып оқушыларының бойына алаш қайраткерлерінің адами ізгі қасиеттерін эксперименттік байқау арқылы қалыптастыру

Эксперимент дегеніміз (байқап көру, сарап, ғылыми тәжірибе) -1) бақылауға алынған және есептеу мүмкіндігі бар педагогикалық әрекеттерді зерделеу мен тексеруге жағдай туғызатын арнайы құрастырылған оқу-тәрбиелік процесс; 2) педагогикалық зерттеу; 3) жеке әдістер мен тәсілдерді, теориялық және тәжірибелік кезеңдерді тұтас енгізетін кешендік зерттеу әдісі; 4) мақсатты және байыпты түрде түбегейлі өзгертуге көмектесе отырып, нақты осы тәжірибе процесінде жаңа білім тәжірибесін құруға бағытталған педагогикалық ізденіс болып табылады [195, 350].

Мектеп оқушыларының бойында алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты эксперименттік-тәжірибелік жұмыстарды жүргізу барысында алдымызға мынандай мақсат қойдық: алаш қайраткерлерінің бойындағы адами тұлғалық қасиеттерді баяндайтын пән сабақтарындағы (әдебиет, тарих, география, т.б.) білім мазмұны мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын өзара байланыстыра отырып, гуманитарлық сабақтарды кірістіре пайдаланып, сынып оқушыларының бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды жете меңгерген ұлттық тұлға қалыптастыру.

Тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда тәрбиелік іс-әрекеттердің мәнін, атқаратын қызметтерінің функцияларын былайша топтастырдық:

- тәрбие процесі үздіксіз дамытушы процесс деген көзқарасты басшылыққа ала отырып, алаш қайраткерлерінің мұраларының ықпалы арқылы сынып оқушыларының бойына адами ізгі қасиеттерді қалыптастыру яғни туған елімізге деген сүйіспеншілік сезімін ояту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарымызды бойларына сіңіру;

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде жастардың бойында еңбекке, өнерге, туған елдің әдебиеті мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу;

- оқу тәрбие процесінің біртұтас үрдіс екендігіне жоғары мән бере отырып, сабақ процесінде сынып оқушысы бойына сіңірілген білім, білік дағдыларын сыныптан тыс жұмыстарда жалғасын тауып өрістеуіне мүмкіндік туғызу;

- алаш қайраткерлері мұраларының ықпалы негізінде жастардың дүниетану көзқарастарын, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру, ұлтжандылық қасиеттерін жетілдіру;

- жастардың алаш қайраткерлерінің мұраларына байланысты шығармашылық еңбектерін талдай отырып, сөз өнеріне деген талғамы мен талантын ұштай түсу, олардың келешекте өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар беру, аңғарымпаздыққа, өзін кез-келген ортада ұстай білуге тәрбиелеу;

Қазіргі заманда қай пән болмасын алға қойылатын басты мақсаты - тиянақты білім берумен қатар, бәсекелестікке қабілетті, жан-жақты жетілген, ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен салт-дәстүрлерімізді меңгерген азаматты тәрбиелеу болып көзделеді. Әсіресе, бұл мәселелер тарих, әдебиет, дүниетану, география т.б. гуманитарлық пәндерде көбірек кездеседі. Себебі бұл аталған пәндерде тарихи қайраткерлер мен қатар елім деп еңіреген сол жолда құрбан болған, ерлік істерімен кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге бола алатын ұлы тұлғаларымыздың өмірбаяны мен ерлік істері, шығармалары қарастырылады..

Сыныптан тыс жұмыстарда жоғары сынып оқушыларының пән сабақтарында игерген білім, білік дағдыларын ары қарай дамытуға, олардың іскерлік қабілеттеріне қарай топтастырып қоғамдық істерге белсене қатыстырылуға мүмкіндік туғызылады және достықты нығайтуға, өзін кез-келген ортада ұстай білуге, жеке басын және қоршаған ортасын құрметтеуге, қоғамдық ортамен санасуға оң әсері тигізіледі.

Арнайы курс бағдарламасы бойынша студенттер мен жоғары сынып оқушыларының бойына алаш қайраткерлерінің бойындағы сіңірілуге тиісті адами ізгілік қасиеттердің моделі жасалынды.

Модель дегеніміз өлшем, үлгі норма деген ұғымды түсіндіреді. Біріншіден, модель-зерттеу нысанының белгілі жақтарын, байланысын, қызметін жаңғыртатын элементтер жүйесі; екіншіден, ақпараттық технологиялардың математикалық әдістер негізінде көрсетілген сыртқы әлемдегі құбылыстардың қандай да бір класына жуықтап сипаттама беру мен мүмкіндігінше шолу жасау; үшіншіден модельдеу нысанының (түпнұсқаның) кез келген ойша немесе таңбалық бейнесі; төртіншіден, ғалымдар, педагогтар педагогикалық шынайылықтың шекарасы мен шарттарын нақтылай отырып өзгертуде басшылыққа алатын бейне, стандарт; педагогикалық нысандардың түрлі элементтерінің үйлесімділігі туралы идеяны дамытуда қолданылатын педагогикалық зерттеу әдістерінің бір түрі [195, 189].

Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді бүгінгі жоғары сынып оқушыларының және бойына дарытудың моделі /6-сурет/.

Моделдің мақсаты: Қоғамның даму барысында алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде оқушылардың бойында ұлттық тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру; міндеттері: адамгершілік, мәдениеттілік, отанына деген сүйіспеншілік, ұлттық тіл, ұлттық намыс, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін жетілдіру, ұлттық тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру. Дидактикалық ұстанымдары: Ғылымилық, танымдық, тәлімдік, білімділік, дамытушылық, жүйелілік, гуманистік. Әдістері: Көрнекілік, проблемалық, эвристикалық, лекция, диспут, әңгіме, шығармашылық, зерттеу, үлгі ету, сенім арту. Қойылатын талаптар: Алаш қайраткерлерінің мұраларын меңгерте отырып бойларына адами қасиеттерді қалыптастыру, адам мен адамның және қоғамның арасындағы байланысын түсіндіріп, бойларына тұлғалық қасиеттердің ерекшеліктерін жетілдіру; Атқарушылық қызметтер: мақсаттылық, мазмұндық, болжау, ұйымдастырушылық, бақылау, нәтижені қорытындылау. Мазмұны мен түрлеріне пән сабақтарындағы тәрбие, ата-анамен жұмыс, сыныптан тыс жұмыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстары жатады. Пән сабақтарындағы тәрбиеге мына пәндер кіріктірілді: қазақстан тарихы, жалпы тарих, орта ғасыр тарихы, қазақ әдебиеті, адам және қоғам деп көрсетілді.

Ата-анамен жұмыс түрлеріне: ата-аналар комитеті, жиналыстар, конференция, семинар, кездесулер, кеңестер, жеке әңгіме т.б. жатқызылды; Сыныптан тыс жұмыс: конференция, диспут, кештер ұйымдастыру, кездесулер мен тәрбие сағаттарын өткізу және үйірме жұмыстары жатады. Мектептен тыс тәрбие жұмысына: қоғамдық ұйымдар мен тарихи жерлерге бару, мұражайларға саяхат, кітапханаларға бару, көрмелерге және сурет галереясына саяхат жасау; Нәтижелік тұлғалық қасиеттер: Ата-ананы құрметтеу, адамгершілік, арлылық, намысқойлық, отансүйгіштік, кішіпейілділік, еңбекқорлық, батырлық, адалдық, білімділік, өнер мен ғылымды, ел мен жерді сүйу, ұлттың тілі мен әдет-ғұрпын құрметтеушілік және жалпы адами ізгі қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды бойына қалыптастыру болып табылады.

Сынып оқытушылары мен ата-аналарының және мектептен тыс мекеме қызметкерлерінің бірлесе жүргізілуге тиісті жұмыс түрлері, сол арқылы оқушылардың бойына сіңірілетін білім, білік дағдылары (әңгіме-сұқбат, реферат, баяндама жазу, тестілік сұрақ-жауап, шығармашылық іс-әрекет түрлері: өлең жазу, шығарма жазу, естеліктер жинау, альбом жасау т.б.) іске асырудағы практикалық жұмыс түрлері айқындалды. Оқушылардың бойындағы білім, білік дағдыларын жетілдіру барысында мектеп мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен, ата-аналармен алаш қайраткерлерінің бойындағы адами қасиеттердің оқушылар бойына дарытудың моделінің семинар сабақтарын өткізіп, конференциялар ұйымдастырдық.

Біз алаш қайраткерлерінің бойындағы тұлғалық қасиеттердің оқушының бойына қалыптастыруда тәрбиені тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырып, дидактикалық ішкі жүйеде (оқу үдерісі) және тәрбиелік ішкі жүйеде (тәрбие жұмыстарының жүйесінде) әр қырынан қарастыру қажет дейміз.

Дамудың психологиялық-педагогикалық ерекшелік заңдылықтары бойынша мектептегі төменгі сынып жасындағы оқушылар мұғалімнің пікірін бұлжытпай орындап, олардың айтқандарын заң деп санаса, 7-8, 9-10 сыныптағы балалар үшін құрдастары мен ұжымның пікірі маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңде олардың ағзаларында жыныстық жетілудің қарқынды дамуымен байланысты акселерация үрдісіне ерекше мән беріледі. Олардың бойында есейгендік сезім пайда болып, өздерін ересектердің қатарына қосуға ұмтылады. Сол себепті олар ересектердің санасқанын, сыйлағанын, өздерімен тең дәрежеде сұқбаттасқандарын ұнатады. Көптеген шаруаларды өз беттерімен бітіргенді ұнатады. Ересектерше киініп, үлкендерше сөйлескісі, тіпті үлкендерше өмір сүргісі келеді. Бұл кезеңдерде олар жағымсыз әрекеттерге де бой ұрындырып жатады. Ол біріншіден, есейгендіктің белгісі деп түсінгендіктен болса, екіншіден, бос уақыттарының көптігінен, энергияларын қайда жіберерін білмегендіктен, үшіншіден, ата-ана мен мектептің бірлесе жұмыс істемегендіктерінен болып жатады. Осыған байланысты бұл кезеңдегі балаларға



Сурет 6 – Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру үлгісі

басты назар аудару қажет. Мектептегі орта жас кезеңнің жағымды ерекшеліктерінің бірі-оларда еліктеу, идеал тұту сезімі басым болатындығы. Осы кезеңде оларға кімді өнеге тұту керектігіне басты бағыт сілтесек көп нәрсені ұтарымыз анық. Бұл кездегі ерекшеліктердің бірі - олардың өздерін ересек сезінуі дедік, сондықтан мұғалімдердің және ата-аналарының оларға көп шектеу қоюының орнына, оларға ерік беріп, жауапкершілігін арттыру, сенім білдіру, өздерімен тең дәрежеде ұстау және ақылдасудың қажеттігін ескеруіміз керек. Олар үшін ең маңызды мәселе өздерінің құрбыларының алдында беделге ие болуы, өз жүрегінің қалаған ісімен айналысып, қабілеттілігін, өз мүмкіндігін таныта білуі болып табылады. Педагогикалық мұндай талаптарды төменде берілген бағыттар арқылы көрсетуге тырыстық:

Бірінші бағыт - танымдық бағыт. Бұл бағыттың ерекшелігі оқу әрекетінде табысты жағдаят туғызады. Соның ішінде «Таным қуанышы» амалы нәтижелі болып шықты. Мәселен, оқуда айтарлықтай қуанышқа жете алмай жүрген бала, мектепке келгенде сабақ басталды деген сөзге пәлендей қуана қоймайды. Біз оларды оқудан тыс танымдық әрекеттерге тартып, оның нәтижесін көруге жағдай туғызу арқылы, олардың танымдық қуанышқа бөленуінің куәсі болдық. Сонымен қатар танымдық әрекеттің өз бетімен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге ұласатыны анық. Әдетте оқушылар сабақта ұзақ уақыт тыныш отыра алмайды. Ал, өздері бірнеше айлар бойы жинақтап, іздеп, зерттеп жасаған жұмыстарын талқылағанда олардың ізденуге деген құштарлығын байқауға болады. Бұл әдістемені тарих, әдебиет, география сабақтарында ізденушілік жұмыстарын тапсырғанда анық байқалды. Алаш қайраткерлері туралы зерттеген ғалымдарды білеміз бе? Олар қай жылы ақталды? Олар меңгерген мамандықтар. «Сегіз қырлы бір сырлы тұлғалар» деген сөздің мағынасын қалай түсінесің? т.б. Осы жұмыстардың барысында оқушылар өз еңбектерінің жемісін көріп, алғысқа бөлену арқылы олардың ізденуге құмарлықтары артты. Жинаған материалдарының құндылықтарына қуанып, бойларында мақтаныш сезімі қалыптасып, адамгершілік, жолдастық қарым-қатынастарына оң әсерін тигізгендігін байқадық. Шығармашылық қабілеттері ашыла түсті. Орташа оқитын оқушылардың өздері ақпаратты талдау, сұрақты дұрыс қоя білу, ойын жинақы етіп жеткізуге мән беретіндігін анықтадық.

Екінші бағыт «Эвристика» амалы арқылы қабілеті орташа оқушыларға оқу әрекеттерін орындауға бағытталған тың тапсырмалар бергенімізде олар жинаған материалдарды оқып, зерттей отырып жаңа болжамдар жасауға талпыныс жасады. Бұл әдісте мұғалімнің міндеті оқушының алдына күн өткен сайын күрделі міндеттер қою арқылы олардың барлық мүмкіндіктерін іске қосу қарастырылды., сөйтіп әр оқушының дамуына қол жеткізілді. Мысалы, оқушылар әдебиет сабағында алаш қайраткерлерінің ізгілікке, адамгершілікке, адалдыққа байланысты шығармаларын жинақтап, ол туралы өз көзқарастарын ортаға салып, тұлға туралы пікірлерін дәлелдеуге, тұлғаның қоғамдағы орнын анықтауға әрекет жасады. Ұлттық тұлға қандай болу керек? Оған сенің көзқарасың қандай? Тұлғалық қасиеттердің қатарына қандай қасиеттерді жатқызасың?- деген сұрақтардың төңірегінде өз ойларын ортаға салды.

Үшінші бағыт аңғарымпаздық бағытына баулу: Ол «Әдейі жіберілген қате» амалы арқылы әдебиет, тарих сабақтарында алаш қайраткерлерінің өмірбаяны, шығармалары жайындағы мәліметтерге әдейі қате жіберіледі. Осындай қатені кім бірінші болып байқайды және оның қате екендігін кім дәлелдейді, деп талап қойылады. Мұндай әдіс оларды мұқияттылыққа, аңғарымпаздыққа, өз пікірінің дұрыс екендігін дәлелдей алуға қалыптастырады. Ойды мәдениетті түрде тиянақты етіп жеткізуге үйренеді.

Төртінші бағыт: Танып білуге деген қызығушылық тудыру. Бұл бағыт эксперименттік топтарда жүйелі қолданатын болғандықтан оқушылар оны саналы меңгеріп, өздері де қолдана алатын деңгейге жетті. Соның нәтижесінде әр сынып өзінің сыныптастарын әр ай сайын пән сабақтарында (әдебиет сабағын негізге алдық) төмендегідей топқа бөліп жарысып отырды.

- Көп біледі бірақ ол туралы өзі білмейді
- Көп біледі әрі ол туралы өзі де біледі
- Аз біледі бірақ ол туралы өзі білмейді
- Аз біледі ол туралы өзі де біледі

Осындай топтарға бөлу арқылы әр топтың өздеріне лайық кестелер толтыртып, сыныптан тыс жұмыстарда да, сабақ барысында да өздеріне талқылатып, талдауға, пікірлерін ашық айтуға, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйреттік. Бұл іс-әрекетті оқушылар тарапынан туындаған шығармашылықтың бір түрі деп есептедік. Мұнда сыныптағы қабілеті төмен деген оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатын көздедік. Мұндай оқушыларға кітапханаларға барып берілген тапсырмалар бойынша материал жинап келу, алаш ардақтыларына байланысты жазылған мақалаларды және олардың авторларын тауып келу, суреттерін әкелу, олар туралы жазылған шығармалардың тізімін жасау т.б. нақты берілген тапсырмаларды орындата отырып оған үлкен мән беріп, ұқыптылықтарын, жауапкершіліктерін атап өту арқылы көзқарастарын жағымды жаққа бұру жұмыстары көзделді.

Маған айтып берсең – ұмытып қалармын

Көрсетіп берсең – есте сақтармын.

Өзіме жасатсаң – үйреніп алармын, -деген шығыс мақалын айта отырып алаш қайраткерлерінің бойындағы адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерін оқушылардың өздеріне дәлелдеткіздік, олардың бойларында тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал жасадық. Нәтижесінде сыныптағы орташа оқитын оқушылардың өздерінің бойында тиянақтылық, жауапкершілік, тарихымыздағы ақ таңдақтардың өміріне деген қызығушылық қасиеттерін қалыптастырдық. Сыныптар арасында «Біз Алаштың ақтаңдақтарын жақсы білеміз, олардың өмірлері бізге үлгі» деген пікірлер қалыптасты.

Бесінші бағыт: Педагогикалық-психологиялық бағыт. Бұл бағытта жасөспірімдердің жеке және топтық немесе ұжымдық пікірлеріне педагогикалық ықпал етуді ұйымдастыру. Аталмыш бағыттың мақсаты оқушылардың бойында адами ізгі қасиеттерін қалыптастыруына педагогикалық-психологиялық жағымды әсер етуді көздеу. Мұнда «Аяқталмаған тезис», «Қарсы дәйек» т.с.с амалдар мен әдістерді қолдандық.

Алтыншы бағыт: Шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бұл бағытта оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға баулу, танымы мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру көзделді. Шығармашылық бағыт эвристикалық қиялдау бағытымен байланысты іске асырылды. Мәселен, Сталиндік зұлмат болмағанда еліміздің әдебиеті мен мәдениетінің дамуы қандай деңгейде болған болар еді? Алаш қайраткерлерінің егеменді ел орнату барысындағы идеялары іс жүзіне асырылар ме еді? «Алаш қайраткерлері және олар өмір сүрген кезең», «Маса», «Оян қазақ», «Шет ел мен шет жерде жүрген алашатың ардақтысы», «Тілі мен ділі үшін күрескен азаматтар», «Жер Қазақтікі деп жар салғандар» т.б. Біз Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді, отансүйгіштік, елжандылық болмыстарын дәлелдейтін шығармалары мен іс-әрекеттерін көрсететін материалдарды зерттеп-зерделей отырып, оқушылар бойына тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды басты назарда ұстадық. Шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тәрбие жұмысының басты әдіснамалық ұстанымы - алаш қайраткерлері мұраларының ықпалы негізінде әр оқушыны өзінің бойында: «менің бойымда ұлттық тұлғалық қасиетім бар», - деп тануында болып отыр.

Оқушылардың бойында алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді қалыптастыру мәселесі олардың шығармаларын зерттеу, іздену жұмыстарын жүргізу арқылы іске асырылды. Олардың тұлғалық қасиеттерін сараламас бұрын «Тұлға дегеніміз кім?» «Тұлғалық қасиеттерге сен қандай қасиеттерді жатқызасың?» «Ақын тұлғасы, батыр тұлғасы, ел билеген басшы тұлғасы, ұлттық тұлға, жан-жақты жетілген тұлға» деген ұғымдарды қалай түсіндірер едің деген сұрақтардың төңірегінде пікір талас сабақтарын өткізіп, рефераттар жазғызып, ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілді. Содан соң барып алаш қайраткерлерінің өмірбаянын, шығармаларын терең зерттеп-зерделей отырып, олардың

бойындағы адами ізгілік қасиеттерін оқушыларға үлгі ете аламыз. Жасұрпағымызды алаш қайраткерлерінің өміріне, шығармаларының тарихы мен тақырыптарына деген сүйіспеншіліктерін арттырып, терең білуге қызықтырып, соның негізінде өздерінің өмірлеріне оларды үлгі етіп алуды, олармен мақтануды, өздерінің де өмірде өз орнын табуға ұмтылуды қалыптастырамыз. Тұлғалық сезімін оятамыз.

Жетінші бағыт: Еңбек бағыты. Ол әр баланың бойында еңбек ету дағдыларын қалыптастыру, еңбегінің нәтижесіне қуану сезімін ұялату, еңбек адамдарына құрметпен қарау. Алаш қайраткерлерінің еңбек жайында айтқан ой-пікірлерін айта отырып, Жүсіпбектің «Неге арналсаң соны істе» деген сөзінің мағынасына мән беру. Өзі сүйген, өзінің қабілеті жететін істі мұқият орындауға қалыптастыру. Алаш қайраткерлерінің еңбек туралы айтқандарын, шығармаларын оқытып пікір-талас ұйымдастыру. Қазіргі замандағы еңбек ардагерлерінің өмірі мен еңбек жолындағы жетістіктерін үлгі-өнеге ету. Олардың және алаш қайраткерлерінің бойындағы еңбексүйгіштік қасиеттерін салыстыра отырып, тұлға бойындағы игі қасиеттердің бірі еңбексүйгіштік қасиет екендігін түсіндіру, жастарды соған тәрбиелеу.

Сегізінші бағыт: Пәндік-білімдік бағыт. Ол тарих, әдебиет, қоғамтану пәндерінен алған білімдеріне сүйене отырып, алаш қайраткерлерінің жан-жақты білімді болғандарын, қоғамдағы орнын, саяси көзқарастарын, тамаша туынды жазған әдебиетші, зерттеуші ғалым екендіктерін, ел билеудегі адал басшылық қасиеттері мен ағартушылық көзқарастарын, философиялық танымдарын, «сегіз қырлы, бір сырлы» аяулы азаматтар екендіктерін зерттей отырып, тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі ол-білімділік қасиеті деп, түсіндіру, білімділікке тәрбиелеу.

Тоғызыншы бағыт: Отбасы бағыты. Алаш қайраткерлерінің отбасылық жағдайымен терең таныстыра отырып, олардың ата-аналарының өмірлерінен алған орнына мән беру. Ахметтің он үш жасында әкесінің түрмеге жабылуы, «он үшімде жүрегіме түсті жара» деп киналуын және басқа да алаш қайраткерлерінің ата-аналары туралы мәліметтерге тоқтала отырып, оқушылардың өз ата-аналары туралы ой толғауларын тыңдау. «Отан от басынан басталады» дей отырып, отбасы ересектерін сыйлау, жетістіктерін мақтан тұту, өздеріне жақсы қылықтарын үлгі ету сезіміне тәрбиелеу көзделеді. Тұлғалық қасиеттің қалыптасуы отбасынан басталатындығына тоқталу.

Жоғарыда атап өткен бағыттардың әрқайсысының атқаратын қызметін қорыта келіп, олардың жасұрпақ бойына танымдық, аңғарымпаздық, қиялдай білушілік, өмірге құштарлық, еңбек сүйгіштік, отбасын құрметтеушілік, білімділік, шығармашылық қасиеттерін дамытушылық көзделді. Бұл бағыттарда білімділік, тәрбиелік, әрі дамытушылық қызметтер атқарылды.

Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру жұмысының құрылымдық-ұйымдастырушылық және мазмұндық формалары жинақталып төмендегі сызбада берілді /7-сурет/. Ол сызба бес компоненттен тұрады.

- Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың дерек көздері

- тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруда басшылыққа алынатын басты ұстанымдар

- Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудағы ұйымдастыру жұмыстарының түрлері

- Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың мазмұндық формалары (сабақта, сабақтан тыс, мектептен тыс жұмыс түрлері)

- Тәлімдік, білімдік және дамытушылық бағыттары

7-суретте Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді оқушылар бойына дарыту жұмыстарының құрылымдық-ұйымдастырушылық және мазмұндық формаларын көрсеттік.

Біз сыныпта және сыныптан тыс тәрбие үрдісінде атқарылған іс-шаралардың нәтижесін сауалнама, бақылау және шығармашылық іс-әрекеттер арқылы айқындадық. Оқушылар


бойындағы ұлттық тұлғалық қасиеттердің төмен болуының басты себептерінің бірі – соңғы жылдардағы оқу тәрбие үрдісіндегі оқытудың тәрбиеден алшақтауы болса, екіншіден, оқулықтарды құрастырушы авторлардың сұрау-тапсырмаларды құрастырудағы біржақтылығы, яғни көркем тексттің мазмұнына ғана көңіл бөліп, оның тәрбиелік жағына жете мән берілмеулері, үшіншіден, алаш ардақтыларының адами ізгі тұлғалық қасиеттерді көрсететін еңбектері оқулықтарда өз деңгейінде берілмеулері деуге болады. Бұндай кемшіліктер қазақ әдебиеті пәні оқулығының көпшілігіне тән. Сондықтан біз оқулықтардың білімдік, әсіресе тәлімдік қызметіне баса көңіл бөлдік. Оны жетілдірудің жолдарына алаш қайраткерлерінің мұраларын терең меңгерту және соның негізінде ұлттық тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында арнайы курсы бағдарламасын ұсындық. Оқушылар бойында Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами, ізгі, тұлғалық қасиеттерді дарытуда әр баланың тек алаш қайраткерлерінің өмірбаянын, еңбектерінің атауын немесе мазмұнын жатқа білуі ғана емес, олардың істеген іс-әрекеттерін, елін, жерін шын сүйгендіктерін танытатын шығармаларын терең түсіну, талдау, істеген қоғамдық жұмыстарын білу арқылы, оларды өмірде пайдалану керектігі негізінде қалыптастырылатындығы белгілі. Осындай мақсатта пән сабақтарында бірнеше пән аралық байланысты жүзеге асыруға және алаш қайраткерлерінің мұраларына байланысты материалдарды мейлінше кіріктіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Сабақтан тыс тәрбие жұмысына, яғни педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың қосалқы формаларына балалардың жан-жақты қызығушылығы мен қажеттілігін қанағаттандыратын және олардың бейімділігіне сәйкес бағытталған формалары жатады. Олар: факультативтік сабақтар, үйірме, клуб жұмыстары мен таңдау және арнайы курстар. Факультативтік сабақтар саралап оқыту мен тәрбиелеудің нәтижелі формасы болып табылады. Олардың негізгі міндеті білімді тереңдету мен кеңейту, оқушылардың қызығушылығы мен мүмкіндіктерін арттыру. Оқушыларды факультативтік сабақтарға бөлу ерікті түрде жүргізіледі, бірақ қатысушылар құрамы мен мерзімі белгілі уақытта болатындығы анық. Факультативтік сабақтардың өз бағдарламалары болатындықтан (өткен тарауда «Алаш тағлымы» атты факультативтік курс бағдарламасын ұсындық), біз тек алаш қайраткерлерінің бойындағы адами тұлғалық қасиеттерді оқушылардың бойына дарыту барысында оңтайлы тақырыптарға кіріктіру арқылы кешенді түрде жүзеге асырудың жолдарын қарастырдық. Сонымен қатар факультативтік сабақта оқушылардың білімін бағалау әдістемесіне де көңіл бөліп, олардың бойындағы тұлғалық қасиеттерін көтермелеп (өзін ұстай білуі, өз көзқарасын дәлелдей алуы, өзгелермен санасуы, т.б.), мадақтап отырғанды жөн деп ойладық.

Оқу жоспары бойынша «Жас әдебиетші», «Жас тілші», «Жас ғалым», «Жас тарихшы» атты факультативтік курстар жүргізілді. Төменде факультативтік курс мазмұнына кіріктірілген тақырыптар берілген.

Кесте 4

Факультати в атауы және сыныбы	Тақырыбы	Кіріктірілген сабақ	
Жас әдебиетші 8		Алаш қайраткерлері және қазақ әдебиеті	Алаш қайраткерлерінің көркем әдебиетке қосқан үлесі
Жас тілші 9		Ана тілін түлеткендер	Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтардың ана тілін көркейтуге арнаған еңбектері. Қазіргі ана тіліміздің жағдайы.
Жас тарихшы 10		Алаш ардақтыларының өткен өміріне саяхат, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, тарихи жағдайлар. Қоғам және тұлға	Алаш қайраткерлерінің қоғамдық, қайраткерлік көзқарастары мен іс-әрекеттері. Өткенге тарихи шолу жасау
Жас ғалым 11		Алаш қайраткерлерінің қазақ ғылымына қосқан үлестері	Ахмет - этнолингвистиканың негізін салушы. Жүсіпбек-тұңғыш психолог ғалым. Мағжан - этнопедагогиканың негізін қалаушы

Оқу үрдісінде, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарында алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгілікті яғни ұлттық тұлғалық қасиеттерді оқушылардың бойына дарыту мәселесі жайында жан-жақты жүйелі білім беруге болады. Алған білімдері практикалық сабақтар мен шығармашылық тапсырмалармен бекітіп, пысықтап, сауалнама, тест сұрақтары, бақылау жұмысы, реферат, ғылыми жоба жазғызу арқылы тексеріп, есепке алып, нәтижелері шығарылып отыруға болады. Білім, білік, дағдыны қалыптастыру барысында төмендегідей талаптар ескерілді:



Сурет 7 – Ұлттық тұлға қалыптастырудың құрылымдық – ұйымдастырушылық, мадралық формалары

-алаш қайраткерлерінің мұраларының ықпалы негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру жұмыстарын жүйелі және әр қырынан ұйымдастыру;

-алаш қайраткерлерінің мұраларын меңгеру арқылы олардың бойындағы адами ізгі қасиеттерін оқушылар бойына дарыту. Оқушылардың туған жерге, еліне, әдет-ғұрып, дәстүріне, ұлттық ерекшеліктеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;

-жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеуге, рухани адамгершілік қасиеттерін дамытуға тәрбиелеу;

-қисынды және жүйелі ойлауын қалыптастыру арқылы ғылыми жүйелілікке баулу;

-сөйлеу мәдениетін жетілдіру және шешендік қасиеттерін шыңдау;

-дербес және жас ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту арқылы өзін-өзі тануына, бойындағы тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына жағдай жасау;

-кешенді тәрбие бере отырып ұлттық тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Эксперименттің алғашқы байқау кезеңінде (2005-2007 оқу жылында) бақылауға алынған мектептерден 350 оқушы эксперименттік сыныптардан, 350 оқушы бақылау сыныптарынан қатыстырылды.

Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру барысында оқушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеруі, оны игеру барысындағы іс-әрекеті, ата мекен, туған жерге деген сүйіспеншілігі, ұлттық сезім, ұлттық тіл, ұлттық ұғымдар туралы түсініктері, өздерінің адамгершілік қасиеттері бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы анықталды.

Осыған орай алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын төмендегідей деңгейлерді бөліп қарастыруға болады:

- алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру жайлы түсінігі қалыптаспаған, ұлттық, ұлтжандылық, ұлттық тұлға туралы ұғымдары, түсінігі жеке мінез-құлықтық қасиеттері ретінде кірікпеген;

- тұлғалық қасиеттер туралы түсінігі бар, бірақ ол өлшемдер жеке қасиетке айналып кетпеген;

- алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді меңгерген, ол ұлттық тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың бастауы екенін түсінген

Сонымен оқушылар бойындағы ұлттық тұлғалық қасиеттерді анықтау барысында олардың адамгершілік қасиеттерімен ұлттық тұлғалық қасиеттерінің өлшемін анықтадық. Ұлттық тұлғалық қасиеттерінің өлшемін (өзін-өзі бағалай білуі, кез-келген ортада ұстай алуы, елмен тіл табысуы, өз ұлтының ұлттық ерекшеліктерін жете меңгеруі) алаш қайраткерлерінің шығармаларын оқу арқылы меңгерген білімдеріне сүйене отырып, жүргізілген тест тапсырмалары, сауалнамалар арқылы анықтадық. Тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың дайындық кезеңінде сауалнамаға қатысқан 350 оқушының 40% өз ойларын еркін түрде, 29% жартылай, 31% тұлғаның ұлттық ерекшеліктері туралы түсініктерінің төмен екенін көрсетті.

Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде жоғарғы сынып оқушыларының бойында ұлттық тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру барысында ұлттық тіл, ұлттық діл, ұлттық мәдениет пен менталитет және алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді түсінулері бір жақты, әлі де өзіндік танымды жетілдіруді қажет ететіндіктерін, тұлға, ұлттық тұлға туралы түсініктері қалыптаса бастағанын, алайда өмірмен байланысын әлі де жетілдіру керектігін анықтадық.

Оқушылардың бойындағы ұлттық тұлғалық қасиеттерді анықтау барысында М.Дулатовтың «Оян қазақ», М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін», А.Байтұрсыновтың «Маса» т.б. шығармалары арқылы ұлттық тұлға бойындағы өмірге деген көзқарасы, елінің ертеңіне жаны ашуы, Отанына, туған жеріне деген махаббаты, өнер-ғылымды құрметтеуі, адам бойындағы адамгершілік қасиетті жоғары бағалауы т.б. құндылықтарын қалыптастыруда оқу-тәрбие жұмыстары атқарылды. Нәтижесінде бақылау сыныптарында алаш қайраткерлері мұралары негізінде олардың адами ізгі қасиеттерін бойына сіңіру барысында ұлттық тұлғалық қасиеттері төмен оқушылар 22 пайыздық көрсеткішті көрсетті,

тұлғалық қасиеттері толық көрініс таппағандар 30 пайызды, ұлттық тұлғалық қасиеттер бойында толық қалыптасқан оқушылар 48 пайызды құрады.

Тұлға бойындағы аңғарымпаздық, танымдық, білімдік, еңбек сүйгіштік, мәдениеттілік деңгейін көтеру барысында оқу-тәрбие бағдарламасында оқу материалдары болғанымен алаш қайраткерлерінің шығармалары бұл қасиеттерді тұлға бойында қалыптастыруда ерекше орын алады. Осы бағытта жасалынған сауалнамалар барысында «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде еңбек сүйгіштікке тәрбиелей аламыз ба?» немесе «Алаш ардақтыларының өмірлері ұлттық тұлға қалыптастыруға үлгі бола ала ма?», «Олардың бойындағы ұлтжандылық қасиетерге қандай қасиетер жатады?» «Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами игі қасиеттерді бойларына сіңіре аласындар ма?» т.б. сұрақтар қойылды.

Қорыта келгенде дайындық кезіндегі экспериментке қатысқан 350 оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейі бірдей емес екендігі анықталды, жоғары деңгейі (150) 43 пайыз, орташа деңгейі (102) 29 пайыз, төменгі деңгейі (98), 28 пайызды көрсетті (Төмендегі кестеге қараңыз)

Алғашқы байқау кезеңіндегі (2008-2010оқу жылында) көрсеткіш төмендегідей болды.

Жоғарыдағы 5-кестеде оқушылармен жүргізілген анықтау эксперименті алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастырудың білімдік және тәрбиелік деңгейі үш бағытта қарастырылды. Эксперименттік байқау кезінде оқушылардың ұлттық тұлғалық қасиеттерге деген түсінігі, алаш қайраткерлерінің адами ұлттық тұлғалық қасиеттеріне деген сүйіспеншілігі, өз бойларына бұл игі қасиеттерді қабылдауы, олар туралы білімдік және тәрбиелік құндылықтарының өскені байқалды.

Кесте 5 –

№	Білімділік тәрбиелік көрсеткіші	Эксперименттік сыныптар				Бақылау сыныптары			
		саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі	Саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі
1	Атамекен, туған жер, Отан, ұлттық сезім, тіл, діл, ұлтжандылық, ұлттық тұлға туралы ұғымдар туралы түсінігі	350	151 43%	101 29%	98 28%	350	161 48%	91 30%	98 22%
2	Аталған ұғымдардың мәнін түсініп аша білуі.	350	154 44%	98 28%	98 28%	350	161 46%	101 29%	88 25%

3	Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді қалыптастырудың бағыттарын білу және ол қасиеттердің ұлттық тұлғалық қасиеттердің бастауы екенін түсіну	350	151 43%	101 29%	98 28%	350	168 48%	88 25%	94 27%
4	Алаш қайраткерлерінің бойындағы тұлғалық қасиеттерді саналы түрде түсініп, бойларына дарытуға ұмтылысы.	350	154 44%	98 28%	98 28%	350	161 46%	101 29%	88 25%
	Жалпы		43%	29%	28%		48%	30%	22%

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде мектеп оқушылары пән сабақтарында, «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтарда, сыныптан, мектептен тыс атқарылған тарихи кештер, ғылыми практикалық конференциялар, тарихи аймақтану сабақтарында алаш қайраткерлерінің мұраларындағы адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік, ұлтжандылық, ұлттық дәстүр, ұлттық салт-сана, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш, еңбексүйгіштік, ұлттық мәдениетке байланысты көзқарастарының мән-мағынасын еңбектеріне талдау жасай отырып анықтап, аштық. Алаш қайраткерлерінің саяси идеяларының бүгінгі қоғам дамуына, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойына ұлттық ерекшеліктер мен қасиеттерді сіңіруіне, XX ғасырдың басындағы ұлттық болымыстың, ұлттық білім беру мәселелерінің бүгінгі таңда да көкейкесті мәселелер екендігіне көздері жетті.

Қалыптастыру кезеңінде тест тапсырмаларын беру, сауалнамалар жүргізу арқылы алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлғалық қасиеттерді қаншалықты меңгергендігін анықтап, оқушы тұлғасында қалыптасуға тиісті ұлттық, адами игі қасиеттер яғни адамгершілік, адалдық, отансүйгіштік, ұлтжандылық, ұлттық дәстүр, ұлттық салт-сана, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш, еңбексүйгіштік, ұлттық мәдениеттің қалыптасуы барысындағы білімділік және тәрбиелік деңгейлерін анықтау арқылы біршама өскендігін айқындадық. 10 сыныптарда дәйекті сауалнама жүргізілді. Мұнда алаш қайраткерлерінің бойларындағы ұлттық тұлғалық қасиеттерге, саяси идеяларының бүгінгі қоғам дамуына, жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге байланысты арнайы сауалнамалар беріліп, жауабын анықтауда оқушының шынайы жауап беру деңгейі сараланды. Тәжірибелік эксперименттік жұмыстың нәтижесінде эксперименттік сыныптарда оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейлерінің өсуінің жоғары деңгейі 58%, орташа деңгейі 28%, ал төменгі деңгейі 14% болды (6-кесте).

Кейінгі 2010-2011 оқу жылында жүргізілген жүйелі жұмыс нәтижесінде қалыптастырушы эксперименті төмендегідей көрсеткіштерге ие болды.

Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастырудың яғни олардың бойындағы игі адами қасиеттер мен ұлттық тұлғалық қасиеттердің оқушылардың бойына дарытудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың қалыптастыру кезеңінде мектептің оқу-тәрбие жұмысына ендіру барысындағы оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерінің өсуі.

Тәжірибелік жұмыста зерттеудің бақылау, сауалнамалық, тестік, тренинг, қарсы аргумент, мәндес ұғымдарды талдау, нәтижені талдау әдістері қолданылды. Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру материалдарын пән сабақтарында, таңдау курсына, факультативтік сабақтарда, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында, оқушылардың ғылыми және қоғамдық жұмыстарында кіріктіріле пайдалану нәтижесінің бекіту кезеңінде мектеп оқушыларының білімі, тәрбиелік деңгейлері, тұлғалық қалыптасу қасиеттері едәуір өсті. Оны төмендегі кестеден көруге болады (7-кесте).


Кесте-6 - Қалыптастырушы(Формирующий) эксперимент кезеңі.
(2010-2011 оқу жылы)

№	Білімділік тәрбиелік көрсеткіші	Эксперименттік сыныптар				Бақылау сыныптары			
		саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі	Саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі
1	Атамекен, туған жер, Отан, ұлттық сезім, тіл, діл, ұлтжандылық, ұлттық тұлға ұғымдары туралы түсінігі	350	199 57%	81 23%	70 20%	350	182 52%	95 27%	73 21%
2	Аталған ұғымдардың мәнін түсініп аша білуі.	350	203 58%	98 28%	49 14%	350	185 53%	95 27%	70 20%
3	Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді қалыптастырудың бағыттарын білу және ол қасиеттердің ұлттық тұлғалық қасиеттердің бастауы екенін түсіну	350	199 57%	98 28%	53 15%	350	185 53%	91 26%	74 21%
4	Алаш қайраткерлерінің бойындағы тұлғалық қасиеттерді саналы түрде түсініп, бойларына дарытуға ұмтылысы.	350	203 58%	98 28%	49 14%	350	185 53%	95 27%	70 20%
	Жалпы		58%	28%	14%		53%	27%	20%


Кесте-7 - Қорытындылаушы(бекіту)кезеңі (2011-2012 оқу жылы)

№	Білімділік тәрбиелік көрсеткіші	Эксперименттік сыныптар				Бақылау сыныптары			
		Саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі	Саны	Жоғары деңгейі	Орташа деңгейі	Төменгі деңгейі
1	Атамекен, туған жер, Отан, ұлттық сезім, тіл, діл, ұлтжандылық, ұлттық тұлға ұғымдары туралы түсінігі	350	234 67%	102 29%	14 4%	350	280 56%	140 28%	80 16%
2	Аталған ұғымдардың мәнін түсініп аша білуі.	350	242 69%	80 23%	28 8%	350	285 57%	120 24%	95 19%
3	Алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді қалыптастырудың бағыттарын білу және ол қасиеттердің ұлттық тұлғалық қасиеттердің бастауы екенін түсіну	350	238 67%	84 27%	21 6%	350	290 57%	150 31%	60 12%
4	Алаш қайраткерлерінің бойындағы тұлғалық қасиеттерді саналы түрде түсініп, бойларына дарытуға ұмтылысы.	350	242 69%	80 23%	28 8%	350	285 57%	120 24%	95 19%
5	Жалпы	350	67%	29%	4%	350	56%	28%	16%


Эксперименттік сыныптар




Бақылау сыныптары



Эксперименттік сыныптар



Қорытынды (бекіту) кезең



Тәжірибелік эксперименттік жұмыстың бекіту кезеңіндегі оқушылардың білімдік, тәрбиелік деңгейлерінің сапалық көрсеткіші, алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді оқушылардың бойына дарыту жұмыстарын оқу тәрбие үрдісіне кешенді түрде тиімді пайдалану да оң нәтижесін берді және олардың ұлттық тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, әлеуметтенуіне, шығармашылық қасиеттерінің ұшталуына жағымды әсер етті деген қорытынды жасауға болады..

Сонымен негізгі мектептің оқу тәрбие үрдісінде алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде оқушылардың бойында олардың адами ізгі қасиеттерін қалыптастыру мәселесі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы кешенді тұрғыда жүргізілді. Оқытудың негізгі формасы сабақта ғана емес, қосалқы формалардың барлық түрінде, яғни таңдау курсына, факультативтік сабақтарда, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында қарастырылды.

- Негізгі мектеп оқушыларының ұлттық тұлғалық қасиеттерінің үш деңгейі тестік тапсырмалар, сауалнамалар мен сұрақтар арқылы айқындалды;

- Негізгі мектептің қазақ әдебиеті, тарих, мәдениеттану пәндері оқулықтарында алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде олардың бойындағы адами ізгі қасиеттерді оқушылардың бойына қалыптастырудың мазмұнына жасалған талдау нәтижесі оның оқулықтарда жеткіліксіздігін көрсетті. Осы олқылықтарды жою мақсатында пәндердің мазмұнына кіріктірілген арнайы курс бағдарламасы мен факультатив курс бағдарламасы жасалып, оқу-тәрбие үрдісінде қолданылды;

- Оқушылардың бойында тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың формалары мен жолдары сараланып, нәтижесінде «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасының қажеттілігі анықталды және ол түзіліп экспериментке қойылды. Эксперимент нәтижесі оң нәтиже берді;

- алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі тұлғалық қасиеттерді оқу тәрбие үрдісінде қалыптастырудың мүмкіндіктері айқындалды. Оқушылардың бойына алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді дарыту барысында олардың қазіргі қоғам талаптарына сай әлеуметтенуіне толық жағдай жасау жүйелі түрде ескерілді, ол үшін интерактивті тәрбие әдістері пайдаланылып, әр оқушының тұлғалық қасиетінің қалыптасуына, өзіндік «Менінің» және азаматтық ұстанымының айқындалуына жағдай жасалды. Бұл іс-шараларды жүзеге асыруда педагогикалық заңдылықтар мен ұстанымдар басшылыққа алынды;

- алаш қайраткерлерінің бойындағы адами ізгі қасиеттерді оқушылардың бойына дарыту материалдарын оқушылардың оқу-тәрбие үрдісіне кіріктіру олардың бойында ұқыптылық, өз бос уақыттарын тиімді пайдалану сол арқылы мінез-құлқындағы жағымсыз әрекеттерден арылу, девиантты мінез-құлық иесіне айналу қаупінен арылатындығын, ұлттық тұлғалық қасиеттердің бойларына қалыптастырылуы тәжірибелік эксперименттік жұмыста байқадық.

Қорытынды

Біз бұл еңбегімізде алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты танымдық негіздерін бір арнаға түсіріп, орта ғасыр ойшылдарының, сондай-ақ хандық дәуірде өмір сүріп ел бірлігі үшін күрескен шешен-би, ақын-жыраулардың ой-пікірлерін, ХІХ-ғ. қазақ ағартушы демократтарының еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлерін жан-жақты талдап, ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлерін ашуға әрекет жасадық. Ұлттық тұлға туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық түсініктерді әлемдік, ресейлік және өз ғалымдарымыздың осы бағыттағы еңбектеріне сүйене отырып талдадық.

Жан-жақты тұлғаға қойылатын талаптар, ол жөніндегі ғылыми түсініктер мен теориялық анықтамаларды саралап ұлттық тұлға туралы өз анықтамамызды ұсындық. Ұлттық тұлғаның қалыптасу процесінде бірден-бір әсерін тигізетін оның қоршаған ортасы, қоғамы екендігін, кез-келген адам баласы дүниеге келген кезден бастап, қоғамдағы құбылыстарды қабылдау арқылы өзінің ойлау қабілетін, санасын, мінез-құлқын және де басқа қасиеттерінің реттелуіне жол беретіндігіне тоқталып өттік. Бүгінгі күн талаптарына сай ұлттық тұлға қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, ғылыми, тарихи-педагогикалық негіздерінің деңгейін зерделедік.

Ұлттық тұлға қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне байланысты тұлғалық қасиеттердің халық педагогикасындағы үлгілері мен ақын-жыраулар поэзиясындағы көрінісі тереңінен қарастырылды. Жыраулар поэзиясындағы келелі сөз болған мәселе - адам, тұлға мәселелері екендігіне тоқтала отырып, қазақ ұғымындағы «Ердің құны жүз жылқы», «Ер елі үшін туады, елі үшін өледі», «Ерді намыс өлтіреді» деп, ерлікке ерекше баға берілуін, ердің құнын адамгершілікпен, ар-ожданмен өлшеу жөніндегі ұғымдарын жырауларымыздың шығармаларын талдау арқылы түсіндірдік. Қазақтың ұлттық философиясының танымдық ерекшелігін (ата мекен, ел жұрт мәселелері), Отанын жаудан қорғаған батырларын ардақтауын, ұлттық философиядағы ана тіліне, сөз өнеріне деген ерекше құрметін, «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бағалай білген»- деп ұлттық философиялық ой топшылауларын қарастырдық. Сонымен қатар халық педагогикасындағы ұлттық тұлға қалыптастыру қағидаларына оның ішіндегі жас ұрпақтың ақылды, намысқор, арлы, өміршең азамат болуын тілеу; баланың жастайынан еңбексүйгіш, елгезек етіп тәрбиелеу; ұрпағымыздың дені сау болып өсуін қадағалау; оларды ізгілікке, адамгершілікке, имандылыққа, адалдыққа, ар ожданды қастерлей білуге тәрбиелеу; Отан от басынан басталады дей отырып, от басын, ағайын-туысын құрметтеуге тәрбиелеу; өнерге, білімге насихаттап «Өнерлі өрге жүзеді» деген қағиданы ұстанғандығын ақын-жыраулар шығармаларын талдай отырып түсіндірдік. Тұлға бойындағы адами қасиеттердің орта ғасыр ойшылдарының яғни, әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағунидің, Махмұт Қашқаридің, Ахмет Йүгінекийдің, Кейкуастың еңбектеріне талдау жасай отырып, ондағы тұлғалық ерекшеліктерді жүйеледік. Бұл орайда ғалымдарымыз Ә.Әбдікәрімұлының, Ж.Наурызбайдың, С.Мусиннің, М.Н.Сарыбековтың, О.С.Сәлімбаевтың, Қ.Бидайбековтың, Б.Тұрғынбеаваның, Қ.Өстеміровтың, Қ.Бөлеевтің, С.Қалиевтің, Қ.Жарықбаевтың, Р.Джанабаеваның, К.Оразбекованың, Ә.Табылдиевтың, Р.Төлеубекөваның, А.А.Бейсенбаеваның, І.Халитованың, Т.Әлсатовтың, К.Илиясованың, Л.Байсеркенің, Т.Қ.Бөлеевтің, Қ.Ыбырайжановтың, С.Иманбаеваның, М.Мырзахметұлының, Г.Пірәлиеваның, А.Ісмақованың, Р.Нұрғалиұлының, Д. Қамзабекұлының, Р.Тұрысбектің, т.б. еңбектеріне сүйендік.

Біз зерттеу жұмысымызда тұлғалық қасиеттердің қазақ ойшылдар еңбектеріндегі көрінісіне тоқталып, ондағы ұлттық болмысымыздың табиғатын көрсетуге, оларға сипаттама беруге және ғылыми негіздеуге талпындық. Осы тұста ұлттық тұлға қалыптастырудың көзі болып табылатын ұлттық ерекшеліктерімізге, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізге, әдебиетімізге, мәдениетімізге, ұлттық тәлім-тәрбиемізге, олардың халық педагогикасындағы

көріністеріне тоқталуды назардан сырт қалдырған жоқпыз. Ғалымдарымыз С.Қалиевтің, Қ.Жарықбаевтің, Қ.Бөлеевтің, Б.Тұрғанбаеваның, Ш.Таубаеваның, Р.Джанабаеваның, С.Иманбаеваның, т.б. зерттеулерін басшылыққа алып отырдық. Сондай-ақ қазақ халқының ұлттық болмысын, оның өзге халықтардан ерекшелігін, ұлттық мінезін, табиғатын анықтауда философ ғалымдарымыз Д.Кішібековтың, Ғ.Есімовтың, Ә.Нысанбаевтың, Т.Сәрсәбаевтың, А.Айталының т.б.; тарихшы ғалымдарымыз – М.Қойгелдиев, М.Қозыбаев, Т.Тұрлығұл, К.Нұрпейісовтың т.б. еңбектерін пайдаландық.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік құжаттары мен білім саласында жарық көрген заңдар мен тұжырымдарды, көптеген басқа ғылым салалары: философия, әдебиет, әдебиеттану, халық ауыз әдебиеті, тарих, әлеуметтану, психология, жалпы педагогика, педагогика тарихы, т.б. бойынша алаш қайраткерлерінің мұралары мен ұлттық тұлға қалыптастыру тәрбиесіне қатысты жарияланған еңбектерді, сараптап ой елегінен өткіздік. Сонымен бірге жұмыс мазмұнында көптеген көне еңбектер қорының материалдары (ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорының, Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясының кітаптар қорын, тарихи дерек материалдарын, алаш қайраткерлерінің еңбектері негізінде жазылған жұмыстарға байланысты материалдар мен ұлттық тұлға қалыптастыруға байланысты еңбектерді және мақалалар мен көптеген газет-журналдар материалдары) пайдаланылды.

Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларын жүйеледік. Онда Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық тіл мәдениетін (этнолингвистика) қалыптастыру идеяларына тоқтала отырып, аяулы азаматымыздың ғылыми еңбектерін, мақалалары мен зерттеулерін, аудармалары мен өлеңдерін талдап ұлттық тұлға қалыптастыру барысындағы ой-пікірлерін көрсеттік. Оның еңбектері негізінде тұлғаға қойылатын талаптарды қарастырдық.

Жүсіпбек Аймауытовтың ұлттық ойлау жүйесін (этнолингвистика) дамыту жөніндегі ой-пікірлерін де оның қазақ топырағында тұңғыш жарық көрген «Психология» атты ғылыми еңбегінің негізінде, өзге психолог ғалымдардың (диссертацияда жан-жақты талданып көрсетілді) еңбектеріндегі пікірлермен салыстырыла отырып, сабақтастығы мен ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсетуге талпындық. Ғалым еңбегіне сүйене отырып, ұлттық тұлға қалыптастырудың өзіндік, ұлттық ерекшеліктерін көрсеттік және бүгінгі тұлға бойындағы ерекшеліктермен сараладық. Қазіргі қоғамдағы ұлттық тұлғаның дамуындағы басты мақсаттар мен міндеттерді, оның жан-жақты дамуына бағытталғанын анықтадық.

Біз диссертациялық жұмысымызда Мағжан Жұмабаев пен Міржақып Дулатовтың этнопедагогика ғылымын қалыптастырудағы ғылыми еңбектерін талдай отырып, әмбебап ағартушыларымыздың артында қалдырған рухани мұраларында кешегі көшпелі қазақ елінің әдет-ғұрпын, дәстүр-салтын, жол-жоралғысының, тәлім-тәрбиесі мен өнегесінің, өзіне тән этикалық, эстетикалық талғамдарының ұлттық өзгешеліктерімен байланыстыра қарастырдық. Сонымен бірге біз Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышпаев, Мұстафа Шоқай т.б. алаш зиялыларының егеменді ел болу идеяларын талдай отырып, бұл идеялардың бүгінгі күні де өміршеңдік көрсетіп отырғандығын зерделедік.

Тарих сахнасына Алашорда –Халық Кеңесі үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлттық интеллигенция тұрғандығын, олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін басқа өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жалқы жол – ұлттық мемлекеттің құрылымының болу керектігі жолында күрескендігін жұмысымызда нақты дәлелдер келтіре отырып дәлелдеуге тырыстық.

Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде сол ұлттардың өз бостандығы мен теңдігі үшін күрес жолына шығуы заңдылық екендігін, алаш қайраткерлерінің саналы түрде ұлттық мұраттарға қол жеткізу жолындағы табанды да жанкешті күрескерлік іс-әдістерін олардың өмір жолдары арқылы және еңбектерінің негізгі идеяларына сүйене отырып, дәлелдеуге әрекет жасадық.

Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы сол кездегі Ресейдің тұтастығын көздейтін ақ патшаның генералдары мен жаңа тоталитарлық жүйені көздеген большевиктерге де ұнамағандығы қарастырылды. Олардың алаш қайраткерлерінің бұл күресіне әр түрлі деңгейде баға бергендігін, алғашқылары ұлы Ресейсіз өмір сүре алмайтын бұратана халық деп кешіре қараса, соңғылары сауатсыз аңқау елді соңына жалған ұрандармен ертіп, халқының қырғынға ұшырауын, сөйтіп буржуазиялық-байшыл-ұлтшылдық өкімет орнатуды көксеушілер деп ат қойып айдар тағып, олардың асыл-атын тарих сахнасынан аластауға тырысқанын тарихи деректерге сүйене отырып анықтадық. Бұл екі саяси жүйенің де ұлттық мемлекеттік идеядан қорыққандығын сондықтан да оларды құдалап, көзін жойып отырғандығына да тоқталдық.

Жоғарыдағы зерттеулерімізде алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру мәселелерінің бүгінгі күнгі тәрбие саласында қолданылудың зор мүмкіндіктерін, оның әлеуметтік қажеттілігін, өмір талабынан туындап отырған күрделі проблема екенін көрсетуге тырыстық. Өйткені бүгінгі заман талабын ескерсек, бабалар насихаты, алаш қайраткерлерінің өмірлік жолдарының тәжірибесі, олардың отансүйгіш ұлттық тұлға тәрбиелеп жетілдіру мәселесі жөніндегі ой-пікірлері бүгінде аса қажет болып отыр. Мұны қолданудың тиімділігі алаш қайраткерлерінің бойындағы өз ұлтына деген сүйіспеншіліктерін, оның негізінде ұлттық болмысымызды, ұлттық ерекшелік қасиеттерімізді, ұлттық тіліміз бен дінімізді, тілімізді құрмет тұтып, ата-баба дәстүрін ардақтағандықтарын, елінің ертеңгі болашағының жарқын болуы үшін ол жолда құрбан болғандарын қарастырдық. Осыдан келіп алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға мәселесін зерделей отырып, оның қажеттілігін анықтадық. Оқу үдерісінің мазмұнында зерттеу жұмысының материалдарын пайдалануға ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасадық.

Дегенмен, біз өзіміздің зерттеу жұмысымыздың мазмұнында алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесіне қатысты барлық мәселелерді шештік деп айтудан аулақпыз.

Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде, ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі тұрғысында жарияланған ғылыми, тарихи-педагогикалық еңбектерге жүйелі талдау жасай отырып, төмендегідей тұжырымдар жасадық:

1. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастырудың және оның қазіргі қоғам өмірінің құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік және экономикалық жағдайлармен байланыстылығын, оның педагогика ғылымының қоғамдық-тарихи міндетін дәлелдейді.

2. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастырудағы идеялары психологиялық педагогикалық ғылымда тұлға қалыптастырудың ғылыми негіздері қалыптасуының алғы шарттары болып табылады.

3. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары қазіргі педагогика мен психологиядағы оқу- тәрбие үдерісінде тәрбиеленушілердің ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін, наным сенімдерімен сабақтастығын және өзара байланысын қарастырады.

4. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары бұрын-соңды педагогика тармағында ғылыми айналымға түспеген қазақ тәлім-тәрбиесіне педагогикалық ғылымның дамуына қосқан үлесі болып табылады.

5. Орта ғасыр ғұламалары әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Махмұт Қашқари, Кейкуас және т.б. тұлғалардың еңбектеріндегі ұлттық тәлім-тәрбиесіне байланысты және ұлттық тұлғаға қатысты ой-пікірлері, қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің және Абай Құнанбаевтың еңбектері алаш қайраткерлерінің еңбектерімен сабақтастықта дами түскендігін дәлелдейді.

6. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесінің тұжырымдамалық идеялары ізгілік пен қарапайымдылық, адалдық

пен әділдік және дінге негізделушілік, халық педагогикасы негізінде тәлім-тәрбие беру іс-әрекеттілігі деп айқындалды.

7. Алаш қайраткерлерінің адам мәселесіне, тұлғалық ерекшеліктерге қатысты еңбектері мен өмірлік тәжірибелерін тарихи-педагогикалық тұрғыдан талдау жасау егеменді еліміздің болашағының өсіп өркендеуіне үлесін қосатын ұлттық тұлға қалыптастыру мақсатымен айқындалғандығын дәлелдейді.

8. Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесіне қатысты зерделенген идеялар қазіргі заман талабына сай ұлттық тұлға қалыптастырудағы ерекшеліктермен: иманды, инабатты болу, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін бойына қалыптастыруы, бәсекелестікке қабілетті болып, өзін кез келген ортада ұстай білуі, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына қалыптастыруы, ана тілін және өзге де тілдерді еркін біліп, техниканы терең меңгеруімен айқындалады.

9. Бүгінгі ғылымның даму барысында тұлғаға қатысты айтылып жүрген мәселелер Алаш қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға болымысына қатысты ой-пікірлерінде орын алып келгендігін зерттеу тақырыбымызда салыстырмалы түрде талданды.

10. Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға мәселесіне қатысты айтылған пікірлерінің бүгінгі күннің тәжірибесінде пайдалану арқылы, ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі қазіргі қоғамның сұранысынан туындайды. Осы тұрғыда біз ұсынып отырған «Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасын мектеп оқушыларының таңдау пәні бойынша пайдалану олардың ұлттық тұлға бойындағы ерекшеліктерді меңгеруге, ұлттық ерекшеліктерімізді бойларына қалыптастырып, ұлттық болмысымызды құрметтеуге және ол қасиеттерін шындауға көмектеседі.

Зерттеу нәтижелерінде жасалған тұжырымдарды қорытындылай келе, алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру мақсатында төмендегідей ғылыми ұсыныстар жасауды жөн көрдік:

-қазіргі ұлттық тұлға қалыптастыру барысында алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеяларына сүйену;

-жас ұрпақ бойына ұлттық тұлға бойындағы ерекше қасиеттерді қалыптастыру барысында алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесіндегі идеяларын пайдалану;

-университет пен педагогикалық институттардың және колледждердің, мектептердің оқу жоспарының мазмұнына біз жасаған «Алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары» атты арнайы курс бағдарламасын таңдау пәні компонентіне енгізу;

-жоғары оқу орындарындағы «Педагогика тарихы», «Этнопедагогика», «Мектептегі тәрбие жұмысының әдістемесі», «Қазақ әдебиетінің арнайы семинары» пәндері мазмұнына алаш қайраткерлерінің педагогикалық-психологиялық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесіне қатысты еңбектері мен тәжірибелері туралы материалдарды енгізу.

-педагог кадрлардың біліктілігін арттыру және білім жетілдіру институттарының жұмыстарында, мектептерде сынып жетекшілері мен курс кураторлары үшін ұлттық тұлға қалыптастыру барысында алаш қайраткерлерінің еңбектеріндегі тұлға мәселесіне қатысты дәрістерді жүргізу және ұйымдастыру;

-Ұлттық тұлға қалыптастыру мәселелері бойынша лекциялар оқуда бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалану;

Біз өз зерттеуіміздің күрделілігіне байланысты оның барлық аспектілерін толығымен шештік деп айта алмаймыз. Сондықтан болашақта алаштың басқа да қайраткерлерінің ұлттық тұлғаға қатысты ой-пікірлерін жаһандану кезеңіндегі ұлттық тұлға бойындағы ерекшеліктерін жеке зерттеу болашақтың ісі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Философия тарихы. 14том. –Алматы, 2006.-460 б.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедия. Бас ред. Б.Аяған.«Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы. – Алматы, 2006.- 704 б.
3. Философиялық сөздік. Редкол. Р.Н.Нұрғалиев, Ғ.Ғ.Ақмамбетов, Ж.М.Әбділдин ж.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996.- 525 б.
4. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі.- Қ.Жарықбаев, О.Сангилбаев. –Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006.- 384 б.
5. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 2-том.-Алматы, 2005.- 476 б. «Мәдени мұра» Мекмлететтік бағдарламасының кітап сериялары. Бас редакцияның алқасы. Тасмағанбетов И.Н.-бас редактор.
6. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. 5-том.-Алматы, 2005.- 429 б. «Мәдени мұра» Мекмлететтік бағдарламасының кітап сериялары. Бас редакцияның алқасы. Тасмағанбетов И.Н.-бас редактор.
7. Жақан Молдабеков, Аманжол Қасабек. Шығыс философиясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2001.– 300 б.
8. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ислам философия. 4том. –Алматы, 2005.-534 б.
9. Ф. Розентал «Горжествознания». М. 1978. - 67-83 б.
10. Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері.\\ философия тарихына шолу. Алматы: Ақыл кітабы, 1999.-236 б.
11. Парасат журналы. № 1992, № 5.
12. Әлемдік-философиялық мұра. А.; Жазушы, 2006.- 465 б.
13. Назарбаев Н. «Менің арманым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу».- Алматы: Жұлдыз, 2000.- №7 -19 б.
14. Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. //Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1999.-128 б.
15. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. Ежелгі шығыс философиясы. I том. «Жазушы», Алматы, 2005.- 550 б.
16. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.- Алматы: Санат, 1996.-350 б.
17. Қ.Жарықбаев. Жантану негіздері. –Алматы: 2002.- 415 б.
18. С.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. –Алматы: «Білім», 1999.-160 б.
19. Т.Сарсенбаев. «Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. -Алматы, 1990.- 47 б.
20. Т.Сарсенбаев. Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті. -Алматы, 2000.-86 б.
21. Адам және ашық қоғам. -Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998.-272 б.
22. Мекемтас Мырзахметов. Абай және Шығыс. –Алматы: «Қазақстан», 1994.- 208 б.
23. М. Молдабеков. Қазақтану. –Алматы: Қазақ университеті, 2003.-459 б.
24. Құнанбаев А. Қара сөздері. –Алматы: 1993.- 91 б.
25. Табылдиев Ә. Халық тағлымы. –Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1992.- 195 б.
26. Қоянбаев Р.М., Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. –Алматы: 2000.- 327 б.
27. Назарбаев Н.Ә. Тарих шеңберлері және ұлттық зерде. –Алматы: Жұлдыз, 1996. -№3-6 б.
28. Әбішев Қ. - Философия- Алматы: Ақыл кітабы. 1998.- 24б.
29. Иүгінеки А. Ақиқат сыйы. Алматы: Ғылым, 1975.-65 б.
30. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. (Оқу құралы) - Алматы: Білім, 2003.-280 б.
31. Педагогикалық-энциклопедиялық сөздік. М. «Педагогика», 1996 -879 б.
32. Кенжалы Толысбай . -Асан Қайғы.- Дайк- Пресс, 2006. -270 б.
33. Сәрсенбек Дәуітұлы. Қазақтың батырлық эпосы.А: «Рауан».1992.-104 б.
34. Қирабаев С., Найманбаев Қ. Бес ғасыр жырлайды. –Алматы: Жазушы, 1989.-495 б.

35. Қалиев С.Қ. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер.-Алматы: Рауан, 1990.-88 б.
36. Бейсенбаева А.А. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.-Алматы.-94 б.
37. Мұхтар Әуезов. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959.– 546 б.
38. Сағындықұлы Е. Педагогика. –Алматы: Білім, 2001.-220 б.
39. К.А. Оразбекова. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми- педагогикалық негіздері. Алматы: Комплекс, 2000.- 330 б.
40. Х. Сүйіншіәлиев VIII-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1989.-278 б.
41. М. Әлімбаев Халық-ғажап тәлімгер. -Алматы: Рауан, 1991.-144 б.
42. С. Мұқанов Қазақ қауымы. –Алматы-Қазақстан-1995.-304 б.
43. С. Негимов Ақын-жыраулар поэзиясы.-Алматы: Ғылым. -2001.-274б.
44. Асанбай Асқаров. Тағдыр. –Алматы: «Елнұр», 2007.-296 б.
45. Қабуснама». Өзбек тілінен аударған және алғы сөзін жазған –Тұрсынәлі Айнабеков.- Алматы: Балауса, 1992.-156 б .
46. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: 1986.- 606 б.
47. Нысанбаев. Адамға қарай бет бұрсақ. (Ежелгі Грек философиясы туралы ой толғаулар). -Алматы: Қазақ университет, 19927.- 153 б.
48. Ә.Табылдыев. Ұлттық тәрбие ірімдері. -Алматы: Қазақ университеті, 2001.-92 б.
49. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2006.- 200 б.
50. Нысанбек Төреқұлов ф.ғ.д., Мұхтар Қазбеков. Қазақтың би шешен-дері. -Алматы: Жалын, 1993. -394 б.
51. Ғарифолла Есім. Сана болмысы. (Саясат пен мәдениет туралы ойлар) -Алматы: Ғылым, 1998.-262 б.
52. Әл- Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы: Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы , 1975. – 395 б.
53. Кішібеков Дінмұхаммед. Қазақ менталитеті: -Кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым , 1998.- 230 б.
54. Махмуд Қашғари. Түбі бір түркі тілі.\\Аударғандар: Қ. Бекетаев, Ә. Ибатов.-Алматы: Ана –тілі, 1993.-192 б
55. Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы: Ана тілі, 1992.- 160 б (Жазушы, 2005. -3т.-232 б).
56. Әбдуали Қайдаров, Өмірзақ Айтбай. Ана тілін өгей ұлдары ғана менсінбейді. –Алматы: Ана тілі, 2002, 14 наурыз.
57. Яссауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет.-Алматы: 1993.-260 б.
58. Мырзатай Жолдасбекұлы, Қойшығара Салғараұлы, Ақселеу Сейдімбек. Ел тұтқа. – Астана: KUL TEGIN, 2001.-348 б.
59. Көбесов Ауданбек. - Әбунасыр әл-Фараби. – Алматы: - Қазақ университеті, 2004.- 173 б.
60. әл-Фараби. Мемлект қайраткерлерінің накыл сөздері. Философия-лық-әлеуметтік трактатында. –Алматы: Ғылым, 1975.-305 б.
61. Ибраева К.Ж. Педагогические взгляды М.О. Ауэзова // автореф. ... канд. пед. наук. 13.00.01.-Алматы.- 1990.-23 с.
62. Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері. –Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы,-1962.-209 б.
63. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақтың тәлімдік ойлар антология-сы. –Алматы: 2005.- 400 б.
64. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы.-Алматы: 1981.- 1-том.-388 б.
65. Мұхтар Мағауин. Қобыз сарыны. –Алматы: Жазушы баспасы, 1968.-150 б.
66. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негізі. –Алматы, 2001.-295 б.

67. Ыбырай Алынсарин. Таңдамалы шығармалар жинағы. –Алматы, 1955. – 241-246 б. // Құрастырған Б.С.Сүлейменова.
68. Алынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. –Алматы: Рауан, 1991.-200 б.
69. Тәрбие құралы. Алматы, 2007.- № 1, 11 б.
70. Құнанбаев А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 2т.-1968.-243 б.
71. Абай тағлымы. // Құрастырған ф.ғ.д., профессор Нығмет Габдуллин. –Алматы: Жазушы, 1986. -426 б.
72. Айталы А. Ұлттану. –Алматы: Арыс, 2003.- 226 б.
73. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Алматы, 1997.- 464 б.
74. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. -Алматы: Ғылым, 1999.-184 б. Жауапты редакторы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ә.Нысанбаев.
75. Безрукова В.С. Педагогика. (проектировочная педагогика) Екатеринбург. Изд. Деловая книга, 1996.- 340с.
76. Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары. -Алматы: -1993ж.111б.// Құрастырып баспаға дайындағандар: Хамза Адуллин мен Қайыржан Хасенов.
77. С.Қалиев. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. - Алматы: Білім, 2001- 224 б.
78. М.Әуезов.Таңдамалы.-Алматы: Қазақэнциклопедиясы, Басредакциясы, 1997.- 508 б.
79. А. Кубесов Педагогическое наследие Аль-Фараби. // Дисс. на соискание учен. степ. Доктора пед. наук.13.00.01.-Ташкент1, 994.-314 с.
80. Қ.Т.Әтемова. Қазақ отбасы тәрбиесінің даму тарихы. –Алматы, 2007. -351б.
81. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. Алматы, 1976.-207 б.
82. Фокин Ю.Г. Преподование и воспитание в высшей школе. –М.: Академия, 2002.- 224 с.
83. Колесникова И.А Педагогическая реальность в зеркале межпарадигмальной рефлексии. СПб. Санкт-Петербургский городской университет педагогического мастерства. -1999.- 242 с.
84. Мухтар Мағауин. Ұлтсыздану ұраны. -Алматы: Алаш, 2004.- 124 б.
85. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. –Алматы: Санат, 2001.-314 б.
86. Б.Момышұлы. Көз алдымда бәрінсің. А: 2007.-320 б.
87. Б.Момышұлы. Қанмен жазылған кітап. -Алматы: Қазақстан, 1991.-393 б.
88. Ахметов Ғ. Алаш алаш болғанда. –Алматы: Жалын, 1996.-223 б.
89. Ұлттың ұлы ұстазы. (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). -Алматы: 2001.-258 б.
90. Қайым Мұхамеджанов. Абай мұрагерлері. -Алматы: Атамұра, 1995.- 176 б.
91. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. Алматы: Білім, 2000. -368 б.
92. Жүсіпбек Аймауытов. Психология. Алматы: Ғылым, 1997.-234 б.
93. Қазақ ССР тарихы. Алматы: II том. 546-547 б.
94. М.Дулатов Таңдамалы. –Алматы: Мектеп, 3т.-2003.-381 б.
95. Жұмабаев М. Педагогика.-Алматы: Ана-тілі, 1992.-160 б.
96. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан өз дамуының серпіліс жасау қарсаңында. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Астана: Елорда, -2006. -44 б.
97. Дулатов М. Таңдамалы. –Алматы: Мектеп, 2003.- 4т.- 391 б.
98. Бөкейхан Ә. Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1995. – 475 б.
99. Дәуірдің жарық жұлдызы./ Халқымыздың көрнекті саяси қайраткері М.Тынышбаевқа арналады/: Ұлы тұлғалар, ғылыми библиографиялық серия. Құрастырушы М.М.Бегманова. -Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым миистрлігі. Орталық кітапхана, 2001.-236б., суретті. Бас редакторлары тар.ғ.к., Қ.С.Алдажұманов., тех.ғ.д., Д.М.Тынышбаев (Шейх -Али).
100. Шоқай Мұстафа. Таңдамалы. IIт.-Алматы: Қайнар, 1999.-405 б.
101. Д.Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры. – Астана: Ел-шежіре, 2008.-340 б.

102. Советхан Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері. –Алматы: Әл-Фараби, 1995.-170 б.
103. Р.Нұрғалиев. Ахмет Байтұрсынов. –Алматы: Рауан, -1990 28 б.
104. А.Көбесов Абайтану дәрістері. -Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000.-83 б.
105. Айгүл Ісімақова. Алаш әдебиеттануы. –Алматы: «Мектеп», 2009.- 560 б.
106. Бөлеев Қалдыбек. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың теориясы мен практикасы. Қ.Р. Тараз, 2001.-328б.
107. Ботагүл Тұрғанбаева. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Алматы, 2006. -289 б.
108. Дьюи Д. Демократие и образование. М: Педагогика, 2000.- 384 с.
109. Слабодчиков В.И. Основы проектирования развивающегося образования. //Модель гимназии как инновационного образовательного учреждения. –Петрозаводск, 1996.- С. 16-25.
110. Мануйлов Ю.С. Средовой подход в воспитании. Москва-Нижний, Новгород, 2002.- 240 с.
111. Қ.Жарықбаев. Әдеп және жантану (Ұлттық тәлім-тәрбие). Хресто-матия. -Алматы: Атамұра, 1996.-199 б.
112. Божович Л.Н. Личность и ее формирование в детском возрасте. –М., Педагогика, 1979.- 167 с.
113. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. 4-е изд.- М., 1981.- 584 с.
114. Болдырев Н.И. Нравственное воспитание школьников. –М., 1972.- 207 с.
115. Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. //Живая старина. –М., 1916.- 3-15 с.
116. Т.Жұртбаев. Бесігінді түзе.-Алматы: Жазушы, 1997.-26 б.
117. Ә.Нысанбаев Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. –Алматы, 2002.- 264 б.
118. Ананьев Б.Т. Человек как предмет познания. –Л., ЛГУ, 1968.- 238 с.
119. Блонский П.П. Избранные педагогические произведения.-М., 1961.- 252 с.
120. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. –Алматы: Ғылым, 1995.-280 б.
121. Байтұрсынов А. Шығармалары -Алматы: Жазушы, 1989.-319 б.
122. Волков Г.Н. Этнопедагогика. Чебоксары, 1974.-375 б.
123. М. Мырзахметов. Абайтану тарихы.- Алматы: Ана тілі, 1994.- 144 б. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Қазақстан, 1994.- 478 б.
124. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті.- Алматы, 1958.-320 б.
125. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер. –Алматы: Ата мұра, 2003.- 208 б.
126. Х. Досмұхамедұлы Аламан.- Алматы: Ана тілі, 1991.-176 б.
127. Қазақстан мұғалімі, 1997, 30 маусым.
128. Қозыбаев М.Қ. Абылай хан Кенесары: (Ұлт азаттық қозғалыс мәселелері). –Алматы, Ғылым, 1993.- 119 б.
129. Дулати М.Х. Тарихи Рашиди. –Алматы, 2001.- 290 б.
130. Т.Тәжібаев. Жалпы психология. -Алматы, 1993.-180 б.
131. М. Жұмабаев Таңдамалы өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар. –Алматы, 1998.- 448 б.
132. М.Қозыбаев. Ұлттық рухтың ұлы тіні жинақ. –Алматы: Ғылым, -1999.-568 б.
133. Ә.Кекілбай. Ұлттық рухтың ұлы тіні жинақ. ”Ұстаз ұлағаты”. –Алматы: Ғылым, 1999.- 568 б.
134. Жарықбаев Қ.Б., Наурызбаев Ж. Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірмелі сөздігі. -Алматы: Ғылым, 1993.-121 б.
135. Ш.Құдайбердиев Қазақ айнасы Өлеңдері мен поэмалары. -Алматы: «Атамұра», 2003.- 296 б.

136. Ш. Құдайбердиев Үш анық. - Алматы: Қазақстан, 1991.-33 б.
137. М. Қозыбаев. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994.-72-76бб.
138. Ғарифолла Есім. Хакім Абай (Даналық дүниетанымы). - Алматы: Атамұра, Қазақстан, 1994.- 200 б.
139. Қазақ ұлттық энциклопедиясы. - Алматы-Іт. 2004.-294 б.
140. Ә. Қоңыратбаев Қазақ фольклорының тарихы.- Алматы-«Ана тілі»-1991.-288 б.
141. Б. Момышұлы Шығармалары.- Алматы: Жазушы,-1-2т, 1969.- 342 б.
142. Қ. Бержанов, Мусин С. Педагогика тарихы. – Алматы, 1971, 1984.-150 б.
143. Е. Сағындықов Қазақтың ұлттық ойындары.- Алматы- Рауан-1991.-176 б.
144. Коменский Я.А. Избр. Пед. соч. Т.2.-М., Учпедгиз, 1955.- 402 с.
145. Шоқайұлы М. Түркістанның қилы тағдыры.- Алматы: Жалын, 1992.-310 б.
146. Торайғыров С. Кітапта: Қазақтың тәлімдік ой-пікір анталогиясы. II том.- Алматы, 1998.- 416 б.
147. А. Машанов әл-Фараби және Абай. – Алматы: Білім, 1994.
148. Т. Әлсатов Қазақ хандығы тұсындағы педагогикалық ойлардың дамуы. Алматы, 1999.- 284 б.
149. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Ер дәулет, 1994.- 238 б.
150. Төрқұлов Н., Қазыбаев М. Қазақтың би-шешендері. 1-2 кітап. – Алматы: Жалын, 1993.- 400 б.
151. Кішібеков Д. Тарихпен тәрбиелеу. - Алматы: -1988.-46 б.
152. Шал ақын Құлекеұлы. Шығармалары, зерттеулер. – Алматы: -1999.-252 б.
153. Елемесов А., Құдиярова А.А. Абай және рухани имандылық. – Алматы: Білім, 2000.-115 б.
154. Қ. Жарықбаев Қ.Б. Этнопсихология және этнопедагогика. – Алматы: Дарын, 1998.-116 б.
155. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека. – Киев, Рязанская школа, 1975.- 236 с.
156. Жұмағали Наурызбай. Ұлттың ұлы бола алсақ. - Алматы: Ана тілі, 1997.-160 б.
157. Жұмағали Наурызбай Ұлттық мектептің ұлы мұраты. - Алматы: Ана тілі, 1995.-192 б.
158. Қасабеков А. Қазақ философиясы. – Алматы: Ер-Даулет, 1996.-179 б.
159. Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. – Алматы: Рауан, 1993.-168 б.
160. Махмұт Қашқари. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ат-түрік). – Алматы: -1993.-100 б.
161. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004.-336 б.
162. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? – Алматы: Атамұра, 1993.-90 б.
163. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы. – Тараз:-2000.-228б.
164. Назарбаев Н. Қазақстан-2030. – Алматы: -2004.-77 б.
165. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2000.-135б.
166. Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. – Алматы: Жазушы, 1987.-220 б.
167. Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования. – Москва: Педагогика, 1982.-154 с.
168. Радлов В.В. Из Сибири. – М.: Наука, 1989.- 361с.
169. Ұзақбаева С., Шалғынбаева Қ. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың педагогикалық көзқарастары. – Алматы: Білім, 1998.-117б.
170. Базарғалиев Ғ.Б. Х. Досмұханбетовтың ағартушылық қызметі мен шығармашылық еңбектеріндегі патриоттық тәрбие идеялары. \\\ Педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Атырау: -2002.-130 б.
171. Иманбекова Б.И. А. Байтұрсыновтың тәлімдік ой пікірлерін педагогикалық колледждердің оқу тәрбие үрдісіне енгізудің жолдары. \\\ Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы.-2000.-147 б.
172. Шалғынбаева Х.Қ. Қазақтың халықтық педагогикасындағы еңбек тәрбиесі. \\\ Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. 13.00.01.- Алматы, 2006.-46 б.

- 173.Төлеубекова Р.К. Бастауыш класс оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде халықтық педагогиканың озық үлгілерін пайдалану \\\ Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация.13.00.01.-Алматы, 1993.- 162 б.
- 174.Наурызбаев Ж.Ж. Этнокультурное образование. –Алматы: Ғылым, 1994 -192б
- 175.Қожахметова Қ.Ж. Халықтық педагогиканы зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері. Алматы: 1993.-242 б.
- 176.Дербісалиев А. Әбу Насыр әл-Фараби \\\Қазақстан жоғары мектебі. 1996 №1.-56-60 бет.
- 177.Дербісалиев А Қазақ даласының жұлдыздары. Алматы, Рауан. -1995.- 236 б.
- 178.Көбесов А. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы.\\ Бастауыш мектеп. 1995.№ 1,2.-35-44 б.
- 179.Нұрмұратов С.Е. Әл-Фараби философиясындағы рухани құндылықтар жүйесі.\\Әл-Фараби философиялық-саясаттанушылық және рухани- танымдық журнал. –Алматы, 2003.-№1.-53-62 б.
- 180.Мырзахметов М. Әл-Фараби\\ Қазақстан мектебі, 1985.-68-74 б.
- 181.Немат Келімбетов. Жарлы емеспін, зарлымын. –Алматы: «Санат», 2001.- 312 б.
- 182.Ө.Күмісбаев «Қабуснама»-ғажайып қазына \\\Заң газеті. 2000.- 26 қаңтар.-7 б.
- 183.Жарықбаев Қ.Б. Құтты біліктегі тәрбие проблемалары. –Алматы, 1974.
- 184.Қалиев Қ.Б. Махмұд Қашқари шығармасындағы ақыл-ой мәселелері.\\ Қазақстан мектебі, 2003. №5.-62-66 б.
- 185.А.Томанов Махмұт Қашғари.\\ Кітапта: Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғұламалары (IX –XIX ғ.ғ.).- Алматы, 1964.-153-166 б.б.
- 186.Қорқыт ата. Энциклопедиялық жинақ.\\ Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1999.-128 б.
- 187.Молдабеков Ж. Рухани тұлғалық-тарихтағы бір алып.\\ Қазақстан мектебі. -Алматы,№7.- 4 б.
- 188.«Қабуснама».\\ Қазақстан әйелдері, 1993. №3.-18-19.
- 189.Темірбекова М.М. Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің тәрбиелік мәні. \\\ Қазақстан халықаралық мәдени мұрасы және ұлттық білім жүйесі. –Алматы, 2004, т-2.- 361-366 б.
- 190.Қожа Ахмет Иассауи. Хикметтер // Аударған Ә.Жәмішұлы. -Алматы: Өнер, 1995.-208 б.
- 191.Бердібай Р. Жұлдыздар жарығы. -Алматы: Білім, 2000.-248 б.
- 192.Мырзахметов М. Ақыл ой алыптары.(Абай, Әл-Фараби).\\Қазақ әдебиеті,1973.- 7 сентябрь.
- 193.Назарбаев Н.Ә. «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына», тақырыбындағы Ел басының студенттер алдында оқыған лекциясы.\\ Егемен Қазақстан. 2006, 27 мамыр. 1,2,3 беттер.
194. Мырзахметов М. Абайдың «Құдатғу білікке қатысы жайында: (Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Абайдың таныстығы»). \\\Бастауыш мектеп, 1985№8.-7-10 б.
195. Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік /Бас редактор Ж.Қ.Түймебаев. Ред. алқасы: А.Е.Әбілқасымова, И.Б.Бекбоев, Н.Б.Қалабаев, Е.Ә.Оңғарбаев, С.Ж.Пірәлиев, М.В.Рыжков.- Алматы, 2009.- 400 б.
196. Жарықбаев Қ.Б. Дулаттың тәлім-тәрбиелік хақында.\\ Қазақстан мектебі, 1973. -№12.
197. Жарықбаев К. Развитие психологической мысли в Казахстане, -А-Ата: Казахстан, 1968. - 156 б.
198. Бейсенбаева А.А., Гуманитарландыру-уақыт жарлығы.\\ Қазақстан жоғары мектебі, 1999.№3.-18 б.
199. Ғабдуллин М. Ата аналарға кеңес. Білім қоғамы, 1966.-168 б.
200. Жумабаева З. Этнопедагогика: традиции и обычаи народа в воспитании детей.\\ В книге Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. -Алматы: Ғылым, 2001. -428 б.
- 201.Бейсенбаева А.А., Айтмамбетова Б.Р. Педагогика тағлымдары. -Алматы: 1993. -21-25 б.
202. Бержанов Қ., Сейталиев Қ. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік тәрбие мәселелері.\\

- Қазақстан мектебі.-1970. №2.-30-32 б.
203. Ақбаев Н. Ата салтыңды аяла. //Қазақ салт-дәстүрлері туралы таным. -Алматы: Рауан, 1998.-160 б.
204. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. -Алматы: Ана тіл, 1998.-181 б.
205. Ұзақбаева С.А., Мұқанова Б.Ы. Қазақ этнопедагогикасы: тәлімдік тағылымдар.(Оқу құралы). -Алматы: Санат, 1998.-112 б.
206. Қозыбаев Е.Ш. Қазақтың музыкалық фольклоры арқылы жоғары сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Пед. ғыл. кан..дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат.13.00.01 Алматы, 1998.-23 б.
207. Қазақ ырымдары \\\ Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.-160 б.
208. М.Қозыбаев Өркениет және ұлт. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.- 369 б.
209. С.Ахмет Жеті атасын білмеген жетесіз. \\\ Қазақстан мектебі, 1993. №4-66-68 бб.
210. Төлеубекова Р.К. Халықтық педагогикадағы адамгершілік тәрбиесі.\\\ Бастауыш мектеп, 2001.№5.-61-65 б.
211. Қышқашбаев Т.А. Музыкально-эстетическое воспитание младших школьников средствами казахской народной инструментальной музыки. Автореферат кан. пед. наук, 13.00.02- Алматы, 1992.- 27 стр.
212. Кунантаева К.К. Ыбырай Алтынсарин – просветитель казахского народа. \\\ Педагогика, 1992.- №3,-4 с.
213. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1990.-560 б.
214. Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989.-319 б.
215. Аймауытов Ж. Шығармалары: Жазушы, 1989.-559 б.
216. Жұмабаев М. Шығармалары: Жазушы, 1989.-448 б.
217. Әлеуметтік философия.(Хрестоматия).-Алматы: Ғылым, 1996.-197 б.
218. Педагогикалық ізденіс. –Алматы: Рауан, 1990.-574 б.
219. Дүйсембаева М.Б. Қоғамдық өмір туралы Әл-Фарабидің ілімі.\\\ ҚазМУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. 2000. №1, -170-174 б.
220. Ұлттық энциклопедия. 1 том.- Алматы, 1998.-719 б.
221. Ж.Наурызбаев Ұлтаралық жарасым мәдени-этникалық кеңістікке өркен жаяды.\\\Атамұра, 1994. -21 шілде, -11 б.
222. Шалабаева Г.К. Этнос. Культура. Самосознания. –Алматы: Атамұра, 1995.-240 с.
223. Сейталиев Қ.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991)// Пед.ғыл. док...дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат.13.00.01.-Алматы.- 1998.-50б.
224. Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е. Қазақ халқының мәдениеті.\\\ Саясат, 1997.- №10.-12-23 б.
225. Мырза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и-Рашиди. Ташкент: Фан, 1996.-726 б.
226. Асан Қайғы жырау\\\ Бес ғасыр жырлайды. Алматы: Жазушы,1984.
227. М. Қозыбаев Алтын көпір. -Алматы: Парасат, 2001.-№1, -10-11 бб.
228. Адамбаев Б. Шешендік өнер. -Алматы: Ғылым, 1984.-183б.
229. Асқаров А. Ұлы тұранның ұлдары. –Алматы: 1998.
230. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. Орынбор: Госиздат, 1926.-186 б.
231. Досмұхадұлы Х. Қазақ-қырғыз білім комиссиясына\\\ Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991.-50 б.
232. Тәжібаев Т. Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы. –Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1954.-36 б.
233. Тәжібаев Т. Абай Құнанбаевтың психологиялық көзқарасы. Халық мұғалімі. 1953-№7.
234. Тәжібаев Т. Педагогическая мысль в Казахстане по второй половине XIX века. Алма-Ата: Казахстан, 1965.

235. Жарықбаев Қ.Б. Торайғыровтың педагогикалық және психологиялық пікірлері.\\ Қазақстан мектебі, 1968№12.
236. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социальной педагогической работе: методология, теория, практика. –Алматы: Білім, 2001.- 268 с.
237. Наурызбай Ж.Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников. Автореферат докт. пед. наук, 13.00.01- Алматы.- 1997.- 45 стр.
238. Кабдолова К.Л. Теория и методика взаимосвязанного обучения комплексным словообразования в условиях учебного двуязычия национальной школы. Автореферат докт. пед. наук, 13.00.02- Алматы, 2007.- 45 стр.
239. Елікбаев Н. Ұлттық психология. Алматы: Қазақ университеті, 1992.-96б.
240. К. Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. Алматы.- 1995.-223 б.
241. М. Қойгелдиев. Алаш қозғалысы.Алматы: Санат, 1995.-358 б.
242. М. Қозыбаев 1986 Желтоқсан: Дақпырт және шындық. Алматы, 1996.- 33 б.
243. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Білім, 1994.-206б.
244. Маслоу А. Дальние пределы человеческой психики. –СПБ.: Евразия, 1999.- 287 с.
245. Кон И.С. Социализация личности. –М.: Политиздат, 1967.- 382с.
246. Тынышпаев М. Великие бедствия...(Ақтабан шұбырынды). Алматы: Жалын, 1992.-14 с.
247. Пирлиев К. Прогрессивные традиции народной педагогики в современном воспитании школьников на материалах туркменской ССР// Автореф....доктора пед. наук.- Ташкент. 13.00.01. -1991.-47 с.
248. Кунантаева К. Алтынсарин – просветитель казахского народа. Журнал «Педагогика», 1992, №3,4.
249. Ыбырайымжанов Қ.Т. Қазақстандағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуы. 13.00.01 –Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. Пед. ғыл. докт... авторефераты. –Түркістан, 2007.-42 б.
250. Кабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақстан, 1976.-65 б.
251. Әленұлы Ш. Халықтық тәрбие тағлымдары. (Оқу құралы). Алматы: РБК. 1998.-18 б.
252. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәжірибелер, мақалалар және әдеби зерттеулер. Алматы: Жалын, 1991.-98 б.
253. Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. 13.00.01 –Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. Пед. ғыл. докт... авторефераты.-Алматы, 2006.- 42 б.
254. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Абай журналының сауалдарына қайтарған жауабы. Тарих, тағдыр, тұлға.\\ Егемен Қазақстан, 1977.-18 қыркүйек, 2–б.
255. Жабаяев Ж. Шығармалары. Алматы: Жалын, 1996.
256. Серікқалиұлы З. Дүниетану даналығы. Алматы: Білім, 1994.
257. Тәжібаев Т. Баланың психикасының дамуы туралы.\\ Халық мұғалімі, 1948. -№3.
258. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том I. Алма-Ата: Главная редакция КСЭ, 1984.-430 с.
259. Оразбекова К. Астары терең даналық. Өркениет. 31 желтоқсан. 1994.
260. Айтманбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. –Алматы, -1991.- 25 б.
261. Оразбекова К. Ар алдында биік бол. «Сақшы» №10,7. 1996-13 наурыз.
262. Оразбекова Қ. Ұлттық психологияны ұядан бастайық. //Алматы ақшамы. 1996.-12 қаңтар.
263. Бишимбаев У.К. Историческое наследие и его место в воспитании подрастающего поколения // Мухаммед Хайдар Дулати –государственной деятель, выдающийся ученый-историк: Тезисы докл. – Тараз, 1997.- 32-34 с.
264. Қараш Ғұмар. Замана. Алматы, 1994.-223 б.

265. Байсеркеев Л.А. Нравственно-правовое воспитание школьников. -Алматы: Ғылым, 1997.-237 с.
266. Калюжный А.А.\\ Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе. Дисс...д.п.н.-Алматы, 1995.-291 с.
267. Афанасьев В.Г. Человек как система и система деятельности.\\ Социологические исследования. 1976.- №4-31 с.
268. Щуркова Н.Е. Новое воспитание. М., 2000.-128 с.
269. Философия, политология, экономика. Словарь. Ярославль. Академия развития, 1997.- 208 с.
270. Маленкова Л.И. Воспитание в современной школе. Книга для учителя- воспитателя. – М., Педагогическое общество России. Издательский дом Ноосфера. 1999.-С. 300.
271. Бестужев Лада И.П. Поворот школы к человеку.\\ Народное Образование.- 1995.№8-9.- 11-14 с.
272. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.- Алматы: Ғылым, 1998.-320 с.
273. Төлеубекова Р.Қ. Қазіргі мәдени әлеуметтік ортаның жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы. Ұлағат, 1999.-№2.
274. Клинтон Б. Америка конца XX века.-М.: Ин-т США и Канады, 1993.-88 с.
275. Кенесарина З.У. Практика социализации учащихся в средней школе США.-Алматы: 1999.-164 с.
276. Психология воспитания.\\ Под. Ред. В.А.Петровского. М.,1995.-152 с.
277. Коменский Я.А. Педагогические сочинения в2-х томах. –М.: Педагогика, 1982.- 576с.
278. Сарсенбаев Н.С. Обычай и традиции и общественная жизнь. -Алма-Ата: Казахстан, 1974.-225 с.
279. Ұзақбаева С.А. Өміршең өмір өресі. -Алматы: Мектеп, 1998.-135 б.
280. Жарықбаев Қ.Б. «Әдеп және психология» атты дәрістің бағдарламасы.\\ Ғылыми-педагогикалық орталық хабаршысы.- 1992.-№ 9.
281. Әлімханов А. Жаңа замандағы жас ұрпақ тәрбиесі.\\ Ақиқат.-1994.-№1.-69-71 б.
282. Әтемова Қ. Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы.// 5-8 сынып. Пед. ғылым. канд. дисс.- Алматы, 1998.-194 б.
283. Афанасьева Т.М. Семья жоғары класс оқушыларына арналған кітап. // Ауд. Айтманбетова Б.Р., Әбішева С.-Алматы: Мектеп, 1985.-252 б.
284. Базарбаев Ж., Нұсқабаев Ж. Инабат. -Алматы: Рауан, 1995.-382 б.
285. Кон И.С. Поисках себя: Личность и ее самосознание. – М.: Политиздат, 1984.-335 с.
286. Карабулатова И.С., Мухамедиева Д.М Роль культуры детства в этнической самоидентификации личности. /Сб. науч. Статей Международной научно-теоретической конференций: «Образовательно-инновационная и социокультурная политика в Казахстане и сопредельных территориях: опыт, проблемы и перспективы».- Астана, 2005.-443-445 б.
287. Ақпанбек Ғ.А. Халық дәстүрлерінде ғылыми негіз бар ма? // «Ақ желкен»-Алматы, 1995.№1.-14-15 беттер.
288. Егеубаев А.К. «Кісілік кітабы». Монография.-Алматы: Ана-тілі, 1998.-320 б.
289. Мырзахметов М. Восхождение Мухтара Әуезова К Абаю. –Алматы: Санат, 1994.-320 с.
290. Мырзахметов М. Абайтанудың бүгінгі таңдағы міндеттері.\\ «Абай мұрасы-тілдік өрістің негізі» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы: «Информ -А», 2005.- 32-42 б.
291. «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты республикалық-ғылыми теориялық конференция материалдары. Астана, 2006.
292. Әтемова Қ.Т. Ұлы ғұламалар еңбектеріндегі тәлім-тәрбие мәселелері мен Ахмет

- Байтұрсынов көзқарасының сабақтастығы. «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. -Астана, 2006.-283-288 б.
293. Әуезов М.О. Дәстүр және жаңашылдық диалектикасы. \\\ Ақиқат, 1996, 1-қаңтар.
294. Өміралиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану. -Алматы, 1968.-62 б.
295. Мудрик А.В. Общение в процессе воспитания. -М.: Педагогическое общество России., 2001.-320 с.
296. Құсайынов А.Қ., Қожахметова Қ.Ж., Демеуова М.Е. Біз өз балаларымызды білеміз бе? -Алматы, РОНД, 2004.-192 б.
297. Азаров Ю.П. Искусство воспитывать. -М: Знание, 1971.-32 с.
298. Конвенция о правах ребенка. -Алматы: Дәнекер, 2000.-24 с.
299. Жолдасбаев С., Бабаев Д. Орта ғасырдағы қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. -Алматы: Атамұра, 2003.-224 б.
300. Мәшімбаев С., Тортаев С., Мәженова М. Орта ғасырдағы дүние жүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2003.-192 б.
301. Дайыр Ә., Айтқалиев Қ., Беркімбаева Ш., Құрманбай Ғ. Әдебиет: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2005.-304 б.
302. Слямжанұлы Қ., Тілешова С., Аринова Б., Баттал Р.М. Әдебиет: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2002.-204 б.
303. Құтқожина Р., Бітібаева Қ., Жаманбаева Қ. Әдебиет: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2003.-224 б.
304. Төлебаев Т.Ә. Ежелгі дүние тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Атамұра,2005.-176 б.
305. Тұрлығұл Т., Таймағанбетов Ж., Адырбек Б. Ежелгі Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра, 2005.-160б.
306. Төлеубаев Ә., Қасымбаев Ж., Қойгелдиев М., Қалиева Е., Далаева Т. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Мектеп, 2006.-232 б.
307. Мақырұлы С., Құрманбай Ғ., Қыраубайқызы А. Әдебиет: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Мектеп, 2004.-288 б.
308. Қазіргі заман тарихы.(1945-1988). Орта мектептің 11-сыныбына арналған оқулық.\\ Редакциясын басқарған Фуратов В.К. –Алматы: «Глобус», 2003.-312 с.
309. Қозыбаев М.Қ., Қозыбаев І.М. Қазақстан тарихы. Қазақ мектептерінің 10-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: Атамұра,1997.-224 б.
310. Цороко-Цюпа О.С., Сүгірбаева Г.Д. XX ғасырдағы дүние жүзі. –Алматы: Кітап баспасы, 2005.-376 б.
- 311.Иманбаева С.Т. Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. Пед. ғыл. докт.. авторефераты. –Қарағанды, 2007.-37 б.
312. Жакупов С.М. Докт. Дис. Автореферат. Москва. 1991.
313. Бекхожин Қ. Таңдамалы. I том. -Алматы: Жазушы, 1973.173 б.
314. Кульсариева А. Рух.// Жас Алаш. 1999.6 ақпан,-4 бет.
315. Есімов Ғ. Араб философтары және араб философиясы // Ақиқат. -1998. -№4, №5, №6, №7, №10.
316. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері: 13.00.01 –Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. Пед. ғыл. докт... авторефераты. –Алматы, 2001.-46 б.
317. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. -Алматы: Ғылым, 1982.-240б.// Редакциялық коллегия: З.Ахметов, Б.Ақмұқанова, Ә.Дербисалин (жауапты редактор).

318. Жүкеш К. Ұлттық психологияның сипаты. –Алматы: РБК, 1996.- 196 б.
319. Рубинштейн С.А. Проблемы общей психологии. –М.: Педагогика, 1973.- 423 с.
320. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. –Алматы: Мектеп, 1982.- 248 б.
321. Выготский Л.С. Педагогическая психология.// Психология: классические труды. –М.: Педагогика, 1996.- 280 с.
322. Батталханов Е.З. Формирование социально-культурного мировоззрения молодежи. – Алматы: Санат, 1998.- 209 с.
323. Таубаева Ш.Т. Халық педагогикасына негізделген тәжірибені жинақтаудың кейбір мәселелері. «Халық педагогикасы және психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісіне қолданылуы» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы: Рауан, 1992.-Б. 115-116 б.
324. Майғаранова Ш.М. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. –Алматы: ғылым, 2002.- 124 б.
325. Нұрғалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика, формирования. –Алматы, 1994.- 380 б.
326. Әбдіраман Ш.А. Бабалар мұрасы – ұлттық даму тұғырнамасы. //Қазақ үні. Қазан, 1996.№ 11.- Б 3.
327. Момынбаев Б.К. Мұстафа Шоқай- ұлт және ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері.// Т.Тәжібаев оқулары. Этнопсихология және этнопедагогика (Ғылыми жинақ). Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының баспа кабинеті. –Алматы: 2001.- 70 -73 б.
328. Халитова І.Р. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізудің педагогикалық негіздері. –Алматы, 1997.- 200 б.
329. Н.Чернышевский Таңдаулы философиялық шығарма. Т.1, -М.: 1950.- 576 С.
- 330.Белинский В.Г. Шығармалар жинағы. –М.: 1954.- 675 с.
331. Сухомлинский В.А. О воспитании. –М.: Политиздат, 1973.- 272 с.
332. Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы» Заң. –Алматы: Юрист, 2003.- 22 б.
333. Ә.Нысанбаев Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. –Алматы, 2002.- 264 б.
334. Құлбек Ергөбеков. Жақсыдан қалған сөз. -Алматы: Жалын, 1991.- 294б.
335. Әбдіқадырова Т.Р. Алаш және ұлттық тұлға// - Алматы, 2008.-141б
336. Қ. Жұмалиев. Шығармалары.- Алматы: Ана тілі ЖШС, 2000.-260 б.
337. Қалиев Жабай Нұрмақұлы. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру.\\ 13.00.01. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –Астана, 2005.-124 б.
338. Әлқожаева Нұрсұлу Сейіткерімқызы. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларының дамуы. \\13.00.01. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.-Алматы-2001.-140 б.
339. Әбілғазиева Күләнда Тұрабайқызы. Мұстафа Шоқайұлының қайраткерлік қызметі негізінде жастарға патриоттық тәрбие беру.\\13.00.01. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Шымкент, 2002.-126 б.
340. Байменова Ботакөз Серікбайқызы. Алашорда қайраткерлерінің педагогикалық мұрасы. \\ Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. –Астана, 2002.-143б.
341. Сейтен Сауытбековтың ұлттық тәлім-тәрбиелік идеяларын мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарына енгізудің ғылыми-әдістемелік жолдары. \\Көкшетау университеті мен Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің халықаралық білім жүйесін интеграциялау институтының тұрақты түрде өткізіліп тұратын бірлескен ғылыми-тәжірибелік іс-шаралардың жалғасы ретінде ұйымдастырылған Халықаралық Коференция құжатнамалары. -Көкшетау қаласы- тамыз - 2003 жыл.
342. Б.Адамбаев Шешендік өнер (1967), Халық даналығы. (1976). Қазақтардың шешендік өнері. -Алматы: Ғылым,- 1984.-136 б.

343. Ақынжанов М. Қазақтың тегі туралы. -Алматы: ҚМБМ. 1957.- 163 б.
344. Даналардан шыққан сөз. Құраст. Асыллов А. Алматы, 1987.-312-322 б.
345. Ә. Диваев. Тарту. -Алматы: Ана тілі, 1992.-226 б.
346. Джанабаева Р.А., Студент жастардың кісілік келбетін халық педагогикасы негізінде қалыптастыру. Оқу құралы. –Алматы: 2004.-50 б.
347. К.Ж.Кожаметова. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. –Алматы: «Ғылым», 1998. -317 б.
348. Н. Күнқожаев Адамтану. –Алматы: Ғылым, 2002.-191 б.
349. Әділ Бек Қаба. Қаның таза ма бауырым? \ Жас Алаш. 2002. 16-сәуір,-1,3беттер.
350. Өмірзақ Озғанбай. Халықтан асқан ұстаз жоқ. –Алматы: -1996.-223 б.
351. Тайжанов А.Т. Мұхтар Әуезовтың педагогикалық мұраларының мектеп өміріндегі орны. –Ақтөбе: -1993.-178 б.
352. Жамалов Қ. Қазақ ғұламаларының дана ғибраттары \Қазақ елі. 2003. -№8, сәуір.-4-5 беттер.
353. Омаров Досым. Ұлылар үндестігі. –Алматы: Санат, 1999.- 172 б.
- 354.Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихы мектеп курсының және оқыту әдістемесі қалыптасуының ғылыми негіздері (1934-1997ж.ж.). Докт. Диссерт автореф. –Алматы, 1998.- 62 б.
355. Сарсенбаев Н. Обычай традиции и общественная жизнь. Алматы: Казахстан, 1974.-С. 326.
- 356.Дәуіт С. Төле би. Алматы: Жалын, 1993.-51-56 б.
- 357.Тозған қазды топтанған қарға жейді. –Алматы: Рауан, 1991. б.
- 358.Құрастырып алғы сөзін жазған Б.Адамбаев.Шаймерденов Е. Қазақ елінің рәміздері. – Алматы: Балауса, 1993.-20 б.
- 359.Ушинский К.Д. О нравственном элементе в русском воспитании. Собр. соч. –Т. 2.
360. Жатқанбаев Ж., Назарбаева С.А. Педагог, валеолог, организатор. -Алматы, 2000.-123 с.
361. Оразбекова К.А. Отбасы психологиясы. Алматы: Республ. Баспа кабинеті, 1997.-51 б.
362. Джандильдин Н. Природа национальной психологии. Алма-Ата: Қазақстан, 1971.-С. 314.
363. Бижанов А. Тарих тамыры-ғасырлар қойнауында. Алматы: Дәуір, 1998. -195 б.
364. Ізғұтынова Р. Халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік негіздері.\ Қазақстан мектебі, 2005. - №4. -44-46 б.
365. Өміралиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану. –Алматы: Мектеп, 1968.- 62 б.
366. К.Жарикбаев Психологические воззрения аль-Фараби. «Вопросы психологии», 1974-№4.
367. Н.Өсерұлы Ата-баба жолымен. \Қазақ әдебиеті. 1997.№8,25 ақпан. -13
368. Әбдіқадырова Т.Р. Жүсіпбек Аймауытов және ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі, Ізденіс. –Алматы, 2009.- №3. –Б...146-152 бб.
369. ӘбдіқадыроваТ.Р. Білім- тұлға бойындағы ерекше қасиеттердің бірі, ҚазМҰУ-дың хабаршысы. -2008.№1 -Б.-328 б.
370. Әбдіқадырова Т.Р.Ұлттық мәдениеттің тарихи дамуының өзегі-тіл «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы. –Алматы, 2009-Б...
371. Әбдіқадырова Т.Р. Қазақтың бір туар азаматы «Алтынсарин оқулары», 2011, Арқалық,14-15 қазан, 1 том.- 239-244
372. Әбдіқадырова Т.Р. Тәуелсіздік және әдебиеттану ғылымының теориялық мәселелері. Алматы, 2012, 482-488бб;
373. Әбдіқадарова Т.Р. Ұлтын ұлықтаған ғалым (Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегі жайында) «Қазақтану-7» 2012 ж. Астана: 2012, 45-50 бб (Тұран Астана)

Қосымша

Әдеп – Қоғамдағы адамдар мінезі-құлқына қойылатын этикалық талаптарды білдіретін ұғым. Ә.-тің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтіруімен байланысты. Бұл сипатта Ә. мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады.

Әдет– қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне қойылатын бұлжымас қағидаларға айналған моральдық талаптар, жөн-жосық, жол-жоралғы. Ислам дінін тұтынатын халықтарда шариятқа қосымша ретінде қолданылады. Ә. – қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік нормаларына сәйкес ретке келтіріп отырумен байланысты. Келесі бір мағынасында Ә. адамның күнбе-күнгі тіршілік қажетіне байланысты қалыптасқан тұрақты мінез, іс-қимыл ерекшеліктерін білдіреді.

Әділдік, ә д і л е т т і л і к – дәстүрлі құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты принцип, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамдардың өмір сүруі жағдайлары мен санасын білдіретін әлеум.-этикалық категория.

Әсемдік – материалдық және рухани дүниенің адамды ләззатқа бөлейтін сипаты, эстетикалық ұғым. Ә. әдемілікпен тектес. Бірақ әдемілік объектілердің сыртқы және ішкі қырларын бірдей қамтыса, Ә. құбылыстардың сыртқы көзге түсетін және пішіндік ерекшеліктерін эстетикалық тұрғыдан қабылдауға жатады. Ә., ең алдымен, тепе-теңдік, тұтастық, үйлесімділік, ырғақтылық, мақсатқа сәйкестілік, түс пен жарықтың белгілі бір мөлшері, т.б. табиғи өлшемдермен айқындалады.

Әулие – ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға.

Бақ – Қазақ мәдениетінде бақыт, құт-береке, дәулет түсініктеріне жақын мағынада қолданылатын ұғым. Б.– кісілік қасиеттердің ерекше бір көрінісіне жатады, адамның тіршіліктен күтетін үмітін, ниетін, арманын білдіреді. «Таудай талап бергенше, бармақтай Б. берсін» деген халықтық нақыл сөз бар. Бағы жанған адам – таусылмас дәулетке, құтты өмірге, адамдық сыйластыққа жеткен тұлға.

Бақыт – адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым.

Бата, б а т а б е р у – қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі әдеп талаптарына сай адамға ізгі тілек білдіру.

Болмыс – бүкіл әлемнің тұтастығын, дүние мен адамның бірлігін, тіршіліктің мәнісін білдіретін философиялық категория.

Білім беру мазмұны – ғылыми білім, білік пен дағдылар, шығармашылық тәжірибе мен қатынас жүйесі, мұны меңгеру тәрбиеленушіде ақыл-ойы мен дене қабілетін, жан-жақты дамуын, оларда дүниетаным, мораль, мінез, қоғамдық өмір мен еңбекке дайындықты қамтамасыз етеді/Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 50б/.

Дао (қыт. жол) – Қытай философиясының ең басты ұғымы. Д. – бүкіл әлемнің, әрбір заттың даму заңдылығы, ғарыштық үйлесімділік пен қуаттың жарқын бейнесі. Бір өзі бар абсолютке тең, бүкіл тірліктің негізі, әрбір бастаманың басы, Д.– әрбір қайталанбас сәттің нәрі.

Дәстүр – әлеуметтік және мәдени құндылықтардың ұзақ уақыт қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық арқылы сұрыпталып келуін білдіретін және мәдениеттануда да кеңінен қолданылатын ұғым-термин. Д.-дің негізі ретінде белгілі бір қоғамдық ұстанымдар, мінез-құлық, құндылықтар, идея, әдет-ғұрып, басқа да рухани дәстүрлік қасиеті бр іс-әрекет көрініс табады.

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі (бастапқы) сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастырудағы

негізгі өлшем.Д.– адамның дүниені ақиқатпен теориялық және практикалық жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-практикалық тәсілі.

Дін (араб.– сенім, наным, илану, әл-Исламның балама аты; Д. басқа дінге де қаратылып айтыла береді, лат. *religio* – сенім, құдайшыл, табыну) – дүниетаным не дүниені қабылдау, сондай-ақ Алланың (немесе бір және бірнеше Құдайдың, Жаратушының) барлығына сену негізіне сәйкес өзін өзі ұстау, соған қатысты адамның «табиғи» ұғымынан, танымынан биіктігі «қасиетті» бастау, барлығының бастауы, Жаратушыға тән құбылыс ретінде қабылданады.

Қазақ өркениеті – ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алатын (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, ортағасырлық, түркілік дала империялары, Алтын Орда, Ақ Орда, т.т.), кейін қазақ хандығы уақытында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестік.

Қазақ этикасы – Қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін, моральды, адамгершілікті зерттейтін философиялық пән. Этика термині ежелгі грек тілінде «бірлесе өмір сүруші адамдар тобының мекен-жайы» дегенді білдіреді, кейін әдеп туралы ілім мағынасына ие болды.

Қазақ этикасы – адам мен әлемдегі әсемдік пен сұлулық туралы қазақ халқының ұлттық көркем мәдениетін зерттейтін философиялық пән. Эстетика термині ежелгі грек тілінен «сезінуші, сезімдік қабылдау» деп аударылады.

Қанағат – барға риза болу, місе тұту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу. Қ. ашкөзділікке жібермейді, біреудің дүние затына сұқтандырмайды, сұғанақтық жасаттырмайды. Қ.-шыл кісі – барынша кішіпейіл, қарапайым, иі жұмсақ. Сондықтан да ол көпшіліктің көзіне түсе бермейді. Қ.-лық – қолдағ барына, қол жеткізген табыстарына разы болу, шүкіршілік ету.

Қасиетті (лат.*sacrum* – қасиетті) – барлық аса киелі құндылыққа, мінәжатқа жататын нәрселер. Теологияда Қ. дегеніміз – Құдайға бағынышты болу. Қ.-тінің символы ретінде қасиеттеу рәсімі көрінеді, яғни күнделікті тіршілікке Тәңірілік, трансцендентті мағына беретін рәсім.

Құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы. Қ. филос.-социологиялық ұғым. Қ. объектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын айқындайды. Қ.- қа ешқандай күман келтіруге болмайды, ол барлық адамдар үшін идеал, эталон қызметін атқарады. Қ. қоғамдық-саяси, рухани жағымды түрде көрініс табуы мүмкін. Қазіргі кезеңде ұлттық, таптық, топтық Қ.-тарға қарағанда, жалпы адамзаттық Қ.-тар приоритетті (өмір сүру құқы, еңбек ету, білім алу, теңдік, еркіндік, меншік, балаларға деген махаббат, үлкендерді сыйлау, жақынына жаның ашу, Отансүйгіштік, кәсіпкерлік, қауіпсіздік, адалдық, т.б.) маңызға ие болып отыр.

Құндылық-Отан, ана, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейрімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер, адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдық болуы.

Ұлттық құндылықтар-бала кезден ана сүтімен, өз ана тілі арқылы ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет пен т.б. ұлттық ерекшеліктерді құрметтеп, игеру арқылы қалыптасады.

Құран (араб.– дауыстап оқу, жатқа айту) – барлық мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы. Қ. 114 сүреден тұрады. Мұхаммедтің 61-65 жж. аралығында Мекке мен Мединеде пайғамбарлық аяндары түрінде айтылған уағыздарының жинағы. Аспаннан Алла тағаланың жіберуімен бірнеше рет түскен аяндар негізінде жазылған. Барлық мұсылмандардың қасиетті кітабы болғандықтан, Қ.-ның мұсылман әлеміндегі орны ерекше. Қ.-ды әлемдік мәдениеттегі ең негізгі кітаптың бірі ретінде адамзат қоғамы мойындап отыр.

Лао-Цзы (шамамен б.з.д. 6-5 ғғ. өмір сүрген) – қытай философы, даосизмнің негізін қалаушы. Л.-ның ірі еңбегі – «Дао дэ цзин» («дао – жол туралы және дэ-нің пайдалы күші туралы кітап»). Екі бөлімнен тұратын еңбектің 81 тараудан тұратын канондық мәтіні 5000 иероглифті құрайды.

Мәдениет – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері.

Менталитет, д і л (лат. *menta* – жан құрылымы) – әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, наным-иланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. М. жеке және ұжымдық сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды; бұл орайда М. – өзгеше ойлау типі. М.– табиғат және әлеум. жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық. М. терминін – жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерегі ретінде қарастыра отырып, американ философы Р. Эмерсон (1856) енгізді.

Постмодернизм – дәл мағынасында модерннен кейінгі, қазіргі заман дегенді білдіреді. «Қазіргі заман» ұғымының нақты бір қатаң анықтамасы жоқ. Жаңа дәуір рационализмі, Ағартушылық дәуірінің ағымы, сондай-ақ 19 ғ. екінші жартысы әдебиет, 20 ғ. басындағы авангардта қазіргі заман ретінде қаралуы мүмкін.

Салт – тұрақтылық қасиетіне ие болған мәдени іс-әрекеттер жинағы. Олар адамдардың іс-әрекет стереотиптеріне айналады, жалпылық қасиетке ие болады. С. ғасырлар бойы тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан, ұрпаққа беріліп отыратын әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп.

Сенім – білімге негізделмесе де, белгілі бір құбылыстың ақиқаттығына илану. Мәдениет тарихында С. деп әртүрлі құбылыстар, теориялар мен ойдан шығарылған таңғажайып жағдайларды ешбір дәлелдеусіз, шындық деп қабыл алуды атайды.

Таным – 1) ойлауда шындықтың көрініс табуы, талдау мен елестету процесі, нәтижесі дүние туралы жаңа білім болып табылады; 2) меңгерген білім мен тәжірибенің жиынтығы/Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 316б/.

Тәрбие -1) әлеуметтік мағынасында - өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылым: қоғамдық институттар, діни ұғымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет, отбасы мен мектеп орындайтын қоғамның функциясы; 2) педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас процесі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибені жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен өнімді еңбекке дайындау мақсатында жаңа ұрпаққа дарыту орындалады/Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 317б/.

Тұлға – біртуар Мен ретінде алынған жеке адам. Т. ұғымы «индивид», «адам» ұғымдарымен салыстырыла анықталады. «Адам» ұғымы барлық адамдарға тән қасиеттер мен қабілеттерге мінездеме беру үшін қолданылады. Бұл ұғым адамның жануарлардан, өсімдіктерден, машиналардан, т.б. айырмасын атап көрсетеді. Индивид – адамзаттың дара өкілі, адамдық ақыл, ерік-жігер көзқарас, т.б. да әлеум.-психологиялық сипаттармен анықталушы жан иесі. Т. болып туылмайды, Т. болып өсу барысында қалыптасады. Жас нәресте – адам, бірақ жеке тұлға емес, себебі ол өзінің іс-әрекеті үшін әлі жауап бере алмайды. Т. болу дегеніміз - өзінің ешкімге ұқсамайтындай бірегей ішкі рухани дүниесін құрай білу, қалыпты дамып, өмір тәжірибесі мен өзіндік қасиетке ие болу, әлеуметтік ортадан өз орнын таба білу. Адамның Т.-лық қасиеттері оның іс-әрекеттегі белсенділігінің өрістеуіне ықпал етеді. Адамның белсенді қимыл-әрекеті оның мінез-құлқынан, ниет-тілегі мен бағыт-бағдарынан айқын байқалады, сөйтіп, жеке адамның ішкі дүниесінің сыры, жан сарайы сыртқа білініп тұрады. Т.-ның қасиетті құпиясы оның еркін рухында жатыр. Соның арқасында адам өзіне дейінгі ұрпақтар мұрасын – мәдениетті жасампаз түрде қайта қарап, өзгертеді. Т.-ның шынайы айқындалатын саласы – адамгершілік мораль. Сыртқы мақсаттарға бет бұрмай, өзінің рухани еріктілігін ізгі ықтиярмен тоғыстыра білу – Т. –ны танытушы іс. Осы жайында неміс классикалық философиясының ірі тұлғасы Кант былай деген: «Адамзатқа, оның ішінде өзіңе де, басқаларға да барлық уақытта мақсатқа жетудің тек бір құралы емес, тек мақсат деп қатынас жасап, әрекет істе»

Т.-ны зерттеуде З.Фрейд, К.Юнг, Н. Бердяев, А. Камю, Ж.Сартр, М.Хайдеггер, К. Ясперс, Х. Ортега-и-Гассет, Э.Фромм, М.Бубер, т.б. көп үлес қосты /Әдеб.: Общение и личность. – А., 1996; Энциклопедический словарь по культурологии. – М., 1997/.

Тұлға – Іс-әрекеттің және қоғамдық қатынастардың нақты тарихи процесінде қалыптасатын әлеуметтік сапа аспектісіндегі адамдық индивид; адам, кісілер арасында өз бағытын еркін және жауапкершілікпен айқындаушы қоғамдағы тұлға. Қоршаған әлеммен, қоғамдық және адамдық қатынастар жүйесімен, мәдениетпен өзара әрекеттесу кезінде қалыптасады /Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 332б/.

Тұлғаны қалыптастыру – тәрбие, оқыту, әлеуметтік ортаның сыртқы әсерлерінің ықпалымен болатын тұлғаның даму және қалыптасу процесі; тәрбие мен оқытудың ықпалымен тұлғаны немесе оның қандай да бір жағын, қасиеттерін мақсаттылық дамыту; адамның қоғамдық қатынастарының субъекті мен объектісі ретінде қалыптасу процесі.

Тұлғаның белсенділігі – адамның адамзаттық қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгеруге, материалдық-рухани ортада әлеуметтік маңызды өзгерістер/Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 334б/.

Тұлғаның жан-жақты дамуы – білім беру тұрғысынан қарастырғандағы мәні: 1) адамды қоғамның тіршілік қаракетінің әр түрлі саласында жан-жақты, білікті және жауапкершілік қарым-қатынасқа дайындау; 2) индивидтің рухани аясының барлық жағынан: оның ақыл-ойы, парасаты, жігері, сезімі, оның дүниетанымының тиімді-логикалық және эмоционалды-психологиялық құрылымдарының бірлікте үйлесімді дамуы; 3) гуманизмнің мәдени қозғалысының арнасында Қайта өрлеу дәуірінде қалыптасқан тәрбиелеудің гуманистік мұраты/Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 334б/.

Тұлғаның кәсібилігі – кәсіби маңызды немесе тұлғалық-іскерлік сапасының жоғары деңгейін, кәсіби істің акмеологиялық өзгермеушілігін, креативтілігін, талаптанудың барабар деңгейін, мотивациялық саласы мен қарқынды дамуға арналған құндылық бағыттарын көрсететін еңбек субъектісінің сапалық сипаттамасы Әдеб.: Білім және ғылым. Энциклопедиялық сөздік. Астана. 2009.- 335б/.

Тіл – таным жасауға қабілеттілігі, адамның дүниеге әрекетті қатынасы мен коммуникация мақсаттары үшін қолданылатын таңбалық жүйе. ХІХғ. 60-70 жж. иелдік тілтанушы Д. Уитни тілді ерікті және шартты белгілердің жүйесі деп тұжырымдайды. Оның көзқарасын қолдаған Ф.де Соссюр таңбалаушы мен таңбаланушының байланысында еш мағына жоқ, ол өз-өзінен пайда болатын құбылыс деген қағидаға басты назар аударды. Соссюр тіл мен сөйлеудің қарама-қайшылығын бөліп-жарып, тіл мазмұнының төрт қосындысын табады: таңбалық құрылым ретіндегі тіл, әлеуметтік – тарихи парызын атқарудағы сөйлеу қызметі, тұлғаның тілді игеру ретіндегі тілдік қабілеті және осы қабілетті жүзеге асыру ретіндегі сөйлеу. Сонымен, Соссюрше, Т. дегеніміз – қатынас үшін керекті жүйеленген заңдылықтар қосындысы. Басқаша айтқанда, сөйлеу дегеніміз – тілдің тұлғалық бейнеленуі. Соссюрдың осы ойларын кейін американдық философ Ч.С. Пирс дамытады.

Ұлт (Нация) – адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этностық қауымының жоғарғы түрі. Ұлт оның құрамына енген адамдардың материалдық тұрмыс жағдайының, аумағы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиясындағы кейбір этностық ерекшеліктерінің ортақтығы негізінде қалыптасады.

Ұлтжандылық – өз ұлтының тілін, ділін, дәстүрін сүюдің белгісі. Ұ. өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті.

Ұлттық бағыттылық білім (Национально-ориентированное образование) – оқушының өз ұлттық мәдениетін игеріп, әрі қарай дамытуға бағытталған оқытудың ұстанымдық құрылымы, мазмұны мен технологиясы.

Ұлттық дәстүр – тарих барысында қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мінез-құлық қалыптары. Қоғамда, ұлтта

немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік-мәдени мұра элементтері.

Ұлттық және интернационалдық тәрбие (Национальное и интернациональное воспитание) – өз ұлттық қасиетін сезінуге және өзге ұлттар мен халықтарды құрметтей білуге тәрбиелеу.

Ұлттық мақтаныш (Национальная гордость). Ұлттық мақтаныш дегеніміз– адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этностық қауымдастығының жоғары түрі. Ұлттың құрамына кірген адамдардың материалдық тұрмыс жағдайының, аумағы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік психологиясындағы кейбір этностық ерекшеліктерінің ортақтығы негізінде қалыптасады.

Ұлттық мектеп (Национальная школа) – әрбір ұлттың ұлттық ерекшелігіне сәйкес ашылған мектептер; мұғалімдердің басшылығымен жас ұрпаққа білім беретін, ұлттық тәрбие мәселелерін жүзеге асыратын оқу-тәрбие мекемесі. Халық ағарту жүйесінің негізгі буыны.

Ұлттық намыс – әрбір ұлт өкілінің отансүйгіштік қасиетін көрсететін жігерлі сезімінің, саналы іс-әрекетінің көрінісі. Халық отансүйгіштікке тәрбиелеу арқылы ұрпағының ұлттық намысын оятады.

Ұлттық өзіндік сана (Национальное самосознание) – ұлттың қоғамдық шындықты өзінше қабылдап, оны салт-дәстүр, ұлт тілі, ұлттық өнер арқылы білдіруі. Сана объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестерінің бірлігін көрсетеді.

Ұлттық психология – белгілі бір ұлттық қауымдастыққа тән орнықты сезімдік, эмоциялық қасиеттердің, әлемді ұғыну әдістері мен оған әсер-ықпал нысандарының тарихи тұрғыда қалыптасқан жинақтамасы. Ұ. п. – эмоциялық-сезімдік көріністердің, көңіл ауандарының, ерік-жігерлік сапалар мен мінез-қылық әдіс-амалдарының жинақтамасы, сыртқы ортаға қатысты нақты бір этностың өкілдеріне тән психикалық түйсіктер кешені.

Ұлттық сезім- ұлттық ой-санадан ерекшелену. Бұл- адамның түрлі өмірлік құбылыстар мен жағдайларды құрметтеуі.

Ұлттық идея-ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі

Ұлттық тұлға –тілі, діні, мәдениеті, салт-санасы қалыптасқан ортада әжеке адамға тән қасиеттермен өз ұлтының, халқының тұрмыс-тіршілігін бойына сіңіріп, ұлттық намыс, талғам және ұлттық сана белгілерін бойында тұтастай көрсетіп, ең жоғары рухани деңгейде дамыған адам (К.Оразбекова).

Ұлттық сана (Национальный разум)– ұлттық сананың қалыптасуына және оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: 1) сезімдік, түйсіктік; 2) саналы теориялық. Біріншісі – өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, екіншісі өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті дүниежүзілік тұрғыдан теориялық ұлттық бағыт-бағдарлама тұрғысынан қарап, аңғару арқылы болатын саналы ойдан туады. Ал ұлттық сананың жасаушысы, қолдаушысы, қорғаушысы, сақтаушысы әрқашанда ұлттық зиялы қауым.

Ұлттық тіл (Национальный язык) – халықтың ұлт болып қалыптасқан кездегі тілі. Өзінің даму дәрежесіне қарай тіл: ру тілі, тайпа тілі, ұлыс тілі, ұлт тілі болып бөлінеді. Бұлардың қай-қайсысы болсын, белгілі бір қоғамға қызмет етеді. Ұлттық тілдің жасалуының бір белгісі – жазба әдеби тілдің қалыптасуы. Ұ. т. қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайға байланысты өзгеріске ұшырап, өзгеріп, дамып, түрленіп, жаңарып отырады.

Ұстамдылық (Сдержанность) – адамның бойындағы жағымды қасиет; өз тәртібін қадағалай білу, қызбалығы мен үстірт әрекетін тежей алу, оларды қолданыстағы тәртіп нормалары мен ережелеріне бағындыру. Ұ. қасиеттерін тәрбиелеуде балаларды мектепте қолданыста жүрген білім беру ұйымдарының жарғысымен, оқушылар тәртібінің ережесімен таныстыру, өз әрекетін қабылданған тәртіп нормаларымен салыстырудың тұрақты жаттығулары қолданылады, олар балаға және оның ортасына кері ықпал ететін әрекеттерден

сақтандырады/224.36-беттер/.Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы, 2007. – 688 бет/.

Ұлттық дүниетаным– Адам мен табиғатқа, құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның көзқарасын білдіретін, қоршаған ортамен қатынасын қалыптастыратын қоғам мүшелеріне ортақ, ұлттық негіздегі жүйе. Ұ. д. адамның дүниені теор. және практик. жағынан бірлікте тану мақсатындағы рухани-практик. тәсіл.

Ұлттық педагогика, халық педагогикасы – педагогика ғылымының ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесін зерттеп, ғылыми жүйеге келтіретін ұлттық саласы.

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты.

Ұлттық саясат – бір мемлекетте тұратын әр түрлі этностардың, этникалық топтар мен диаспоралардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу.

Ұлттық тіл – халықтың ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын әлеуметтік-тарихи категория. (5-35 беттер).

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1 Тұлға туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық түсініктер.....	9
1.2 Тұлғалық қасиеттердің халық педагогикасындағы үлгілері мен ақын-жыраулар поэзиясындағы көрінісі.....	24
1.3 Ұлттық тұлға қалыптастырудың рухани-мәдени парадигмалары	41
2 ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
2.1 Тұлға бойындағы адами қасиеттердің орта ғасыр ойшылдарының еңбектеріндегі көрінісі	53
2.2 XIX ғасырдағы қазақ ағартушы ойшылдарының тұлғалық қасиеттер туралы	68
2.3 Жан-жақты жетілген тұлғаға қойылатын талаптар, ол жөніндегі ғылыми түсініктер мен теориялық анықтамалар	83
3 АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	
3.1 А. Байтұрсыновтың ұлттық тіл мәдениетін қалыптастыру (этнолингвистика) жөніндегі идеялары	96
3.2 Ж. Аймауытұлының ұлттық ойлау жүйесін (этнопсихологияны) дамыту жөніндегі ой-пікірлері	110
3.3 Қазақтың білімді жан-жақты дамыған дарынды тұлғасы	127
3.4 М. Жұмабаев, М. Дулатов шығармаларындағы ұлттық тұлға қалыптастыру идеялары	136
3.4 Ұлттық идея мен ұлттық теңдікке өлшеусіз үлес қосқан ұлт тұлғасы (Міржақып Дулатұлының әдебиетке қосқан үлесі хақында) (1885—1935)	154
3.5 М.Жұмабаев - ұлт тағдырына өмірін арнаған тарихи тұлға.....	160
3.6 Ә. Бөкейханов, М.Тынышпаев, М. Шоқай т.б. алаш зиялыларының егеменді ел орнату идеялары мен қайраткерлік еңбектері	168
3.7 Қазіргі Қазақстанда ұлттық тұлға қалыптастырудың тұжырымдамасы	188
4 АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ОЙ-ПІКІРЛЕРІН БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ	
4.1 Алаш қайраткерлерінің педагогикалық мұраларындағы ұлттық тұлға қалыптастыруға негізделген тәрбие мен білім мазмұны	196
4.2 Алаш қайраткерлерінің ұлттық тұлға қалыптастыру туралы ой-пікірлерін қазіргі мектептің оқу-тәрбие үдерісіне ендірудің тиімді жолдары	207
4.3 Арнайы курс негізінде жоғары сынып оқушыларының бойына алаш қайраткерлерінің адами ізгі қасиеттерін эксперименттік байқау арқылы қалыптастыру.....	219
Қорытынды	236
Пайдаланылған әдебиеттер	240
Қосымша	252

Басуға _____ жылы қол қойылған

Пішімі 60x84 1/16. Есепті беті 29,2; шартты беті 16,5
Таралымы 300. Тапсырыс 354

ТарМПИ, Баспа және дизайн секторы
080000, Тараз қ., Төле би к., 62